Термин "экология" (от греч. oikos - жилище, место обитания и logos - наука) предложил Э. Геккель в 1866 г. для обозначения биологической науки, изучающей взаимоотношения животных с органической и неорганической средами. Экология - один из сравнительно молодых и бурно развивающихся разделов биологии - изучает взаимоотношения организмов между собой и со средой обитания. На определённом этапе развития наших представлений о природе произошло идейное сближение экологии с другими биологическими, да и не только биологическими, науками. Следовательно, экология как общая биологическая наука также может быть расчленена на составные части: на экологию животных, экологию растений, экологию насекомых, экологию лесных пород и т.д. но если для других наук индивидуум является крупнейшей единицей, то для экологии он - мельчайшая единица исследований. Экология - вполне самостоятельный раздел биологии, имеющий свои содержание, предмет, задачи и методы исследования. На определённом этапе развития наших представлений о природе произошло идейное сближение экологии с другими биологическими, да и не только биологическими, науками. Особенно тесные связи установились между экологией и физиологией. В результате выделилось и успешно развивается новое направление - экологическая физиология. Экологические и физиологические методы исследований взаимно пронизывают обе эти науки. Произошло сближение экологии и морфологии. Такие понятия, как «экологическая морфология», «экологическая эмбриология», стали уже привычными.

Цель: Изучения влияние научно-технического прогресса на экологию мира.

Основная часть

На всем пути развития человеческого общества постоянно возникают проблемы во взаимоотношениях общества с окружающей природной средой. Суть данных проблем заключается в попытке человека использовать природу в интересах своего существования, не всегда сохраняя ее богатства. В последнее время все чаще говорят об усилении кризиса отношений. Использование природных ресурсов связано с совершенствованием производства, разработкой и созданием новых технологий, все это способствует научно-техническому прогрессу в обществе. С другой стороны, в результате развития НТП создаются проекты, которые не всегда обоснованы с точки зрения охраны окружающей среды. Общественное мнение создает атмосферу неприятия таких проектов, что в свою очередь ведет к созданию новых, экологически более безопасных технологий. Термин "экология" был предложен в 1869 году немецким биологом Э. Геккелем, практически до 70-х годов нашего века он сохранялся в основном как биологический. Однако по мере обострения проблемы взаимоотношения человеческого общества и окружающей природной среды значение термина "экология" значительно расширилось. По определению Ю. Одум, сегодня экология, сохраняя корни в биологии, оформилась в принципиально новую интегрированную дисциплину, связывающую физические и биологические явления и образующую мост между естественными и общественными науками. По существу, так называемые сегодня экологические проблемы приобрели практический интерес в начале развития человеческого общества. Благодаря достижениям науки и техники возникла лишь видимость снижения зависимости человека от природы в своих насущных потребностях.

Экологические проблемы Казахстана

Воздух, вода, земля — наше естественное окружение. Сегодня их состояние оценивается как катастрофическое, планета переживает экологический кризис. Какие главные экологические проблемы Казахстана:

1. Загрязнение водных ресурсов Казахстана.

Казахстан — крупнейшая страна в Центральной Азии, но по обеспеченности водными ресурсами оказалась в самом тяжелом положении. Сказались такие факторы:

Запасов воды в то время в республике хватило бы для орошения 10 млн гектаров, фактически она шла на 50–60 млн. В результате — катастрофическая ситуация с некоторыми природными водоемами.

Увеличилась концентрация в воде не только соли, но и ядовитых веществ, которые стекали с удобряемых сельскохозяйственных земель в реки. Это погубило промысловый лов рыбы в озере — с 1980-х годов он перестал существовать. Раньше здесь водилось 32 вида рыб в несметных количествах. Истории известны поразительные факты: в годы гражданской войны в этих краях сушеной рыбой топили паровозные котлы, когда не хватало угля.

Раньше в озере был промысловый лов редких видов рыб — сазана и судака, причем сазана добывали почти половину всего, что в Союзе. Причина обмеления — реки приносят меньше воды. На них построены плотины для гидроэлектростанций, перекрывающие русло. В одно из водохранилищ даже отводилась вода из самого озера.

- Исчезает Аральское море. Оно было четвертым в мире по величине озером. Сейчас это практически два обмелевших водоема. Причина — забор воды из Сырдарьи и Амударьи, которые пополняли его, на оршение.
- Озеро Балхаш вызывает опасение: оно может повторить судьбу Арала. С 1960-х годов прошлого века начались экологические проблемы озера Балхаш: оно стало мелеть, уровень воды снизился более чем на два метра. Площадь сократилась на две тысячи квадратных километров.
 - Экологические проблемы Каспийского моря тоже касаются Казахстана. В водах моря наблюдается опасная тенденция — оно теряет способность к самоочищению, что может превратить когда-то чистый водоем в отстойник. Причина та же — деятельность человека.

2. Загрязнение земельных ресурсов страны.

Самое тяжелое наследие — радиоактивное заражение. 40 лет на Семипалатинском ядерном полигоне испытывали атомное оружие. 300 квадратных километров земли на долгое время остаются опасными для всего живого. Последствия этого до сих пор окончательно не определены. Официально полигон закрыт в 1991 г.

«ТОРҒАЙ ӨНІРІНДЕГІ ТАРИХИ ҚОРЫМДАР МЕН ЕСКЕРТКІШТЕР ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАСА ЕКЕН»

Бейсенбекова Динара, 11 ФКБ тобының студенті

Жетекшісі: Оташева Салтанат Қонысбаевна

Арқалық медицина колледжі»

Зерттеу жұмысының өзектілігі:

Киелі Торғай жері—небір түнеріп батқан күндердің де, түтігіп жатқан түндердің де, зар жылатқан зұлмат жылдардың да, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған мамыражай шақтардың да куәсі болған шежіреге толы тарих. Бабаларымыз қолға найза ұстап, арғымақ мініп, арындаған көне заманнан бері қарт Торғайдың тарихи көрмеуі көп, қилы оқиғаға толы. Халқымыздың басынан кешкен күрделі кезеңдер мен елдің рухани даму жолында үлкен рөл атқарған бұл өлкенің алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда өзекті болып отырған мәселелердің бірі—ұмытыла бастаған географиялық тарихи көне атаулар. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»—атты «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынған болатын. Айтайын дегенім, осы тізімге енгізілген жерлерден артық болмаса, кем түспейтін лайықты басқа да киелі жерлер бар екенін жеткізгім келеді. Олар Торғай өңіріндегі киелі орындардың бірі—аудан орталығынан 14 шақырым жердегі Шеген ауылы іргесіндегі «Дәуітбай қорымы», «Торғайдағы әулиелердің әулиесі» атанған нәсілі қожа Өтейұлы Оспанқожаның Қызбелдегі мазары, Кенесары ханмен бірге Қырғыздарға дейін барған Шәкір батырдың және Көкалат ауылындағы «Адам еңбігінің алып ескерткіші» атанған Айса Нұрмановтың басшылығымен салынған «Албарбөгет» бөгені, жазушы С.Бүркітбаев «Нұр шапағаты» атты еңбегінде сөз еткен Марал Ишанның Қызбел жеріндегі қорымы, 1916 жылғы Ұлт—азаттық көтерілісі кезіндегі «Ақшығанық», «Тоңқайма» шайқасы болған тарихи жерлер.

Айта берсек, Торғай өңірінде киелі орындардың тізіміне енгізілетін басқа да нысандар мен тарихи тұлғалар жерленген жерлер баршылық. Тек оларды зерттеп, көпшілік назарынан жасырмай, ашық түрде талқылау арқылы жүзеге асыру қажет

Ғылыми жобалық жұмыстың мақсаты:

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Рухани қазына» кіші бағдарламасы шеңберінде «Мақтанышым-туған өлке» жобасы аясында Торғай өңірінен «Қазақстанның киелі картасына» енбей қалған жерлерді және Торғай өңірінде алғаш ислам дінін насихаттап, таратқан Оспанқожа әулие жайлы анықтап, зерттеп, алған мәліметтерді елмен бөлісіп, халық арасында насихаттау. «Қазақстанның киелі картасы» тізіміне енгізу жолдарын қарастыру.

Оспанқожа әулие, Қызбел жерінде орналасқан мазары және киелі Торғай өңірінде осы әулиенің атымен аталатын мешіт жайлы жан-жақты зерттеп оның құндылықтарын елге таныту.

Зерттеудегі ұстанымым:

-Тақырыпты зерттеп оның мән-мазмұнына терең үңілу.

-Зерттеудегі жетістіктерімді көпшілікпен бөлісу.

ЙОД ЖЕТІСПЕУШІЛІГІНІҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ТИГІЗЕР ЗИЯНЫ

Мирашова Гульбану-21ФКб тобының студенті

Жетекшісі: Тұяқбаева Сандуғаш Әмірқызы

Арқалық медицина колледжі»

Зерттеу жұмысының өзектілігі:

Йод жетіспеушілігі тиреоидтық ауруларының жылдам өсуіне әкеледі, жаңа туған нәрестелердің бейімделуін тежейді. Олардың психологиялық және физиологиялық дамуына кері әсерін тигізеді. Йод тапшылығы балаларда, жасөспірімдерде, әйелдерде соның ішінде жүкті әйелдерде, бала емізетін әйелдерде ерекше байқалады. Өз кезегінде йод жетіспеушілігі әйел ағзасындағы қоректендіру функциясын төмендетеді. Сәбидің өлі туылуы, балалар өлімінің жоғарлауын жиілетеді. Йод жетіспеушілігі тіркелген әйелдерде тиреоидтық аурулар 17 есе көбірек кездеседі, ал ол жүктілікті және бала туу барысын бала тастаумен қиындатады. Осыған сәйкес йод жетіспеушілігі ауруы қоғамның медициналық әлеуметтік актуалды мәселесі болып табылады.

Ғылыми жобалық жұмыстың мақсаты:

Жалпы йод және оның адам ағзасына тапшылығы, қажеттілігі және барлық мәліметтерді танып біліп, ол туралы жан-жақты ақпараттандыру. Табиғат құндылығының бізге берген сыйын қастерлеп құрметтеу.

Йод тапшылығын жан-жақты зерттеп оның құндылықтарын елге таныту.

Жобаның міндеттері:

- Йод – адамның қалыпты өсуімен дамуына қажетті микроэлемент;

- Йод тапшылығы ауруларын алдын алу;

- Йод жетіспеушілігінің пайда болуы, маңызы және алдын алу;

Мәселе: Адам ағзасындағы йод жетіспеушілігінің маңызы.

Зерттелетін зат: Йодтың адам ағзасына қажетті құндылығын зерттеу.

Зерттеудің әдісі – тәсілдері.

Жұмыс барысында әдіс-тәсілдердің сипаттамалы, салыстырмалы, жүйелеу сияқты түрлері қолданылады.

Зерттеудегі ұстанымым:

Тақырыпты зерттеп оның мән-мазмұнына терең үңілу.

Зерттеудегі жетістіктерімді көпшілікпен бөлісу.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес ғылыми-танымдық әдістер қолданылды: зерттеліп отырған мәселенің өзектілігі мен маңыздылығына байланысты біз жаңа идеяларды ендіре отырып, оны қоғам өмірінің даму заңдылықтарымен сәйкестендіріп, негіздеуге тырыстық. Тақырыпты зерттеу барысында йодтың адам ағзасына қажетті құндылық екендігі зерттеліп, йод тапшылығының алдын алу шаралары ғылыми түрде дәлелденді, йод – адамның қалыпты өсуімен дамуына қажетті микроэлемент екендігі ғылыми түрде жүйеленді.

Йод жетіспеушілігі тиреоидтық ауруларының жылдам өсуіне әкеледі, жаңа туған нәрестелердің бейімделуін тежейді. Олардың психологиялық дамуына әсер етеді, физиологиялық дамуына кері әсерін тигізеді. Йодтапшылығы балаларда, жасөспірімдерде, әйелдерде соның ішінде жүкті әйелдерде, бала емізетін әйелдерде ерекше байқалады. Өз кезегінде йод жетіспеушілігі әйел ағзасындағы қоректендіру функциясын төмендетеді, сәбидің өлі туылуы балалар өлімінің жоғарылауын жиілетеді. Йод жетіспеушілігі тіркелген әйелдерде тиреоидтық аурулар 17 есе көбірек кездеседі, ал ол жүктілікті және бала туу барысын бала тастаумен қиындатады. Осыған сәйкес йод жетіспеушілігі ауруы қоғамның медициналық әлеуметтік актуалды мәселесі болып табылады.

«ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕГІ»

Ускина Айдана-21ФКк тобының студенті, Жетекшісі: Оташева С.Қ.

«Арқалық медицина колледжі»

Ғасырлар бойы қалыптасқан мұраның бүгінгі күнге жетуіне халық шеберлерінің қосқан үлесі айтарлықтай. Шеберлер қолынан шыққан көз тартарлық өнер туындыларының эстетикалық маңызы, тәрбиелік мәні зор.

Сонымен қатар ол ата-бабаларымыздың тұрмыс тіршілігінің табиғатпен байланысын, салт-дәстүрін көрсетеді. Қолөнер халықтың тұрмыс тіршілігімен тікелей сабақтас болғандықтан, қашан да адамға жақын әрі түсінікті.

Қолөнер туындылары жастарды әдемілікке, сұлулықты көре білуге тәрбиелейді және эстетикалық талғамын ортаға деген көзқарасын қалыптастырады, ұлттық мәдениеттің дамуына ықпал жасайды.

Өзіміздің туған Республикамыздан табылып отырған ежелгі дүние өнерлі ғалымға көп жаңалық әкелді. Қола, темір дәуірлерінде осы аймақты мекендеген біздің ата-бабаларымыздың қолынан шыққан өнер шығармалары өзінің бейнелігімен, айтар ойының терендігімен ғалымдар мен археологтардың назарын аударып отыр.

Осындай шығарманың бірі - қола дәуірінің шеберлері өмірге келтірген түрлі ою-өрнектер, әр түрлі бұйымдар, ожау, табақ, қасық сияқты олардың сыртқы беті өрнектен безендіріліп қажалып салынған. Сондықтан біз ерте дүние өнерін жай кездейсоқтықтан туған деп қарамай, оған көп көңіл бөліп, оны қастерлеуіміз қажет, тіпті солардан үйренуіміз керек. Өйткені, бұл - өнердің бастау - бұлағы, содан сусындап, содан нәр алып, қарыштадық емес пе?!

Ою-өрнек - адам баласының ақыл-ойларының толып-толқуымен, жүрегінің үлпілінен, өзін айнала қоршаған ортадан туған бейнелер. Гүлдің, жапырақтың, жан-жануардың бейнелері нақты сол шыны қалпында берілмей, көшірілмей, бейнелер арқылы ою-өрнекке айналып, қолдану аясына ерекше мән бермен, үндестікпен, әуенмен жеткен. Бұл халықтың білімінің, шеберлігінің өсіп, ою-өрнек өнеріне қосқан үлесі, тапқырлығы, даныпшандығы.

Ою-өрнекті зерттеген, қолдарынан сан-қилы өрнектің үлгі- түрлерін жасап көрермендерді паш етіп қуантқан зергер, ұста, шеберлерімізді, ән мен жырға қосқан әнші, ақындарымызды айтпаған күнде оларға талдау жасап тарихқа жазып, сызып кеткен қазақ қолөнерінің, оюдың не екенін басқа елдерге жеткізген, көптеген шет елдердің саяхатшыларын, тарихшыларын, этнографтарын, археолог-ғалымдарын айтуға болады.

Олардың ішінде В.В.Стасов, Г.Н.Потанин, П.С.Паласс, И.Георги, А.К.Гейнес, С.М.Дудин, В.Н.Чепелевті және т.б. қосып айтуға болады.

Қазақ елінің топырағынан таралып, суын ішіп жоғарғы дәрежелі білім алып, сол білімдерін басқа ел мамандарына таныта білген және қазақ қолөнерін жоғары бағалап, талдау жасап, оның ішінде ою-өрнекті топтастырып бір жүйеге келтірген этнограф, тарихшы, әдебиетші, өнертанушы ғалымдарымыз да бар. Олар Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, М.Мұқанов, Ө.Жәнібеков, Т.К.Бөсенов, Е.Масанов, Б.Тұяқбаева, Б.Әлмұхамбетов, Б.Ибраев, К.Ибраева, Т.Жанысбеков, Ж.Шәйкенов, Ұ.М.Әбдіғаппарова және т.б. ғалымдар зерттеген.

Қазақ ғалымы Т. Бөсенов былай дейді: "Қазақ ою-өрнегін зерттеуде әр уақыттың, әр саланың ғалымдары көп еңбек етті. Бірақ бұл зерттеушілер халық ою-өрнегінің жұмбақ тілін жете түсіне, шынайы сырына үңіле алмады. Олар өз ойларын халқымыздың өнер кілтін ашатын тума тілде емес, буржуазиялық жат тілде, өзге халыққа деген астамшылық көзқараспен саралады. Өнерін зерттеп отырған халықтың тілі мен зерттеушінің ойы мен тілінің үндестік таппауы көптеген бұрмалаушылықтарға, тіпті елеулі ағаттықтарға әкеп соқтырды".

Аталмыш өнер кезеңіне академик Әлкей Марғұлан "**Андабы мәнер**" деп ат берген. Есік обасынан, Шығыс Қазақстаннан қазылып алынған "Алтын адам" киімі осы андабы мәнерінде жасалған өрнек. Міне, қазақ халқының ою-өрнек өнері осылайша түркі жосығымен, ол жосық ежелгі сақтар өнері зергерлік әшекейлермен тікелей сабақтасып отырады.

Қазақ халқының кемеңгер ғалымы Шоқан Уәлиханов "Тәңірі" атты еңбегінде біздің ата-бабаларымыздың әдеттен тыс табиғат құбылыстарын қасиетті санайтындығын айта келе: "Айдалада дара өскен ағаш... тәу етіп, басына түнеуге жарап жатыр. Жанынан өткен әрбір жолаушы оларға ырым етіп, әлем байлап, жанына ыдыс-аяқ тастап кетеді... басына құрбандық шалады", - деп жазса, түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы саналатын "Қорқыт Ата кітабында" да тікелей ағашқа бағышталған айшықты сөз бар. Бұл жалғаннан біз ағаштың қазақ тұрмыс-тіршілігіндегі қолданыс орнымен қатар, оның ата-баба таным, түсінігінен алар жүйесін де өте айқын байқай аламыз.

Келе-келе ұлттық қолөнердің дамуында сәулет ғимараттар, мүсін, ағаштардан жасалған қазақтың музыкалық ұлттық аспаптары, күнделікті қажет тұтынатын үй жиһаздары, ыдыс аяқтар өмірге келді. Енді адамдар сәулетті сарайлар, қалалар, ірі қорғаныс құрылыстарын салды, ғажайып ою-өрнектермен безендіре бастады

Зерттеу мақсаты:

- ұлттық ою-өрнектерді пайдалану мен үйрету шарттарын анықтау;
- халықтық қолданбалы өнер арқылы ұлттық мәдениетке баулу, ою-өрнектерді пайдалана отырып ұлттық тәрбие беру;

Зерттеу міндеттері:

- зерттеу проблемалары бойынша педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді зерделеу;
- халықтық қолданбалы өнер арқылы ұлттық тәрбие беруде қалыптастырылуы тиіс еңбектік іскерлік пен қабілет әрекеттерінің көрінісін айқындау;
- зерттеу тақырыбына сәйкес әдебиеттерді пайдалана отырып, ұлттық ою-өрнектерді пайдалану мен үйрету шарттарын сипаттау.

КИКІЛЖІҢ, ДАУ-ДАМАЙ ЖӘНЕ ОДАН АРЫЛУ

Жұмағатқызы Дильназ

Ғылыми жетекші: Қалыбекова Эльмира Сарсебайқызы
Астана Гуманитарлық колледжі

Ойдан шығарылған дауды барынша тұтандырса, ол соғұрлым жылдам сөнеді.

(еврей мақалы)

Кей кездерде, өзіміздің отбасымызда еш ойланбай ақылға емес, сезімге салып, морт кетіп, тіл табыса алмай кикілжің жағдайларға түсіп кету жағдайдары болады. Сол кезде мені, төмендегідей сұрақтар мазалайды:

- Жалпы, мінез дегеніміз не?
- Кикілжің жағдайға кімдер түседі?
- Кикілжің жағдайға түсудің себебі не?
- Кикілжің жағдайды болдырмау жолдары не?

Зерттеу жұмысымды осы сұрақтардың негізінде жүргіздім.

Нарықтық кезеңдегі бәсекелестік жағдайы – қоғамның барлық жеріндегідей мектеп қабырғасында да бар. ХХІ ғасырдағы мектеп оқушыларынан еліміз ертеңгі күні техникасы мен ғылымын дамытатын біздер деп сенім артуда. Әрбір жеке тұлғаның потенциалдық-шығармашылық қабілетін, дарындылық қасиеттерін ашып дамытуға жағдай жасалып отыр. Ұстаздарымыз жаңа, инновациялық технологияларды пайдаланып, біздің еркін сөйлеп, идея, ой бөлісіп, жан-жақты ізденіп, терең білім алуымызға аянбай еңбек етуде. Өкінішке орай, ортамызда өзін жан-жақты өмір ағымына сай дамуына дұрыс мән бермей, теріс іс-әрекетте жүрген құрбыларымыз бар.

Қоғам мектеп қабырғасындағы әр жеке тұлғаның нарық талабына сай рухани, адамгершілік, психологиялық жағынан дұрыс тәрбиеленуін талап етеді.

Қазіргі ғылыми-техникалық прогресстің даму қарқыны, шапшаңдығы адамдардың нерв жүйелері мен психологиясының жүгін көбейтті. Бұл адамдардың жанұядағы қарым-қатынастарын сөзсіз түрлендіріп, адамдар арасында дау-жанжал, кикілжің туатын жағдайларды молайтты.

Әр адамның жан дүниесінің ойдағыдай қалыптасуының бір белгісі - мінез.

- Мінез - жан қуаттарының синтездік қасиеттері.
- Мінез - кең мағыналы ұғым. Онда түрлі саналар тоғысып жатады.

Мінез-иманды, имансыз, тәрбиелі, тәрбиесіз, бірқалыпты, бүтін, күшті, тұрақты, айқын, салмақты тағы басқадай сапаларға бөлінеді. Тәрбиелі мінез - оқушының бойында имандылық қасиеттерінің бар екенін көрсетеді. Мысалы көпшіл, ізетшіл, ақылға қамқор, жолдасты қадір тұту, жұртшылық пікірімен санаса білуі.

Рухани дүниесі бай, қызығушылығы, қажеттенуі, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық мінезді адам дейді. Мінез сапаларының бірі-оның бірқалыптылығы, мұндай адам құйындай ұйытқып тұрмайды, оның бағалайтыны сөзбен істің бірлігі. Бірқалыпты тұрақты мінезі бар адам басқалардың жетегінде кетпейді, оның өзінің белгілі көзқарасы, принципі, мінез - құлық нормасы, ерік - жігері тұрақты болады.

Абай атамыз өзінің 28-ші қара сөзінде "Адамның мінезін өзгертуге болмайды – деп айтқан адамның тілін кесіп алар едім", — деген. Ендеше адам мінезінің қалыптасуы жанұя тәрбиесімен, қоғаммен, әлеуметтік ортамен тығыз байланысты. Мінез өзгермейтін тума қасиет емес, ол өмір тәжірибесімен қалыптасады.

Кикілжің ситуациясы. Адамдар түрліше өмірлік ситуация жағдайларында болады. Кикілжің ситуациясы деп - әлеуметтік субъектілер арасында шынайы өзара күрес, тартысқа объективті түрде негіз, жағдай жасайтын жағдайлардың тоғысуын айтады. Мысал келтірелік: ғылыми мекемеде штаттың қысқартылуы қажет болды. Көптеген қызметкерлер, әсіресе зейнет жасындағылар «қысқаруға» түсуі мүмкін. Әлі сол немесе өзге тұлғаның қысқаруы шешілмеген тұста, кикілжіңнің пайда болуы туралы айту ертерек. Дегенмен, кикілжің ситуациясы көзге көрініп тұр, себебі мүмкін болатын түрлі пікірлер пәні бар, ұжымда анық түрдегі күйзеліс туды.

Кез-келген қоғамда жекелік немесе топтық кикілжіңдер тек қана сыртқы (экономикалық, әлеуметтік, мәдени т.б.) себептерден емес, әрі жеке адамдар мен топтардың психологиялық ерекшеліктеріне байланысты болады.

Кикілжің ситуацияларын талдауда психологтар үшін ең бастысы жоғары кикілжің жағдайын тудырған жеке адамдар мен топтардың типтік психологиялық ерекшеліктерін ашу болып табылады.

Дау-дамай әртүрлі бағыттардың тұрғысында зерттелінеді. Н.В.Гришина психологиялық дау-дамайларды қарастырудың дәстүрлі үш – мотивациялық, ситуациялық және когнитивті түрлерін атап көрсетеді. Н.У.Заиченко дау-дамайлар зерттелінетін негізгі алты: когнитивтік, мотивациялық, аналитикалық, іс-әрекеттік, энергиялық-эмоциялы, ұйымдастырушылық және жүйелі тұрғыларды атап көрсетеді.

Дау-дамайды үрдіс ретінде де түсінуге болады: ондай жағдайда ол қатынастарды тұрақтандыру құралдарын іздеу жолында әрекеттердің дамуы, табылмаған жол жағдайын анықтайды. И.П. Андриадидің пікірінше, дау-дамай бұл – «шешімі тұлғашілік, тұлғааралық және топаралық қатынастардың біртіндеп дамуы». А.А. Ершов дау-дамайды «тұлғалар қарым-қатынастарының барысында және нәтижесінде қажеттіліктерінің, мотивтерінің, мақсаттарының, бағдарларының, көзқарастарының, мінез-құлықтарының сәйкессіздігінен олардың қақтығысы» ретінде анықтайды.

Дау-дамайлар - отбасында адамдардың көзқарастарының, қызығушылықтарының, қажеттіліктерінің қарама-қайшы келу барысында туындайтын келіспеушіліктер.

Дау-дамайлар дауласу, жанжалдасудан басталып, дау-дамайлық жағдаятқа ауысады. Егерде осы кезде алдын алу, үдетпей тоқтату жолдары қарастырылмаса, онда дау-дамайға ауысып қыза түседі. Ең қызған кезі *инцидент* деп аталады.

Дау-дамайлардың жиілігіне, тереңдігіне қарай В.Торохтий отбасының төмендегідей түрлерін белгілеген: кризисті, проблемалы және неврозды (В. Торохтий).

Кризисті отбасы. Отбасының өмір сүру жағдайында қажеттіліктердің, қызығушылықтардың қарама-қарсы келіп шиеленіске айналуы. Ерлі -зайыптылар бір біріне өшігіп қарсы тұруларымен сипатталады

Проблемасы бар отбасы. Бас пананың болмауы, бір адамның аурушаң дығы, материалдық жағдайдың төмендігі, бір адамның қылмыс жасап сотталуы т.б. проблемалар болып тұратын отбасылар. Мұндай отбасында қарым- қатынастар бұзылып, психикалық ауруға шалдыққандар жиі кездесіп тұрады.

Неврозды отбасылар. Бұл отбасы түрлерінде тұқымқуалаушылық арқылы пайда болған аурулармен ауыратын адамдар кездеседі, отбасындағы басым алған қорқыныш сезімдері, ұйқының бұзылуы, агрессия көрсету т.б. тән отбасылар.

Дау-дамайлы отбасылар. Отбасында жағымсыз эмоциялар көп орын алған, жиі-жиі ұрыстар, кікілжіндер болып тұратын отбасыларды жатқызуға болады.

Дау-дамайлар бастауы отбасындағы даулардан, келіспеушіліктерден басталып, дау-дамайлар жағдайларына ауысады.

Ғалымдар отбасындағы дау-дамайларды төрт түрге бөледі: тұлғаның өзімен өзі, тұлғааралық, тұлға мен топ арасындағы, топтар арасындағы.

Дау-дамайлардың жалпы мәселелерін зерттеген (В.Шуман), балалардың жастарына байланысты кризистерді (И. Кон), ерлі-зайыптылардың арасындағы дау-дамайлардың бала тәрбиесіне ықпалы (А. Ушатиков, А. Спиваковская) т.б.

Отбасындағы негізгі дау-дамайлар ерлі-зайыптылар арасындағы кездесетін дау-дамайлар. Олардың пайда болу себептері орындалмаған қажеттіліктер арқылы белгіленеді. Негізгі себептерге төмендегі себептерді жатқызуға болады:

- Қажеттіліктердің орындалмауы, «МЕН» деген позицияның, сезімнің құрметтелмеуі;
- Жағымды эмоциялардың болмауы, идеалға сәйкес келмеуі, басқаны өзіне бағындыруға тырысу, түсінушіліктің, қамқорлықтың жоқтығы;
- ерлі-зайыптылардың біреуінің зиянды әдеттерге әуестігі (алкоголь, наркотик, ақшаны тек өзінің қажеттілігіне жұмсау т.б.);
- үй шаруашылығында бір біріне көмек көрсетпеу, қамқорлық жасамау;
- бала тәрбиесіндегі келіспеушілік, бос уақытты бөлек өткізу т.б.

Дау-дамайлардың пайда болуын С. Кратохвил отбасының даму кезеңдеріндегі кризистерге байланысты екенін көрсеткен.

Бірінші кризис - адаптация мәселелеріне тәуелді, екі адамның бір біріне үйреніп, «біз» позициясының қалыптаспауымен.

Екінші кризис - баланың өмірге келгеннен кейін туындайды.

Үшінші кризис-отбасының өмірінде бірінші өмір жағдайы қалыптасып ерлі-зайыптар бір бірінен шаршай бастаған кезінде пайда болады.

Төртінші кризис 18—24 жыл бірге тұрып, балалар өсіп бөлек кеткеннен кейін басталады.

Отбасындағы дау-дамайлардың алдын алу жолдарын В. Владим, Д. Капустин, И. Дорно, А. Егидес, В. Левкович, Ю. Рюриков төмендегідей жолдарын белгілеген :

- Басқа адамды өзіңдей сыйлай білу;
- Ол саған ең жақын адам екенін естен шығармау, ол сенің балаңның анасы, әкесі;
- Кек сақтамауға тырысу, жағымсыз эмоцияларды жинамау;
- Бөтен адамның көзінше ескерту жасамау;
- Өзіңнің жақсы қасиеттеріңді үлкейтіп, өзіңнің пікірің әр уақытта дұрыс деп санамау;
- Көбірек сенім білдіріп, қызғануды азайтуға тырысу;
- Басқа адамға құрметпен қарап, тыңдай да, сөйлей де білу;
- Өзінді жақсы жағынан көрсетуге ұмтылып, кемшіліктерді жойуға тырысу;
- Жолдасыңның қызығушылықтарымен санасу;
- Кейбір жағдайларда шындықты білгеннен білмеген дұрыс;
- Кейде бір-бірінен дем алғанда дұрыс, оның да қатынастан шаршап кеткенде пайдасы бар.

Ата-ана мен балалар, орта буын мен ағабуын арасында болып тұратын дау-дамайлар.

Отбасында дау-дамайлар ата-ана мен балалар, орта буын мен ағабуын, балалар арасында кездесіп тұрады. Дау-дамайлар жақсы отбасында да болып тұрады. Сондықтан оның дұрыс шешу жолдарын білу қажет. Бұл дау-дамайларды шешуде педагог-психолог жиі араласады.

Жағдайы жақсы отбасыларында да 30% жақын дау-дамайлар ата-ана мен балалар арасында кездесіп тұратынын И. Горьковская көрсеткен.

Дау-дамайлар жиі болып тұратын отбасылардың бір қатары мына жағдайлармен суреттеледі: материалдық деңгейінің төмендігі, азық-түліктің жетіспеуі, жақына адамдардың маскүнемдігі, ұрыс-керіспен күнкешу, психикалық ауруға шалдыққан туыстарымен бірге тұру.

Мұндай отбасындағы басты проблема-балалармен қатігез болу, ұрып-соғу. Отбасындағы бала ата-ана мейірімінен айрылып қана қоймай, бала-бақшаға, мектепке барудан бас тартады. Мұның бәрі баланың үйден қашып кетуіне себеп болады. Бұл жағдайға соқтыққан балаларда сенсорлық және әлеуметтік депривацияның белгілері, психикалық дамудың артта қалуы байқалады. Сонымен қатар олардың ми функциясының қызметі, таным әрекеті бұзылады, эмоциялық тұрақсыздық пайда болып, өтірік айтуды, қиялға бейім екендігі байқалады.

Кікілжің жағдайларды болдырмау жолдары:

- Өз бойындағы кемшілігін көре білу, өзін әр қырынан бағалай білуі қажет.
 - Ең бастысы оқушы өз маңайындағылармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу керек.
 - Жағдайды алдын-ала болжай алу қажет, себебі кезкелген кікілжің жағдай белгілі бір ортадағы адамдардың іс-әрекетіне, қарым-қатынасына тікелей байланысты.
 - Адамгершілік қасиеттеріне кір келтірмеу, қорламау, ешкім ешқашан талас-тартысқа бармау.
 - Әрқашан адамды адам ретінде сыйлай білу керек.

Мен, өзімнің зерттеу жұмысымды өз отбасымда жүргіздім. Зерттеу барысында атап өткен дау-дамайлардың алдын алу жолдарының қаншалықты қолданылатынын бақыладым. Бақылау барысында байқағаным кейбір критерийлердің 33%-ы орындалмайды екен.

Солардың бірегейі:

- ❖ Сенімсіздік пен қызғанушылықтың басымдылығы;
- ❖ Кейбір жағдайларда шындықты білгеннен білмеген дұрыс;

❖ Қызығушылықтарымен санаспайтындығы, - деген сияқты критерийлердің орындалмау себептерінен отбасымызда ара-тұра келіспеушіліктер болып тұрады.

Қортындылай келе, кикілжің жағдайдың тууы - жаңа бәсекелестік заман ағымының талабына сай дамып, қиындығына төзімділік танытуда жанұя мүшелерінің арасында жылы қарым – қатынастың, қолдап - түсінісудің болмауы, кейбір ата-ананың жалғызын шектен тыс еркелетуі, жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуына мән бермеуі, мінез бітісіндегі кейбір қасиетін меңгере алмауы оқушыны кикілжің жағдайға итермелеу себебі болып табылды.

Досымның бүгінгі бәсекелестік заман ағымына лайық болып тәрбиеленуі үшін, өмірден қоғамға қажет маман болып, елімізді көркейтуге үлес қосу үшін жоғарыда айтылған теріс қасиеттермен, іс-рекеттерге жол бермей, ауыз бірлікте болып, болашақты көздеуде алдымызға үлкен мақсаттар қойып, соған жету жолында жан - жақты іздену, ғылыммен техника саласындағы жаңалықтармен танысып отыру, еңбектену, жаңалық ашуға талпынуға баулу, қызығушылықтарын арттыру жұмыстары жалдан – жылға жандандырылуда. Педагог - психолог, сынып жетекші, ата-аналарымызбен бірлесе атқарған жұмыстар өз нәтижесін беріп, бірең - сараң тәрбиеден ауытқуда жүрген құрбыларымыздың өзін - өзі танып, жеке тұлғалық қасиеттеріндегі кемшілікті түсіне біліп, ерік – жігерін қолға алып өз-өзімен жұмыс істеуі бізді қуантатын жағдай.

Атамыз Абай айтқандай үш қасиетті “ыстық қайрат, жылы жүрек, нұрлы ақылды, естен шығармай бойымызға сіңірсек біз тәрбиеден дұрыс жол табамыз!

Әдебиеттер:

1. Ковалев А.Г., Воспитание характера. М.просвещение; 1979
2. Жарықбаев Қ, Табылдиев Ә. Өдеп және жан тану,- Алматы, 1994
3. ЖарықбаевҚ.,Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары, Алматы2000,

ТАРИХ – ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ НЕГІЗІ

Иманбекова Шапағат Мұратқызы

«Бастауыш білім беру» мамандығының Ікурс студенті

Ғылыми жетекшісі: **Калыбекова Эльмира Сарсебайқызы**

қоғамдық пәндер оқытушысы

Астана Гуманитарлық колледжі

Жиырманасыншы жүзжылдықта қоғамдық сананың барлық қырларын тарихшылықтың, яғни сананың тарихилануының жаулап алғаны соншалық, даулы да күрделі мәселелерімен ерекшеленетін тарих философиясы қызу пікірталастардың өзегіне айналды. Өйткені қазіргі заманның өз бойына әлеуметтік жадымен сипатталатын өткен шақты да, болашақты бағдарлаумен түсіндірілетін келер шақты да енгізетін осы шақты білдіретіні санаға сіңді. Мәуелі ағаштың тереңге бойлап, құнарлы топырақтан нәр алатын тамырынсыз жапырақ жайып көгермейтіні сияқты, жеміс бермейтіні сияқты қазіргі заман да өткеннің тарихынан тағылым алып, сабақтастығын сақтамаса келешектен күдер үзері сөзсіз. Оның үстіне, қазіргі әлемде қалыптасқан әлеуметтік-мәдени ахуал, адамның ментальдық болмысының дамуындағы қайшылықтар, рухани дамудағы келеңсіз құбылыстар, сондай-ақ жаһандық қаржылық, экономикалық дағдарыстың астарынан қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтыған рухани тоқыраудың бой көрсетуі – осы үдерістердің барлығы адамзат дамуының келешегін болжауға қатысты ғана емес, оның тарихына, тарихи санасы мен тарихи құндылықтарына қатысты да зерттеулерге деген қызығушылықты тудырады. Бүгінгі жағдай қоғамдық деңгейдегі болсын немесе жеке тұлғалық деңгейдегі болсын, арнаулы ғылыми немесе бұқаралық санадағы болсын тарихи сананың мәні мен маңызын, оның мазмұны мен құрылымын, қалыптасу тетіктері мен қызмет ету заңдылықтарын теориялық тұрғыда ашып көрсетуді қажет етеді. Тарихи сана – бұл бүгінгі ұрпақтың әлеуметтік жады.

Тарих өткен шақпен, адами жадымен және әлеуметтік еспен байланысты болғандықтан, бұған төл тарихты тану арқылы қол жеткізуге болады. Яғни ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын іргелі құндылықтарды – адамдарды рухани тұрғыда оятатын ана тілі мен дәстүрді жаңғыртумен қатар, халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи өзіндік сананы қалыптастыру тәуелсіздіктің рухани тұғырын құрайды. Кеңес дәуіріндегі жетпіс жыл бойы халқымыздың өзіне лайық тарихы тұмшаланып айтылмай келгені, айтылса да саясаттың ыңғайына қарай бұрмаланып, теріс түсіндіріліп келгені белгілі. Шынайы тарихи дамуды түсіндіру амалдары маркстік-лениндік әдіснамаға сай, тап күресін таңумен сипатталды. Кезінде тек еуразиялық аймақтың дамуына ғана емес, әлемдік дамуға да өзіндік ықпалын тигізген Қазақстан мен Орталық Азиядағы үш мыңжылдық көшпелі мәдениет еуроорталықтық көзқарастағы әдебиеттерде алғашқы қауымдық, жабайылық ретінде қарастырылып, ұлттық тарихтағы өркениеттік, мемлекеттік дәстүр жоққа шығарылды.

Қоғамдық және мәдени дамудың батыстық үлгіден түбірлі айырмашылықтары ескерілмеді. Қазақстанның Ресейге кіруінің себеп-салдары асыра дәріптелді, оның отаршылдық саясатының астарлары бүркемеленді. Қазақ халқының әлеуметтік және мәдени тарихына деген нигилистік көзқарас қалыптасты. Осы себепті тарихи әділеттілікті қалпына келтіріп, ұлттық тарихи өзіндік сананы түлету бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналды және бұл отандық тарих ғылымына ғана емес, философияға да зор міндеттер жүктейді. Кез келген қоғамдық ғылымдардың өзінің пайда болуы, қалыптасуы мен дамуы, яғни тарихы болатындықтан, олардың іргетасын құрайтын тарих ғылымы бұрмалаушылықтан, үрдісшілдіктен, бұра тартушылықтан, апологетикадан тазарып, объективті айғақтар мен дұрыс хронологияға сүйенгені дұрыс, ал оған философия ғылымы үнемі дүниетанымдық нәр беріп отыруы тиіс. Адамды әлемнің ғылыми кескінінен тысқа шығарып жіберетін рационалдылықтың классикалық типінен бас тартқан қазіргі ғылым интеграциясы пәнаралық синтезді қажет етеді. Нақты тарихи айғақтар мен ғылыми мәліметтерге негізделіп отырып, тарихи үдерістердің даму қисыны мен заңдылықтарын тарих философиясы зерттейді.

Зерттеу тақырыбы мейлінше күрделі осы мәселемен айналысатын бұл ғылым саласына келер болсақ, батыстық гуманитаристикамен салыстырғанда, кешегі кеңестік жүйенің де, біздің республикамыздың да қоғамдық ғылымдары кенжелеп қалғаны рас. Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-мәдени өмірінде тарихи сананы жаңғыртып қалыптастыру тәрізді маңызды міндетті іске асыруда біздің мемлекетіміз бірқатар маңызды іс-шараларды атқарды. Қызыл қырғын мен жаппай қуғын-сүргіннің алпыс жылдығына орай-ластыра отырып, 1997 жылдың «Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» болып жариялануы, келесі 1998 жылдың «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп аталуы, ғасырлар тоғысындағы 2000 жылдың «Мәдениетті қолдау жылы» деп жариялануы, 2004 жылдан бастап «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы нәтижесінде тарихи әділет үстемдік алып, зерде жаңарып, сана сауыққандай болды. Төл тарихымызды, елдік дәстүр, халықтық тағдыр-талайымызды танып білуде, ескерткіш мұрағаттарымызды жинастыру мен сараптауда біраз жетістіктерге қол жетті. Жинақталған мәдени мұра мен рухани қазынаның дәнін тауып, сөлін сүзіп ұлттың кәдесіне жарату зиялы қауым мен ғылымдарға жүктелетін шаруа. Бұл маңызды да өзекті мәселеге Қазақстанның елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың да қалам тартып, көлемді еңбектер жазғаны белгілі, оның ішінде «Тарих толқынында» кітабын ерекше атап өтуге болады. Бұл еңбекте халқымыздың тарихи өзіндік санасының ерекшеліктеріне мынадай баға берілген: «Қазақ болмысының келесі бір ерекшелігі – оның тарихшылығы. Қара халықтың тарихтан хабардарлығы мейлінше жоғары болған. Керек десеңіз, білім институттарының дамыған жүйесі бар бүгінгі күннің өзін бұрынғы қазақтардың санасындағы жаппай тарихшылықпен салыстыруға болмайды. Біз бұл еңбекте қазақ халқының тарихи санасының қалыптасуын тәуелсіздік идеясымен байланыстырып отырмыз, өйткені кез келген халықтың тарихи өзіндік санасындағы қатпарлы ақиқаттарда туған жерді, ата мекенді немесе отанды

жатжерліктерден қорғап, еркіндікті сақтап қалуға қатысты тарихи уақиғалар мәңгіге орын алып қалады.

Тәуелсіздік түсінігі әрбір халық үшін мейлінше қастерлі ұғым болып табылады. Оның тағлымы терең астарларын тарихтың қойнауынан, ата-бабамыздың өткенінен, оның сан ғасырлық арман- нынан із де ген жөн. Сонау сақ заманынан немесе әлімсақтан бері ата қонысты парсылардан, түркілердің жужандардан қорғаудан, бертінде қазақ хандығының тұтастығын сақ таудан, оның ішінде жоңғарлармен, қоқандық тар мен, ресейліктермен болған шайқас- тардан осы тәуелсіздікке де ген ұмтылысты байқаймыз. Ұлт-азаттық күрес тарихынан бір Ресей отаршылдығының өзіне қарсы 300-ге жуық көтерілістер белгілі. Ақырында «ақтабан шұбырындыдан» асып түскен «қызыл қырғынды» бастан кешіп барып, ата-бабамыздың аңсаған арманы ХХ ғасырдың соңында жүзеге асты. Үстіміздегі жылдың 28 қаңтарында Ақордада Мемлекет бас- шысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығын өткізу жөнінде кеңес өткізді. Сол жиында Елбасы былай деп атап өтті: «Жолдауда мен еліміз Тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеу мәселесін ерекше атап өттім.

Тәуелсіздік – бұл біздің басты байлығымыз, баға жеткізгісіз жетістігіміз. Жас елдің тарихындағы жаңа дәуір шыңтуайтында өзінің бастауын Тәуелсіздіктен алады. Жасампаз, сенімді және қарқынды даму дәуірінен. Сондықтан Тәуелсіздік мерейтойы ерекше мәнге ие». Еліміз үшін өте маңызды осы мәселенің өзектілігін түсіне отырып, тарихи сана қалыптасуы мен дамуын біз қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің негізінде қарастыруды және тарихи сана эволюциясындағы тәуелсіздік идеясының өзегін көрсетіп беруді мақсат тұттық. Бұл үшін алдымен тарихи сана мәселесінің әлемдік және отандық ғылыми әдебиетте қойылуы мен талдануын зердеден өткізіп алған жөн. Жоғарыда атап өткендей, ХХ ғасырда табиғи және әлеуметтік өмірде орын алған ғаламат өзгерістер адамзаттың алдына жаһандық мәселелерді қойды. Қоғамдық дамудағы нақты тарихи, жаһандық және ауқымды тарихтың, ашық тарих пен жабық тарихтың, микротарих пен макротарих арақатынастары, ұлттық және таптық мәселелердің қойылуы мен олардың шешілуі, дәстүр мен жаңашылдықтың, ұжымдық ес пен дара индивидуалдық жадының, теориялық тарихи сана мен бұқаралық сананың арақатынастары мәселелері гуманитарлық ғылымның барлық салаларын қамтыды.

Теориялық тарихи ой дамуындағы соңғы онжылдықтарда қалыптасқан бұл ахуал ғылыми әлемде «тарихнамалық төңкеріс» деген атауға ие болды. Бұл ұғымды тарих философиясы мен әдіснамасын терең зерттеген орыс зерттеушісі М.А. Баргтың енгізгенін айта кету керек: «Тарих ғылымының ғылыми қорындағы бүгінгі күні болып жатқан өзгерістерді біз тарихнамалық төңкеріс деп атасақ, артық айтпаймыз». Бұл ұғымның қазақстандық тарих ғылымының әдіснамасында кеңінен тарамағанына қарамастан, отандық тарихи ғылымдағы бұрынғы кеңестік сарынның сақталғанына қарамастан, тәуелсіздік алғаннан кейінгі төл тарихтың ақтаңдақтарын ашудан, нақты тарихи мәселелерге қатысты әр алуан пікірлердің, баламалы тарихтардың айтылуынан шыға отырып, «тарихнамалық төңкеріс» ұғымының қоғамдық өмір мен ғылымдағы орын алған өзгерістердің мазмұнын анықтайтынын аңғаруға болады. Кеңестік ғылымда қалыптасқан бұл жаңа ахуалдың теориялық нышандары әлеуметтік зерттеулердің мәселелерін талдаудағы әртүрлі бағыттардан көрінеді: философиялық-әлеуметтанымдық, мәдениеттанымдық және әдіснамалық-тарихи. Бұл бағыттардың соңғысы тарих ғылымының әдістемелік мәселелерін талдау негізінде қалыптасты. Осы мәселелерді соңғы екі онжылдықтар бойы, әсіресе кеңестік империяның ыдырауымен қалыптасқан достастық елдері кеңістігінде, оның ішінде қазақ халқының тәуелсіздікке қол жеткізуімен белсенді түрде талдануы әлеуметтік шарттылық туралы, тарихи білімнің қызметі мен мақсаты туралы мәселелерді кеңінен қойып, оны тарихи танымға деген гносеологиялық тәсілдің шеңберінен тысқа алып шықты. Соның нәтижесінде «тарихи сана» ұғымының екі мағынасы келіп шығады: тарихнамалық көзқарастарға сай келетін тар мағынасындағы және дүниетанымдық парадигма сипатына ие кең мағынасында. Отандық ғылым үшін бұл

таңсық тақырып шетелдің тарих философиясында он тоғызыншы ғасырдың соңынан бері талқыланып келеді.

Гуманитарлық саладағы бұл бағыттың пайда болуы объективтік тарих идеясының дағдарысқа түсуімен және тарихи танымның мәнін, тарихилық пен антитарихилық сананың арақатынасын іздеумен байланысты орын алды. Ф. Ницшенің, Г.Риккерттің, В.Дильтейдің, Г.Зиммельдің, Э.Трельчтің, М.Вебердің, К.Поппердің жұмыстары осы тақырыпқа арналды. Дүниетанымның бір тәсілі ретіндегі тарихи сана тақырыбының ерекше танымалдығы бастапқыда феноменологиялық философияда, кейінірек герменевтикалық бағытта көрінді (Э.Гуссерль, М.Хайдеггер, Г.Г.Гадамер, П.Рикер). Ғылыми-теориялық тарихи сананың анағұрлым жоғары деңгейі ретіндегі тарих философиясының мәселелері шетелдік ғалымдардың үнемі назарында болды. Тарихи үдерістің «болмысы», тарихтың мәні, әлеуметтік детерминизм мәселелері О.Шпенглердің, А.Тойнбидің, П.Сорокиннің, К. Ясперстің және т.б. іргелі еңбектерінің өзегін құрады. Р. Аронның, Б. Кроченің, Р.Дж. Коллингвудтың және т.б зерттеулері тарихи өткенді зерттеудің логикалық-теориялық және әдіснамалық мәселелері ретіндегі тарих философиясының пәнін зерттеуге арналды. Тарих пен қоғамға деген жаңа көзқарастың тұжырымдамасын ұсынған «Анналдар» деп аталатын мектептің қабырғасынан шық- қан ғалымдардың еңбектерін ерекше бағыт ретінде атап өтуге бо- лады. «Анналдардың» француздық мектебінің өкілдері (М. Блок, Ле Февр, Ф. Бродель, Ж. Дюби, Ж. ле Гофф және басқалары) тың тақырыптар көтеріп, «жаңа тарихи ғылымның» пайда болуына, тарихтың әдіснамасын анағұрлым терең зерттеуге, оның ұғымдық аппаратын пайымдауға, оның әлеуметтік философиялық астарларын зерделеуге үлкен ықпал етті. Олар адамзаттың әлеуметтік-мәдени тарихын зерттеудің жүйелік-үлгілік, типологиялық, кроссмәдени әдістерін пайдаланды, соңғы кездері әлеуметтік ғылымдар әдістеріне көбірек сүйеніп келеді. Адамның өз өткенін пайымдауы мәселесі дәстүрлі философиялық мәселелердің қатарына жатқанымен және бұл тұтастай бір философиялық бағыт – тарих философиясының негізгі пәнін құрағанымен, тарихи сананы зерттеу кеңестік әдебиетте маркстік парадигманың қыспағында болды.

Тарихи сана мәселесі ғылыми ізденістің өз алдына дербес тақырыбы ретінде бүгінгі күні көршілес ресейлік ғылым мен философияда кең қанат жайып отыр. Ал Қазақстанда тарихи сана тақырыбы тәуелсіздіктен кейінгі ұлттық сананың жаппай оянуы, тарихи ақтандақтарды қалпына келтіру, тарихи әділеттікті орнату үдерістері барысында бұқаралық баспасөз беттерін жаулап алғанымен, отандық философия мен әлеуметтік ғылымдарда арнайы әдіснамалық түрдегі зерттеулер саусақпен санарлықтай ғана еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2003. – 288 бет.
2. Шаяхметұлы Қ. Алаш мұраты және мемлекеттік тіл мәселесі// Шәкәрім журналы. – Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті. – Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы, 2011. – 119 бет.
3. Қойгелді М. Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны. "Қасым - Ақпарат" <http://qasym.kz>
4. Тұрысбек Р. Ұлтмұратыжәнеруханият: зерттеу мен зерделеу. – Астана: Арай, 2008. – 632 б.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Айдынғалиева Мадина. Мырзағұлова Жұлдыз

Атырау көпсалалы Болашақ колледжі

Атырау облысы Қазақстанның батысында, Жайық өзенінің бойында орналасқан қала. Қаланың негізі 1640 жылы қаланған. Сонымен қатар бұрынғы Каспий теңізінің орнында шөл, шөлейтті белдеуінде орналасқан.

Атырау облысының климаты

Климат тым континентті, қысы суық, желі қатты, жазы ыстық, жауын-шашыны аз, табиғи ылғалдылық жеткіліксіз, шаңды, құрғақшылық басым. Төбеден шақырайған күн радиациясы жаз бойы апталап соғатын желмен қосылып, ауаны жылытып жібереді. Оның үстіне ұзақ жылдар бойы елімізге мұнай мен газ беріп келген өңірдің экологиялық жай күйіне көңіл айтарлықтай бөлінген жоқ. Облыс жері бұрынғы теңіздің орны. Соңғы жылдары Каспий теңізі көтеріліп келеді. Орман, Жасыл желеңді алатын болсақ бұл жайт облыста өте қиын. Осыдан 6 жыл бұрын әр қала тұрғынына жасыл желең 5,3 ш/метрден болса, қазір бұл көрсеткіш 2 ш/метрге дейін төмендеген. Ал норма бойынша 12 ш/м болуы керек.

Экологиясы

Мұнайлы өлке – Атыраудың экологиялық ахуалы жыл өткен сайын күрделеніп келеді. «Оған өңірде ашылып жатқан өндіріс орындарының көбеюі бірден-бір себеп» Қазіргі таңда он бес жылдан астам уақыттан бері мұнай өндіріліп жатқан «Теңіз» кеніші орналасқан Жылыой ауданын айтпағанның өзінде, Атырау қаласындағы экологиялық жағдай онша мәз емес. Қала ішіндегі және облыс орталығына жақын маңдағы ірі өндірістен шығатын қалдықтар ауаны ластап, тұрғындардың таза ауамен тыныс алуына кедергі келтіруде.

Жайық өзенінің экологиясы

Өз бастауын Башқұртстан жерінен алатын Ақжайық Қазақстан мен Ресейдің трансшекаралық өзені болып табылады. Жыл өткен сайын өзен жағдайы тіптен күрделенуде. Өзен суының таяздану процесі әлі де жалғасуда, жағалауы да күннен күнге тарылған. Ол аздай қазір өзеннің жоғарғы жағынан гидротехникалық ғимараттардың салу құрылысы да өзеннің жағалауында таудай үйінділердің пайда болуына алып келді. Сонымен қатар ластанған суда балықтың да саны азайған. Өзен бойында тұрып жатқан халықтың да өз кезегінде суды бей – берекет пайдалануы мен табиғатты аялай білмеуінен Жайық өзені қоқыстың астында көміліп барады. Осының барлығы өзеннің өзі мен жағалауына теріс әсер беруде. Соған қарамастан Жайық өзені әлі күнге дейін қатаң бақылаудағы табиғи орындардың қатарына енгізілмей келеді, қоқыстардан тазалау және арнасын кеңейту секілді жұмыстар тиесілі түрде істелмей отыр. 2001 жылдың қарашасынан бастап Каспий теңізінің жағалауындағы су түбінде Жайықтан теңізге және кері жүріне кедергі келтіріп, әзірбайжандық «Сарынский рыбақ» кемесі жатыр. Әлі күнге дейін Атырау өзен айлағының аумағында үш жыл бұрын суға батқан 6 кеме су бетіне шығарылған жоқ. Атырау өзенпорты АҚ айлағының қожайыны қаржының жоқтығына сілтеп оларды судан шығармай отыр. Бұл процедураның өзі де тосын сыйға толы болуы мүмкін. Өйткені суға батқан кемелердің бортында қаншама жанар – жағармай болуы мүмкін. Жайық өзенінің суы бүгінгі күні орташа ластанған деп сипатталады. Өзеннің негізгі ластану көздері оның жоғарғы ағысында орналасқан. Бұл Магнитогорск металлургиялық комбинаты, Орск өнеркәсіп торабы (мұнай, химия, түсті металдар өндірісі, машина жасау). Ақтөбе хромды қоспа зауыты. Аналитикалық бақылау зертханасы Жайықтан 10 мәрте су сынаmasını алған. Барлық сынамада жалпы темір, хлорид сульфат пен фенол концентрациясы мөлшерінің асып кеткендігі белгіленген.

Мұнай өңдеу зауыттарының экологияға кері әсері.

Атыраудың маңайындағы мұнай өңдеуші зауыттың өндіріс қалдықтары қоршаған ортаға кері әсерін тигізеді. Заманауи мұнай өңдеу зауыттарында жүйелі инженерлік – технологиялық және санитарлық – гигиеналық шаралардың кең көлемде өткізілгеніне қарамастан жұмысшылардың денсаулығына жағымсыз әсер ететін зиянды өндіріс факторлары бар. Бұларға көмірсутегі, күкіртсутегі, күкірт ангидридi, азот тотығы, бензол, фенол және басқа зиянды заттарды және қолайсыз макроклимат жағдайлары, шу, дiрiлдердi, жүйке жүйелерiне ауыртпашылықтарын жатқызуға болады. Өте жиi таралған спецификалық емес ауруларға ас қорыту ағзаларының әсiресе гепато-билиарлық жүйенiң,

өкпе-бронх және жүрек қан тамыр жүйесінің аурулары жатады, бұлардың пайда болуына әр түрлі химиялық факторлар орын алады. Атырау облысының Исатай ауданында Потенциал ойл компаниясына тиесілі мұнай құбырында апат орын алды. Бірнеше сағат бойына аққан мұнай құбыр жүріп өтетін ауыз су каналына төгілген. Жергілікті халық ең алдымен суды тазартуды талап етіп отыр. Олардың айтуынша соның кесірінен малдар қырыла бастаған. Құбырдан аққан мұнай 2 км созылғандығын айтады.

Азғыр ядролық полигоны

Мамандардың басқаруымен ядролық жарылыстар сыналған құпия сынақ аймағы. Аумағы – 0,6 млн га. Онда 1966 жылғы сәуірден 1977 жылғы қазан айы аралығында 17 ядролық жарылыс сынағы жүргізілді. Ядролық қуат күші 10-25 тротилдің килотоннасына тең дәрежеге жеткен. Осының салдарынан жер астынан жалпы көлемі 1,2 млн м³ 9қуыс пайда болды. 1991 – 92 жылы осы қуыстарды тексеру кезінде ыдырайтын радиоактивті заттардың сақталғаны анықталды. Сондай-ақ бұл жерлерде талий, қорғасын, кадмий, мышьяк, бром, хлорид, сульфаттардың мөлшері рұқсат етілген шектен бірнеше есе жоғары болып отыр. Жер асты сулары ауыр металдармен ластанған. Радиоактивті заттармен ластанған топырақты, суды, егістік жерлерді, мал жайылымдарын тазартып, залалсыздандыру жұмысы аяқталмаған. Азғыр ядролық полигонындағы жергілікті тұрғындарды медициналық тексеруден өткізгенде ауруға шалдыққандар мен қайтыс болғандардың саны (әсіресе балалардың) облыстағы орташа деңгейімен салыстырғанда 2-2,5 есе жоғары болған. Әсіресе рак, сүйек тіндерінің аурулары, иммунды жүйелер мен қан құрамының бұзылуы басым (балалардың 95-і анемия ауруына шалдыққан). Сонымен қатар мал өлімі де көбейген.

Жарылыстан көз аспаған тағы бір жер – Тайсойған полигоны

Тайсойған полигоны – бұрынғы КСРО Қорғаныс министрлігі мен Атом өнеркәсібі министрлігінің сынақ аймағы. Полигон 1952 жылы Атырау облысы Қызылқоға ауданында құрылған. Сынақ ауданының жалпы аумағы 7,5 мың км², зымырандардың түсу ауданының аумағы 12,55 мың км². Полигонды стратег, мақсаттағы зымырандық әскери бөлімдер және әскери-әуе күштерінің бөлімдері пайдаланған. Тайсойған полигоны сынақ жұмыстарының түріне қарай 3 телімге бөлінген. 1-телімде 40 жыл ішінде әрқайсысы 5,3 т болатын 300-дей СС-20 баллистик, зымырандар сыналды. Зымырандардан қалған аса қауіпті деп саналатын 600 кг-дай жанармай (НДМГ) және 1200 кг-дай азотты тотықтырушы (АК-27И) заттар сол аймақтағы 100 км²-дей жерді ластаған; әскери техника мен құралдардың 1,5 мың г-дай сынықтары әлі жатыр. 2-телімде, 929 - жазғы сынақ алаңында (ГЛИЦ) әскери-әуе күштері Сағыз өзенінің батысы мен Үшоба а-ның солт-нде сынақтар жүргізген. 3-телімде қанатты зымырандар 1991 жылдың қыркүйек айына дейін сыналған. Мұндағы сынақ жұмыстары Сағыз өзенінің шығысында жүргізілді. Бұл жерлердегі әскери техниканың сынықтары 2000 т-дай және зымырандардан қалған аса қауіпті жанармай қоршаған ортаға қауіп төндіруде. Полигон аймағында жанармайдың әсерінен пайда болған улы заттар топырақ пен өсімдіктер жамылғысын, жануарлар мен су құбырларын ластады. Су құрамындағы қорғасын, кадмий, талий, мыс және темірдің мөлшері шектеулі деңгейден 10-15 есе жоғары болған. Сонымен қатар зымырандар түскен жерлердегі топырақ құрамындағы көптеген элементтердің (қалайы, магний, кальций, марганец, хром, сынап, қорғасын, кобальт, т.б.) мөлшері айтарлықтай жоғарылаған. Қызылқоға ауданындағы қоршаған ортаның ластануынан жергілікті тұрғындар арасында өкпе, жүрек, қан тамырлары мен қатерлі ісік аурулары жыл сайын көбейіп отырған. Нәрестелердің өлі тууы, 1-2 жастағы сәбилердің өлімі жоғарылаған Тайсойған полигонының жергілікті жұртқа әсері жайлы сөз болса, бес жасында 70-тегі қарияның кейпіне енген Нұржан Өркешбаевтың тағдыры айтылмай қалмайды. Еліміздің дәрігерлері өмірге деген сүйіспеншілігі зор жас үшін қолдан келгеннің барлығын жасады, тіпті отандық хирург Байыровтар Нұржанға пластикалық ота жасап, жас жігіттің өмірін өзгертуге көмектесті.

Бүгінде тек Атырауда ғана емес бүкіл әлем алдында да экология мәселесі туады. Қазіргі таңда алып ракеталар, зауыттар өмірімізді байыта, жеңілде те түсумен қатар қауып-қатер

туғызуда. Адам өміріне экологиялық зардаптардың әсер ете бастауы олардың қоршаған ортаға жыртқыштықтықпен қараудың салдары. Бүгінде әрбір саналы азамат туған жерінің табиғатының тағдыры толғандыру керек. Біздің Атырауымыздың экологиясының нашар болуының салдарынан өкпе, қан аздығы, қан диабеті, қан қысымының жоғары болуы, жүрек психикалық ауруымен ауыратындар жыл санап өсіп келеді. Бүгінгі таңда экологиямыздың ушығып тұрған жағында әр азамат бір шыбық болсада отырғызуға жұмыстану керек. Әкімшіліктің қолдауымен соңғы жылдары қаламызда көгалдандыру жұмыстары белсенді жүргізілуде. Табиғатты аялау әрбір азаматтың басты міндеті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Атырау облысы әкімдігінің ресми сайты
Atyrau City ақпараттық-танымдық торабы
Облыстық "Атырау" газеті

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ

Әлдибай Әсем Нұрмаханқызы
Кейкиманова Гульназ Нуржантаевна
Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі

а) ХҮІ – ХҮІІ ғғ қазақ халқының мәдениеті – қазақ жерінде өмір сүріп, қазақ ұлтын құраған рулар мен тайпалардың материалдық мәдениеті мен рухани мәдениетінің заңды жалғасы. Ол жаңа заманға сай дамып отырды. Қазақ халқының мәдениеті - өзіндік сипаты бар дәстүрлі мәдениет. Қазақ халқының өзіне тән материалдық және рухани мәдениеті де дамып, жетіліп отырды.

Қазақ халқының қалыптасуына байланысты, қазақ халқына тән материалдық және рухани мәдениеттің сипатты белгілері орнықты. Бұл қалыптасқан мәдениет қазақ халқының өз ата – бабаларының мәдени қазыналарын қамтыған мәдениет болды. Қазақ халқының мифтік аңыздары, аспан әлемі жөніндегі түсініктері, байырғы қазақ күнтізбесі, бай әдеби мұралар, көркемөнердің сан алуан түрлері, шежірелік шығармалар, халық емшілігі және материалдық мәдениет мұралары т.б. ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан көне мәдениет куәліктері екені анық. Халық бұқарасы материалдық мәдениет, рухани мәдениет жетістіктерінің жасаушылары болды. [1,112бет]

б) Қазақтар-ежелден көшпелі халық, Көк Түріктің ұрпақтары. Территориясы Алтайдан Каспийге дейінгі үлкен аумақты алып жатыр. Ежелгі көшпенділердің мұрасын сақтаған, қазақ халқының мәдениеті салт-дәстүр мен жора-жоралғыларға бай келеді. Қазақ қауымының осы күнге дейін сақтап келе жатқан баспана түрі - киіз үй. Киіз үй-көшуге қолайлы, жиналып-құрастырмалы, жазда-салқын, қыста-жылы баспана. Бұл ағаштан, әртүрлі үй жануарларының терілерінен жасалады. Киіз үй қанатына байланысты, алтықанатты, он екі қанатты және т.б. атаулармен аталады. Бұрынғы кездері ақсүйектер, байлар, билер мен хан, патшалар өздерінің ордаларында яғни, үлкен киіз үйлерде өмір сүрген. Бұл қазақ халқының бай болғанының нышаны. Қазақ халқының ең қадірлі ұғымдарының бірі- шаңырақ. Шаңырақ сөзін әртүрлі мағынада қолданады. Мысалы: «Әке-шаңырақтың негізгі тірегі», бұл тіркесте шаңырақ сөзі «отбасы» ұғымын білдіріп тұр. Сонымен қатар, шаңырақ- киіз үйдің тірегі, төбесі. Қазақ халқында шаңырақ-киелі ұғым ретінде қалыптасқан және ол туралы әртүрлі мақал-мәтел, тыйым сөздер көп кездеседі. Қазіргі күнге дейін қазақтардың басынан қандай күн өтпеді... Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман да, қиыншылық, аштықта да, репрессия кезінде де, қайғылы соғыс жылдарында да өмір сүрді, мойымады, талмады. Бұл қазақтардың төзімділігінің белгісі. Қонақжайлылық- қазақтардың ерекшеленетін қасиеттерінің бірі. Ежелден келе жатқан қалыптасқан қонақжайлылық қанымызға сіңіп кеткен. «Тас түскен жеріне ауыр, қонақ қонған жеріне ауыр» демекші, қазақтар өздеріне қарағанда, қонақтардың жағдайын көбірек ойлаған. Үй иесі үйіндегі қонақтың кеткенінше, барлық қажеттілігін әкеліп, денсаулығына жауап беретін болған. Бұл қазақтардың

қонақжайлылығының айқын бейнесі. Қазақ еліне, тарихына қызығатын әрбір адам алдымен, қазақтардың салт-дәстүрлері жайлы білуі шарт. Қазақтарда салт - дәстүрдің түрлері өте көп. Ол әртүрлі жағдайларға байланысты, тақырыптарға сай әрбір қазақ жадында сақталып қалған. Мысалы: «Қыз ұзату», «Жар-жар», «Шілдехана», «Тұсаукесер», «Сүндет той». Бұл салт - жоралғылардың өзіндік ерекшелігі мен мән - мағынасы бар. Ежелден келе жатқан бұл дәстүр қазірге дейін сақталып келеді. Қазақ халқында өзін - өзі ұстай білу ережелері де аз емес. Бұл қатарға «тыйым сөздерді» айтуға болады. Тыйым сөздер – деп жасауға болмайтын іс - әрекеттерді айтады. Оларға: "Дастарқан үстінде қатты сөйлеме"; "Қажетсіз сөзді айтпа"; "Нанды баспа"; "Аққуды атпа"; "Үлкен кісіге қарсы сөз айтпа", - деген секілді түрде кездеседі. Қазақ қауымында, тыйым сөздер мен қатар әртүрлі нақыл сөздер де көптеп кездеседі. Бұл қазақ халқының ертеден дана халық екендігін мойындаттырады. Қазақ қауымында «жеті» саны қадірлі болып саналады. Осыған орай, жеті санына байланысты көптеген салттар мен жоралғылар бар. Олардың қатарына: «Жеті жарғы», «Жеті қазына», «Жеті жоқ», «Жеті ата», «Жеті нан» немесе «Жеті шелпек», «Жеті керемет», «Жеті күн», «Жеті ғашық», секілді түрлері көп. Бұл «жеті» санының қасиеттілігін айқындай түседі деп ойлаймын. Қазақ халқында, бұрыннан жалғасқан салт бар. Бұл «жеті» санына тіркес болып келеді. Бұл туыстық қатынасқа тікелей байланысты. Бұл «Жеті ата» дәстүрі. Яғни, «Жеті ата бойынша, әрбір ер азамат өзінің ата-тегін білуі қажет. Ол ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене қатары бойынша жалғасуы шарт. Сонымен қоса, туысқан жігіт пен қыз ешқашан отау құрмаған. Бұл қазақ халқының қанының тазалығын білдіреді. Тікелей айтқанда, егер екі жастың жеті аталарында ортақ кісі кездеспейтін болса, жастардың үйленуіне рұқсат етілген. Сонымен қатар, қазақтар үш жүзге бөлінеді. Олар: «Ұлы Жүз», «Орта Жүз», «Кіші Жүз» деп аталады. Ал әрбір жүз бірнеше тарауларға бөлініп, руларға ұласады. Бұл да қанның тазалығына әсер етеді. Қортындылай келе, қазақтың асыл мұрасы жетерлік. Олардың күнделікті өмір сүру ережесіне де байланысты екенін ұмытпаған жөн. Қазақ елі-асыл да, ғажап мәдениетке бай, дана халық. Қазақ халқының ауыз әдебиеті ХҮІ – ХҮІІ ғғ кеңінен өркендеді. Халық арасында көп тараған батырлық эпостар: «Қобыланды», «Ер Тарған», «Қамбар», «Алпамыс», «Ер Қосай» т.б. [2,386ет]

ХҮІ – ХҮІІ ғғ өмір сүрген жыраулар: Доспамбет, Марғасқа, Жиёмбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұхар, Үмбетей. ХҮІ – ХҮІІ ғғ – қазақтар ресми түрде ислам дінін ұстанды. Исламды таратушылар – Түркістан, Бұхара, Астарханның дінбасылары. Осы тұста қазақ халқының ұлттық тағамдарын тілге тиек етпесек болмас. Қазақ халқы денсаулығы мықты болу үшін тек таза, пайдалы тағамдармен қоректенген. Атап айтар болсақ бір ғана сүттің өзінен аналарымыз бен әжелеріміз қаймақ, айран, қатық, сарымай, сүзбе, құрт, ірімшік, жылқы сүтінен қымыз, түйе сүтінен шұбат, қымыран жасаған. Денсаулықтары жақсы болу үшін еттен Жаубүйрек, Жөргем, Жұмыр, Қуырдақ, Мипалау, Нарын айта берсек өте пайдалы тағам түрлерін қазақ үйлерінен дәмін тата аламыз. Ткізіп өткенін Тарих пен оның қойнауындағы ғасырлар бойы тірнектеп жиналған руханият. Ал халықтың ұрпақ тәрбиелеуіндегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи. Өйткені тәжірибесін тал бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар Қазақ халқының тарихында сан алуан әлеуметтік және саяси құбылыстары Әрине, асқа да халықтар сияқты қазақ халқының да сонау. Сондай-ақ қазақ рухани мәдениеті келер ұрпаққа, жастарға үлгі-өнеге, өсиет Руханият тарихи жазба түрінде қалдырылған еңбектерден, орыс және шетел Қазақ халқы күмбірлеген күміс күйімен, сыбызғы сырнай үнімен, асқақтата Осы пікірді қазақ даласында 17 жыл айдауда болған поляк. Қазақ музыкасын жан-жақты зерттеген этнограф, композитор А. Затаевич (1925). Қазақ музыкасы көлемі, мазмұны, тақырыбы, жанры жағынан ғажайып сұлу Қазіргі кезеңде әлемдік өркениет ғаламат өзгерістерге ұшырады. Біздегі мәдениет дамуының ең тиімді жолын, бейнелеп айтқанда, «еуразиялық мәдени Сөйте тұрып, күні кешегі кеңес заманы кезіндегі әр қилы Тәуелсіз мемлекет, асылы, айқын мәдени және рухани адамгершілік бағдарсыз Қазақтың ұлттық дүниетанымының қалыптасуы мен дамуының өзіндік тарихы бар, Дәстүрлі ұлттық мәдениетті және оның дүниетанымдық әмбебаптарын зерттеуде түркі

Адамзат тарихындағы әр күннің өзіне тән бітімі бар. Ендеше Әкелген қайғысы да, қуанышы да шексіз осы Алайда өткен ғасырдың ғарышқа самғатқан небір жасампаздық істер мен 2000 жылдың ең айшықты оқиғасы- адамзат тарихында тұңғыш рет Сондықтан да, Қазақстандағы Мәдениетті қолдау жылы жайында айтқанда, біздің Егер осыдан он жыл бұрын біздің басты саяси міндетіміз Бұл біздің ортақ ұлы жеңісіміз, қамсыз келмесе де, қансыз Ал мемлекет-ортақ аумақ пен азаматтық немесе ортақ экономикаға ғана Мемлекеттігімізді нығайту міндеті көбінесе барша халықты, қоғамды ортақ низамдар Мен Қазақстанның мемлекеттік құрылысының іргесіне мәдени тақілеттестікті ұлтының негізінде Міне, нақ осы жағдайат бізді берекесіздік пен бетжыртысудан сақтауды, Бүгінгі таңда бұл принципке неғұрлым нақтылы мазмұн-мағына беруіміз Осы онжылдықтың басында біз Қазақстан аумағын мекен етіп жатқан барлық Алайда бұл ретте осы біртұтас мәдени ортақтастықты қалай құру, Біріншіден, Қазақстанның және тұтас Еуразияның аумағында жұрттардың қатар өмір Осы заманғы дүниеде сырттай аңызға айналдырудан бастап, діни радикализмге Біз мәдениеттердің үндесуіне дайым ашықпыз. Соңғы он жылдың оябында Сондықтан да біз еуразиялық ықпалдастық идеясын жүзеге асыруға күш Қазақ мәдениеті, ең алдымен, халықтың барлық қиындықтарды еңсеріп, осы Халықтың жанын, тілі мен дәстүрлерін сақтап қалудан маңызды міндет, әсіресе, соңғы жүздеген жылдардың ішінд тарих талқысы аяусыз қатыгездік Біз орасан зор ислам өркениетті құрылығының бір бөлігіміз. Мұны Біз, сонымен қатар, тарихи ортақ, жаны мен қаны туыс, Ал түркі әлемінің келер ғасырдың ең бір серпімді саяси Орталық Азияның, біздің көшпелілеріміздің, негізінен өзіміз жаңа ғасырға бірге Біздің отандастарымыздың едәуір бөлігі орыс мәдениетімен етене байланысып жатыр, Бұл мәселе хақындағы өз тұғырымды біз әрқашан ашық мәлімдеп Дегенмен, мәдениеттің төрт терегішін қиямет қайымға айналдырмас үші. Оны Осы заманғы Қазақстанның мәдени ахуалының күрделілігін айқын бағамдауға, дегенмен Екіншіден, біздің Қазақстанның жағдайында мәдениеттердің үндесуі, сонымен бірге діндердің Осы жылдардың ішінде діндердің бейбіт үндесуі тұрғысында жинақтаған тәжірибеміз-Қазақстанда Біздің осы мәселеге қатысты бірқатар маңызды тақырыптарды байыпты талқылап Үшіншіден, егер жабық қоғам қалпында қалған жағдайда мәдени ортақтастықтың Қазақстанның мәдени өрісін ұдайы нәрлендіріп отырмайынша біртұтас етіп қалыптастыру Күмәншілдер осы заманның ашықтығына қанша налығанымен, мұның өзі, негізінен Жиырма бірінші ғасырдың мәдени низамдарын, білімді игеру қалыптары мен Мәселе сырт жерлерде оқып жатқандарға ғана тіреліп тұрған жоқ. Біз мектептерді компьютерлендіруді іс жүзінде аяқтадық. Біз білім беруді Ал білімділер таяу уақыттың ішінде Қазақстандағы мәдени ортақтастықты қалыптастырудың Төртіншіден, Қазақстан халықтарының мәдени ортақтастығы демократиялық негізде ғана, әрі Соңғы 10 жылдың ішінде ұлтаралық қақтығыстарда бірнеше млн адамдардың Осы өзара байланысқа екі түрлі көзқарас бар. **[3,69бет]**

с) Біз экономикадағы, саясаттағы басымдылығымыз бен ұлттық қауіпсіздігіміздің проблемалары жөнінде Бұл тұрғыдан алғанда, тап осы мәдениетті қолдау жылы, өзіміз таяуда Қазақстан Республикасы президентінің «2000 жылды Мәдениетті қолдау жылы деп Ұлы өзендердің өзі кішкене тұма бұлақтардан басталатыны секілді, ел Рухани мұралар мен дәстүрлерді, мәдениет пен өнер саласындағы жетістіктерді Шығармашылық мұралары өз дәуірінің сипатын кейіптеуге ғана қызмет етіп Қазақстан мәдениеті көне дәуірлерден бастау алады. Мәдениет пен өнерді қолдау жолында кез-келген шара өткен қоғамда Қазақстандағы мәдениеттердің қоғамдасуы нақтылы шындыққа айналды. Келесі кезең-біртұтас Алайда бұл ретте осы біртұтас мәдени ортақтастықты қалай құру, Мәдениетті қолдау жылындағы шараларды Мәдениет пен өнер қызметкерлерінің Жаратылысында – шығыстық, бітімінде азиялық болғанымен, қазақ халқы, шын Әрбір мемлекеттің өркениеттілігін оның мәдени мұраға деген көзқарасына қарай Бүгінде ежелгі және ортағасырлық дәуірдің бірегей артефактілеріне, яғни көне

Жарлық «Қазақстанның көпұлтты мәдениетін жаңғырту, сақтау және өркендету мақсатын» Жарлықта «мәдениетті қолдау» дегенде негізінен рухани мәдениет және соған Дәл және кең мағынасында мәдениет үлкен екі салаға бөлінеді: Рухани мәдениет көпжақты, кең, көпсалалы ұғым. Ол қоғам мен Рухани процестер қоғам өмірінің барлық салаларына еніп жатады. Өйткені Қоғам дамуының деңгейі қаншалықты жоғары болса, халықтың мәдениеті мен Мәдениет әлеуметтік құрылыс ретінде қоғамдық өмірдің барлық салаларында көрініс Әрбір нақты қауымдастық ғасырлар бойы өзінің ерекше мәдениетін жасайды. [4,56бет]

Пайланылған әдебиеттер

1. [1] Қазақстан тарихы, Астана тарихы, Артықбаев Ж., 2013 «Фолиант» баспасы, 2013
2. [2] Бабадан қалған бар байлық Толыбаев Қ., 2000. ЖШС – ҚАЗАҚСТАН БАСПА ҮЙІ
3. [3] Қазақтың ауызша тарихы Ақселеу Сейдімбек «Фолиант» баспасы Астана-2008
4. [4] Ежелгі дүниедегі және византиялық дереккөздеріндегі «ҰЛЫ ДАЛА тарихы» «Фолиант» баспасы Астана - 2007

«ЧЕЛОВЕК, ОКРУЖАЮЩАЯ СРЕДА И МУСОР»

Зулуфова Мекпуле Мейрамбековна

«Фармация» классификация фармацевт 223 группы.

Преподаватель физики: Токсанбаева Дариха Нуртазаевна

Жамбылский медицинский колледж

Введение

Актуальность: Загрязнение окружающей среды - одна из важнейших проблем в наше время. С каждым годом растёт объём отходов, в том числе и токсичных. Все отходы представляют угрозу для окружающей среды, многие из них опасны для здоровья человека, т.к. содержат красители, растворители, моющие средства, лекарства, ртуть и т.д.

Проблема: Загрязнения окружающей среды мусором и бытовыми отходами актуальная проблема для всего мира.

Тема : « Человек, окружающая среда и мусор»

Объект исследования: Свалки мусора

Цель работы: - изучить влияние мусорных свалок бытовых отходов на окружающую среду и определить пути разрешения ситуации.

Гипотеза: Одна из проблем чистоты в городе организация несанкционированных свалок и самовольный сброс мусора в неустановленных местах. Свалки мусора вызывают загрязнение почвы, воздуха, воды, что ведёт к ухудшению самочувствия, возникновению ряда заболеваний у населения близлежащих районов.

Задачи:

1. Провести обзор письменных источников, свидетельствующих о загрязнении окружающей среды свалками.
2. Изучить виды и состав бытового мусора. Изучить места сбора бытовых отходов, проанализировать их состояние и определить необходимые мероприятия по их улучшению.
3. Выяснить возможности влияния мусорных свалок на здоровье людей?
4. Провести социологическое исследование по вопросу утилизации мусора.

В исследовании были использованы следующие методы:

анализ и синтез материалов из разных источников информации по теме исследования;
наблюдение ;
эксперимент;
социологический опрос населения.

**ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ УАҚЫТҚА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫ, ЖАЛПЫ ТАРИХТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН
ЭТНОПЕДОГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**
Мамыралы Ләззат Еркебұланқызы. Кейкиманова Гүлназ Нұржантайқызы.
Тараз қаласы, Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледж

Қазақстан жерін ежелгі адамзат баласы бұдан 1 миллиондай жыл бұрын мекен еткен.

Қола дәуірінде Сібірдің, Жайық өңірінің, Қазақстан мен Орта Азияның ұлан-ғайыр далаларын тегі және тарихи тағдырларының ортақтығы жағынан туыс тайпалар мекендеді. Бұл тайпалар өзінше бір үлгідегі жарқын мәдениет қалдырды. Мұны ғылымда Андрон мәдениеті деп атайды. Ерте темір ғасыры дәуірінде (біздің заманымыздан бұрынғы I мыңжылдық ортасы) Қазақстанда тайпалық одақтар қалыптасты. Қазақстанның оңтүстік, шығыс және орталық аудандарын мекендеген тайпалар сақ тайпалар одағына, ал батыс, солтүстік аудандарындағы тайпалар савроматтар тайпалық бірлестігіне бірікті. Біздің заманымыздан бұрынғы 3-ғасырда Қазақстан жерінде кейбір тайпалар өз мемлекетін құрып, алыс-жақын елдермен саяси қарым-қатынастарға түсті. Олардың алғашқылары сюнну (ғұндар) болатын. Зерттеушілер ғұндарды түріктердің арғы ата-бабалары деп есептейді. Бұл бірлестікті Мөде басқарған кезде ғұндар бүкіл әлемге танылды. Ғұндардың батысқа жорығы “Халықтардың ұлы қоныс аударуына” түрткі болды. Жетісуда ежелгі тиграхауда сақтарының жерін мұра етіп алған усундер (үйсіндер) біздің заманымыздан бұрынғы 160 ж. шамасында Іле алқабында өз мемлекетін құрды. Олар Қаңлы мемлекетімен шектесті. Бұл тайпалар құрған мемлекеттер Қытай, Парфия, Рим және Кушан империясы сияқты елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланыс орнатқан

Этнопедагогикада кең теориялық қорытындылауды талап ететін проблемалармен қатар, фактілік материалдар жинақтау, терендеп зерттеу мен талдауды қажет ететін жекелеген мәселелер де аз емес. Оның адында шешілуі ең алдымен педагогика мен этнографияға мәнді жәрдемін тигізетін өзекті міндеттер түр. Бұларды төмендегідей тақырыштармен белгілеуге болады: мақалдар мен мәтелдер және олардың жас ұрпаққа адамгершілік тәжірибесі берілісін қамтамасыз етудегі ролі; жұмбақтар ақыл-ой тәрбиесі құралы ретінде; халық ертегілері халықтың педагогикалық кемеңгерлігінің жарқын талпыныстары ретінде; халық әндері және олардың балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие берудегі ролі; балалар мен жастар ортасы, оның педагогикалық қызметтері; дүние жүзі халықтарының бесік жырлары ана поэзиясының, ана мектебінің және педагогиканың көрнекті жетістіктері ретінде халықтық педагогика жетістіктерін қазіргі тәрбиеде қолданудың мақсатқа сәйкестілігі жөніндегі тұжырымдармен келіскенмен, кәсіби педагогикаға бағытталғандыққа қатысты халықтық педагогика ролі байқарлықтай төмендеп, оның қолданыс аясы тарылуы өбден заңды сияқты деген пікірлермен келісу қиын. Этнопедагогика дамуының негізгі тенденцияларын мазмұндауда мұндай тұжырымдама аса келешекті болып табылады. Диалектикалық ілшге сүйене отыра этнопедагогика ұдайы мұрагер болу, жаңару және жаңаны тудыру процесінде өмір сүретін қозғалысты жүйе деп әбден қарастыруға болады. Мұнымен байланысты этнопедагогикада жаңа құбылыстардың пайда болуы және алға басуы; XX ғасырдың басына дейінгі және одан кейінгі кезеңдерді этностық педагогиканың даму тенденцияларын ашып көрсетуге елеулі орын берілуі қажет. Этностық педагогиканың кеңес өкіметінен кейінгі кезеңі бір мағыналы емес, оның жағымды ілгерілеулерімен қатар, халық педагогикасының әрекет ету аймағы тарылған және сонысымен этностық педагогика бастауларын қиратқан және бүліншілікке ұшыратқан беттері бар. Қоғам өміріндегі өзгерістердің этнопедагогикаға ықпалы көп қырлы және бірқатар елшемдер бойынша бейнеледі: біріншіден, жүзеге асырылып жатқан демократияландыру педагогикалық шығармашылық үшін кең жол ашады; ұлттық педагогикалық мәдениеттің дамуына күш-қуат беретін жағдай қалыптастырады. Екіншіден, өлеуметтік өділеттілікті қалпына келтіру; адамгершілікті

кдіта жаңарту, алдау, зорлық-зомбылық, екі жақты ойлауды жою адамға халықтық моральмен үндес және онда этнопедагогикамен қалыптасқанды емірде қолдану мүмкіндігін береді. Этнопедагогика білімдерін қолдану рухсыздыққа, ұлттық жоққа шығаруға, тарихи ессіздікке нақты тосқауыл қояды, балалар мен жасөспірімдерге халықтық құндылықтар мен дәстүрлер, ұлттық мәдениет мұрагерлері ретіндегі азаматтық борышын жете түсінуге, оларды өзінің ата-аналары, өткен ұрпақ, бүтін халық ісін жалғастыруға үйретуге көмектеседі. Отанға қызмет етудің тиімді жолдарының бірі – оның ұрпақ тәрбиесіне белсене араласу болуы адамзаттың қазіргі әлеуматтік дамуының ерекшеліктеріне айналып отырғандығы кездейсоқтық емес. Патриоттар мен гуманистер, ғылым мен мәдениеттік шынайы ұлы қайраткерлері тұлға қалыптастыруы саласына енжар болады. Жалпы рухани және мәдени дамудың басты белгілерінің бірі педагогикалық алға басулар болып табылатындығы кездейсоқ емес. Мақсаты мен сипаты ор кезеңде, әрбір қоғамда түрліше, тіпті қарама-қарсы болғанына қарамастан, тәрбие қашанда жалпыға бірдей құбылыс болды. Халықтың педагогикалық процесті терең талдауға мүмкіндіктері болмады, ол жазудың болмауы оларға халықтың педагогикалық жетістіктерін жинауға, қорытындылауға және жүйелеуге жол бермеді. Соған қарамастан халық бүкіл қолайлы шаралармен жас ұрпақты тәрбиелеу бойынша ұнамды тәжірибені таратуға көмектесті және де сонысымен педагогикалық білімдердің дамуына ықпал етті. Сонымен этнопедагогика зерттеудің кең келеміне не оның алдында үлкен өзекті міндеттер тұр. Оның қалыптасуының қазіргі жағдайда халықтың педагогиканың әрекет ету аясын анықтау оның бүгінгі тәрбие мен өзара байланысын айқындау аса маңызды. Халық даналығы қамқорлығының түйірлерін жинау, халықтың тәрбиенің негізгі категориялары мен заңдылықтарын анықтау, оларды басқаратын әлеуметтік-экономикалық факторларды белгілеу, халықтық педагогикалық дәстүрлердің өмір сүргіштігінің себептерін айқындау және олардың қоғамның қазіргі рухани өміріне енуі жүйесін белгілеу этнопедагогикалық аса маңызды міндеттері болып отыр. Тәрбие идеялары мен төжірибесін салыстырмалы педагогикалық талдау – этнопедагогика методологиясының негізі. Халықтық педагогикалық мәдениетінің өзекші саласын езіне зерттеу пәні етіп алған ғылымның жаңа саласы жан-жақты дами алады деп болмауға болады. Ол педагогика ғылымдары жүйесінің ажырамас бөлшегі бола отыра, өзінің таным объектісін терендей зерттеуде педагогиканың бүгінгі бүкіл жетістіктерін сүйенеді, оның материалдарымен және методтарымен пайдаланады. Этнопедагогиканың практикаға жол табуы – ол қазіргі педагогикалық теорияны жан-жақты қолданғанда ғана мүмкін болады. Этнопедагогикалық ізденістерді этносологиялық зерттеулердің құрамды бөлігі ретінде қарастыру жемісті болып көрінеді. Мұндай бірлік осы кезге дейін көптеген зерттеушілер назарынан тыс қалып келетін тәрбиенің халықтың практикасын терең танып біліу мен объективті бағалауға мүмкіндік береді.

пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) З.Әбілова, Қ.Қалиевалардың «этнопедагогика оқулығынан»
- 2) old.aikgn.kz/
- 3) kk.wikipedia.org/

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША АУЫЗ СУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ

Серікұлы Нұрдәулет, Ғылыми жетекшісі: Кобегенова Алия Турсынбековна
Жамбыл медициналық колледжі

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Студенттердің Жамбыл облысындағы күнделікті тұрмыста қолданылатын ауыз су мәселесінің экологиясын зерттеу.

Ғылыми жұмыстың міндеттері:

- Жамбыл облысының географиялық орны мен негізгі өндіріс орындарының соңғы жылдағы дамуы және олардан бөлінетін өндірістік қалдықтары;

- бөлінген өндірістік қалдықтардың жер асты суларды ластау деңгейі;
- ауыз су мәселесіне экологиялық сипаттама беру және халық денсаулығына әсерін сипаттау.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Адам әр кезде де табиғатпен тығыз байланыста өмір сүреді, оның байлықтарын пайдаланады және өз қызметі арқылы табиғатқа әсер етеді. Антропогендік фактор – адамның қызметі әрекетінен жаңа түрде туындайтын факторлар. Адамның шаруашылық іс – әрекеті салдарының қоршаған ортаның кейбір жерлерінің өзгергені соншалық. Табиғи құрауыштарының байланысы басқа болып, бұрынғы кешендермен салыстырғанда жаңа кешендер қалыптасады. Антропогендік факторларға өнеркәсіп индустриясының барлық салалары, көлік, ауыл, орман шаруашылығы, энергетика, атом қаруын сынау, мұнай, газ және тау кен өндірісі салалары, т.б. жатады.

Дүниежүзілік су қорларының ластануы бүкіл адамзат қауымын алаңдатып отыр. Бұл мәселе Қазақстанға да тән. Судың сапасы, ластану деңгейі үнемі бақылауға алынып отырады. Судың құрамындағы химиялық қоспалар, тұздық құрамы, еріген бөлшектер, температура әр түрлі болуы мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ауыз судың 100-ден астам сапалық көрсеткішін ұсынған. Су бассейнінің ластануының негізгі себептері — тазартылмаған ағын суларды өзен-көлдерге жіберу. Өнеркәсіпте пайдаланылатын сулар мен синтетикалық жуатын заттармен сулардың ластануы өте қауіпті. Бұлар – химиялық ластану көздері. Соның ішінде сулы экожүйелердің пестицид, гербицид және басқа да химиялық улы препараттармен ластануы Қазақстанда кең етек алған. Қазіргі кезде ашық өзен, көл суларымен қатар жер асты сулары да сарқынды, шайынды сулармен және еріген зиянды заттармен ластанып отыр. Жер асты суларында әртүрлі жұқпалы аурулар тарататын микробтар, вирустар кездеседі. Қазақстан жағдайында өзен-көлдердің ластануы көбіне өнеркәсіп шоғырланған аймақтарда, полигондар мен мұнай-газ өндіретін жерлерде жаппай сипат алуда.

Жер беті және жер асты суларының экологиялық әсері екі түрлі сипаттан көрінеді. Біріншіден, Жамбыл облысы жерінде өзен торлары тау алды аймағында жиі. Өзен торының тау алдында жиі болуы, техногенді және ауыл шаруашылығынан жиналған зиянды заттар мен ластануына себеп болса, екіншіден таулардан басталған өзендердің экологиялық жағымды әсерлері де байқалады.

Жұмыстың маңызы: Жамбыл облысы бойынша «Ауыз су» кешенді бағдарламасы негізінде елді мекендердегі су құбырлары күрделі жөндеуден өткізілді. Сонымен қатар, жер беті және жерасты суларының өнеркәсіп кәсіпорындары мен шаруашылық тұрмыстық қалдықты ағын сулармен ластануын болдырмау жөніндегі инженерлік-техникалық жоба әзірленді.

Зерттеуәдісі: Жамбыл облысы мен Тараз қаласының жер асты суларын ластаушы өндіріс орындары, ауыз су мәселері, ауыз судың ластануынан туындайтын аурулар және ауыз судың органолептикалық көрсеткішін анықтайтын қарапайым тәжірибе сияқты мәселелер қамтылған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Асқарова Ұ. Б. «Экология және қоршаған ортаны қорғау» оқу құралы, Алматы 2007 ж.
2. Ү. И. Кенесариев, Н.Ж. Жақашов «Экология және халық денсаулығы», Медициналық жоғары оқу орындар мен колледждерге арналған оқу құралы, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, Алматы 2009 ж. Эверо
3. Ф.Қ. Иштаев, Л.Т. Қостарева, Ш.С. Набидоллина, Ж.Е. Молдағалиева «Экология» оқу құралы, «Фолиант» баспасы, Астана 2008 ж.

**ҚАЗАҚ ТІЛІН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ
ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

Филология бөлімінің IV курс студенті Серикова Индира, ғылыми жетекшісі: филология бөлімінің оқытушысы Лияс Данагүл Нұртайқызы
Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі»

Ғылыми жұмыстың мақсаты:

Әрбір анықтаманы оқушылар саналы меңгерту қажет. Жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады.

Ғылыми жұмыстың міндеттері:

- білім беруде компьютерлік технологияларды қолдану тәжірибесін анықтау;
- ақпараттық оқыту технологияларының шығармашылық ойлауды дамыту мүмкіндіктерін ашу;
- қазақ тілін оқытуда ақпараттық технологияларды пайдалану жайы және жақсарту жолдарын саралау;
- қазақ тілін оқытуда ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызын көрсету;

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Білім беру жүйесінің басты міндеті «..ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шынға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау»- дейді ҚР «Білім туралы» Заңында (8-бап).

XXI ғасыр қарыштап дамыған білім ғасыры. Қазіргі таңда оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістер мен жаңа технологиялық қондырғыларды кең көлемде қолдану мүмкіндігі бар. Күнделікті сабаққа бейне, аудио қондырғыларын, теледидар мен компьютерді пайдаланудың маңызы зор. Олар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тындаумен қатар, өздерінің түсінбеген жерін қайталап көруге, тындауға, алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Мұндай ақпарат алудың тиімділігі төмендегідей:

- 1.Қажетті ақпаратты жедел түрде алады.
- 2.Экономикалық тиімділік.
- 3.Білім сапасының артуы.
- 4.Оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтеді.

Білім беру жүйесінде электрондық байланыс жүйелерінде ақпараталмасу интернет, электрондық почта, телеконференция, бейнеконференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы жүзеге асады.

Мұғалімді кәсіби даярлауда табысты іс – әрекететуге ықпал ететін факторларды зерттеп білуге елеулі орын беріледі. Педагогикалық мәселелерді шешу тұрғысынан алғанда, іс-әрекет ықпал ету құралы.

Дидактикалық ойын элементтері бар компьютерлік технологияларды пайдалану, педагогикалық үрдістің субъектісі боларлықтай оқушыны компьютермен белсене жұмыс істеуге тарту бұл табысты іс-әрекетке сеп болатын ұстаз жұмысының ерекшелігі[1, 12б].

Тәрбиелік мәні зор компьютерлік ойындардың атқаратын қызметтері туралы А.П.Журавлева, Р.Калуа, Е.Д.Маргулис, С.Фадеева және т.б. арнайы зерттеулер жүргізді. Зерттеушілер оқу үрдісіне компьютерлік ойындарды енгізу – психологиялық жайлы жағдай тудырады, соның арқасында баланы үйрету, оның ой-өрісін, зейінін (зердесін), есте сақтау қабілетін дамытып, ерік-жігерін шыңдап, тұлғалық ерекшеліктерін айқындауы жеңілдейтінін атап көрсетеді.

Ғылыми жұмыстың гипотезасы: Егер, қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияларды қолданса, оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, логикалық ойлау қабілеттері дамиды. Себебі, сабақта интерактивті тақтаны, электрондық оқулықты, мультимедиялық проекторларды және т.б. ақпараттық технологияларды тиімді қолдану оқушылардың есте сақтау, сонымен қатар логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіреді.

Зерттеу маңызы:

Қазақ тілін оқытудағы жалпы мақсат - оқушыларға ана тіліміздің ғасырлар бойы сұрыпталып келген көркемдігі мен әсем өрнегін, лексикалық байлығын таныту, қазақ

тілінің қуатын, құдіретін, шешендігін жас ұрпақ бойына дарыту, ана тілімізді қуатты әдеби тіл қатарынан түсірмей, мемлекеттік тіл мәртебесіне көтеру. Сондықтан да қазақ тілі мен әдебиетін компьютерлендіру оқушылардың оқуға деген қызығушылығына ықпалы болады.

"Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте-мөте қажет" деп, ел Президенті атап көрсеткендей, электронды оқыту әдіс-тәсілдерін мектепке енгізу - жаңа білім берудің бірден-бір шарты.[4, 466].

Зерттеу әдістері:

Зерттеу тақырыбы бойынша жазылған ой-пікірлерге, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік ғылыми әдебиеттерге, мемлекеттік құжаттарға, оқулықтарға теориялық талдау жасау әдісі; олардағы зерттеу мәселесіне қатысты негізгі ұғымдар, көрнекілік ұғымының мәні, мазмұны, түрлері, оқыту әдістері мен талаптары контент-анализ (материалдардың мазмұнын талдау) әдісін қолдану арқылы анықталды; [5, 786].

Адамзат баласы өзінің даму жолында 3 мәдени дәуірдің 3 типін басынан кешірді: архаикалық, индустриалды және постиндустриалды (ақпараттық). Оған үш ағарту моделі сәйкес келеді: дәстүрлі, индуктивті, және креативті. Креативті модельдің мақсаты өмір бойы өзіндік білім алуға және өзін-өзі дамытуға бейімділік. Осыдан келіп, бұл білім беру моделі ақпараттық деп аталады. Ақпараттық дәуір интегративті мәдениетпен, икемділікпен, ойлаудың конвергенттілігімен, коммуникативтілікпен ерекшеленеді. Білім берудің келесі міндеттерін көрсетуге болады:

1. Өзіндік шығармашылық пен жоғары сапалы жұмысқа қабілетті тұлға қалыптастыру.
2. Көп салалы өмір үрдісінде өзін еркін және жауапты сезіне алатын тұлға тәрбиелеу.
3. Өмірдің әрдайымғы өзгерістеріне ғана дайын тұлға емес, сол жерде белсенді әрекет ете алатын тұлға тәрбиелеу.
4. Оқушыларда тек өзіндік білім алу дағдысын қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар өз білімін, білігін, дағдысын үнемі жетілдіріп отыратын және үздіксіз білім алуды қажет деп танитын тұлға қалыптастыру.
5. Оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту.[2, 986].

Қоғамдық өзгерістердің барлығы адамдардың өзгеруінен басталатыны белгілі. Өйткені өмірдің негізгі күші адамдар болып отыр. Адам баласы өзіне берілген күштердің арқасында табиғатты игеруге, тани түсуге бар күшін салады, оларды өзінің күшіне, қабілеттеріне айналдырып, сол арқылы адамның өзі жаңа сапаға ие болады, олардың дүниені тануу тереңдеп, оған әсер етуі өзгереді, сөйтіп адамның өз қабілеттері артады. Осындай танымдық күштің нәтижесінде пайда болған қазіргі компьютерлік құралдар — адамның жасанды нәтижесі бола отырып, адамды көптеген қиындықтай «құтқаратын» көмекшісі де болады, танымның терең сырларына жетелейтін жетекшісі де бола алады. Сондықтан да компьютерлік сауаттылықты Қазақстан Республикасы бірінші орынға қойып отыр[3, 606].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Рысбаева Г.Қ., Ерназарова З.Ш., Есеналиева Ж.Ж. «Қазақ тілі» пәні бойынша электрондық оқулық. Алматы 2004 ж.
2. Рысбаева Г.Қ. Электрондық оқулықтардың тиімділігі. Алматы 2004 ж.
3. Серебренников Л.Н., Технологическое образование школьников в свете современных задач. Ярославль 2000 г.

«ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ БАЙ МҰРАСЫ»

Асылбекқызы Маржан, I курс, ПД-18\9-2г оқу тобы

Жетекшісі: Кипшакбаев Канат Зейнуллаевич - тарих мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

"Болашақ" университетінің колледжі мекемесі

Елбасымыз, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылдың 21 қараша күні жарыққа шыққан «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының жалғасы. Аталмыш мақалада қазақ халқының тереңнен бастау алатын тарихи және мәдени ерекшеліктеріне сондай-ақ, әлемдік өркениетке қосқан үлесі туралы жазылған.

Мақалада «Аң стилі» біздің ата-бабаларымыз қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санаған. Бұл басты тұрмыс қағидаты Ұлы даланы мекендеген халықтардың дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды. Өз жазуы мен мифологиясы бар Қазақстанның ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті болды. Олардың мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі өнері». Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара бай-ланысының символына баланып, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған. Олар жыртқыштардың, негізінен мысық тұқымдас аңдардың суретін көбірек қолданған. Егемен Қазақстанның символдарының бірі – жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпаты текті қар барысы екені кездейсоқ емес. Бұл ретте, аң стилі бабаларымыздың айрықша жоғары өндірістік тәжірибесі болғанын көрсетеді. Олар оюлап кескіндеуді, металмен жұмыс істеудің техникасын, соның ішінде, мыс пен қоладан балқымалар жасаудың және құймалар құюдың, жайма алтын дайындаудың күрделі әдістерін жақсы меңгерген. Жалпы, «аң стилі» феномені әлемдік өнердегі биік белестердің бірі саналады.

Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектерімізде жеткілікті. Біріншіден, қосқан үлестері кейінірек сөз болатын протомемлекеттік бірлестіктердің дені қазіргі Қазақстан аумағында құрылып, қазақ ұлты этногенезінің негізгі элементтерін құрап отыр. Екіншіден, біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең-байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды. Үшіншіден, кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. Бұл жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Тіпті, қазақтың кейбір ру-тайпаларының атаулары «қазақ» этнонимінен талай ғасыр бұрын белгілі болған. Осының өзі біздің ұлттық тарихымыздың көкжиегі бұған дейін айтылып жүрген кезеңнен тым әріде жатқанын айғақтайды. Еуропацентристік көзқарас сақтар мен ғұндар және басқа да бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтар біздің ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны туралы бұлтартпас фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ. Сонымен бірге ұзақ уақыттан бері біздің жерімізде өмір сүріп келе жатқан көптеген этностарға ортақ Қазақстан тарихы туралы сөз болып отырғанын атап өткеніміз жөн. Бұл – қосқан бүкіл халқымызға ортақ тарих. Бүгінде төл тарихымызға оң көзқарас керек. Бірақ қандай да бір тарих оқиғаны және және конъюнктуралық тұрғыдан ғана сипаттаумен шектелуге болмайды. Ақ пен қара – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Бұлар өзара бірлескенде жеке адамдардың да, тұтас халықтардың да өміріне қайталанбас реңк береді.

Негізгі бөлім.

Ендігі кезекте Алтын адам туралы айта кететін болсақ, біздің түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық – 1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған, өнертанушы ғалымдар арасында «қазақстандық Тутанхамон» деген атқа ие болған «Алтын адам». Бұл жауынгер талай тылсым құпияның бетін ашты. Біздің бабаларымыз әлі күнге дейін өзінің асқан көркемдігімен тамсандыратын аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасаған. Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын

жақсы меңгергенін аңғартады. Сонымен бірге бұл жаңалық Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологияны паш етті. Дала халқы өз көсемдерін осылайша ұлықтап, оның мәртебесін күн секілді құдірет деңгейіне көтеріп асқақтатқан. Қорымдағы сән-салтанатты жасау-жабдықтар ежелгі бабаларымыздың зияткерлік дәстүрлерінен де мол хабар береді. Жауынгердің жанынан табылған күміс кеселердің бірінде ойып жазылған таңбалар бар. Бұл – Орталық Азия аумағынан бұрын-соңды табылған жазу атаулының ішіндегі ең көнесі. Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдесесіз революцияға жол ашты. Жылқын қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар атты іскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі. Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр – жер жүзінде салт аттар үстемдік құрған дәуірге құрметтің белгісі.

Әлемде тәуелсіздіктің туын биік көтеріп, егемен ел болып өмір сүріп отырған 200-ден астам мемлекет бар. Тарихтың ауыр қыспағына төтеп беріп, бодандықтың құрсауын бұзып шыққан қазақ елі де осы екі жүздіктің бел ортасынан орын алады. Халқымыз егемендікке қол жеткізген алғашқы жылдары жас мемлекетіміздің баға жетпес құндылығы-тәуелсіздікті дәріптеп, абыройын асқақтатып тұратын ескерткішке зәру болды.

Бірде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Мысыр еліне жасаған сапарында тәуелсіздіктің құрметіне қойылған Луксор қаласының қақ ортасындағы монументке көзі түсіп, дәл сондай ескерткіші елімізге де орнатсақ деген ойға келеді. Кейінірек бұл ойын белгілі сәулетші Шота Уәлихановқа жеткізіп, жаңа туындының салынуы жөнінде шешім қабылданады. Осылайша, халқымыз егемендіктің бес жылдық белесінен асқан тұста, Алматы қаласының Республика алаңында Күләш Байсеитова мен Қаныш Сәтбаев көшелерінің қиылысында «Тәуелсіздік монументі» бой көтереді. Астана қаласындағы «Бәйтерек» сынды ел символына айналған бұл монумент-Қазақстан жеке мемлекет болып қалыптасқан кезеңнің алғашқы заманауи сәулет туындысы ретінде ешқашан өз маңыздылығын жоймайтын ескерткіш. Ал оның дәл осы Алматының Республика алаңында орналасуының өзіндік мәні бар. Ескі шаһардың бұл орталығы талай тарихи сәттердің куәсіне айналғаны баршаға мәлім. Бүгінгі бейбіт күнімізге себепші болған кешегі желтоқсан оқиғасы дәл осы жерде өтті. Тәуелсіздік монументі – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің бес жылдығына орай, Алматы қаласында салынған сәулет және мүсін өнері ескерткіші. Республикалық маңызы бар ескерткіштер тізіміне енгізілген. 2001 жылы 26 қыркүйектегі мәслихаттың 2-ші шақырылымының 12-ші сессиясының шешімі бойынша. Кешен жайлы айтып кететін болсам. Кешен ғылымның, мәдениет пен мемлекеттің танымал қайраткерлерінің сәулетін, мүсіндерін, сөздерін біріктіретін бірегей көркемдік шығарма болып табылады. Стеланы жақтаушалайтын көркемделіп құйылған торкөздер Қазақстан тарихындағы басты оқиғаларды, соның ішінде Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салтанатты сайлануын баяндайды. Ескерткіштің



төмен жағында мемориалды тақтайға Президенттің ант беру кезінде Конституцияға қойған қолының таңбасы түсірілген. Құлыптастарға өткен мен бүгінгі күн тарихи тұлғаларының сөздері ойылып жазылған. Мұнда Президент Назарбаевтың келесі сөздерін оқуға болады. «Қоғамдағы татулық пен келісім әр адамның лайықты өмірі мен еңбегін қамтамасыз етеді. Еркіндік –бассыздық емес, әділдік пен құқықтың салтанаты». 1996 жылы Алматыдағы Республика алаңында Қазақстан тәуелсіздігінің бес жыл толуы құрметіне биік обелиск түрінде тұрғызылған монументті құрылыстың авторлары: архитектор Ш.Уәлиханов (топ жетекшісі), мүсіншілері Н.Далбай, Ә.Жұмабаев және сәулетшілері Қ.Жарылғапов, Қ.Монтақаев, тағыда басқа, бас конструкторы С.П.Каламқаров. Тәуелсіздік монументі сол жылы 16 желтоқсанда ашылды. Ескерткіштің ашылу салтанатына ҚР Президенті Н.Назарбаев пен Түркия президенті С.Демирель қатысты. Қазақтың қолданбалы өнерінен тамыр тартқан Тәуелсіздік монументінің негізгі ортақ композициясы ұлттық өрнекпен көмкерілген текшелі дінгек тастан құралып, оның биіктігі 28 м-ге жетеді. Көк аспанға қарай шаншыла бой көтерген орталық дінгектің ұшар басы қауызы ашылмаған қызғалдақ тәрізді жұмырланып мүсінделінген әрі оған Қазақстанның елтаңбасы ойылып түсірілген. Оның үстіңгі жағындағы қоладан құйылған қанатты барыстың үстінде оң қолында қыран құсы, сол қолында садағы, белінде қанжары мен асынып алған қорамсағындағы сауыт, бұзар алтынға малынған жебелері бар дулығалы жас сарбаздың құрыштай мығым бітім-тұлғасы (биіктігі 6 м, ал салмағы 4 тонна) аса айбарлы кейіппен, Тәуелсіздік монументінің беріктігі мен ауқымдылығын айқын аңғартады. Тәуелсіздік монументінің екі қапталып айнала қазақ халқының тарихи өткен өмір белестерінен сыр шертетін шағын архит, мүсіндемелік бедерлі бейнелер, яғни сонау сактар дәуірінен тәуелсіздіктің жариялануына дейінгі тарихи кезеңдерді: Томирис заманынан бастап, әл-Фараби, Қазақ хандығының құрылуы, Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес, қазақ пен орыс халқы арасындағы байланыстар, ұлт-азаттық қозғалыстары, 2-дүниежүзілік соғыс, Желтоқсан көтерілісі мен Тәуелсіздіктің жариялануын көрсететін ұтымды шешім тапқан көрініс – суреттер орналасып әрі олар бір-бірімен жымдаса жалғасып, көркем жарасым тапқан. Дінгектің төрт мүсіндік бейне де Тәуелсіздік монументінің архитиутурасы және мүсіндік шешімін дәл тапқандығымен ерекшеленеді. Дала данасы ақылгөй абыз ата мен жүрегі мейірімге толы ақ жаулықты Жер-ана және олардың алдыңғы жағындағы құлыншаққа мінген бала мен қыздың бейнесі ескерткіштің сәулетті символиктерін мазмұн-сипатын ашумен қатар, ұлттық рухы мен сыр-сымбатын айқындап асқақтата түседі. Ол 20 ғасырдың соңына қарай ұлттық сәулет өнері тарихында орны бар мүсіндік және сәулетшілік ой шығармашылығының тоғыстығынан туған озық архитектура жәдігерлерінің біріне айналды. Осылайша, санаулы жыл ішінде Елбасы жобасы жүзеге асып, орталық алаңның қақ ортасынан Тәуелсіздік монументі тұрғызылып, 2001 жылы үкіметтің шешімі бойынша Республикалық маңызы бар ескерткіштер тізіміне енгізілді. Тәуелсіздіктің сақшысындай болған «Алтын адам» биіктен айналаны бақылап тұрғанына бүгін міне – 20 жылдай уақыт болыпты. Бабалар аңсаған еркіндіктің құрметіне қойылған бұл ескерткіш әлі де талай ғасырды артқа тастары анық.

Қызылорда қаласының ғана емес, күллі Сыр бойының символына айналған «Сыр Ана» стеласы пайдалануға беріледі деген күнді облыс жұршылығы асыға күтті. Әсіресе, жастар мен жаңадан шаңырақ көтергендер сағаттар мен секундтарды санады десек, артық айтқандай болмас. Сол ұзақ күткен ашылу салтанаты думанды кеш аясында жүзеге асты. Алты Алаштың анасына арналған монумент көк жүзімен таласпаса да, ақша бұлттарды «сәукелесіне» паналатса да, өзіндік ерекшелігімен талайды тамсандырып тұрды. Сыр Ананың бойында тек әйелге тән нәзіктік емес, өрлік пен батыллықтың да бары айшықталады. Тал бойынан кешегі Тұмар ханымның да, Сараның да, Жібектің де, Баянның да бейнесін табуға болады. Себебі, стелада тек қазақ қызына тән көркемдік пен әсемдік бедерленген. Асау өзеннің жағасында маңғаздана әрі ырғала билеген кешегі ару, бүгінгі ана қаумалай жиналған халыққа бір ләззат сыйлайды. Әсемдік пен сұлулықты

бойына жинаған нысанның ашылу салтанатына аймақ басшысы да қатысып, қала тұрғындары мен қонақтарын құттықтады. Сыр өңірі – тарих қойнауында қатпарлы ізі қалған талай оқиғаның құрбанына айналған жандарға пана болған, сан ұлт пен ұлысты жатсынбай бауырына басқан алты Алаштың анасы. Талай заманның дүбіріне куә болған қарт өзеннің тарихы да ежелгі Тигр, Еврат, Ніл өзендері бойында өсіп-өнген халықтардың тарихы сықылды тым тереңде. Оған сақ, ғұн өркениетінен күні бүгінге дейін сақталған тарихи мәдени ескерткіштер куә. Тарихи-мемориалдық кешеннің жалпы аумағы 5,2 гектар, соның монумент орналасқан орталық тұғырнамасы 1 гектар жерді алып жатыр. Ақ мәрмәрдан құйылған монументтің биіктігі 91 метр, бұл – Қазақстан тәуелсіздігін алған, 1991 жылдың белгісі. Ал оның басындағы алтын түстес бояумен әрленген алып құс – Самұрық Қазақстанның тыныштығын күзетіп тұр. Монументтің түсі – ақ. «Сыр Ана» кешенінің салынуы аймағымыздың жаңа қадам жасағанының белгісі іспетті. Тарих қойнауына көз жүгіртсек, өскелең ұрпаққа ұлтжандылықты дарытқан алты Алаш үшін ана қасиетті ұғым. Қазақ «жұмақтың кілті-ананың табанының астында» деп тегін айтпаса керек. Алашқа Ана болған Сыр өзенінің талайға пана болғаны белгілі. Іргелі кешеннің «Сыр Ананың» батасын алып, махаббатын осы маңнан ағаш басында құлыптап, кілтін асау өзеннің табанына тастайды. Әр қаланың өзіндік символы болса, сыр өңірінің бас қаласы Қызылорданың символы – «Сыр Ана» болмақ, - деді аймақ басшысы Б.Қуандықов.

Қорытынды:

Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашығы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгіннен нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы.
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруана» ЖШС, 2005ж
3. Аң стилі мәлеметтер.

ҒАСЫРДЫҢ БАТЫР АНАСЫ

Жапбасбаева Алтынай Мақсатқызы , 2 курс студенті, УА-17/9 оқу тобы
Жетекшісі: Қалжанова Аида Қалжанқызы – экономика пәнінің оқытушысы
"Болашақ" университетінің колледжі мекемесі

Төзімді берсе сенің темірге,
Темірдің де түгі кетпес көмірге.
Қазақ қызы, қайран қазақ әйелі,
Не көрмедің, не көрмедің өмірде?!
Қадір Мырза Әли

Кіріспе

Өмірде алдына ұлы мақсаттар қойып, сол биікті бағындыра алған болмысы дара адамдар болады. Қайсарлығы мен табандылығының, өр рухының арқасында көздеген белестерін еңсереді. Үмітін үкілеген жаңа буынға үлгі өнегесімен жақсы істерін паш етіп, бақытын сол еңбектен табады.

Біздің өлкемізде атағы ерен еңбегімен елге жайылған әйелдер көп. Халық шаруашылығының небір жауапты салаларында бойларындағы күш-қайратын Отан игілігіне жұмсап, жыл өткен сайын Сыр бойының қыз-келіншектері қатарынан озаттар молайып отыр. Бір кезде Қызылорда облысында егіншілікпен айналысатын әйелдер шамалы еді. Бертін келе әр шаруашылықтың танаптарында күріш, жүгері, бау-бақша өсіруші әйелдер еңбек етеді. Өз әкелері мен бабаларының ісін одан әрі жалғастырып,

адамдарға жомарт жер сыйлайтын егін өнімін молайтуға үлес қосқан әйелдер көп-ақ. Соның бірі әрі бірегейі Қармақшылық даңқты дикан Салима Жұмабекованың есімі республика жұртшылығына кеңінен танымал.

Негізгі бөлім

Өнегелі істің шебері, ең озат күріш звеносының жетекшісі, Батыр-Ана Салима Жұмабекова 1935 жылы тамыз айының аяққы шенінде Сыр бойындағы Қармақшы ауданының бұрынғыша Жаңа бақыт, қазіргіше Дауылкөл елді-мекенінде дүниеге келген. Отбасы орта шаруа деңгейінде күн кешкен қарапайым жандар. Әкесінің аты Жұмабек Өсербайұлы кішкене күнінен оқып білім алған сауатты кісі. Анасы Баймаханқызы Ақсалы өте қайратты, жігерлі, рухы таза қайырымды жан. [1]

Жұмабектің кіндігінен төрт перзент тараған. Ең үлкені Жәмила болса, екіншісі осы Салима апай, үшінші баласы Шишбек жастай шетінеп кеткен, ал төртінші перзенті Жауһарбек болады.

Әкесі Жұмабек Салиманың жеті жасында яғни, 1942 жылдың қазан айында Ұлы Отан соғысына аттанып, қайтып оралмаған. Сол 1942 жылы мектеп табалдырығын аттап, бірінші-екінші сыныбында көрген жоқшылықтарға қарамай оқу үлгерімі жақсы болған. Осылай 1942-1950 жылдар аралығында 8 жылдық мектепте білім алды. [2]

Салима Жұмабекова өзінің еңбек жолын 1950 жылы сегізінші сыныпты бітірісімен Қармақшы ауданындағы Ленин атындағы совхозда жұмысшы болудан бастады. 1953 жылы қарашада жолдасы Дәулетов Ноғаймен тұрмыс құрды. Бұл кісі де сол совхозда озат механизатор болып еңбек еткен. Ері Ноғаймен қатар еңбек ете жүріп 10 баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірді.[2]

Елеу Көшербаев «Өндіріс ұйытқысы» журналында: «1963 жылы совхозда күріш егісінің көлемі ұлғаяды. Шаруашылық басшылары осы кәсіппен айналысатын қолайлы адамдар іздестіреді. Ол кезде күріш өнімі бүгінгідей бола бермейтін, сондықтан ба, әйтеуір жұрт бұл кәсіпке онша қызыға бермейтін. Күрішке звено жасақтауға арналған жиналыста ешкім орнынан қозғала қоймайды. Сонда Салима көп ішінен суырылып шығып:

- Тізімге мені жазыңыз!- дейді жиналыс президиумына
- Япыр-ау шынымен күріш екпексің бе? Жас балаларыңды қайтесің?- деді жиналысқа қатысушылардың бірі таңырқап.

- Оның да жөні болар. Совхоз балабақша ашсын, - деп ол сөзінен таймайды. Сол қайсарлығы барлық қиындықты жеңіп шығады. Оған ауылдас ағасы Шәймерден Шегебаев ұстаздық етеді. Он жылдан кейін Қармақшы топырағынан да жүз центнерші дикан шығады. Ол осы Салима еді. [3]

1978 жылдың көктемінде сол ауылдың бүлдіршіндей бес қызы Салима апаларын ақылшы-ұстаз етіп, өздері бір звено құрды да күріш алқабына аттанды. Бұл, әрина партия комитетінің ұйымдастыру-көпшілік жұмысының арқасында болған еді. Бұл хабар аудан жұртшылығын да елең еткізді. Салима өзіне қоятын талапты бұрынғыдан да күшейтті. Басты мәселе – жастарға еңбекті сүюді, қиындықтан қаймықпауды үйрету. Жастар алғаш тұсау кесерлерінде шайлығып қалса – балапандарында дұрыс баулынбаған қыран құс сияқты шау тартады. Сондықтан да Салима сол жылдың кеш шыққан ызғарлы көктемінде қолы-басы домбығып, қабыршақ мұз қатқан салқын суды өзі бас болып шімірікпей кешті. Түн ұйқысын төрт бөліп, күріш дақылын баласынша мәпеледі. Бұл күндері сол звено мүшелері М.Қарақасова, Г. Тілеуова, Б. Құлбаева, А. Оспанова, Б. Дұрмановалардан сұрай қалсаңыз: «Біз Салима апайдың шәкіртіміз, сол кісінің еңбек жолы үлгі-өнеге», - деп жауап береді.

Сыр өңірінен шыққан еңбек ерлері Айша Меңлібаева, Шырынкүл Қазанбаева, Захира Ержанова, Ұлбала Алтайбаева, Ұштап Өтеулиева, Қалжан Оразалиева, Айдай Жұмабатырова және басқа да әйелдердің үздік жұмыстары Салима апайдың өміріне үлгі, диканшылық қызметті бастауына сеп болған екен. [2]

1967 жылдан 1973 жылға дейін осы аудандағы Дауылкөл ауылдық советі атқару комитетінің председателі қызметін атқарды. Ол 1973 жылы Ленин атындағы совхоздың

күріш өсірушілер звеносын басқаруға тілек білдіріп барды. Осы жұмыстағы бес жыл жоғарғы өндірістік көрсеткіштерге жеткен кезеңі болды. Агротехника талаптарын ойдағыдай орындап, өндірісте ғылым жетістіктері мен озат тәжірибелер үлгісін қолдана білу нәтижесінде өзіне бекітілген күріш егістігінің әрбір гектарынан орташа есеппен 84 - 113 аралығында өнім жинау мүмкіндігіне жетті. Облыстың, ауданның және өзі тұратын совхоздың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласады, ол Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің мүшесі, Қазақстан Компартиясы XIII және XIV съездерінің делегаты болып сайланды, сонымен қатар ССРО Жоғарғы Советінің депутаты болды. Салима апай өзінің бір сұхбатында: «Депутат болып жүргенде кетпенімнен айырылсам, қолымнан билігім кететіндей көрінетін», - дейді.

Еңбек жолындағы елеулі наградалары:

- 1964 жылы күріш өсіруде жоғары өнімге қол жеткізгені үшін «Құрмет белгісі» орденімен
- 1966 жылы «Лениннің – 100 жылдық» белгісімен
- 1970 жылы «Батыр ана» атағымен
- 1971 жылы «Ленин» орденімен
- 1980 жылы «Социалистік Еңбек ері» және екінші рет «Ленин» орденімен
- 2000 жылы «Ғасырдың батыр анасы» атағымен
- 2004 жылы «Тыңға – 50 жыл» медалін алды. [2]

Қорытынды бөлім

Сыр күріші – ел ырысы. Егін шаруашылығындағы жетістіктер дихан механизаторларымыздың маңдай терінің нәтижесі. Ауылдарда нарықтың жақсы көрініс таба бастаған. Үнем мен сапаға, меншікке жанашырлық пиғыл қалыптасты. Елді мекендерде жекеменшік күріш ақтайтын, ұн тартатын, асқатық майын сығатын қондырғылар орнатылып, халықтың тарықпауына, елдің өз қажетін өзінде дайындап алуна жол ашты. [4]

Қызылордадағы егістік жер көлемі – 65300 гектар, оның 51500 гектарына дәнді дақыл егіледі. Осы көрсеткіш ішінде бидай 24200 га, арпа 4000га, тары 4900 га, күріш 18100 га т.б 6700 гектарға техникалық дақыл егіледі. [5]

Еңбектің де тұрмыстың да бар қиындығын былай қойғанда, тағдырдың да ауыр азабын ерлікпен көтере білген батыр ана Салима бар аналық махаббатын, бар күш-жігерін баларының бақыты үшін еңбекке жұмсайды. Адал еңбек, өнегелі мол тәжірибе оны биік абройға ие етті, зор атаққа жеткізді. Салима апайдың бүкіл өмір жолы Қызылорда елінің басына түскен ауыр кезкеңмен бірге өтіп келеді. Сыр өзенінің суы азайып, Арал теңізінің тез тартылуына байланысты балық аулау, тіпті балық өнеркәсібінің тоқтап қалуы халықтың көпшілігін күріш өсіруге жұмылдырды. Сыр бойы қара сазды, тұзды жер болғандықтан, күріш орасан зор ауыр бейнетті еңбекпен, көп қиындықтармен өсіріледі. Аптап ыстық, дымқыл ауа, маса мен сона төрт ай ауыр жұмыс ерекше жауапкершілікті, ұқыптылықты, шыдамдылықты, әсіресе мықты денсаулықты қажет етеді.

Осындай жағдайда еңбектің ең жоғарғы нәтижесіне жету, күріш өсірудің озат маманы бүкіл елге белгілі, тәжірибелі звено жетекшісі болу үлкен жетістік, нағыз ерлік. Дала академигі, ақ күріштің атасы Ыбырай Жахаевтың ғылымын өз тәжірибесімен жалғастыра білген қарапайым қазақтың қызы, ел қамқоршасы, нағыз батыр анаға мың тағзым!

Салима қадірлісі Қармақшының,
Бірі еді күріш еккен алғашқының.
Күрішші ұл мен қыздан шәкірті бар,
Құлпырыпалма ағаштай шашқан гүлін.

Бастаған бір топ қызды Несібелі,
Жыл сайын ақ маржанды өсіреді.
Еңбеккер Салима ізбасары
Еңбекпен сан тағдырлар шешіледі.

Бақ қонып, ырыс дарып достарына,
Мерейің үстеем болсын, достарыңа
Отанға мол табысты тарту етіп,
Табыстың ұмтылайық асқараына.

Запа Даулетбаева 1979ж.[2]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Ақмешіт апталығы» 2015ж
2. «Сыр сұлуы, батыр ана - Салима» 2005ж
3. «Салиманың көктемi» 1984ж

СЫР ЕЛІ ТОЛҒАУЫ – ҚОРҚЫТ АТА

Зейнуллаева Аймереке Зейнуллақызы, 3 курс студенті, АЯ-16/9 оқу тобы
Жетекшісі: Мырзанова Мария Ибрайхановна – тарих пәнінің оқытушысы
"Болашақ" университетінің колледжі мекемесі

Төл тарихымыздан сыр шертуге білек сыбана кіріскеніміз өлкеміздің нағыз өмір шындығынан тұратын шежіресіне терең үңілу мақсатында. Сонымен қатар, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» мақаласының «Туған жер» бағдарламасында «Туған жерлің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өтуге тиіс»- деген сөзі кіндік қаным тамып, қаз басқан қасиетті мекенімді, оның ішінде қадір дарыған Қорқыт бабамызды тереңірек танып білуге, өзіндік құпияға толы ерекше ескерткішін зерттеуге түрткі болып отыр.

Кіріспе

1. Сыр шежіресі шеңберінде...

Негізгі бөлім

1. Қорқыт – тарихи тұлға
2. Тебіренген тарихи ескерткіш

Қорытынды

Еліміздің көреген көшбасшысы, кемеңгер елбасы «Сыр – Алаштың анасы» деп атаған қасиетті өңір – байырғы дәуір шежіресі, мәңгілік өшпейтін, өлмейтін тарихи және мәдени мұралардың жақұт қойнауы.

Адамзат баласы жаралып, тіршілік еткен сонау ықылым замандардан бері қаншама ұрпаққа құтты қоныс, жайлы мекен болған бұл өлкені Сыр өңірі деп атайды. Бұл топырақта біздің жыл санауымыздан екі мың жыл бұрын бағы жанып, базары қызған Алтын, Асар, Жанкент, Шірік Рабат, Сығанақ, Сауран, Жент, Яссы секілді қырыққа жуық қираған қала мен жарты әлемді жалғастырған Жібек жолының арналы абағы сайрап жатыр.[1] Осы өңірде өмірге келген әрбір сәби сыр – Ананы арда еміп, Арал теңізінің қасиетті суына шомылып өскен ұрпақ. Шығысында күллі тарихтың куәсі қарт Қаратау, жер кіндігіне жерленген бүкіл түркі тектес халықтардың ардақ тұтар абыздары Қорқыт ата мен Қожа Ахмет Иассауидың аруақтары оларды әмәнда қанатының астына алып желеп-жебеп тұрады. Бұл жер – ұлтымыздың үш кемеңгерінің бірі – орақ ауыз, от тілді Әйтеке бидің Отаны. Бұл жер – өз дәуірінің көріпкел көсемі, көреген қолбасшысы Самарқан уәлаятының даңқты билеушісі болған Жалаңтөс Баһадүрдің Отаны. Бұл жер – туған мекенін жат жұрттықтардан жанын сала қорғаған және Бұқарбай сынды хас батырлардың, еркіндік сүйгіш ұлтжанды ер Мұстафа Шоқайдың Отаны.[1] Ел аузында жүрген тарихи аңыз бойынша біздің дәуәрімізге дейінгі 500-жылдың ортасында сақтар ханшайымы Томирис осы киелі жерде өмір сүрген деседі.[2]

Тегінде, қазақ халқының тарихы мен тағдырында бұл киесі мен құты қатар дарыған Сыр өңірінің алар орны айрықша орасан зор, оның әр уыс топырағы, әр бұтасы, әр тасы, қырат-ойпаты бәрі-бәрі сан алуан ғибратты шежіре-сырға тұнып тұр. Егер өткенімізге терең зер салар болсақ, жалпы қазақ елінің басына қара бұлт үйіріліп, жау жағадан алып, бәрі етектен шалған екіұдай күн туған қиын-қыстау замандарда қандастарымыздың сан мәртебе осынау қас дұшпанды ата жұртымыздан алыстаған абыройлы шақтарын айқын аңғарар едік. Жалпы, қазаққа талай рет жат жұрттық басқыншылықтардан қиянат-қысым көріп, зәбір-жапа шегіп, жаны қысылғанда – тас қамал қорған, ашыққанда – азық, тозып келгенде – топ құрап, ту көтерер алтын бесік, құтты мекен болған Сыр елі ұлтымыздың рухани, тарихи-мәдени және демографиялық түп тірегі іспетті. Сондықтан да үш жүздің ұрпағының басы қосылған, ұлтымызға баспана да, астана да болған киелі Қызылорда жерін қазақтың қара шаңырағы деп атауымызға толық хақымыз бар.

Қорқыт – тарихи тұлға

Ежелгі Сыр жерінде дүниеге келіп, біртұтас іргелі елдің көреген көсемі, әзіз әулиесі, сөз бастар шешені, ұлы күйшісі болған Қорқыт ата бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ. Ұлы бабамыздың данышпандық ойдың інжу-маржанына айналған ғибратқа толы ұлағатты сөздері, жан тебіренер сырлы сазды күйлері мен жырлары арада мың жылдан аса уақыт өтсе де ұрпақ мұрасына, мәңгілік таусылмас қазынаға айналуға.

Қорқыт – оғыз-қыпшақ тайпаларының VIII-IX ғасырда ғұмыр кешкен ұлы ойшылы, батагөй ақыны, дәулескер күйшісі, келер күнді болжайтын көріпкел бақсысы болған.

Қорқыт ата туралы қолына қалам алған ғалымдар, ғұламалар, тарихшылар, әдебиетшілер зерттеуді «Қорқыт ата аңыз тұлға ма, немесе тарихи тұлға ма?»-деген сұрақтарға жауап беруден бастайды. Қорқыт сан ғасырдан бері халық аузында атақты ақын, сазгер-күйші, халық аңызының кейіпкері – деп танылып, өз заманында озық ойлы болған, артына өшпейтін көп мұра қалдырған тарихи тұлға ретінде белгілі. Ерте заманның көптеген білімпаз ғұламалары Қорқыт атаның өмірге келіп, туып өскен жері – Сыр өңірі, оның ішінде Жанкент қаласы, Баят елі – дейді. [3]

Қорқыт ата бейіті Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы Қорқыт станциясы түбінде, Сырдың жағасында. [3]

Қорқыт ата ескерткіші туралы

Есімі дүние жүзіне белгілі Қорқыт атаны мәңгі есте сақтап, оның мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің басты жолы Қорқыт атаға ескерткіш қою болып табылады. Халық қастерлеген ұлы адамның бейіті өзі өмір сүрген Сыр бойында екенін тарихи деректер дәлелдеді. Сыр елінің қариялары «Шамамен алғанда IX-XI ғасырларда Қорқыт бабамыздың мазары күмбезделіп салынған, алайда 1960 жылдары Сырдария өзенінің суының арнасынан ауытқуына байланысты күмбездің қалдығы шайылып кеткен»- дейді. [4]

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік ғылымдар академиясының президенті, Қазақ энциклопедиясының бас редакторы Әбдімәлік Нысанбаев «Қорқыт – бүкіл түркі халықтарының ойшылы» атты еңбегінде «Түркі жұртының фольклорлық мұрасын жинауға өлшеусіз үлес қосқан Әбубәкір Диваев, өткен ғасырдың өзінде қазіргі Қармақшы маңындағы Қорқыт бейітінің су шайып құлағалы тұрғанын, мұның өзі адамзат үшін аса құнды ескерткіштің жер бетінен жойылып кету қаупін туғызып отырғанын айтып патша шенеуніктеріне хат жазған еді»-дейді. [3]

Қорқыт ата туралы көп зерттеулер жасаған түрколог-ғалым Мырзатай Жолдасбеков: «Қорқыт атаға байланысты тарихи оқиғалардың, аңыз әфсаналардың Отаны – Сыр бойы. Сондықтан Қорқыт баба мазары тұрған жерде Қорқыт атаға арнап жаңа ескерткіш – белгі орнатсақ байырғы түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігін көз алдымызға әкелер едік»- дейді. [5]

Қармақшы жұртшылығы армандаған Қорқыт баба ескерткішін салуды ойластыру жұмыстары 1972 жылдан басталды. Сол жылы Қорқыт ата мазарының орнын белгілеуге қорқыттанушы, ғұлама ғалым, профессор Ә.Қоңыратбаев, жергілікті ақын Қ.Шыңғысов,

аудандық атқару комитетінің орынбасары Ж.Жакеев, аудандық архитектор А.Әлденев қатысады. Осылайша Қорқыт ата ескерткішінің қадасы қағылып, орны белгіленеді. [1]

Сыр бойы халқы Қорқыт атаға арналған ескерткішті 1976 жылдан бастап салды. Қорқыт баба ескертуші өзінің бейіті тұрған жерге, Қорқыт станциясының Сырдария өзеніне тақалар жерінде салыну керек – деген көпшілік халықтың ұсынысының нәтижесінде салынды. [1]

Қорқыт ата ескерткіші 1980 жылы Қазақстан ғылым академиясының ғылыми қызметкері жас архитектор Бек Ыбыраевтың жобасымен салынды. Қорқыт ата ескерткіші темір бетоннан жасалған биіктігі 8 метр, 4 тік стеладан тұрады. Әрбір стела эп тарапқа қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стелалар қобыз бейнесін меңзейді. Түйісер түбіндегі ортаңғы тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Қорқыт ата ескерткішінің ішкі жағы мәңгілік өмір сырын іздеген Қорқыт атаның киелі желмаясының шартарапқа жол тартқан ізін ишаралайтын «Түйе табан» өрнегімен безендірілген. Әрбір стеланың үшкілдене біткен төбесі күмбезге ұқсатылып, ерекше сәулеткерлік композициялық шешім тапқан. Қорқыт ата ескерткішінің салынуы туралы түрколог ғалым, профессор Ә.Қоңыратбаев: «Қорқыт – түркі тайпалар эпосының атасы, асқан музыкант, оның ескерткішін де біз осы стильде салдық»- дейді. [6]

1997 жылы ескерткішті қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Амфитеатр, қонақ үйі, т.б. нысандардан тұратын тұтас архитектуралық ансамбль жасалып, мемориалдық кешенге айналды. 2000 жылы кешен жанынан мұражай ашылды. Оның қорындағы 700-ге жуық экспонат сақталған. Қорқыт Ата өмір сүрген дәуірдің тарихы мен мәдениеті жайлы мәліметтер береді. [2]

Қорытынды

«Тамырсыз ағаш, тарихсыз халық болмайды,»- дейді халық даналығы. Ал сол тарихты зерделеп зерттемей, шаң басқан беттерін парақтамай, ертеңге аяқ басу мүмкін емес.

Барша түркі жұртының кемеңгер ойшылы және гуманисі Қорқыт ата – әлемдік ақыл-ой тарихындағы оқшау тұлғалардың бірі. Осындай ескерткіш – елдің, халықтың мәдени мұрасы. Әрбір елім, жерім деген патриот тарихи естеліктердің қоймасына үнілу бек қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Сыр елі. Бетбұрыс белесінде» 1997
2. «Сыр елі. Қызылорда облысы. Энциклопедия» 2005
3. «Қорқыттану» 2003

«ҚАЛАМЫНЫҢ ЖЕЛІ БАР – ҚҰРМЕТ ТҰТҚАН ЕЛІ БАР» ЖУРНАЛИСТ ОМАР ӘБДУӘЛИЕВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Сағынышова Сезім Қуантайқызы

Жетекшісі: Мырзагалиева Рая Бодыковна

Қазақ гуманитарлық заң және техникалық жоғары колледжі

Мақсатым: Сыр өңіріне аты мәлім, қарт журналист Омар Әбдуәлиев атамның шығармашылығын қолға алдым. Өткенді саралап, оның баспа беттерін көрмеген туындыларын, кейінгі ұрпаққа өнеге болатын даналық ойларын, сын мақалаларын, аударма еңбектерін болашақта жарыққа шығарып, өсер ұрпаққа жеткізіп танытпақпын.

Міндеті: журналист Омар Әбдуәлиевтің саналы да, салиқалы өмірін, ұстанымдарын, туған жер қойнауынан сыр шертетін әңгімелерін, аудармаларын, халықтың әдет-ғұрпын, салт – дәстүрін, тілі мен дінін насихаттап жазған құнды еңбектерін келешек ұрпаққа, яғни

жастарға жеткізу. Оның тарихта да, әдебиетте де алар орнын айшықтап, ерекше екендігін көпшілік қауымға мәлім ету.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Қанша қиындық көрсе де мойнымай, ол игілік үшін тек қаламның ұшымен ғана күреспей, ел тағдыры, ұлт тағдыры жолында бар қайратын жұмсап күресті. Өмірінің соңына дейін халқының жоғын жоқтап, елінің мақсат –мүддесі жолында жан аямай қызмет қылды. Туған жері Арал өңірінің экологиясын мемлекет дәрежесіне көтеруге ат салысты. Жастарға елді шексіз сүйуге, туған тілді құрметтеп, қастерлеуге, жақсылыққа ұмтылуға, озық ойлы азамат болуға шақырды. Нақыл – өсиетке толы жазбалары мен өзіндік туындыларының берер тәрбие ұлағаты ұлаң-ғайыр. Ар мен намысты, жігерлік пен адамдықты, ибалық пен сыпайылықты насихаттап жазған өсиеттерінен, ХХІ ғасырдың батыс өнегесіне ұмтылып, ұлттық құндылықтарды жоғалту алдында тұрған, арсыздық пен безбүйректікке үйретіп жатқан бейне қойылымдар мен кинолар санасын улаған жастарымызды қайта оятар еді.

Гипотезасы: Омар Әбдуәлиевтің артында мол рухани азығы ұрпаққа аманат мұра болып қалды. Оның жеке кітапханасы бар. Ол кітапханада 1500 –ден аса кітап бар. Киелі құраннан бастап, алуан түрлі энциклопедиялар, сөздіктерге арналған жинақтары да мол. Мақалаларын оқыған сайын оның сан қырлы қабілетіне тәнті болып, оның қаламының өзіндік ерекшеліктерін көресін:

- ол халық даналығына көп сүйенген;
- әр мақаланың басына үлкен ой түйген, тәлім-тәрбиесі мол ақылнамаларымен бастаған;
- халықтық мерекені атаусыз қалдырмай, баспасөз беттеріне жариялап отырған;
- өмірде болып жатырған алуан-алуан құбылыстардан, өндіріс пен шаруашылықтың әр саласынан оқу ағарту ісіне, баспасөз туралы, мәдениет және әдебиеттен ел тарихынан, тағы басқа мәселелерден үзбей көрнекті мақала жазып отырған;
- кез-келген мақаласын жазғанда шынайы фактілерге негізделген;
- тұжырымды пікір білдіре білген;
- баспасөз бетінде 1300-ден аса мақалалары жарық көрген. Оның 3-і немесе 32,5%- ы сыни көзқарастағы мақала, 68% - ы тексеру нәтижелері баяндалған мақалалар. Омар Әбдуәлиев шығармалары жастардың ұлттық ой-пікірін дамытуға септігін тигізеді деп сенемін.

Ұсыныстар: Өмірі – өнеге, мұрасы – мектеп.

- Омар атаның жеке кітапханасына кітапхана дәрежесі беріліп, оқырман қауымға рухани азық сыйласа;
- Арал қаласының орталығынан О.Әбдуәлиевке көше берілсе;
- Мұражайы жеке болып ашылып, аудандық мұражайға тұтынған заттары қойылса;
- О.Әбдуәлиев атындағы ақындар мүшәйрасын өткізу дәстүрге айналса,
- тәлімдік – тәрбиелік мазмұны ерекше, ұлттық философиялық ойларын елеп, екшелеп газет бетіне жарияласа;
- Әңгімелері, аудармалары, фельетондары, этюдтері жинақталып, сарапталып, жеке жинақ болып шығарылса.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Кызылординский вести» газеті, №7 [2]
2. «Путь Ленина» газеті № 4 [2]
3. Очерктері: «Түбектен ұшқан түлектер», «Нар аға», «Машинист», «Кәрісбек»

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ МОТИВАЦИЯНЫҢ РӨЛІ

Аленова А.С. - «Физика мұғалімі» мамандығының 2 курс студенті,
Даулетова В.А. – Педагогика, психология кафедрасының оқытушысы,

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымының түпкілікті жаңаруына байланысты бірінші міндет халықтық білім жүйесін жаңаша ұйымдастыруды талап етеді. ЖОО мен кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының нақты міндеттердің бірі білім беру кезеңінде студенттердің белсенділік, білімділік, шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау болып отыр. Қай заманда да өркениеттің дамуы интеллектуалдық шығармашылық қабілеттіліктің негізінде жасалынған, әлі де солай болып келеді.

Оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, ынтасын арттыру мақсатында оқу және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырып жүргізудің маңызы зор. Студенттердің тұлға ретінде қалыптасуына оқу үрдісі мен тәрбие үрдісінің қаншалықты дұрыс ұйымдастырылғанына байланысты. Оқу және тәрбие үрдісінде мотивациялық жұмыс дұрыс ұйымдастырылса, оның білім берерлік және тәрбиелік мәні өте зор болады. Ол жұмыстар оқушылардың практикалық дағдысын дамытып, шығармашылық қабілеттерін арттырады.

Мотивация тақырыбын педагогика ғылымы мен практикасында орыс ағартушылары: өз еңбектерінде қарастырған. Мотивация проблемасының күрделілігі мен көп аспектілігі оның мәнін, табиғатын, құрылымын, түсінуде және де оны әр тұрғыдан зерттеу әдістерінің көп болуымен шартталады (Б.Г. Ананьев, С.Л. Рубинштейн, М. Аргайл, В.Г. Асеев, Дж. Аткинсон, Л.И. Божович, К. Левин, А.Н. Леонтьев, М.Ш. Магомед-Эминов, А. Маслоу, Ж. Нюттен, З. Фрейд, П. Фресс, В.Э. Чудновский, П.М. Якобсон және т.б.). Отандық психологияда мотивациялық аясын зерттеуді анықтаушы негізгі әдіснамалық принцип мотивацияның динамикалық пен мазмұндық-мағыналық жақтарының бірлігі жайлы ереже болып табылады. Осы принципті белсенді жетілдіру адамның қатынастар жүйесі (В.Н. Мясичев), мән мен мағына арақатынасы (А.Н. Леонтьев), түрткілер ықпалдасуы және олардың мәндік контексті (С.Л. Рубинштейн), тұлға бағыттылығы мен мінез-құлқы динамикасы (Л.И. Божович, В.Э. Чудновский), іс-әрекеттегі бағдар (П.Я. Гальперин) сияқты және т.б. проблемаларды зерттеумен байланысты [206].

Отандық психологияда мотивация адамның өмірлік іс-әрекетінің - оның мінез-құлқының күрделі, көп деңгейлі реттеушісі ретінде қарастырылады.

Дегенмен де студенттердің тұлға ретінде қалыптасуындағы мотивацияның рөлін анықтау және тиімді ұйымдастыру мәселелерін зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Студенттердің студенттердің тұлға ретінде қалыптасуындағы мотивацияның рөлін анықтау және оны тиімді ұйымдастыру шарттары мен жолдарын ғылыми тәжірибелік тұрғыда негіздеу

Ғылыми жұмыстың міндеттері:

- мотивация, мотивацияның зерттелу жағдайын қарастыру, алынған тақырып бойынша ғылыми жұмыстар мен оқулықтарғаталдама жасау;
- студенттердің тұлға ретінде қалыптасуындағы мотивацияның рөлін және ұйымдастыру шарттары анықтау;
- студенттердің тұлға ретінде қалыптасуына әсер ететін іс-шаралардың жоспарын жасақтау.

Ғылыми жұмыстың гипотезасы: егер, оқу және тәрбие үрдісін мотивациялық бағытта ұйымдастыру ерекшеліктерін ескеріп, ұйымдастыру жолдары бойынша әдістемелік ұсыныстар жасалса, онда студенттердің тұлғалық қалыптасуында оң өзгерістер болады және оқу-тәрбие үдерісінде жетістікке жетуі мен іскерлік сапасы артып, студенттердің таным деңгейлері ескерілер еді.

Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері:

Теориялық: талдау, зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді салыстыру және жалпылау.

Эмпирикалық: әңгімелесу, педагогикалық бақылау, іс-әрекет нәтижелерін талдау, зерттеу деректерін өңдеу әдістері.

Ғылыми жұмыстың маңызы:

«Мотивация» ұғымына анықтама беріліп, оны қалыптастырудың теориялық ерекшеліктері берілді; студенттерге мотивация беру арқылы олардың кәсіби білімін, құзыреттіліктерін қалыптастыруға, шығармашылығын арттыруға болатындығы сипатталды.

Қазіргі кезде болашақ мамандардың кәсіби қалыптасуында мотивацияның жетіспеушілігі ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Болашақ маманның кәсіби жетілуіне оқыту процесінің ұйымдастырылу деңгейі мен түрінің тигізетін әсері зор.

М.В.Матюхина оқу мотивациясының қайнар көзін екі мотивке тәуелді деп көрсетті:

- Ішкі – танымдық және әлеуметтік қажеттіліктер, қызығушылықтар, қажеттіліктер, нұсқаулар, өлшемдер және стереотиптер, сонымен қатар өзін-өзі кемелдендіруге ұмтылу, басқа қызмет түрлерінде өзін-өзі тануы (әлеуметтік іс-әрекеттерге және жетістіктерге жету ұмтылысы);
- Сыртқы – қатысушының өмірлік жағдайымен анықталады; оған талап, нәтижелілік, мүмкіншіліктер кіреді (куратордан, ата-анадан, достарынан және т.б. тарапынан болатын мотивтер);

Оқу мотивациясында ішкі, сыртқы көздерінің әрекеттесуі оқыту қызметі мен оның нәтижесіне ықпал етеді.

Қоршаған ортаның студенттің тұлға болып қалыптасуындағы мотивацияның рөліне әсер ететін факторларды ескере отырып, білімге деген қызығушылық пен ұмтылыстарын арттыру, тұлғалық өсуін жетілдіру, оқу ортасының жағдайын жақсарту, ынталандыру жұмыстары қолға алынса, мотивацияны арттыруға болады:

Moveo латынша сөз болып, "қозғалу, әрекет ету" мағынасын береді, демек «motivation» сөзбе сөз мағынада "қозғалту, әрекетке келтіру" мағынасын береді. Психологияның көзқарасы бойынша, **мотивация** – адамды белгілі бір мақсатқа тарту күші немесе қажеттілік.

Студенттің тұлға болып қалыптасуында мотивацияның алар орны ерекше. Мысалы, түрлі шараларға қатысқанда, оларды ұйымдастыру немесе көпшілік алдында сөйлеуге студент қысылады.

Мотивация – жетістікке жетуді қамтамасыз ететін ынталандырушы күш:

- Бұл күшті іске қосу әркімнің өз қолында.
- Өз өнімділігіңізбен жарысыңыз, оны арттыруға, жетілдіруге тырысыңыз.
- Қазірге дейінгі (бар болса) сәтсіздіктеріңіздің артта қалғанын ойлаңыз.
- Әр жаңа күннің жаңа бастауыш болатынын ұмытпаңыз.
- Еңбегіңіздің зая кетпейтінін міндетті түрде жемісін көретініңізге сеніңіз.
- Өз-өзіне деген сенімділік өте маңызды. Қандай да бір істі орындай алатынына немесе алдына қойған мақсатына жете алатындығына, жетістікке жететініне сену осы жолдағы ең әсерлі күш-жігер беретін мотивация.
- Жетістікке жетудің ең маңызды негіздерінің бірі алға мақсат қою т.б. кеңестерді орындап, өз-өзіңізге де мотивация беріп отырған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Асеев В.Г. «Проблема мотивации и личности» // Теоретические проблемы психологии личности. М., 1974. — С.122-130
2. Зимняя. «Педагогикалық психология», Москва · «Логос» · 2005
3. Ковалев В.И. «Мотивы поведения и деятельности». – М.: Наука 1988-192 с.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

Базарбаева Аружан Темуровна

Жетекші: Сапахова Гулбаршин Мутигуллиновна

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі

Бұл баяндамада мектеп математикасында сыни тұрғысынан ойлануға арналған тапсырмалар алынды. Сыни тұрғысынан ойлай отырып, өзіндік белсенділіктің болуы білімге құлшынысты, жаңалықты ашуға, ізденуге, қиындыққа төзуге үйретеді. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Сыни тұрғысынан ойлануға арналған есептер оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойын еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау, ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға тәрбиелейді.

Этот отчет о задачах для критического мышления в школьной математике. Критическое мышление, имея самостоятельную деятельность, учит знаниям, открытиям, поиску, трудностям. Это позволяет ребенку свободно и усердно мыслить и работать непрерывно. Проблемы критического мышления оказались хорошей идеей, чтобы исследовать и доказать, что дети критически изучают, слушают, анализируют, сравнивают, упорядочивают, сортируют, формулируют свои мысли, думают и понимают свои мысли.

This report is about tasks for critical thinking in school math. Critical thinking, having an independent activity, teaches knowledge, discovery, search, difficulties. This allows the child to think and work freely and diligently. Problems of critical thinking turned out to be a good idea to explore and prove that children critically study, listen, analyze, compare, order, sort, formulate their thoughts, think and understand their thoughts.

Зерттеу өзектілігі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген.

Сондықтан мектепте математикалық білімді оқушыларға терең меңгерту үшін жаңа педагогикалық оқыту технологияларын тиімді пайдалануды талап етеді.

Оқулықта берілген тапсырмаларды шешудің әдіс-тәсілдерін меңгергенімен, стандартты емес есептерді практикада қолдану, балаларға меңгерте білулері қиын мәселенің бірі. Сондықтан мен баяндамамды қиындық тудыратын салу есептерін алып отырмын.

Зерттеу мақсаты:

- Оқушылар математика пәнінің әлеммен біртұтас байланыста екендігіне көз жеткізу үшін оқытудың оңтайлы жолдарын қарастыру;
- оқушылардың кезкелген жағдайдан шығу үшін жан-жақты шығармашылық, ойлау қабілеттерін дамыту
- оқушылардың дүниетанымдық, интеллектуалдық дамуын қалыптастыру.

Практикалық маңыздылығы.

Мемлекетіміздің ғылым мен өндіріс, білім беру жүйесіндегі математиканың техникалық мамандықтарға сұранысына сәйкес, алғашқы математикалық сауаттылығын қалыптастыру

Зерттеудің ғылыми жаңалылығы:

- математиканы оқыту ойлауды қажет етеді. Шешімі жоқ қағидаларды сыни тұрғысынан ойлауға негізделген;
- дамыта оқыту технологиясы бойынша тапсырмаларды орындауда оқушылардың іс-әрекеттері мен қолдану әдістері өңделген;

Зерттеудің теориялық маңыздылығы :

- стандартты емес есептерге берілген тапсырманың анықтылығы;

Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Мұғалімдер педагогикалық білімі бар және қосымша оқып, өз біліктілігін арттырушы субъектілер болғандықтан, оларда бұл дағдылар дамыған және іс-тәжірибеде қолданылады деп болжанады. Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сын

тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауының негізгі ерекшеліктері: Ұтымдылық: ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу; үзілді-кесілді жауаптарды іздеудің орнына сұрақ қою; дәлелдерді талап етіп, кез келген дәлелді есепке алып отыру; эмоцияға емес, себепке негізделу (бірақ төменде айтылатын өзіндік сана-сезімге қатысты эмоция да болуы ықтимал). Сыңаржақтылықтың болмауы: барлық қорытындыларды бағалау; болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктердің барлығын қарастыру; баламалы интерпретацияларға ашық болуға ұмтылу. Пайым: дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау; балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды екендігін немесе артықшылығын мойындау. Тәртіп: тиянақты, нақты және жан-жақты болу (барлық дәлелдерді есепке алып, барлық көзқарастарға көңіл бөлу). Өзіндік сана-сезім: өзіміздің эмоциямыз бен көзқарасымыздың, сеніміміз бен болжамдарымыздың субъективті екенін сезіну.

Қазіргі заман - математика ғылымының өте жан-жақты тараған кезеңі. Математиканы оқыпудың мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар ауадай қажет. Математика сабағында сын тұрғыдан әр түрлі стратегияларды, жаңа акпараттық технологияларды, (интерактивті тақтаны) қолдана отырып, өз бетінше жұмыс істеу факторы - есептерді шығара білу, шапшаңдылық, шеберлік дағдыларын ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзыреттілігін арттыру арқылы шығармашылықтарын дамыту.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес ойды шыңдау. Бұл жоба арқылы оқушылар берілген тақырып мазмұнына сын тұрғысынан қарап, өзіне қажеттісін, сапалы шешім қабылдауды, сұрақ қоя білуді, кез – келген сұраққа жауап іздеуді үйренеді, ойы дамиды. Бұл жобаның ерекшелігі сол, онда оқушының қызығушылығын арттыра отырып, қиялын дамыту үшін, «менің ойымша» деген жауапқа дағдыланады, оқушы өзінің ойын ашық әрі еркін айту арқылы ғана белгілі бір жетістіктерге жетеді.

Сабақты ұйымдастыруда сын тұрғысынан ойлау технологиясының Инсерт, Блум Таксономиясы, ББҰ стратегиялары пайдаланылады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы сабақтың барлық сатысын қамтиды. Сабақты оқушылар тиімді меңгеру үшін барлық жағдайларды жасай алады, не білетіндерін ойға түсіреді, сұрақтар қояды, сабақта не үйренгендерін түйіндейді. Осы сатыларды қамтитын сәттер оқушылардың белсенді таным жұмыстарының куәсі болып табылады.

Жалпы сын тұрғысынан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады; олар ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, ештеңеге сенбейді, мұндай адамдар жаңашыл идеялар мен келешекке ашық болады.

Сыни тұрғыдан ойлау үшін балаға мынандай есептер бере аламыз:

1. Үй қабатының ара қашықтығы 3, 408 м. Қыз бала алтыншы қабатқа дейін лифтімен көтерілуі үшін 24 секунд уақыт жұмсады. Лифтінің жылдамдығын анықтаңдар.

А. 0,85 м/сек В. 0,71 м/сек С. 0,59 м/сек Д. 0,79 м/сек

2. Бақша күтушінің жеміс егетін жердің шекарасын белгілеуге арналған 48 м сымы бар. Ол төмендегі қай нұсқаны таңдай алмайды?

3. Сантиметрге дейінгі дәлдікпен өлшенген қарындаштың ұзындығы 19 см. Төмендегі жауаптардың қайсы қарындаштың ақиқат ұзындығын бейнелей алады?

А. 19,9 см В. 18 см С. 18,9 см Д. 18,5 см.

4. 90 кг қоспада 5:3:1 қатынасындай тұз, қант және жарма бар. Қанттың мөлшерін анықтаңдар.

А. 10 В. 30 С. 40 Д. 50.

Математика сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әр түрлі стратегияларын қолдана отырып, өз бетінше жұмыс істеу факторы – есептерді шығара білу. Математикада бағдарлама материалын сапалы меңгерту үшін оқыту мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы арқылы және топтық жұмыс түрлерін, деңгейлік тапсырмаларды орындату, тірек сызбаларды, ойын түрлерін қолданып, логикалық және эксперименттік мазмұнды есептер шығарта отырып,

оқушыларды бір-бірімен пікірлесе білуге, ойларын нақты, ашық жеткізе білуге, тұжырымдарын жасауға үйретеміз.

Қорыта келе математика сабағында сыни ойлау оқушылардың ойлау дағдыларын дамытып оларды оқу мен өмірде туындайтын мәселелерді өздігімен шешуге синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылатыны туралы болашақ маман ретінде сабақтарымның қазығы болады деп тұжырымдадым.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қ.Жұмасова Психология Астана -2006ж
2. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000
3. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.

ЖАЙЫҚ ТАҒДЫРЫ –ӨЗЕНДІ ЖАҒАЛАҒАН ЕЛДІҢ МҰҢЫ

Ғалымова Шынар Мүлқайдарқызы, 0105000 «Бастауыш білім беру» 2 курс 2аҚМБ

Ғылыми жетекшісі Сапиев Биржан Каримович

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі

Тақырыптың өзектілігі: Туған өлкесіне деген сүйіспеншілік оның, өзен-көлін, тарихы мен байлығын, жалпы алғанда географиясын білу. Өз облысымыздың адам үшін өте маңызды географиялық, тарихи нысандарын білу және олардың қыр-сырына үңілу басты міндетім болып саналады. Қазіргі таңда мен сияқты қазақ даласының әр тұрғынын алаңдатып отырған өзекті мәселе - Жайық өзенінің экологиясының нашарлап кетуі. Мені қатты толғандырған осы тақырып десем артық айтпаған шығармын деп ойлаймын. Турасында Жайық өзенінің тартылуы, шаруашылыққа кері әсерін тигізуі сонау 1996 жылдардан басталған. Бұл су шаруашылығы мен экологиялық жағдайды біршама нашарлатып жіберді. Соңғы 4-5 жылда су шалғындықтар мен ормандарға су мүлдем жайылмай қалды. Көптеген ормандар мен тоғайлар қуаңшылықтан құри бастады. Бүгінгі күні 90-шы жылдармен салыстырғанда судың жиналу көлемі екі есеге дейін азайып кетті. Экологиялық қажеттілік үшін – балық шаруашылығы үшін де бұл су қасқалдақтың қанындай қат болып отыр. Ел болып қоршаған ортаны ластанудан тазарту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізсе Жайық өзенінің су қоры молаяр еді. *Мақсаты мен міндеті:* Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты – БҚО, Атырау облыстары территориясындағы Жайық өзенінің аңғары, жануарлар әлемі, экологиялық ерекшеліктері туралы баяндау. Осы аталған мақсатты жүзеге асыру үшін жұмыстың алдына мынадай міндеттер қойылды: Жайық өзенінің экологиясына сипаттама беру Қазақстан шаруашылығына тигізер пайдасын айқындап көрсету 3. Жайық өзені деңгейінің төмендеуі мен өзеннің гидрологиялық режимін қалпына келтіру мәселелері. *Жұмыстың ғылыми жаңалығы:* Жайық өзенінің су қоры мен байлықтарын сақтап қалудағы маңызы туралы ауқымды дәлелдеу.

Негізгі бөлім. Қазіргі әлемде экологиялық проблемалар өзінің қоғамдық мәні жағынан алдыңғы қатардағы мәселелердің біріне айналды, тіпті ядролық соғыс қауіпі де оның көлеңкесінде қалып қойды. Адамның шаруашылық-әрекетінің қауырт дамуы, айнала дағы ортаға әуемелі, көбіне бүлдірушілік сипатта әсер етуде. Адамның табиғатқа әсері мыңдаған жылдар бойында қалыптасқан табиғи жүйелерді өзгерту, сондай-ақ, топырақты, су көздерін, ауаны ластану арқылы жүзеге асырауда. Бұл табиғат ахуалының күрт төмендеуіне әкеліп соқты, көп жағдайларда орны толмас зардаптар қалдырды.

Экологиялық дағдарысшын мәніндегі қауіпті төндіріп отыр: іс жүзінде тез өріс алып бара жатқандағы дағдарыстық жағдайларды кез келген аймақтардан көруге болады. Облыстың негізгі су көзі Жайық өзені болып табылады.

Облысшегіне Елек поселкесінің батыс жағынан енген өзен батыс бағытқа қарай ағып, Орал қаласына дейін жетіп, оңтүстікке шұғыл бұрылады да,

Солтүстік Каспий маңынкесіпөтеді. Облысшегіндегі ұзындығы-761 км, сужинайтыналабы-116678 км². Жайықтың облысаумағындағы салалары — Елек, Шыңғырлау, Шаған, Барбастау, Емболат, Быковка, Рубежка, Бастастау өзенінентөменірек Жайықтан Көшім бөлініп шығады. Осы өзендердің ішінде ең маңыздысы, Қазақстандағы ұзындығы 1000 км-ден асатын ірі 7 өзеннің бірі - Жайық өзені болып табылады.

Алосы Жайық өзенінің қазіргі таңдағы экологиялық жағдайы күннен күнге төмендеп барады. Жайық өзені бүкіл облыс жерін жер беті ағын суларының жиілігі әртүрлік қосторапқа ажыратады.


Сол жағалаулық өзен торытығыздығының коэффициенті $K=0,54$

км/км² мөлшерімен сипатталады,

оң жағалаулық бөліктегі өзен торытығыздығының коэффициенті $K=0,26$ км/км².

Бүкіл облыс үшін өзен торының тығыздығы Жайық өзенінің $0,036$ км/км²,

Жайықпен қоса есептегенде $0,040$ км/км² коэффициентпен сипатталады. Қазақстан жеріндегі ұзындығы 1084 км. Орал қаласынан төменгі бөлігінде Жайықтың аңғары тағы да кеңейіп, жайылмасы тармақталады. (1-сурет).



Қаладан өткеннен кейін өзенге [Көшім бөгені](#) салынып, [Жайық-Көшім суғару-суландыру жүйесі](#) тартылған.

Жайықтың 80%-і қар суымен толығады. балықтың табиғи кең уылдырық қоры сақталған бір ғана өзен. Күзде 15 тамыздан 15 қараша



аралығында Жайық өзенінде балықтың балықшаруашылық шұңқырларына жылыстауы жүреді, яғни күздегі қыстаққа қоныстануы болады. Содан соң Жайық өзені арнасында мамырдан шілде айларына дейін балық шабақтарының уылдырықтайтын және өсетін орнынан өзеннің сағалық кеңестігіне жылыстауы жүреді. Жайық өзенінде балықтардың 38-ден астам түрі бар: бекіре тәрізділер, майшабақтар, шортан тәрізділер, тұқы тәрізділер және басқалары кездеседі. Дүние жүзінде ауланатын бекіре тұқымдас балықтың 3/1 жуығы Жайықтан ауланады. БҚО Жайық өзеніндегі жергілікті балық шоғырларының өзен жайылмаларындағы көктемгі уылдырықтау орындары өзен бойының барлық жерінде дерлік байқалады. Соның ішінде төменгі ағыстың бастауы мен орталық ағыста тек жергілікті балықтар сазан, табан, балпақ, көкше балықтарының жайылмалары. Төменгі ағыстың оңтүстік бөлігіндегі жергілікті балықтардың уылдырықтау жайылмаларына жартылай көшпелі сазан, табан және қаракөз сияқты балық түрлері ауланады. (2 сурет). Уылдырықтау сипатына қарай бұл балықтар фитофильді балықтарға жатады. Көксерке және аққайран секілді реофильді балық түрлерінің өзен алабында аз болуына байланысты, оқшау телімдерде көптеп шоғырланбайды. Жайық өзенінің жайылмасы мен аңғарлары Батыс Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігінің интроаймақтық орталығы болып табылады. Дала мен шөлейт ландшафттың біртекті төсегі Жайық аңғарының кіретін жайылма ормандардың жасыл желегімен алмасады. Жайықтың жайылма ормандары: емендер, қара ағаштар, ақтеректер, талдар қайың, шегіршендермен сипатталады. Жайық өзенінің тартылып, тозып өзгеруінің бірінші себептері болып, толассыз су ағынының табиғи үрдістердің механикалық үрдістер түріндегі әсерінен болатын арнаның бұзылуы болып табылады. Оның жағымсыз салдары болып табылатындар: - арнаның лайлануы, өзеннің тайыздалуы мен оның гидрологиялық режимінің нашарлауына соқтыратын қайраңдардың пайда болуы;

- жағалаулардың иреңдері мен топырақты жерлерінің жеңіл механикалық құраммен шайылуы. Бұл өзеннің арнадан шығып және үлкен аумақты басып кетуіне қауіп туғызады. Бұдан басқа, Жайық өзенінің табиғи экожүйесінің бұзылуына оның су, өсімдіктер, жануарлар мен балық ресурстарын пайдаланатын шаруашылық қызметтері де өзіндік әсерін тигізеді. Елді мекен жерлердегі жағалай өзеннің жағалаулары мен су алатын алаңдарда, тасқын кезінде өзенге шайылатын қалдықтар төгіледі. Жайық бойында орналасқан үлкен қалалардың арналы тазалық құралғылары ескірген, қайта жаңғыртуды қажет етеді және арналық ағындарды

қажетті дәрежеде тазартуды қамтамасыз етпейді. Жайық өзенінің беткі суларының ластануының маңызды факторы өндірістік кәсіпорындарының қызметі, суалатын алаңдар аумағындағы ескіден бергі ластар, қалалық, және кенттік шайынды сулар болып табылады. Жайықтың жасыл желегі, орманды алқабы соңғы жылдары 8-10 есе азайып кетті. Егін тәуір шыққан жылдары 8-10 миллион тонна астық жиналады. Жыл сайын әр суы 1,2 миллион гектарға дейін шалғынды шайып өтеді. Өзен ондаған мың гектар еістікті суарады, жүздеген мың гектар жайылымға су шығарылады. Судың шамадан тыс ластануы өнеркәсіп қажеттіліктері үшін қолданғанда арта түседі. Өзеннің санитарлық қорғаныс аймағы заң бойынша анықталмаған. Соның салдарынан бұрын кеңестік заңда судың қорғаныс аймағы саналған өзен жағалауларының 65 пайызы жыртылып, егін алқабы ретінде пайдаланылып кеткен. Бұл өз кезегінде өзенге топырақтың көп құйылып, тайыздалуына себеп болып отыр. Бұл дегеніңіз-үлкен экологиялық апат. Ірі индустрия алыптары Жайық өзенінің тура ортасында орналасқан кеңес заңымен судың қорғаныс аймағы саналатын жерден құбыр желісі жүргізілген. Өткен ғасырдың 60-70 жылдары Орынбор газ конденсаты кен орны игеріле бастағанда экологиялық шараларды қоса жүргізуді қатаң талап еткен. Балық шаруашылығы аймағын, ортаңғы және төменгі сағада бекіре балығын өсіретін зауыт салу, өзге де жасылдандыру жұмыстары қатаң бақылаумен атқарылған. Ал Қазақстандық кен орнын игерушілерге мұндай экологиялық талаптар мүлде қойылмайды. Жайықтың Ресей жеріндегі жоғарғы ағысында төрт ірі су қоймасы бар. Орал қаласының қасындағы Аниськин көлінің дарияға қосылып кету қаупі бар. Ал бұл көлге 30 жыл бойы шаһардың сарқынды сулары мен өндірістік қалдықтары құйылып келген. – 90 жылдарға дейін мұнда лас сулар жинақталды. Олардың ішінде өндіріс орнының қалдықтары да бар. «Металлист», «Зенит», «Омега» секілді зауыттарда сол кезде металл өндеуде гальваника қолданылды. Олармен бірге мұнда хром, кадмий секілді ауыр металдар да ағып келеді. Былтыр көлден алынған сынамалар түрлі химиялық элементтердің шектен артық екенін көрсетті. Төңіректегі өсімдік әлемінің жұтап, балықтардың мутацияға ұшырауы да байқалады. **Қорытынды.** Жақында біз зерттеу және жағалауын тазалау мақсатында жұмыстарын жүргіздік. (3-сурет). Бұл жердегі ең бірінші мақсат – өзен аңғарының тарылу себебін анықтау. Біздің ойымызша жағалауды бекіту жұмыстары бір шақырым жарым, екі шақырым жерге бетонды құрылыстармен Жайық өзенінің жағасының шайылуын тоқтату керек. Жайық өзенінің экологиялық жағдайынның мәселесін көтеріп жүргенімізге бірнеше жылдың жүзі болды. Оның маңыздылығын алға тарта отырып, бүгінде Ресей және Қазақстан Үкіметтері және заң шығарушы органдары тарапынан нақты шешім қабылдауы тиіс деп ойлаймыз. Біздің көзіміз жеткен жері Жайық бойындағы табиғи байлықтың бәрін дұрыс пайдалану үшін Ресей мен Қазақстан қосылып, халықаралық комитет құру, сол комитетке мамандарды тоғыстырып, соларға белсенді жұмыс істеуге мүмкіндік беру. Онда су ресурстарының тиімді пайдаланылмауынан өзеннің таяздап кеткендігі айтылды. Сондықтан жағалауды нығайту жұмыстарын кешенді түрде қолға алу қажет.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абдыхалықов М; Нұрымгереев К. Ш; Махашова Д. М. – Каспий теңізі жағалауы маңындағы Жайық өзені атырабының жобалық аумағы. Астана. 2006 жыл.
2. Баймұқанов М. Т., Альпеисов Ш. – Жайық өзенінің ерекше қорғауға алынған аймағына қысқаша биологиялық сипаттама. Алматы. 2004 жыл. Балықшаруашылығының ғылыми - өндірістік орталығы.
3. Бейсенова Ә., Шілдебаев Ж. – «Экология» Алматы. «Мектеп» 2005. 87-93 бет

PECULIARITIES OF CULTURE AND LANGUAGE AND THEIR DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN

Dzhumagalieva Z., Shcherbakova I.

With the advancement of today's machinery and communication means, individuals, interethnic and intercultural communication there are no political or economic limitations. Therefore, the importance of mastering the language and culture of other people is increasingly important. Intercultural communication is a new discipline that is needed today for any field specialist.

This gives a detailed explanation of the importance of interacting and communicating among different cultures.

"People speak the same language, but they do not always understand each other. This is because of the peculiarities of cultures. "[1,25]

Stating that a developing and developed state has a common interest in language issues, the author strongly admits that the root of any nationwide ideology is closely linked to the language. The point is that the language tool is not only for formal transactions, but also in everyday communications, that is, public communication, and that is exactly what the public opinion represents.

Hence, language is not only a linkage but also a factor that plays an important role in intercultural communication, the preservation of uniqueness in multinational states.

It is a good step to bring the Kazakh scientific language to perfection

This article is of paramount importance for students, teachers of foreign, Russian and Kazakh languages, and even for every journalist-specialist, and for other professionals because it explains many readers with a variety of issues related to language, culture, and intercultural communication, explaining the features and meaning of the linguistic person speaking on behalf of a particular culture participating in the dialogue of cultures.

In the context of Kazakhstan's modern three-language language policy, its essence will be even greater, depending on the teaching of Kazakh, English and Russian languages. Because all issues raised in the article are related to teaching languages. Examples are taken from English and are compared to Russian and Kazakh. It can be used effectively when teaching the Kazakh language to representatives of other nationalities. For example, by giving an example of the English or Russian versions of the English language, or presenting the given material in the examples similar to those in the Kazakh language, you can suggest the meaning in Kazakh with the examples.

The benefits of comparing differences between three languages, seeing similarities and effectively learning the languages are observed. That is why the position is that education in a foreign language should be taught by learning the culture of the country (texts, examples, data, events, etc.) because the relations between the country and the people in different spheres continue to evolve, develop and expand on their own, despite the interstate barriers to both politics and the economy. All of this may be due to the growing importance of language and culture of other people as a result of close interactions of the modern world countries. In this regard, the term "intercultural communication" is also of great importance, becoming a key term. Interrelationships are mainly based on communication, and intercultural communication is a factor that does not require proof of personality

It is especially important for the students to learn the language as a foreign language, to develop students' understanding of cultural values of other countries, to respect their culture, and to promote intercultural communication.

Translation procedures to translate culturally-bound words or expressions

From the previous discussion, it is known that perfect translation of culturally-bound text is impossible. The translation focusing on the purpose of the SL text writing is, however, always possible, this can be proven with the translation of so many literary works into other English by Thomas M. Hunter. Hariyanto (1997) surveys both groups of SL and TL readers and comes up with the result saying that the readers get the same impressions in terms of the meaning, message and style.

Based on the result, Hariyanto (1999) studied further the appropriate procedures used to translate culturally-bound sentences, words, and expressions, the translator used addition, componential,

analysis, cultural equivalent, descriptive equivalent, literal translation, modulation, recognized translation, reduction, synonymy, transference, deletion, and combination. Some, however, are typically appropriate for certain classification of cultural words.

On the appropriateness of the procedures to translate culturally- bound words and expressions, these conclusions are taken.

The use of new translation with whatever procedure will make the readers may misinterpret, especially if they already have some degree of knowledge of the source language. Center or the people themselves has, of course, undergone a creation process of creation and acceptance. When something about language has been accepted, it means it is a convention: that is the heart of language or vocabulary.

The aim of this work is to illustrate in an organized form how the process on literary text translations indicates impact of polylingual education on development of a multicultural personality.

The **tasks** of the project are to reveal:

1. The difference between original texts and translation
2. The consequences of westemization of educating young generation
3. The importance of knowing the culture and traditions of the people

Significance: undoubtedly clear polylingual education is time requirement in the modern world of globalization. However, the rapid increase of English as global language has deep cultural implications. The evidence is the problems in transferring cultural and psychological features in translation.

« Rather than a process which leads to uniformity and homogeneity, globalization seems to create new, hybrid forms of culture and language: the results of global influences meeting local traditions, values and social contexts» [1,32]

Language does not coincide with tradition and customs of our society. As the result native culture has less of an impact on people or all advantage not rightly refused with all disadvantages.

Methods: comparative analysis, unstructured interview, case study, questionnaire.

Practical value: the paper submits recommendation on further improved and psychological sphere.

One of the most important aspects of the economic and social modernization in Kazakhstan's society is the language policy. The attention of the Leader of the Nation to this component of state policy is obvious and deserves the most careful study and analysis, since it is in our republic that a unique project, initiated by the Head of State, is being implemented - the trinity of languages.

In the modern world, multilingual and multicultural, the problem of conjugacy of languages, the search for effective and viable programs in the field of languages for the consolidation of societies is more urgent than ever. In this regard, the significance and relevance of multilingual education, which is the result of the introduction of the President's idea about the trinity of languages, is beyond doubt.

In his speeches and appeals, President Nursultan Abishevich Nazarbayev repeatedly spoke about the importance and significance of the development of multilingualism for a multinational Kazakhstan society. The President for the first time voiced the idea of the trinity of languages in Kazakhstan back in 2004, subsequently returning several times to it. Thus, in October 2006, at the XII session of the Assembly of People of Kazakhstan, the Head of State reiterated that knowledge of at least three languages is important for the future of our children. And already in 2007, in the Message to the People of Kazakhstan "New Kazakhstan in the New World", the Head of State proposed to start the phased implementation of the "Trinity of Languages" cultural project. It is from this moment that the reading of a new language policy of independent Kazakhstan begins, which today can serve as an example for other countries of the world in terms of its popularity in society and its level of efficiency. Having harmoniously entered the process of the people's spiritual development, language policy is inseparable from the general policy of large-scale social modernization. The President believes that for the success of

modernization it is very important that every citizen be useful to their Fatherland. Modernization is needed for all Kazakhstanis. Only with this understanding can a broad public consensus and success be achieved [2].

“Kazakhstan should be perceived throughout the world as a highly educated country,” the President repeatedly stressed, “whose population uses three languages. These are: the Kazakh language is the state language, Russian is the language of international communication, and English is the language of successful integration into the global economy” [3]. For Kazakhstan people, the idea of the trinity of languages is especially important, since it was formulated by the Head of State as a response to the challenge of time, as a solution to the vital needs of a society actively integrating into the global world.

The integration of Kazakhstan into the world community today depends on the realization and realization of simple truth: the world is open to anyone who can master new knowledge through mastering dominant languages. Thanks to the initiative of the President, our state has begun to implement the concept of multilingualism in education, because it is the multilingualism that will strengthen the competitiveness of Kazakhstan. The modern language situation in Kazakhstan allows us to speak of the trinity of languages as an essential factor in strengthening social harmony. The diversity of cultures and languages, their equal coexistence are the absolute property of our country, and the ongoing language policy both ensures the observance of the linguistic rights of all ethnic groups and provides a free choice of language for communication, education, and implementation of creative needs. The positive development of polylinguism for the Kazakhstan community is possible under the condition of a single political, ideological, cultural platform.

In order to create an innovative, multilingual education model, the number of schools providing education in three languages will increase from 33 to 700, including the number of schools of the Nazarbayev Intellectual Schools network expanding from 6 to 20. These schools will become the basic platforms for testing a multilingual education model. , innovation in education " [4];

The younger generation has a great contribution to the creation of a competitive state that the Head of State has set. At present, foreign language teaching is at the forefront of higher education. One of them is the high level of knowledge of a foreign language at the Zhakhansha Dosmukhamedov Higher Pedagogical College in Uralsk. Our college has the opportunity to learn more than just three languages and keep abreast of it. We learn German together with English. Knowledge of another language has become our main goal. In today's developed world, the requirement for language is at the top stage. The state of Kazakhstan is developing from day to day. Significance is the key to knowledge of linguistics. And a lot of people know the language. It is evident that learning another language and mastering it is primarily a factor in international relations. Language - develops and develops with the people. Our President N.A. Nazarbayev said: "Every Kazakh person should master three languages. Until 2020, the number of people with English proficiency should be increased ". [6] From the threshold of school, it is a privilege to teach English in higher education institutions. The growing role of the English language in Kazakhstan plays an important part in the implementation of the state programme. Learning the language is no harm, but it is profitable. We need to know our native language. And in order to admit that our country has a high degree of standing before another state, we must study several languages.

References

1. Graddol D. The future of English. Graddol D. - London: The British Council, 1997.
2. Nazarbayev N.A. Address by the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbaev to the people of Kazakhstan [3] / Nazarbaev N.A. socio-Economic Modernization as the main Vector of Development of Kazakhstan, January 27, 2012-p.3.
3. Nazarbayev N.A. New Kazakhstan in the new world // Kazakhstanskaya Pravda. - No. 33-2007. – March.

МОДУЛЬМЕН БЕРІЛГЕН ТЕҢДЕУЛЕРДІ ТИІМДІ ТӘСІЛМЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Жарасова.А.Т-2 курс студенті

Мамандығы: 0111000- Негізгі орта білім

Біліктілігі: 0111063 – Математика мұғалімі

Жетекшісі : Жұматова.М.С. жоғары санатты математика пәні оқытушысы
Орал қаласы , Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі
Зерттеу өзектілігі.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы 2007жылы 1-наурызда «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халқына арналған жолдауының IV бөлімінде былай дейді, - «Бәсекелеске қабілеттілік - Қазақстанның әлемдік экономика мен қоғамдастыққа табысты кірігуінің кілті

Сондықтан мектепте математикалық білімді оқушыларға терең меңгерту үшін жаңа педагогикалық оқыту технологияларын тиімді пайдалануды талап етеді.

Оқулықта берілген тапсырмаларды шешудің әдіс-тәсілдерін меңгергенімен, стандартты емес есептерді практикада қолдану,балаларға меңгерте білулері қиын мәселенің бірі. Сондықтанда мен баяндамамды қиындық тудыратын салу есептерін алып отырмын.

Зерттеу мақсаты:

- Оқушылар математика пәнінен алған теориялық білімдерін практикада тиімді пайдалана білу үшін оқытудың оңтайлы жолдарын қарастыру;

- Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту, білім, білік дағдыларын жетілдіру.Теңдеу, теңсіздіктерді шешу барысында математикалық терминдер мен символдарды дұрыс, сауатты қолдана білу мәдениетін дамыту

- Оқушылардың математикалық білімінің жоғарлауы.Қиындығы жоғары есептер шығару арқылы шығармашылық жұмыстану деңгейінің жоғарлауы.

Практикалық маңыздылығы.

Модульмен берілген теңдеулер және теңсіздіктерді шешуді үйрену, оның тиімді тәсілдерін таңдай білуге машықтандыру. Шешу тәсілін таңдау барысында оқушылардың белсенділігін арттыру.

Зерттеудің ғылыми жаңалылығы:

- математиканы оқыту технолгиясына негізделген;

- дамыта оқыту технолгиясы бойынша тапсырмаларды орындауда оқушылардың іс-әрекеттері мен қолдану әдістері өңделген;

- дидактикалық материалдар талапқа сай жасақталынған;.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы :

- модульмен берілген тапсырманың анықтылығы;

- дамыта оқыту технологиясын қолданғанда мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеттерінің мазмұнының анықтылығы.

Модуль белгісін 1841 жылы неміс математигі Карл Вейерштрасс (1815-1897) енгізген. Модуль латынның modules – “өлшем”, “шама” деген сөзінен алынған. Яғни теріс емес шама. Ал, геометриялық мағынасы: өрнегінің мәні – О нүктеден а санын кескіндейтін нүктеге дейінгі аралықтың өлшемі.

«Модуль таңбасымен берілген теңдеулер мен теңсіздіктерді тиімді тәсілмен шешу» оқушылардың теориялық білімін нығайтып, математикалық заңдылықтарды терең біліп, дәлелдей алуға ,өздігінен іздендіру арқылы шығармашылық дамуын шыңдау мақсатында құрылған.Оқушылар күрделі модуль таңбасы бар теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу, модульді пайдаланып иррационал теңдеулерді шешуге, модуль таңбалары бар тригонометриялық және квадраттық функциялардың графиктерін тұрғызу арқылы математикадан терең білім алуға мүмкіндігі мол.

Модуль таңбалары бар теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде ең қарапайым әрі сенімді әдіс модуль анықтамасына сүйеніп, модуль жақшаларын ашу болып саналады. Осылайша бірнеше модуль жақшалары бар теңдеулерді шешуді қарастырамыз.

Математикадан қолданбалы таңдау курсында санның модулі туралы ұғым және оның қасиеттерін пайдаланып , модуль таңбасы бар теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуді таңдап алдым.Себебі Ұлттық бірыңғай тесттерде математикадан берілетін есептер ішінде

модуль таңбасы бар теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуге көптеп кездеседі. Бірақ бұл тақырыптың есептерін шешуге мектеп бағдарламасында сағат бөлінбеген. Сондықтан модуль таңбасы бар теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудегі оқушылардың білімдері саяз болғандықтан ондай есептерді шешуде қиындыққа кездеседі. Есептердің мазмұны, оқулықтағы және ҰБТ –дағы есептер. Есептердің шығарылу жолдары алдымен әртүрлі тәсілдермен көрсетіліп, ал қалған есептерді оқушылардың өздерінің тиімді тәсілді таңдап алуына баса назар аударылады. Шешімдерді іздеудің математикалық методтарын, логикалық пайымдаулардың, математикалық модельдердің, адекваттылық мәселелерін оқушылар меңгеріп алуларына зор көңіл бөлінеді.

Модуль белгісінің астында айнымалы шама болатын теңдеулерді шешудің жолдары

1. Модульдің геометриялық мағынасын пайдалану

2. Графигтік әдіс

3. Анықтама бойынша модульді ашу

Модуль таңбасымен берілген теңдеуді шешуде модульдің геометриялық мағынасын пайдалану. Модуль таңбасымен берілген теңдеуді шешуде модульдің геометриялық мағынасын пайдалану.

Мысалы;

$$|x - x^2 - 1| = |2x - 3 - x^2|$$

Екі жағын квадраттаймыз.

$$(x - x^2 - 1)^2 = (2x - 3 - x^2)^2$$

$$(x - x^2 - 1)^2 - (2x - 3 - x^2)^2 = 0$$

$$(x - x^2 - 1 - 2x + 3 + x^2)(x - x^2 - 1 + 2x - 3 - x^2) = 0$$

$$(2 - x)(-2x^2 + 3x - 4) = 0$$

$$2 - x = 0$$

$$-2x^2 + 3x - 4 = 0$$

Жауабы: $x=2$

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Т.А.Алдамұратова, Т.С.Байшоланов «Математика-6» Алматы «Атамұра» 2006 ИБ №064
2. Е.Ж.Айдос, Т.О.Балықбаев «Математика-жоғары оқу орнына түсушілерге арналған» Алматы-2006
3. В.А.Гусев, А.Г.Мордкович «Математика» Алматы «Ана тілі» 1993 ж.

СТУДЕНТТЕРДІ КӨПТІЛДІЛІК НЕГІЗІНДЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ҮЙРЕТУ

Жамбылова Нұрбақыт Құрметқызы, Ғылыми жетекшісі - А.А.Жолдасова

Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі

Зерттеудің мақсаты: студенттерді көптілділік негізінде мәдениетаралық қарым – қатынасқа үйретуде лингвоелтанымдық ақпаратты қолдану әдістемесін негіздеу және оның тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеу.

Зерттеудің міндеті: «мәдениет», «қарым – қатынас», «лингвоелтаным», «көптілділік», «ақпарат» ұғымдарының мәнін анықтау.

- мәдениетаралық қарым – қатынастың лингвистикалық, психологиялық ерекшеліктерін анықтау;
- студенттерге мәдениетаралық қатынасты үйретуде қолданылатын лингвоелтаным ақпаратқа сипаттама беру;
- лингвоелтанымдық ақпаратты қолдану жолдарын көрсетіп, әдістемелік моделін жасау.

Зерттеудің гипотезасы: егер оқыту мәдениетаралық қарым – қатынас теориясының заңдылықтары мен таным процесін ескеріп жүргізілсе, мәдениетаралық қатынасқа оқыту бірлігі ретінде лингвоелтанымдық ақпарат ерекшеліктері ескерілсе, мәдениетаралық қарым – қатынасты ортақ мақсатқа бағытталған процесс деп қарастырса екі елдің лингвоелтанымдық ақпараттары негізінде студенттерді мәдениетаралық қарым – қатынасқа үйрету тиімді болады.

Зерттеудің әдістері:

- зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми – әдістемелік әдебиеттерді оқу, талдау;
- салыстырмалы, жүйелі талдау;
- оқу процесін бақылау және саралау;
- эксперименттік – тәжірибелік жұмыс жүргізу.

Қазақстан өз алдына егемендік алғаннан бері болып жатқан өзгерістер білім беру саласын да айналып өткен жоқ. Оның бір көрінісі қазіргі таңдағы орта және жоғары оқу орындарының оқу бағдарламалары мен жоспарларының да өзгеруіне ықпал етті. Ол үшін бұрынғы оқыту тәсілдері мен қазіргі оқыту тәсілдерін салыстыру қажет болады. Себебі бірнеше мәдениет тоғысында өмір сүріп жатқан қазақстандықтар үшін басты құндылық – татулық, өзара сыйластық, бірлік.

Шетел тілін оқытудың негізгі және басты мақсаты – қарым – қатынас болып табылады. Біз студенттерді қарым – қатынас жасауға үйретуіміз керек.

Көптілділік, мультилингвизм, полилингвизм – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір [әлеуметтік ортада](#), мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік.

Қарым – қатынас – бұл белгілі бір мақсатқа бағытталған немесе сол мақсатқа жетудегі ақпарат алмасу ғана емес, осы процеске қатысушылардың іс – әрекеті. Оқытудың негізгі мақсатына жетудің өзі студенттердің бойында мәдениетаралық қарым – қатынасты қалыптастыруда жатыр. Шет тілін оқытуға арналған әрбір сабақ - мәдениеттер тоғысы, мәдениетаралық қарым – қатынас тәжірибесі. Өйткені шет тіліндегі әрбір лексема шетел әлемін бейнелейді және шетел мәдениетін танытады: әрбір сөздің лексикалық мағынасы ұлттық санада қалыптасқан (егерде шетелдік сөзі қолданылған болса) ұғым – түсінікті бейнелейді. Шет тілдерін оқытудағы ауқымды өзгерістер, шет тілін оқыпүйренуге деген ықыластың артуы - осы пәнге деген көзқарастың түбегейлі өзгеруіне алып келді. Мұның негізі әлеуметтік-тарихи себептермен байланысты екені айтпаса да түсінікті. Жаңа заман, жаңа талап шет тілдерін оқытудың методологиялық базасына, сондай-ақ нақты оқыту әдіс-тәсілдеріне жедел әрі түбегейлі өзгерістер енгізуді қажет етті.

Сондықтан, әрбір тілді үйренушілер тек қана жаңа жүйемен емес, сондай – ақ басқа елдің мәдениетіне тән үлкен ерекшелікке жолығады.. Мәдениетаралық қарым – қатынас – ұлттар мен мәдениеттер арасындағы өзара байланысты түсіну болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, мәдениетаралық қарым – қатынасқа үйрету – жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін меңгеру, басқа мәдениет өкілдерінің әрекеттері мен сөздерін түсіне білу.

Ол үшін өз мәдениеті мен басқа мәдениетті салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көре білу. Екі мәдениет өкілі арасында белгілі бір дәрежеде қиындықтар болуы мүмкін. Ол әрине, тілдегі ерекшеліктер ғана емес, сонымен қатар, мәдениетке де байланысты болып келеді. Мысалы: Италияндық отбасы чернобылдық баланы асырап алды делік.Түнде Римдегі Украина елшілігіне телефон соғылады. Телефондағы әйел көмек сұрайды. Ол баланың ұйықтамай жатқанын, айқайлап көршілердің мазасын алып жатқанын айтып, тезірек келуін сұрайды. Оқиға орнына аудармашы мен елшілік машинасы келеді. Байғұс бала ұйқысының келіп тұрғанын және олар оған көйлек кигізіп қойғанын айтады. Ұйқыға жату бала үшін «шешіну» дегенді

білдіреді. Себебі, оның мәдениетінде «ұйқыға жатарда қиетін көйлек» деген болмаған. Осындай мәдениетаралық сәйкессіздік екі ұлт өкілінің арасындағы түсініспеушілікке әкеліп соғады. «Тіпті адамдар бір тілде сөйлесіп жүріп, әрқашан бір – бірін дұрыс түсіне бермейді, оған себеп мәдениеттің сәйкессіздігі» деп көрсетеді Е.М. Верещагин.

Қоғам дамуы, оның басқа елдермен саяси және басқа байланыстары шетел тілін оқытудың мақсатын анықтап берді. Шетел тілін мәдениетаралық қарым – қатынас барысында үйрену студентті сабақ барысында ұшырасатын жат әлемді жақсырақ түсінеуге төселдіруі қажет. Осы қарым – қатынас барысында студенттер өз әлемін, тілін өзге әлеммен салыстыруға, оның маңыздылығы туралы ойлануға және соған бейімделуге тырысады. Оқып – үйреніп жүрген тілдің сол елдің мәдениетін білмей, оны үйренбей, сол тілде қарым – қатынас біліктілігіне қол жеткізу мүмкін емес. Басқа тілді қоғамда, ортада өз орнын таба білу үшін сол елдің тілін ғана меңгеру аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де меңгеру қажет.

Сондай – ақ студенттер жаңа шығармашылық іс – әрекетке, жаңа ақпараттық технологияларды үйренуге, жеке тұлғалық және мәдениетаралық қарым – қатынасқа, қарама – қайшылықтарды болдырмауға және оларды шешуге икемді болуы қажет. Мұның барлығы лингвоелтанымдық ақпаратты қолдану барысында мүмкін болады. **Лингвоелтанымдық ақпарат** – тілін оқып жатқан ел мол деректер алуға мүмкіндік береді. Лингвоелтанымдық ақпарат – сол елге тән елтанымдық ақпаратпен жұмыс жасауға және оларды білім, білік, дағдыға үйретуге ықпал етеді. Сонымен қатар лингвоелтанымдық ақпараттар студенттердің қызығушылықтарын оятады, оларды алдарына мақсат қоюға үйретеді және оқыту процесінің нәтижелілігін көрсетуге септігін тигізеді. Сондықтан мәдениетаралық қарым – қатынасқа үйретуде лингвоелтанымдық ақпараттарды ескерген жөн.

Студенттерді мәдениетаралық қарым – қатынасқа үйретуде лингвоелтанымдық ақпараттарды қолдану әдістемесінің үлгісі

Тілін оқып жатқан елдің мәдениетімен танысу ежелден келе жатқан басты міндеттердің бірі. XIX ғасырдың аяғында тілдерді оқыту мәселесінде бірінші орнда ауызша сөзбен бірге тілін оқып жатқан елдің реалилерімен танысу мәселесі де тұрды. Тіл мен мәдениетті бір мезгілде оқыту кездейсоқтық емес, себебі бұл елтану элементтерін тілдік құбылыстармен бірге оқыту тек қана қарым – қатынас құралы емес, сондай – ақ бұл жаңа шынайылықпен танысу болып табылады. Орасан зор тілдік емес ақпараттарды меңгеру тілін оқып жатқан елмен, оның тарихымен, қоғамдық саяси және экономикалық өмірімен, мәдениетімен, ғылымымен, тұрмыстық ерекшеліктерімен танысуға мол мүмкіндік береді. Яғни, лингвоелтаным шетел тіліне оқытудың мақсатты қызметін атқарады деген сөз. Атақты неміс әдіскері Макс Вальтер және онымен қоса Фиеторды шетел тіліне оқытудың реформасының негізін салушылар деп есептейді. Оның 100 жылдық тарихы бар еңбектерінде шетел тілін оқыту мәдениетпен байланысты жүруі тиіс деген негізгі ой айтылған. 1983 жылы Вена қаласында өткен диалог емес ғалымдар съезінде өзге ұлт жайлы ақпараттар қамтылған оқу мәтіндерін жасау жайлы ұсыныс болды. Осыны негізге ала отырып, біздің ғасырымыздың 20 – шы жылдарында А. Боленнің әдістемелік мектебі тілін үйреніп жатқан елдің мәдениетін оқытудың теориясы мен практикасын негіздеп шығарды. «Landeskunde» термині Болен атымен тығыз байланысты және бұл ұғым шетел тіліне оқытудың барысында оның құрамдас бөлігі болып табылады.

Қорытынды

Қазіргі замандағы қоғамның талабына сай өзге тілдерді оқып – үйрену – адам білімінің тек ағартушы тәрбиелік компоненті ретінде ғана қарастырылып қоймай, адамның кәсіби және жеке тұлғалық тұрғыдан қоғамда лайықты орын алуға ұмтылысын да қарастырады. Көптілділік пен халықаралық қатынастардың да кеңеюінің нәтижесінде және халықаралық байланыстардың даму жағдайында әртүрлі тілде ақпарат алмасу кеңінен жолға қойылып отырғандығы мәдениетаралық қарым – қатынастың Қазақстан сияқты дамушы елдегі маңыздылығын көрсетеді. Сондықтан әрбір тілді үйренушілер тек қана

жаңа жүйемен емес, сондай – ақ басқа елдің мәдениетіне тән үлкен ерекшелікке жолығады. Зерттеуші ғалым Г.Д.Томахин былай дейді: «Лингвоелтаным өзінің алдына мынандай мақсат қояды. Халықтың мәдениетінің ерекшеліктерін, тіл иесінің және оны қоршаған әлемнің өзгешеліктерін айқын анықтайтын тілдік бірліктерді оқытады». Автордың ойымен толықтай келісуге болады. Тілін үйреніп жатқан елдің мәдениетіне тән ерекшеліктерді анық көрсететін тілдік бірліктерді оқу мен оларды арнайы жинақтау қажет, себебі оларды біздің түсінуімізге қиындық тудырады, бұл тіпті кітап оқығанда, кино көргенде және шетелдіктермен қарым – қатынасқа түскенде де байқалады. Қазіргі таңда лингвоелтанымдық ақпараттарды кез – келген жерден алуға мол мүмкіндіктер бар: теледидар хабарларында, ағылшын тілі сабақтарынан, радиобағдарлардан, газет – журнал материалдарынан және т.б. Мәдени минимумды оқыту үшін қандай материалдар таңдап алынған жөн деген сұрақ туындайды. Бриттанның периодикалық басылымдары: “British Studies”, “Practical English Teaching”, “Forum”, “Teaching Cultural Literacy to Foreign – Language Students”.

Ал осы аталған лингвоелтанымдық ақпараттарға студенттерді қалай қатыстыруға болады? Мұнда тек қана лекция оқып немесе семинар сабақтарын ғана жүргізіп қоймай, үйренушілердің белсенділігін арттыру үшін жұптық және топтық жұмыстар, жоба жұмыстарын т.б. жүргізуге болады. Бұл жердегі мұғалімнің басты мақсаты – лингвоелтанымдық ақпараттармен жұмыс жасаудың тиімді әдіс – тәсілдерін табу болып саналады. Мысалы, сұрақ – жауап, тест, географиялық картамен жұмыс, прагма – профессионалдық жағдайлар, мақал – мәтелдермен жұмыс, елдің символдары туралы әңгіме және сол ел туралы видеофильм.

«Лингвоелтаным» ұғымы – бұл бір жағынан тілді оқыту болса, ал екінші жағынан тілін оқып жатқан ел туралы нақты мағлұмат береді. Себебі, негізгі объектісі – ел емес, тіл иелерінің білімдері, яғни жалпылама айтқанда олардың мәдениеті. Лингвоелтанымның басты мақсаты – мәдениетаралық қарым – қатынас актісінде коммуникативтік белсенділікті қамтамасыз ету, ең алдымен шынайы тілдік мәтіндер мен серіктестің әңгімесі.

Лингвоелтанымдық ақпараттарды қолдана отырып іске асқан шетел тілі сабақтары мақсатқа бағытталған болуы шарт, сонда ғана ол оқытудың практикалық мақсатына қол жеткізуге ықпал етеді. Мұғалімнің лингвоелтанымдық ақпараттарды жинақтауы – студенттерге жақсы шетелдік біліммен қарулануға мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде студенттерге басқа мәдениет өкілімен еркін қарым – қатынасқа түсуге ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Фурманова В.П. Межкультурная коммуникация и лингвокультуроведение в теории и практике обучения иностранному языку – автореф. 1993.
- 2.Тер – Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. М.,2004.
- 3.Щубин Э.П. Языковая коммуникация и обучение иностранному языку. М., 1972.

СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ ЖОЛДАРЫ

Жасұланова.М.А-2 курс студенті

Мамандығы:0111000- Негізгі орта білім

Біліктілігі: 0111063 – Математика мұғалімі

Жетекшісі : Жұматова.М.С. жоғары санатты математика пәні оқытушысы

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі

Зерттеу өзектілігі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті

жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген.

Сондықтан мектепте математикалық білімді оқушыларға терең меңгерту үшін жаңа педагогикалық оқыту технологияларын тиімді пайдалануды талап етеді.

Оқулықта берілген тапсырмаларды шешудің әдіс-тәсілдерін меңгергенімен, стандартты емес есептерді практикада қолдану, балаларға меңгерте білулері қиын мәселенің бірі. Сондықтан мен баяндамамды қиындық тудыратын салу есептерін алып отырмын.

Зерттеу мақсаты:

- Оқушылар математика пәнінен алған теориялық білімдерін практикада тиімді пайдалана білу үшін оқытудың оңтайлы жолдарын қарастыру;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен ойлау қабілеттерін дамыту
- оқушылардың дүниетанымдық, интеллектуалдық дамуын қалыптастыру.

Практикалық маңыздылығы.

Мемлекетіміздің ғылым мен өндіріс, білім беру жүйесіндегі математика техникалық мамандықтарға сұранысына сәйкес, алғашқы математикалық сауаттылығын тиянақты қалыптастыру, болашақ мамандық таңдауға бағыт беру.

Зерттеудің ғылыми жаңалылығы:

- математиканы оқыту сыни тұрғысынан оқыту технологиясына негізделген;
- дамыта оқыту технологиясы бойынша тапсырмаларды орындауда оқушылардың іс-әрекеттері мен қолдану әдістері өңделген;
- дидактикалық материалдар талапқа сай жасақталынған;
- салу есептерінің шығару жолдары көрсетілген түрлері дайындалған.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы :

- стандартты емес есептерге берілген тапсырманың анықтылығы;
- дамыта оқыту технологиясын қолданғанда мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеттерінің мазмұнының анықтылығы.

Стандартты емес есептерді шешу қазіргі уақытта орта мектептердің негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың жан жақты ойлау қабілетін жақсарту және пәнге деген қызығушылығын ояту, пәнге деген қызықты ақпаратпен қамтамасыз ету. Оқушылардың математикалық ой өрісінің дамуы тек формуламен ғана емес, стандартты емес есептерді шығара білуінен анықталады және ол есептерді көптеп қарастырған сайын білімі нығая бермек. Демек, оқушылардың математикаға деген ойлау қабілеттерін арттыру үшін ең қызықты немесе стандартты емес есептерді шығарту керек. Стандартты емес есептерді шешу ойлаудың ең биігі мен ұшқырлығын қажет етеді. ХХІ ғасыр оқушысының мүмкіндігі мол. Әр бала жеке дара және өзінше қабілетті. Стандартты емес есептердің тағы бір түрі салу есептері. Геометриялық фигураларды сызғышпен циркульдің көмегімен салу өнері Ежелгі Грецияда жоғары дәрежеде дамыған. Берілген үш шеңберді жанайтын шеңбер салу, сол кездегі салу есептерінің ең қиыны болып саналатын есепті орындады. Бұл есеп атақты грек геометрі Аполлон есімімен «Аполлон есебі» деп аталады (біздің эрамызға дейін 260—170 жылдар).

Бірақ ежелгі грек геометрлері тек циркуль мен сызғышты пайдаланып, дөңгелекке тең шамалы шаршыны, кез келген бұрышты тең үш бөлікке бөлуді, берілген текшеден көлемі екі есе үлкен текшені салу есептерін орындай алмады.

Осы үш салу есебінің нақты шешуін табу жүздеген жылдар бойы ғалымдар назарында болды. Бұл есептерді циркуль мен сызғыштың көмегімен емес, алгебралық тәсілмен есептелетіні 18 ғасырдың ортасында ғана дәлелденді. Бұл тұжырым бізге математиканың біртұтастығын айқындайды.

Есепті салу арқылы шешу – берілген фигура және оның элементтерінің арасындағы тәуелділіктер бойынша ізделінді геометриялық фигураны салу.

Салу есептерін шешкен кезде «бұл есепті шешу үшін қандай талаптарға жүгінген жөн?» деген сұрақтар туады. Бұл сұраққа жауап табу үшін біз кейбір жоспарларға, яғни есеп

шешу схемасына жүгінеміз. Салу есебін шешу схемасы әр түрлі болуы мүмкін. Олардың біреуін таңдау есептің мазмұнына және есепті шешудің әдістеріне байланысты болады. Мектеп бағдарламасында салу есебін шешуде көбіне төрт этапты шешу схемасы қолданылады. Ол анализден, салудан, дәлелдеуден, және зерттеуден тұрады. Оқушылар салу есептерін шешу кезінде көптеген қиыншылықтарға тап болады. Солардың бірі салу есептерін шешудің схемаларын дұрыс қолдану. Есепті шешудің мәнісі фигураны салуда емес, оны қалай салуға болатынын айтып, тиісті дәлелдеу жүргізуде. Салу кезеңінде әрбір элементар салуды сөйлемдер арқылы қадамдарға бөліп жазып, алгоритм жазуға дағдыландыру келешекте программалау дағдыларын, алгоритмдік мәдениетін қалыптастырады. Тапсырмалар мұғалім қызметі мен оқушының іс әрекетін нақтылай отыра нәтижеге бағытталған білім мазмұнының жобасына сәйкес алынды.

Мысалдар қарастырып көрейік:

1– мысал Шеңбер берілген. Осы шеңберден ауданы 10 есе болатын шеңберді салыңыздар.

Оқушы осы тапсырманы орындау үшін нақты жағдайды суреттейді.

- шеңбер элементтерін анықтайды;
- аудан ұғымын еске түсереді;
- Пифагор теоремасын қолданады;
- тік бұрышты үшбырыштардың қабырғаларының арасындағы қарым қатынасты анықтайды.

Салу жолы:

Катеттерінің ұзындығы $3R$ және R радиусқа тең тікбұрышты үшбұрыштың гипотенузасы ауданы 10 есе үлкен шеңбердің радиусы болатындығын анықтайды. Яғни ізделінді

шеңбердің радиусы $R' = (3R)^2 + R^2 = 10R^2$ болса, ауданы

$$S = \pi 10R^2$$

2 – мысал

Жарты шеңбер берілген. Оның диаметрінің бойында бір – бірімен жанасатын екі тең жарты шеңбер салынған. Үш шеңбермен де жанасатын шеңбер салыңдар.



Салу жолы: Үш шеңбермен де жанасатын шеңберді

алгебралық жолмен есептеп саламыз, сондықтан берілген шеңбердің, ал деп ізделінді шеңбердің алайық,


$$\triangle COB : BC^2 = OC^2 + OB^2,$$

Сонда ізделінді шеңбердің радиусы

$$\left(\frac{R}{2} + r\right)^2 = (R - r)^2 + \left(\frac{R}{2}\right)^2 \quad CD = r = \frac{R}{3}$$



$OK = R$
 $CD = r$ радиусы деп белгілеп



Қолданылған әдебиеттер:

1. А.Б Василевский «Методы Решения Геометрических задач» Издательства «Вышэйшая школа» Минск 1969
2. Квант №3 1972 Научно-Популярный Физико-Математический журнал. Академии наук СССР и академии педогогических наук СССР Главный редактор академик И. К. Кикоин
3. Квант Научно-Популярный Физико-Математический журнал. Главный редактор академик И. К. Кикоин №10 1973

**ПОЛИАЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ-ВАЖНЕЙШАЯ СТРАТЕГИЯ РАЗВИТИЯ
КАЗАХСТАНА**

**Логашкина Виктория Евгеньевна, Ғылыми жетекшісі- Даумшар Нурлыгул
Тастемировна**

Ж.Досмухамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж

"Для современного казахстанца владение трём языками - это обязательное условие собственного благополучия" Н. А. Назарбаев

а) Введение

Полиязычие как важное направление развития человечества осознавалось давно. Сегодня невозможно представить себе, что где-то ещё существуют страны, люди которых владели бы только одним языком.

И в реальности нет цивилизованных государств, где жила бы только одна нация. Для нормального функционирования любого многонационального государства весьма существенно формирование трёхязычия и полиязычия.

Важнейшей стратегической задачей образования Казахстана является, с одной стороны, сохранение лучших казахстанских образовательных традиций, с другой, обеспечение выпускников колледжей международными квалификационными качествами, развитие их лингвистического сознания, в основе которого – овладение государственным, родным и иностранными языками.

В Казахстане уделяется очень большое внимание изучению языков народов, населяющих эту страну. Здесь казахский язык является государственным, а русский язык – язык межнационального общения. Если учесть, что обучение осуществляется на государственном, казахском, и языке межнационального общения, русском языках в школах, колледжах и вузах, а в учебных планах всех учебных заведений предусмотрено изучение, кроме русского, и английского языка, то можно говорить, что в Казахстане уже сформировалась трёхязычная ситуация и имеется тенденция полиязычного образования.

б) Основная часть

Великий казахский поэт, писатель, философ Абай Кунанбаев в свое время призывал казахов изучать русский язык. Он понимал, что через русский язык и русскую культуру казахский народ сможет приобщиться к мировой литературе. Сейчас перед нами стоят новые задачи: развивая родной язык и культуру, мы должны формировать полиязычную личность. В своих выступлениях и обращениях Президент страны Н. А. Назарбаев неоднократно говорил о важности и значимости развития полиязычия для многонационального казахстанского общества. Идею триединства языков в Казахстане Президент впервые озвучил ещё в 2004 г., впоследствии неоднократно к ней возвращаясь. В Послании народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» Глава государства предложил начать поэтапную реализацию культурного проекта «Триединство языков». Именно с этого момента и начинается отсчёт новой языковой политики независимого Казахстана, которая сегодня может служить примером для других стран мира по степени популярности в обществе и уровню своей эффективности. В «Стратегии трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации» Н. Назарбаев подчеркнул, что «...Казахстан уникален и силен своей многонациональностью. а. Евразийские корни народов Казахстана позволяют соединить восточные, азиатские, западные, европейские потоки и создать уникальный казахстанский вариант развития поликультурности» . Проблема полиязычного образования занимает одно из центральных мест в образовательной практике большинства стран, где проживают представители разных этнических и конфессиональных групп, носители разных культурных традиций. Полиязычие – это веление времени, оно поможет разрешить такую проблему, как согласие и взаимопонимание между людьми, а степень владения языками – один из его основных критериев. Целью образования на современном этапе становятся не просто знания, но и формирование таких ключевых компетенций, как полиязычие, евразийская поликультурность, коммуникативность и технократичность, которые должны вооружить молодежь для дальнейшей жизни в обществе. Резолюция ЮНЕСКО, принятая Генеральной конференцией в 1999 г., утвердила термин «полиязычное образование»,

означающий использование, по меньшей мере, трех языков, а именно родного языка, регионального или национального языка и международного языка в образовании. Поэтому в нашей стране наряду с казахским языком, имеющим статус государственного, и русским языком межнационального общения, важным средством, обеспечивающим умение взаимодействовать с представителями различных культур, выступает английский язык. Полиязычная личность всегда будет востребована в любом обществе. Это говорит о его конкурентоспособности в современном обществе. Поэтому формирование полиязычной личности является одной из наиболее актуальных проблем современной системы образования Казахстана. 3

знание языков полезно не только для отдельных личностей, но и для всего общества. Реалии нашей современности все больше убеждают нас в необходимости овладения уже в школьных стенах казахским, русским и одним из иностранных языков.

с) Заключительная часть

Я учусь в группе с русским языком обучения на факультете английского языка и при этом все мы владеем разговорным казахским языком. Считаю нашу группу полиязычной, так как кроме родного мы изучаем другие языки. Наши студенты представители разных национальностей, но мы как будущие языковеды стараемся узнать больше и получить качественные знания. Есть такое высказывание: «Чем больше ты знаешь языков, тем больше в тебе личностей». Так вот я считаю что изучение разных языков расширяет наш кругозор, позволяет узнать культуру и жизнь других народов. В этом и есть, я думаю, залог формирования высокообразованной нации. Для достижения этих целей в нашем колледже введена обновленная программа образования, проводятся различные тренинги и мероприятия в которых мы стараемся принимать активное участие. У современной молодежи очень много возможностей для саморазвития. Для школ разработана программа трехязычия. Считаю, что никогда не поздно овладеть иностранным языком и повысить свой уровень образования. Безусловно это очень пригодится в жизни, большой багаж знаний станет фундаментом надежного и стабильного будущего. Владение казахским, русским и иностранным языками становится в современном обществе неотъемлемым компонентом личной и профессиональной деятельности человека. Все это в целом вызывает потребность в большом количестве граждан, практически и профессионально владеющих несколькими языками и получающих в связи с этим реальные шансы занять в обществе более престижное как в социальном, так и в профессиональном отношении положение. Я уверена, что разумное, грамотное и правильное внедрение трёхязычия даст возможность выпускникам наших школ быть коммуникативно-адаптированными в любой среде.

Список литературы

- 1 Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире / Казахстанская правда. № 33— 2007.
2. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. — 2012. — № 218
3. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы

С.ТЕР-МИНАСОВАНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ

Мақсотова Назерке Хусайынқызы, **Ғылыми жетекшісі:** Мұхтарова Шолпан Еркебаевна
Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі

Кіріспе бөлім:

Мақсаты: С.Тер- Минасованың лингвистикалық еңбектерін зерттеу, мәдениетаралық қарым-қатынас және тіл туралы білімді тереңдету;

Міндеттері: шет тілі пәндерінде мәдениетаралық қарым -қатынас және тіл ұғымдарды , түсініктерді қолдану;

Гипотезасы: мәдениетаралық қарым -қатынас және тіл туралы білім шет тілі мұғалімі үшін қажетті құзыреттілік;

Зерттеу әдістері:аударма, салыстыру.

Негізгі бөлім:

Светлана Тер-Минасова – лингвист, филология ғылымдарының докторы,«Тіл және мәдениетаралық коммуникация» кітабының авторы. Осы кітабында С. Тер-Минасова түрлі ұлт және мәдениет өкілдерінің өзара ұғысып тіл табысуы үшін не маңызды екенін егжей-тегжейлі түсіндірді. Бүгінгі техника мен байланыс құралдарының дамуына байланысты жеке адамдар арасындағы, ұлтаралық, мәдениетаралық байланыс еш кедергісіз саяси және экономикалық шектеуді елемей еркін өріс алуда. Сол себепті де өзге жұрттың тілі мен мәдениетін игеру зор мәнге ие болып отыр.

Мәдениетаралық коммуникация – бүгінде кез келген салада қызмет ететін маманға, әр адамға қажетті жаңа сала.Сонымен кім адамды зерттесе , кім адамдық қарым-қатынас байлығын молынан пайдаланғысы келсе, кім адамдарды мәдениетаралық, этносаралық шиеленістерден құтқарғысы келсе солардың барлығы да тіл тылсымына бойлайтын ғылымның жас, бірақ өте қажетті көкейтесті саласы – мәдениетаралық коммуникация пәнімен танысқаны абзал.[1.10б.] С. Тер-Минасованың осы сөздерінен бұл тіл ғылымы зерттейтін саласы қазіргі уақытты өте маңызы деп ойлаймын. Адамдардың эволюция барысында қол жеткізген ең басты жетістігі – ол сөйлеу алу мүмкіндігі. Ал сөйлеудің ең басты құралы – тіл. Тіл бар жерде қарым-қатынастың болуы анық нәрсе. Осыдан-ақ мынандай цикл шығады : тіл - сөйлеу – қарым-қатынас. Адамдардың жануарлардан басты айырмашылығы -оның сөйлей алуында, өз ойын еркін жеткізе алуында. Сөз бен тіл бір-бірімен қабыса отырып, адамды жануарлар әлемінен ажыратады. Коммуникация – қазіргі заман адамдарының ең маңызды құралы деп санаймын. Адам қоғамның мүшесі ретінде басқа да қоғам мүшелерімен қарым-қатынас жасауы тиіс. Бірде-бір ғылым, бірде-бір мамандық сөзсіз әрекет ете алмайды. Тіпті ұлы дәрігер де басқа дәрігерлермен, науқастармен, жалпы адамзат қауымының барлық мүшесімен сөз арқылы қарым-қатынасқа түседі. Әсіресе халықтар , тілдер , мәдениеттер арасындағы коммуникация өзге мәдениет өкіліне түсіністікпен қарап , құрмет көрсетуді талап етеді.

Коммуникацияға қандай факторлар ықпал етеді, керісінше не кедергі келтіреді, әртүрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасын қиындататын не нәрсе? Тіл мен мәдениеттің арақатынасы қалай белгіленеді?[2.14б.]Осы сұрақтарға біз С. Тер-Минасованың кітабынан жауап ала аламыз.Ең алдымен осындай құнды кітаптың авторы Светлана Тер-Минасова жөнінде айта кетейік. Светлана Тер-Минасова – филология ғылымдарының докторы, лингвист. 1938 жылы, 25 тамыз айында Мәскеу қаласында дүниеге келген. Қазіргі уақытта да Мәскеу қаласында тұрады. Өзінің айтуы бойынша 5 сыныптан бері ағылшын тілін үйреніп, өмір бойына сол білімін жетілдіріп келе жатыр. 1956 жылы Мәскеу қаласындағы орта мектепті бітіріп, бірнеше айдан соң М.В.Ломоносов атындағы ММУ-не , филология факультетінің ағылшын бөліміне оқуға түседі. 1961 жылы оқу орнын үздік бітіріп, мұғалім ретінде жұмысын бастайды. Кейінірек профессор атағын алады. С.Тер-Минасова өзінің әріптесі В.И.Фатющенкомен отау құрып, үлгілі отбасы ретінде танылды. Барлық ғұмырын С.Тер-Минасова лексикология, лексикография, морфология, синтаксис, стилистика салаларына арнады. Сонымен қатар, ол шет тілін үйретуде ең басты назарды лингвистикалық негіздерге аударуды ұсынды. Мәдениет пен тіл арасындағы байланысты негізге ала отырып, ол 1990 жылдардан бастап мәдениетаралық коммуникация мәселелерін терең зерттеген.

1970 жылы С.Тер-Минасова өзінің «Синтез продуктивных и полупродуктивных словосочетаний и вопрос о логике языка» атты диссертациясын қорғады, ал он екі жылдан соң, 1982 жылы «Синтагматика функциональных стилей» атты жұмысын аяқтады. 1988 жылы Светлана Григорьевна М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің шетел тілдері факультетінің деканы болып тағайындалды, ол 2005 жылы «Шетел тілдері және өлкетану факультеті» деп өзгертілді. С.Тер-Минасованың негізгі

кәсіптік жетістіктерінің бірі Ресейдің Білім министрлігінің жаңа білім беру мамандығы лингвистика және мәдениетаралық коммуникациялар бөлімінің бастамасы болып табылады. 2011 жылы ол «Ресейдің аймақтық зерттеуі» жаңа мамандығын оқу жоспарына енгізді. 2002 жылдан бастап Британдық Бирмингем университетінің құрметті профессоры, 2007 жылдан Нью-Йорк университетінің құрметті докторы, сондай-ақ Ресей-Армян университетінің профессоры болды. 1996 жылы Ломоносов атындағы сыйлықтың иегері, 2013 жылы Жапониядағы Халықаралық академиялық форумының эксперттік кеңесінің мүшесі және 2014 жылы «Публицистика» номинациясы бойынша Борис Полевой сыйлығының лауреаты болған С.Тер-Минасованың лингвистика саласына сіңірген еңбегі орасан зор. Светлана Григорьевнаның ғылыми жетекшілігімен «Ағышын тілі: 2-9 сыныптар» ағылшын тілінде оқулықтар сериясы жарық көрді. Ол 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы, оның ішінде 10 монография және өзіндік кітаптар. 2015 жылы «Слово» баспасы өзінің «Динозавр жазбалары» атты кітабын жариялады.

С. Тер-Минасованың еңбектерінің бірі де бірегейі –«Тіл және мәдениетаралық коммуникация» («Язык и межкультурная коммуникация») кітабы. Бұл кітаптың құндылығы мынада – кітап жалпыға түсінікті тілмен, қызықты етіп жазылған. Кітаптағы барлық негізгі терминдерге бірден нақты анықтама беріледі. Ғылымдар мен педагогтар бұл жұмыстан бұрын айтылып жүрген идеялардың жаңа кіріспесін тауып қана қоймайды, ойлау табиғаты, тіл мен мәдениеттің қарым-қатынас динамикасын, тілді құрайтын грамматикалық ережелеріне байланысты мәселелерді терең ұғынады. С.Тер-Минасова кітап кіріспесінде бұл кітаптың жазылу себебін өзінің басынан өткен қызықты оқиғамен байланыстырады. Ол өз мамандығының маңызды негізі ретінде сөздерді қарастырады. Алайда одан өз мамандығы туралы сұрағанда айтарға сөз таппай қалады. Сол себепті де сөзбен жұмыс жасау бір бөлек те, сөзді сүю, оны қолдана білу бір бөлек екендігін ол анық көрсетіп, дәлелдейді.

Қорытынды бөлім:

Қорыта айтқанда, С.Тер-Минасованың бұл кітабы - біздерге, болашақ гуманитария ғылымының мамандарына, оқуға міндетті кітаптар тізімінде бірінші орынға тұруға лайықты кітап деп айта аламын. Болашақ тіл маман ретінде бұл кітап мен үшін өте құнды. «Ең тәтті де тіл, ең ащы да тіл» демекші тілдің адам өмірінде болып жатқан іс-әрекеттердің барлығына да тікелей байланысы бар. Адамдар арасындағы келісімдер де, кикілжіңдер де тілдің қатысуымен жүзеге асады. Адамдар арасындағы келіспеушіліктер былай тұрсын, мәдениеттер арасындағы кикілжіңдер үлкен мәселелер мен орны толтырылмас шығындар әкелуі мүмкін. Сол себепті, солардың алу үшін біздерге, тіл мамандарына, көп еңбек ету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Г.Тер-Минасова « Тіл және мәдениетаралық коммуникация» Слово/Slovo Москва, 2008.
2. www.google.com/amp/s/biographie.ru
3. Ingrid Piller«Intercultural Communication: A Critical Introduction» ,2011

ШЕТ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫ

Нұрғалиева Айгерім Алібекқызы, **Ғылыми жетекшісі:** Мухтарова Шолпан Еркебаевна
Біз «грамматика» терминін жүйелі түрде анықтай алмаймыз. Бір жағынан бұл – спикердің құзіреттілігін сипаттау мақсатында ұсынылған әрі лингвист ойлап тапқан теория. Екінші жағынан бұл – құзіреттіліктің өзі.

Ноам Хомский және Моррис Халл, 1968

Мен өз баяндамамды атақты лингвист, магистр Виктория Фромкиннің «Тіл біліміне кіріспе» оқулығында келтірілген деректерге сүйеніп, анализ жасау арқылы жазамын. Виктория Фромкин Калифорния университетінде 1963 жылы лингвистика магистріатанса, 1965 жылы PhD дәрежесіниемденген. Адамзатбаласыныңтіліграмматикағабағынады. Дегенмен, жан-жануарлар, жәндіктер мен құстардың да өзарасында коммуникация бар.

Мәселен, шаяндарқырықтанастаміс-қимыл мен қозғалысжасауарқылыбір-бірінебелгібереді. Олқимылдардынауақыты мен көрсетілуіешқашанөзгермейдіекен, яғниолардынарасындақалыптасқанереже бар дегенсөз. Яғни осы сөзімізден ағылшын тілін толық меңгеру үшін алдымен ағылшын тілінің грамматикасын білу қажет деген қорытындыға келеміз.Грамматиканы оқып үйренуде тілдің сан қилы сырларына қанығамыз. Тілдің түрлі құбылыстары тіл ғылымының әр саласында қарастырылады. Мәселен, тілдегі сөздер , олардың барлығының жиынтығы – лексикология саласында, тілдің дыбыстық жүйесі – фонетика саласында, сөздердің формалары- морфология, ал сөз тіркестерімен сөйлем – синтаксис саласында қарастырылады.Грамматикада сөздердің ең әуелі грамматикалық мағынасы ескеріледі.Грамматикалық мағына грамматикалық формалар арқылы беріледі.Сөздердің грамматикалық мағынасымен грамматикалық формасы бір-бірімен тығыз байланыста,бірлікте болады.Мысалы, beautiful, good,bad деген сөздер заттың сапасын,соған тән бөлігін білдіреді.Грамматикалық жағынан қарағанда бұл сөздер дерексіз ұғымдарды білдіреді де,сын есімге жатады.Осы сияқты сөздердің өз мағынасы мен грамматикалық мағыналарын арасында кездесетін қайшылықтарды оқыту барысында жойып,бір-бірін нақтылай,саралап айқындай түсетіндей әдіс-тәсілдер тауып қолдану қажет. Мұндай әдіс-тәсілдерді және оны қандай жағдайларда, қалайша қолдану жолдарын грамматиканың методикасы белгілейді. Грамматиканың методикасы психология ғылымының деректеріне сүйенеді.Оқытудың міндеті жаңа тақырыпты түсіндіруді қамтамасыз етіп қою ғана емес, сонымен қатар негізгі фактлерді, анықтамаларды, ережелерді балалардың есінде берік сақтап, тұрақтандыру дағдыларын қалыптастыру болып саналады Түсінбей, ұғынбай, құр механикалық жаттап алған нәрсе ұзақ сақталмайды және оны практикада қолдана алмайды. Ендеше ол іске аспайтын құрғақ, пайдасы шамалы білім болып қалады.

Зерттеп жатқан нысанның моделін құрамайынша, өзіме сенімді бола алмаймын. Егер біреуін құра алсам, ұғынамын; әйтпесе түсіне алмаймын.

Уильям Томсон (Лорд Кельвин), «Молекулаларлы динамика және жарықтың толқындық теориясы», 1904

Теория не дұрыс, не бұрыс бола алады. Ал модельдің үшінші мүмкіндігі бар, яғни ол дұрыс бола алады, бірақ қисынсыз.

Манфред Эйген, «Табиғаттың физикалық тұжырымдамасы», 1973

Виктория Фромкин грамматиканы компьютерге негіздеуді ұсынады. Оның тұжырымы бойынша, ингвистердің адам тіліне арнап құрастырған грамматикасы компьютерлер қолданатын грамматикамен бірдей болмауы мүмкін; көбінесе лингвистикалық сипаттау модельдері бойынша мүлдем ұқсас болмауы да мүмкін. Адамдар мен компьютерлер әртүрлі болғандықтан, түрлі ұқсас нәтижелерге әртүрлі жолмен жетеді. Қарапайым сөзбен айтқанда, кез келген ұшу құрылғысы кез келген құстың дәлме-дәл қайталамасы бола алмайды, сол сияқты компьютер грамматикасы адам тілінің грамматикасына барлық жағынан ұқсай бермейді.

Қалай дегенмен, компьютерді адам тілі грамматикасына негізделген ережелерге сәйкес модельдеуге бағдарламалап қоюға болады. Ең дұрыс грамматика үлгісі – адам тілінің барлық сөйлемдерін құрастыра алатын грамматика. Сөйлем құра алмау қабілеті грамматикалық тұрғыда қателігі бар сөздер тізбегі сияқты болса, грамматикада қатенің барын анықтайды. Алайда табиғи тілде (техникалық тұрғыдан) адам баласы грамматика бойынша қате сөз тіркестерін айта алады – үзік сөйлемдер, асығыста айтылған сөздер, спикердің сөйлеу әрекетіне қатысты түрлі ағаттықты байқасақ, қате деп баға берер едік. Оған себеп, грамматика деген – шексіз, оның лингвистикалық негіздері ережелерге сәйкестігін тексеру үшін өте көлемді жұмыс атқарылуы тиіс. Осы тұрғыда компьютерлердің маңызы зор.Грамматика сабақтарында өтіліп отырған материалға оқушылардың ой жүгіртуіне, пікір айтуына қарай индуктивтік және дедуктивтік әдістер қолданылады. Мұғалім бірде (индуктивтік жағдайда) тіл құбылыстарын жеке-жеке түсіндіріп, соған жалпы қорытынды шығартады;бұл жолдан қолданылған әдісиндуктивтік деп аталады. Ал екінші жағдайда (дедуктивтік әдісте) анықтаманы не ережені хабарлап,

сонан соң оны нақты материалға қолдану (берілген сөздерді, сөйлемдерді немесе текстті талдауды) ұсынады, өздеріне мысал келтіреді. Мұндай жолмен ұйымдастырылған жұмыста қолданылатын әдіс дедуктивті әдіс арқылы өтіледі. Кейбір жағдайларда, әсіресе белгілі бір үлкен тақырыпты аяқтаған кездерде оқушылардың өтілген материалдардан алған білімі мен дағдысын есепке алу сабағы жүргізіледі. Бұл сабақтар, бір жағынан оқушылардың білімін тексеруді көздесе, екінші жағынан, өтілген материалды қайталау, қорытындылау мақсатында ұйымдастырылады. Мұнда оқушылардың алған білімі мен дағдысы және шеберлігі ауызша да, жазбаша да тексеріледі. Грамматиканы оқытуда жаттығу жұмысының мәні зор. Грамматикалық материалды оқулық пен бағдарламаға сай білгенмен, жаттығу жұмыстары жүргізілмесе, ол ұзаққа бармайды, ұмытылып қалады. Сондықтан да мұғалім саналы да терең, тұрақты да берік білім бергісі келсе, жаттығу, дағдыландыру жұмыстарын жүргізу арқылы олардың дағдыларын қалыптастыратын және қалыптасқан дағдыны тілдің басқа да ұқсас құбылыстарына тасымалдай алатын жаттығу әдістерін білуге тиіс. Грамматикалық жаттығулар фонетикалық, морфологиялық, синтаксистық және лексикалық болып бөлінеді.

ӨЗ-ӨЗІНЕ СЕНІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Отарбаева А.А. - «Физика мұғалімі» мамандығының 2 курс студенті,
Даулетова В.А. – Педагогика, психология кафедрасының оқытушысы,
Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі.**

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Жас мамандар өз тәжірибесіздігінен еңбек нарығында әрдайым сұранысқа ие емес. Өйткені, тәжірибе арқылы өзі үшін мінез-құлықтың, қарым-қатынастың тиімді тәсілдерін табады және кәсіби дағдыларды, кәсіби саладағы табысты іс-әрекеттің тәсілдері мен жолдарын меңгереді. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгерісіне орай сұранысқа ие адам болу үшін белгілі бір жеке қасиеттерге ие болу керек. Мұндай қасиеттердің бірі-ассертивтілік, өзіне сенімділік.

Қазіргі психологиялық ғылымда "сенімділік" ұғымының синонимі ретінде "ассертивтілік" ұғымы қолданылады. Ағылшын тілінен аударғанда "Assertion" сөзі "бекіту, қорғау, тұндыру" егенді білдіреді, тиісінше "assertive" нақты іс-әрекеттерде көрініс табатын мінез-құлық немесе қасиеттер туралы сөз болған кезде "табанды, сенімді" дегенді білдіреді.

Ең айқын ассертивтілік сөйлеу мінез-құлқында көрінеді. Оның негізгі белгілері:

- * сөйлеудің эмоционалдылығы;
- * мінез-құлық пен сөйлеудің экспрессивтілігі мен конгруэнттілігі;
- * айналасындағылардың пікірлеріне назар аудармай, өз пікірін тікелей білдіруде көрінетін қарсы тұра білу қасиеті;
- * мен-пікірлерді пайдалану;
- тілектер, қажеттіліктерді спонтанды көрсетуге қабілеті.

Ғылымда өзіне сенімділік мәселесіне арналған көптеген зерттеулер бар. Бұл мәселе бүгінгі күні өзекті болып табылады, өйткені сенімділік — бұл қызмет пен қарым-қатынастың тиімділігін, әлеуметтік ортаға бейімделудің табыстылығын қамтамасыз ететін жеке тұлғаның қасиеті.

"Сенімділік" психологиялық түсінігі психологиялық түзету және психотерапияның міндеттеріне байланысты ғылыми әдебиетте пайда болды. XX ғ. 40-шы жылдары психологтар мен психотерапевтердің практикалық қызметі нәтижесінде невроздар мен кейбір соматикалық аурулардың пайда болуымен өзіне сенімсіздік байланысы анықталды. Бұдан әрі зерттеушілер өзіне сенімсіздік себептерін, сондай-ақ оны түзету, емдеу немесе оның қасиетін әлсірету тәсілдерін анықтауға тырысты.

Сенімділік алғаш рет бихевиоралдық көзқарас аясында зерттелді, А.Сальтер сенімсіздік себептерін түсіндіруге тырысты. Одан әрі Д. Вольпе сенімсіздік себептерін зерттеп, белгілі бір жағдайларда туындайтын әлеуметтік қорқыныш сенімсіздікке негіз болатынын анықтады. В. Вендландт және В. Хеферт сенімсіздік әдеттегі немесе

жоспарланған іс-әрекет барысы бұзылғанда, бірдеңе үйреншікті немесе жоспарланбаған жағдайда пайда болады деп санайды. А. Ландж и П. Якубовски, Л. Краппманн сенімділік ұғымын жан-жақты зерттеді.

Осы ұғымды анықтауға және сенімділік немесе сенімсіздік қалыптасатын себептерді қарауға арналған отандық ғалымдардың еңбектерінің ішінде Ф. И. Иващенко, Е. А. Серебрякова, Е. П. Щербаков, К. А. Абульханова-Славская, В. Б. Высоцкий, А. И. Крупнов и М. А. Селиверстова және т. б. жұмыстарын атап өтуге болады. Дегенмен, бала бойындағы сенімсіздікті анықтайтын белгілер және сенімділікті қалыптастырудың жолдары әлі де зерттеуді қажет етеді.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Сенімділік, сенімділік немесе сенімсіздік қалыптасатын себептер, пайда болуына әсер ететін жайттарды анықтау және сенімсіздікпен жұмыстану барысында көмектесетін кеңестер жинақтау.

Ғылыми жұмыстың міндеті:

- өзіне сенімділік және сенімсіздік мәселесінің зерттелу жағдайын қарастыру, алынған тақырып бойынша ғылыми жұмыстар мен оқулықтарға талдама жасау;
- студенттердің тұлға ретінде қалыптасуына өзіне сенімділіктің маңызын және сенімділікті қалыптастыруға ықпал ететін қадамдарды анықтау;
- сенімсіздікпен жұмыстану барысында көмектесетін кеңестер жинақтау.

Ғылыми жұмыстың гипотезасы: егер, сенімсіздіктің пайда болу себептерін анықтап, өзіне сенімділікті қалыптастыру жұмыстарының тиімдісін ұсынатын болсақ, онда әрбір жеке тұлға өзімен жұмыстану арқылы өзінің сенімділігін арттырып, ассертивтілік қабілетін дамып, сенімін, күш жігері мен мүмкіндіктерін жоғарылатар еді.

Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері:

Теориялық: талдау, зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді салыстыру және жалпылау.

Эмпирикалық: әңгімелесу, педагогикалық бақылау, іс-әрекет нәтижелерін талдау, зерттеу деректерін өңдеу әдістері.

Ғылыми жұмыстың маңызы: сенімділік пен сенімсіздік, сенімсіздіктің пайда болу себептеріне сипаттама берілді, өзіне сенімділікті қалыптастыру жұмыстарының тиімдісін ұсынылды, ассертивтілік қабілетін дамыту бойынша кеңестер жинақталды.

Сенім – күдіретті күш: тауды да қозғайды деп бекер айтылмаған. Егер сіз өзіңізге сенімді, жасап жатқан жұмысыңыздың нәтиже беретініне сенім білдіріп жұмыстансаңыз ол үлкен жемісін береді. Жалпы сенімділік адам бойындағы ең үлкен қасиеттердің бірі болып табылады. Себебі адам белгілі бір жұмыстарды бастар алдында осы сенімділіктің алар орны зор. Өзіне сенбеу - біздің көптеген сәтсіздіктеріміздің себебі. Психологтар сенімсіздік адамның өзін өзгеден төмен санауынан, өзін-өзі төмен бағалауынан туындайды деп есептейді. Жалпы адам сенімсіздік танытатын әр түрлі жағдайлар болады.

Өзінің мақаласында Мұхаммед Ибрахим осындай сұраққа жауап ретінде бала бойындағы сенімсіздікті анықтайтын белгілерді ашып көрсеткен болатын, олар мынадай кезеңдерден тұрады: жүрексіну, оқшаулану, күйзеліс, өзін бағаламау, кінәлау, тәуелділік, еліктеушілік.

Баланың өз-өзіне сенімсіз болуына «кінәлі» – ата-ана. Бұл мәселенің алдын алу үшін және баланың бойына өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға ықпал ететін қадамдарға назар аударыңыз: бесіктен бастау, шартты махаббат, еңсені басу, мүмкіндік беру, жауапкершілік, шыңдалу, бірге болу.

Сонымен қатар қазір қоғамда бала ғана емес өзіне сенімділік таныта алмай жүрген ересек адам қаншама. Соларға бір кеңес ретінде түрлі психологиялық кітаптардың көмегімен өз бойындағы кемшілікті жоятыны анық. Мысал ретінде Пьер Франктың «Как стать уверенным в себе. Всего 6 минут в день. Книга тренинг» деген кітап көмегімен аутогенді жаттығуларды орындаудың тиімділігі өзінің кемшілігін көпшілікке жарияламай, бойындағы мінін жоюға көп септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, әр жеке тұлға да тіпті бала тәрбиесінде маңызды орын алатын ата-ана да сенімділікті жете түсініп, оның тұлға болып қалыптасу үрдісіне іргетас болатын қасиет екенін түсіне білуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гиблин Л. «Как убеждать? Как обрести уверенность и силу в общении с людьми», 2016 жыл 03 тамыз, 66 бет
2. Клейнман П. «Психология. Люди, концепции, эксперименты», «Эксперимент», 2015 жыл, 29 маусым, 3 бет
3. Франк П. «Как стать уверенным в себе. Всего 6 минут в день», «Эксмо», 2016 жыл 03 маусым, 69 бет

ЖЕКЕ ТҰЛҒА, ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Сатанова Алтын Аманқызы

Жетекшісі: Нұрланбаева Надежда Есмагуловна

Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі

Мақсаты: Қалыптасып келе жатқан тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, оның жан-жақты үйлесімді дамуы. Отбасындағы тәрбиенің жауапкершілігін сезіне, түсіне білу. Тәрбиенің тиімділігі және дұрыс қолдана білу жолдарын түсіндіру. Ата - ананың білімдерін көтеруге көмектесу.

Міндеті: Жеке тұлғаны жолдастық пен адалдық, шыншылдық, жауапкершілік сезімдерге тәрбиелеу. Баланың өзін-өзі тануын дамыту, өзгелермен үйлесімді қарым-қатынас құруға үйрету, айналасымен мәдени қарым-қатынас құру, мықты отбасын қалыптастыруын санасына сіңіру, адамгершілік және эстетикалық жағынан қалыптастыру, денсаулығын нығайту, ақыл-ой шығармашылық қабілетін жетілдіру.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Жеке тұлға ретіндегі қоғамнан өз орнын таба білуі. Отбасындағы жауапкершілік пен міндетін сезіне білу

Гипотезасы: Тұлғаның бойындағы адами құндылықтарының қалыптасуы, қоғамның дамуы, отбасының қалыптасуы

Маңызы: Жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу, отбасындағы сыйластықты қалыптастыру

Зерттеу әдістері: Сыртқы ортаны бақылау

Негізгі бөлім. Жеке тұлға – өзіне тән мінез-құлқымен, іс-әрекетімен, көзқарасымен ерекшеленетін адам. Мәселен, біреулер айналасындағы жағдаятқа таңдана тамашалай қараса, енді біреулер сын көзімен қарап, қорытуы, сын-пікірлер айтуы мүмкін. Бір адамдардың бір нәрсені жасауға іскерлік қабілеті болса, екінші адамда оның болмауы, біреудің ұйымдастырушылық қабілеті күшті болса, екінші бір адамның ұйымдастыру ісіне қабілетсіз болуы, біреуі білімді тез қабылдаса, бірінің білімді сылбыр, баяу қабылдауы, біреудің дене күші дамымаған болып келсе, екінші адамның абстракциялық ойлау қабілетінің баяу дамуы, біреулері сурет салуға немесе ән айтуға бейімділігі болуы мүмкін. Сонымен бірге, тұлға дегеніміз – сезімнің, әсердің, ішкі күйініш-сүйініштің бойға жинақталған көрінісі. Мысалы, стадиондағы футбол жарысында қатысушылардың қызбалылығынан осыны байқаймыз. Театрда спектакльді көре отырып, біреулердің солқылдап жылауы немесе ішегі қатып күлуі әрбір жеке тұлғаның ішкі сезімінің сыртқа шығуы. Алай да әр тұлғаның эмоциялық сезім дүниесі әр басқа. Біреу жауыздықты көргенде айғайлап, бақырып, ішкі сезімінің сыртқа шығуына еркіндік берсе, екінші біреу іштей бұлығып, көгеріп-сазарып, тас-түйін болып қатып қалады. Тұлғадағы мен тұжырымдамасы – бұл адамның өзі туралы ұғым-түсініктерінің, өзіне деген бағалаушылық көзқарастарының жиынтығы. Адамдардың жүріс-тұрысы, үлгерімі оның өзін-өзі бағалауымен, өзіне деген қарым-қатынасымен анықталады. Қазағымыздың “өз-өзіңді жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін” деген мақалы да осыны дәлелдейді. Адамдар

тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшелігімен бірден дүниеге келмейді. “Баланың жаны дүниеге келгенде таза тақтаға ұқсас болып келеді және оның өмір жағдайлары мен тәрбиесі ғана жеке тұлғаның белгілі бір қасиеттерінің пайда болуына себепші болады”, дейді Джон Локк. Әрбір жеке тұлғаны тәрбиелеп-жетілдіру қажет. Жеке адамның есте сақтауы өзге адамдардың тәжірибесін жинақтауға да негізделеді. Әрбір тұлға оларды оқып, көріп, оқығанын, естігенін, көргенін өз ойына тоқып, содан сабақ алу арқылы да өзінің іс-әрекетін, мінез-құлқын, сана-сезімін байытады, толықтырады. Адам өмірде өзі жіберген қателіктерден де, басқалардың қателіктерінен де сабақ алады. Оны қайталамауға тырысады. Мұны адамның өзін-өзі тәрбиелеуі деп атайды. Солай жеке тұлға да қалыптасады. Абай атамыз да, “Адам ата-анадан туғанда есті болмайды есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілердің естіп-білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады” деген. Жеке тұлға өзінің дамуы қалыптасуы барысында әлеуметтік ортаға бағынышты болады. Сол себепті қоғамдық сұраныстар мен жеке тұлғаның ішкі қажеттіліктерінің арасында тепе-теңдік, үйлесімділіктің болуы шарт. Жеке тұлға қоғамдық қатынастарға араласып қана қоймайды, оған қажетті материалдық және рухани құндылықтарды жасап шығарады, соның арқасында қоғамның дамуын алға жетелеуші факторға айналады. Неміс ғалымы Э. Керчмер және ағылшын ғалымы Шельдон бұл екеуі де адамдардың физикалық даму ерекшеліктерін зерттей келе тұлғаны 3 типке бөлді. Олар:

1. Астениктер – бойы ұзын, жіңішке арық денелі адамдар. Тұйық, адамдармен араласуы қиынға соғады. Кейде бұларға эгоизм тән. Олар реалды өмір көріністерін дәл және де дұрыс бағалай алмайды.
2. Пикниктер – бұл адамдар керісінше толық, денесі ауыр адамдар. Бұлардың эмоциясы басым көпшіл және де ақжарқын, ақкөңіл болып келеді.
3. Атлетиктер – шымыр денелі, жауырынды, ауыр мінезді болып келеді. Бірақ ашуланса қатты ашуланады екен.

Бұл типологиямен қатар жеке тұлға теориялары да бар.

1. Психодинамикалық теориялар – жеке адам дамуымен қалыптасуы, ішкі субъективті психологиялық факторларға байланысты
2. Социодинамикалық теориялар – жеке адамның қалыптасуы мен дамуы сыртқы әлеуметтік ортаға тәуелді.
3. Интеракциялық теориялар – адамның жеке адам болып қалыптасуы жоғарыда айтылған екі факторға тәуелді болып келеді.

Отбасы – адамзат баласының дүниеге шыр етіп келгенде, есігін айқара ашып енетін үйі, өсіп ер жететін, тәрбие алатын аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі, адамдар тобы. Отбасы – ол кішкентай Отан. Табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке тұлғаның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам. Отбасы – өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ. Отбасындағы адамдардың құрамы әртүрлі болып келеді. Оның негізгі тірегі – әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата-ана – отбасының негізгі дінгегі, бастапқы дәнекері. Әке туралы айтсақ, әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы. Ана – отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Кейін ата-анаға, үлкенге қызмет етіп, әкенің еңбегін, ананың ақ-сүтін ақтау – балалардың борышы. Яғни, ата-аналардың балалары алдында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, білім беру, үй болып аяққа тұрып ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындауы. Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесіндегі қоғам ата-аналар алдына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі “ең алдымен дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу” деп көрсетілген Қазақстан Республикасының тәлім-тәжірибесі тұжырымдамасында. Бала тәрбиелеу оңай жұмыс емес, ол үлкен шеберлік пен

шыдамдылықты талап етеді. Қазағымда “Бала өсіру – балапан ұшыру емес” деген мақал бұл сөздерімді дәлелдейді. Бала бақша жасына келгеннен кейін, оны балабақшаға жіберіп, бақша тәрбие береді, білім береді деп бар ауыртпалықты тәрбиешіге салып қоюға болмайды. Баланы бақшаға берген соң, ата-ана тәрбиешімен тығыз қарым-қатынаста болып, оның дұрыс тәрбие мен білім алуына бірлесе әрекет етуі тиіс. Кейбір ата-аналар жұмыстан шаршап келгенін сылтауратып, баласының тәрбиесіне көңіл аударуға уақыт бөле алмайды, немесе тәрбие ісімен айналысуға ерінеді. Осыдан үлкен қателік туады. Баланың күнделікті өмірінде бір әрекетін ата-ана ескеруінсіз қалдырмағаны жөн. Кейін бала мектепке барғаннан кейін, көптеген ата-аналар баланың кемшілігін мектептегі мұғалімдерден көреді. Отбасында мұғалімдер туралы жақсы пікір айтылса, алдымен ата-ананың мектеп, ұстаз туралы жақсы ниеті балаға жақсы әсер етеді. Ондай балалардың оқуға, білімге, мектепке құштарлығы артады. Ұстазды, адамды сыйлау өзгеше болады. Мектеп, ұстаз туралы басқаша пікірде көңілі толмаған ойлардың жетегінде баласының алдында ғайбаттану сөздер сөйленетін болса, ол баланың мектеп, мұғалімге көзқарасы өзгереді. Оқу-үлгеріміне әсер етеді. Немқұрайлы қарап, үлгерімі нашарлайды. Жас кезінде баласына дұрыс тәрбие бере алмаған ата-ана кейін бармағын тістеп өкініп қалады. Қалай қисайтсаң солай өседі ғой. Жақсы нәрсені мақтап, білмегенін айтып түсіндіріп, үйретіп отыру көп жетістікке қол жеткізеді. Бірақ баланы тек мадақтап қана емес, оны жазалау да керек. Қазақта “5 жасқа дейін баланы патшадай құрметте, 5 жастан 15 жасқа дейін құлдай жұмса, 15 жастан бастап досындай сырлас” деген сөз бар. Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі Чехтің ұлы педагогі Ян Амос Коменский еңбектерінің төрінен орын алған. Ол тәрбие негізі ретінде отбасын бөліп, қарастырып, оны білім беру жүйесінің алғашқы сатысы “Ана мектебі” деп көрсетеді. Өйткені бала адамгершіліктің негізгі түсініктерін отбасында алып, алғашқы адамдық қасиеттерін отбасында қалыптастырады. Ағылшын отбасыларында баланы өз ортасында, өз құрбыларымен қатар өскендіктерін қалайды. Сол себепті, бала кішкентай кезінен бастап өз өзіне жауап бере алатын және әлеуметтік жауапкершілігі бар тұлға болып қалыптасады. Ағылшын жасөспірімінің білімі аз болғанымен, қарым-қатынаста адамгершілік қасиетінің жоғары екенін, үлкендер арасында басқа шет елдік құрбыларынан гөрі өзін өзі жақсы ұстай алатындығын көрсете біледі. Өзінің жанұясына жақындығы да аз сезіледі, алайда қоршаған әлеуметтік ортада өзінің құқығы мен міндеттерін жақсы біледі. Әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеу Британияда ең басты адамгершілік характердің бірі болып табылады. Өз ата-анасын сыйлап, құрметтеп үйренген бала өзге ата-аналарды да құрметтей біледі. Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Босағасы берік отбасында әрбір адам өзара қамқорлық пен татулыққа, үй іші жұмыстарын жұмыла кірісіп орындауға, жақсы мен жаман туралы пікірлерін ортаға салып ұштастыруға, қаражатты дұрыс бөліп тұтынуға, еңбекпен табылған ақша құнын бағалап, қадірлеуге үйренеді. Абай атамыз өзінің он жетінші қара сөзінде, “Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі – білсем екен демелік. Не көрсе соған талпынып, “ол немене?”, “бұл немене?” деп, “ол неге үйтеді?”, “бұл неге бүйтеді?”, деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. ҚР Конституциясына сәйкес неке мен отбасы, ата мен әке және бала мемлекеттің қорғауында, балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-аналардың құқығы әрі міндеті. Кәмелетке толған, еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

Қоғамдық қатынастар туралы адамның ой-пікірлері алғашқы қауымдық қоғам дәуірлерінде қалыптаса бастаған. Осыған орай адамзаттың сана-сезімінде қоғам деген не? Ол қалай пайда болады? Қоғамның даму жолдары қандай? Қоғамдағы процестердің адамдармен өзара байланыстары бар ма? Деген сұрақтар туындаған. Осындай сұрақтардың негізінде адамдар бірлесе отырып, бір қоғамға біріге отырып өздерінің тұрмыс-тіршіліктерін қалыптастыруға бет бұрып, қоғамның даму жолдарын өздерінің тұрмыс практикалық өмірлерімен байланыстырған. Қоғам – мәдениеті ортақ, белгілі бір аумақта тұратын және өздерін біртұтас, өзгеше бірлестік деп білетін адамдар тобы. Қоғам

– әлеуметтік жүйе. Ал, әлеуметтік жүйе деп, негізгі элементтері адамдар арасындағы өзара байланыстар мен қарым-қатынастардан тұратын, өзара ықпалдасудан тұратын күрделі тұтастықты айтамыз. Жекелеген адамдар және адам топтарының арасында болатын байланыстар, қарым-қатынастар және өзара ықпалдасу тұрақты сипатта болады және тарихи дамып, бір ұрпақтан екінші бір ұрпаққа ауысып отырады. Өйткені, біздің бүгінгі қоғамымыз бен еліміздің негізгі үміті – жастар. Жастарға сенім арту – барлық қоғамға тән құбылыс. Бүгінгі жастар – келешек ұрпақ. Кез келген адам өз өмірінде сан қилы қатынастарға түседі. Мәселен, өзінің отбасымен, туған-туысқандарымен – туыстық қарым-қатынаста болса, құрбылармен – достық, жолдастық қатынасты, өндірісте – еңбек қатынасында, билік органдарымен – саяси қатынас орнатады. Мұның бәрі қоғам болып табылады. Адам қоғамсыз, әлеуметтік қатынастарсыз уақыт өткен сайын еркімен маңызды бағалылығынан айырылады. Қоғам қалай болса солай, не болмаса, күштеумен бріккен адамдардың жиынтығы емес. Ғылыми әдебиеттерде “қоғамның” мәнін түсіндіруге бағытталған анықтамалардың саны 150-ден астам. Мысалға, әлеуметтанушы ғалымдардың қоғам туралы түсініктерін айта кетсем. Әлеуметтанудың негізін қалаушы француз ғалымы Огюст Конт қоғамды белгілі бір қызмет атқаратын, ынтымақтастық пен қоғамдық еңбек бөлінісіне негізделген жүйе деп тұжырымдай келе қоғамның негізін отбасы, таптар және мемлекет құрайды деген анықтама береді. Ал келесі француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм қоғамды коллективтік санаға негізделген, жеке индивидке қарағанда жоғары, бастанқылық сипаты бар рухани нақтылық деп түсіндіреді. Яғни, қоғамның тұтастығының негізі – коллективтілік, жалпыға тән сана деген тұжырымды айтады. Көрнекті неміс ғалымы М. Вебер: “Қоғам – адамдардың бір-біріне ықпал, әсер етуінен туындайтын әлеуметтік байланыстардың жиынтығы” дейді. Американдық әлеуметтанушы Парсонстың пікірінше, қоғам – адамдар арасындағы қарым-қатынастардың жүйесі, ал, ол қарым-қатынастардың негізі – ережелер (нормалар) мен құндылықтар деп табылады деген. Ал, К. Маркс қоғамды адамдардың бірлесіп қызмет етулерінің нәтижесінде пайда болып, тарихи дамып отыратын қатынастардың жиынтығы ретінде түсіндіреді. Қоғам болғасын, мұнда заң, құқық, құқықбұзушылық та болып тұрады. Ғасырлар бойы адамзаттың ең ақылдылары қоғамдағы құқық бұзушылық себептері мен оны жою жолдарын бастарын қатырып келеді. Бүгінгі күні бұл мәселе заң ғылымында бұрынғыдай соншалық күрделі, әрі қарама-қайшылықты болып келеді. Оның өзектілігі – күмәнсіз. Құқық бұзушылық әрқашан болған. Қылмыс кез келген салауатты қоғамның элементі болып табылады. Бір де бір қоғам қылмысты мүлдем жоя алмайды. Олар болған, бар және болады. Сондықтан құқық бұзушылықпен күресудің жаңа теориялық тұжырымдамаларын үнемі тұжырымдау, жаңа әдістер мен рәсімдерді құрастыру қажет. Себебі, қылмыс, басқа да әлеуметтік құбылыс ретінде үнемі дамып, жаңа түрге ие болады. Құқық бұзушылықтың бәрі түгелдей табиғат пен заттардың күш әрекеттері емес, адамдардың іс-әрекеттері болып табылады. Әрбір құқық бұзушылық қоғамдық, мемлекетті немесе жеке бастың мүдделеріне залал келтіреді, қоғамға зиянды нәтижелер алып келеді. Зиян – материалдық және моральдық, өлшеулі және өлшеусіз, физикалық және рухани, маңызды және маңызды емес, қалпына келтірілетін және қалпына келтірілмейтін болады. Осылайша, құқық бұзушылық жасау нәтижесінде жеке тұлғаның, қоғамның немесе мемлекеттің мүддесіне зиян келтіреді. Сондықтан да кез келген құқық бұзушылықты жасағаны үшін заңды жауапкершілік қарастырылуы керек.

Қорытынды бөлім. Менің жатсам да, тұрсам да ойымнан кетпейтін бір ұғым бар, оны өзім де білмеймін. Осы керемет сиқырлы, құпиялы күш пе, сезім бе, энергия ма, ол адамда ма, табиғатта ма, ғарышта ма? Олсиқырлызат па, материя ма? Затболсааты, түсі, иісі, әсері, дәмікандай? Әлде адамды жекеленген кеңестік қоршайма, әр адамның өзөрісі, өз кеңестігі бар ма? Басқаны білмеймін, өзімді осындай сезім билейді. Адам танылмаған, ашылмаған, зерттелмеген әлем бөлшегі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Марат Әзімхан. “Жеке тұлға және өмірлік құндылықтар”
2. Вирджиния Сатир. “Вы и ваша семья”

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Серикова Жанаргуль Жансериковна-2 курс студенті

Мамандығы: 0111000- Негізгі орта білім

Біліктілігі: 0111063 – Математика мұғалімі

Жетекшетенекшісі : Сапахова Г.М- жоғары санатты математика пәні оқытушысы

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі

Бұл мақалада білім беру саласын жетілдіру мақсатында жаңа инновациялық технологияларды оқу үрдісінде жиі қолдану қажеттігі, математика оқыту үрдісінде қазіргі заманауи инновациялық техникаларды қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын, оқу-ақпараттық, зерттеу-тәжірибелік әрекеттерін дамытуға болатындығы, олардың мұғалімдерге және оқушыларға берер қандай көмегі бар екендігі айтылды.

• В данной статье рассматривается необходимость частого применения инновационных технологии в цели совершенствования сферы образования, для пробуждения интереса учащихся к предмету через применение инновационных, учебно-информационных, исследовательско-практической деятельности, а также раскрыты ответы на вопрос, какую помощь предоставляет развитие данных деятельностей учителям и учащимся.

• This article discusses the need of frequent application of innovative technologies in the goal of improving education, to awaken interest in school students are representing the subject matter through the use of innovative, educational information, research and practical activities, and disclosed the answers to the question of what assistance was offered by the development of these activities teachers and students.

Зерттеу өзектілігі:

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы 2007жылы 1-наурызда «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халқына арналған жолдауының IV бөлімінде былай дейді, - «Бәсекелеске қабілеттілік - Қазақстанның әлемдік экономика мен қоғамдастыққа табысты кірігуінің кілті

Сондықтан мектепте математикалық білімді оқушыларға терең меңгерту үшін жаңа педагогикалық оқыту технологияларын тиімді пайдалануды талап етеді.

Оқулықта берілген тапсырмаларды шешудің әдіс-тәсілдерін меңгергенімен, стандартты емес есептерді практикада қолдану, балаларға меңгерте білулері қиын мәселенің бірі. Сондықтанда мен баяндамамды қиындық тудыратын салу есептерін алып отырмын.

Зерттеу мақсаты:

- Оқушылар математика пәнінен алған теориялық білімдерін сабақ уақытында тиімді пайдалана білу үшін оқытудың қолжетімді жолдарын қарастыру;

- Оқушының компьютерлік сауаттылығын дамыту, білім, білік дағдыларын жетілдіру. Графиктер салу барысында математикалық сайт, бағдарламаларды дұрыс, сауатты қолдана білу мәдениетін дамыту

Практикалық маңыздылығы.

Сабақ уақытын тиімді пайдалану үшін бағдарламаларды таңдай білуге машықтандыру.

Таңдау барысында оқушылардың белсенділігін арттыру.

Зерттеудің ғылыми жаңалылығы:

- математиканы оқытуда инновациялық технологияларды тиімді қолдануға негізделген;

Жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың әдістері:

1) қазіргі уақыт жаңалық пен инновация уақытын күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз сондықтан бұған оқыту үрдісі де сәйкес болу керек.

2) жаңалықты пайдалану оқушының ойлау қабілетін жаңалыққа икемдеп, алдын ала

болжам жасауға үйретеді.

3) инновациялық әдістер бұл белсенді оқыту әдістері. Ақпаратты белсенді түрде сіңірген оқушы жадында өздері айтқанның 80% сақталса, өздері істегеннің 90% қалады.

Математика сабағында қолдануға қолжетімді бағдарламалар:

1. Prezi - www.prezi.com
2. Microsoft Sway - <http://focusky.com>
3. LearningApps - <https://learningapps.org>
4. Quizlet - <https://quizlet.com/latest>
5. Proprofs - <http://proprofs.com/>
6. Padlet - <https://ru.padlet.com/>
7. Glogster - <https://edu.glogster.com>
8. Wikiwall - <http://wikiwall.ru>
9. Online Test Pad - <https://onlinetestpad.com/ru>
10. Kahoot - <https://kahoot.com/>
11. Simpoil - <http://simpoil.ru>
12. Quizizz - <https://quizizz.com>

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан -2030» жолдауы.
3. Қабдиева С. //Бастауыш мектеп - 2004 - №2 – 21б.

АКТУАЛЬНОСТЬ РАЗРАБОТКИ ЭЛЕКТРОННОГО ПОРТФОЛИО СТУДЕНТА

Серикова К., руководитель Джумагазиева А.К.

Высший педагогический колледж им.Ж. Досмухамедова

Аннотация: В статье рассмотрены актуальности разработки портфолио студента выпускной группы. Проведенное исследование позволяет утверждать, что разработки портфолио позитивно способствуют мотивации для образовательных достижений студентов в реализации самообразования для развития профессиональных компетентностей развитию умения объективно оценить уровень своей профессиональной компетентностей, формированию отлаженной системы диагностики профессионального и личностного развития, саморазвития и профессиональному совершенствованию, дальнейшему трудоустройству выпускников.

Ключевые слова: студент, портфолио, достижения студента, портфолио, портфолио студента, электронное портфолио, трудоустройство.

Цель: актуальность разработки электронного портфолио выпускного курса.

Задачи: - портфолио позволяет учитывать результаты, достигнутые студентом в разнообразных видах деятельности: обучающей, творческой, самообразовательной и воспитывающей.

- использовать в государственной практике, собранные материалы в портфолио студента, с помощью компьютера, а также с мобильных приложений.

Актуальность: В настоящее время системе образования развивающейся быстрыми темпами, поэтому студентам необходимо активно выявлять новые альтернативные формы отчетности и оценки учебных достижений.

Гипотеза: если студенты выпускного курса создадут электронное портфолио, то облегчит и сэкономит время, и уменьшит бумажной волокиты студентам при трудоустройстве, а также повысит уровень информационной грамотности студентов.

Ведение.

В настоящее время в целях развития образования в системе непрерывного образования, вхождения в мировое образовательное пространство в стране создается новая система образования. В связи с этим Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев в Послании народу Казахстана говорится: «нам нужна современная система образования, соответствующая потребностям экономической общественной модернизации». Целью развития этого образования является предоставление физическим лицам культурно-исторических ценностей, норм и традиций, специально отобранного содержания и форм образования. Суть заключается в том, что деятельность студента основана на реализации его личностного потенциала и требует получения им знаний, соответствующих изучаемым предметам и сферам [1]. Качество обучения, полнота и правильность знаний, развитие профессиональных навыков и умений, воспитание необходимых свойств и качеств характера – все это относится к «развитию профессиональной компетентности будущих специалистов». Выпускники должны иметь широкое мировоззрение, высокий уровень профессиональной грамотности, способности самообразования и саморефлексия. Но сегодняшняя система оценки не способна показать весь спектр и глубину развития обучающихся. В октябре 2018 года, выступая с очередным Посланием народу Казахстана, Президент Нурсултан Назарбаев сказал: «Необходимо создать широкую платформу социальных лифтов, которая будет включать полный комплекс мер поддержки всех категорий молодежи. Предлагаю объявить следующий год Годом молодежи».[2] И дал поручение обеспечить работой будущих молодых специалистов, но работодатели не хотят брать молодых на работу. Карл Маркс и Фридрих Энгельс рассматривали молодежь как каждое новое поколение, наследующее и продолжающее традиции старшего поколения. По их мнению, молодежь с одной стороны продолжает унаследованную деятельность, а с другой стороны благодаря трудовой деятельности видоизменяет старые условия.[3] Поэтому перед студентами стоит вопрос развития необходимости обучения и воспитания высокообразованной личности, всесторонне подготовленной к жизни, трудолюбивой, инициативной, творчески мыслительной, интеллектуальной и нравственной принадлежности и вопрос трудоустройства.

В настоящее время изменения в обществе нуждаются в творческой деятельности и творческой личности. Одним из таких приоритетных направлений является создание электронных портфолио для сайтов.

Основная часть.

Ключ к высокому доходу и конкурентоспособностью в мире новых технологий и информатизации играет правильно составленное портфолио. Некоторые путают портфолио и резюме. На самом деле же они дополняют друг друга, повышая шансы на трудоустройство.

Что же такое портфолио?

Существует большое количество определений термина «портфолио». В педагогике определения этому термину даны в работах К. Варвуса, Д. Майера, Фрай, Э. Стаффа и др. В зарубежной педагогике в настоящее время под этим термином понимается «отчёт по процессу обучения студента: что студент узнал и как проходил процесс обучения; как он

думает, подвергает сомнению, анализирует, синтезирует, производит, создаёт; как он взаимодействует на интеллектуальном, эмоциональном и социальном уровнях с другими» [4].

Портфолио (portfolio - английское слово.) - слово портфель - означает папка для важных документов. В новом иностранном словаре "портфолио используется в качестве визитной карточки, т.е. объясняется информацией о человеке, набором известных документов организации, образцами работы. Портфолио учителя - это мотивированные документы о качестве и достижениях педагогической деятельности преподавателя.

Создание портфолио студента. Это значит, что это жизненная необходимость, то есть требование к непрерывному повышению качества образования. Портфолио очень важно администрации организаций образования для мониторинга результатов работы и прохождении практик установленных по стандартам РК, с одной стороны, для самоконтроля и повышения саморазвития студента. Самое важное при подготовке портфолио — это грамотно его составить, тем самым продемонстрировать вашу исключительность и неповторимый опыт для потенциальных клиентов. Что такое резюме? С французского слово «резюме» означает «излагать вкратце». Относительно поиска работы резюме представляет собой краткое изложение информации о вас как о специалисте в своей профессиональной области. При трудоустройстве резюме является необходимым атрибутом: благодаря ему работодатель формирует первое впечатление о вас.

Цель резюме — привлечь внимание рекрутера к своей кандидатуре и «заставить» его пригласить вас на собеседование, выделить себя среди других кандидатов на должность.

Портфолио подразделяются на следующие виды:

1. Документационное портфолио – это портфолио задокументированных индивидуальных достижений. Под этим подразумевается возможность качественной, и к тому же количественной оценки материалов портфолио. Предполагается, что документы или же их копии должны быть размещены в портфолио.

Портфолио такого типа дает обширные представления о достижениях, и к тому же предоставляет возможность подробно рассмотреть процесс индивидуального развития профессиональной деятельности обучающегося.

2. Портфолио подразумевает собрание студентом различных собственных творческих и проектных работ, а так же определение основных форм и направлений его учебной и творческой деятельности: участие в научных конференциях, конкурсах, курсах, различных практик, спортивных и художественных достижений.

В этом разделе портфолио-это качественные оценки: например, размер, разнообразие, убедительность, а так же полнота материалов, качество представленных работ.

Данный тип портфолио дает представление о творческой и учебной активности, а так же направленности интересов обучающегося.

3. Выставочное портфолио для демонстрирует способность студента в лучшем свете. Она включает в себя все достижения процесса обучения. Данная форма портфолио предоставляет студенту возможность для самооценки, это в свою очередь повышает степень осознанности, связанных с обучением, процессов. В этом типе портфолио предполагается, что студент собирает отзывы на собственные творческие и практические работы, фотографии, сделанных своими руками, изделий, для того чтобы в последствии показать их своему потенциальному работодателю.

4. Портфолио отзывов — такое портфолио включает анализ различных видов вне учебной, учебной деятельности и ее результатов, оценку учащимся собственных достижений, резюме и отзывы, представленные учителями, а так же работниками системы дополнительного образования.

Структура электронного портфолио:

- соответствие собственным законам при наборе портфолио студента;
- рассматривается понятие портфолио и область его использования;

- рассматривается уровень подготовки студентов к освоению информационных и коммуникативных технологий;

- использование идеи эволюционного развития электронного портфолио;

Обобщение и обобщение научной работы, а также направления образования и творчества на творческих этапах, сведения об образовании на научных конференциях, конкурсах, на отдельных курсах. Облако электронного портфолио не отличается от вида бумажного портфолио. Любой документ на бумажном носителе можно легко заменить в электронном виде.

Достижения в результате освоения основной образовательной программы образования – методики подготовки научно-педагогических кадров, в этом разделе могут быть размещены следующие материалы; копии отчетов обследований для наук. Результаты педагогической практики; сроки прохождения педагогической практики, численности групп и курсов, которые проводились либо студентом под руководством научного руководителя, либо самостоятельно; отзыв научного руководителя, преподавателей различных кафедр и другие качества профессионалы практики, а также отзывы слушателей, прошедших обучение под руководством студента. Электронное портфолио студента – это комплект документов, который представляет собой форму и презентации учебных, научных и методических достижений описывающих квалификацию (компетентность) студента. Портфолио студента характеризуется рядом специфических особенностей. Портфолио отражающий не только результаты обучения, но и труд, затраченный на него, относительное продвижение студента. Сборник учебных предметов по обновленной программе, которые составили сами студенты. Сборник методических разработок и электронные учебники, необходимые при учебных и государственной практике. Форма систематической, целенаправленной, непрерывной оценки и самооценки результатов обучения. Сборник, отражающий личные достижения учащегося, его самооценка, самооценка. Кроме того, портфолио студента обеспечивает их развитие, самопрезентацию, индивидуальность, рефлексии студента к своей работе, самооценку результатов работы студента. Наша задача - раскрыть студентам возможности, которые скрываются у него. Если студент раньше был только слушателем, то теперь соискателем, мыслителем, доказывающим свою мысль. В формировании творческих, предметных недель, проектов, кружков большое значение имеет организация внеурочной, индивидуальной, коллективной работы, внеурочной работы. Творческие способности студента развиваются посредством практической деятельности, поисковой деятельности.

Кроме того, портфолио студента обеспечивает их развитие, самопрезентацию, индивидуальность, рефлексии учащихся к своей работе, самооценку результатов работы учащихся.

Практические советы по созданию электронного портфолио.

Что касается электронного портфолио, это пока еще огромный шаг вперед. Электронный вариант - удобно, компактно, практично, актуально.

В настоящее время развитие информационных технологий идет очень быстрыми темпами, так как интернет технология занимает большое место в повседневной жизни человека. По этой причине поиск через интернет много внимания уделяет пониманию электронного портфолио. Множество различных справочников по электронному портфолио можно найти на сайтах. Все эти сайты сформулируем, как и в других.

При поиске хорошего сайта, для создания своего портфолио, наткнулись на сайт wix.com.

Wix работает по бизнес - модели freemium, предлагая возможность создавать сайты бесплатно и развивать их, приобретая полезные улучшения. Wix был создан в 2006 году Авишайем Абраами, Надавом Абраами и Гиорой Каплан. Идея компании —

интернет должен быть открыт каждому человеку для свободного выражения себя, развития и взаимодействия.

Несомненно, у заинтересованного студента должен существовать и бумажный эквивалент электронного портфолио в виде папки с документами. Бумажный вариант портфолио студента непременно должен содержать упоминание о вашем личном *сайте-портфолио* и несколько ссылок на него

Структура портфолио.

Общие сведения о студенте. Фамилия Имя и Отчество должны быть обозначены ярко и чётко, что бы с первых секунд просмотра сайта учителя или бумажного портфолио они хорошо запомнились. ФИО должны быть прописаны достаточно крупным, красивым, хорошо читаемым шрифтом. Помните! Ваше ФИО - это ваш логотип!

Я предлагаю другой вариант - разместить рядом с ФИО вашу фотографию. Фото само расскажет о вашем возрасте. Кроме того оно всегда располагает.

Комбинация из красиво оформленного шрифта и цвет, а также качественные фотографии может стать ключевой.

Образование. В этом разделе нужно указать свою основную специальность и квалификацию.

Трудовой и педагогический стаж работы. Этот раздел как бы отражает ваше положение на карьерной лестнице студента, здесь отражается информация о прохождении практик за все учебные годы студента (летняя практика, производственная, непрерывная практика и государственная практика). Не забывайте обновлять этот раздел. Здесь нужно перечислить все учебные заведения, в которых вам удалось пройти практики и время прохождения. Данный раздел один из самых важных, поскольку демонстрирует Ваш педагогический опыт и его разнообразие, а это один из ключевых параметров оценки студента как будущего специалиста.

Повышение квалификации. В этом разделе указываются пройденные вами курсы, семинары в которых вам удалось поучаствовать или проявить себя. Награды, грамоты, благодарственные письма. Этот раздел позволяет судить о процессе индивидуального развития педагога. В нём можно писать всё! Но советую размещать награды, грамоты и благодарственные письма в порядке значимости. Последние строки раздела обычно получают меньше внимания, поэтому постарайтесь самое важное поместить под №1.

Последующие этапы технологии (сбор и оформление материалов, пробы в презентации портфолио, презентация в рамках цели создания и использования) реализуются в течение всего периода обучения, в основном на семинарских и лабораторных работах. Студенты проигрывают разработанные ими планы-конспекты уроков, участвуют в обсуждении уроков, учатся оценивать урок, используя схему анализа и самоанализа урока. По ходу анализа урока студент имеет право учесть сделанные замечания и затем внести в план-конспект необходимые изменения, в конечном варианте портфолио представить уже исправленный материал. Такой подход позволяет осуществлять и направлять рефлексию.

К концу изучения наблюдается качественный рост профессиональных умений студентов в планировании задач урока, выборе методов урока, балансировке этапов отбора содержания урока. студентам, им предлагаются материалы из школьных разработок сети Интернет. Последнее совершенствовать умение умение проводить оценку полученных из Интернета материалов, развивать умение использовать информационно-коммуникационные технологии в профессиональной деятельности.



Заклучение.

Разработка электронного портфолио позитивно способствует формированию медиа компетентности студента. Портфолио развивает коммуникативную компетентность, общую грамотность студента и развивает навыки решения проблем.

Из вышесказанного следует, что процесс разработки электронного портфолио представляет собой творческую работу, позволяющей на основе комплексного системного мышления анализировать и обобщать результаты профессиональной деятельности студента.

Таким образом, электронный портфолио созданный средствами различных компьютерных программ, так же как и традиционный отображает результаты, достигнутые учеником в разнообразных видах деятельности – учебной, творческой, социальной, коммуникативной, позволяет собрать электронные наработки, материалы и наглядно отразить динамику достижений студента и в последующем помощь в трудоустройстве. Это является главным аспектом определения направлений дальнейшего профессионального развития.

Использованная литература.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы © 2019 МИА «Казинформ», inform.kz https://www.inform.kz/ru/nursultan-nazarbaev-molodezh-eto-klyuchevoy-faktor-konkurentosposobnosti-nashey-strany_a3491036

2. Бакушина А.Н. Формирование портфолио аспиранта как механизм оценки его исследовательской компетентности // Санкт-Петербургская академия постдипломного педагогического образования. – 2008. – № 82-2 – С. 7-12.

3. Земляков А.Н., Кабардин О.Ф., Лебедева В.П. и др. Психодидактические аспекты современного образования» (Материалы научно-практической конференции) / Под ред. В.П. Лебедевой, В.И. Панова. Черноголовка: Центр экспериментальной психодидактики РАО, 2004.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Темирбулатова Г.Д. -2 курс студенті

Мамандығы: 0111000- Негізгі орта білім

Біліктілігі: 0111063 – Математика мұғалімі

Жетекшісі : Жұматова.М.С. жоғары санатты математика пәні оқытушысы

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі

Зерттеу өзектілігі.

«Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» делінген.

Зерттеу мақсаты:

- Оқушылар математика пәнінен алған теориялық білімдерін практикада тиімді пайдалана білу үшін оқытудың оңтайлы жолдарын қарастыру;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту
- оқушылардың дүниетанымдық, интеллектуалдық дамуын қалыптастыру.

Практикалық маңыздылығы.

Мемлекетіміздің ғылым мен өндіріс , білім беру жүйесіндегі математика техникалық мамандықтарға сұранысына сәйкес, алғашқы математикалық сауаттылығын тиянақты қалыптастыру, болашақ мамандық таңдауға бағыт беру.

Зерттеудің ғылыми жаңалылығы:

- математиканы оқыта отырып оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға негізделген;
- дамыта оқыту технологиясы бойынша тапсырмаларды орындауда оқушылардың іс-әрекеттері мен қолдану әдістері өңделген;
- дидактикалық материалдар талапқа сай жасақталынған;
- логикалық есептердің шығару жолдары көрсетілген түрлері дайындалған.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы :

- логикалық есептерге берілген тапсырманың анықтылығы;
- дамыта оқыту технологиясын қолданғанда мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеттерінің мазмұнының анықтылығы.

«Мәңгілікел ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ-мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы-Мәңгілік ел», - деді президент. «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыратын және оны одан әрі дамытатын-бүгінгі жастар. Жастар осы ұлттық идеяны жүзеге асыру үшін өз Отанын сүйетін ұлтжанды, патриот болулары керек. Ел мәртебесіне, оның асқақтығы мен биіктігі, тұтастығы мен мызғымастығы тек әділеттілік пен өзара ынтымақтастық және сыйластық негізінде қол жеткізілуі тиіс. Сондықтан сапалы білімсіз дамуы мүмкін емес, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жоғары қарқынмен дамуын қамтамасыз етуге қабілетті, интеллектуалдық кәсіби ресурсын құру. Оқушының математикалық ойлау қабілеті материалды қандай жылдамдықпен, қалай терең және іқаншалықты мықты меңгергені көрінеді. Бұл мінездемелерді есеп шығару барсында байқауға болады. Жылдам меңгеру қабілетін есепті қанша уақытта шығаратыны арқылы анықтау керек. Математикалық қабілеттің үш түрі болады. Олар: алгоритмдік, геометриялық, логикалық. Алгоритмді немесе есептеуші қабілет көп мүшені біріктіруде, теңдеулер шешкенде т.б. жағдайларда көрінеді. Геометриялық түріне кеңістікті ойлау және математикалық мәселені шешкенде геометриялық көрнекілікті еңгізу қабілеті жатады. Кейбір есептер осы 3 қабілеттің де дамуына жағдай жасайды. Алынған есептер оқушының білім деңгейіне сай болу керек. Мағынасы әр-түрлі есептер шығару үшін өткен материалды, жаңа материалды еске түсіріп отыру қажет. Ол үшін оқытушы сабақты мазмұны жағынан қызықты, құрылымы жағынан жан-жақты құрылуы қажет. Қорыта келгенде оқушының математикалық ойлау қабілетінің дамуы тек оқытушыға байланысты. Математика сабағына қызығушылығын, логикалық ойлау қабілетін дамыту мақсатында келесі есептерді ұсынамын. **№1. Әскери мамандық.** Бір бөлімде Арман, Болат, Медет, Ғани, Даурен және Ержан әскери борышын өтеп жүр. Әскерге дейін олар әр түрлі қалаларда тұрды: Маңғыстау, Алматы, Талдықорған, Қарағанды, Қостанай және Орал. Болат пен Ержан әскери борышын екінші жыл өтеп жатыр. Ал талдықорғандық бірінші жылы, ал қостанайлық Арманнан ұзын, ал оралдық Медеттен үлкен. Болат пен маңғыстаулық әскерге техникумнан кейін шақырылды. Медетпен қостанайлық әскерге дейін кәсіптік мектепте оқыды. Арман мен маңғыстаулық жүргізуші, ал Даурен мен алматылық автоматшы, Медет пен талдықорғандық пулеметші. Достардың мамандықтарын және тұратын қалаларын анықта. Шешуі : Берілген шарттарды қарастырамыз

1. Болат пен Ержан екінші жыл әскери борышын өтеп жүр.
2. Талдықорғандық бірінші жылы өтеп жүр.
3. Қостанайлық Арманнан ұзын.
4. Оралдық Медеттен үлкен.
5. Болат пен маңғыстаулық техникумда оқыды.

6.Медет пен қостанайлық кәсіптік мектепте оқыды.

7.Араман мен маңғыстаулық жүгізуші.

8.Дәурен мен алматылық автоматшы.

9.Талдықорғандық пен Медет пулеметші.

5-ші шарт бойынша Болатов маңғыстаулық емес. Енді таблица құрамыз, яғни клеткадағы сандар шарттарды, тігінен жазылған әріптер қалаларды, көлденең жазылған әріптер кісі есімдерін білдіреді.

	Арман	Болат	Медет	Ғани	Дәурен	Ержан
М	7	5	7,9	-	7,8	+
А	7,8	+	8,9	-	8	-
Қар.	-	-	+	-	-	-
Т	7,9	1,2	9	+	8,9	1,2
О	+	-	4	-	-	-
Қос.	3	5,6	6	-	+	-

Таблицаға қарай отырып, анықтаймыз Ғанидың талдықорғандық, Медеттің қарағандылық екені белгілі. Осыдан кейін Ержан маңғыстаулық, ал Болатов әскерге дейін Алматыда тұрған. Дәурен қостанайлық, Арман оралдық.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Э.Н.Балаян «Лучшие олимпиадные задачи по математике», 7-11 классы. Ростов-на дону 2011 г.
2. Бүкіл Одақтық олимпиада есептер жинағы-Васильев Н.Б., Егоров А.А.
3. Жоғары оқу орнына түсуге арналған есептер жинағы-Нестеренко Ю.В., Олехник С.Н., Потапов М.К.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ «АҚБІЛЕК» РОМАНЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ АДАМ ЭМОЦИЯСЫН БІЛДІРУІ»

Айқын Гүлдана, 22-топ

Ғылыми жетекшісі: Мусанова Адина Дашақызы
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Мақсаты:Алаштың айбынды тұлғасы, жазушы, драматург, публицист Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы тұрақты тіркестердің мағынасын түсіндіре отырып, кейіпкердің жан-дүниесін, күйзелісін, өкінішін, күйініш-сүйінішін, бір сәттік жай-күйін ашып жеткізуде олардың көркем шығармада қолданылуына тоқталып, нақты мысалдармен дәлелдеу.

Міндеті:

1. М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде Жүсіпбек Аймауытов атындағы кіші ғылыми – зерттеу орталығының жұмысы.
2. Қазіргі тілдік қорда қолданылып жүрген фразеологизмдердің семантикасы.
3. «Ақбілек» романындағы фразеологизмдердің берілу жолдары, олардың адам сезімін, түрлі көңіл-күйді білдіруде қолданылу ерешелігі.

Тақырыбы:«Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы тұрақты тіркестердің адам эмоциясын білдіруі»

Гипотизасы: Фразеологизм – сөз өрнегі. Жүсіпбек Аймауытовтың үздік туындысының бірі – «Ақбілек» романындағы фразеологизмдердің берілу жолдарын көрсетіледі.

Зерттеу әдістері:талдау, салыстыру.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны

белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады! Еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет.»[1]деп көрсетеді. Осындай ұлы есімдердің бірегейі, «Ана тілі – халықтың жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі» деп тебіренген Алаштың айбынды тұлғасы, жазушы, драматург, публицист Жүсіпбек Аймауытов есімін атауға болады. Биыл жазушының 130 жылдық мерейтойы. Семей қаласында М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде жазушының есімі берілген атаулы дәрісхана жұмысын жүргізіп отыр. Оқу орнының түлегі Жүсіпбек Аймауытов атындағы кіші ғылыми – зерттеу орталығы да жұмыс істеуде.

Халық қазынасы болған фразеологизмдердің талай заманды басынан көшіріп, өңделе, ажарлана отырып, әбден шыңдалған сарасы ғана халық санасында сақталады. Қазіргі тілдік қорда қолданылып жүрген фразеологизмдердің бір тобы семантикасы жағынан адам эмоциясына қатысты. Адам эмоциясына қатысты фразеологизмдердің бір тобы адамның түрлі көңіл-күйін білдіретін болса, енді бір тобы контекст ыңғайына қарай эмоциялық реңкке ие болады[2.128].

Осы мақалада жазушының үздік туындысының бірі – «Ақбілек» романындағы фразеологизмдердің берілу жолдарына, олардың адам сезімін, түрлі көңіл-күйді білдіруде қолданылу ерешелігін етоқталамын.

Жүсіпбек прозасындағы фразеологизмдер кейіпкердің жан-дүниесін, күйзелісін, өкінішін, күйініш-сүйінішін, бір сәттік жай-күйін ашып жеткізуде олардың көркем шығармада қолданылуына тоқталып, нақты мысалдармен дәлелдеп өтпекпін.

Жүсіпбек Аймауытұлының шығармаларындағы фразеологизмдердің ерекшелігіне келсек, кейіпкердің жан-дүниесін, күйзелісін, өкінішін, күйініш-сүйінішін, бір сәттік жай-күйін ашып жеткізуде орасан зор орын алады. Жазушы шығармаларындағы фразеологизмдерді бірнеше топқа топтастыруға болады.

Алдымен, адамның ішкі күйін білдіретін фразеологизмдерді алсақ оларға прозада кездесетін *«салы суға кету», «қабырғамыз қайысады», бүйіріміз сөгіледі», «бас терісі аузына түсіп кетіпті»* т.б. фразеологизмдерді жатқызуға болады.

Жазушы фразеологизмдерді қолданғанда өзінің ойын, соның ішінде көңіл-күйін анық байқатып отырған. Фразеологизмдер арқылы кейіпкердің жан күйзелісін ашу-ызасын, қорқыныш сезімдерін, қуанышын суреттеген. Толығырақ мысалдармен дәлелдейік.

Қара мұрт пен жирен орыстың арасындағы керіс келіспеушілікті баяндай келе: *«Жирен орыс манағыдай емес, Ақбілекке өліп-өшкенін қойып, бетінен түгі шығып, әкесі өлгендей, бас терісі аузына түсіп кетіпті».*

«Ұрқия келсе, бас терісі аузына түсіп, кірпідей жиырылады».

«Бетінен түгі шығу», «әкесі өлгендей, бас терісі аузына түсу» сияқты тұрақты тіркестер түйдектеле қолданылып, кейіпкердің ішкі жан дүниесін ашып көрсетеді.

«Ұйытқып соққан ызылдақ жел. Ай жоқ. Қараңғылық қоюланып келеді. Сабаған жүндей түйдектелген, шыңылтыр, сұрғылт бұлттар тоғытқан қойдай шоғыршақтанып, тауға қақпақ болатындай, тауды тұншықтыратындай, аш тауықша селдір жұлдыз тарыларын бір-бірімен қырқып жатыр. Жұлдыздармен бірге үміт сәулелері де бір-бірлеп батып бара жатқандай. Ақбілектің сұм жүрегі әлденені сезгендей болды. Екі көзі жалт-жұлт етіп, қара мұрттың бетіне қарай берді. Қара мұрттың беті сұрланған, көзі қанталап, танаулары желбіреп қозғалған іспеттенді. Аяқ басуы қатаң, Ақбілекке ұнамайды, жүрегі қысылып, өкпесі аузына тығылып барады»[3.177].

Жазушы қаламына тән ерекшелік мәтіннің басында табиғатты суреттеу арқылы қорқыныш, үрей сезімдерін тудыра отырып, Ақбілектің қорқыныш сезімін, үрейін «жүрегі қысылып, өкпесі аузына тығылып» тұрақты тіркестер арқылы береді. Табиғат көрінісі мен Ақбілек сезімі бір-бірімен астасып жатқандай.

Күздің сарғыш жапырақтары-ау! Кімді алдипен, сыбдырлап тұрсыңдар? Қалың бұтаның қайғысыз, қамсыз бытбыл- дықтары-ау! Несіне қара түнді жаңғырықтырып

тұрсыңдар? Сұлудың жүрегін жанышқан ауыр шерді сендер сейілтем дейсіңдер ме? Қанатын қаршыға күйретіп қиқайған қостың алдында бір қолымен жер таянып, аспанға қарап отырған сұқсырдың налыған зарын тәңірісіне жеткізем дейсіңдер ме?!

«Ақбілектің жүрегі зырқ ете түсті. Зырқ етпей қайтсін, тықыр шықты. Жүрегінің дүрсілі болғай еді деп, қолын кеудесіне басып еді. Тас, тас емес-ау, темір емес - ажал шықыр еткендей, құйқа тамыры шымыр етті»- [3.150]- шошып кетті, қорқып кетті – деген мағынаны білдіреді.

«Анан көр сияқтанды. Өйткені ажалдай түсі суық саудырған үш адам келіп қалды. Бала қашаған лаққа ұсап, апанды айнала жүгіріп, өкпесін соққан торғадай торға ілінді» - [3.151] - қатты қорқып қалды – деген мағынада қолданған.

«Алыс-жұлыс, ауыр күйік, аттың соққысымен Ақбілектің сілесі қатып, аттан түсіргенде өлген адамша сыл ете түскен» - [3.158]– әбден шаршап, болдырып, қажыды, дәрмен-қуаты бітті – деген мазмұнда қолданылған.

«Ақбілек өзінен бетер сол екеуінің жетімдігіне қабырғасы қайыспады» - [3.161] – жанына батты, қатты қиналды, ойысты – дегенді білдіреді.

Жалпы бұл романға жазушы Рамазан Тоқтаров «Ақбілек» романынан адам мінездерінің энциклопедиясын көруге болады» деп баға берген.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Аікун.kz // Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы
2. Д.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» Алматы, 1974ж.
3. Аймауытов Ж. Ақбілек. Алматы: «Атамұра», 2003,278-б.

РАДИАЦИЯНЫҢ ГЕНОТИПКЕ ӘСЕРІ

Алкебаева Айгерім Ернатқызы

Ғылыми жетекшісі: Калкенова Бейбитгул Женисбековна
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»КМҚК

Қоршаған ортаның адам организміне теріс әсер ететін факторларының бірі радиация болып табылады. Радиация адамның клеткалары мен органдарының түрлі функцияларына зиянды әсер етеді. Радиация әсер еткенде клеткалардың шапшаң бөлінуі, құрылымы мен құрамының өзгеруі мүмкін. Радиациялық сәулелену тұқым қуалаушылық аппаратын өзгертуге, яғни мутацияға душар етуі мүмкін.[1]

Ағылшын дәрігері Роберт Гук алғаш рет 1665 жылы клеткалар туралы айтқан болатын. Өзі жасаған микроскоппен пайдалана отырып, өсімдік ұлпалары бір-бірінен майда ұяшықтардан тұратынын байқады. Ол бұл ұяшықтарды клеткалар деп атады. Бұл жаңалықтан кейін көптеген әртүрлі өсімдіктер клеткалары анықталды. Жүзелу жылдан соң, 1838-1839 ж.ж. ботаник Маттиас Шлейден және зоолог Теодор Шванн клеткалық теория деген атпен белгілі концепцияны жасап шығарды. Бұл теорияға сәйкес: 1) клеткалар тіршіліктің негізгі элементі – «тірі» деп айтуға болатын ең кіші бөлшек; 2) барлық организмдер бір немесе бірнеше клеткалардан тұрады; 3) барлық клеткалар басқа клеткалардың бөліну нәтижесінде түзіледі.[2]

Мутация (латын тілінде mutatio – өзгеру) – табиғи жағдайда кенеттен болатын немесе қолдан жасалатын генетикалық материалдың өзгеруі. Соның нәтижесінде ағзаның белгілері мен қасиеттері тұқым қуалайтын өзгергіштікке ұшырайды. Ғылымға мутация терминін 1901 ж. голланд ғалымы Х. де Фриз (1848 – 1935) енгізді. Генетикалық аппараттың өзгеруіне байланысты мутацияның: геномдық, хромосомалық, гендік немесе нүктелік деген түрлері бар.[3]

Мутация (mutation) — жасушаның генетикалық материалының өзгеруі, бұл кейінгі ұрпаққа да беріледі. Britannica настольная энциклопедия.[4]

Геномдық мутация – клеткадағы хромосомалар санының өзгеруі. Оның бірнеше түрі бар: 1) *полиплоидия* – **хромосома** жиынтығының бірнеше еселеніп өсуі; 2) *анеуплоидия* – хромосома жиынтығының еселенбей өсуі; 3) *гаплоидия* – диплоидты (екі еселенген) хромосома жиынтығының кемуі[5]

Хромосомалық мутация түрлері: делеция, дупликация, транслокация. Хромосомалық мутация – микроскоп арқылы көрінетін хромосома құрылымындағы өзгеріс. Бұл өзгеріс хромосоманың кей бөлімінің үзіліп қалуына (делеция), қосарланып кетуіне (дупликация) немесе оның басқа бір бөліміне ауысуына (транслокация) байланысты. [6]

Гендік немесе нүктелік мутация деп ДНҚ молекуласының белгілі бір бөлігінде нуклеотидтердің қатар тізбегінің өзгеруін айтады. Ол молекулалық деңгейде өтеді, микроскоп арқылы көрінбейді. Мутация нәтижесінде ағза биохимиялық, физиологиялық, морфологиялық өзгерістерге ұшырайды. Организмдегі бұл өзгерістер бірден немесе біраз уақыттан кейін біртіндеп байқала бастайды. Полиплоидты мутанттардың клеткалары мен органдарының көлемі ұлғайып, хромосома жиынтығы жұп болса, оның ұрпақ беру қабілеті сақталады, ал тақ болса бұл қабілеті сақталмайды. Гендік мутация кезінде ағза үлкен өзгеріске ұшырайды. Кейде бір геннің өзгеруінен ағзаның бірнеше белгі-қасиеттері өзгереді (плейотропия). Гендік мутация доминантты (басыңқы), жартылай доминантты және рецессивті (басылыңқы) болады. Хромосомалық және гендік мутациялардың себебі көпке дейін белгісіз болып келді. Бұл өзгерістер ағзаға әр түрлі физикалық, химиялық факторлар – мутагендердің әсер етуінен пайда болады. Мысалы, **радий сәулелерінің** саңырауқұлақта тұқым қуалайтын өзгеріс тудыратындығын 1925 ж. орыс ғалымдары Г.А. Надсон (1867 – 1940) мен Г.С. Филлипов ашты. 1927 ж. АҚШ ғалымы Г.Меллер (1890 – 1967) жасанды мутацияның рентген сәулелерінің әсерінен болатынын тәжірибе жүзінде дәлелдеді. АҚШ генетигі С.Райт (1889 – 1988), орыс ғалымы С.С. Четвериков (1880 – 1959), ағылшын биологі Дж. Холдейн (1892 – 1964) қазіргі популяциялық генетиканың негізін салып, мутацияның эволюциялық мәнін ашты. Мутация көпшілік жағдайда ағза үшін зиянды болып келеді. Түрлі тұқым қуалайтын аурулар мен кемістіктерді тудырып, кейде тіпті өлімге душар етеді. Сонымен қатар кейбір мутациялар ағзаға пайдалы өзгерістер де алып келеді. Мысалы, гендік мутация (табиғи және қолдан сұрыптауға қажетті негізгі материал береді) өсімдіктер, жануарлар және микроағзаларды сұрыптау жолымен жаңа түрін алғанда кейбір қасиеттерін жақсартады. [7]

Генотипке әсер етіп жатқан Семей полигонының радиациясының зардабын айтуға болады. Семей ядролық полигонындағы сынақтардың саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты құрады. Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетіндегі әуе кеңістігінде жасалды. Семей полигонында әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. 1949 жылғы 29 тамызда тура таңғысағат 7 де атом бомбасы атылды.

Оның сол кездегі деректеріне жүгінсек, 1963 жылдан бері қатерлі ісік ауруларынан Қайнардың өзінде 200-ден астам адам қайтыс болған, 20-дан астам қыз-жігіт өзіне өзі қол жұмсап, 18 адам ақ қан ауруынан қайтпас сапарға аттанған. 1953 жылы 12 тамызда тұңғыш сутегі бомбасын сынау кезінде Қайнар селосында 42 адам әдейі тәжірибе үшін қалдырылған. Бұл күнде солардың бірде-біреуі жер басып, тірі жүрген жоқ. Көршілес Саржал ауылының да түпкілікті тұрғындарының айтуынша, осы ауылда 200-ге таяу адам қатерлі ісік, тағы басқа ауыр металдар туғызған науқастардан қайтыс болған. Мұндағы ауруханада 1962 жылдан бері радиация зардаптарынан қайтыс болғандардың да тізімі жасалыпты.

1962 жылдан бері Саржалдың 70-тен астам тұрғыны өзіне өзі қол жұмсаған, мұның басым бөлігі он екіде бір гүлі ашылмаған бозбала мен бойжеткендер. Иә, өзекті өртеген өкініш осымен тынса бір сәрі ғой. Сол ауылдағы дәрігерлердің айтуынша, қазір мұндағы әрбір жас балада қан жетімсіздігі, жүйке ауытқушылығы, көз ауруы сияқты ауыр дерттерге шалдығу фактілері байқалады. Саржал ауылының 300 тұрғыны радиологиялық диспансер есебіне тіркелген. Медициналық тексеруден өткен 1083 адамның 500-ден

астамының денсаулығында түрлі ауытқушылықтар, барлығы анықталған. Ауылдағы орта мектептің 700 оқушысын тексеруден өткізгенде, олардың 400-ден астамынан қатерлі ісіктің белгілері байқалған. [8]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Радиация>
2. <http://flatik.ru/kletkali-teoriya>
3. Қазақстан энциклопедиясы, VI-том

«СЕЗІМ» ҚАЛЫНДЫҚ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМЫ

Алтыбаева Динара Қуанқызы

Ғылыми жетекші: Сейсембаева Шырын Габдыкаримовна

«М.О.Әуезова атындағы педагогикалық колледжі» ҚМҚК

Ғылыми жұмыстың мақсаты:

Қазақтың ұлттық қолөнерін дәріптеу. Қалыңдық киімін ұлттық нақышта, заманауи стильде орындау

ғылыми жұмыстың міндеттері

- Зергерлік өнердің тарихы мен табиғаты
- Қазіргі қазақ зергерлік өнерінің алқа жасау өнері

Ғылыми жұмыстың өзектілігі.

Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге бағытталған еліміздің Үшінші жаңғыруын іске асыруға кіріскені баршаға белгілі. Оның басты мақсаты-Ұлт жоспарын орындау аясында әлемнің ең озық 30 елінің қатарына кіру болып табылады.

Бұған дейін еліміз жаңа тәуелсіз мемлекетті құру арқылы Бірінші жаңғыруды жүзеге асырды. Содан кейін «Қазақстан–2030» Стратегиясын қабылдады және Астананы салды. Нәтижесінде еліміз әлемнің дамыған 50 елінің қатарына кірді. Бұл Екінші жаңғырудың нәтижелері.

Гипотеза: Бүгінгі таңда Қазақстанның Үшінші жаңғыруын іске асыру аясында саяси реформа, экономикалық өсімнің жаңа моделін құру және рухани жаңғыру сияқты үш жаңғыру үдерісі жүзеге асырылатын болады.

Назарымызды ауларып отырған екінші жоба «Қазақстанның рухани жәдігерлері», «Мәдениет саласындағы материалдық және рухани құндылықтар» екені мәлім. Өкінішке қарай, осыған дейін елімізде киелі құндылықтар деген тұжырымды көзқарас болған жоқ. Сол себепті құндылықтарды жаңғырту біздің басты мақсатымыз.

Зергерлік – өте ертеден келе жатқан, көркемдік өнердің түрі. Қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнер халық өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланыста дамыды. Әртүрлі сәнді бұйымдар, асыл тастардан жасалған қымбат заттар шеберлер қалдырған халық мұрасы болып табылады. Әшекей заттар қоғамның барлық әлеуметтік топтары арасында үлкен сұранысқа ие.

Қазақ халқының дәстүрлі зергерлік бұйымдары қазақ қоғамында баға жетпес құндылықтардың бірі. Қазақ халқының көне заманнан сыр шертетін дәстүрлі қолөнерінде сәні мен салтанатына тәнті етерлік зергерлік өнер маңызды орын алады.

Ертеден бері қазақ жерінде қыз-келіншектерді ажарландыра түсу үшін оларға арнап сан алуан түрлі әшекей бұйымдар жасаған. Халық зергерлері көбінесе білезік, өңіржиек, сақина, сырға, түйреуіш, ілгек, шашбау, шолпы, алқа, қапсырма, жүзік сияқты адамдардың өз бойындағы әсемденетін заттарды жасады. Осы әшекейге орнатылған тастардың белгілі мән-мағаналары да бар. Мысалы, ақық тасты шын-шайтандар келетін аурудан қорғау үшін жүзік, білезіктерге орнатқан. Аңызға сүйенсек Мұхаммед Пайғамбардың «Ақық жүзік таққандар жайсаң өмір кешеді», «Ақық жүзік тақсандар кедейліктен арыласындар» деген сөздері адамдардың бұл тасты қалай ардақтағанын көрсетеді.

Меруерт, інжу тастарға деген сүйіспеншілік қазақтардың ой-санасында айға теңеумен байланыстырылады. Көптеген егде әйелдер бұл тастарды да күміс секілді ай

сәулесінің бір бөлшегі бар деп, оған ерекше мән берген. Инжу мен меруерт бақытты, байлықты білдіреді, сондықтанда осы тастармен киімді сәндеу үшін де көп қолданады. [2] Көркем безендіретін әшекейлердің келесі бір түрі

Алқа – әйел адамдар мойнына, омырауына тағатын әшекейлі, сәнді бұйым. Алқалар жасалуына, салмағына, әсемдігіне қарай жетілетін көптүрлілігімен көз тартады. Қыздар мен жас әйелдер маржан, ақық, інжу және түрлі түсті шыныдан көз қолданған моншақ пен алқа таққанды ұнатқан(5).

Дәстүрлі қазақ тұрмысында тастарға деген оң көзқарас бүгінге дейін сақталып отыр. Инжу көзге түсетін катарактыны, янтарь зоб ауруын емдейді десе, маржан көз бен тіл тиюден сақтайды, қарғыстан қорғайды, перуза бақыт әкеледі дейді. Зейнет пен қуаныш тасы деп танылған ақық тас қай кезде де үлкен сұранысқа ие

Шығыс аңыздарында маржан тастардың шығу тегі туралы көп айтылады. Қытай халқы жүздеген жылдар бойы маржанды емдік дәрі ретінде пайдаланған. Лимон сөліне езілген маржан адамды жасартатын дәрі саналған. Ал, маржаннан жасалған зергерлік бұйымдардың өте әдемі келетіні айтпаса да түсінікті. Маржан – седеп (перламутр) бөліп шығаратын ұлулардан құралады. Өзгеше дене ұлудың қабыршағына, яғни, жарма мен мантия деп аталатын сыртқы қабығының арасына түседі. Мантия денені бүркеп алады да, біртіндеп седеп қабығымен орай бастайды. Нәтижесінде, көмірқышқылды кальцийден тұратын қатты моншақ түзіледі.[8]

Қазір еліміз өрлеу үстінде. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың еліміздің бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу бағдарламасы ең басты басымдық. Қай қоғамда болмасын бүгінгіміз бен кешегімізді қастерлеу өмірдегі тіршіліктің, қоғамның парызы. Ал қоғамның дамытушысы – адам.

Бүгінгі болашақ ұрпақ ертеңгі қоғамның иесі, сол қоғамның иелері білімдіде білікті еңбеккер болу керек. Ал білімді ұрпақ дайындау мұғалімдердің басты міндеті. Болашақ ұрпақтың еңбеккер болып өсуі технология пәні мұғалімдері тікелей байланысты.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы: Этностильдегі қалыңдық әшекейін жасауға дәстүрлі және инновациялық технологиялардың қолданылуы.

Зерттеу әдістері: ұлттық мәдени құндылықтарды дәріптеудің маңызы, киімді жасауда дәстүрлі және инновациялық технологиялардың қолданылуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009;
2. Қазақтың ұлттық киім – кешектері. (Самашев З., Жетібаев Ж. Қазақ петроглифтері. 74 – б)
3. Қазақтың ұлттық киім – кешектері. Алматы. «Алматыкітап», 2007.

«ЛАТЫН ӘЛПБИИНЕ КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ»

Аманкелдиева Мөлдір Аманкелдіқызы, III курс 304 топ

Ғылыми жетекші: Бласпаева Ғалия Қайроллаевна

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Кіріспе:

Латынға көшу секілді маңызы жоғары мемлекеттік мәселеде ғалымдардың, әсіресе осы істе тәжірибесі бар түркі ағайындарының пікірлеріне құлақ артқанымыз орынды. Ол біздің мәдениетімізді көрсетеді. Иә, рас Қазақстандағы қазақтың барлығы қазақ тілінде сөйлейді, жазады, іс-қағаздарын жүргізеді деп айта алмаймыз. Ол біздің шындығымыз, керек десеңіз – тағдырымыз. Оның себебін қазатын болсақ, тереңге кетіп қаламыз. Қазақтың барлығы қазақ тілінде сөйлемеген жағдайда латынға асығыс көшудің

қиындықтары болатыны белгілі. Сондықтан Президентіміз «Қазақстан-2050» стратегиясында Қазақстандағы қазақтар ғана емес, тұтас халықтың 95 пайызы 2025 жылы мемлекеттік тілді игереді деп болжады. Яғни осы мерзімде тұтас халық тілді жаппай игеріп алған кезде, біз де латынға жеңіл көше аламыз. Бұл жағын ескергенде Елбасының үлкен көрегендігін тағы да мойындауымыз керек. «2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет» – деп атап көрсеткен-ді Елбасымыз аталмыш мақаласында.

Алдымен, бүгінгі компьютер заманында интернет жүйесінде үстемдік ететін латын әліпбиі екендігін мойындауымыз керек. Бәріміздің электрондық поштамыз бар. Ол поштамыз кирил, араб, немесе басқа емес, латынмен жазылған. Астымыздағы көлігіміздің нөміріндегі әріптер латынмен берілген. Куәлігіміз бен паспортымызда латын әліпбиі тұр. Осындай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Яғни латын әліпбиі бізге таңсық емес. Себебі қазір ойланып қарасақ, әліпбиді ауыстыруға ұзақ мерзім, көп қаражат, интеллектуалдық күш қажет. Көрші өзбек ағайындарымыз әліпбиін латынға баяғыда ауыстырып қойған. Ол жақта мемлекет латынды оқыту үшін мектептерге, оқу орындарына қаржы бөлген де, қоғамның өзге азаматтарына көп көңіл аудармаған. Сондықтан оларда қоғам әлі уақытқа дейін екі әліпбиді қолданатын көрінеді. Жастар жағы латынға көшіп алса, орта буыннан жоғары ел азаматтары баяғыдай кирилл әліпбиін пайдаланады екен. Біз қазір осы секілді өзекті мәселелерді өз елімізде ескеруіміз керек.

2.1. Латын әліпбиінің шығу тарихы

Латын тілі тарихы Б.з.б. 6 ғасырда Рим сөйленісі ретінде пайда болып, Жерорта теңізінің батысындағы елдерді қамтыды. Римдіктердің Галлия,Иберия түбегін, Солтүстік Африка, Британия, Норик, Паннония және Дакияны жаулап алуына байланысты Латын тілі тарады. Ол үнді-парсы және хетт тілдеріне жақын. 9 ғасырдада Латын тілі сөйлеу тілі ретінде жойылды, дегенмен 15 — 16 ғасырларға дейін батыс еуропа қоғамының, католик шіркеуінің, ішінара әдебиет пен ғылымның, дәрігерлік тәжірибенің жазба тілі болды. Латын тілі италия, сардин, провансаль, француз, каталон, испан, португал, реторомат, далмат және балқанроман тілдерінің негізін қалыптастырды. Плавт (б.з.б. 254 — 184) комедиялары (20-ға жуық) ең көне туынды ретінде танылды. Цицерон мен Цезарь(“Commentarii de bello Jallico”) прозалары, Вергилийдің поэзиясы классикалық Латын тілінде жазылған.Латын тілі – ғылым мен техниканың тілі. Латын әліпбиіне көшу – заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Біріншіден, латын әрпі бүкіл әлемнің қатынас белгісі болып отыр. Демек, дүниежүзі халқының 80%-ы қолданатын латын әліпбиіне көшу озық инновациялар мен технологияларға бір табан жақындатып, өркениетті елдермен байланысымызды жақсартып, экономикасы дамыған отыз елдің қатарынан орын алу ісіне, мемлекеттік тілдің ұлттық бетбедерін сақтап қалуға оң әсерін тигізеді.Екіншіден, түбі бір туыс түркі халықтарымен рухани-мәдени жақындасуының бірден-бір жолы. Олай дейтініміз, қашан да әріп ауыстырудың әлеуметтік маңызынан гөрі, саясылығы басым болып келген.

Латын әліпбиіне көшу мемлекеттік тілдің қолданыс аясын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік жасайды. Тіл тазалығы мәселесіне келсек, тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Қазақ тілін оқытуда басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелер қысқарып, мектептен бастап барлық оқу орнында оқыту үдерісі жеңілдейді.

Қазақстанның кириллицаны тастап латынға көшуі – көршіміз Ресеймен достық байланыстарынан бас тартуы деген сөз емес. Бұл – тәуелсіз елдің ішкі ұлттық мәдени мәселесі. Ол мәселенің көрші елдермен қатынастарға қатысы жоқ. Ресей мен Қазақстанның достық негіздегі байланыстары екі ел үшін де пайдалы екені анық. Сондықтан Қазақстанның латын әліпбиіне өтуі Ресеймен достық байланыстарды жалғастыруға еш кедергі келтірмейді.Латын әліпбиіне өтуіміз еліміздің бай мәдениеті мен

мұрасымен көптеген шетелдік оқырмандардың терең танысуына жол ашады. Ал, жастар үшін әлем кеңістігі, дамыған елдердің мол жинақталған техникалық, әдеби тағы басқа туындыларын түп нұсқада оқуға жол ашылады. Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі тіліміздің әрі қарай жаңғыруына жақсы ықпал етері сөзсіз. Себебі латын әліпбиіне көшу арқылы біз психологиямызды, ми қабыршығы астындағы санамызды орыс тіліне деген тәуелділіктен босатамыз деп ойлаймын. Сондықтан мемлекеттік тілдің латын әрпіне көшуі – заман талабы.

2.2. Біз латын әліпбиіне көшу барысында не ұтамыз, латын әліпбиі бізге не береді?

Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымызды былайша жіктеп көрсетуге болады:

Ең алдымен, **тіл тазалығы мәселесі**, қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы халықтың өз еркімен қалап алмаған, кешегі бодандық жүйенің өктем саясатының әмірімен күшпен таңылған кейбір кірме әріптерден арылып, таза қазақ әліпбиін қалыптастыру бағытындағы игілікті қадам деп түсінеміз. Сондықтанда тіліміздегі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз.

Екіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіріуге тиімді жолдар ашылады. Қарапайым ғана мысал келтірер болсақ, қазір ұялы телефондарымыздың өзінде латын қарпінде жазу оңай, ал кириллицада қазақшаны тере алмай қиналып жататынымыз бар. Себебі, латын әліпбиінің базасы қалыптасқан, әрі ауқымы кең.

Үшіншіден, бүгінгі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі толықтай латын әліпбиіне көшкен. Түбі бір түркі дүниесі негізінен латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Ол-табиғи іс. Сондай-ақ бүгінде әлемнің әр түкпірінде 5 миллионға жуық қазақтар тұратынын ескерсек, солардың 80 пайызы латын әліпбиін қолданатын көрінеді. Демек, біз болашақта латын әліпбиіне көшер болсақ, сол қандастарымызбен жақындаса түсеміз. Түсіне білген қоғам үшін мұның да маңызы зор екенін атап көрсеткім келеді.

Тәуелсіз мемлекетіміз жылдан-жылға қарыштап, өсіп-өркендеп, отандық ғылым-білім саласы дамып келеді. Қуантарлығы бүгінде мектеп шәкірттері даярлық сынып, бастауыш сыныптардан-ақ ағылшынша үйренуде. Жастардың көбі ағылшын тілін жақсы меңгеруде. Әлеуметтік желілерде де ағылшынша жазатын жастардың дені күннен күнге артуда. Латын әліпбиі соған ұқсас болғандықтан, көп кешікпей көпшілік арасында кең таралып, ауқымы кеңейе түсетініне сенімдімін. Сондықтанда латын әліпбиіне көшуден қорқуға еш негіз жоқ деп ойлаймын.

III. Практикалық жұмыс

Менің жобамның басты мақсаты болашақта латын әліпбиін қолданысқа енгізсек болашақ ұрпаққа оңай болу үшін, тез үйрену үшін жасалған. Бұл жобаны мен презентация түрінде жасадым. Мысалға, А әріпін басатын болсақ оның жазылуын, дыбысталуын және суретін көруге болады.



1- сурет. Латын әліпбиі

Мен бұл жобаны дайындау кезінде колледжіміздің ұстаздары мен студенттерінен сұхбат алған болатынымын. Нәтижесінде, колледж ұстаздары мен студенттері латын әліпбиіне көшуді қолдайды және оның біздің болашағымызға қандай жарқын болашақ пен өзгеріс әкелетінін біледі.

Қорытынды.

«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», - деп Елбасы айтқандай, латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Ал ғалымдарымыз осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен тереземізді теңестіре аламыз деген пікір айтып, оның тиімді тұстарын дәлелдеп бағуда. Ендігі кезекте, сол ғалымдарымыздың жан-жақты еңбегі сараланып, түрлі әдістемелік жұмыстар жүргізілетінін түрлі ақпарат көздерінен оқып-біліп танысып жатырмыз.

Сол ғалымдарымыздың еңбегін бағалап, ел болашағы үшін қабылданғалы отырған маңызды шешімге қолдау білдіру, жақсыны үйренбекке ұмтылу – жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті деп түсінемін!

Баяндамамды қорытындылай келе, қазақ тілі жазуының латын әліпбиіне көшуі біріншіден, заман талабы, екіншіден, латын әліпбиі жаһандану үдерісінде өркениетке жол ашып, Түркі әлемімен бірігуге негіз болып отыр. Қазіргі таңда Еуразияны мекендеуші түркі халықтарының тарихын, рухани және мәдениетін, әдебиетін, тілін, ділін жан-жақты, тереңдетіп зерттеу айырықша жаңданып отырғаны байқалады. Тәуелсіздікке қол жеткен қазақ халқы ұлттық мәдениет құндылықтарын жаңғыртып, ұлттық тілінің тарихын, қайнар-көздерін іздестіруде. Әлемдегі жаһандану процесіне сәйкес түркі елдері де өздерінің ұлттық тарихын елегінен өткізіп, олардың бірігу үрдісі де күшейе түсуде. Түркі халықтарын тұрмыс салты мен әдет-ғұрыптар, салт-сана ортақтығы, мәдени, ділдік ұқсастықтар да біріктіріп отырғаны күмән тудырмайды. Бұл мәселенің халқымыз, мемлекетіміз үшін маңыздылығын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады» – деп атап өтті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. National DigitHistori e-history.kz/kz/contents/view/6807
2. Маадла Ю. Й. << Жаңа замандағы латын тілін қайта өмірге әкелу және оны халықаралық тілге айналдыру >> latinum.ru Қазақ ұлттық Энциклопедиясы Винничук Л. «Люди, нравы и обычаи Древней Греции и Рима» 2. Ғаламтор көзінен <https://stud.kz/prezentatsiya/id/12661>
3. Хабзат Баужанов: Латын әліпбиіне көшу – уақыт талабы.

ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАДАҒЫ КИБЕР ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨРШУІ

Бакказиев Бекзат

Ғылыми жетекшісі: Сагимбеков.Н.Ә

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Энергетикалық және банктік жүйелердің, әуе көлігін басқарудың, көліктік жүйенің, тіпті, жедел медициналық көмектің күнделікті қызметі автоматтандырылған электронды-есептеуіш жүйелердің сенімді және қауіпсіз жұмыс жасауына толығымен тәуелді.

Жобаның өзектілігі: Қазіргі таңда компьютерлік технологияларды қолдану саласындағы қылмыстардың қатерлерін, шетелдік және отандық тәжірибелердегі оларға қарсы әрекеттер мен мәселелерін қарастыру.

Компьютерлік технологияларды қолдану саласындағы қылмыс (киберқылмыс) – қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды енгізу және дамыту деңгейіне, оларды жалпы қолдану және оларға рұқсат беруге тікелей тәуелді деңгей болып табылатын халықаралық маңызды құбылыс. Киберқылмыс – ақпараттық технологияларды пайдаланумен жасалатын, қылмыстық-жазалау әрекетін көздейтін, қылмыс түрі [1].

Компьютерлік қылмыс туралы ұғым ең алғаш өткен ғасырдың 60-шы жылдары алдымен америкалық, одан соң өзге де әлемдік басылымдарда пайда болды. 1983 жылы Париж қаласында OECD (Халықаралық экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) сарапшылары бас қосып, компьютерлік қылмысқа криминологиялық айқындама берді [2].

Киберқылмыскердің қаруына келесілерді жатқызуға болады: компьютерлік вирустар, бағдарламалық белгілер, компьютерлік жүйелерге рұқсатсыз кіруге мүмкіндік туғызатын шабуылдың әр түрі. Қазіргі заманғы компьютерлік қылмыскерлерде тек дәстүрлі құралдар ғана емес, сонымен қатар, қазіргі ақпараттық қарулар және құралдар бар, бұл мәселе баяғыдан бері мемлекеттің шекарасынан өтіп, халықаралық мәнге ие болды. Қазақстан Республикасында қазіргі ақпараттық технологияларды келесі енгізумен қатар мемлекеттік компьютерлік жүйелермен бірге жеке кәсіпорындар және бөлек азаматтарға қатер үздіксіз өсуде.

Инсайдерлер (Insiders)– ішкі ақпаратқа рұқсаты бар адамдар. Жиі олар өз жұмысын берушілеріне қарсы наразылық туғызушылар. Инсайдер (қызметкер немесе жұмыстан босатылған компания қызметкері) әлеуметтік қызметкер болып табылады. Компанияның компьютерлік жүйесінің жұқалығымен таныс, ол компанияның меншігі болып табылатын ақпаратты заңсыз алу мақсатында немесе автоматтандырылған электронды-есептеуіш машиналардың, олардың жүйесі мен компьютерлік желілеріне заңсыз араласу мақсатында жүйеге шексіз рұқсаты бар болып табылады. Мысал ретінде, дәрілер, емдеу, аурулар туралы ақпарат алу үшін барлық әлемнен медицина саласында мыңдаған тәжірибе өтуші дәрігерлер мен мамандар жүгінетін Медициналық әдебиеттер ұлттық кітапханасы (National Library of Medicine – NLM) инсайдер жағынан шабуылға тап болды. Ол «жедел жәрдем» категориясында – аса маңызды және бағдарламалық қамтамасыз ету деректеріне жататын жүздеген файлдарды ақпаратты қорғаушы жүйеге рұқсатсыз кіру арқылы енгізіп, жүйенің үздіксіз жұмысын тоқтатты. Бұл бұзушылықтар жүйенің барлық жұмысына келеңсіз жағдай туғызып және 25 мың доллар көлемінде зардап шектірді. Соңғы уақытта «хакерлік» қайталауды орындау қолданыстары арқылы электрондық поштаның серверлеріне және вебсайттарына саясаттық дәлелдеу шабуылдары жиілеп кетті. Мұндай жағдайда топ немесе бөлек субъектілер электрондық пошта серверлерін ауырлатады немесе саясаттық хабарламаны жіберуге арналған вебсайтты жояды. Компьютерлік қиянат жасау мүлдем әр түрлі: бұл Интернет арқылы тауарлар мен қызметтерді жалған ұсыну, хакерлік шабуылдарды, электронды төлем карточкалары мен электронды төлем жүйелерінің клиенттерінің шоттарымен афераларды ұйымдастыру бойынша қызметтер.

Статистиканың көрсетуі бойынша, 43% оқиғада компьютерлік қиянаткерлердің құрбандары онлайн аукциондардың қатысушылары болып табылады – алдын ала төлем арқылы, қандай да бір тауарды өте төмен бағамен сату ұсыныстарына пайдаланушы қызығушылық білдірген.

Енді қазіргі таңда компьютерлік технологияларды қолдану саласындағы қылмыстардың қатерлерін, шетелдік және отандық тәжірибелердегі оларға қарсы әрекеттеріне шолу жасайық.

АҚШ ТФБ (ФБР) электрондық қылмыстармен күрес жасау үшін, зияткерлік жеке меншіктің бұзылуын, сондай-ақ жоғарғы технологиялық саладағы және компьютерлік қылмыстарды тергеумен айналысатын құрылымды бөлім құрды.

Ұлыбритания «электрондық поштаға» және Интернетті қолдану ережелерін сақтауға катал бақылау қойды.

Италияда 2005 жылдың 31 шілдесінде № 155 Заң қабылданды. Заң қылмыстың дайындығы жөнінде ақпарат беруге дайын адамдар үшін виза беру және біршама

қаржылай көмектесуді қарастырады. Қажет жағдайда, рұқсат етілмеген қолданулар мен компьютерлік шабуылдарға орай өз уақытында әсер ету мақсатында мемлекеттік ұйыммен бірлескен жедел орталық құрылады.

Қытайда киберлаңкестікке қарсы әрекет бойынша маңызды шаралар қабылданды. Осылайша, қытай үкіметі экстремизм, лаңкестік және сепаратизм белгілері бар сайттарға тосқауыл жүйесін дайындады. Экстремизмнің таралуын болдырмау үшін, Қытай құқық қорғау органдары мұндай мәліметтер орналасатын серверлерді тәркілейтіндерін мәлімдеді.

Жапон үкіметі мазмұндары заңсыз және зиянды деп бағаланатын, веб-ресурстар қатарын пайдалануға тосқауыл қою жөнінде шешім қабылдады. Сонымен бірге, мемлекеттік ұжымдар қызметтері мен оқу орындары оқушыларының қауіпті веб-сайттарды қолдануларына тыйым салынды.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары киберқылмысқа тұтастай және соның ішінде киберлаңкестікке қарсы әрекеттің тиімді жүйесін жасауға белгілі бір шара жасауға мүмкіндік беретін, ұйымдық және практикалық шаралар қабылданды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Интернет-агрессияларына қарсы бағытталған «Киберпол» қызметін атқаратын арнайы Шанхай ынтымақтастық ұйымы органын құруды ойлауға болатын еді» – деп атап өтті [4].

Компьютерлік қылмысқа қарсы тұру мәселесі – бұл кешендік мәселе. Бүгін заңдар технологиялар дамуының қазіргі заманғы деңгейіне сәйкес талаптарға сай болуы қажет. Осы мақсатпен телекоммуникациялық желілерде ақпаратты таратуды реттейтін заңнаманы жетілдіру бойынша мақсатты бағытталған жұмыс өткізілуі тиіс. Құқық қорғаушы органдардың, арнайы қызметтердің, соттық жүйенің күштерінің өзара әрекеттесуін және шоғырландыруды, оларды қажетті материалды-техникалық базамен қамтамасыз ету алдыңғы қатарлы бағыттардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 14 қарашадағы № 174 «Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы» Жарлығы

2. Сүйінбай, Ж. Киберқылмыс және киберпол / Егемен Қазақстан. - 2014. - 25 маусым. – 5 б., Астана.

3. Балпанов Е.Қ, Бөрібаев Б, Мадиярова Г. Жаңа ақпараттық технологиялар, -Алматы, 2000 ж.

САБАҚ ҮСТІНДЕОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ-БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРАТЫН БАҒДАРЛАМАЛАР

Бақатаева Балжан Серікбайқызы

Ғылыми-жетекші: Мусаев Қуат Ғалымжанұлы
М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі

Тақырыбы: Сабақ үстіндеоқушылардың таным-белсенділігін арттыратын бағдарламалар.

Мақсаты: Білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырудың маңыздылығын іс-тәжірибемен ұштастыру.

XXI ғасырдың табалдырығын аттаған еліміз әлемнің дамыған елдерінің қауымдастығына кіруге бет алды. Сондықтан еліміздің туын биікке көтерер білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу біздің алдымыздағы ең басты міндет. «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» - деген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан

Республикасының «Білім беру туралы» заңында ұлттық және жалпы азаматтық құқықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамдарды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және жеке адамның шығармашылық, рухани күш – қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан – жақты толысуына жағдай жасай отырып, зерделі азамат даярлау міндеті көзделген.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру саясаты әлемдік білім беру кеңістігіне енуді мақсат қылып, білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды білім алушылардың жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлға аралық қарым-қатынастарға бейімдеуді көздеп отыр.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. [6]

Танымдық іс-әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Білім алушылардың танымдық іс-әрекеті – жеке тұлғаның танымдық қызығушылығы мен қажетсінуін, белсенділігі мен ізденімпаздығын қамтитын танымдылық, еріктік, сезімталдық үдерістер мен мотивтер бірлігі нәтижесінде оқушылардың интеллектуалдық жеке қасиеттерін және біліктерін дамытатын оқу материалының мазмұны мен қажетті көлемін игеруді көздейтін жан-жақты оқу жұмысы. олардың осы пәннен алған білімін тереңдетудің маңызы зор.

Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және оны жетілдіру жолдары:

- **балаға жеке өздігінен ізденуге мүмкіндік беру;**
- **балаларға топтасып оқып-үйренуге жағдай жасау;**
- **білім алушыларды өздерін-өздеріне немесе өзара бағалату;**
- **іс-әрекет барысында білім игеруге жол ашу. [4]**

Инновациялық білім беруде интерактивті әдіс-тәсілдердің орны ерекше.

Колледждегіәрмаамандықөзініңерекшеліктерінеқарай ОНЛАЙН-қосымшалар бар:

1. Kahoot
2. Plickers
3. ZipGrade
4. Class Dojo
5. Pinterest
6. Prezi
7. Survio
8. Nearpod
9. Buncee
10. GoNoodle
11. Matific

Бұл бағдарламалар интернет желісінің көмегімен жүзеге асырылады. Plickers және ZipGrade бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде бұл бағдарламаларды ең алдымен өзіміздің ұялы телефонымызға жүктеп аламыз. Бұл бағдарламаға жауап парақтары беріледі, бұл жауап парағын сканерлеу арқылы дұрыс жауапты тексере аламыз. Соңында барлық оқушылардың қалай жауап бергені шығып, ұпай сандары көрсетіліп тұрады.

Kahoot бағдарламасында тест тапсырмасын орындауға болады. Яғни ол үшін мұғалім компьютер немесе ұялы телефон арқылы Kahoot.com сайтына кіріп тест құрастырып алады. Кейін оқушылар Kahoot.it сайтына кіреді. Осы сайтқа оқушылар кірген кезде PIN код жазуға орын тұрады, ол жерге мұғалімнің компьютерінде тұрған кодты енгізеді, кейін атын жазады.

Кейін тест тапсырмаларын орындай беруге болады Бұл тестке жауап бергенде оқушылардың телефонында немесе компьютерінде тек қана жауап жазылған фигуралар ғана тұрады Бұл бағдарлама жұмыс істегенде оқушылардың жылдамдығын,

шапшандығын және білімділігін талап етеді. Тест нәтижесі кейін шығарылады. Сонымен қатар бұл нәтижені Ms Excel бағдарламасына шығарып береді.

Plickers бағдарламасы ең алдымен бұл бағдарламаға тіркелеміз. Кейін өз кітапханамызды құрамыз.

Тест тапсырмасын орындатпас бұрын оқушыларға жауап бланкілерін Ол жауап парақтарында сандар жазылған, сол сандарды мұғалім компьютеріне, қай балаға қандай сан келгенің енгізіп қояды. Кейін тест тапсырмасы дайын болғанда оқушылармен ойнатуды бастаймыз ол үшін Play батырмасын басамыз.

Яғни оқушылар қандай жауапты көрсеткісі келеді сол жауапты жоғары көтереді. Мысалы А деген жауапты жоғары көтеріп ұстайды. Мұғалім барлық балалардың жауап парақтарын телефон арқылы сканерлеп алады. Сканерлеу барысында оқушылардың аты-жөні шығып, қалай жауап бергенінің нәтижесі шығады.

Бұл бағдарламаның бір кемшілігі 5 сұрақ қана қоюға арналған.

ZipGrade бағдарламасың ұялы телефонға көшіріп аламыз. Тіркелу жұмыстарын жүргіземіз.

Тіркеліп болғаннан кейін бізде терезе пайда болады. *Quizzes* батырмасын басамыз. Кейін *New quiz*-ді басамыз. Кейін *Select Sheet*-ті таңдап тест тапсырмасының санын анықтап аламыз, сонымен бірге сыныпты анықтап аламыз. Кейін *ok* батырмасын басамыз. Келесі терезеде *Edit Key* батырмасын басып дұрыс жауаптарды белгілеп *Scan For Key* батырмасын басып тест жұмысын тексереміз

Бұл бағдарламаны орындау кезінде оқушыларға жауап парағы беріледі. Бұл парақ оқушыларға таратылады. Яғни Name деген жерге есімін, Date деген жерге күнді белгілейді Period деген жерді толтырады. Оқушылар жауаптарын домалақтап бояйды, толтыру міндетті еме

Зерттеу бөлімі

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі оқытушының кәсіби шеберлігі. Жаңартылған білім беру парадигмасының қалыптасуы, құзыреттілік қатынастарға негізделген жаңа білім стандарты жаңа формация мұғалімін талап етеді.

Kahoot, Plickers және ZipGrade, Learning.apps бағдарламаларын біз мектепте іс-тәжірибеден өткен кезде пайдаланамыз. Бұл қосымша бағдарламалар сабақта оқушылардың білімін тексеруге көмектеседі. Яғни үй тапсырмасын тексерген де, жаңа сабақты бекіту кезінде қолданған өте тиімді. Бұл бағдарламалар оқытушының уақытын үнемдеуге көмек береді. Kahoot, Plickers және ZipGrade, Learning.apps бағдарламаларын б-сыныпқа информатика сабағында үй тапсырмасын сұрағанда және сабақты бекіткенде қолданды.

Қорытынды

Оқушылардың белсенділігін арттырудың жаңа формаларын епті пайдалана отырып, жаңашыл ұстаз белсендіру әсерін жүзеге асырады, онда оқушылар: өз пікірінде тұра алуы; пікірталастар мен талқылауларға қатысуы; өз жолдастарына және мұғалімдеріне сұрақ қоя алуы; жолдастарының жауаптарын түзету; жолдастарының жауаптары мен жазба жұмыстарын бағалай білу; артта қалған оқушыларды оқытуы; үлгерімі нашар оқушыларға түсініксіз жерлерді түсіндіруі; өз бетінше шамасы келетін тапсырмаларды таңдауы; танымдық міндетті (мәселені) шешудің бірнеше түрін табуы; өзін – өзі тексеру үшін, өзіндік танымдық және тәжірибелік әрекеттерін талдау үшін жағдайлар ойластыруы; танымдық міндеттерді шешімнің өзіне белгілі тәсілдерін жинақтап қолдануы. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, өз бетінше үздіксіз білім алудың қажетті жағдайы ретінде оқу – танымдық белсенділікті қалыптастыру болып табылады. Алайда, мектептерде оқушының осы қасиеттерін дамытуға байланысты бағытталған оқушылардың өзіндік жұмысының жүйесі әзірге қалыптасқан жоқ.

Қорыта келгенде, Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Осыған орай мектептегі оқу үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру,

дамыту болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады және пәндерді оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда сабақта әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолданудың тиімділігіне көз жеткізуге болады. Ұстаз еңбегімен қатар, баласының таным мәдениетінің дамуын басты назарда ұстайтын ата-ананың ықпалы, баланың араласатын достары, туысқандары, қоршаған ортаның әсері зор. Танымды кеңейту, таным әрекетін белсендіру үшін білім алушыда ыждағаттылық, еңбекқорлық, табандылық, зейінділік сияқты құндылықтардың жиынтығы болуы керек. Ал құндылықтарға қол жеткізу үшін тұлға өзін-өзі тәрбиелейтін дәрежеге жету керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.- Астана: Ақорда.- 12 сәуір 2017 жыл;
2. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.- Астана: Ақорда, 2010;
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.- №205, 1 наурыз 2016 жыл;

THEME: “IDIOMS AS A PART OF THE CULTURE”

Baltabaeva Dilnaz Jomartovna, 0105002 – “Primary Education”,
0111083 ”The Teacher of English Language”

The scientific adviser: Karimova Gulnara Faritovna,
the teacher of Semey Pedagogical College named after M.O.Auezov

Introduction

The study of a foreign language is a comprehension of a new national culture, an attempt to familiarize oneself with it. Idiom (phraseology) is an important expressive language. Idiom is a stable expression with an independent meaning. In their majority idioms are created by the people, and therefore they are closely related to the interests and every day activities of ordinary men. Knowing of the values of idioms and the ability to use them correctly is practically necessary in colloquial speech. It is in colloquial speech that they are mostly used. Idioms are connected with labor activity, life and culture of the people. The national specificity of the language is fully revealed in them. Idioms in English are very interesting phenomenon. They cannot be translated verbatim. Idioms can be used in a friendly or business conversation. Some idioms have a common sense and are used in conversation, and others can be used in the official speech. If you want to feel confident, you need to use a dictionary, internet resources to properly lead the idiom into speech and not be in a funny situation.

The Aim: to introduce information about idioms as a reflection of the culture of the people

Objectives:

- to introduce idioms as national specificity of the language;
- to investigate idioms related to different spheres of human life;
- to study examples of frequently used English idioms in speech

The object of this work are idioms, and **the subject** is the idioms of the English language. The goal is to study the idiomatic units of the English language and their origin. What is **the relevance** of this study? First, the study of any language is impossible without at least a partial understanding of the mentality of native speakers, their imagery and culture. All this and concluded in idiomatic expressions. Secondly, the idioms of the English language enrich the speech, make the language colorful and lively. And finally, the use of idiomatic turns brings your speech closer to the speech of native speakers. One of the most flattering reviews about your level of English proficiency, for example, may be the following phrase: “His / Her English is very idiomatic”, which means “He / She speaks almost like an Englishman.”

To solve the tasks, the **following methods** were used: 1. Method of analogy (we compared the idioms of the English language with the idioms of the Russian language) 2. The classification method (we divided the idioms of the English language into three groups - idioms that can be translated by tracing, that is, a literal translation; idioms that have the same structure, but the images for expressing them are different; idioms that do not have an exact match in Russian).

Idioms in English are an ambiguous phenomenon. According to the definition, it is a steady turn of speech inherent only in a given language and not translated into other languages, the meaning of which does not follow from the sum of the values of its constituent elements. If you translate idioms word for word, you get nonsense. For example: "You are pulling my leg!" It will literally be translated as "You are pulling my leg!", But in fact it will sound like this: "You are fooling me!". In Russian, too, there are idioms. For example: "You work carelessly!" A foreigner may not understand what exactly this expression means.

It is this "untranslatability" into other languages, as well as the impossibility of understanding the meaning of the words that make up an idiomatic expression, sometimes frightens learners of a foreign language. Some, in order not to be trapped, intend to avoid using idioms in speech. However, not one language can do without these turns and, if we want to improve in English, then sooner or later we will have to master this area.

Major Part

Investigating idioms related to different spheres of human life

Idioms are expressions of meaning, which are not equal to the meaning of their constituent words. If you translate the idioms by the meaning of each word, it will be nonsense. For instance, "You are pulling my leg!". It may be translated into Russian like this: "Вы дергаете меня за ногу!", but in fact it will sound right so: "Вы морочите мне голову!". In Russian, there are idioms, too. For example, "Надо работать засучив рукава!" but a foreigner might not understand what exactly this expression means. Sometimes in idioms are encountered many historical words. But without them the idioms break up as a single whole, it will not mean anything by itself. The famous Danish linguist Otto Espersen called the phraseology "despotic capricious and elusive thing" at the dawn of the last century. And this idea has been confirmed on the present day.

- A cock-and-bull story" ^[1] – when we hear this idiom, it doesn't mean that a story was written by a chicken and a bull. This idiom says that some story is too implausible. Literal translation – "история курицы и быка". The Russian analogue of this idiom: "курам на смех" or "турусы на колесах". An example with this idiom: "It is a cock-and-bull story, I don't believe a single word".
- "A dead duck" ^[2] – if you heard this idiom then it does not mean that it is a tragic event. Literal translation is simple: "мертвая утка". In Russian, this idiom is translated as "гиблое дело". Russian analogue also sounds.

Some English idioms related to food and their meanings And now examples of frequently used English idioms in speech:

- "You cannot swing a cat" ^[3] - very crowded, no place to turn. Literal translation of this idiom – "невозможно коту развернуться". It is easy to guess that the Russian analogue of this idiom – "яблоку негде упасть". Example of the use of this idiom: "This house is very little, only four rooms, all so small you couldn't swing a cat in them!"
- "A cat has nine lives" ^[4] Literal translation of this idiom – "имеет девять жизней". Immediately comes to mind the Russian idiom – "у кошки девять жизней". Example with this idiom: "One of the most striking differences between a cat and a lie is that a cat has only nine lives"(M. Twain)

English idioms with full analogue in Russian.

Let's look at some of the idioms of the English language, which have full analogues in Russian. The Bible is the main literary source of phraseological units. This greatest work has enriched phraseologisms not only English, but also Russian. "A great deal has been said and

written about the colossal influence that Bible translations have had on English.” For centuries, the Bible has been the most widely read and quoted book in England; "... not only individual words, but also whole idiomatic expressions entered English from the pages of the Bible." The expressions used in modern English speech and having corresponding analogues in Russian and biblical origin are firmly established, belong to:

“**keep one’s fingers cross**” – скрещивать пальцы (на удачу). This expression originates from the time of early Christianity, when people crossed their fingers to invoke the forces associated with the Christian cross for safety and protection. ^[5]

“**to bear one's cross**” - нести свой крест; “**the blind leading the blind**” - слепой ведет слепого; ^[6]

English idioms that have the same structure in Russian, but the images for expressing them are different.

A comparison of the idioms of different nations shows how much they have in common, which, in turn, contributes to their better mutual understanding and rapprochement. Many steady turns are easily translated into Russian, others need explanation. Also in English there are idioms that, when translated into Russian, sound different, but their meaning remains the same. In this chapter, we will look at these expressions.

“**hand everything on a silver platter**”, Literally " подавать на серебряном блюде". Наше выражение «на блюдечке с голубой каемкой» практически соответствует английскому. “**busy as a bee**” Literally «занята как пчела». In Russian, there is a similar expression "busy as a squirrel in a wheel." ^[7]

Idioms that do not have an exact translation in the Russian language

Idioms in English are for the most part originally English, the authors of which are unknown. They entrenched themselves in colloquial speech, and acquired a characteristic, English flavor, which reflects the characteristics of English culture. They are all connected with the traditions, customs and beliefs of the English people, as well as with legends and historical facts and have no correspondence in the Russian language. Consider these idioms.

In English, there is an expression “As mad as a hatter”, which has become known through literature. It means "mad as a hat dealer." But you ask, why is the hat dealer crazy? This is all easily explained. Both manufacturers and sellers of hats were not completely "crazy", for a long time mercury was used in the production process of an attractive hat, metal that was stinging. And only then did Lewis Carroll in Alice in Wonderland show the hatter's insanity in action.

Сравнение “**green like a Cheshire cat**” – ухмыляться, улыбаться во весь рот и выражение “**Jam tomorrow**” (обещанного 3 года ждут) также созданы Л. Кэрролл в книге “Alice in Wonderland”: «The rule is, jam tomorrow and jam yesterday - but never jam today».

An interesting example to consider is the idiom “the real McKay”. In the English-Russian phraseological dictionary by P.P. Litvinov proposed the following version of the translation of this expression: something real, genuine. The meaning of the expression is fully transmitted with the complete loss of imagery. There is no consensus about the etymology of this idiomatic expression, there are many options: that it was originally about McKay Scotch whiskey; other sources mention the famous Makkeev ceramics, etc. One way or another, the expression is most likely connected either with a certain product produced under the McKay brand, or with some person who bore this last name. ^[8]

There are many assumptions about the occurrence of this idiom. Some of them are hard to believe, others, perhaps, were invented by fans of colorful stories, but I will offer you a third option. In the distant 1500s, when modern architecture was still very far away, the roofs of houses were covered with a thick layer of straw, which made them a particularly attractive place for cats, dogs and other small animals (apparently due to the fact that this material better kept warm). During heavy rains, animals sometimes slid and fell down, and the British began to associate heavy rain with falling cats and dogs, hence the expression of it’s raining cats and dogs.

The British are proud of the fact that many sports originated in their country, and then spread throughout the world. Many idioms associated with horse racing, cockfighting, with boxing. Here are some sports idioms:

“**jump the gun**” (Literally «перепрыгнуть пистолет»). This expression is related to the run, when the athlete began to run before the starting pistol fired. It translates as "get ahead of the event, start ahead of schedule".^[9]

Native English speakers grow up hearing and speaking idioms every day. Whether your students are young children or adults, it is important that they feel comfortable using these expressions in their everyday speech and writing.

If your students are studying to learn English for a job, they especially need to learn how to understand and use idiomatic expressions so they can communicate with their co-workers, supervisors or customers. Idioms are used very frequently in English and occur in almost any type of text. Halliday and Yallop say that native speakers love idioms, because they consider them to be an important part of their cultural heritage. For non-native speakers, idioms represent a serious challenge in understanding the language because their meaning cannot be retrieved from the words, thus understanding, idioms is crucial for effective communication. On the other hand, Halliday and Yallop highlight the fact, that non-native speakers are in the habit of overusing those idioms they have learned. Parker and Riley say that idioms are often inconceivable to foreign-language learners, and they would rather use non-idiomatic equivalents, even in expressive tasks.^[10]

Understanding the lexicon of English demands more than knowing the denotative meaning of words. It requires its speakers to have connotative word comprehension and more, an understanding of figurative language. Idioms fall into this final category. The focus of this paper is to share the importance of idioms for non native speakers as part of their mastery of the English language. Idioms share cultural and historical information and broadens people’s understanding and manipulation of a language. Among the various definitions idioms are:

- * the language peculiar to a people, country, class, community or, more rarely, an individual;

- * a construction or expression having a meaning different from the literal one or not according to the usual patterns of the language is the second definition that best suits the focus of Idioms include all the expressions we use that are unique to English, including cliches and slang. Prepositional usage is also a common part of idiomatic expressions this paper addresses idioms as used in figurative language.

Conclusion

English as the language of communication and commerce. Whether it is working in one’s native country or in an English-speaking country, idioms are important as part of the shared knowledge among English speakers. While idioms are commonly used for official business, a distinction must be made about slang. Slang is “currently widely used and understood language, consisting of new meanings attributed to existing words or of wholly new words, generally accepted as lying outside standard polite usage. It usually passes out of usage time or is accepted into standard usage”. Referring someone’s apartment as his or her “crib” is slang, and “crib” is a word now out of style. I believe the phrase, subtleties of the language, best describes a general area into which idioms can be categorized. They transmit certain information about the speaker that might not be obvious. In conclusion, idioms are not only a part of language, but also they are the part of universal communication. We use idioms for theoretical purposes, and if we categorize idioms, they can be used in different ways for different purposes. Whatever it may be definitions of idioms don’t produce a class that conforms more or less well to general understanding. We can know the theme of idiom in sentence, which is used by the writer or speaker. I stressed throughout my project that idioms are important in English, and I supported this statement with the research. But among ESL learners, figurative language is not used and learned, as it should be. They hardly use idioms in their conversations. Mainly native speakers of English use idioms, and there are less native speakers than ESL speakers. ESL speakers do need to know idioms so crucially.

In order to preserve humorousness and originality of the English language idioms should be learned and used in English. English is very rich in idiomatic expressions that are constantly found in literature, in newspapers, in films, in radio and television programs, as well as in every day communication between the British, Americans, Canadians, Australians. English idiomatics, very diverse, is quite difficult for English learners. There are no languages known to science in which there would be no idioms, phraseological turns, proverbs and sayings at all. But English has bypassed all. ^[11]

Examples of phraseological units can be cited indefinitely. It seems that their stock will not be exhausted, as the resources of different nations with their most interesting traditions are inexhaustible and rich. We, using now various idiomatic combinations, simply use those weighty stamps that our distant ancestors beat out for us. And for our part, we are now preparing new stamps for our descendants. True, we ourselves are not aware of this. And I would like to hope that it's not only stationery stamps and foreign words that we will enrich the speech of subsequent generations.

Proverbs and sayings, being a part of the culture of a given people, always remain and remain relevant, despite the development of the economy and technology, progress, etc.

At any time, proverbs and sayings will be a characteristic feature of a given people, the object of attention and research.

1) idioms are polysemous and bright. They are outside of time and class division, i.e. They are pronounced both by rich people and people of lower social strata.

2) the idioms of the English language are quite difficult to translate into other languages.

3) in almost any language, you can pick up the idioms corresponding to English.

4) the centuries-old experience of communication between peoples speaking and writing in various languages indicates that a good translator must not only understand the meaning of the translated text, but also possess the phraseological richness of the language into which the translation is made.

Idioms are used in a wide variety of contexts and situations: from friendly conversation to business meetings. Often idiomatic expressions can be found in writing, especially in journalism, where the authors try to revive the story with the help of idioms, to give it color and sharpness. Of course, the context in which idioms are used is very important. We all know that some expressions are inherent in colloquial, and sometimes colloquial style, while others, on the contrary, sound very strict and formal. Therefore, when faced with similar speeds, remember the situations and communication style in which you heard them. Specify the meaning in the dictionary, if possible, ask the native speakers about the meaning and context of the use of this idiom. Then you will feel confident using the new expression.

At first, all idioms can be divided into two groups: those that have exact or approximate correspondences in their native language, and those that do not have such correspondences, in other words, their meaning can only be explained, and not conveyed by a similar idiom.

So, to idioms remembered quickly and efficiently, you need:

1) Find a match in your native language, pay attention to the differences and memorize the whole expression using the comparison method;

2) If there is no correspondence in the native language, remember the expression and its meaning in its entirety, paying attention to the style of speech and the context of usage.

Finally, communicate in English or another foreign language, use its idioms, learn more about native speakers with their help, and at some point you will surely hear: "Your English is very idiomatic!"

Bibliography

1. Dubrovin M.I. Russian and English idioms. – М.: ИЛБИ, 2015.
2. Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. – М.: Русский язык, 2014.
Литвинов П.П. Англо-русский фразеологический словарь/П.П. Литвинов.– М.: изд-во

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕЛ ЭНЕРГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жандарбекқызы Ж.

Мұқанов М.С., физика пәнінің оқытушысы

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Кіріспе

Зерттеудің мақсаты. Біздің республикада жел энергетикасын дамыту Қазақстан үшін Жел энергиясын қолдану біршама басқаларға қарағанда тиімді екеніне көз жеткізу.

Біріншіден, біздің елдің климаты шұғыл континентальды. Әсіресе осы Ақмола облысы маңайында жел барлық жерде соғады. Және ашық қоныстанбаған аумақтар, теңіз, көлдер де бар.

Екіншіден, жел қондырғылары теңіздерде, көлдерде, ашық, адамдар тұрмайтын аймақтарда салынуы тиіс. Ғалымдардың айтуы бойынша жел энергоқондырғылары жұмыс істеу үшін желдің жылдық орташа жылдамдығы 3,5 – 4 м/с кем болмауға тиіс. Ал біздің Республикамызда соғатын жел жылдамдығы 3,5 – 6 м/с дейін жетеді. Осының барлығын ойластыра келіп, жел энергиясын алу біздің елге қаншалықты тиімді екенін зерттеп анықтағым келді.

Зерттеудің міндеттері: Осы күнгі жұмыс істеп тұрған электр станцияларының артықшылығы мен кемшіліктерін анықтап, альтернативті энергия көздерін анықтау.

Тақырыптың өзектілігі:

а) Барлық бізге белгілі энергия көздері таусылуға жақын (таскөмір 570 жылға, мұнай 35 – 40 жылға, ал газ 50 жылға жетеді).

б) Мұнайды, таскөмірді, газды өндіру, оны іздеу өте үлкен қаржы қажет етеді. Көптеген өте күрделі жұмыстарды және көп технологияларды қажет етеді.

в) Осы энергиялық ресурстарды пайдаланудың экологиялық жақтары: электр энергиясын алу үшін және транспорттың жүруін қамтамасыз ету үшін жағылатын отын (мұнай, бензин, көмір) жанған кезде бөлініп шығатын көмірқышқыл газы жер бетінің жылулық сәулесін жұту арқылы, ауа райының әлемдік жылуына әкеліп соғады. Соңғы екі ғасырдағы адамзаттың іс-қимылы табиғатқа елеулі нұқсанын тигізді.

Экономикалық даму қарқыны ол энергетиканың барлық жағынан дамуы арқылы жүреді. Адамзатқа электр энергиясы өте қажет және оның қажеттігі жыл сайын артуда. Сол себептен барлық елдерде энергия алудың альтернативті жолдары қарастырылды.

Зерттеу гипотезасы: біздің еліміздің жел энергетикасын дамытуға шамасы бар. Себебі біздің еліміздің климаты шұғыл континенті таулы аймақтарымен қатар жазық жерлер, су қоймалары көп кездеседі. Жел электр станциялары Алатау маңында, Астана және Солтүстік Қазақстан өңірлерінде тиімді.

Зерттеу кезеңдері:

1. Жел энергиясын кеңірек зерттеу.
2. Жер бетінде орналасқан жел қондырғыларының кемшіліктерін анықтау.
3. Жер бетінен биікке орналасқан жел қондырғылары. Олардың артықшылықтарын көрсету.

Жердің бетінде орналасқан жел агрегаттарын жасау көптеген жылдардан белгілі. Сонда да оны қолдану көптеген кемшіліктері үшін кеңінен қолданыс таппаған.

Ол кемшіліктер агрегаттардың үлкен орын алуы, бірқалыпты жұмыс істелмеуі, экологиялық әсері, сол жердің ландшафты бұзуы және қуатының аздығы.

Эксперимент әдістемесі: әдебиеттерге анализ жасап, жүйелеп, өз пікірімді нақтылап жеткізу.

Зерттеудің жаңалығы: жел энергиясын тиімді пайдалану үшін, жер бетінен өте биікке орналастырылатын жел қондырғыларын жасау.

Негізгі бөлім

Жел энергиясы

Бізді қоршаған орта үнемі қозғалыста және осы қозғалыстың энергиясы орасан зор. Жел энергиясы жердегі барлық өзендердің энергиясынан 100 есе үлкен. Жер бетінде үнемі жел соғады: аздаған жеңіл лептен бастап, орасан зор зиян әкелетін дауылға дейін. Біздің

елімізде соғып тұрған жел республикамызға қажет электр энергиясын өндіруге шамасы бар. Жел энергетикасын, әсіресе, осы Ақмола облысында дамытуға әбден болады. Егер Астанамызды ең таза әрі әдемі қалаға айналдырғымыз келсе неліктен экологиялық таза энергия көзін қолданбасқа. Әр түрлі авторлардың айтуынша жердің жел энергиясы 1200 ГВт, бірақ жердің әр түрлі аймағында жел энергиясын пайдалану мүмкіндігі әр түрлі. Жел энергиясын мүмкіндігінше электр энергиясына айналдыру үшін жер бетінен 20-30 м биіктіктегі желдің ағының жылдамдығы үлкен болу керек. Мысалы: орташа жылдық қуаты 500 Вт/м^2 болатын жел қондырғысының осы қуаттың 75 пайызға ғана электр энергиясына айналады (және желдің жылдамдығы 7 м/с болу керек). Жел ағынындағы энергия, желдің жылдамдығының кубына тура пропорционал. Бірақ та идеал машинаның өзі жел энергиясын түгел пайдаға жарата алмайды.

Теория жүзінде жел энергиясын пайдалану коэффициенті (ПӘК) 59,3 % артық болмайды. Ал іс жүзінде бұл коэффициент 50 %, бірақ бұл көрсеткіштің өзі, егер желдің жылдамдығы жобада көрсетілген оптимал жылдамдықта тең болса ғана. Осының бәрін ескергенде жыл бойындағы электр энергиясын алу жел энергиясының 15 – 30 % ғана құрайды. [1, 59-69б.]

ЖЭС жұмыс істеу принципі.

Жел дөңгелегі электр тогының генераторы динамомашинаны іске қосады, ал ол параллель қосылған аккумуляторды зарядтайды. Аккумуляторлық батарея генератордың клеммаларындағы кернеу аккумулятордың клеммаларындағы кернеуден үлкен болған автоматты түрде ажыратылады.

Екі жылдан бері Қазақстан БҰҰ бағдарламасына бірлескен жел қуатын пайдалану жобасын орындатуға кірісті. Қазақстандағы энергия көздері 8 млрд. кВт/сағ энергия шығарады. Жел қуатын пайдаланса жылына 1,8 трлн кВт/сағ өндіруге болады екен. Жобаның бірінші кезеңін іске асыруға ғаламдық экологиялық қор республикаға 2,5 млн. АҚШ долларын берді. Жекеленген инвесторлар бұған 4 млн. АҚШ долларын қосты. Өткен жылы бағдарламаның дайындық кезеңі аяқталды. Республиканың оңтүстік шығысында шамамен 5 МВт электр қуатын шығаратын тұңғыш жел диірмені орнату жоспарланды. Алматы облысында Жоңғар Алатауына салынатын бұл жел диірменіне үлкен үміт артылуда. Өйткені жылдың төрт мезгілінде күшті жел диірмен орнатылмақшы. Келешекте саны 100 диірменге жетпекші.

Оңтүстік Қазақстан облысында 2 жел электрқондырғысының монтажы жасалып аяқталды (2004 жыл, қазан айы). Монтажды Индия және Қазақстандық мамандар жүргізген (Кентау қаласының жанындағы Қотырбұлақ деген жерде). Әрбір қондырғының бағасы 150 000 доллар. Осы қондырғылар арқылы 6,1 км жерге Кентауға электр энергиясы жеткізіледі. Егер осы қондырғылардың жұмысы рентабельді болса, ондай қондырғылар басқа да жерлерге қойылмақшы.

Дүние жүзі оңай әрі арзан қуат көздерін іздестірген заманда өз еліміздің ресурстарын ұтымды пайдаланған жөн. Тіпті жел диірменінің агрегаттарын өз елімізде жобалап құрастырып шығаруға да болады.

Осы айтылғандардың барлығы жер бетінде жұмыс істейтін қондырғыларға байланысты айтылған.

Ал мен ұсынып отырған жел қондырғысы бұрынғы жердің бетінде оңаша биік емес орнатылған жел қондырғысынан өзгеше қондырғы.

Мен бұл жобаны ұсынбастан бұрын жердің бетіне орналасқан жел диірменін зерттедім. Олар көп зерттелген және жасалынған, сонда да кең қолданыла қоймаған. Себебі олардың көптеген кемшіліктері бар. [2, 10-15б.]

Жер бетіндегі жел энергоқұрылыстардың кемшіліктері:

1. Жел үнемі соқпайды. Сондықтан, генератор бірқалыпсыз жұмыс істейді. Токтың жиілігі де өзгеріп отырады. Токты бірқалыпты өзгерту үшін аккумулятор қолданылады, бірақ бұл қымбатқа түседі және эффектілігі өте аз. Кей кезде желдің жылдамдығы қажет жылдамдықтан аз, кейде көп болып кетеді.

2. Жел агрегаттарының **қуаты ең үлкені 4 МВт**, ал үнемі қолданылатынының қуаты 200-250 кВт. Осындай аз қуаттың өзінде оның алып жататын орны үлкен болады. Мысалы «Сокол» жел агрегаты (P=4 кВт) мачтасының биіктігі 101 м, роторының диаметрі 12 м. «Гровиан» (Германияда, қуаты 3 МВт) қондырғының роторы 100 м, ал биіктігі 30 қабатты үйдің биіктігінен үлкен, массасы бірнеше тонна.
3. Қуаты 4 МВт атом электростанциясын алмастыру үшін 4 мыңға жуық «Гровиан» агрегаты қажет екен. Желдің өзі тегін болса да, беретін электр энергиясының құны қымбат болып шығады.

ЖЭС алып жататын орны өте үлкен, бірнеше мың га. Жұмыс кезінде үлкен шу және жиілігі 16 Гц инфрадыбыс шығарады. Ол адам организміне, сонымен қатар аңдар мен құстарға үлкен әсер етеді. Сол жердің экологиялық жағдайын нашарлатады.

Өте биіктегі жел энергиясын пайдалану

1. Жер бетінен биікке орналасқан жел қондырғылары

Жер бетіндегі соғатын желді пайдаланатын жел диірменінің көптеген кемшіліктері жоғарыда айтылды. Сол себептен жердің бетінен үлкен **биіктікте соғатын жел энергиясын пайдалану тиімді**.

Жел двигателінің қуаты желдің жылдамдығының v^3 тәуелді. Жердің бетіндегі ондаған метр биіктікте жылдамдық 5-6 м/с жетеді.

Ал тропосфера қабатында жел өте күшті соғады және тұрақты.

Мысалы 4,5 км биіктікте $v=20$ м/с, ал 10-20 км-де $v=40$ м/с. Сол себептен қуатты көбейту үшін жер бетіндегі көптеген жел қондырғыларды биікке көтерілген бір жел қондырғысымен алмастыруға болады.

Ол үшін айналатын жел дөңгелегі роторды **өте биікке, тұрақты жел соғатын биіктікке** орналастыру қажет. Ол желдің бағытымен айналу бағытын да өзгерте алатын болу керек. Биіктігі 10 км-ге дейін жеткізуге болады. Ең маңызды және күрделі жері желдің механикалық энергиясын жердегі электр генераторына жеткізу. Ол үшін жаңа материалдан жасалған тростар пайдаланады. Ол тәсіл жер бетіндегі қондырғылардың кемшіліктерін қайталамайды. Ол:

- 100 МВт қуатқа дейін алуға болады. Себебі жылдамдық үлкен, оған қоса арзан түседі.
- Биікте тұрғандықтан қуат тұрақты, себебі үнемі жел соғады. Шуы естілмейтін, себебі биікте тұр. Орналасқан жердегі ландшафты бұзбайды. Сол себепті үлкен қаланың қасына орналастыруға болады. Яғни, энергияны тасымалдауға кететін қаржы үнемделеді. [3, 7-8б.]

2. Іске қосу, жүргізу, бақылау, басқару проблемалары

Қондырғыны қажет биіктікке көтері қиын жұмыс емес. Егер желдің жылдамдығы 2-3 м/с болса, қажет қондырғыны жерден жел өзі көтере бастайды. Ал егерде қондырғы мүлде көтерілмесе, онда оны **оңай гелийге толтыруға** болады. Сол кезде ол өзі де ауаға ұшып кетеді.

Роторды айналдыру ол генератор арқылы іске асады. Ал айналу жылдамдығы аздары өздері айнала бастайды. Қуатты реттеу ротордың қалақшаларын желге қатысты әр түрлі бұрулар арқылы іске асады. Ал ол стабилизатор арқылы орындалады.

Биіктігі тростың ұзындығы арқылы реттеледі. Негізгі троста желдің жылдамдығын анықтайтын **датчиктер** болу керек. Сол арқылы қажет биіктік реттеледі.

Егер желдің жылдамдығы 0 болып қалса, (ондай жағдай өте сирек, ықтималдығы 0,001) онда қондырғыны ауа баллоны арқылы (дирижабль сияқты) ұстап тұруға болады немесе жердегі генератор арқылы пропеллерді айналдыруға болады. Қатты желдің әсерін жерде орнатылған инерциялы маховик арқылы реттеуге болады. Яғни, оны жылдамдығы төменірек биіктікке түсіруге болады.

Ұсынылған қондырғының артықшылығы:

- Жер үстіндегі қондырғымен салыстырғанда өлшемдерін үлкейтіп алу арқылы қуатын арттыруға болады.
- Осы қондырғыны 100 м-ден 14 км-ге дейін орналастыруға болады. Осы биіктіктегі жел жылдамдығы жер бетіндегіден 3-4 есе үлкен және тұрақты.

- Жылдамдық үш есе артса, қуаты 27 есе артады $N \sim v^3$.
- Генератор жерде орналасады. Себебі алынатын қуат өте үлкен, (12,5-20 МВт) ондай қуаттағы генератордың массасы 10 тоннаға жетеді.

Ең бір ұтымды жері механикалық энергияны электр энергиясына айналдыру үшін қажет **талшықты тросс**. Оның тығыздығы 1800 кг/м^3 . Мысалы, егер кабель мыстан жасалса, 10 км (2 есе ұзын) биіктікке қосатын кабельдің массасы 89360 т, осындай ұзындықтағы нанотрубаның массасы 3,33 т. *Ол 27000 есе жеңіл.* [4, 25-30б.]

Қазіргі жер бетіндегі орналасатын жел қондырғылары өздерінің жоғары даму сатысына жеткен. Осы күндегіден артық жел қондырғылары жақын арада жасала қоймайды. Желдің энергиясы тегін болғанымен оны іске жарататын жерде орнатылған қондырғылардың беретін энергиясы жылу электр станциялары беретін энергиядан әлденеше қымбат.

Сондықтан жел энергиясының пайдаланудың басқа жолдарын қарастыру қажет. Ол, менің ойымша, жер бетінен биік орналасатын жел қондырғылары. Осы күндегі жер бетіндегі қондырғыларымен салыстырса

- Алынатын энергия әлдеқайда арзан;
- Ротордың өлшемдерін өте үлкендетіп жасау арқылы қондырғының қуатын арттыруға болады;
- Қарапайым жел қондырғыларына қарағанда биіктікте орналасқан жел қондырғыларының қуаты ондаған есе үлкен;
- Жер бетінде көп орын алмайды. Кез келген жерге орнатуға болады.
- Тұтынушыға жақын орналастыру арқылы энергия тасымалдау проблемасының жоқтығы;
- Шу жоқ. Ландшафтты бұзбайды. Энергияны алу тұрақты, себебі биікте үнемі жел соғады. Қондырғыны кез келген жерге ауыстыруға болады.

Осы идеяны толық зерттеп, эксперимент жасап, кішкентай модельдер жасау арқылы теорияны білетін адамдар тексерсе, менің ойымша, энергетика проблемасын біраз алға басушылық болар еді.

«БОРДЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ МЕН АДАМ АҒЗАСЫНА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ»

Жанғазы Еркежан

Ғылыми жетекші: химия пәнінің оқытушысы Куспанова Л.У.

Семей қаласы «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

Зерттеудің өзектілігі. Менің зерттеу жұмысымның тақырыбы: «Бордың химиялық құрамы мен адам ағзасына тигізер әсері».

Қазіргі уақытта шығарылатын бор құрамы талаптарға сәйкес келмейді, - қолды бүлдіреді, қатты үгітіледі, тақтаны сырады, адамның бойында жағымсыз әсерлер туғызады. Себебі неде? Барлық уақытта бордың сапасы адам денсаулығының қауіпсіздігімен байланысты ма? Сондықтан да бордың құрамын, сапасын және оның адам денсаулығына әсерін зерттеу өзекті деп ойлаймын. Ал сапасы төмен бор оқытушылар мен білім алушылардың денсаулығына зиян келтіру мүмкін.

Болжам: егер оқытушылар бордың құрамын және олардан пайда болатын жағымсыз әсерлер туралы білсе, онда олар сапасы жоғары борларды таңдар еді.

Мақсаты: Бордың құрамын, сапасын және оның адам денсаулығына әсерін зерттеу.

Міндеттері:

- оқытушылардың күнделікті бормен жұмыс істеуі, олардың денсаулықтарына қалай әсер ететіні туралы сауалнама жүргізу арқылы анықтау;
- бордың әртүрлі түрлеріне сапалық және сандық тәжірибелер жүргізу;
- бордың адам денсаулығына әсерін бағалау.

Зерттеу нысаны: әртүрлі бор үлгілері.

Зерттеу әдістері: сауалнама, салыстыру, зерттеу.

I. Негізгі бөлім

1.1 Бордың химиялық құрамы

Бор (тау жынысы) – көбінесе кокколитофор мен фораминифер сияқты микроорганизмдердің ізбесті қаңқаларынан құрылатын борпақ, ұсақ дәнді тау жынысы.

Бор — түсі ақ, біркелкі ұсақ түйірлі кальций карбонатынан құралған жұмсақ шөгінді жыныс. Бордың құрамындағы бір клеткалы әктасты балдырлардың — кокколитофоридтердің қалдықтары 10 — 75%-ке, фораминиферлер 5 — 6%-ке, кейде 40%-ке дейін жетеді. Аздап моллюскілердің, белемниттің, аммониттің, теңіз лаласы мен кірпілерінің, маржандардың қалдықтары кездеседі. Бор химиялық шөгуден және органикалық қалдықтардың ыдырауынан түзіледі. Бордың қаттылығы 1-ге жуық, меншікті салмағы 2,2 — 2,8 г/см³. Бор құрамында кварц, монтмориллонит, каолинит, гидрослюда, опал, глауконит, халцедон, цеолиттер, пирит, барит, темір оксидтері болады. Бор жылы климат жағдайында тұзды қалыпты теңіздерде ондаған метрден жүздеген метрге дейінгі тереңдіктерде тұнады. Бор мезо-кайнозой шөгінділерінде кең тараған. Ол қағаз, шыны, цемент, парфюмерия өндірісінде, косметикада, медицинада қолданылады.

1.2 Бордың денсаулыққа әсері

Қазіргі уақытта адам денсаулығын сақтау мен нығайту маңызды мәселелердің бір болып табылады. ДЖДСҰ айтуы бойынша 21 ғасырда кеңінен тараған аллергиялық, астма, қан тамырлар жүйесінің аурулары болып табылады.

Қазіргі уақытта борға қойылатын талаптар экологиялық таза және сапалы болуы қатаң бақыланады. Бірақта борды пайдалана бастағаннан шаңдатып, мұрын бітеліп, қол бүлінеді. Кейбір білім алушылар бор жегенді ұнатады, бірақ та бор таза зат емес. Себебі оның құрамында әктас, гипс, крахмал, бояғыштар, байланыстырғыш заттар (ПВА желімі) болады.

Бордан шығатын шаң - аллергия зат. Бұл аллергия астма ұстамасын туғызуы мүмкін.

II. Зерттеу бөлімі

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің инженерлік бейіндегі аймақтық сынақ зертханасы «Радиоэкологиялық зерттеулердің ғылыми орталығы» INCA ENERGY 250 OXORD INSTRUMENTS (Ұлыбритания) энергодисперсті талдау жүйесі бар

төменгі вакуумдағы растрлы электронды микроскоп JSM-6390 LV JEOL (Жапония) арқылы сынамаға алынған борлардың құрамында кездесетін химиялық элементтердің мөлшерін зерттеп білдік. Микроскоп көрсеткендей 3 сынамада да кездескен химиялық элементтер мөлшері анықталды.

Рентгеноспектрлі анализ қорытындысы



Алынған сынамалар 20,2 °С, 68% ылғалдылықта анықталды. Зерттелген бордың үлгілерінің құрамында кездескен химиялық элементтердің мөлшерінде айырмашылықтар болды. Үш сынамада да кальций мөлшері жоғары көрсеткіш көрсетті. Педагогикалық колледж пайдаланатын “Антошка” борында күкірт элементінің аз кездесетіні байқалды.

2.1 Сауалнама жүргізу

Бордың адам денсаулығына тигізетін қандай әсері бар екенін білу мақсатында колледж оқытушыларынан сауалнама алынды.

Борды сүрткенде шаңы шығып мұрын бітеліп, тамақ ашиды, құрғақ жөтел, түшкіру сияқты аллергиялық реакция береді.

Үнемі бормен жұмыс істеу қолдың құрғап жарылуына, тырнақтың қабаттануына әкеледі.

Осыған көз жеткізу үшін сауалнама жөн көрдім. Сауалнама алынды 25 оқытушыдан.



жүргізуді



Бордың сапасын анықтау

- бор жазғанда қатты үгілмеу керек;
- бор қолға қатты жағылмау керек;
- бор таза болу керек;
- бор құрамында ұсақ тастар және тақтаны сырмайтын болу керек

2.2 Кальций ионын анықтау (Ca^{2+})

Борды кішкене бөлшегін алып, спиртшамының жалынында қыздырамыз. Спиртшамының жалыны ашық қызыл түске боялды.


Қорытынды: барлық алынған бор үлгілерінде кальций иондары бар екенін анықтадым.

Бор үлгілері	Ca^{2+}	Жалынның түсі
№ 1 Антошка (Ресей)	бар	ашық қызыл
№ 2 Классика (Ресей)	бар	ашық қызыл



2.3 Карбонат - аниондарды (CO_3^{2-}) анықтау

Сынауыққа бірнеше бөлшек борды алып, оған сұйылтылған тұз қышқылын HCl құямыз. Сынауықты жылдам газ өткізгіш түтікшесі бар тығынмен жабамыз. Түтікшенің екінші ұшын ішінде 2 – 3 мл әк суы бар сынауыққа саламыз. Бірнеше уақыт әк суында көмірқышқыл газының көпіршектері пайда болғанын байқадық. Әк суы лайланды. Яғни бордың құрамында карбонат - аниондары (CO_3^{2-}) бар екенін білдіреді.



2.4 Крахмалды анықтау

Бор үлгілері	Көмірқышқыл газының бөлінуі
№ 1 Антошка (Ресей)	шапшаң
№ 2 Классика (Ресей)	ақырын
№ 3 Тұңғыш-Тараз (Тараз)	шапшаң

Крахмалды біз йодтың спирттік ерітіндісінің көмегімен анықтады. Зерттелетін бордың кішкене бөлшегін алып, оған 2 – 3 тамшы йод ерітіндісін тамызамыз. Йод ерітіндісінің түсінің өзгеруімен крахмал бар екенін білуге болады.

Зерттеу нәтижесі

2.5 Ғанышты анықтауға микрокристалдық реакция

Зерттелетін бордың әрбір үлгісін ұсақтап үгітіп, 1 граммын 2 мл дистилденген суда еріттік. Алынған ерітіндіні шыны таяқшамен мұқият араластырып, сүздім. Сүзгіден өткізілген ерітіндіні заттық шыныға салып, микроскоппен қарадым. Кебу барысында пайда болған тамшылардан ине және әртүрлі пішіндегі ғаныш кристалдарын көруге болады (егер бордың құрамында ғаныш болса).

Зерттеу нәтижесі

Бор түрлері	Ғаныш қоспасына тексеру	
№ 1 Антошка (Ресей)	Бор үлгілері ғаныш аздап бар	Йод ерітіндісін қосқанда көк
№ 2 Классика (Ресей)	бар	көк
№ 3 Тұңғыш-Тараз (Тараз)	бар	көк
№ 3 Тұңғыш-Тараз (Тараз)		көк



Қорытынды

Осы жұмысты жасау барысында бордың құрамына, кальций және карбонат иондарына сапалық талдау, крахмал, ғаныш сияқты қоспа заттарды анықтауға зерттеу

жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар оқытушылардың арасында бордың ағзаға әсері туралы білу мақсатында сауалнама алынды.

Жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде мен бордың кальций карбонатынан және әртүрлі қоспалардан (желім, крахмал) тұратынына көз жеткіздім. Сонымен қатар сатылымдардағы борлардың барлығы бірдей сапалы емес екенін білдім.

Барлық үлгідегі борлардың химиялық құрамын зерттей келе, олардың оқытушылардың денсаулығына қандай да болса кері әсері бар екені анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Большая серия знаний (химия), Современ. педагогика, Москва, 2015г.

2. Ғаламтор.

<http://www.proshkolu.ru/user/lkolganovado/blog/9963/>

<http://portfolio.1september.ru/work.php?id=565737>

<http://www.k-silikat.ru/chalk.php>

<http://www.lformula.ru/index.php?part=him005&page=020>

3. Химия. Новое учебное пособие, Издательство Феникс, Ростов на Дону, 2014г.

СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУДЫҢ МОТИВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жұмағазы Ақбота

КМҚК «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

0111000 «Негізгі орта білім», II курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Жумагулова Асем Алибековна, қоғамдық пәндер оқытушысы

Мақсаты: Студенттердің білімін бақылау мен бағалаудың мотивациялық тәсілдерін көрсету.

Міндеттері:

- Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі
- Студенттердің білімін бақылау мен бағалаудың мотивациялық тәсілдерін қолданудың тиімділігі
- Тәуелсіз бағалау жүргізетін TIMSS, PISA халықаралық зерттеулерінің нәтижелері

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Студенттердің білімін бағалаудың мотивациялық тәсілдері мен критериалды бағалау жүйесін сабақта қолданудың тиімділігі көрсетілген.

Бағалау: Оқу жетістігін бағалау білім алушының кері байланыс арқылы оқу мақсаттарына сәйкес жоспарланған білім беру үдерісін реттеу және түзету арқылы нақты қол жеткізген нәтижесін белгілеу үдерісі.

«Бағалау» термині «**жақын отыру**» деген мағынаны білдіреді. Себебі бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін бақылауы болып табылады. **Бағалаудың 2 түрі бар:**

1. Оқуды бағалау (суммативтік немесе жиынтық)

2. Оқыту үшін бағалау (формативтік немесе қалыптастырушы).

Оқыту тиімділігінің артуы студент табысын бағалау сапасына тікелей байланысты. Бақылаудың дәстүрлі құралдары талап етілетін білім, білік, дағдыларының деңгейін ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан барлық уақытта бағалау жүйесін дайындау өзекті мәселе болып келеді.

Бүгінде еліміздің білім саласына «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарының бағалау тәжірибесі білім саласына енгізілуде. Тәжірибені жүйелі жүргізуге деңгейлік біліктілікті арттыру курстарының маңызы ерекше. Ұсынылып отырған бағалаудың жаңа тәсілдерде оқушылардың өзара бағалауы ынталандырылып, өзін-өзі бағалауға деген құқығын біледі, үдеріс пен оқыту нәтижесіне деген жауапкершілігі артып, өзін-өзі бақылауы күшейеді. Мұғалімнің қызметі төреші, бақылаушыдан көмекші, кеңесшіге ауысады. Бағалау үдерісінде мұғалімнің студентпен

өзара әрекеті үзілмейді, керісінше жаңа білімді игеру ынтымақтастығы жалғаса түседі. Аталған бағалаудың дәстүрлі және жаңа жүйелерінің салыстырмалы талдауы ұсынылып отыр [2].

Бағалаудың жаңа жүйесінде **жиынтық бағалаумен қатар қалыптастырушы немесе формативті бағалау** қолданылады. Жиынтық бағалаудың немесе Оқыту үшін бағалаудың мақсаты оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оны мұғалім тест, емтихан т.б. түрде өткізіп, өзі бағалайды.

Формативті бағалау немесе оқу үшін бағалау күнделікті әр сабақта жүргізіліп тұрады. Оқу үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. Бұл ретте мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылады. Студенттер өзара және өздерін бағалауға тартылуы мүмкін және мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, студенттер белсенді қатысуы керек. Аталған бағалау оқытушыға аудиториядағы білім алушылардың үлгерімін бақылап отыруға мүмкіндік береді [3, 58-бет]

Қазақстан Республикасындағы 2015-2020 жж білім беруді жаңартудың стратегиялық бағыттары, 2014: «Баға қою үшін анық критерийлер жоқ болғандықтан ... әдетте, бағалар мұғалімнің еркімен қойылады. ... Қолданыстағы білімді бағалау жүйесіне міндетті түрде радикалды өзгертулер енгізу аса қажет»

Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі.

«Критериалды бағалау» терминін алғаш рет Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған және бұл термин білім алушының оқу жетістіктерінің қол жеткізген және потенциалды деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды.

Критериалды бағалау жүйесі мүмкіндік береді:

- Оқушыларға жүйелі кері байланыс беру
- Келешекте студенттің мақсатты оқуы үшін таландыру
- Өзін-өзі бағалаудағы сынқалыптастыру
- Оқуды дер кезінде түзету
- Баға, қателіктер алдындағы қорқыныш пен мазасыздықты төмендетеді

Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты:

Бағалау критерийлерінің негізінде оқушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну.

Өзін-өзі бағалау білім алушының танымдық әрекетінің бағыттылығына қол жеткізеді, себебі танымдық әрекет кезінде ол өзіне қоятын талаптарды да реттеп отырады, оқу әрекеті барысындағы өзін-өзі бағалаудың құрылымы өзіндік әрекеттің мақсатын айқындау, оқыту нәтижелерімен оған қол жеткізу жолдарын анықтау, өзіндік іс-әрекетті жүзеге асырудан алынған нәтижелерді оқыту нәтижелерімен салыстыру, орындалатын іс-әрекет барысын бағалау жіберілген қателерді анықтау, оның себептерін ашу өзін-өзі бағалау негізінде жұмысты түзету, әрекет жоспарын нақтылау, жетілдіру, қорытындылау деп аталатын бірнеше буыннан тұрады.

Әр баланың біліміндегі кемшіліктерінен гөрі, олардың жетістіктерін атап көрсету, нұсқауды мәлімдеу арқылы балаға нені оқу керектігімен қалай оқу керектігін көрсетуі, нұсқаудың үздіксіз және жүйелі жасалуы, баланың әлеуметтік, әсершіл, танымдық даму процестеріне бағытталып, жан-жақты болып ескерілуі маңызды. Осы әрекеттер арқылы оқушылардың тиімді білім алуына және табысқа жетуіне қолайлы жағдай туғызады. Аталған әрекеттердің барлығы қалыптастырушы бағалау барысында жүзеге асады.

Сонымен, қалыптастырушы немесе оқу үшін бағалаудың дәстүрлі бағалаудан келесі артықшылықтарын атап көрсетуге болады:

- білім алушының жетістік деңгейін нақты сипаттайды;

- білімгедегенінтасынарттырады;
 - білімалушыныңөзінедегенсенімділігіартып, жауапкершіліктісезінеді.
- Білімалушыныңөзінезібағалауыдамып, оны тек сабақбарысындағана емес, кез-келгенөмірдегі болыпжатқанқайшылықтарғаөзіндікбағалаужүргізеалатынтұлғақалыптасады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
2. Современные средства оценивания результатов обучения: Учебное пособие /Сост. Е.В.Телеева - Шадринск: Изд-во Шадрин.пединст-та, 2009.
3. Вақ.kz сайты

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНЕ ДЕГЕН ЫҚПАЛЫ

Жұмаханов Қазез, 24 топ студенті

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Сағымбеков Н.Ә.

Бүгінгі тақырыптың өзектілігі әлемнің дамушы тілдерінің бірі - ағылшын тілінің әлем елдеріне қандай әсер ететінін білу. Тақырып сөздеріне түсініктеме енгізетін болсақ ағылшын тілі қазіргі Англия (Ұлыбритания) мемлекетінен шыққан тіл. Әлем елдері деп біз дүние жүзіндегі алпауыт және төмен мемлекеттерді қарастырып, онымен қоса Қазақстан Республикасында қарастырамыз. Ықпал депәсер етуші факторды айтамыз. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте демекші, мен өз тілімді нағыз патриот ретінде құрметтей білемін және өзге тілді білуге асықпын. Сол тілдердің бірі ағылшын тілі. Мен ағылшын тілінің ықпалын өте зор әрі үлкен деп білемін. Өйткені бұл дамушы тіл. Ағылшын тілімен әлемде 400 миллион адам сөйлесе, бұл тіл 6 мемлекетте мемлекеттік тіл болып табылса бұл тілде 700 мың сөз бар және бұл тіл байлығы бойынша 2 орында тұр. Онымен қоса оннан астам мемлекетте Қазақстан Республикасымен қоса бұл тіл қолға алынуда. Яғни, қазір әлемде дамушы тіл ретінде ағылшын тілімен қатарлас біз қытай тілін ала аламыз. Әлемде қытай тілімен 1 миллиард адам сөйлейді. Алайда осыған қарсы факт ретінде Қытай Халық Республикасында 1 миллиард 300 миллион адам өмір сүреді. Яғни әлем елдеріне бұл тіл таралмаған болып табылады. Онымен қоса қытай тілімен 1 аудитория ғана сөйлесе, ағылшын тілі әлемдегі барлық адам баласы бар континенттерге жайылған жалғыз тіл болып табылады. Сондықтан біз ағылшын тілінің басқа тілдердің қасындағы ықпалы жоғары екенің аңғарып көре аламыз.

Қазақстан Республикасындағы ағылшын тілінің ықпалы. Сонау 2006-2007 жылдарында басталған үш тұғырлық идеясы бүгінгі күнде іске асуда. Соңғы жолдауында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтің «Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар, қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деп жария еткен болатын [1,232]. Яғни біздің елімізде де ағылшын тілінің ықпалы жоғары екенің Президентіміздің бастауы мен жүріп отырғандықтан анық көруге болады. Қазақстанды күллі әлем жоғары білімді, үш тілді меңгерген ел ретінде тану керек деп Елбасы осы істі бастаған болатын. Яғни болашағымызға ағылшын тілі көмегін тигізетіндігіне ел басымыздың күмәні болмаған. Осы жерден келетін қорытынды ағылшын тілінің Қазақстан Республикасының болашағына деген ықпалдың болуын қарастыруға болады. Ағылшын тілінің Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлерге, яғни, экономикалық жағдайға да көмек тигізіп, жас ұрпақтың ағылшын тілін үйренуге мүмкіндік жасалуда. Мысалы, соңғы жылдарда қосымша білім беру орталықтары ағылшын тілі сабақтарын жүргізуге кіріскен болатын. Орташа есеппен орталықтарға 65% адам тек ағылшын тілін үйренуге барады екен [2,67-73..

Келесі кезекте ағылшын тілінің жағдайы төмен мемлекеттерге деген ықпалын қарастырсақ. Төмен мемлекеттер деп деп қандай мемлекеттерді айтамыз? Дамушы мемлекеттер қатарынан соңғы орында тұрған мемлекеттер. Ең бірінші ойға келетін мемлекеттер ол Африка мемлекеттері: Мадагаскар, Буркино-Фасо, Мозамбик сынды мемлекеттерге ағылшын тілінің қандай ықпалы бар екенің анықтайық. Африка мемлекеттерінде жаппай мәселелер бастала сала әлемнің алпауыт елдері көмек ұшын тигізе бастады. Мекемелерде кадрлар жетіспей Еуропа мен Америкадан ұстаздар қоныс аудары бастайды. Осы кезде жағдайы нашар мемлекеттердің мектептерінде ағылшын тілі оқытылып, пәндер ағылшынша оқытыла бастайды. Бұл бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Қазіргі балалардың сауаттылығын сақтап тұруға ағылшын тілі көмектесуде. Жағдайы төмен мемлекеттерге ықпалы арқылы сауаттылықты ұстап тұруға көмектесуде. Қарым-қатынас тілі болып бүгінгі күнде Африка материгінде де ағылшын тілі табылады.

Ал енді ағылшын тілінің әлемнің алпауыт елдеріне деген ықпалын қарастырсақ. Алпауыт елдер деп біз 1 сатылы дамушы мемлекеттерді айтамыз. Экономика көрсеткіші бұл жерде үлкен рөл атқаруда. Алпауыт мемлекеттердің қатарына бұл тарапта ағылшын тілдес мемлекеттерді енгізбей, Жапония, Қытай, Польша және Чехия сынды мемлекеттерді алып қарасақ: Жапон тілі мен Қытай тілі өте ауыр тіл болғандықтан, шетел өкілдерімен қарым-қатынас тілі ағылшын тілі болады. Бұл мемлекеттерде жоғарғы оқу орнында оқу үшін мемлекеттік тілді немесе ағылшын тілін білу керек. Чехия мен Польшаға оралсақ, бұл бір халықтық мемлекеттер. Мысалы Чехияда 95% пайызын чехтар құрап, 60% адам ауызша ағылшын тілін біледі. Ал Польшада 93% халық таза поляктар бола тұра 58% халық ауызша ағылшын тілін біледі. Осы жерден болатын қорытынды әлемнің алдыңғы елдеріндегі ағылшын тілінің ықпалы қарым-қатынас арқылы тұрақты болуда[4,112].

Ойды қорытындылай келсем, ағылшын тілінің әлем елдеріне деген ықпалы өте жоғары. Көп мемлекеттердің болашағына деген перспектива ағылшын тілінің айналасында құрылған. Өйткені, ағылшын тілі даму үстінде әрі ғалымдардың пайымдауынша болашақта қарым-қатынас тілі. Әрбір халық өз тілінде бақытты демекші өз тілімізде бақытты болсақ та өзге тілді тануға асығайық! Тіл білмейтіндер емес, білгісі келмейтіндер мәңгірт. Кел балалар оқылық!

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1)Ақыл кеңі (Алматы 2005- Алматы : Санат, 2005. - 232 б.
- 2)Modern English(Алматы 2014№5, 67-73 стр)
- 3)Modern English(Алматы 2015№2, 92 - 96 стр)

SLANG WORDS OF ENGLISH LANGUAGE

Кабдулбарова Айжана, Ғылыми жетекшісі: Ибрагимова Акмарал Азаматовна

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж

Slang expressions are created by the same processes that affect ordinary speech. Expressions may take form as metaphors, similes, and other figures of speech. Words may acquire new meanings. A narrow meaning may become generalized (fink, originally a strikebreaker, later a betrayer or dispointer) or vice-versa (heap, a run-down car). Words may be clipped, or abbreviated (mike, microphone), and acronyms may gain currency (VIP, awol, snafu). A foreign suffix may be added and foreign words adopted. A change in meaning may make a vulgar word acceptable or an acceptable word vulgar (raspberry, a sound imitating flatus; from raspberry tart in the rhyming slang of Australia and Cockney London; Sometimes words are newly coined like oomph, sex appeal, and later, energy or impact.

The vocabulary of Old English differs from the vocabulary of Modern English. Modern English abounds in the words that were absent in Old English. The language is not a dead phenomenon, it is alive, and it is always up-to-date. The development of the language is gained due to the endless appearance of new words. Slang comes to be a very numerous part of the

English language. It is considered to be one of the main representatives of the nation itself. The birth of new words results from the order of the modern society. Slang arises due to our propensity for replacing old denominations by expressive ones. And yet the growing popularity of ever new creation prevents it from remaining fresh and impressive. What was felt as strikingly witty yesterday becomes dull and stale today, since everybody knows it and uses it. So how do the slang words come to life? There are several ways of slang words formation:

1. Various figures of speech participate in slang formation. For example: upperstorey-head (metaphor), skirt-girl (metonymy), killing-astonishing (hyperbole), some-excellent or bad (understatement), clear as mud (irony). Slang items usually arise by the same means in which new words enter the general vocabulary.
2. The slang word can appear thanks to the recycling of the words and parts of words, which are already in the language. Affixation allows limitless opportunities for open-ended sets. For example: megabucks, megabeers, megawork (for vast quantities of the item in questions). Compounding makes one word from two. For example: airhead-someone out of touch with reality homeboy-a person from the same hometown
3. A currently productive process especially in American English is the addition of a particle like OUT, OFF or ON to a noun, adjective or verb, to form a phrasal verb. For example: blimp out-to overeat; blow off-to ignore; hit on-to make sexual overtures to.
4. In slang, frequently used words are likely to be abbreviated. For example: OTL-out to lunch-out of touch with reality; VJ-video jock-an announcer for televised music videos; OBNO-obnoxious; Sup?-What's up?; Pro-professional.
5. Unlike the general vocabulary of the language, English slang has not borrowed heavily from foreign languages, although it does borrow from dialects, especially from such ethnic or special interest groups which make an impact on the dominant culture as American Black, or from a second language that is part of the culture. For example: Yiddish.
6. Certain slang words are mere distortions of standard words. (adsbygoogle = window.adsbygoogle || []).push({}); For example: cripes-instead of «Christ!»
7. Sometimes new words are just invented. For example: shenanigans-tricks, pranks.
8. Mock dialect and foreign pronunciation result into the formation of slang. For example: «my feet are staying» (goodbye)-mock for German «auf wiedersehen».
9. Some sounds appear to give words a slangier flavor. For example the sound [z]: zazzy from jazzy, scuz from scum, zap from slap.
10. Sometimes a new slang word can appear due to the replacement or addition of a vowel with [oo] For example: cigaroot from cigarette, bazoom from bosom.

Our students study Oscar Wilde's, Maugham's, Jack London's works of art. These masterpieces can be good examples of the last way of slang words formation. The language of Maugham is still understood but even priests don't speak this way.

There is a good fairy-tale to demonstrate how the transition of slang words is used in practice. A frogman liked to take pictures under water but a princess liked to stroll along the shore. The princess lived one hundred and ninety seven years ago but the frogman still lives.

It is probably one of the hardest aspects of the English language to learn, because there are so many variations in each small town, let alone in different English-speaking countries!

People use slang to sound less formal. Slang is mainly used because it relaxes the mouth, and allows people to speak in a more comfortable way. It is a lot easier to use slang than 'perfect English', which is probably why it's so common!

References:

1. Аврорин В. А. Проблемы изучения функциональной стороны языка, — М., 2006.
2. Алексеева Л. М. Термин и метафора. — Пермь: изд-во Пермского университета, 1998.
3. Апресян Ю. Д. Лексическая семантика. — М.: Наука, 1974.

І.АЙТЫҚОВ ЕРЛІГІ -ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҰРАН

Калимолдаева Аяжан Еркиновна, Ғылыми жетекшісі: Калкенова Бейбитгул Женисбековна
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»КМҚК

Соғыс жаңғырығы алыстаған сайын, ол кезеңнің еліміздің елдігін ғана емес, бүкіл әлем халықтарын фашисттік езгіден сақтап қалудағы маңызы барынша айқынырақ ажарлана түсуде. Ия, көп ұлтты халқымыз бүгінгідей азат өмірге оңайлықпен қол жеткізген жоқ. Миллиондаған есіл ер майдан даласынан қайтпай қалды. Жеңіс бізге халқымыздың мызғымас бірлігі мен ынтымағы, елге-жерге деген адалдығы, сүйіспеншілігі арқасында көп құрбандықпен келді. Бүгін майдан мен тыл адагерлеріне құрмет көрсете отырып, соғыстан қайтпай қалған жауынгерлерді еске аламыз, рухтарына тағзым етеміз. Олардың ерліктері ешқашан да ұмытылмақ емес.

Ізғұтты Құрманбайұлы Айтықов 1922 жылы 20 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысының Ұланауданында туған. Ізғұтты Айтықов сегіз класстық білім алып, 1938 жылы бұрынғы Семейдің қазақ педагогикалық техникумына оқуға түседі. Қазіргі М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі.

1942 жылы Айтықовты майданға шақырады. Алғашында батальон командирі, кейін взвод командирі болады. 51-гвардиялық атқыштар дивизиясының барлаушысы Айтықов Белград, Курск, Калинин облыстарын жаудан босату ұрыстарына, Сталинград шайқастарына қатысады. 1942 жылы Сталинград Батыс Двина өзені үшін болған сұрапыл шайқаста Ізғұттының тобы жаудың 4 пулеметін 38 солдаттымен офицерін жойып «Отан үшін жан пида» деген ерен ерліктің үлгісін көрсетеді. Гранаталар лақтырып, үш взводпен жер төлені талқандап құртады. Ловшатемір жол станциясына шабуыл жасағанда олар батылдатап қырлығымен көзге түседі. Жаудың екі станокті пулеметін құртып, қырыққа жуық солдаттарымен офицерлерін жер жастандырады. Витебск облысының Залужье деревнясына фашистерді қуып шығуда да жекебасының ерлігімен қарулас достарына үлгі бола біледі. Талай рет жау тылына өтіп, 22 «тіл» алып келеді. 1944 жылы 20 маусымда Айтықов взводы Батыс Двинадан өтіп, жау ортасын оқпен бөгеп тұрады да, дивизия бөлімдерінің өзеннен өтуіне мүмкіндік жасайды. Екі күннен кейін взвод Полоцк қаласына алғашқылардың бірі болып кіреді. Сол қаладағы айқаста гвардия старшинасы Айтықов ерлікпен қазата бады. Ізғұтты Айтықовтың қабірі Литваның Зарасай қаласындағы Бауырластар зиратында. Қабірі басында Батырдың бет-бейнесі салынған, аты-жөні жазылған құлпытас тұр. Айтықовтың қалтасынана яқталмаған хаты шықты. Ол «Батырдың өсиеті» деген тақырыппен дивизиялық және армиялық газеттерде жарияланды. І.Айтықовтың соғыста көрсеткен ерлігі бағаланып 1944 жылы «Кенес Одағының Батыры» деген жоғары атаққа ие болады. Қызыл Жұлдыз, екінші және үшінші дәрежелі Даңқ ордендерімен, «Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен марапатталады. [1]

«Ересімі - елесінде» Ізғұтты Айтықовтың есімі, ерлігі мәңгі ұмытылмайды. Айтықовтың жасаған ерлігі елеусіз қалмады.

- ❖ 1975 жылы Николаев қаласындағы «Океан» кеме жасау зауытында жасалған кентасу теплоходына І.Айтықовтың есімі беріліп, ол 1976 жылы 20 қаңтарда Одесса қаласында сүғатүсіріледі. Қазір кеме Қаратеңізбен Жапония аралығында жүзеді.
- ❖ Литва жеріндегі батыр жерленген Зарасай қаласында бір көше біздің жерлесіміздің есімімен аталады.
- ❖ Белоруссияның Полоцк қаласында Ізғұтты Айтықовқа ескерткіш орнатылған.
- ❖ Батырдың туған жері Ұлан ауданында Ізғұтты Айтықов елосы бар.

Қорытынды:

Батыр баба рухы бізді әрқашан батылдық пен өршілдікке, отансүйгіштік пен төзімділікке жетелейді. Біз әрдайым батыр есімін ұлықтап, қастерлеуге тиіспіз. Изғұтты Айтықов есімі мәңгі ұмытылмақ емес. Бүгінгі жас ұрпақ батыр есімін қастерлеп, ғасырдан–ғасырға ерліктің үлгісі ретінде жеткізбек. Изғұтты Айтықовқа туралы жинақталған мәліметтеріс жүзінде қолданылыпжатыр. Жинақталған өлеңдер қазақ әдебиеті және орыс әдебиеті пәндерінде, ал ерліктері туралы мақалалар мен кітаптар тарих пәндерінде насихатталып жатыр. № 309 аудиторияға кірген әрбір бірінші курс студенттеріне алғашқы сабақта кабинет атауы таныстырылып, және I.Айтықов туралы толықтай слайд арқылы мәліметтер беріледі. Ержүрек батыр, батыл барлаушы, нағыз Отаншыл азамат Изғұтты Айттықов есімі мәңгі ұмытылмақ емес. Бүгінгі жас ұрпақ батыр есімін қастерлеп, ғасырдан–ғасырға ерліктің үлгісі ретінде жеткізбек.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Елғон.Е. «Жеңісжолындаоткешкендер»–Алматы, 1998
- 2.Қабышұлы«Қ. Тарғылтірлік»–Алматы, 2006.
- 3.Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 5т. - Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998.

«ҒАЗИЗ САПАҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ»

Қабдоллаева Аружан, 21-топ

Ғылыми жетекшісі: Мусанова Адина Дашақызы

Семей қаласы, «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Мақсаты:Семей өңірінің мақтанышы, Жазушылыар мен Журналистер одағының мүшесі, көрнекті қаламгер, драматург, ақын Ғазиз Сапаұлының өнегелі өмірі мен өнімді шығармашылық жолы жас ұрпаққа үлгі. Ғазиз Сапаұлыныңшығармашылығының ерекшелігін көрсету.

Міндеті:

1. Ғазиз Сапаұлының өмір жолы мен шығармашылығы жайында әдебиеттер, басылым беттерін оқып, талдау.
2. Ғазиз Сапаұлының әдеби мұрасы жайында айта отырып, ершелігін көрсету.

Тақырыбы:«Ғазиз Сапаұлының әдеби мұрасы»

Гипотизасы:Ғазиз Сапаұлының шығармашылығын зерттей отырып, оның өз заманында қалдырған мол мұрасы бүгінгі жастарға және болашақ ұрпаққа ақыл-өсиет, тәлім-тәрбие ретінде сабақ болады.

Зерттеу әдістері:жинақтау,талдау

Ғазиз Сапаұлы 1926 жылы Тарбағатай тауының бауырындағы Ақмектеп ауылында дүние есігін ашты. «Жас кезінде бейнет бер,қартайғанда зейнет бер» деп бұрынғы қариялар тегін айтпаса керекті.Ғазиз атамды тағдыр небәрі 7 жасында Қытай асырды.Аштықтан қашып бөтен елге келген атам жокшылық пен жетімдіктің тауқыметін тартады.

Одан соң елде Ұлы Отан соғысы жүріп жатыр дегенді естіген бозбала Ғазиз досы Саматпен бірге туған еліне сапар шегеді.Жолда шекарашыларға ұсталып,күдікті ретінде Мақаншының түрмесінде жатады.

Қазақ жеріне тұңғыш аяқ басқан оралмандардың бірі Ғазиз Сапаұлы екен.Ғазиз Сапаұлы елге келген соң соғысқа қатынасуға ықылас танытады.Бір жасының жетпей қалуына байланысты Бородулиха ауданына жұмысқа жіберіледі.

Соғыс кезінде Ғазиз Сапаұлы көп қиындық кешті. Еңбек ете жүріп, Семей педагогикалық институтына оқуға түседі.Жоғарғы білім алған соң 10 жылдан астам ұстаздық қызмет атқарады [1.6].

Ғазиз Сапаұлы салиқалы газеттердің бірі «Семей таңымен» тығыз байланысты,сабақтасып жатыр.Зейнеткерлікке шыққанға дейін табан аудармай адал қызмет атқарды.1956 жылы жазған «Биби» деген тырнақалды әңгімесі облыстық газеттің

жарияланған бәйгесінде бас жүлдені ұтып алды. Жағымсыз бейнені басты образ ұқсамайтын даралығы дер едім. Белгілі сыншылар С. Қирабаева, А. Нұрқатов, Х. Әдібаевтар повестке әділ бағасын береді, бірақ бұл кітабы баспаға енбей қалады.

1969 жылы Ғазиз Сапаұлының «Жұлдыз» журналында жарияланған, кейін жеке кітап болып «Менің көгершінім» деген повесі жарық көрді. Одан кейінгі «Гүлдана», «Жалын», «Туған жерден алыста», «Жол үстінде», «Астана» повестері жарық көрді.

Жазбай отыра алмайтын Ғазиз Сапаұлының қаламынан жастар өмірінен жазылған Тойым – той пьесасы Семей облыстық музыка – драма театрының сахнасында 8 жыл бойы үздіксіз қойылды.

Драматургия саласында санымен емес, сапасымен ерекшеленетін пьесалары: «Қиын екен қыз деген», «Мәңгүрт», «Қақпан» бар. Ғазиз Сапаұлының соңғы екі пьесасы сахналанбай қалғанын режиссер ағайындарға құлақтар етеміз.

И. Тасмағанбетовтің арқасында Ғ. Сапаұлының «Сағыныш» романы 2003 жылы жарыққа шықты. Сарғая тосып жарыққа шыққан «Сағыныш» романының басты кейіпкері – Есен өмірдегі Ғазиз атамның өзі. Шығарма өткір идеялық мазмұндылығымен ғана емес, адам жан сезімін шебер бере білген психологиялық өрнегімен де құнды. Романға берілген «Сағыныш деген атадан бастап, жіпке тізіп айта берер болсақ, Тарбағатай асып қалың Қытай жеріне ауып бара жатқан елдің туған жерімен қимай қоштасуы, жас бала Есеннің елге деген сағынышы, жырақта қалған анасын, туыстарын аңсауы, Мәкен, Күлтай есімді қыздарға сүйіспеншілігінің баянсыздығы, мұның бәрі – шығарманың психологиялық ұтымды тұстарын анық көрсететін жағдайлар [2].

Ғазиз Сапаұлының кітапты жазудан гөрі, соны шығаруға кеткен уақыты көп еді. Ешкімге жалтақтай білмейтін, жаны таза, жүрегі ақ заманның зіл батпан ауыртпалықтары сындыра алған жоқ, қайта қайрай түсті.

«Әдеиет – ардың ісі» деп аталы сөзден аттамаған Ғазиз Сапаұлыбылай дейтін еді:

Әйтеуір қумадым мен ақындықты,

Хош көрдім пәк сезімге жақындықты.

Поэзия гүліне шаң – тозаң боп

Қонақтауға жоқ еді хақым тіпті,

Бұрындарда көбінесе айтып отыратын әңгімесі Бауыржан Момышұлымен кездесуі еді. Сол кез есімде жақсы қалыпты деп есіне алып отыратын еді. Бауыржан Момышұлы Семей қаласына сапары түскен кезде, Ғазиз Сапаұлына батырды көру мәртебесі бұйырған екен. Тіпті, ол кісіден қалған естелік заты бар [3].

Сондай – ақ, сөреде жатқан пьесалары Семей сахнасында қойылып жатса қандай ғанибет! Жазушылар және Журналисттер одағының мүшесі, өмірден түйгенін көркем сөзбен сөйлеткен қарымды қаламгер, драматург, ақын жүректі азамат өнегелі өмірмен өнімді шығармашылық жолы – жас ұрпаққа үлгі. Осындай қарапайым қаламгері бар Семей халқы қашанда бақытты!

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтай-Ертіс кітапханасы Ғазиз Сапаев Бел-белестер, «Фолиант», 2011, 472б.
2. <https://adebiportal.kz> // Ғазиз Сапаев
3. www.cbssemey.kz // Ғазиз Сапаев

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАТЕМАТИКА ПӘНІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құсман Тоғжан Амангельдықызы

Жетекшісі: Мавлитаева Гүлназ Айткалиевна

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі», ҚМҚК, Семей қаласы

Тақырыптың өзектілігі: Оқытудың әдіс-тәсілдері өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңартылып, жаңаша ой-пікір пайда болды. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты

– білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ – ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі.

Жаңартылған білім беру бағдарламасында математика пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын дамытуға жағдай жасауға бағытталған. Оқу мақсаттары оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір – бірімен тығыз байланысты. Бұл ұғым шиыршықты куррикулум идеясының негізіне салынған – «Өзірленген куррикулум оқушы соған сүйеніп, өмір бойы қажет болатын бүкіл формалды аппаратты толық игергенше өзінің негізгі идеяларына сан рет қайтып оралу керек...» Оқытудың әр түрлі кезеңдерінде пәнді әрқашан аса күрделі деңгейде және тереңдетіп оқу қарастырылған.

Тақырыптың мақсаты: Бастауыш мектепте математика пәнін оқытуда оқушылардың танымдық әрекеттері мен математикалық ой өрісін дамытуда жаңартылған білім беру жүйесіндегі әдіс-тәсілдерінің тигізетін әсерін анықтау, оны сабақта тиімді түрде пайдалану жолдарын көрсетуді көздедім.

Тақырыптың мақсатына орай мынадай негізгі міндеттер қойылды:

1. Жаңартылған білім беру жүйесі жайлы мәлімет беру;
2. Бастауыш сыныптағы математика пәніне еңгізілген ұғымдарға талдау жасау.

Зерттеудің дереккөзі Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республкасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат пайдаланылды.

Зерттеу әдістері: Бақылау, аналитикалық, статистикалық деректерсіз ойлау, ақпараттар іздеу, модельдеу, зерттеу және эксперимент әдістері қолданамын.

Зерттеу жұмысының болжамы: Егер бастауыш сыныптарда математика сабақтарында жаңартылған білім беру жүйесінің тиімді жолдарын анықтап, тәжірибеге енгізсе, онда оқушылардың оқу-танымдық қабілеті дамып, нәтижесінде білім деңгейі артар еді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жылма-жылғы жолдауларында білім беру жүйесіне қолдау көрсетіп келе жатыр. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауында *білім берудің жаңа сапасына назар аударды. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс екенің атап өтті.*

«Математика» пәні бастауыш білім берудің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады. Математика бойынша бастапқы білім сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады, зерттеу және қарым-қатынастың, математикалық білімді өмірде қолданудың алғашқы дағдыларын қалыптастырады.

Математиканың бастапқы курсына оқып үйрене отырып, оқушылар талдау, синтездеу, жіктеу, салыстыру, себеп-салдарлық қатынастар мен заңдылықтарды анықтауды үйренеді, түрлі заттар мен қоршаған орта құбылыстарын сипаттау үшін математикалық тілдің негіздерін игереді, білім мен іс-әрекет тәсілдерін меңгереді, мұның барлығы жинақтала келе оқи білуге негіз болады.

«Бірге топтастырайық» ойыны. Оқушыларға түрлі заттар – ойыншықтар, қарындаштар, контейнерлер, мата бөліктері салынған қорапты ұсыну. Олардың бірге

жұмыс істей отырып, аталмыш заттарды қандай белгілері бойынша топтайтындықтарын шешеді.

Заттардың қандай критерийлер бойынша жинақталғанын көру үшін оқушылардың өзге топтарға баруын ұйымдастырамын. Бұл қалыптастырушы бағалауға қажетті құнды ақпаратпен алмасуға септігін тигізетін диалогтардың туындауына мүмкіндік береді.

(Ұ) Заттарды топтауға болатын барлық белгілерді жинақтайды.

Бағалау критерийі:

- Қоршаған ортадағы заттардан «екі-екіден» комбинациялар жиынын құрастырудың тәсілдерін анықтайды.

- Комбинация нұсқаларының санын анықтайды.

Тапсырма: Гүлзарда 6 гүл өседі. Олардың 4-уі қызғалдақ және 2-уі сарғалдақ. Анам 2 гүлді үзіп алды. Ол гүлдердің түсі қандай болуы мүмкін? Комбинациялар жиынын сәйкес нөмірлері арқылы жазыңыз.


Дескриптор: Берілген заттармен құрылатын комбинацияның санын анықтайды.

Фигуралар моделі – әр түрлі тәсілдерді қолдану арқылы фигураны жазықтықта орналастыру. Бұл тақырыпты түсіндіру үшін қолданған оқу мақсатым: 1.3.1.2 Жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) және кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида, тікбұрышты параллелепипед) тану және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру», «1.3.1.1 геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрышты бір бірінен ажырату және атау» оқу мақсаттарында қолданған **әдіс-тәсілдерім:**

- Топтарға жіптерді таратып беру. Оқушыларға қайтадан сызықтардың түрлері мен сәуленің үлгісін жасауға ұсыныс жасау. Оқушылардан әр бала үшін жіптің бір бөлігін қиып алып, оларды жіптің қалған бөлігімен салыстыруды өтіну. Қиылған бөліктердің кесінді деп аталатындығын түсіндіру. Олардың басы мен аяғы болады.

Кесінділерді дәптерлерге не
жеке маркарлік тақталарға сызып көрсету.

- Оқушыларға қолда бар материалдардан (сіріңке, санау таяқшалары, пластилин, қағаз жолақтары, желім және т.б.) 5 және 7 ұяшықтары бар сынық сызықтарды жасауға тапсырма беру.. Сіздің сынық сызығыңызда қанша кесінді бар екендігін талқылаңыз. Қанша төбе бар?



«Кел ойланайық» алуан түрлі сызықтар сызылған парақтарды таратып беріп, оқушылар оларды мұқият зерттеп, осынау сызықтардың оларға нені еске түсіретінін айтады. Қоршаған ортадан мысалдар келтіруге ұсыныс жасау: қандай заттарды немесе олардың бөліктерін түзу, кесінді не сәуле ретінде қарастыруға болады.

Оқушыларға салынған геометриялық пішіндері бар парақтарды таратып беру. Оқушылар бұл ретте шығармашылық қырынан танылуы керек – пішіндерге қосымша элементтерді салып, олардан заттар құрастыру қажет (мәселен, парақтарда екі шеңбер бар, оқушылар оларға элементтерді қосып, көзілдірік, аққала, екі доп және т.б. жасай алады). Ең ерекше суреттерді таңдап алып, сыныпқа көрсету.



Бағалау критерийі:

- Жазық (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) фигураларды және кеңістік (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида, тікбұрышты параллелепипед) денелерін ажыратады;
- Геометриялық фигуралар мен қоршаған ортадағы заттардың пішініне ұқсастығын анықтайды.

1-Тапсырма Таяқшалардан жазықтықта фигура құрастыр

2-Тапсырма Суреттегі фигураларды салыстыр. Қай фигураны бүктеу арқылы куб жасауға болады.

3-Тапсырма.«Танграм құрау» ойыны. Үшбұрыштардан жасалған фигуралар. Берілген үшбұрыштардан қоянды, түлкіні, кемеңі құрастыр

Дескриптор:

- геометриялық фигураларды анықтайды;

-геометриялық денелерді жасайды.

Оқушыларды геометриялық фигуралармен таныстырған кезде,геометриялық фигураларды қоршаған ортадағы қандай заттардың пішініне ұқсайтындығын анықтайды.Осы арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығы дамиды.

1.1.3.6 «1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг, 20 тг тиындармен әр түрлі операциялар жасау» оқу мақсатында «Математикалық домино»ойынын ойнатқан тиімді.

Оқушылардың монета туралы білімдерін тексеру мақсатында кестеде жазылған сұрақтарға оқушылар жауаптарын іздеп, тиісті сұрақтың үстіне жауабын жабыстырады.

1/Монета дегеніміз не? /ақша/

2/Қазақстанның ақшасы-ұлттық валютасы қалай аталады? ? /теңге/

3/Теңге қай жылы айналымға шықты?/15.11.1993 ж/

4/Теңгенің қандай түрлері бар?/монета және қағаз/

5/Теңгенің қандай номиналды монеталары бар? /1.2.5.10.20.50.100/

6/Барлық теңге монеталарының жалпы құны қанша? /188 тг/

Мұғалім тақтада дұрыс жауаптарды шығарып көрсетеді.Топтар орындарын ауыстырып, бір-бірінің домино парақтарын тексеріп, стикер арқылы бағалайды.

-Балалар, қандай жауаптар артық қалды?/артық жауаптар талқыланады/

«Кафе» ойыны. Кафедегідей жайғасып отырады. Араларынан 1 даяшы сайланады.

/мұғалім ойын ойнаудың шартын түсіндіреді/

Сыныпта кафе атмосферасын құру. 4 топ кафедегі 4 үстел болып жайғасып отырады. Әр топ өздерінің арасынан даяшы сайлайды. Даяшы оқушыларға ас мәзірін таратады. Оқушылар ас мәзірі бойынша даяшыға тапсырыс береді. Даяшы берілген тапсырыс бойынша тақтада ілінген суреттердің арасынан тағамдарды таңдап әкеліп, тапсырыс құнын айтады.Содан кейін оқушылар маркерлік тақтада төлем жасаудың жолын көрсетіп, тапсырысқа төлем жасайды.Оқушылардың теңгені ажырата және құра алу қабілеттерін бағалаймын.

Кэрролл диаграммасы – бұлфигураларды немесе заттарды ұқсас белгілері бойынша топтастыру. Кэрролл диаграммасын құрастыру үшін оқушылар геометриялық фигураларды түріне, түсіне қарап салыстырды. Бірінші топқа үшбұрыш, екінші топқа тіктөртбұрыш, үшінші топқа шеңберлерге байланысты тапсырма берілді. Диаграмманың 1-ші бөлігіне қызыл үшбұрыш , 2-ші бөлігіне қызыл үшбұрыш емес, 3- ші бөлігіне қызыл емес үшбұрыш, 4-ші бөлігіне қызыл емес үшбұрыш емес фигуралар жабыстырылды.



Логикалық тапсырмалар – бұл тапсырмаларды шығаруда ойлану, салыстыру, болжау керек. Әрбір логикалық есепке лайық шығару тәсілін таңдап алу керек. Кейбір логикалық есептерді қадам – қадаммен шығаруға болады. Ол үшін есептерді бөліктерге бөлу қажет. Логикалық тапсырмаларды орындау арқылы балалардың сын тұрғысынан ойлау дағдысы қалыптасады.



Математика сабақтарында тапсырмалар оқушыларға қызықты болу үшін, сабақтарда ойын элементтерін қолдану керек. Сабақта түрлі әдістерді қолдану арқылы өткізілген сабақтың деңгейі дәстүрлі сабаққа қарағанда қай жағынан алсақ та өте жақсы болды. Сабаққа оқушылар белсене қатысты. Берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды.

Дәстүрлі сабақ пен жаңартылған білім беру негізінде әдістерді қолдану арқылы өткізілген сабақтарды салыстыру нәтижесінде оқушылардың зейіні 10%-ға, шығармашылық қабілеті 30%-ға, белсенділігі 34%-ға, білім сапасы 40%-ға көтерілгенін байқауға болады.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін шынайы өмірлік қажеттіліктерге асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 257 б.;
2. «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 327 бұйрық, 2015 жыл 25 сәуір;
3. Математика. Оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту

САНДЫ ТЕҢСІЗДІКТЕРДІҢ ДӘЛЕЛДЕУ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ.

Мавленова Диляра Бекмухамбетовна
Жетекшісі: Сулейменова Мереке Болатовна
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

Мектеп алгебрасындағы маңызды мәселелердің бірі - теңсіздіктер. Теңсіздіктерді дәлелдеу олимпиада есептерінде және орта мектеп бағдарламасынан тыс математиканы тереңдетіп оқытуда қолдануға болады. Сонымен қатар көптеген зерттеу жұмыстарында теңсіздіктерді пайдаланады және көп жағдайларда бұл жұмыстардың нәтижелері де теңсіздіктермен көрсетіледі.

Мектеп математика курсына теңдеулерді шешудің төрт негізгі әдісі қолданылады: көбейткіштерге жіктеу, жаңа айнымалы енгізу, функцияларды байланыстыратын теңдіктен аргументтерді байланыстыратын теңдікке көшу, функциялардың графиктік әдісі. Бұлардан басқа арнаулы әдістері бар. Олар, әрине теңдеулерді негізгі әдістермен шешуде қиын болғанда қолданылады. Бұл жоғарғы математикада белгілі жеті теңсіздіктің теңдеулер шешуге қолданылуын қарастырамыз. Бұлар: Коши, Бернулли, Иенсен, дәрежелік орта теңсіздіктері, Гюйгенс, Коши-Буняковский. Бұл теңсіздіктердің математиканың әр түрлі салаларында, мысалы функционалдық анализде енгізу теоремаларын дәлелдегенде, операторларды бағалауда мәні өте зор. Мектеп математикасында бұл теңсіздіктерді, әр түрлі теңсіздікті дәлелдеуге қолданады. Тақырыпта көрсетілгендей біз теңсіздіктерді теңдеулерді шешу үшін де қолданамыз. Бұл қолданулардың жалпы идеясы мынандай. Қарастырылатын әр теңсіздіктің теңдікке айналу жағдайлары бар. Осы себепті берілген теңдеуді шешу үшін осы теңсіздіктердің біреуінің теңдік жағдайына келтіреміз. Ол үшін теңдеуді түрлендіріп, теңсіздікке сәйкес белгілеулер енгіземіз. Содан кейін теңдік жағдай орындалатын шартын пайдаланамыз. Ол берілген теңдеуге қарағанда қарапайым теңдеуді береді. Соңғы теңдеудің шешімдері берілген теңдеудің шешімі болады. Осы қарапайым теңдеуді шешіп, берілген теңдеудің шешімін аламыз. Сонымен біздің мақсатымыз: «Жоғарғы математикада қарастырылатын белгілі теңсіздіктерді мектеп математикасындағы кейбір теңдеулерді шешу үшін қолдануға болатынын көрсету» [1].

Теңдеулерді зерттеу, жуық есептеу, иррационал сандар теориясы, сан қатарлары т.б. теңсіздіктер қасиетіне сүйенеді. Жоғарғы мектептегі математикалық анализ курсына функциялардың максимум және минимум, яғни экстримал есептерді шешуде теңсіздіктер кең түрде қолданылады.

Тек математикада ғана емес әр түрлі жаратылыстану ғылымдарында зерттелетін табиғаттың үздіксіз процестері, әсіресе экологиялық, экономикалық т.б. халық шаруашылығындағы байланыстар теңсіздіктің көмегімен шешіледі. Теңсіздіктер оқушыларды айқын және дұрыс ойлауға, шамаларды салыстыра білуге дағдыландырады.

Әр түрлі теңсіздіктер ерте заманда-ақ белгілі болған. Евклид пен Архимед шығармаларында көптеген теңсіздіктер келтірілген. Осы күнгі теңсіздіктер таңбасы XVIII ғасырда ағылшын ғалымы Томас Гариаттың латын тілінде жазылған «Аналитикалық өнердің практикасы атты еңбегінде» тұңғыш рет келтіріледі. Теңдіктер теңсіздіктен жасалады, оларды теңсіздіктердің дербес бір түрі деуге болады. Теңсіздікті теңдікке айналдыру үшін екі шаманың айырмасын дәл бағалау керек. [5].

Теңсіздіктер жай санды теңсіздіктер, алгебралық теңсіздіктер, классикалық теңсіздіктер болып бөлінеді. Теңсіздікті дәлелдегенде және шешкенде тек әріптер мен белгісіз шамалардың мүмкін мәндерін үнемі есепке алу керек. Мысалы, таңбасы белгісіздің мүмкін мәндерінің кейбіреуінде ғана сақталатын теңсіздікті *шартты* немесе *белгісізі бар теңсіздік* деп атайды. Барлық теңсіздіктердің қасиеттерін тек санды теңсіздіктер арқылы көрсетуге болады.

Теңсіздіктерді дәлелдегенде басшылыққа алатын бірнеше фактілер бар. Олар:

1. екі оң санның қосындысы да, көбейтіндісі де оң сан;
2. кез-келген квадраттың мәні теріс емес;
3. a мен b -нің кез-келген мәндерінде $(a-b)^2 \geq 2ab$

$$4. \frac{a+b}{2} \geq \sqrt{ab}$$

Теңсіздіктердің қасиеттерін сандық теңсіздіктердің қасиеттері арқылы көрсетуге болады.

- $a < b \Rightarrow b > a$;
- $a < b$ және $b < c$;
- $a < b \Rightarrow a + c < b + c$;
- $a - c < b \Rightarrow a < b + c$;
- $a < b$ және $c < d \Rightarrow a + c < b + d$;
- $a < b$ және $c > 0 \Rightarrow ac < bc$; ал $a < b$ және $c < 0 \Rightarrow ac > bc$;
ал $a < b$ және $c = 0 \Rightarrow ac = bc$;
- $a < b$ және $c > d \Rightarrow a - c > b - d$;
- $a < b$ және $c < d$, (мұндағы $a > 0, b > 0, c > 0, d > 0$) $\Rightarrow ac < bd$;
- $a < b$ және $a < b$, (мұндағы $a > 0, b > 0$) $\Rightarrow a_2 < b_2$. [4].

Теңсіздіктерді дәлелдеудің белгілі бір алгоритмін анықтау қиын, дегенмен теңсіздікті белгілі бір айқын теңсіздікке түрлендіруге болатын жолдары бар. Теңсіздіктерді дәлелдеудің кейбір әдістерін қарастырайық.

Теңсіздікті анықтама арқылы дәлелдеу. Егер $a - b > 0$ болса, онда анықтама бойынша $a > b$ деп есептейміз. Сондықтан берілген жиынын $F(x_1, x_2, \dots, x_n) < G(x_1, x_2, \dots, x_n)$ теңсіздігін дәлелдеу үшін $F(x_1, x_2, \dots, x_n) - G(x_1, x_2, \dots, x_n)$ айырмасын алып, оның берілген жиында өзгертін x_1, x_2, \dots, x_n айнымалыларының әрбір мәні үшін теріс болатын дәлелдесе, жеткілікті. $F > G, F \leq G, F \geq G$ теңсіздіктері де осы сияқты дәлелденеді.

Мысал. $a^2 + 4b + 3c^2 + 14 > 2a + 12b + 6c$ теңсіздігін дәлелдейік.

Дәлелдеуі: $(a^2 + 4b + 3c^2 + 14) - (2a + 12b + 6c) \Rightarrow$

$$(a^2 - 2a + 1) + (4b^2 - 12b + 9) + (3c^2 - 6c + 3) + 1 = (a - 1)^2 + (2b - 3)^2 + 3(c - 1)^2 + 1$$

Соңғы кезде a, b, c сандарының кез-келген мәнінде оң болады. Теңсіздік дәлелденді.

Теңсіздіктерді дәлелдеудің синтетикалық әдісі.

Мысал. $a > 0, b > 0, c > 0$ болса, келесі теңсіздікті дәлелдеу керек:

$$(a + b + c) \left(\frac{1}{a} + \frac{1}{b} + \frac{1}{c} \right) \geq 9.$$

Шешуі: Тірек ретінде келесі теңсіздіктерді алалық:

$$\frac{a}{b} + \frac{b}{a} \geq 2, \frac{a}{c} + \frac{c}{a} \geq 2 \ \& \ \frac{b}{c} + \frac{c}{b} \geq 2$$

Үш теңсіздікті қосайық:

$$\frac{a}{b} + \frac{b}{a} + \frac{a}{c} + \frac{c}{a} + \frac{b}{c} + \frac{c}{b} \geq 6 \vee \frac{b+c}{a} + \frac{a+c}{b} + \frac{a+b}{c} \geq 6$$

$$\left(1 + \frac{a+c}{b} \right) + \left(1 + \frac{b+c}{a} \right) + \left(1 + \frac{a+b}{c} \right) \geq 9$$

$$\frac{a+b+c}{b} + \frac{a+b+c}{a} + \frac{a+b+c}{c} \geq 9$$

$$(a + b + c) \left(\frac{1}{a} + \frac{1}{b} + \frac{1}{c} \right) \geq 9$$

Кері жору әдісімен дәлелдеу. Бұл әдістің мағынасын төмендегі мысалдан көруге болады.

Мысал. Кез келген a саны үшін теңсіздік орындалатындығын көрсетейік

$$\frac{a^2 + 2}{\sqrt{a^2 + 1}} \geq 2.$$

Дәлелдеу: Кері жорып, қандайда бір a саны үшін қарастырылып жатқан теңсіздік дұрыс емес, яғни теңсіздіктің түрі келесі түрде болады:

$$\frac{a^2 + 2}{\sqrt{a^2 + 1}} < 2. \text{ Бесінші қасиет бойынша теңсіздіктің екі жағында } \sqrt{a^2 + 1} \text{ оң санына}$$

көбейтеміз, бұдан теңсіздік таңбасы өзгермейді:

$$a^2 + 2 < 2 + \sqrt{a^2 + 1}.$$

Екінші қасиет бойынша теңсіздіктің екі жағынан да $2 + \sqrt{a^2 + 1}$. Оң жағын түрлендіргеннен кейін келесіні аламыз:

$$a^2 + 2 - 2\sqrt{a^2 + 1} = (a^2 + 1) - 2\sqrt{a^2 + 1} + 1 = (\sqrt{a^2 + 1} - 1)^2 < 0,$$

яғни

$$(\sqrt{a^2 + 1} - 1)^2 < 0.$$

Соңғы теңсіздік a -ның кез-келген мәнінде орындалмайды, теңсіздіктің оң жағы теріс мәнге ие болмайды, алынған қарама-қайшылық берілген теңсіздіктің дұрыстығын дәлелдейді.

Математикалық индукция әдісімен теңсіздіктерді дәлелдеу.

Мысал. $n \in \mathbb{N}, n > 3$ болса, келесі теңсіздіктің туралығын көрсету керек: $2^n > 2n + 1$.

Дәлелдеуі: Математикалық қадам: $n = 3$ болғанда, теңсіздік тура: $2^3 > 2 \cdot 3 + 1$

Математикалық болжау: $n = k (k > 3)$ болғанда, теңсіздікті тура деп, яғни $2^k > 2k + 1$ теңсіздігі дұрыс делік.

Математикалық негіз: $n = k + 1$ болғандағы, теңсіздік туралығын, яғни $2^{k+1} > 2k + 3$ екенін дәлелдеп көрсетейік.

$$2^{k+1} = 2 \cdot 2^k > 2(2k + 1) = 4k + 2 = (2k + 3) + (2k - 1)$$

$$2^{k+1} > (2k + 3) + (2k - 1)$$

$$k \in \mathbb{N} \rightarrow 2k - 1 > 0 \Rightarrow$$

$$2^{k+1} > 2k + 3$$

Геометриялық теңсіздіктерді дәлелдеу әдістері. Мектеп курсына геометриялық теңсіздіктерге қатысты тақырыптарды қарастыруға аз уақыт беріледі, сондықтан оқушыларға осындай теңсіздіктерді шешу қиындық тудырады. Бірақ математикалық олимпиадаларда, жоғары оқу орындарына емтихан тапсыру кезінде осы сияқты тапсырмалар көп кездеседі. Геометриялық теңсіздіктерді қолдану арқылы есептерді шығару зерттеушінің шығармашылық ойын және қиялын жандандырады және логикалық ойлау қабілетін жетілдіреді. Енді мысалдар қарастырайық.

Мысал. Дәлелдеу керек: $a^2(1+b^4) + b^2(1+a^4) \leq (1+a^4)(1+b^4)$.

Дәлелдеуі: $a^2 = \operatorname{tg} \alpha$, $b^2 = \operatorname{tg} \beta$, деп белгілейік, онда $\operatorname{tg} \alpha(1 + \operatorname{tg}^2 \beta) + \operatorname{tg} \beta(1 + \operatorname{tg}^2 \alpha) \leq (1 + \operatorname{tg}^2 \alpha)(1 + \operatorname{tg}^2 \beta)$, бұл теңсіздік мына теңсіздікке сәйкес: $\sin 2\alpha + \sin 2\beta \leq 2$.

Мысал. Берілгені: a, b, c - үшбұрыштың қабырғалары.

Теңсіздікті дәлелдеңіз:
$$\frac{a^2 + 2bc}{b^2 + c^2} + \frac{b^2 + 2ac}{a^2 + c^2} + \frac{c^2 + 2ab}{a^2 + b^2} > 3$$

Дәлелдеуі: Үшбұрыш теңсіздігінен $a^2 > (b - c)^2$ шығатыны: $a^2 + 2bc > b^2 + c^2$.

Теңсіздіктің бірінші бөлігі оң, және сол өрнекке бөлуге болады. Сол жақтағы қосылғыштардың біріншісі 1-ден үлкен екендігін аламыз. Осы тұжырым басқа екі қосылғыштарға дұрыс. Сондықтан олардың қосындысы 1-ден үлкен болады.

Коши–Бунаковский теңсіздігі. Француз математигі О.Л.Коши мен орыс математигі В.Я.Бунаковский бір-бірімен байланыссыз тамаша теңсіздікті дәлелдеді.

Кез келген $a_1, a_2, \dots, a_n, b_1, b_2, \dots, b_n$ нақты сандары үшін төмендегі теңсіздік орындалады.

$$(a_1b_1 + a_2b_2 + \dots + a_nb_n)^2 \leq (a_1^2 + a_2^2 + \dots + a_n^2)(b_1^2 + b_2^2 + \dots + b_n^2)$$

Мұндағы $n > 1$ натурал сан. Осы теңсіздікті екі ғалымның құрметіне берілгендіктен **Коши-Буняковский теңсіздігі** деп атайды.

Мысал. Дәлелдеу керек $a^2 + b^2 + c^2 \geq 14$, егер $a + 2b + 3c \geq 14$

Дәлелдеуі: $a_1, a_2, \dots, a_n, b_1, b_2, \dots, b_n$ сандар үшін жалпы теңсіздік Коши-Буняковский теңсіздігі деп аталады. Бұл теңсіздік

$$(a_1^2 + a_2^2 + \dots + a_n^2)(b_1^2 + b_2^2 + \dots + b_n^2) \geq (a_1b_1 + a_2b_2 + \dots + a_nb_n)^2.$$

Бұдан $(a^2 + b^2 + c^2)(1^2 + 2^2 + 3^2) \geq (a + 2b + 3c)^2 \geq 14^2$, бұдан $a^2 + b^2 + c^2 \geq 14$.

Мысал. Дәлелдеу керек

$\sqrt{a}(a+c-b) + \sqrt{b}(a+b-c) + \sqrt{c}(b+c-a) \leq \sqrt{(a^2+b^2+c^2)(a+b+c)}$ бұл жерде a, b, c - кез келген үшбұрыштың қабырғалары.

Дәлелдеуі: $\sqrt{a}(a+c-b) + \sqrt{b}(a+b-c) + \sqrt{c}(b+c-a) = \sqrt{a(a+c-b)}\sqrt{(a+c-b)} +$

$$\sqrt{b(a+b-c)}\sqrt{a+b-c} + \sqrt{c(b+c-a)}\sqrt{(b+c-a)} \leq$$

$$\sqrt{(a(a+c-b) + b(a+b-c) + c(b+c-a)) * \sqrt{(a+c-b) + (a+b-c) + (b+c-a)} =$$

$$\sqrt{(a^2 + b^2 + c^2)(a+b+c)}. [3].$$

Коши теңсіздігі. Кезкелген $a_1, a_2, a_3, \dots, a_n$ теріс емес болғанда, келесі теңсіздік орындалады:

$$\frac{a_1 + a_2 + \dots + a_n}{n} \geq \sqrt[n]{a_1 \cdot a_2 \cdot \dots \cdot a_n}$$

Бұл теңсіздік **Коши теңсіздігі** деп аталады.

Мысал. Егер α, β, γ үшбұрыштың бұрыштары болса, онда

$$(\sin \alpha + \sin \beta + \sin \gamma)^2 > 2 \pi \sin \alpha \cdot \sin \beta \cdot \sin \gamma$$

Теңсіздігі орындалатынын дәлелдеу керек.

Дәлелдеуі: Коши теңсіздігі бойынша

$$\sin \alpha + \sin \beta + \sin \gamma \geq 3 \sqrt[3]{\sin \alpha \cdot \sin \beta \cdot \sin \gamma}$$

орындалатыны белгілі. Екі жағын квадраттасақ

$$(\sin \alpha + \sin \beta + \sin \gamma)^2 \geq 9 \sqrt[3]{(\sin \alpha \cdot \sin \beta \cdot \sin \gamma)^2}$$

Бірақ $\sin \alpha \leq 1, \sin \beta \leq 1, \sin \gamma \leq 1$ болғандықтан

$$(\sin \alpha \cdot \sin \beta \cdot \sin \gamma)^2 \geq (\sin \alpha \cdot \sin \beta \cdot \sin \gamma)^3$$

орындалады. Соңғы екі теңсіздіктен

$$(\sin \alpha + \sin \beta + \sin \gamma)^2 \geq 9 \sin \alpha \cdot \sin \beta \cdot \sin \gamma$$

шығады. $9 > 2\pi$ болғандықтан берілген теңсіздіктің орындалатындығын аламыз. [6].

Чебышев теңсіздігі. a_1, a_2, \dots, a_n және $b_1, b_2, \dots, b_n (n \geq 2)$ реттілігінің кез келген екі өспейтін немесе кемімейтін тізбек үшін

$$\frac{a_1 + a_2 + \dots + a_n}{n} \cdot \frac{b_1 + b_2 + \dots + b_n}{n} \leq \frac{(a_1b_1 + a_2b_2 + \dots + a_nb_n)}{n}$$

теңсіздігі орындалады. Оны **Чебышев теңсіздігі** деп атайды. (a_κ) және (b_κ) ($\kappa = 1, 2, \dots, n$) бірдей реттелген нақты сандар болсын, m_1, m_2, \dots, m_n сандары

$m_1 + m_2 + \dots + m_n = 1$ орындалатындай оң сандар болсын, сонда келесі теңсіздік

$$(m_1a_1 + \dots + m_na_n)(m_1b_1 + \dots + m_nb_n) \leq m_1a_1b_1 + \dots + m_na_nb_n$$

орындалады. Ол теңдікке айналады сонда тек сонда ғана, егер $a_1 = a_2 = \dots = a_n$ немесе $b_1 = b_2 = \dots = b_n$ орындалса. [6]

Мысал. Чебышев теңсіздігін қолданып, n натурал санында келесі теңсіздікті дәлелдейік.

$$\frac{(n-1)^2 pq + (n-1)(p+q) + 1}{n} \leq (n-1)pq + 1$$

Мұндағы $p \geq 1, q \geq 1$ не $p \leq 1, q \leq 1$.

Дәлелдеуі. Бұл теңсіздікті келесі түрде жазайық.

$$\frac{(n-1)p + 1}{n} \cdot \frac{(n-1)q + 1}{n} \leq \frac{(n-1)pq + 1}{n}$$

Егер Чебышев теңсіздігінде a_1, a_2, \dots, a_{n-1} мәндері p -ға тең, ал $a_n=1$ және b_1, b_2, \dots, b_{n-1} мәндері q -ға тең, ал $a_n=1$ болса, онда

$$(a_1 b_1 + a_2 b_2 + \dots + a_n b_n)^2 \leq (a_1^2 + a_2^2 + \dots + a_n^2)(b_1^2 + b_2^2 + \dots + b_n^2)$$

Теңсіздігін аламыз. Бұдан дәлелденетін теңсіздік шығады.

Қорытындылай келе, математиканың табиғаттағы үздіксіз процестерімен тығыз байланыстылығын ерекше айтқым келеді. Кең түрде қолданылатын санды теңсіздіктер, алгебралық теңсіздіктер, классикалық теңсіздіктерді жоғарыда көрсетілген тәсілдерімен шеше отырып, олардың бір-бірінен ерекшелігі ашып көрсетілді. Теңсіздіктер математикада ғана емес, экологиялық, экономикалық, халық шаруашылығындағы байланыстарда ерекше рөл атқарады. Теңсіздіктердің осындай маңыздылығын ескере отырып, мектеп математикасына санды, алгебралық теңсіздіктермен бірге классикалық теңсіздіктер теориясын тереңірек енгізіп қарастырса, артық болмас деп ойлаймын. Сонымен қатар пән мұғалімдері сыныптан тыс сабақтарда теңсіздіктер туралы және олардың берілу тәсілдерінен мәліметтер беріп отырса, оқушылар саналы түрде көздеген мақсаттарына жете алатын болады.

Пайдаланған әдебиеттер.

1. Жәуітіков О.А. «Жоғары математикаға кіріспе» Мектеп 1984ж.
2. Дорофеев Г.В. Математика для 9 класса средней школы. -М.: Дрофа, 2000.
3. Погорелов А.В. Геометрия, 7-11 класс.- М.: Просвещение, 1993.

ЗИЯТКЕР ҰЛТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ - БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАННЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНДЕ

Надирбаева Тоғжан

Ғылыми жетекшісі: педагогика пәнінің оқытушысы, п.ғ.м. З.С.Алканова
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

Кіріспе бөлім

Ғылыми жұмыстың *мақсаты*: Кәсіби білім мен даму жолында білім беру жүйесінің міндеттерін жүзеге асырушы болашақ маман ретінде зияткер ұлтты қалыптастыру құзіреттілігіне ие болудың теориялық негіздерін зерделеу.

Ғылыми жұмыстың *міндеттері*: Зияткер элитаны сипаттайтын 3 өлшемді атай келе, сол өлшемдерге сай болу қажеттілігін ашу;

Жастардың бүгінгі мен болашағына қамқорлық жасау саясатының негізгі мәнін түсіну;

Болашақ маман ретінде алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыруды жүзеге асырудың алғашқы қадамдарымен таныстыру.

Ғылыми жұмыстың *өзектілігі*: Елбасы Жолдауларын жүзеге асырудың негізгі тетіктерінің бірі- білім беру жүйесі екендігін ескере отырып, болашақ маман ретіндегі жауапкершілікті сезіну қажеттілігі туындап отыр. Жаңартылған білім беру мазмұны, үш тұғырлы тіл саясатын жүзеге асыру-бүгінгі күттірмейтін өзекті мәселе. Сондықтан мен болашақ ағылшын тілі мұғалімі ретінде психо-педагогикалық, кәсіби тұрғыдан дайын болуым тиіс деп санаймын.

Ғылыми жұмыстың *гипотезасы*: Білім беру жүйесінің міндеттерін жүзеге асырушы болашақ маман ретінде зияткер ұлтты қалыптастыру құзіреттілігіне ие тұлға моделі жасалады. Практикада жүзеге асырудың жоспары құрылады.

Ғылыми жұмыстың маңызы: Адамның табысқа жетуі көбінесе талантының ашылуына, өз дарындылығын көрсетуге, пайдалануға мүмкіндік берілуіне байланысты. Әрбір адамның өз талантын ашып, оны пайдалануы және кәсіби біліктілігін арттыруда аянбай еңбектенуі - елінің өмір сапасына әсер етіп, экономикалық өсуді және демократиялық институттардың беріктігін қамтамасыз етеді. Зерттеу арқылы ғылыми көзқарастар жүйесі қалыптасады.

Зерттеу әдістері: салыстыру, анализ, синтез, индукция және дедукция

Негізгі бөлім

Қазақстан білім қоғамында тұлғаның элиталану деңгейін интеллект анықтайтын даму кезеңіне аяқ басты. Элиталық білім беру - элиталық білім жүйесін береді және өз рухани әлеуетін жетілдіруге ұмтылатын тұлғаның бойында үздіксіз білім алу үдерісінің негіздерін қалайды. Өкілдері бәсекеге қабілетті білімге, креативті ойлау қабілетіне ие болумен қатар, жоғары азаматтық және ізгілікті ұстанымдарға, патриоттық және әлеуметтік жауапкершілік сезіміне ие зияткер ұлтты қалыптастырушылар болып табылады.

Зияткер элитаны сипаттайтын 3 өлшемді атап өтсем: біріншіден, олардың интеллекті мен эрудициясының дамуы әлемдік деңгейде болуы тиіс; екінші өлшем, міндетті түрде осы зияткерлер өз елінің мақсат-мүддесінен, міндеттерінен хабардар болуы тиіс; ал үшіншісі - зияткерлік өнімнің сұранысқа ие болуы. Осы үш өлшемнің барлығы болған жағдайда ғана біз зияткерлік элитаның бар екендігі туралы айта аламыз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еліміз «білім беру - ғылым - инновациялар» үштігі билейтін постиндустриялық әлемге қарай жылжып келе жатқандығын атап өтіп, ұлттық білім беру, білім алу және жоғары технологияларды дамыту жүйесін жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударды.

Ертеңгі ел болашағы біз, яғни жастар болғандықтан биылғы 2019 жылды «Жастар жылы» деп атап бізге арнады. Бұл еліміздің жастарға деген сенімі молдығы мен мойынымыздағы үлкен жауапкершілікті білдіреді. Президент жастардың бүгінгі мен болашағына қамқорлық жасауды өз саясатының негізгі мәні санайды. Еліміз бізді, бәрінен бұрын бәсекеге қабілетті және кәсіби шеберлігі жоғары мамандар ретінде көргісі келеді. Бүгінгі таңда жаңа білім меңгеру және жақсы мамандық алу бірінші орынға шықты. Қазірде мен М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде «Негізгі орта білім беру», «Шет тілі мамандығында» екінші курста оқимын. Елбасының жолдауларында дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін білім-ғылым салаларында көптеген мүмкіндіктер келтірілген. Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Жай ғана сауаттылық жеткіліксіз. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуы тиіс. Сондықтан мен болашақ ағылшын тілінің мұғалімі ретінде өзімнің функционалдық сауаттылығымды арттырумен қатар, болашақта барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлуім қажет.

Қарыштап дамып бара жатқан заманда мектеп қабырғасынан бастап жеке тұлғаның қабілеттерін ашу ұстаздардың бірден-бір міндеті болып саналады. Өйткені адам қабілетінің ашылуы қоршаған ортаға, қоғамға байланысты. Сондықтан да ұстаз талантты тауып, танып, таныта білуі керек. Мен Семей қаласындағы №36 жалпы орта білім беретін мектептің 8 сыныбында іс-тәжірибеден өту арқылы жоғарыдағы міндеттерді жүзеге асыруға тырысудамын. Сыныптан тыс жұмыс технологиясы іс-тәжірибесі барысында жеткіншектерді ҚР-ның Тәрбие тұжырымдамасының мақсат-міндеттеріне сай жұмыс жоспарладым. «Салауатты өмір салты», «Әдептілік-әдемілік» тақырыптарындағы ашық тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастырдым. (жоспары қосымшада) Онда тек тәрбие бағытын ғана емес, білімділік функциясына да жоғары мән бердім.

Менің болашақ маман ретінде алдымдағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамыту. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты да осы – білім алушылардың оқу нәтижелерін зерттеу мақсаты болып табылады. Қазіргі заманда, елімізді әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш - білім және білімді ұрпақ. Қазіргі жаңа қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, отансүйгіштік және тағы басқа да қасиеттер болуы керек. Ол үшін тұлғаға қосымша білім мен тәрбие беруде адалдық, рухани адамгершілік, ізгілік мәселелерін қатар қою басты ұстаным болуы шарт. Мысалы, менің колледжімде сабақтарды «Өзін-өзі танумен» байланыстыра отырып оқыту жүйесі енгізілген. Сол арқылы оқытудың интеграциялық тәсілдерін меңгеруімізге мүмкіндіктер мол.

Қорытынды

Ғылыми педагогикаға өзіндік қолтаңбасын қалдырып кеткен Мағжан Жұмабаев: «Баланы тәрбиешісінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек» дейді. Ендеше, зияткер ұлтты қалыптастырушы маман моделін жасайтын болсақ, мұғалімде эрудиция, коммуникативтік, зиялылық, жігерлілік, шыдамдылық, шабыттандырушы, шығармашылық, біріккен іс-әрекетте байсалдылық болуы шарт.

Зияткер ұлтты қалыптастыру, рухани-адамгершілік пен тарихымызды жандандыра отырып тәрбиелеу – менің басты міндеттерімнің бірі екенін сезінемін. Сондықтан мен болашақ ұстаз ретінде, ел болашағы өз қолымда екенін түсіне отырып елімнің дамуына зияткер ұлтты қалыптастыру арқылы өзімнің айтарлықтай үлесімді қосқым келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Айқын журналы, 22 қараша 2015 жыл
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010 жыл 7 желтоқсан
4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жыл 5 қазан
5. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры»// «Егемен Қазақстан» газеті, 21 қараша

ФАСТ-ФУД НЕМЕСЕ ЖЕҢІЛ ТАҒАМДАРДЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ

Нуракаева Шырын Куатовна

Ғылыми жетекшісі: Калкенова Бейбитгул Женисбековна

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

Ғылыми жоба жұмысының өзектілігі: фаст-фуд өнімдерінің зиянын тәжірибе арқылы дәлелдеп, оқушылар мен студенттер арасында үгіт жүргізу арқылы қолданушылар санын азайту.

Ғылыми жоба жұмысының мақсаты:

- танымдық деңгейді арттыру;
- аурудың алдын – алу жолдарын қарастыру;
- теориялық білімді өмірде іске асыру.

Ғылыми жоба жұмысының нысаны:

 фаст-фуд өнімдері.

Ғылыми жұмыстың міндеттері:

- фаст-фуд тағамдарының құрамы және адам ағзасына әсері;
- фаст-фудтың шығу тарихы мен танысу;
- фаст-фуд тағамдарының зиянды әсері және оларды азайту жолдарын анықтау;
- фаст – фуд тағамдарының көп қолданғаннан пайдаланылуына аурулар мен танысу;
- фаст-фуд өнімдерін қаншалықты жиі пайдалану мен сүйікті тамақтануының нәтижесінде студенттер арасында сауалнама жүргізу;

Ғылыми жобажұмысының зерттеу әдістері: іздеу (ақпараттар жинақтау), сауалнама (элеуметтік сауал), талдау (жинақталған ақпараттарды салыстыру).

Ғылыми жобажұмысының құрылымы. Кіріспеден, екі тараудан, қорытынды және пайданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі, мақсаты, нысаны, міндеттері, әдістері, қорғауға ұсынылатын қағидалар айқындалады.

Адамның денсаулығы үшін тиімді тамақтану білу өте маңызды. Тиімді тамақтану дегеніміз - құрамында түрлі қоректік заттардың толық мөлшері бар тамақпен ағзаны дұрыс, уақтылы қамтамасыз ету. Өкінішке орай - Фаст-фуд қазіргі заманның ажырамас бөлігі. Қарқынды өмір салты қазіргі заман адамына асықпай, сүйіспеншілікпен отырып тамақтануға мүмкіндік бермейді. Күнделікті тамақтанудың орнына жақын маңдағы тамақтанатын жерден бизнес-ланч, пакеттегі жылдам еритін лапша, гамбургерлер немесе хот-догтар мен газдалған сусындар сияқты жеңіл тамақтармен тамақтануға тура келеді. Қазіргі таңда қалада кез-келген аяқ басқан жерден тамақтануға болады. Көптеген жерлерде арнайы орындар тұрғызылған, онда ыстық самсалар, қамырдағы бәліштер, құймақтар және тағы да басқа жеңіл тағамдар сатылады. Жалпы аш қалмайсың. Мені қызықтыратыны, осы фаст-фуд қайдан шықты? Неліктен, ол ересектер мен балалар арасында танымал? Дәрігерлер мен диетологтар айтқандарындай фаст-фуд адам ағзасына, денсаулығына, әсіресе балаларға шынымен зиян ба?

2.1 Фаст-фуд тағамдарының қысқаша тарихы

Фаст-фуд (ағылшанша «fast food» – тез тамақтану) тез әзірленетін тамақтар. «Фаст-фуд» термині ең алғаш рет 1951 жылы Merriam-Webster сөздігіне енгізілген.

1920 жылдары ең бірінші фастфуд тағамы Америкада қолданысқа ие болды. 1921 жылы Канзаста White Castle атты компания ашылып, алғашқылардың бірі болып гамбургер дайындаған еді. Бұл компания келушілерді гамбургердің бағасының тұрақтылығымен жаулап алды, бірақ тағамның сапасымен құндылығы жөнінде компания басшысы Билли Инграма ойламады. 1940 жылдардың соңында White Castle компаниясының мықты бәсекелесі болып McDonald's компаниясы бой түзеді. Сол жылдан бастап McDonald's компаниясы алпауыт компаниялардың бірі болды. Тоқсаныншы жылдары гамбургер кедейлерге арналған зиянды тағам болып есептелінетін. Оны қала көшелерінде ғана үйсіз-күйсіз адамдарға сататын болған. Тек кейінірек бұл тағам ресторандарға жол тартты.

Рональд Макдональд америкалық балалар арасында Санта Клаустан соң ең танымал тұлға болып есептелді. Фаст-фуд тағамдарының кең етек алуы америкалықтардың күрт семіруіне әкелді. Америка ауруларды бақылау орталығының есептеуінше, семіздіктен жылына 248 мың америкалық өледі екен. [1]

2.2 Фаст-фуд тағамдарының құрамы және адам ағзасына әсері және пайда болатын аурулар

Мамандардың айтуы бойынша, көбінесе балалар мен жасөспірімдерде фаст-фуд әдеттенуді туғызады. Олардың денсаулықтарына үлкен зиян келтіретін гамбургерлер, чипсілер және пицца біздің балаларымыздың сүйікті тағамдары болып саналады. Бұл тағамдардың барлығы фаст-фуд (тез әзірленетін тамақ) қатарына жатады. Сондықтан, осындай тағамдар адам денсаулығы үшін өте зиянды болып табылады. Жақында американдық ғалымдар зерттеулер жүргізіп, өте жоғары температурада дайындалатын тағамдардың құрамынан адамның денсаулығына өте зиянды «акриламид» деген затты тапқан. Шаурма, донер-кебабтарға қоса гамбургер, хот-дог, гриль, поп-корн, чипсы, картоптан жасалған фри, қақталған шұжық секілді тағамдар өте жоғары температурада дайындалады. Дәл осы тағамдарды ұзақ күнделікті пайдалану салдарынан асқазан жарасы, созылмалы гастрит, өттің толуы, ұйқы безінің қабынуы, жүрек-қан тамыр аурулары, семіздік пайда болатыны, әсіресе ас қорыту жолдарына өте зиян екені анықталған. Яғни, фаст-фуд-«Артық салмақ, гастрит және жалпы әлсіздік-зиянды дағдылардың нәтижесі». [2]

III. Зерттеу бөлімі:

3.1 Студенттерге жүргізілген сауалнама қорытындысы.

Зерттеу нәтижесінде студенттер фаст-фуд өнімдерімен тамақтанатынын байқауға болады. Олардың ойынша тамақтың дәмі маңызды. Бірақ бұл өрескел қателік. Тек дәмділігі үшін адамдардың барлығы тамақтанатын болса, денсаулығынан айырылатынын естен шығармағаны абзал.

IV.Қорытынды.

Фаст-фуд келді дегенше, ауыру келді десейші... Ол ауыруды қалай жеңеміз?

Менің ұсынысым

Фаст-фуд өнімін пайдалануға шақыратын қызылды-жасылды,көздің жауын алатындай жарнамаларға және байлық үшін,ақша табу үшін жасалынып жатқан бұл тағамдарды біздің елімізде пайдалануға шектеу қойылса екен деп ойлаймын.

Осы жұмысты зерттеу барысында көптеген мәліметтерге қанықтым және біз қазіргі уақытта өз ағзамызды біртіндеп улап жатқанымызды байқадым. Қарапайым зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде көзім жетті. Қазіргі уақытта мектеп оқушыларының көпшілігінің семіздікке бой алдыра бастағанын байқауға болады. Мұныңсебепін осы фаст -фуд тағамдарынан деп есептеймін.

Денсаулық сақтау мәселесі – Елбасы Жолдауында ерекше атап көрсетілген бағыттардың бірі. Стратегиялық құжаттың жетінші бағыты - үздік денсаулық сақтау ісі және дені сау ұлт. Міне, сондықтан да осы тұрғыда біз де салғырт қарамай, дені сау ұлт болып қалыптасуымызға өз үлесімізді қосайық. Денсаулығың өз- қолыңда!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

[1]- <https://kk.m.wikipedia.org/wiki>

[2]-<https://islam.kz>

АДАМ АҒЗАСЫНДАҒЫ ХИМИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР

Рашканова Аяжан Нұрланқызы

Ғылыми жетекшісі: Калкенова Бейбитгул Женисбековна
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»КМҚК

Зерттеудің негізгі мақсаты:

Адам бойындағы химиялық элементтердің саны мен мөлшерін анықтау.

Қай элементтің қандай жемісте көп болатынын, қай мүшенің жұмысына көмектесінін анықтау.

Зерттеудің міндеті:

Адам денсаулығын нығайтуда элементтердің ағзадағы тепе – теңдегін сақтай білу өте маңызды екенін дәлелдеу.

Өзектілігі:

Химиялық элементтерді адам өміріндегі маңызын зерттеп, дәрі орнына жемістерды де қолдануға болатынын дәлелдеу.

Зерттеу әдіс – тәсілдері: Материалды талдау, оларды салыстыру, жүйелеу, қорытындылау.

Жер бетіндегі барлық тірі ағза, оның ішінде, адам қоршаған ортамен тығыз қарым-қатынаста өмір сүреді. Тіршілік заңы ағзада үнемі зат алмасып тұруын талап етеді. Ал ағзамызға химиялық элементтер жеген ас пен ішкен суымыздан түседі.

Кейбір ғалымдардың сараптауынша, ағзаға түскен химиялық элементтердің әрқайсысы белгілі бір биологиялық қызметті орындайды. Сондықтан, химиялық элементтердің біреуінің жоқ болуы немесе жетіспеуі ағзадағы қалыпты жағдайды бұзады. Алайда, ағзадағы қандай да бір элементтің шамадан тыс болуы да ауыр салдарға әкеп соғады.

Осы бағыттағы зерттеулер нәтижесінде 30-ға жуық элементтің биологиялық ролі анықталды. [1]

Негізгі бөлім

Адам ағзасының 60 % судан, 34 % органикалық, 6 % бейорганикалық заттардан тұрады. Органикалық заттарға көміртегі, сутегі, оттегі, сондай-ақ, бұлардың қатарына азот, фосфор, күкірт жатады. Ағзадағы бейорганикалық заттарда міндетті түрде мынадай 22 элемент болады: Ca, P, O, Na, Mg, S, B, Cl, K, V, Mn, Fe, Co, Ni, Cu, Zn, Mo, Cr, Si, I, F, Se.

Мысалы, егер адамның салмағы 70 кг болса, онда 1700 грамм кальций, 250 грамм калий, 70 грамм натрий, 42 грамм магний, 5 грамм темір, 3 грамм мыс болады.

Тіршілік үшін маңыздылығына қарай химиялық элементтерді үш топқа бөледі: [2]

1. Тіршілікке

қажетті элементтер. Олар адам ағзасында үнемі болады және ферменттер, гормондар, дәрумендер құрамына кіреді: H, O, Ca, K, P, Na, S, Mg, Cl, C, I, Mn, Cu, Co, Fe, Zn, Mo, V. Олардың жетіспеушілігі адамның қалыпты өмір сүруін бұзады.

2. Қосымша элементтер. Бұл элементтер жануар мен адам ағзасында болады: Ga, Sb, Sr, Br, F, B, Be, Li, Si, Sn, Cs, Al, Ba, Cl, As, Rb, Pb, Ra, Bi, Cd, Cr, Ni, Ti, Ag, Th, Hg, V, Se. Олардың биологиялық маңызы осы уақытқа дейін толық зерттелмеген.

3. Өте аз элементтер. Адам және жануар ағзаларынан табылған, мөлшері және биологиялық маңызы белгісіз.

Сондықтан егер химиялық элементтердің біреуінің жоқ болуы немесе жетіспеуі ағзадағы қалыпты жағдайды бұзады. Керісінше, ағзадағы қандай да бір элементтің шамадан тыс болуы да зиян. Тіпті, қазір тағамнан улану да көбейіп кетті. Мәселен, соңғы кезде диоксидгеген у пайдаланды. Ол фосфор қалдықтарының ауада азот қышқылдарымен қосылуы арқылы түзіледі. Адам ағзасының әлсіреп, иммундық жүйенің төмендеуіне де осылардың әсері бар.

Адамның ағзасы химиялық элементтерді әртүрлі концентрациялайды, яғни микроэлементтер мен макро элементтер әркелкі таралады. Микроэлементтердің көпшілігі бауырда, сүйек және бұлшықет ұлпаларында жиналады. Бұл ұлпалар — көптеген микроэлементтердің негізгі қоры.

Элементтер кейбір мүшелерге тән әрі ол жерде концентрациясы жоғары болады. Мысалы, мырыш — қарынасты безінде, йод — қалқанша безінде, фтор — тіскіреу кесінде, алюминий, мышьяк, ванадий — шашта, кадмий, сынап, молибден — бүйректе, қалайы — ішек ұлпаларында, стронций — қуық безінде, сүйек ұлпасында, барий — көздің пигментті қабатында, бром, марганец, хром — гипофиз және тағы басқаларда жиналады.

Химиялық элементтердің ағзадағы мөлшерінің өзгеруіне әр түрлі аурулар әсер етеді. Мысалы, рахитпен ауырғанда фосфорлы-кальцийлі алмасу бұзылады да ағзадағы кальцийдің мөлшері төмендейді. Нефритпен ауырғанда электролитті алмасудың бұзылуының әсерінен ағзадағы кальцийдің, натрийдің, хлордың мөлшері азаяды да магний мен калий көбейеді. Ағзадағы макро және микроэлементтердің мөлшерін гормондар реттеп отырады.

Кейбір элементтердің мөлшері адам ағзасында жасы ұлғайған сайын өзгеріп отырады. Мысалы, кадмийдің бүйректегі және молибденнің бауырдағы мөлшері қартайғанда жоғарылайды. Жас ұлғайған сайын кейбір мырыш, ванадий және хром сияқты микроэлементтердің мөлшерлері кемиді.

Фтордың жетіспеушілігінен тіс жегісі, йодтың жетіспеушілігінен зоб, молибденнің артық мөлшерінен подагра пайда болады.

Егер темір жетіспесе, баршаңызға белгілі анемия немесе қаназдық ауруы пайда болады.

Йод-қалқанша безі мен гипофиздің жұмысын жақсартады.

Магний жетіспеген кезде көңіл-күй кұбылады. Адам ашуланшақ, жылауық болады, ұйқысы нашарлайды. Ал фосфор — күш-қуат көзі. Фосфор жүйке жасушаларының қызметі үшін де керек. Егер ағзада мыс жетіспесе, бауырда қорланған темір гемоглобинмен байланысқа түсе алмайды. Селен- иммундық жүйені қалыптастыруға ерекше әсер етеді. К- Қан қысымын төмендетеді. Жүрек қағысын реттейді.

Алтын мен күміс-бактерицидтік және антисептикалық қасиетке ие. [2]

Қорытынды:

Д. И. Менделеев жасаған химиялық элементтердің периодтық жүйесінде орын алған 118 элементтердің 80 – ге жуығы тірі ағзаның құрамында кездесетіндігі дәлелденді. Химиялық элементтердің алмасуының ара қатынасын және басқа да биологиялық белсенді заттар – ферменттерді, гормондарды, дәрумендерді анықтау арқылы жаңа дәрілік препараттарды жасауға және оларды реттеудің оптималды режимін табуға мүмкіндік береді деп қорытындылаймын.

«Ауырып, ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеген» жөн. Ағзада үнемі элементтер қоры болуы үшін уақытында әрі құнарлы тамақтанып жүрген абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. www.aktobegazeti.kz
2. <https://kk.m.wikipedia.org>

М.ӘУЕЗОВТІ ЗЕРТТЕУШІЛЕР ТАҚЫРЫБЫНА PISA ТАПСЫРМАЛАРЫ ҮЛГІЛЕРІ

Нұрмағамбет Дина Серікқызы

3 курс, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж, Семей қаласы

Ғылыми жетекші: филология ғылымдарының магистрі, Калиева Сара Сырымовна
«Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімі

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Қазақ әдебиетін, өлкетану тарихын танып-білудегі М.О.Әуезов еңбегін және оқу орнындағы Әуезов есімімен байланысты тарихи-мәдени құндылықтарды насихаттау. Соған орай халықаралық тексеру - PISAжүйесіндегі тапсырмаларды дайындау.

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: М.О.Әуезовті зерттеушілердің ғылыми еңбектері арқылы сын-зерттеу жұмыстарымен танысып, тарихты тану. М. Әуезов жайлы жазылған еңбектерді, зерттеушілер туралы деректерді жинастыру; Әдебиет сабақтарында PISAжүйесіндегі тапсырмаларды пайдалану арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту жолдарын ғылыми тұрғыдан негіздеп, әдістемесін жасау.

Материалдар мен зерттеу әдістері: М.О.Әуезов туралы зерттеу деректерінің тарихи-танымдық құндылығы.Тарихи деректерді оқу, зерделеу, көркем әдеби шығармаларға талдау жасау, тақырыпқа байланысты психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттермен танысып, әдістемелік тұрғыдан талдау; алдыңғы қатарлы мұғалімдердің іс- тәжірибелерімен танысу; бақылау, ізденушілік және зерттеушілік жұмыстар. Зерттеу нысаны - мектептегі әдебиет пәнін оқыту үрдісі.Зерттеу пәні әдебиет сабағында таратпа материалдарды пайдалану арқылы оқушылардың ой - өрісін дамыту жолдары мен әдістері.

Нәтижелер және оларды талқылау: Болашақ ұрпақ үшін тарихи құнды деректерді зерделеу арқылы рухани жаңғыруға ықпал ету. Жас ұрпақтың М.Әуезов шығармашылығы бойынша тарихи деректерді танып-білуге қызықтыру. Күтілетін нәтиже - PISAтапсырмалары үлгілері жасалады. Зерттеу тақырыбына байланысты әдебиеттермен танысып, оларға ғылыми - әдістемелік тұрғыдан талдау жасау; мектепте әдебиет пәнін оқытуда; студенттердің педагогикалық іс-тәжірибесінде және әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінен лабораториялық, іс-тәжірибелік немесе сыныптан тыс сабақтарда пайдалануға болады.

М.Әуезовтің өмірбаяны мен шығармашылығын зерттеген ғалымдар жазушының өзі бірнеше рет автобиография етіп жазып қалдырған және М.Әуезовпен бірге оқып, бірге өсіп, қызметтес болған кісілердің естеліктеріндегі мәліметтергесүйене отырып зерттеу

жұмыстарын жариялап келді. Яғни, олардың негізге алар еңбектері М.Әуезовтің өзі жазып кеткен өмірбаяны. 2012 жылы «Әдебиет әлемі» баспасында жарық көрген «Классикалық зерттеулер» жинағында Керімбек Сыздықовтың «Мұхтартанудың беймәлім беттері» атты мақаласында «Соңғы кездері жазушы туралы жазылған деректі, көркем туындылардың өзі оншақты болып қалды. Яғни, бұдан байқалып отырғандай, жазушы өмірінің әрбір кезеңі, сәті ресми, бейресми хатқа түсіп таңбаланған. Оның ішінде, жазушының бірге туысқан бауыры Ахмет Әуезовтің «Бала Мұхтар», «Жас Мұхтар» атты кітаптары, белгілі жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбаевтың «Бесігіңді түзе!» және «Бесігіңді аяла» атты М.Әуезовтің творчестволық өмір жолын кеңінен баяндауға арналған «Жұлдыз» журналының бес-алты санында жарияланған көлемді де көрнекті портрет-эссесі, танымал қалам қайраткерлері Дүкенбай Досжанов пен Кәмен Оразалиннің бірнеше романдары, кітаптары аса құнды көп мәселелерді, мағлұматтарды ашып бере алған» деген мәлімет келтіреді. [2] Содан аңғарғанымыздай ұлы жазушының шығармашылық өсу жолын саралайтын еңбектер әлі де толығы керектігін байқаймыз. Сонымен қатар, біздер, жастар қол қусырып әліптін артын бағып, ғылыми еңбектерді тосып отыра бермей, бар дүниені ықшамдап оқушы санасына жеткізе беруді жөн көрдік.

Нұрсұлтан Назарбаев: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай - ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деген болатын.

Осы орайда, сөз өнері – әдебиет қуатты құрал аса маңызды роль атқарады. М.Әуезовтің атындағы оқу ордасында оқи жүріп әдебиет ғылымының оқушылар үшін қажетті жағы – әдебиет сынын басты назарға ала отырып М.Әуезовті зерттеушілер тақырыбына PISA тапсырмалары үлгілерін жасауды қолға алдым. Бұл оқушы қабілетін мектепте оқып жүрген кезінде алған білімін пайдалануға, пәнаралық және практикалық бағытталған мазмұнды түрлі тапсырмалардың жауабын табуға, келешекте әрі қарай оқуға және қоғамда табысты әлеуметтену үшін математикалық және жаратылыстану ғылыми сауаттылығы мен қоса оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған.

Мысалы, «М.Әуезов қай жылдары, қандай оқу оқыды?» деген тапсырманы қарап көрейік:

1-болжам: М.Әуезов Семейдегі бес кластық қалалық орыс училищесінде оқып, сонан соң мұғалімдік семинарияны бітіреді.

2-болжам: М.Әуезов Абай аулындағы бастауыш орыс мектебінде оқиды, бұдан кейін Семей қаласындағы жеті жылдық көлеміндегі орыс мектебіне оқуға түседі.

Ғалымдар осы екі болжам арқылы тәжірибе жүргізе отырып, келесі төрт деректі тапты.

1. Мұхтартанушы ғалым Б.Сахариев: «М.Әуезов Абай аулындағы бастауыш орыс мектебінде оқиды, бұдан кейін Семей қаласындағы жеті жылдық көлеміндегі орыс мектебіне оқуға түседі».

2. профессорлар М.Сильченко мен Н.Смирнова: «...ол төтенше оқытатын медресені тауысқан болатын».

3. Академик М.Қаратаев жоғары оқу орындарына арналған оқулықтары мен арнайы зерттеулерінде: «Мұхтардың әкесі Омарханның ықтиярына қарамай, Қасымбек немере інісін 1908 жылы Семейге апарып медресеге берудің орнына орыс мектебіне береді».

4. Ахмет Әуезов: «Мұхтар 1907 жылы Семейдегі 5 кластық қалалық орыс училищесіне түсті».

Дұрыс жауап: жазушының өз мәлімдеуінше: «Оқуды бес-алты жасқа келген соң үлкен әкемнен оқи бастадым. Сол кісінің алдынан хат танып, түбі оқитын болған соң 9-10 жасымда әкеммен бірге туысқан ағам Қасымбек қасына алып, басында бір жыл Семейдегі Камали деген қазіреттің медресесінде мұсылманша оқытты да, артынан орысшаға берді. Орыс оқуына әуелі өзі дайындады. Содан кейін бір қыс ел ішіндегі ауылнай школдан,

Әбіш Қасенов деген Семей семинариясын бітіріп шыққан қазақ учителінен оқып, келесі жылы күз Семейдің «5-ти класный городской училищесіне» түстім. Содан әрі мектептегі оқу тәртіппен кетті», – делінген.

Қорытынды

Білім берудегі нәтижеге бағытталған қазіргі амалдар оқушылардың оқу дайындығына өзгерістер енгізуді талап етеді. Халықаралық зерттеулер кезінде алынған тәжірибені пайдалану қажет. Мақсаттарының талдауы мен өлшеуіштер ерекшеліктері, халықаралық зерттеулер өткізу барысында оқушылармен оқу жұмыстарын жүргізу де ерекше көңіл аударуға қажетті, қазақстандық оқушыларға қиындық туғызатын тапсырмаларды анықтайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіғұлов Р. «Әуезов және Алаш» Әдебиет әлемі баспасы. Алматы 2014ж.(399-404б).
2. Керімбек Сыздықов «Мұхтартанудың беймәлім беттері» 5-том. Әдебиет әлемі баспасы. Алматы 2012ж. (244-271б).
3. Қажықұмар Қуандықов.«М.Әуезов және қазақ театры» 23 том. Әдебиет әлемі баспасы. Алматы 2013ж. (10-19б).

КӨПТІЛДІЛІК –БІЛІМ БЕРУ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ

Тилеухан Дария

Ғылыми жетекшісі: Юсупова М.К., ағылшын тілі оқытушысы
М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі, Семей қаласы

Заманауи білім беру жүйесі кәсіптік білім беру ұйымдары – педагогикалық оқу орындарында инновациялық білім мен технологияны меңгерген, ақпараттық-коммуникативтік құзіреттілігі қалыптасқан, кәсіби-педагогикалық біліктілік деңгейі, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, рухани тұрғыдан дамыған, білім беру саласындағы инновациялық процестерді жүзеге асыруға қабілетті жаңашыл маман даярлау мәселесіне жаңа тұрғыдан қарауды талап етеді. Көптілді білім беруді дамыту – көпқырлы мәселе. Бұл саланы әр қырынан қарастыру – оқу орнының педагогикалық ұжымының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Басты мақсат – көптілді және көпмәдениетті маман қалыптастыру. Осы мәселенің басты алғы шарттарын кешенді үлгіде саралау әрі жүзеге асыру мақсатында 2013-2014 оқу жылынан бастап Семей қаласындағы М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде 0101000 «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу» мамандығы, 0101013 «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігі бойынша көптілді мамандар даярлау бағдарламасы негізінде 1 курсқа эксперименттік топ қабылданған болатын, 2016-2017 оқу жылында алғашқы көптілділік топ экспериментті сәтті аяқтады. Осы топқа арнайы пәндерден жұмыс оқу бағдарламалары және концепциясы жасалып бекітілді. Концепцияның негізгі мақсаты көптілділік оқытуды колледж көлемінде Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің инновациялық жүйесіне кіріктіру болып саналады. «Көптілділікті жаңарту үдерісін мектепке дейінгі жастан бастау керек, өйткені дамудың осы кезеңінде жеке тұлғаның қалыптасуының негізі қаланады. Мектепке дейінгілердің тілдік сауаттылығының өзектілігі экономикалық, мәдени және саяси салалардағы жалпыға ортақ әлемдік ықпалдастыққа беталыста анықталады. Қазіргі еңбек нарығы маманнан әлеуметтік – саяси, көпмәдениетті, коммуникативті, ақпараттық құзыреттіліктерді меңгеруді талап етеді», - делінген «Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтарына арналған үштұғырлы тілдер курсы» атты әдістемелік құралда. Үштұғырлы тілді үйретуге балабақша педагогтері мен ата-аналардың да қызығушылығы артуда, осы тұрғыда Семей қаласындағы балабақшаларда ата-аналармен жұмыстың жаңа түрлері өтеді; оған іс-тәжірибе өтетін машықкерлер, яғни М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж студенттері тартылған.

Олар ата-аналармен бірлесе отырып, қажетті лексиканы үш тілде қайталатып отыру үшін тренингтер жүргізіп, әңгімелер өткізеді. Олар режимдік сәттерде және іс-әрекет барысында үш тілде сергіту сәттерін өтеді, ән салады, тақпақ оқытады. Студенттер колледжде алған теориялық білімдерін, қазіргі заман талабына сай практикалық дайындықтарында барынша орынды пайдаланады. Колледжде Кэмбридж және жаңаланған оқу жүйелері бойынша курс аяқтап келген тренерлер студенттерді қазіргі өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуға, білім берудегі инновациялық үдерістерге қолдау көрсетуге, болашақ мұғалімдердің бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру, түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, сандық технологияларда құзырлылық таныта алатын, қажетті білімдерін практикада қолдана алатын белсенді педагог болуға дайындау мақсатында жұмыс жасау үстінде. Тілді де, тіл мәдениетін игеру де баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін процесс. Сондықтан баланы бақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында белгіленген оқу қызметінің уақытының көбі балалар тілінің дамуына, көркем сөз өнеріне баулуға, мәнерлеп сөйлеуге, тіл мәдениетіне жұмсалған. Балабақшада өткізілетін оқу іс әрекеттердің барлығы осы салаға сабақтасып жатады. Мысалы, «Ертегілер елінде» топтамасының тақырыптарын өмірмен байланыстырып үйретуге, баланың қиялына ерік беруге баулу қазақ тілінде жүргізілсе, ертегінің мазмұнын драмалық көрініс арқылы көрсету орыс және ағылшын тілінде ыңғайлы. Аударма барысында кейбір сөздер мен сөйлемдерді үйреншікті сөздермен алмастыру арқылы қызықты ертегі көрсетуге болады, оны машықкерлер іс тәжірибе барысында дұрыс пайдалана алады. Жаңылтпаштар кез-келген тақырыпта тіл ұстарту, сөздің дыбысталу нақышын дұрыс, тез, шебер айта білуге жаттықтырады. Айта алмайтын дыбыстарын тез айтуға жаттығады. Бағдарлама тақырыптарына байланысты іріктелген қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі жаңылтпаштар мен санамақтар балалардың ойында жақсы сақталып, тілдерін дамытуға және сөз байлығын молайтуға көмектеседі. Осы бағытта эксперименттік топ студенттері Семей қаласының балабақшаларында іс-тәжірибеден өтті. Онда ағылшын тілін оқыту және үш тілді қатар оқыту жақсы жолға қойылған. Ағылшын тілін үйрену 4 жастан бастап, ал үш тілді қатар меңгерту мақсатында сөздіктер мен терминдерді үйрету 3 жастан бастап жүргізіледі. Соның бірі- Лингвистика және информатика мектебіне қарасты «Нұрдәулет» балабақшасы. Барлық топтардың бөлмелері көлемді теледидармен жабдықталған. Ағылшын тілінен сабақ беретін педагог және іс-тәжірибеден өтетін машықкерлер барлық топқа білім береді, іс-әрекет ағылшын тілінде өтеді. Ағылшын тілін үйрету сабақтарында қызметтің басқа түрлері де кіріктіріледі (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, т.б.). Дәстүрлі сабақтарға көпмәдениетті ісшаралар кіріктіріледі. Көптілділік бойынша балалармен жұмыстың әдісі мен тәсілдерінің тиімді технологиялары іріктелген, мысалы осы балабақшада ЖИПТО және Фребель технологияларын қолданады. Мектепке дейінгі ұйымдарда сөздік қорды дамыту жұмыстары түсіндіру, сұрақ- жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, көрнекілік әдіс – тәсілдер арқылы жүзеге асады. Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті - сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану. Сергіту жаттығуларын, қозғалмалы және дидактикалық ойындарды үш тілде күнделікті қолданған дұрыс. Мектепке дейінгі жастағы балалардың еліктегіш қасиеті жақсы дамыған, олар ағылшын дыбыстарын, сөздерін, сөйлемдерін қайталағанды ұнатады. Бастауыш мектеп балалары да еліктеу арқылы үйренеді, бірақ бұл балаларға дыбыстарды дұрыс айтқызу үшін сөйлеу мүшелерінің жұмыстарын түсіндіруге болады. 5-6 жастағы балалардың негізгі іс-әрекеті ойнау іс-әрекеті болып табылады, сондықтан ағылшын тілін үйрету үшін мұғалім осы факторды ескере отырып әртүрлі ойындарды пайдалану керек. Ойындар арқылы мұғалім балаларға жаңа сөздерді, сөз тіркестерін үйрете алады. Ойын белгілі бір білім беруді мақсат етіп, ойналған кезде ғана нәтижелі болады. Шет тілінде лото, карта, домино, жұмбақтар, кроссвордтар, байқаулар түрінде де, лингвистикалық ойындар, қолғап ойыншықтар, жануарлар, көкөністер т.б. түрінде де ойналады.

Мектепке дейінгі балаларды және бастауыш сынып оқушыларын ағылшын тіліне үйретуге арналған «Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтарына арналған үштұғырлы тілдер курсы» аттыбағдарламада отан, отбасы, сандар, түстер, көкөністер, тағамдар, жануарлар тақырыбында материалдар енгізілген. Қойылған мақсаттарға жету үшін мұғалім 6-7 жасар балалардың психологиялық ерекшеліктерін білуі керек. Бұл жастағы балалар шет тілін үйренуге икемделген: олар қысқа тіл материалын оңай жаттап алып, оны айтып бере алады. Сондықтан да бүгінгі өскелең уақыт талабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру мәселесі толассыз, үздіксіз дамыған тұста ағылшын тілі сабағында балалардың коммуникативтік, танымдық және басқа да белсенділіктерін, оның еркіндігімен, өзін-өзі шығармашылық тұрғысынан көрсетуге деген қабілеттілігін арттыру жолдарына баса назар аударымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Президенттің халыққа жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.
2. Қазақстан Республикасы «Тілдердің үштұғырлығы» мемлекеттік мәдени жобасы.
3. Хасанұлы Б. «Үштілділік – біртарапты тілдік үдеріс». Алматы, 2013

ГМО ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ

Глеуханова Жансая, Ғылыми жетекшісі: Калкенова Бейбитгул Женисбековна
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі уақытта көптеген елдер гендік модификацияланған өнімдер пайдалануда, бірақта оның адам ағзасына зияны мен пайдасы жайлы кейбір ақпараттардан хабарлары жоқ.

Зерттеу жұмысының мақсаты. ГМО -ның адам ағзасына тигізетін зияны туралы студенттер көзқарасы мен білімін анықтау.

Қойылған мақсатқа жетуге төмендегідей **міндеттерді** жүзеге асыру көзделді:

– ГМО дегеніміз не?

– ГМО азықтарының артықшылығы мен кемшілігі

– Адам ағзасына зияны

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі. Қазіргі кезеңдегі биология ғылымындағы зерттеу нәтижесінің отандық және шетелдік ғалымдардың ой-пікірлерін сыни талдау, салыстыру арқылы ғылыми нәтижелерге жетіп отыр. Осыған байланысты, қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мынадай әдістерге сүйендік, сауалнама және сипаттап баяндау

Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызы. Зерттеу жұмысында жасалған негізгі тұжырымдар мен қорытындыларды биология, химия пәндері және арнайы курстар бойынша пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімнен, пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімінен тұрады. ГМО-лық азық-түліктің көбеюі-қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Еліміздің кез келген дүкеніне бара қалсақ көкөніс, жеміс-жидектердің басым бөлігі шет елдерден әкелетіні бәрімізге белгілі. Күнделікті тұтынушы халықта еш мән берместен, сұрамастан ала береді. Қалай дайындалады? Қайдан келіп жатыр? Мұны біріміз білсек біріміз біле бермейміз. Сарапшылар «азық-түлік дүкендеріндегі тауарлардың барлығы дерлік адам ағзасына пайдалы емес» деп дабыл қағуда. Сосын, қазіргі таңда азық-түліктердің сыртынан «ГМО-сыз» деген жазуды әлсін болса да көзіміз шалып қалып жатады. Бірі «ГМО»-ның не екенін түсініп жатса, енді бірі байыбына бара қоймайды.

Транс ұлттық биотехникалық кооперациялар артық шығынға ұшырамас үшін бұл үлкен көлемді зерттеулерді жүргізбей-ақ жаңа ГМО өнімдерін қоршаған ортаға және адам денсаулығына қауіпсіз деп жарнамалап келуде. Ал адам денсаулығы мен өмір сүруі екінші орында тұр. [1]

ГМО дегеніміз не?

ГМО (гендік модификацияланған организмдер) – гендік инженерияның табысты жемісіне айналып отыр. Нақтырақ айтсақ ГМО – бір ағзаның геніне бөтен ағзаның генін енгізу арқылы пайда болады. Мысалы, шет елдерден тасымалданатын шие мен қытай қиярына шошқаның гені қосылады екен. Америка 1983 жылы биологиялық қару жасау барысында ең алғашқы гендік модификацияланған өсімдіктерді өндірген. Сосын, гендік модификация 1986 өсімдіктерді үсіп кетуден сақтау үшін пайдаланылған. Бұл ол кездері ғылымдағы үлкен жетістіктердің бірі болатын. 1994 жылы тасымалдау кезінде бұзылмай сақталатын қызанақтар өндірілді. Содан бастап «ГМО мәдениетінің» дәурені жүре бастады.

Әзірге елімізде гендік модификация қызметіне тосқауыл қоятын заңнама жоқ. Кей мамандардың айтуынша, азық - түлік қорабында ГМО қоспасы жөнінде ақпарат берілмегендіктен қазақстандықтар гендік өзгеріске ұшыраған өнімді шамадан тыс пайдаланады.

Артылықшылықтары. АҚШ елі өзі құрастырып шыққан ГМО-ны қалай шетке тарата алды? Олар экономика саласындағы басты принцип аз шығынмен көп өнім алу принципіне сүйенді. Сауда мақсаты-ұту екенін ұққан елдер де аз еңбекпен, арзан бағада табиғи өнімдерін жасанды, өнімге айырбастап жіберді. ГМО адамзат тарихында пайда болысымен,оның ең басты пайдасы-әлемдегі халықты аштықтан құтқару болып табылатын. Адамдардың көбінесе сапаға емес, бағаға қарайтынын ескерсек, бұл ұтымды түс екені белгілі жайт.

Кемшіліктері. Түрлі компаниялар ГМО өнімінің барынша артылықшылықтарын жарнамалағанымен, европалық ғалымдар ГМО-нын қаншалықты пайдалылығы тәжірибемен анықтауға кірісті.Соның бірі-Шотландиядағы РОУЭТТ институтының докторы Пуштан 1999 жылы ол 110 күн бойы атжалмандардың бір бөлігін ГМО-лық картоппен ал екінші бөлігін табиғи картоппен тамақтандырды.Тәжірибе қорытындысы күтпеген нәтижеге келді.ГМО картопты жеген атжалмалардың 110күн ішінде раққа ұшырап,салмақ жоғалтып,миы кішірейіп кеткен. [2]

ГМО қандай таңбалары болуы тиіс.

Азық-түліктерде ГМО бары туралы ақпарат жазылуы керек.ГМО 0,9% деңгейі бекітілген.0,9%төмен құрамында ГМО болса таңбасын қою қажет еме,ал егер 0,9% көп болса этикеткада ол туралы мәлімет болуы міндетті.Өнім барлық тиісті процедуралардан өткеннен кейін ғана сатуға жіберілуі керек.Бір таңба барлық азық-түлік өнімдеріне қойылмайды.Мысалға АҚШ пен Канада таңба қою ерікті түрде болса,Корея,Норвегия,Швецария және Қазақстан Республикасында міндетті.

ГМО өнімдерін қалай ажыратуға болады?

Өнімдердің құрамында гендердің бар екендігін тек күрделі зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде ғана білуге болады.Гендік өнімдерді өндіруге және сатуға,тасымалдауға құқықты алу үшін мемлекеттік гигиеналық сараптама мен тіркеуден өту қажет.ГМО-өнімді қалай ажыратуға болады? Барлық кондитерлік, әсіресе, кәмпиттер, печеньеелер, ұн, шоколад түрлерінің құрамында трансгендер бар. ГМ-өнімді құрамындағы тағам қоспасының тізімінен анықтауға болады. ГМО өнім Е индексімен жасырынып тұрады. Олар былай белгіленеді: E101 и E101A; E150 (карамель); E153 (карбонат); E160a (бета-каротин, ретинол); E160b (аннатто); E160d (ликопин); E234 (низин); E235 (натамицин); E270 (сүт қышқылы); E301-ден E304-ке дейін (аскорбат); E330 (лимон қышқылы); E415 (ксантин); E459 (бета-циклодекстрин); E460-тан E469-ның арасы (целлюлоза); E470-тен E570 (тұз және май қышқылдары); E951 (аспартам); E953 (изомальтит); E957 (тауматин) немесе E965 (малтинол) және т.б. [3]

ҚОРЫТЫНДЫ. Гендік модификацияланған өнімдер қоғамдық қажеттіліктен туындап отыр,себебі қазіргі уақытта Жер шарындағы адамдар санының артып кетуі оларға азық-түлік тауып беру мәселесін туындатты.Гендік модификация әдістерін пайдалана отырып,аз уақытта өте мол өнім алуға болады.Ал модификацияға ұшыраған өнімдердің адам ағзасына қаншалықты әсер ететіні әлі де болса зерттелу үстінде.

Пайдаланған әдебиеттер.

1. Вельков В.В. Оценка риска при интродукции генетически модифицированных микроорганизмов в окружающую среду. Агрехимия, 2000, N8, с. 76-86.
2. Шамшина Ж.Қ. ГМО өнімдерінің пайдасы мен зияны. –
3. Раманқұлов Е. Дамыған деген елдерде ГМО пайдалану қалай реттелуде?! –

КӨП ТІЛ БІЛУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Туспбекова А.К

Ғылыми жетекшісі: Мусина К.С

«М.О Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Семей қаласы

«Ана тіліңді біл, орыс тілін және басқа тілдерді де біл, игер. Көп тілді меңгеру - мәдениеттіліктің белгісі, ғылым биігіне көтерілудің жолы, азаматтық саналылықтың, естіліктің, парасаттылықтың белгісі» деп тіл білгірі Құдайберген Жұбанов өткен ғасырда – ақ көп тіл білу мәселесі төңірегінде ой қозғағаны ХХІ ғасыр жастары – біздерге де ой салады.

ХХІ ғасыр – ғылым ғасыры. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында: «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі- тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» - деген болатын [1, 5]. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының азаматын қалыптастыру, оның тез өзгеріп отыратын әлемде табысты білім алуға деген сұранысын қалыптастыру, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу және оқыту басты мақсат болып отыр. Сондықтан оқушыларға қазіргі заманға сәйкес көптілді білім беру мақсатында әртүрлі шаралар қолға алынды.

Халқымыз ежелден тіл абыройын биік көтеріп, «Өнер алды – қызыл тіл» деп, сөз өнерін бар өнердің алдына қойып, жоғары бағалаған. Әдетте тіл жөнінде, тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас жасау құралы деп, оған жай-жадағай анықтама берілгенімен, іс жүзінде тіл тек адамдар арасының қарым-қатынас жасау құралы ғана болып қалмастан, қайта онан да маңыздысы, ол белгілі бір ұлттың ұлттық сана-сезімі, халықтың халықтық қасиеті, оның жалпы тарихы, әдет-ғұрпы, мәдениеті қатарлыларды тұтастай өз бойына қамтып жататын күрделі ұғым. Сондықтан «тіл - мейлі қайсы ұлттың болмасын тарихы мен тағдырының, тәрбиесі мен тағылымының, бүкіл халықтық болмысының баға жетпес асылы, сарқылмас құнды қазынасы, ұлт рухының ұйтқысы болып келген» [3]. Тілдің адам өміріндегі ең шешуші рөл атқаратыны әркімге де түсінікті. Ол танудың, түсінудің, дамудың құралы. Ал көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының шет елдермен халықаралық байланыстары күннен-күнге арта түсуде. Сол байланыстарды дамыту үшін, еліміздің болашағы үшін біздер көп тіл білетін маман болу керекпіз әрі болашақта бірнеше тілді еркін меңгере алатын жас ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосу керекпіз.

Ендеше көптілділік – бүгінгі заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр қилы әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің күллі ерекшеліктерін, барша құндылықтарын сезінуге болар еді. Турасын айтсақ, екінші бір тілде сөйлеу өзге тілді пайдалану ғана емес, басқа ұлттық мәдениеттің, психологияның аясына сыналап енуді де аңғартады. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының ХІІ сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кемі үштілді болуы, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруі тиіс. Еуропада көптілділік қалыпты нормаға айналған, біз де осы қатардан міндетті түрде табылуға тиіспіз. Ағылшын тілін кең тұрғыда білмей, ұлттың нағыз бәсекеге қабілеттілігі туралы айту қиын», - деген-ді. [4]

Көптілді тұлғаны қалыптастыру көпұлтты еліміздің бірлігінің негізі ғана емес, сонымен қатар өркениет көшінде бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың алғышарты десек, көптілді

ортада ұстаздық етіп жүрген педагогтардың біліктілігін арттыру – түптеп келгенде, Елбасы назарындағы Қазақстан жолы – 2050: «Мәңгілік ел» стратегиясының іс жүзінде асуындағы іргелі факторларының бірі екенін түсінеміз, түсіне отырып әрекет етуге ынталымыз.[1] Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті күзиреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Жас ұрпақтың ана тіліне деген сүйіспеншілігі орыс, ағылшын тілдерін жетік білуді үйретудің көлеңкесінде қалып қоймауы керек. Білім берудің бастауыш сатысында тілін ана тілінде ұстартып, санасын ана тілінде қалыптастыруға баули оқыту маңызды. Біздің алатын біліктілігіміз шетел тілінің мұғалімі болғанмен де оқу орнының таңдау пәні ретінде бастауыш мектептегі ана тілі пәнін оқимыз. Таңдау пәнінен іс-тәжірибелік сабақтар береміз. Оқытудың заманауи технологиясын әдебиеттік оқу пәнін оқытуда тиімді қолдана отырып, оқушыларды халқымыздың бай әдеби мұрасымен қанықтыру – бізге міндет. Оқығанды есте сақтау, мәнерлеп оқу, әдемі сөйлеу мәдениеттерін қалыптастыру мақсатын да жүзеге асырамыз. Өз ана тіліне деген құрмет сезімін қалыптастыра отырып, өзге тілдерді де бағалай білуге баулимыз. Сол себепті де мен ағылшын тілі мұғалімі мамандығын тандадым. Менің ойымша, тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы ұшан-теңіз. Туған тіліңді білуге тиісті емессің, міндеттісің дер едім. Ал басқа мемлекеттің алдында өз еліңнің дәрежесінің биік екенін мойындату үшін, жеті тілді жетік меңгеру артық етпейді. Қазіргі заман ашықтық пен жан-жақтылықты талап етеді. 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған еліміздің даму стратегиясында қазақ тілін өркендету мен шет тілдерді оқыту мәселесіне айрықша мән берілген. Шет тілін білу сән емес, заман талабы екені белгілі. Туған тіліңді жетік меңгер, қастерлей біл. Бірақ бір тілмен ғана шектеліп қоймай, жан-жақты бол, тіл үйрен. Бұл сенің болашағыңның ғана емес, тұтастай ұлтыңның болашағының жарқын болуының кепілі.

Демек, «Тілі бірдің - тілегі бір», «Тіл тағдыры - ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету қазақстандықтардың ортақ парызы екенін түйсінгеніміз абзал.[2, 115] Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу мақсатына өз үлесімнің бар екендігін мақтан тұтамын!

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында тәжірибе жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейтуге, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) <https://nao.kz/files/blogs/1410319064396.pdf>
2. Жаминова Р.Ж. Модульдік оқыту технологиясын қолдана балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. // Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістер. II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. II том. Астана-2012 ж. 115-120 б.
3. <http://bilimainasy.kz/?p=17932>

ФОЛЬКЛОР, КАК ОДИН ИЗ МЕТОДОВ МУЗЫКАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Шамшиев Алидастан, II курс, специальность 0108000 «Музыкальное образование»

Руководитель: Волченко Елена Викторовна, преподаватель музыки

КГКП «Педагогический колледж им.М.О.Ауэзова»

Актуальность темы: фольклор формирует национальное мировоззрение, учит ребенка видеть мир глазами своего народа, выступает как базовая духовная ценность казахского народа и является важным фактором в сохранении и развитии художественного национального казахского стиля, самобытность которого представляет уникальную сокровищницу мирового культурного наследия. В воспитании детей можно широко использовать все жанры устного народного творчества.

Целью метода музыкального фольклора как способа обучения детей музыке является развитие творческих способностей детей, воспитание общей культуры, приобщение к народным традициям и обычаям, расширение музыкального кругозора. В процессе обучения могут быть предусмотрены различные виды деятельности: игра, беседа, прослушивание музыки, пение, работа с музыкально-шумовыми инструментами, разучивание основ народного танца, театрализация игровых песен, работа над выразительностью речи, изготовление костюмов, участие в концертной деятельности с целью пропаганды народного творчества.

Задачи фольклора в музыкальном воспитании дошкольников следующие:

- развитие творческих способностей дошкольников;
- знакомство детей с разнообразными формами детского музыкального фольклора;
- знакомство детей с традициями и образами казахского народа;
- развитие эмоциональное восприятие народной музыки в различных видах музыкальной деятельности;
- расширение представлений детей о народных праздниках, обычаях и традициях казахского народа;
- расширение диапазона детского голоса, развитие вокально-хоровых навыков, чистоты интонирования средствами народного фольклора;
- воспитание эстетических чувств;
- воспитание устойчивого интереса и любви к народному искусству.

Гипотеза, исследуемая в настоящей работе, основана на том, что приобщение дошкольников к миру национальной музыкальной культуры способствует формированию таких качеств, как сознательность, уважение к историческому прошлому, воспитание патриотизма, гордости за свою Родину, гражданином которой является, а это ни что иное, как залог гражданского становления личности.

Содержаниеработы включает исследование казахских календарно-обрядовых праздников и народного творчествакак наиболее интересных форм изучения народных художественных традиций, обладающих большими воспитательными возможностями. Также в работу включены потешки, народные песни, игры и сказки, способствующие более полному раскрытию музыкальных способностей детей и включения их в процесс музыкального образования, основанного на фольклоре.

Способом исследованиястал анализ и обобщение специальной литературы по теме,основан на изучении влияния использования календарных праздников на развитие музыкальных способностей детей дошкольного возраста.

Использованная литература:

1. Александровская Н.И. Народная педагогика как средство воспитания и развития детей в детском саду // ҚазақстандағыМектепкедейінгібілім. - 2016. - №1. - С.3-5
2. Добровольская Л.В. Музыкальные традиции казахского народа в системе воспитания и образования // Педагогика и искусство. - 2014. - №4. - С.31-33
3. Кряжевских В.К. Народное песенное творчество и подготовка учителя музыки. - М.: Изд-во МПГУ; Бийск: Изд-во Бийского гос. ун-та, 1998. - 160 с.

МОРФОЛОГИЯ САЛАСЫН ОҚЫТУ

Филология бөлімінің ІІІ курс студенті Тоқубаева Анаргүл Абайқызы, ғылыми жетекшісі: филология бөлімінің оқытушысы Ілияс Д.Н.Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі»

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Морфология тарауын оқытуда оқушылардың белсенділігін арттыру.

Ғылыми жұмыстың міндеттері:

- 1) Морфологияны оқыту барысында оқушылардың белсенділігін арттыру;
- 2) Морфологияны оқыту аясында ойын элементтерін қолдану;
- 3) Қазақ тілі морфологиясының зерттеу аясын талдау;

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Мектепте оқылатын пән атаулының бәрі тіл арқылы түсіндіріледі, сондықтан қазақ тілінен теориялық білім берудің нәтижесінде оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын қалыптастырып, сөйлеу, жазу тілін дамыту іске асырылады.

Ғылыми жұмыстың гипотезасы: Сөздің мағыналы бөлшектерінің (морфемалардың) ұғымын жетік меңгеру үрдісі оқушылардың абстракциялы ойлаудың дамуын, тіл фактілерін бақылап, оған талдау жасай алуын және мұғалімнің жетекшілігі арқылы өздігінен қорытындыға келе білуін талап етеді.

Ғылыми жұмыстың маңызы: Морфологияны оқыту арқылы оқушыға сөздердің грамматикалық мағынасы, сөз таптардың өзара байланыстылығының мәні түсіндіріледі. Сөз таптарының ерекшеліктері, сөз табына жататын сөздердің сөйлемдегі қызметі өмірмен байланыстырылады.

Көптік, тәуелдік, септік жалғауларды қолдануда стильдік нормаларды жете білдіру көзделеді. Сөз таптарының ерекшеліктері, сөз табына жататын сөздердің сөйлемдегі қызметі өмірмен байланыстырылады.

Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері: Баяндау, бақылау, салыстыру, сипаттау, жүйелеу, жинақтау, талдау, талқылау.

Морфология (биология) - ағзаның пішіні мен құрылымы туралы ғылым. Морфология (гр. *morf* - түр, тұлға, *logos* - сөз, ілім) - дербес сөздердің грамматикалық мағыналарын тексеретін, грамматикалық сөз тұлғалардың қызметі мен қалыптасу, даму заңдылықтарын зерттейтін тіл ғылымының бір сапасы. Морфологияның негізгі материалы - морфема. Морфология сөздің грамматикалық тұлғаларын жеке бір тілдегі сөздердің диахрондық (тарихи даму), синхрондық (қазіргі кездегі) көрінісімен де зерттейді. Морфология сөз тұлғаларының түрленуін, бөлшектенуін, әр түрлі өзгеріске түсуін анықтау мақсатында салыстыра зерттеу жүйесімен де айналысады. Сөздің тұлғасы, мағынасы және атқаратын қызметі сөйлем құрамында ғана анықталатын болғандықтан, сөзді синтаксиспен байланысты қарастырады. Демек сөзді лексика-грамматикалық сипаты тұрғысынан айқындайды.

Қазақ тіліндегі сөздер морфологиялық тұрғыдан жалаң және күрделі болып екіге бөлінеді. Жалаңдар сөздің түпкі мағынасын білдіретін түбір сөздер де, күрделілер кем дегенде екі сөзден құралатын біріккен, қосарланған, күрделенген (ақ құба, ақ сары) сөздер. Жалаң сөздер құрамы жағынан түбір тұлғалар мен қосымшалардан құралады. Түбірлер сөздің негізгі лексикалық мағынасын білдіреді де, қосымшалар түбірге неше түрлі грамматикалық мағыналар үстейді. Мысалы, ұйымдастырушылардың бірі деген сөз тіркескендегі алғашқы сөз ұйым+дас+тыр+у+шы+лар+дың болып 7 бөлшектен тұрады. Мұндағы ұйым - негізгі түбір, -дас - сөзжасам қосымша, -тыр - өзгелік етіс жұрнағы, -у - қимыл есім жұрнағы, -шы - сөзжасам жұрнақ, -лар - көптік жалғауы, -дың - ілік септігі жалғауы.

Профессор Қ. Жұбанов морфологияны «сөз құрылысы» деп алып, «сөз-сөздің қалай құралатынын жалпы түрде қарайтын ғылымды жалпы морфология дейміз» [2, 163 бет] деп анықтама берсе, С. Аманжолов «морфологияның қарайтын объектісі – сөздің құрылысы, құрамы, өзгерісі» деп, «оның себебі әр тілде жаңа сөз тудыру жолы әр түрлі» [3, 66 бет] деген уәж айтады. К. Аханов «сөздердің морфологиялық құрылымы мен типтері, морфема мен оның түрлері, сөздердің түрленуі, олардың формалары мен сөздердің лексика-грамматикалық топтары туралы ілім» [4, 269 бет] деген анықтама береді. 1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасы» (I бөлімінде) және «Қазіргі қазақ тілі» оқулығындағы А.

Ысқақовтың «сөз және оның формалары туралы ілім» [5, 10 бет] деген анықтамасы қазіргі таңда негізгі бағдар ретінде қолданыста. Бұл оқулықтың морфологиялық зерттеулердің көш басында тұратын еңбек екендігінде күмән жоқ. Онда сөз және оның морфологиялық құрылымынан бастап, сөздің морфологиялық құрамы мен жасалу жолдары, сөз формалары мен олардың жасалу тәсілдері, сөз таптары мен олардың жасалу тәсілдеріне қатысты мәселелер ғылыми тұжырымдар арқылы нақты көрсетілген.

Морфологияны оқыту арқылы оқушыға сөздердің грамматикалық мағынасы, сөз таптардың өзара байланыстылығының мәні түсіндіріледі. Сөз таптарының ерекшеліктері, сөз табына жататын сөздердің сөйлемдегі қызметі өмірмен байланыстырылады. Көптік, тәуелдік, септік жалғауларды қолдануда стильдік нормаларды жете білдіру көзделеді. Демек, оқушы Морфологияны оқыту арқылы оқушыға сөздердің грамматикалық мағынасы, сөз таптардың өзара байланыстылығының мәні түсіндіріледі.

Сөз таптарының ерекшеліктері, сөз табына жататын сөздердің сөйлемдегі қызметі өмірмен байланыстырылады. Мұғалім құрғақ ережені оқушыға жаттатудың зиян екенін естен шығармау керек. Жаттанды нәрсенің көпке бармай тез ұмытылып қалатыны әсте анық. Оқушының сөз таптарының қызметі, олардың орын тәртібі, түрленуі мен өзгеруі туралы жүйелі білім алуы шарт [4, 269 бет].

Сабақта айтылған материалдардың барлығы оқушының есінде түгел қалмаса да оның ішінен ең негізгісі оқушының есінде қалдыруға қол жеткізу керек. Мысалы: оқушылар арасында зат есім туралы толық мағлұмат алғандары жиі ұшырасады. Нақтылы зат атаулары қалам, қағаз, дәптер, орындық т.б зат есім екенін біледі [4, 269 бет].

Ал адамның ойлау қабілеті арқылы топшылаумен түсінетін заттық ұғымдардың атауы абстракты зат есімдерді ақыл, ой, сана, қуаныш, реніш, уайым, қайғы т.б келгенде оқушы тосылып қалады. Осы жағын нақтылы мысалдар арқылы түсіндіру қажет. Сын есім мен сан есімнің алдында тұратын, етістіктің сөйлемнің соңында келетіні сияқты тіл заңдылықтарын оқушының сөйлеу әрекетінде дұрыс қолдануын қадағалап отыру тіл мәдениетінің нормаларын сақтауға да үйрету.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. – Астана, 2000.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы, 1997
3. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы //Егемен Қазақстан, 16 қазан,2004ж.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

Филология бөлімінің III курс студенті Әміржан Фариза, ғылыми жетекшісі: филология бөлімінің оқытушысы Ілияс Д.Н.

Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі»

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Қазақ тілі сабағында «Мәтін тақырыбының ерекшеліктерін» ашу.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Қазақстанның білім беру жүйесі қазіргі заман талабына сай өзгеріске түсіп жатыр, оқушының ақыл-ойын, қабілетін дамыту, әлемдік деңгей талабына жауап беретін интеллектуалдық потенциал дайындау мақсаты көзделініп отыр. Әрине, ХХІғасырдың қойған бұл талабы, сөзсіз қиын. Осыған байланысты білім беру жүйесі озық тәжірибелер мен технологияларды еңгізіп тиімді білім беру жолдарын құрастыруда.

Ғылыми жұмыстың міндеттері:

- 1) Мәтіннің оқу арқылы меңгертілуі;
- 2) Мәтін арқылы оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері;
- 3) Қазақ тілі сабағында мәтінді меңгерудің ерекшеліктері.

Ғылыми жұмыстың маңызы: «Мәтін» деген ұғым тек тілдік жағынан құрастырылған және әдеби шығармаға ғана тән болады, алайда оның бөліктеріне, айтарлықтай дербес көзқарасты микромәтінге қолданылмауы мүмкін. Тек сондай мәтін, оның тарауы, бөлімі, параграфы, мәтін кіріспесі, қорытындысы, тағы басқа туралы айтуға болады.

Ғылыми жұмыстың гипотезасы: Мәтін – өте күрделі тілдік құрылым. Осы құрылымды аяқпай қындайтын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық. Мәтіннің тұтастық категориясы сол мәтінді ұғынып, мәнін түсінгенде ғана пайда болатын, оның логикалық жағы мен тығыз байланыста болса, ал оның жүйелілігі күрделі бірліктерді құрайтын тілдік құралдардың белгілі әдіс-тәсілдерімен ұйымдасуынан көрінеді.

Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері: Баяндау, бақылау, салыстыру, сипаттау, жүйелеу, жинақтау, талдау, талқылау.

Мәтін – бұл жалпы бір тақырып көлеміндегі біріккен, белгілі бір ақпаратты жеткізетін мазмұнды сөйлемдердің жиынтығы болып келеді. Мәтіннің тақырыбы болады. Мәтін сөздерден, сөйлемдерден, абзацтардан тұрады. Мәтін әртүрлі мазмұнға құрылады. Онда оқиғалар хабарланады, баяндалады, әңгімеленеді, құбылыстар сипатталады, суреттеледі [1.109б].

Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әртүрлі жағдайларға байланысты. Осыған орай тілді сапалы үйретуде қолданылатын оқыту түрі мәтін арқылы оқыту болып табылады. Мәтінмен жұмыс жасау мынадай кезеңдерге бөлінеді:

- Мәтінді оқығанға дейінгі кезең;
- Мәтінмен жұмыс кезеңі;
- Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең.

Мәтінді оқығанға дейінгі жаттығулар мен оған сәйкес жұмыс түрлері мынадай бағытта жүргізіледі: жекелеген сөздерді дұрыс айтып, жазуды, тілдік тұлға мен сөйлем үлгілерін мәтінде танып, айыра білу және әр түрлі құрылымдық материалды (сөзжасам элементтері, етістіктің жақ, шақ түрлері т.б.) меңгерту. Мәтін тақырыбы жайында сауал жүргізіп бірақ, мәтінмен жұмысқа көшуге болады. Мәтінмен жұмыс кезінде интерактивті әдістерді қолдануға болады. Сонымен қатар, семантикалық байланыс түрін табу (антоним, синоним т.б.), зат есім мен сын есімнің байланысын табу, сөйлемді аяқтау, кілт сөздерді табу, мәтінге жоспар құру, салыстыру жасау сияқты жұмыс түрлерін жүргізуге болады [2.16б]. Мәтіннен кейінгі жұмыс. Мәтін оқылған соң, оқушының мәтіннің мазмұнын түсінгенін бақылау мақсатында мынадай интерактивті тәсілдер орындалады: сұрақ-жауап жаттығулары, дифференциалды мазмұндау, мәтінге жағдаят құру, мәтінге ұқсас әңгіме құру, диалог құру, мәтін мазмұнын кеңейтіп және жалғастырып әңгімелеу т.с.с жұмыстар жүргізіледі.

Мәтін арқылы оқытуда қосымша төмендегідей жұмыстарды жүргізуге болады:

- 1) Мәтінді тақырыпсыз беріп оқыту;
- 2) Қысқаша мазмұнын айтқызу;
- 3) Әр абзацқа ат қойғызу;
- 4) Толық мәтінге ат қойғызу;
- 5) Тақырыпқа сай мақал-мәтелдер айтқызу;
- 6) Мәтінге жоспар құрғызу;
- 7) Мәтін бойынша сұрақтарға жауап алу;
- 8) Мәтін бойынша қысқаша эссе жазғызу [3.213б].

Оқушының мәтінді түсіну қабілетін әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдана отырып анықтауға болады.

Мысалы:

1. Оқыған мәтіннің мазмұнын айтқызу, қазақ тілінде жеткізуге қиналса, орыс тілінде айтқызу;
 2. Мұғалімнің сұрағына дайын жауап оқу;
 3. Берілген мәтіндегі ойды бірнеше сөйлемдер арқылы айтып беру;
 4. Мәтінді бөлімдерге бөлу;
 5. Үлестірмелі кәртішкелерге мәтіннен түсінгенін айтуға көмектесетін тірек сөздер жазылады. Мысалы: бірнеше сөйлем оқимын, сол сөйлемдердің ішінде тірек сөздерді дұрыс орналастыру арқылы мәтіннің мазмұнын білдіретін сөйлемдердің ретін оқушылар белгілеп, мәтінді айтып беруге қажетті шағын жоспар құрады;
 6. Мәтіннің мазмұнына сай ақын-жазушылар шығармаларынан үзінділер келтіріп, мысалдар айту (Отан, батырлар, жыл мезгілдері т.б. тақырыптарға).
 7. Магнитофонға жазылған мәтінді оқушыларға тыңдатып, мазмұнын айтқызу;
- Мұндай жүйеленген жұмыс оқушының қазақша ойлау қабілетін және тілін дамыту мақсатында үлкен нәтиже береді. Мәтінмен жұмыс оқушының тілдік іскерлігімен қатар, оның жалпы дүниені танып білуін қалыптастыруда да ерекше ықпал етеді.

Мәтін – білім беруде, оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді. Мәтіннің қызметін таныту – тыңдаушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуге, сол арқылы тыңдаушының логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына, қазақ тіліндегі сөздерді жетік меңгеріп, мағыналарын ажыратуға мүмкіндік береді [4.566].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» А.Сатыбаева, Г.Сатыбаева; Астана: Фолиант, 2008.- 232бет
2. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» Қ.М.Байтанасова, С.Ш. Айтуғанова; Фолиант баспасы, Астана – 2008
3. «Тіл тағылымы» А.Байтұрсынов; Алматы: Ана тілі, 1992 – 448бет.
4. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Оразбаева Ф.Ш, Рахметова; Алматы: Print-S, 2005.

СӨЗЖАСАМДЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Филология бөлімінің III курс студенті Съез Ахбота, ғылыми жетекшісі: филология бөлімінің оқытушысы Илияс Данагүл Нұртайқызы

Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі»

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Сөзжасамды оқыту арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жолдарын қарастыру және оларды талдау.

Ғылыми жұмыстың міндеттері:

- 1) Сөзжасамды оқыту арқылы материалды ауызша түсіндіру;
- 2) Оқушылардың алған білімін бекіту арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту;
- 3) Дағды мен іскерлікті қалыптастыру әдісі сөзжасамдық тәсілдерді үйрету.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі:

Білім беру мақсатына оқушыларға ана тілі туралы ғылымның негіздерін беру, тілдің қоғам өміріндегі маңызын аша көрсетіп, оны меңгерудің өндірісте, қоғам өмірінде аса қажетті екендігін түсіндіру, ана тілінен жақсы білім алуына мүмкіндік туғызу, тілдің қатынас құралы екендігіне көздерін жеткізу, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың ауызша,

жазбаша тілдерін дамытып, онымен қаруландыру, оқушылардың тіл мәдениетін қалыптастыру, өздігінен сөйлей, жаза білуге жол салу жатады.

Өзімізге белгілі бірінші орынға білім беру сапасын қойып отырмыз. Осымен байланысты жоғары мектепте сөзжасамды жаңа тың ізденістер тұрғысынан оқыту мәселесі жан-жақты қарастырыла бастады. Ғалым Ж.Сүлейменова жоғары мектепте сөзжасамды оқытудағы дәстүрден тыс сабақтардың маңызын айқындады. З.Бейсембаева сөзжасамды модульдік технология арқылы оқытуда тиімді болып табылатын дәріс, практикалық сабақтар мен өздік жұмыстың түрлерін, ал Н.Оразақинова сатылай талдауды сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы меңгерудің амал-тәсілдерін ұсынды. Осыған орай сөзжасамды оқытуда бірнеше әдістер қолданылады.

Мектепте сөздердің жасалуын оқытудың танымдық әрі практикалық зор маңызы бар. Сөздердің жасалуымен танысу, біріншіден, сөз құрылымының дамуы мен сөздердің жасалуы белгілі бір заңдылыққа бағынатынын көрсету болса, екіншіден, тілдің әр түрлі деңгейіндегідей бірліктердің арасындағы өзара байланыстылықты көрсету, бір жағынан сөз жасау деңгейі, екінші жағынан фонетикалық, лексикалық, грамматикалық деңгейлер, үшіншіден, тілдің грамматикалық құрылысын тереңірек білуге жағдай жасайды [1, 45 б].

Ғылыми жұмыстың гипотезасы: Егер, қазақ тілі сабағында сөзжасамды оқытуда көптеген әдіс-тәсілдерді қолданса, оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, логикалық ойлау қабілеттері дамиды. Себебі, сабақта әңгімелеу, түсіндіру, көрнекілік, кітаппен жұмыс, ауызша баяндау, т.б. әдістерді тиімді қолдану оқушылардың есте сақтау, сонымен қатар логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіреді.

Ғылыми жұмыстың маңызы: Оқушылардың сөзжасамнан дағдысы мен іскерлігін қалыптастыруда орындалатын жаттығулардың маңызы зор. Жаттығу - оқу анасы. Тілді құбылыстар тек жаттығу арқылы, бірнеше рет орындалатын жаттығулардың негізінде оқушының дағдысына айналады, есінде ұзақ сақталады. Осыған орай жаттығулардың да бірнеше түрі бар: дайындық жаттығулары, байқау жаттығулары, машықтану жаттығулары, шығармашылық жаттығулар, тексеру жаттығулары т.б. Сөзжасамды бұл әдістер арқылы оқытудың маңызы, біріншіден, оқушылар (жаңа) туынды сөздің лексикалық мағынасын ашудың жолдары мен амалдарын біледі. Екіншіден, тілдің лексикалық құрамының байлығын, оның баю, толығу көздерінен мағлұмат алады, үшіншіден, қосымшаның сөз құрамындағы қызметін білуге, оларды бір-бірінен ажырата алуға үйренеді. Төртіншіден, туынды сөздің құрамына талдау жасау жолын біледі. Бесіншіден, сөздің жасалу жолын, сөзжасамның қызметін білу арқылы олардың ойлау қабілеті артады [6, 231 б].

Зерттеу әдістері: Оқыту әдістерін тандау әдетте сабаққа оқу материалының мазмұнын тандаған кезде жүреді. Ол дидактикалық мақсатқа, оқушылардың білім деңгейіне мұғалімнің өзінің дайындық деңгейіне байланысты. Сөзжасамды оқытудағы бекіту әдісі - оқу материалын ауызша баяндау. Сөзжасамды оқытуда теоремаларды оқығанда, табиғат және қоғам құбылыстарының түбірлі себептерін және салдарын ашу кезінде түсіндіру әдісі жиі қолданылады. Сөзжасамды оқытуда балалардың логикалық ойлауына әңгімелесу - оқытудың диалогтық әдісі, мұғалім оқушыларға мұқият ойластырылған сұрақтарды жүйелі қою арқылы олардың жаңа оқу материалын меңгеруіне жағдай жасап, бұрын оқылған материалдарды қалай меңгергенін тексереді. Әл-Фараби "Оқытудың негізгі әдісі - көрнекілік" деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту процесінде қолданылатын көрнекі құралдарға және техникалық құралдарға байланысты [2, 66-67б].

Сөзжасам өмірде пайда болған жаңа ұғымдарды атау қажеттігін өтеу үшін қызмет етеді. Жаңа аталымар (номинациялар) сөзжасамдық түрлі тәсілдер арқылы жасалатыны белгілі болды. Тәсілдердің түрлілігіне байланысты сөзжасам үрдісіне түрлі сөзжасамдық бірліктер жаңа мағына, жаңа аталымның жасалуына түрлі дәрежеде қатысады. Мысалы, *әнші, жұмысшы, малышы, суретші, жыршы, биші, орманшы, балықшы, саяхатшы, сыбызғышы, қобызшы* т.б. осы типтегі туынды сөздерді алсақ, олардың құрамындағы

негізгі морфема да, көмекші морфема да олардың мағынасының жасалуына қатысып тұр. Осы туындылардағы негіз сөз жаңа мағынаның жасалуына арқау болған [4, 115 б].

Оқушының жас ерекшелігін ескере отырып қазақ тілінен түрлі логикалық тапсырмалар беру арқылы, білімнің беріктігін қамтамасыз ету, баланың шығармашылық қабілетін дамыту, интеллектуалдық деңгейін көтеру. «Логикалық тапсырмалар» оқушының жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылды. Теориялық білімдерін кеңейтіп, оны практикада қолданылуына ықпал етеді. Логикалық тапсырмалар оқушының интеллектуалдық деңгейін көтереді. Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. [3, 78 б].

Ойлау белсенділігін, өз беттілігін дамыту. «Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеуді ұстаз дамытуға тиіс», деп көрсетті К.Д. Ушанский. Бастауыш сынып баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең іс. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек». Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласы, құштарлығы болуы керек. Баланың логикалық ойлауы арқылы тілін дамыту үшін, мұғалімге оның ториясын терең білу міндеті жүктеледі. Логикалық ойлауды дамытудың кестесі арқылы тіл дамыту жолдарының кестесін жасауға болады. [5, 128 б].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1) Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. -Алматы: Ғалым: 1999.
- 2) Сауранбаев Н. Қазіргі қазақ тілі. -Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1954.
- 3) Бейсенбаева З. «Сөзжасамды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері». – Алматы, Республикалық баспа кабинеті, 1998.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Филология бөлімінің III курс студенті Қизат Жадыра Хамидолақызы, ғылыми жетекшісі:
филология бөлімінің оқытушысы Ілияс Данагүл Нұртайқызы
Ақмола обысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі»

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімді жолдарын қарастыру және ұсыну.

Ғылыми жұмыстың міндеттері:

1. Ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы жалпы оқыту үрдісінің функцияларын талдау;
2. Қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияны қолданудың мүмкіндіктері;
3. Қазақ тілі сабағын түрлендіру және технология әдістерін пайдалану жолдары.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Бүгінде білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Бүгінгі таңда кез келген мектептің басты мақсаты – бала мүмкіншіліктерінің жан-жақты ашылуына қолайлы жағдай жасау. Білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту – бүгінгі күннің талабы. Бүгінгі заман талабына сай

ақпараттық қоғамға бейімділігін қалыптастыру үшін оқыту жүйесінде жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге енуде. Олай болса, оқытудың жаңа ақпараттық техникасын пайдалану – уақыт талабына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың бірден-бір әдісі.

Ғылыми жұмыстың гипотезасы: Ақпараттық технологияның тиімділігі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар екендігі анықталады. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

Ғылыми жұмыстың маңызы: Білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту – бүгінгі күннің талабы. Бүгінгі заман талабына сай ақпараттық қоғамға бейімділігін қалыптастыру үшін оқыту жүйесінде жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге енуде. Олай болса, оқытудың жаңа ақпараттық техникасын пайдалану – уақыт талабына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың бірден-бір әдісі.

Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері: Теориялық әдіс, бақылау әдісі, түсіндіру әдісі, зерттеу әдісі.

Дүниежүзілік білім кеңістігіне кіру мақсаты көзделіп, еліміздің дамыған елдермен қатар тұра алатын өркениетті ел ретінде танылып, олармен білімі мен ғылымы, мәдениеті мен технологиясы теңесуі үшін маңызды істер атқарылуда. Мұндай өзгерістер білім беру жүйесінің даму бағыттарын 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында нақтылайды.

Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру, оқушының танымдық қабілетін дамыту саналы деңгейге көтеру – бүгінгі күннің күрделі мәселе. Білімді жеке тұлғаға бағыттау, оқушының өзін-өзі тануы, өзін-өзі тәрбиелеуі, ақыл-ойын дамытуы, яғни, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу мұғалімдер алдына тың міндеттерді жүктеп, жаңашыл іс-әрекетке жетелейді [1].

«Технология» дегеніміз не? Технология – «tehne» (шеберлік, өнер, білім) деген мағынаны білдіретін грек сөзі. Ақпараттық–коммуникациялық технологиялар деп локалды, аймақтық, бүкіл әлемдік желілерде ақпарат алмасуды жүзеге асыратын қазіргі заманғы байланыс құралдарының барлық түрін, бағдарламалық жүйелер мен кешендерді (бағдарламалау тілдері, трансляторлар, компиляторлар, операциялық жүйелер, қолданбалы бағдарламалық жабдықтарды дайындауға арналған инструменталды пакеттер), мультимедияны, телекоммуникацияны, виртуалды ақпараттар жиынтығын айтамыз [2, 24бет].

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден-бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды [3, 12бет].

АКТ-ны пайдалануда сабақтың мынадай ерекшеліктері бар:

1. Мұғалім оқушыға сұрақ қойып, тез арада оқушы оған жауап береді;
2. Мұғалім тапсырманың дұрыстығын тексереді;
3. Оқушының компьютермен жұмыс барысында пайда болған қиындықтарды уақытында шешуге болады;
4. Кейбір амалдарды оқушы өз бетінше орындайды, компьютерді жұмыс істеуге үйренеді;
5. Сыныптағы оқушылардың барлығынан жауап алуға болады және алған білімдерін практикамен ұштастырады;
6. Білімі төмен оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

АКТ-ны қалай қолдану керек. Мектептегі технологияларға мыналар жатады:

1. Теледидар бағдарламалары;
2. Сандық теледидар;
3. Интернет/WWW;
4. Ұялы телефон;

5. Ұтқыр қондырғыштар;

6. Компьютер/ноутбук[4, 50 бет].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгілерінің бірі – интербелсенді тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтар. Қазіргі кезде ғаламтор желісінде еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған мұғалімдер арнайы сайттар мен парақшаларды ашып, онда өздерінің тәжірибелерімен бөліседі, әсіресе білікті ұстаздардың онлайн сабақтары жас мамандарға және жалпы мұғалімдерге үлкен көмекші құрал қызметін атқарады. Интербелсенді тақтаны сабақта пайдаланудың маңыздылығы, яғни оның көмегімен оқыту үрдісіндегі өзекті мәселелерді шешуге болатындығы анықталған. Осыған байланысты күнделікті сабақта:

- Мультимедиялық құралдар (аудио, бейне-материалдар мен теледидар, радио, электрондық оқулықтарды);
- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интербелсенді тақта);
- анықтамалық мәліметтер (сөздіктер, энциклопедиялар, ғылыми еңбектер, электрондық жаттығулар жинақтары)[5, 25 бет].

Қорыта келгенде, ақпараттық технологияның тиімділігі – оқушылардың білім оқшылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар екендігі анықталды. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. «Информатика негіздері» ғылыми әдістемелік журнал Алматы, 2010 жыл
3. Жантелова К. «Қазақ тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен үйрету» //Қазақстан мектебі №2, 2010 жыл

ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сәрсенбай Мақсат – 2курс студенті, Алматы көпсалалы колледжі

Ғылыми жетекшісі: **Хамбар Ж.Х.**

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі - оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс «Инновация - арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», - дейді.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. » Масырова Р.Линчевская Т - «Жаңару» дегенімізді былай деп түсіндіреді: «Жаңару - белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз - білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов «Инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке - дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке - дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады.

- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет; саралап деңгейлел оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

- ақпараттық бағдарламалап оқыту

- оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала –субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдык деп үш түрге бөлуге болады .

Модификациялық инновация - бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация - бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация- білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

Инновациялық процестерді ендіру үш өзара байланысты күштер анықталады: енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері - кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтай біз болашақ педагог-психологтардың жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды:

Мотивациялық өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді.

Мазмұндық өлшемдеріне болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен мәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үрдістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін және жеке тұлға теориясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады.

Бейімділік өлшемдерін болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті атады: бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана алуларымен ерекшеленеді.

Танымдық өлшемдері болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерін пайдалануымен, инновациялық педагогикалық технологияларға қызығу танытумен ерекшеленеді. Оған болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдана білуі, инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі, үйренуі жатады.

Іс-әрекеттік өлшемдері болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үрдісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Оған болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-

тәрбие үрдісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен өлшенеді.

Технологияның өлшемдері оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үрдісі, оның міндеттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық - педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу-тәрбие үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет.

Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ маманның шығармашылық-ізденушілік дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми - зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп - мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік - оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үрдіс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады.

Әрбір педагогтің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі; инновацияны жан-жақты меңгеру; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны практикада дұрыс қолдану.

Әрбір білім беру ордаларында бүгінгі таңда белең алып отырған кемшіліктері баршылық, атап айтатын болсақ: білім сапасының төмендігі; білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы; құжаттар көптеп шығарылғанымен мардымсыздығы; білім алушылардың өздігінен білім алу дағдысының болмауы; білім алушылар мен оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбектерінің болмауы.

Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу, әрбір білім алушылардың білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол ашу. Инновациялық процестің негізі - жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

- білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

- жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

- жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір - шарты:

оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу - әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет.

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Әдебиеттер

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. — //Қазақстан мектебі, №4, 2006.
 2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
 3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. — //Қазақстан мектебі, №4, 2008
 4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007
 5. Көшімбетова С.
- Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

ӘДІЛЕТ ЖОЛЫНДА МЕРТ БОЛҒАН БАТЫР

Әбілмәжінова Балғын

0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығының I курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Жумагулова Асем Алибековна, қоғамдық пәндер оқытушысы
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

Мақсаты: Қазақ батырының есімін таныту, жас ұрпаққа дәріптеу.

Міндеттері: -қазақ батырының есімін таныту, жас ұрпаққа дәріптеу.

-Амангелді Имановты кім өлтіргенін зерттеуге студент ретінде үлес қосу

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: 1916 жылғы көтеріліс, Амангелді Иманов тұлғасын дәріптеу.

Иманов Амангелді Үдербайұлы(1873-1919) - халық батыры, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі.«Байтұрсынов пен Жангелдин Алашорданың кеңес үкіметі жағына шығу мәселесін талқылау үшін өзара кездесіп, содан кейін осы мәселені түбегейлі шешу үшін Байтұрсынов Мәскеуге кетті. Торғайдың әскери комиссары болып Аманкелді Иманов бекітілді. Кәрім Тоқтабаевты «Алашордамен» қарым-қатынасты реттейтін көмекші етіп алды. Аманкелді қазақтарды жаппай әскерге шақыруды қолға алды. "Бірде Алаш орда назарына: Иманов Алаш партиясын тұтқындағалы жүр екен, оның үйінде Қостанай жақтан келе жатқан әлдебір отрядтың барлаушысы тұрады екен, – деген мәлімет түсті. Осы мәліметті алысымен Міржақып Имановты және оның үйінде жатқан белгісіз адамды тұтқындады да, жасақтың бір бөлігін ертіп Торғайға беттеп келе жатқан отрядтың қарсы алдынан шықты. Қауесет шын болып шықты, бұл Таранның партизан отряды екен, ал Имановтың үйінде жасырынып жатқан белгісіз адам – Таранның өзі екен. Дулатов келгеннен кейін «Алашорда» кеңесінің төрағасы ретінде Жангелдиннің отрядын қайта жасақтады. Соның нәтижесінде қайшылықтар туындап, белгілі қайраткерлерді тұтқындау басталды. Соған жауап ретінде жиырмасыншы сәуірдің мөлшерінде Иманов тұтқындалды. Өйткені, ол Қостанайдан Алашордашыларға қарай жазалау отрядінің шыққанын жасырып жүріпті. Алаш партиясындағылар винтовкамен қаруланып, казак әскерлерінің алдынан тосқауыл қоймақ болды. Сол кезде Қостанайдан қызылдардың жазалаушы отряды шығып, Торғайды қоршауға алмақ болыпты. Оған

Алашордашылар қарсы шығып оларды қарусыздандырды. Торғайға қайтып келгенде Аманкелді Имановтың атылғанын естіді.

Міржақып Дулатовтың Амангелді Имановты өз қолымен өлтірмегендігі, бірақ әлі де болса күдіктің сейілмегендігін анықтайыз. Мені бір қылжылтатыны сол кезде ұйымшылдық болмағанның кесірінен Амангелді батыр сынды батырлардың өз қандастарының қолынан мерт болғаны.

Қорытындылай келе бұрынғы тарихымызды жастарға дәріптейміз. Амангелдідей батырымыздың жасаған ерлігі мен қазақ халқына деген жанашырлығын келешек ұрпаққа насихаттай аламыз. Амангелдінің өлімі арқылы біз бұрынғы қазақ жағдайын біліп қоймай, Амангелді сынды батырламыздың жасаған ерліктерінен үлгі аламыз. Әр қазақ баласы өз тарихын білуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Көпіш-Алматы Өнер баспасы, 2016 жыл 1-кітап 246 бет
2. Қазақстан тарихы бес томдық 3-том, Алматы: Атамұра 2010-768 бет
3. «Alashainasy.kz» сайтының Алаш үні бөлімінен

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ӘМБЕБАП КІТАПХАНАҒА - 135 ЖЫЛ»

Самарханова Шырайлым, Қайранова Айжүз

КМҚК «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

«Бастауыш білім беру мұғалімі», II курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Жумагулова Асем Алибековна, қоғамдық пәндер оқытушысы

Мақсаты: Абай атындағы әмбебап кітапханамен таныстыру.

Міндеттері:

- Кітапхана туралы жалпы мәлімет беру
- Кітапхана тарихын көрсету

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: 135 жылдық тарихы бар Абай атындағы әмбебапкітапхананың маңыздылығы көрсетілген.

Абайдың орыс достарынан бастап, Алаш зиялыларының бір топ шоғыры сусындап өскен. Шежірелі тарихи бар кітап қазына орталығы **135** жылдан астам тарихы бар ең көне кітапханалардың бірі. Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің **1992** жылы **8** желтоқсандағы шешімі бойынша кітапханаға қазақтың кемеңгер ақыны Абай есімі берілді. Семей тарихы мен мәдениетінің жарқын беттерінен маңызды орын алатын кітапхана тарихы ұлы ақынның есімімен тығыз байланыста. Ұлы ойшыл Абайдың ақындық әлеміне тарихы терең кітапхананың сіңірген еңбегі зор деп айта аламыз. Белгілі абайтанушы ғалым **Асан Омаров** ағамыз бір естелігінде, «**1878** жылдың қысында **12** іспен тергелген отыз үш жастағы қайраткер Абай бірыңғай ой еңбегіне ауысты. Осы жылы Семейде қоғамдық кітапхана ашылды. Орыс зиялыларымен достасты. Сәттілік, қайырлы деген осы емес пе» деп ойға алған.

1883 жылы жоғарыдағы сөз етіп отырған Семей облыстық кітапханасына қалалық статус беріліп, тарих қойнына алтын әріппен есімі жазылады. Кітапхананың ең алғашқы кітапханашысы саяси жер аударылған тарихшы, этнограф **Н. Коншин** болды. Кітапхана ашылған уақытта кітап қорыда біршама көп болған. Кітапхана туралы деректерге көз жүгіртсек, алғаш ашылған уақытында **274** дана кітап болып, оны **130** оқырман пайдаланған көрінеді. Ал **1885** жылы америкалық саяхатшы Джордж Кеннан мен суретші Форст Семейге келіп, жаңадан ашылған кітапхананың қорымен танысып, бай қорына тәнті болған. Ол туралы абайтанушы ғалым Асан Омаров өз зерттеулерінде былай

дейді: «Екі жиһангер осыдан екі жыл бұрын, яғни 1883 жылы ашылған қалалық кітапхана қорымен танысып, оның байлығына қайран қалады. Мамандығы журналист **Джордж Кеннан** өзінің естелігінде былай жазады: «Мен Спенсер, Бокль, Льюис, Милль, Тэн, Леббок, Гексли, Дарвин, Лайель, Тиндаль, Уэллес және сэр Генри Мэнның шығармаларын, Скотт, Диккенс, Мариэт, Жорж Элиот, Жорж Мак-Дональд, Эккерман-Щатриан, Эдгар По және Брет Гарттың романдары мен повестерін көріп қатты таңқалдым. Әсіресе ғылыми шығармалар мол, оның көбісі саяси экономия жөніндегі шығармалар екен»-деп таңданыс білдірген.

Ендеше **Михаэлис** ықпал еткен кітапхана қорында шетел мен батыс Еуропаның атакты зерттеушілері мен шығармашыл өкілдерінің кітаптары болуы – бай қазынаның бірі. Жаңадан ашылған қоғамдық кітапхана жайлы саяси жер аударылған **А.Л. Блэк** былай деп жазды: «Облыстық статистикалық комитет құрылғаннан бері онда география, этнография, археология, статистика, жаратылыстану ғылымдары бойынша арнайы ғылыми және танымал шығармаларды қамтыған кітапхана жинақталған. Одан басқа **200**-ге тарта ай сайын жарық көретін журналдар, түрлі ғылыми қоғамдардың есеп және протокол түріндегі толық дайын емес материалдары да бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. semeuilib.kz
2. Әуезов М. Уақыт және суреткер. Алматы, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962 жыл

МАҚАЛ – МӘТЕЛДЕРДЕГІ АНТОНИМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы ШТ-205

Нұрланқызы Зарина

Ғылыми жетекшісі: Адилова Жайнагүл Мустафина

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Қазіргі таңда тіл біліміндегі ғылыми бағыттар мен жаңалықтар қазақ тіл білімінің дамуына да өзіндік үлесін қосып, жаңа ғылыми бағдарлардың өмірге келуіне игі әсерін тигізуде. Сондықтан қазақ тілін дамытуда ғылыми – лингвистикалық зерттеулер жасау мен олардың нәтижелерін нақты іске асыру – қазақ әдеби тіл нормаларын бірыңғайлауды қамтамасыз етуде негізгі міндеттер болып отыр.

«Тіл ғылымы басқа ғылымдардан өзгешелеу, оның табиғат нәзік, танымдық мәні зор, ол ұлт тағдырына тікелей байланысты. Оның ашқан жаңалығы мен қол жеткен табысын, техникалық ғылымдардай емес, дүниежүзілік стандартпен өлшеуге келмейді. Қазақ тілінің мәні де сәні де тек қазақ топырағында ғана бағаланбақшы», - дейді академик Ә.Қайдаров. [1.7]

Қазақ тілінің болашағы – өткенді білумен құнды болмақ. Өткенді білу дегеніміз – қазақ ұлтының мәдени өмірінің ерекшеліктері ретінде танылатын тілдік бейнелі сөздерді анықтау жұмысымыздың өзектілігі болып отыр.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Мақал – мәтелдердегі антонимдердің қолданылуын жан – жақты ашып, зерттеу болып табылады.

Зерттеудің міндеттері: Жоғарыда аталған мақсаттан мынадай міндеттер туындады:

- Қазақ тіліндегі антонимдердің жұмсалымдық негіздерін анықтау;
- Мақал – мәтелдердегі антонимдердің қолданылуын көрсету.

Зерттеу әдістері: Зерттеу жұмысының барысында талдау, тарихи – салыстырмалы, баяндау, жүйелеу, жинақтау және салыстыру, түсіндірмелі әдістер қолданылады.

Зерттеу жұмысының гипотезасы:

Әр адам ұлт өкілі ретінде өз болмысы мен танымдық, интеллект қасиеттері арқылы дараланып көрінеді, әрі сол ұлт тілін дамытуға, сөздік құрамын байытуға үлесін қосады. Яғни ұлттың рухани мәдениетін қалыптастыруда жеке тұлғаның ықпалы ерекше. Бұл

әсіресе ұлт тіршілігінен және ұлттың менталдық өрісінен хабардар ететін мақал – мәтелдерде анық байқалады.

Мақал-мәтелдер – ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі. Ол – ғасырлар бойы халқымыздың ұқыптап сақтап келген тәжірибесінің жиынтығы, ой – пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арнасы, өмір тіршілігінің айнасы. Ол көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырылып келе жатқан тозбайтын, тот баспайтын, өмірлік өшпес мұрасы.

Мақал-мәтелдер көркем бейнелік сөз айшықтарымен әсерлі. Оның айтуға оралымдылығы, тілге үйіріле кететіндігі, ойдың өткірлігі, ұшқырлығы, тереңдігі мақал-мәтелдердің сапаларын айқындайды.

Мақал-мәтелдер адамды сөз қадірін білуге, айналадағыларға мейірбан, кең пейіл болуға, сезімтал болуға, халық шығармашылығының інжу-маржанын бағалай білуге баулиды.

Антонимдерді шебер қолданудың нәтижесінде айтылатын ой мейлінше ашық – айқын, мейлінше мәнерлі болып бейнеленеді.

Тұрақты лексикалық антоним емес, өзара мәндес сөздердің өзі де көркем шығармаларда бір-біріне қарама-қарсы қойылып айтыла беруі мүмкін. Жан-жақты дамып, кемелденген тілде белгілі бір ойды әр турлі мақсат-мүддеге қарай неше саққа жүгіртіп, сан алуан тәсілмен қолдануға болады.

Қорытындылай келе, мақал-мәтелдердің қазіргі заманғы адамның рухани-адамгершілік мәдениетін дамытудағы маңызы ерекше деп атап өтуге болады. Фольклор тіліндегі антонимдердің қолданылуы адамгершілік қағидаттары жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруда да орны ерекше. Осы тұрғыдан қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер тілдің жүйесін зерттеуде де, сондай-ақ мәдени және моральдық құндылықтарға тәрбиелеуде де үлкен ғылыми құндылығы бар.

Тіліміз мақал-мәтелдерге қаншалықты бай болса, сол мақал-мәтелдерде кездесетін антонимге де оншалықты тапшы емес екендігін байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г.Смағұлова. мағыналас фразеологизмдердің ұлттық – мәдени аспектілері. Алматы. Ғылым, 1998
2. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы, 1984
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 2002

РЕКЛАМА В ЖИЗНИ МОЛОДЕЖИ. ЯЗЫКОВОЕ МАНИПУЛИРОВАНИЕ.

студентка гр.ШТ-105 **Аскарова А.А.**, научный руководитель Еркебаева Г.Т.,
Актюбинский гуманитарный колледж

Актуальность темы обусловлена тем, что реклама воспринимается современной молодёжью Казахстана как нормативный элемент культуры в контексте массовой культуры, приобретая значение привычного элемента окружающей среды. С этой точки зрения она интерпретируется как естественная часть культуры. Обращаясь к повседневным сферам человеческого общения, реклама создаёт определённые стереотипизированные формы, выраженные в имиджах, которые являются её специфическим механизмом социализации. Учитывая, что сознание молодёжи является одним из наименее защищённых, предполагая меньшую резистентность воздействию массовой культуры, весьма вероятно, что реклама способна стать средством просвещения молодёжного населения в современном обществе, представляя недорогой, удобный источник информации.

Реклама – термин происходит от латинского слова reklamare – «громко кричать» или «извещать» (в Древней Греции и Риме объявления громко выкрикивались или зачитывались на площадях и в других местах скопления народа). Языковое манипулирование — это отбор и использование таких средств языка, с помощью которых

можно воздействовать на адресата речи. Языковое манипулирование используется особенно часто в рекламе. Мы часто пытаемся навязать кому-нибудь свою точку зрения: свое личное отношение к человеку, ситуации, свой взгляд на проблему и ее решение и т.п. Реклама же, в силу своих основных задач (повлиять на выбор потребителя в пользу товара) может быть признана манипулятивной сферой приложения языка.

Суть языкового манипулирования в рекламе заключается в следующем: рекламная информация подается таким образом, чтобы потребитель на ее основе самостоятельно сделал определенные выводы. Так как потребитель приходит к этим выводам сам, он автоматически принимает такое знание за свое собственное. Поэтому он относится к информации менее критично и с большим доверием.

Язык дает нам возможности создавать манипулятивные картины действительности, которые, с одной стороны, ориентированы на подсознательное психологическое воздействие на потребителя, а с другой — создают образ такой действительности, которая целиком подчинена авторской позиции и моделирует авторскую точку зрения на рекламируемый объект. А рекламируемым объектом может быть любой молодой человек. Языковое манипулирование в сфере рекламы, касается того, как можно управлять подрастающим поколением, их сознанием, поступками с помощью такого мощного инструмента, как слово. С давних времён известно, что важнейшим орудием воздействия на сознание является язык. Если исходить из того, что язык — это особая информационная система знаков, то в наш информационный век только глубоко наивный человек не понимает, что правильно «упакованная» информация способна изменить человека, его образ мыслей и поступки.

Отсюда следует, что реклама занимает какое — то место в жизни молодежи и использование приемов языкового манипулирования имеет огромное значение для привлечения их принять активную позицию в жизни государства. Молодежь — явление социальное. Современная казахстанская молодежь как социальная группа отличается особой восприимчивостью и высокой социальной мобильностью, чем другие слои общества. Как особая социальная группа молодежь имеет свои специфические ценности и взгляды на жизнь, на науку, на политику, на экономику и на другие сферы общества. В наше время молодежь большую часть своих знаний берет из телевизионных передач и интернета, а вовсе не от родителей, поэтому ее характер может быть сформирован рекламой очень легко. И если мы не хотим, чтобы наша казахстанская молодежь вырастала людьми, которые спокойно относятся к насилию, смерти, разрушениям, и безразлично смотрят на экономику, на науку, на политику, то следует уделять большое внимание на содержание реклам. Именно поэтому я хочу акцентировать внимание на роль рекламы в жизни молодежи и на том, какую рекламу следует снимать, чтобы наши молодые люди выросли конкурентоспособными, честными, отзывчивыми и порядочными людьми. Мы все знаем, что 2019-й год объявлен Президентом Годом молодежи. Это откроет молодым казахстанцам новые возможности.

Цель исследования: выявить значение рекламы в жизни казахстанской молодежи, определить формы, приёмы и средства языкового манипулирования, рекомендации по правильному пониманию рекламы.

Задачи исследования: исследовать, как осуществляется языковое манипулирование посредством рекламы, исследовать языковые приёмы и средства языкового манипулирования на материалах рекламы.

Объект исследования: реклама в жизни молодежи и языковое манипулирование в ней.

Предмет исследования: специфика восприятия рекламы молодежью.

Гипотез, предлагаемые результаты: выявить значение рекламе в жизни молодежи, повысить языковую культуру и культуру потребителя, оформив результаты в форме буклета, рекомендаций восприятия, понимания рекламы.

Методы исследования: анкетирование, беседа, наблюдение, анализ текста рекламы на основе собранных образцов из различных источников и различной направленности.

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ӘНДЕРІНІҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ ЖӘНЕ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Студент Асу Мөлдір Қайыржанқызы

Жетекшілері: Жусупова Мейрамкуль Мейрхановна,

Картанова Айгүл Әбдіқалыққызы

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Тақырыптың өзектілігі: Қазақ халық әндерінің өткені мен бүгінін саралай келе оның ұрпақ тәрбиесіндегі алатын орыны, маңыздылығы қарастырылады. Қазақ әндеріндегі философиялық ой тереңдігі үнемі дидактикалық мәселелермен қапсырыла қапталдасқан. Қазақ әндерінің қай жанрын алмасақ та, өнегелі өсиет арқылы, ізгілікті мейірбандыққа, татулық пен бірлікке, адамгершілікке, байсалды мінез — құлыққа, сиқырлы ақылдылыққа насихаттап отырады. Сонымен бірге, қазақ халқының тарихын, өмір сүру тіршілігінің сан қилылығын, қоғамдық көзқарастарын, ақыл — ойының жиынтығын танытады. Қазақ әндерінің дидактикалық, танымдық қасиеті негізгі ерекшеліктерін тағы бір қырынан көрсетеді. Қазақ халық әндерінің жанрлары да көп. Оларды жүйеге келтірілген жіктелер де баршылық (А.В.Затаевич, Б.Г.Ерзакович, Т.Бекқожина, З.Қоспақов, т.б.). Жіктелерін бәрін өнертану саласында толық қолдауға болады. Ал педагогикалық салада оларды осы калпында пайдалануға болмайды, өйткені олар әндердің тәрбиелік мүмкіндіктерін жан жақты ашып көрсетуді шектейді. Біздің пайымдауымызша мектеп практикасында мазмұнды пайдалану мақсатында қазақ әндерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін былайша жүктеген дұрыс :

— тұрмыс салт әндері (бесік жырлары, балалар мен жастар әндері);

— еңбек, шаруашылық, кәсіп әндері (бақташылық, төрт түлік мал туралы әндер, диқан, егіншілік әндері, аңшылық, саяткерлік әндер, жұмысшы әндері);

— үйлену әндері (той бастар, той тарқатар, жар-жар, беташар, қоштасу, сыңсу, құдалар әндері);

— ұлыс әндері (жарапазан); діни әдет — ғұрыптар тудырған әндер (бәдік, бақсы, сарыны);

— жаналазау әндері (естірту, жұбату, көңіл айту);

— нақиялы әндер (алғыс, бата, тілек, жұмбақ, мысал-әжуа, күлдіргі мысқыл әндер);

— қиял-ғажайып әндер (аңыз әндер, өтірік өлеңдер);

— сатиралы — юморлық әндер (әзіл-қалжың, мысқыл, күлдіргі әндер);

— тарихи әндер;

— әлеуметтік теңсіздік әндері;

— эпикалық шығармалар (терме, толғаулар);

— айтыс әндері;

— лирикалық әндер.

Қазақтың халық әндері жоғары тәрбиелік мүмкіндіктерімен, азаматтық идеяларының өркениеттілігімен, болмастығы көзғарасты әсерлі бейнелеуімен, көркемдік айырмашылығымен оқушылар назарын өзіне аударады.

Қазақ әндерінің музыкалық-поэтикалық құрылымының күрделілігі, жас буынның ой-сезімі мен танымдылығына әсер етуші күштерінің сан қилы болып келуі, оның өнер түрінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болып келеді.

Ал біздер сөз еткелі ытырған оқушылардың музыкалық-эстетикалық дамуын жетілдіруде ән тәрбиелік мүмкіндіктерін нәтижелі пайдалану қазақ әндерінің өзіндік бітім — тұлғасын, мазмұнын түп төркінін, көркемділік мәнерін жете білмейінше, ойдағыдай жүзеге асырылмайды.

Гипотеза: Жоғарыда аталған ғылыми еңбектерге сүйеніп педагогикалық тұрғыда қарастырылған ән мұраларының қазақ өмірімен тығыз байланыстылығы, тарихилығы, көп варианттылығы, философиялық ой тереңдігі, көркем образдылығы, синкреттілігі,

дидактикалық және танымдық маңыздылығы және мелодиялық интонациялық құрлымындағы әуен өсемділігі деп ажыраттық. Осылайша байлам жасауымызға А.Қоңыратбаевтың ән-өлең шығармаларына берген сипаттамаларын, ерекшеліктерін: «Олар — фольклордың коллективтік және ұлттық сипаты, варианттылығы, дәстүрлігі, тарихилығы және ауызекі дамуы... фольклор синкреттік өнер. Оның бойында халықтың тұрмыс-салты, театр, сөз, би және ән-күй өнері бір-бірінен дараланбай, тұтас күйінде келінеді», — деген тұжырымдарын негізге алуға болады.

Фольклор шығармаларының айрықша әсерлі болатын себебі — оның есте қалғыш, тартымды әрі карапайым, көркем образдылығы. А.Қоңыратбаевтың осы пікірі ән-өлеңдерінің тағы бір ерекшелігін оның көркем образдылығын дәл көрсетеді. Халық әндерінде ақылғой қария Асанқайғы, Қорқыт, Жиренше еліне қиын-қыстыу кезде болған Кобланды, Алпамыс, Ертарғын, Қамбар батырлар, өнегелі ару қыздары Қыз-Жібек, Баян-сұлу, Қарашаш, Ақжүніс тәрізді жасампаз образдар әсем сазбен, сырлы әуен көгендерімен жиі кездеседі.

Ән синкреттік өнер. Оның бойында біртұтас бірлікте сомдалған. Ән өнерінің әсер етуші механизмінің күрделілігі, біздің оның негізгі ерекшелігі синкреттілігіне байланысы зор.

Тұрмыс салт әндеріадам баласының өмірге келіп ержетіп, есеюі, қаза болуы сияқты елеулі кезеңдерге, уақиғаларға байланысты туындаған. Нәрестенің өмірге келуі, әр шаңырақты қуанышқа толтырып, шілдехана жасалып, ат қойылған. Кіндігі түскен баланы 5-6 күннен соң бесікке салып, түрлі ырым-жоралғылар жасалған. Ал бесікке салынған баланың өсіп жетілуінде бесік жырларының тәрбиелік маңызы айрықша болады. Бесікке салынған бөбек анасының сүйіспеншілікке толы, жанға жағымды нәзік әуеніне балқып, тәтті ұйқыға кетеді. Бесік жырларының құрылымы карапайым болғанымен, сазы жан тебіренер мамыражай, әрі көркем болып, жас сәбидің нерв жүйелеріне, жалпы психикасына жағымды әсер етіп, көңіл-күйін орнықтырады. Ананың бесіктегі нәрестесін уата отырып айтқан игі тілектері, болашаққа деген жақсы үміттерін сүтімен, әлдиімен ерте бастан-ақ құлағына құйылып ержетеді.

Зерттеу әдістері:

- теориялары, әдістері.
- әдебиеттерді теориялық талдау- арнаулы тапсырмалар;
- өзіміздің жинақтаған іс-тәжірибемізді қорытындылау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дуйсембінова Р.К. Қазақтың әншілік өнері: Оқу құралы. – Алматы: Өнер, 1998. – 110 б.
2. Дуйсембінова Р.К. Музыкалық білім беру педагогикасы: оқу құралы. - Талдықорған, 2006. -216 б.
3. Ахметова М. Ән өнері және уақыт. – Алматы: Өнер, 1993. – 198 б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА М.МОНТЕССОРИ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Ахметова Аяжан Эрлановна

Ғылыми жетекшісі: Т.А.Алпамысова; Курманбаева Н.Ш

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Мария Мантессори - 1870 жылы 31 тамыз айында дүниеге келген. Италияндық педагог, әрі ғалым. Ол балаларды еркін тәрбилеу идеясын жасап, өмірге енгізді. 1896 жыл Рим Университетінің медициналық факультетін бітіргеннен кейін М.Монтессори Италиядағы әйелдерден шыққан бірінші медицина докторы болып табылады. Университеттің емханасында ақыл-ойы артта қалған балаларға бақылау жасап көрді. 1900 жыл Марияның өзі дамуында ауытқушылықтар бар балаларға арналған Еуропадағы бірінші оқу орнына басшылық етті. Оның кішкентай емделушілері нашар

сөйлегендіктен, ол саусақтардың ұсақ моторикаларын жаттықтыру арқылы сөйлеуді дамытатын арнайы жаттығулар және балалардың өзіндік сенсорлық тәжірибе негізінде қоршаған ортаны зерттей алатын арнайы құралдар және ойындар әзірледі. Сөйтіп, Монтессори өзінің бірегей дидактикалық құралдарын әзірлей бастады. Бір қатар уақыт өткеннен кейін оның тәрбиеленушілері оқу, жазу және есептеуді кәдімгі мектептегі өздерінің құрдастарынан бұрын үйренді.

1909 ж бастап М.Монтессори жүйесі өмірге белсенді түрде енгізіле бастады. Түрлі елдердің педагогтары үшін курстар ашылды. 1910 ж. әлемнің көптеген тілдеріне аударылған «Монтессори әдісі» атты кітап жарық көрді. 1929ж Мария Монтессори қазіргі кезде де жұмыс істеп жатқан халықаралық Монтессори Ассоциациясының (АМІ) негізін салды. Италиядағы фашистік тәртіп кезеңінде Марияның елден кетуіне тура келді. Ол Еуропаға 76 жасында қайтып келді. Көптеген еңбектерін шығарды, оқу курстарын жүргізді, психологиялық еңбектер жазды. 1950 ж оған Амстердам университетінің профессоры атағы, докторлық құрметті дәрежесі берілді. Бұл әдіс бойынша 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды, сөйлеуді, елестетуді, қимылды дамытады. Монтессори әдісінің негізгі қағидасы - «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан оқытуда ерекшеліктер бар.

Монтессори әдісінің мақсаты:

- балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу;
- өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру;
- балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.

Монтессори ұстазының міндеті:

- балаға өз жұмысын басқаруға көмектесу;
- негізгі түстерді айыра білуге үйрету;
- ұсақ моториканы дамыту;
- алғашқы математикалық, ғарыштық түсініктерді қалыптастыру;
- зейінін тұрақтандыру;
- тәртіпке үйрету;

Монтессори бөлмесі 5 аймаққа бөлінген:

1. Сенсорлық аймақ.
2. Математикалық аймақ.
3. Күнделікті өмір жаттығулары аймағы.
4. Тілдік аймақ.
5. Ғарыштық аймақ.

Монтессори әдісі үш негізгі бөліктен тұрады:

- бала;
- қоршаған орта;
- педагог

Мектепке дейінгі ұйымдарда Монтессори тобы қалай құрылады.

Монтессори жүйесінің классикалық варианты 3 жастан бастап оқыту жүргізуді болжайды. Мектепке дейінгі ұйымдарда әр топ - бұл отбасы, онда 3-12 жасар балалар сабақпен айналысады. Олар бірге оқиды, бірге үйренеді.

Марияның байқауынша, балалар басқа балаларды ересектерден гөрі жақсы оқытады. Бұл байқауды пайдалана отырып, **Мария өз сыныптарын түрлі жастағы балалармен топтастырып, екі топқа бөлді.**

Бірінші – 3 - 6 жасар балалар, екінші топта - 6 - 12 жасар балалар болды. Олардың міндеттері әртүрлі. Алты жасқа дейін бала өз санасын жасайды, алты жастан кейін мәдениетті белсенді меңгереді. Егер балалар өз қарқыны бойынша ақыл қосса, ал мәдениетті түрлі формалар мен бағыттарды меңгеруі қажет.

Монтессори-топтабалаларсаны 15-20 адамболған тиімдіболыптабылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда-мектептегі сабақтар топтық емес. 3-5 жасар балаларға арналған топтағы топтық сабаққа 15 минут жұмсалады.

Өмірдің негізгі тәсілі - қоршаған ортаның заттарымен еркін жұмыс жасау. Бұл көшеге де, үйге де, балабақшаның барлық бөлмелерін — асхана, шешіну бөлмесі, т.б. барлығына қатысты. Екінші топқа көмек көрсету күрделірек, сондықтан әлемде 6-12 жасар балаларға арналған сыныптар аз, ал 3-6 жасар балаларға арналған сыныптар саны көп. Әлемнің кейбір елдерінде (АҚШ, Нидерланды) Монтессори мектептері көп. Монтессори-топтағы еркін жұмысқа күніне 1,5-2 сағат бөлінеді (баланың жасы мен қызығушылығына байланысты).

Ғарыштық тәрбие - бұл М. Монтессоридің термині. Мұнда география, биология, физика, химия негіздері кіреді. Мүмкіндігі бойынша және ата-аналардың қалауы бойынша Монтессоридің философиясына негізделген топтық сурет салу, музыка, шетел тілі, дене шынықтыру ұйымдастырады.

Жұмысүшінматериалдытаңдаубаланыңқалауынабайланыстыболады. Бірақ барлық балаларға ортақ даму кезеңдерінбілеотырып, педагогтарүрдістіынталандыратынболады. Балалар 2,5-3,5 жасында Монтессори тобына түседі.

Басында олар сенсорикамен (бұл өте маңызды, барлық салаларда даму үшін база береді), практикалық өмірдегі жаттығулармен айналысады: суды құю, құмды салу, қол жуу, ыдыс жуу, кір жуу, үтіктеу, түйме салу, әлеуметтік дағдылар мен дене жаттығулары және т.б.

Бұл практикалық жаттығулардың негізгі мақсаты ірі және ұсақ моториканы, қозғалыс координациясын дамыту, көптеген ұсақ операцияларды бірізді орындауға дағдылану болып табылады.

4 жасқа жақындағанда математикаға, орыс тіліне деген қызығушылығы оянады, тіл дамыту мен фонетикалық ойындармен 2,5-3 жасынан айналыса бастайды. Тағы бір маңызды сәт! Бұл тәртіпті сақтау...М. Монтессори балаларды сыныптағы бірінші күннен бастап қойылған тәртіпті сақтауға үйретуді ұсынды. Оны ересектердің қалауы бойынша емес, балаларға ыңғайлы болғандықтан ұсынған. Ол тәртіп бала үшін шектеулі, баланың өзі тәртіпті ұйымдастыра алмайды деп есептейді. Жұмыс пайда әкелуі үшін мұғалім балаға қысқа (2-3 минут) сабақ жүргізеді.

Монтессори-топка көптеген зоналар кіреді :

- шынайы өмір зонасы: бала өзі суды құю, құмды салу, қол жуу, ыдыс жуу, кір жуу, үтіктеу, түйме салу, әлеуметтік дағдылар мен дене жаттығулары және т.б. ірі және ұсақ бұлшық еттерді дамытуды үйренеді;
- сенсорлық даму зонасы: қоршаған ортаны зерттеу (биіктігі, ұзындығы, салмағы, түсі және заттардың т.б. қасиеттері). Олар заттармен ойнайды, олардың көлемін, формасын, түсін танып-біледі. Мысалы, бала цилиндрлерді үлкенінен бастап кішісіне дейін рет-ретімен қояды. Балалар солдан оңға қарай көзімен қарауға үйренеді;
- тілдік, географиялық, математикалық, жаратылыс-ғылыми: баланың ақыл-есінің дамуы

Монтессори-педагогінің міндеті — балаға өз қызметін ұйымдастыруға көмектесу, өзінің соны жолымен баруға көмектесу, өз әлеуетін кең шамада жүзеге асыруға ықпал ету.

Ұрпақ тәрбиесін жаңа құндылықтар негізінде жетілдіру қоғам алдында тұрған ауқымды істердің бірі, сол себепті де мектепке дейінгі мекемелерде балалардың ақыл-ойын дамытуды жаңа көзқарастар негізінде талдау - кезек күттірмейтін іс. Мектеп жасына дейінгі баланың бойына ақыл-ойын дамыту ең алдымен балаға сенсорлық тәрбие беруден бастау алады.

Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз.

Бала табиғатында білуге құмар, тұмысынан-ақ өсуге, жетілуге ұмтылыс басым. Сондықтан да қарқынмен дамып бара жатқан мына заманда балабақшадағы педагогтардың ұлттық қалып, ұлттық мінезді сақтай отырып, бала тәрбиесінің әдістерін

тынбай ізденіп, жиі жаңартып отыруы заңдылық. Қазіргі кезде Монтессори жүйесін 146 мемлекет қолданады. Бұл жүйе бойынша 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды, сөйлеуді, елестетуді, қимылды дамытады. Оның негізгі қағидаты «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан оқытуда ерекшеліктер бар.

М.Монтессори әдісі балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауына, топта да, жеке де жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді, қолайлы жағдай туғызады. Осы себепті мен баланың танымдық қабілетін дамытуда Монтессори әдісіне негізделген ойындарды, ойындық жағдаяттарды қолданамын. Топта ойыншықтарды қолдана отырып, түрлі ойындар барысында балалар заттарды топтастыруды, заттар мен құбылыстардың әр түрлі қасиеттері, түсі, пішіні, кеңістікте орналасуы туралы түсініктерді меңгереді.

Топта сенсорлық дамытушы орта М.Монтессори жүйесі негізінде құрылды: сенсорлы үстел, тактильді сезуге арналған табиғи материалдар, қол массажының ванналары, ойындар.

Сенсомоторлық бұрыш:

- сенсорлық міндеттерді шешуге (көру, есту, иіс, сезу);
- ұсақ қол моториканы дамыту, қимыл белсенділігін арттыруға;
- бұлшық ет пен және психикалық көңіл-күйге күш салынғанды жоюға;
- жағымды көңіл-күй ортасын құру, баланың еңбекке қабілетін көтеруге;
- ойлау есте сақтау, қабылдау қабілеттерін белсендіруге;
- өздігінен әрекет ете білуге және тәжірибе әрекетіне қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Сенсорлық бұрышта дидактикалық ойындар орналасқан: «Өрнекті құрастыр», «Машиналар», «Ойыншықтарды үлестір», «Аюды жасыр» және т.б.

Өз жұмысымда М.Монтессори технологиясы бойынша мына төмендегідей ойындарды дайындап, оны оқу іс-әрекеттерде, ойын кезінде қолданамын.

Дәндерменойын:

- әр түрлі ыдыстағы араласып кеткен бұршақ пен асбұршақты бөліп, тер;
- дәндерді салу және араластыру, қолға ұстап уқалау;
- ыдысқа дәндерді төгіп, әр түрлі өрнектер құрастыру.

Тапсырмалардың баланың кеңістікті бағдарлауына, сезімдік қабылдауына, шығармашылық қиялын дамытуға және ұсақ қол моторикасын дамытуға септігі мол.

Түймелер мен моншақтармен ойындарда балалар жіпке өткізеді, түймелер мен моншақтарды тереді. Бала қолын жаттықтырады, алғырлығы дамиды, үлкен-кіші түсінігі қалыптасады. Моншақ ретінде шаршыларды, дөңгелектерді, ағаш жапырақтарын, құрғақ дәндерді пайдалануға болады.

Құрғақ бассейн – жасырынған әр түрлі ойыншықтарды табуға арналған.

Баланы іздестіруге бағыттап отырып, көп ойыншықтың ішінен қолдың саусақтарымен іздей отырып, тек қана қоянды табуды сұраймын.

“Міне қандай таяқшалар”.

Мақсаты: таяқшаларды түсіне қарай ажыратуды үйрету, оларды сәйкес келетін тесікке салу. Ұсақ қол моторикасын дамыту.

Дидактикалық материал: жылтыр қорап, түрлі түсті таяқшалар.

«Тағамдардың дәмін ата». Заттардың негізгі қасиеттерін дәмі арқылы ажыратуды дамыту.

Мақсаты: заттарды дәміне қарай ажыратуды үйренеді.

Барысы: баладан суреттерде берілген әр түрлі тағамдардың, көкөністер мен жемістердің дәмін атауды сұрайды. Мысалы: лимон - дәмі қышқыл, шырынды, денені сергітеді; нан - хош иісті, жаңа піскен, кәмпит - тәтті, ішінде қоспасы бар, мұзды немесе шоколад кәмпит, сарымсақ - ащы, иісі өткір, ащы.

Баланың өзі зерттеуші, оның білсем, ұстап көрсем, көрсем деген қызығушылықтары тәжірибе жасауға итермелейді. Мен «Құм ертегілері – ылғалды жұмбақтар» жаттығуда бір ыдыстан екінші ыдысқа су құю, құмды алақанға салып ойнау, мұздың еруін бақылау және т.б. кезінде балалар көптеген заттардың қасиеттерімен танысады, ұсақ қол моторикасы дамиды. Зерттеудің көру, қолмен ұстап көру, сипалау, домалату, иіскеу, дыбысты тыңдау секілді қарапайым әдістерін қолданамын. Балалар ойын-тәжірибелерді жақсы көреді.

Қорыта келе, Монтессори әдістемесі баланың назарын дамытуға, шығармашылық және логикалық ойлауға, жадын, сөйлеу қабілетін, қиялын, моториканы қалыптастыруға көмектеседі деген тұжырым жасауға болады. Бұл әдістеме айналадағы адамдармен араласу дағдысын меңгеруге септігін тигізетін ұжымдық ойындар мен тапсырмаларға аса мән беріледі. Сондай-ақ, баланың дербестігін дамыту үшін күнделікті өмірдегі әдеттерді меңгеруіне көңіл бөлінеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Республикалық педагогикалық журнал «Балабақша: тәрбиелеу және оқыту»
2. № 5 2014 Қыркүйек-Қазан . Мектеп жасына дейінгі балалардың сенсоиаторлық дамуын жетілдіруле М.Монтессори технологиясын қолдану мүмкіндіктері 10-12 беттер.
3. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу - тәрбие үдерісіне М.Монтессоридің педагогикалық жүйесін енгізу бойынша әдістемелік нұсқаулық. Алматы, 2013

ПИФАГОР ТЕОРЕМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘЛЕЛДЕНУ ЖОЛДАРЫ

Бақтығали Инабат, МК-115 топ студенті жетекшісі: Жунусова Гайни Задаевна
Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Пифагор теоремасы туралы және олардың дәлелдену жолдарын түсіндіру

Ғылыми жұмыстың міндеті:

- «Пифагор теоремасы» тақырыбындағы әдебиеттермен оқып үйрену
- Пифагор теоремасының дәлелденуін анықтау
- Пифагор теоремасы және оның дәлелдену жолдарын қарастыру

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Берілген тікбұрышты үшбұрыштың гипотенузасына салынған квадрат катеттерге салынған квадраттар құрастырылған фигуралардан тұратынын дәлелдеуді қарастыруға болады.

Ғылыми жұмыстың маңызы: «Пифагор теоремасы және оның дәлелдену жолдары» туралы нақты математикалық білімді меңгеруге, интеллектіні дамытуды, математикалық іс-әрекетке тән және қоғамда көптеп кездесетін дәлелденулерді қажет ететін белгілерді анықтау.

Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері:

- Мәліметтерді әдебиеттерден іздеу, сұрыптау.
- Қосымша мәліметтерді ғаламтордан іздеу, жобалау.
- Табылған мәліметтерді Power Point арқылы суреттеу.

Пифагордың шығу тегі: Ұлы ғалым Пифагор б.з.д. 570 жылы Самос аралында туған. Пифагордың әкесі Мнесарх зергер болған. Пифагордың анасының аты белгісіз. Көптеген жазбалар бойынша туған бала өте әдемі болған және өсе келе өзінің ерекше қабілетімен көзге түскен. Пифагор білімге деген құштарлығының арқасында сынақтардан оңай өтті. Ол кездегі Египет геометриясы жаратылыстану бағытындағы ғылым болғандықтан египеттік білгірлер оған көп нәрсені үйрете алмады. Білгірлер берген білімді меңгерген Пифагор өз Отанына Элладаға қайтып келді.

Пифагор сандары- натурал сандар үштігі, бұл сандар үшбұрыш қабырғаларының ұзындығына пропорционал (немесе тең) болса, онда үшбұрыш тікбұрышты болып

табылады. Бұл үшін Пифагордың кері теоремасы бойынша ол сандардың $2x+2y=2z$ түріндегі диофант теңдеуін қанағаттандыруы жеткілікті (мыс: $x=3, y=4, z=5$). Өзара жай Пифагор сандарының кез-келген үштігі мына формулалар арқылы анықталады: $x=2m-2n, y=2m, z=2mn$, мұндағы m және n - бүтін сандар ($m>n>0$).

Теореманың қарапайым дәлелденуі: Тік бұрышты үшбұрыштың гипотенузасына салынған квадрат катеттеріне салынған квадраттардың қосындысымен тең шамалы. Теореманың қарапайым дәлелденуі тең бүйірлі үшбұрыш жағдайында қарастырылады. Теореманың өзі де осыдан басталған. Теореманың дұрыстығына көз жеткізу үшін тең бүйірлі тікбұрышты үшбұрыштар мозайкасына қарау жеткілікті. Мысалы: ABC үшін: AC гипотенузасына салынған квадрат 4 үшбұрыштан құралған, ал катеттерге салынған квадраттардың әрқайсысы екі үшбұрыштан тұрады. Теорема дәлелденді.

Фигуралардың тең шамалылығын пайдалана отырып дәлелдеу: Берілген тікбұрышты үшбұрыштың гипотенузасына салынған квадрат катеттерге салынған квадраттар құрастырылған фигуралардан тұратынын дәлелдеуді қарастыруға болады. 2 суретте екі тең квадраттар бейнеленген. Әрбір квадраттың қабырғаларының ұзындығы $a+b$ -ға тең. Квадраттардың әрбіреуі квадраттар мен тікбұрышты үшбұрыштардан тұратын бөліктерге бөлінген. Егер квадрат ауданынан бөлінген катеттері a және b -ға тең тік бұрышты үшбұрыштың 4 еселенген ауданын алып тастасақ, онда тең шамалы аудандар қалады, яғни $2c=2a+2b$. Бұл дәлелдеуді ұсынған ежелгі үндістер дәлелдеді жазбаған, тек сызбаны «қара» деген сөзбен түсіндірген.

Аддитивті дәлелдеулер: Бұл дәлелдеулер катеттерге салынған квадраттар жіктелген фигуралардан гипотенузаға салынған квадратты құрастыруға болатынына негізделген. Пифагор теоремасын Евклидтің «Бастамалар» шығармасының ортағасырлық бағдаттық комментаторы **Ан-Найризия** ұсынған бөлулер көмегімен дәлелдеу келтірілген. Бұл жағдайда гипотенузаға салынған квадрат 3 үшбұрышқа және 2 төртбұрышқа бөлінген. Мұнда: ABC-тікбұрышы C болатын үшбұрыш $DE=BF$. Квадраттарды тең бөліктерге жіктеу әдісі арқылы тағы бір дәлелдеу «қалқанша дөңгелек» деп аталады. Мұнда: ABC-тікбұрышты C болатын тікбұрышты үшбұрыш ; O-үлкен катетке салынған квадраттың центрі, O нүктесі арқылы өтетін перпендикуляр түзулер гипотенузаға перпендикуляр немесе параллель.

Сонымен, Пифагор теоремасы қазіргі өмірде құрылыста, астрономияда, мобильді байланыста кеңінен қолданылады. Осы теоремаларды пайдалана отырып, готикалық стильде салынған терезенің мысалын қарастардық. Сол сияқты шатыр салуда, найзағай түсірмеуге арналған құрылғыны салу үшін де осы теоремаға сүйенеді. Яғни, Пифагор теоремасы бойынша $2h=2a+2b$, яғни $h>(2a+2b) \cdot \frac{1}{2}$.

Осы сияқты өмірде Пифагор теоремасын қолданатындығына көптеген мысалдар келтіруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Пенроуз Л, Пенроуз Р, «Невозможные объекты», Квант, 1971
- 2 Папюс «Наука о числах» 1998 г
- 3 Ғаламтор Wikipedia

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «ШЫҢЫРАУ» ПОВЕСІНДЕГІ ЕҢСЕП БЕЙНЕСІ

Боданова Айдана Жұмабекқызы, КТ-420 топ студенті

Жетекшісі: Балгазиева Ляззат Танатаровна, Калиева Ардақ Тугельевна

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Әбіш Кекілбаев-заманымыздың бір заңғар тұлғасы. Әбіш Кекілбайұлы-ақын, прозашы, драматург, әдебиеттанушы, аудармашы, редактор, депутат, аса көрнекті мемлекет қайраткері. Тәуелсіздікке тізесі бүгілгенше қызмет еткен азамат. Бір адамның бойына осыншама білім мен білікті, ой мен зейінді кім берді деген сұрақ көп жанның қызығушылығын тудыратыны рас. Әдебиеттегі жолын ақындықтан бастаған Әбіш Кекілбаевтың ұлттық мектебі тарихы талайға кететін, жеті

жұрт келіп, жеті жұрт кеткен киелі Маңғыстаудың бағзы баянынан да, жаңғырған жапан даланың заман ашқан аянынан да тәлім алған. Қазіргі таңда Әбіш Кекілбаев шығармалары кеңінен насихатталуда. Біз оны мектеп бағдарламасынан да білеміз. Жазушының «Шыңырау» повесін оқи келе, Еңсептің бойындағы ерекше қасиеттерге тәнті болдым. Повесте судың адам өміріне маңызы, құдықшы ауылы, Еңсептің құдық қазуға бел бууы терең суреттеледі.

Пәні: Қазақ әдебиеті

Зерттеу мақсаты:

- Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау» повесін талдау.
- «Шыңырау» повесі арқылы Еңсептің бойындағы туған елге, Отанға деген сүйіспеншілігін тереңінен насихаттау.
- Повестің мазмұны мен идеясын дәріптеу.
- «Шыңырау» повесі арқылы қазақ жастарының рух жігерін оятып, Туған жерге, Отанға, табиғатқа, Жер Анаға деген махаббатын, сүйіспеншілігін жандандыру мақсаты көзделді.

Зерттеу міндеттері:

- Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау» повесінің көркемдік ерекшелігін тану.
- Ақын шығармашылығын саралау, тереңірек тану.
- Зерттелген материалды бір жүйеге келтіру

Зерттеудің әдістері:-Жинақтау, топтау;-Салыстыру;-Өзіндік ой топшылау;

Ақпарат көзіне талдау: Ә.Кекілбаев шығармалары, Қазақ энциклопедиясы, Маңғыстау облысының топонимиясы, ғаламтор материалдары.

Зерттеу жұмысының құрылымы: Зерттеу жұмысы кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Шыңырау — [Қазақстанның шөлейт](#) және [шөл](#) аймақтарында [ауыз су](#) және [мал](#) суаратын су алу үшін қазылатын өте терең [құдық](#). Бұрын көшпенді [қазақтар](#) жиі пайдаланған. Шыңырау құдық жер бетінен бастап 15-20 метр тереңдіктегі құдық. Шыңыраудан су шығару үшін доңғалақ [шығыр](#) орнатылады. Ал су тартатын кең ыдыс "[қауға](#)" көбінесе түйенің [мойнағынан](#) (мойын терісінен) жасайды. Оған шамасы бір тоннадай су сияды. Кейде түйенің, жылқының, сиырдың тұтас терілерінен жасалған қауғаларға одан да мол су сияды. Шығыр арқылы тартылатын қауғаны түйемен тартып шығарып бортастан ойылып жасалған үлкен астауға аударатын болған.

Идеясы: Шөл даладағы халықтың тіршілігі үшін күресін көрсету, табиғаттың терең сырларын меңгеріп, ұрпағына мирас етіп қалдырған Еңсеп секілді халық ұлдарын үлгі ету. Шығарма кейіпкері – Еңсеп. Ол - жапан далада талай құдық қазып, көптің мейірін қандырып, мерейін үстем еткен жан.

Шығарманың қысқаша мазмұны: Байсал бай Үстірттегі ең шұрайлы жер - Шыңырау түбінен Еңсепке құдық қазып беруге өтініш жасайды. Бір-екі ақсақал тастақ жыраның құбыла бет құйрығын қолайлы көретінін айтады. Еңсеп құлақ аспайды. Еңбекке жарамды нарларды таңдап, құдық қазуға кіріседі. Шыңырау түбінде әртүрлі ойға шомылып, бірде қуанып, бірде қорқыныш ой арпалысады... Кенет қыл арқанды тартып тұрып, жәрдем беріп тұрған жігіттер: Еңсеп!-деп айқайлағанда, шыңырау ішінен дауыс шықпайды... Шыңырау «Еңсеп қазған» емес, «Еңсеп өлген» атанып кетеді. Құдық қазу кәсібі туралы ақпарат: Құдық қазу - ертеден келе жатқан өнер. Су - тіршіліктің көзі болғандықтан, құдық қазу - тіршіліктің күретамыры іспеттес болған. Осы кәсіпсіз су да жоқ. Жер асты суы жантақ өскен жерде мол болатынын қазақ халқы ертеден білген. «Шыңырау» хикаяты - Маңғыстау даласындағы құдықшылық кәсіптің қыр-сырын жеке сипаттаған шығарма.

Шыңырау — [Қазақстанның шөлейт](#) және [шөл](#) аймақтарында [ауыз су](#) және [мал](#) суаратын су алу үшін қазылатын өте терең [құдық](#). Бұрын көшпенді [қазақтар](#) жиі пайдаланған. Шыңырау құдық жер бетінен бастап 15-20 метр тереңдіктегі құдық. Шыңыраудан су шығару үшін доңғалақ [шығыр](#) орнатылады. Ал су тартатын кең ыдыс "[қауға](#)" көбінесе түйенің [мойнағынан](#) (мойын терісінен) жасайды. Оған шамасы бір тоннадай су сияды. Кейде түйенің, жылқының, сиырдың тұтас терілерінен жасалған қауғаларға одан да мол су

сияды. Шығыр арқылы тартылатын қауғаны түйемен тартып шығарып бортастан ойылып жасалған үлкен астауға аударатын болған.

Идеясы: Шөл даладағы халықтың тіршілігі үшін күресін көрсету, табиғаттың терең сырларын меңгеріп, ұрпағына мирас етіп қалдырған Еңсеп секілді халық ұлдарын үлгі ету. Шығарма кейіпкері – Еңсеп. Ол - жапан далада талай құдық қазып, көптің мейірін қандырып, мерейін үстем еткен жан.

Шығарманың қысқаша мазмұны: Байсал бай Үстірттегі ең шұрайлы жер - Шыңырау түбінен Еңсепке құдық қазып беруге өтініш жасайды. Бір-екі ақсақал тастақ жыраның құбыла бет құйрығын қолайлы көретінін айтады. Еңсеп құлақ аспайды. Еңбекке жарамды нарларды таңдап, құдық қазуға кіріседі. Шыңырау түбінде әртүрлі ойға шомылып, бірде қуанып, бірде қорқыныш ой арпалысады... Кенет қыл арқанды тартып тұрып, жәрдем беріп тұрған жігіттер: Еңсеп!-деп айқайлағанда, шыңырау ішінен дауыс шықпайды... Шыңырау «Еңсеп қазған» емес, «Еңсеп өлген» атанып кетеді. Құдық қазу кәсібі туралы ақпарат: Құдық қазу - ертеден келе жатқан өнер. Су - тіршіліктің көзі болғандықтан, құдық қазу - тіршіліктің күретамыры іспеттес болған. Осы кәсіпсіз су да жоқ. Жер асты суы жантақ өскен жерде мол болатынын қазақ халқы ертеден білген. «Шыңырау» хикаяты - Маңғыстау даласындағы құдықшылық кәсіптің қыр-сырын жеке сипаттаған шығарма.

Әбіш Кекілбаев – адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілдерін шеберлікпен игерген жазушы. Ә. Кекілбаев кейіпкерлері қарапайым адамдар болғанымен, олардың өзіне тән өмірі, тағдыры, мінез-құлқы бар. Жазушы олардың жан дүниесінің тереңіне барады. Кейіпкерінің жеке басындағы түрлі сезім иірімдерін сипаттай отырып, олардың іс-әрекетіне баға береді. Жазушы кейіпкерінің ішкі толғанысын, жан күйзелісін, жүрек тебіренісін қара сөз құдіреті арқылы терең толғап жеткізеді.

Жалпы, қорыта айтқанда, Әбіш Кекілбайұлы еліміздің рухани тіршілігінде болсын, саяси-әлеуметтік өмірінде болсын қайталанбас құбылыс. Ол-феномен. Ол-тұтас әлем. Ол әлем айтқан сайын тереңдей түсетін шыңырау әлем. Ол шыңыраудан әлі талай ұрпақ сусындап, талай ұрпақ қуаттанары сөзсіз. Ол – рухани ұлы тұлға. Шығармашылық жұмысымды қорытындылай келе «Шыңырау» повесі өмірге келген жылдары яғни Еңсептей ұлы тұлға өмір сүрген заман өте ауыр кезең болды. Еңсеп сол қиыншылықтарға мойымай аянбай еңбек етіп, артында өшпестей мұра қалды. Ол қазған құдық киелі құдық және солай болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Кекілбаев «Шыңырау» Алматы: Атамұра, 2003
2. Қазақ энциклопедиясы
3. Б.Көшімова Маңғыстау облысының топонимиясы Алматы-2014
4. Ғаламтор материалдары

ЕЖЕЛГІ ҮНДІСТАНДАҒЫ КӨБЕЙТУ ТӘСІЛІ

Берікұлы Есет, МК-105 топ студенті

Жетекшісі: Андрей Әлия Бекішқызы Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жұмыстың мақсаты:

- Мектептің математика курсына қамтылмаған стандартты емес көбейту әдістерін қарастыру
- Ежелгі Үндістанның көбейту әдісімен танысу
- Көбейтудің әртүрлі әдістерімен білімді кеңейту
- Білім алушыларды ежелгі тор және галлерлер екі әдісімен таныстыру

Ғылыми жұмыстың міндеті:

- Көбейтудің әртүрлі әдістері қолданылатын көздерді зерттеу
- Стандартты емес түпнұсқа шешімдерді іздеу
- Жылдам көбейтудің әдістерін сипаттау және меңгеру

- Түрлі әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыру және сәйкестендіру

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Бұл тақырып есептік дағдыларды қалыптастыруды стандартты емес әдістерді қолдану математикаға деген қызығушылықты арттырады және математикалық қабілеттердің дамуына ықпал етеді

Ғылыми жұмыстың гипотезасы: Табиғи сандарды көбейтудің ежелгі әдістері әлі де өзекті болып табылады, көбейту үшін пайдаланылатын алгоритмдер жалғыз емес.


Зерттеу әдістері

- Қосымша мәліметтерді әдеби және ғылыми әдебиеттерден, ғаламтордан іздеу әдісін қолдану.
- Табылған мәліметтерді Power Point арқылы суреттеу

Ежелгі үндістанда көбейтудің екі әдісін қолданды. Торлармен Бір қарағанда бұл әдіс өте қиын болғанымен, бірақ ұсынылған жаттығуларда біртіндеп қадамдар жасаңыз бұл өте қарапайым екенін көресіз.

Мысалы 6827 және 345 нөмірлерін көбетіңіз:


1. Квадрат торын сызып бағаналардың үстінен сандардың бірін жазыңыз, екіншісін биіктете жазыңыз. Ұсынылған мысалда осы торлардың біреуін пайдалануға болады.



2. Торды таңдай отырып, біз әр жолдың санын қатарынан әр бағанның санымен көбейтеміз. Бұл жағдайда біз үнемі 3 –ті 6-ға, 8-ге, 2-ге және 7-ге көбейтеміз. Бұл схеманы жұмыс қалай тиісті ұяшықта жазылғанын қараңыз.



3. Тордың кірістірілген барлық ұяшықтарға ұқсас екенін қараңыз.



4. Қорытындылай келе диагональды сызықтарды кейінгі сандарды қосыңыз. Егер бір диагональдың сомасы ондаған болса, оларды келесі диагональға қосыңыз. Диагональдар бойынша сандарды қосудың нәтижелерін (олар сары фонмен белгіленеді) қарап, 6827 және 345 нөмірлерінің өнімі болып табылатын 2 355 315 нөмірін құрайды.



5.

Қолданған әдебиеттер

1. «Устный счёт – гимнастика ума» Г.А.Филиппов
2. «Алгоритмы ускоренных вычислений» Л.В. Бикташева
3. «Устный счет». Э.Л.Струнников
4. «Математическая шкатулка» Ф.Ф.Нагибин Е.С.Канин
5. «Мир чисел» Г.И. Зубелевич В.И.Ефимов
6. «Задачи для математического кружка» Е.Г.Козлова
7. «Развитие вычислительной культуры учащихся» НЛ. Мельникова
8. Библиотечка «Первое сентября»

Ғаламтор ресурстары:

1. <http://портфолио-ученика.1сентября.рф/>

2. <http://www.myshared.ru/slide/215365>
3. <http://pochemuha.ru>

МҮМКІН ЕМЕС ФИГУРАЛАР

Ғабиденқызы Гүлдана, МК – 305 топ студенті

Жетекшісі: Канибекова Алмагүл Максұтовна

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жұмыстың мақсаты:

Мүмкін емес фигуралар қалай жасалғанын және қайда қолданылатынын түсіндіру.

Ғылыми жұмыстың міндеті:

- «Мүмкін емес фигуралар» тақырыбында әдебиеттерді оқып үйрену.
- мүмкін емес фигуралардың жіктелуін құрастырыңыз.
- мүмкін емес фигураларды құрудың жолдарын қарастырыңыз.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі:

Мүмкін емес фигура оптикалық иллюзиялардың түрлерінің бірі болып табылады, бұл бірінші көзқараста кәдімгі үшөлшемді объектінің проекциясы болып көрінетін фигура, бұл суреттің элементтерінің қарама-қайшы қосылыстары мұқият зерттелетін болады.

Ғылыми жұмыстың гипотезасы:

Зерттеліп отырған жұмыс білім алуды жалғастыруға қажетті нақты математикалық білімді меңгеруге, интеллектіні дамытуды, математикалық іс-әрекетке тән және қоғамда толыққанды қызмет етуге қажетті зерттеу сапасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми жұмыстың маңызы:

«Мүмкін емес фигура» - қағазда жасалған үш өлшемді объект, ол шын мәнінде өмір сүре алмайды, бірақ ол екі өлшемді сурет ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл оптикалық иллюзиялардың бір түрі, яғни, бірінші көзқараста қарапайым үш өлшемді объектінің проекциясы болып көрінетін сан, элементтердің қайшы элементтерінің қайшылықтары анық көрінетін болады. Бұл санның үш өлшемді кеңістікте болуының мүмкін еместігінің сұлбасын жасайды.

Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері:

- Мәліметтерді әдебиеттерден іздеу, сұрыптау;
- Қосымша мәліметтерді ғаламтордан іздеу, жобалау;
- Табылған мәліметтерді Power Point арқылы суреттеу.

1934 жылы Оскар Рейтарвард (Oscar Reutersvard) өзінің алғашқы мүмкін емес фигурасын - тоғыз текшеден тұратын үшбұрышты құрды, бірақ бір нәрсені бекітудің орнына басқа мүмкін емес фигураларды бір-біріне айналдыра бастады [1].

Тіпті текше, пирамида, параллелепипед сияқты қарапайым үш өлшемді формалар да байқаушы көзінен түрлі қашықтықта бірнеше фигуралар тіркесімі ретінде ұсынылуы мүмкін. Сонымен қатар әрдайым жеке сызықтардың толық бейнесін біріктіретін сызық болуы керек.

Мүмкін емес фигуралар туралы көптеген жарияланымдарға қарамастан, олардың нақты анықтамасы әзірленбеген. Сіз бұл мүмкін емес оптикалық фигураларды әлемнің біздің қабылдауымыздың ерекшеліктеріне байланысты барлық оптикалық елесін қамтиды деп оқуға болады. Екінші жағынан, адам сізге жасыл түстің адамды немесе он қолы мен бес басы бейнелеп бере алады және бұл мүмкін емес фигуралар деп айтуға болады. Сонымен қатар, ол өз жолымен дұрыс болады. Өйткені, он аяғы бар жасыл адамдар жоқ. Мүмкін емес фигуралар арқылы адамның нақты қабылдайтын фигуралардың жалпақ кескіндері түсініксіз болады, өйткені олар ешқандай қосымша, іс жүзінде жасалмаған кескіндерді немесе бұрмаланулардың адамдық қабылдауынсыз тартылып, үш өлшемді түрде ұсынылмайтын суреттер [2].

Мүмкін емес пішіндер - нақты үшөлшемді кеңістікте болмайтын объектілердің геометриялық тұрғыдан сәйкес келмейтін кескіндері. Мүмкін болмаса, бейнеленген

кеңістіктің аң-түсініксіз қабылданған геометриясы мен формальды-математикалық геометрия арасындағы қайшылықтан туындайды[4].

Әдетте, мүмкін емес фигураның үш өлшемді моделінің мүмкін болмайтындай көрінуі үшін, ол мүмкін емес елесін жасау үшін белгілі бір көру бұрышынан қарастыру керек.

Мүмкін емес фигуралар ежелгі гравюраларда, кескіндемеде және иконкаларда жиі кездеседі - кейбір жағдайларда перспективті берілудің айқын қателіктері бар, ал басқаларында - көркемдік ниеттен туындаған қасақана бұрмаланулармен жасалады.

Алғашқы мыңжылдықтың басында бұрмаланған көзқарастары бар суреттер табылған. 1025 жылдан бұрын құрылған және Мюнхендегі Бавариялық мемлекеттік кітапханасында сақталған Генри II кітабынан шыққан миниатюра Madonna. Суретте үш бағаннан тұратын кассета бейнеленген, болашағы бар заңдарға сәйкес орташа баған Мадоннаның алдында орналасуы керек, бірақ оның артында бейненің пайдасыздығын көрсетеді[3].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Левитин Карл «Геометрическая рапсодия». Знание, 1984, 176б.
2. Пенроуз Л., Пенроуз Р. «Невозможные объекты», Квант, 1971, 26б.
3. Реутерсвард О. «Невозможные фигуры». Стройиздат, 1990, 206б.
4. Ғаламтор: Wikipedia.

ӘЛЕМ КАРТАСЫНДАҒЫ – АСТАНА

Д.Т.Қосанова., Ақтөбе гуманитарлық колледжінің студенті,
Жетекшісі: Құдайберген С.П., география пәні оқытушысы.

Тақырыптың өзектілігі: Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде көптеген өзгерістер болды. Соның бірі еліміздің елордасын ауыстыру. Қазақстанның даму барысында бірнеше қала астана қызметін атқарған. Орынбор, Ақмешіт, Алматы 1997 жылдан бастап бұрынғы Ақмола, қазіргі Астана. Атақты Жібек жолынан көп бұрын біздің дәуірімізге дейінгі мыңжылдықтарда ежелгі Элладаны Қиыр Шығыс халықтарымен жалғастырған даңқты «Дала жолы» тап осы өлкенің үстімен өтті. Бозақ қаласының орнына Қараөткел мекені пайда болды. Кейіннен ол қала Ақмола деп өзгертілсе, тың игеру жылдарында Целиноград, қазіргі Астана атына ие болды.

Жобаның негізгі мақсаты: Қазақстан астанасы әлемге танымал архитекторлардың қызығушылығын тудырып отыр. Астана қаласы әлемдік сәулет өнерінің маржандарынан құралып, өзінің сәулеттілігімен еліміздің мақтанышына айналды. Астананың қонақтарын шаттандырар ерекше туындыларын зерттеу.

Зерттеу объектісі: Бұл ХХ ғасырдың аяғында пайда болған жаңа астаналардың басым көпшілігін жер шарында жаңадан қалыптастырып отырған геостратегиялық ахуалдан туындағанын ескеру қажет. Бүгінгі таңда Астана әлемдегі үздік астаналардың отызының қатарынан орын алғандығын насихаттау.

Еліміздің бас қаласының визиттік карточкасы «Бәйтерек» архитектуралық құрылысы болып отыр, ол астананың жаңа әкімшілік орталығының дәл ортасында орналасқан. «Бәйтерек» жұмыртқасын әлем ағашының ұшына салған Самұрық құсы туралы көне аңызды білдіреді. Ол 97 метр биіктіктегі «ағаштың ұшар басымен» аяқталатын салмағы үш жүз тонналық күн сәулесімен жарқыраған шар түрінде. Айта кететін нәрсе, бұл санда кездейсоқ емес. Дәл осы жылы тарихи оқиға орын алды - Президент Нұрсұлтан Назарбаев астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы Жарлыққа қол қойды.

«Бәйтеректің» шолу алаңында құс қанаты жетер биіктіктен қаланы алақандағыдай көруге болады: қаланың қарқынды дамуын, құрылыс келешегін нақты бағалап, өмір сапасының әлемдік стандарттарына сәйкес келуге ұмтылған қаланың «танысын» сезінуге болады. «Бәйтеректің» тамаша дәстүрі бар: келушілер еліміздің бірінші президентінің алақанының бедерлі ізіне қолдарын қойып, қалауын айта алады. Жазда да, қыста да ғимарат биіктігінен қаланың тамаша бейнесін көруге болады. Айтқандай, «Бәйтеректің»

етегі мен оны қоршаған алаңға гүл шоқтарынан кілем төселген. Астаналық көгертушілер гүл шоқтарын нағыз өнер туындысына айналдыру жолында еңбек етуде.

«Бейбітшілік пен келісім сарайы» Қазақстанның архитектуралық ізденістер кітабында 2006 жылы салынған. Бейбітшілік пен Келісім сарайының пирамида түріндегі ғимараты ерекше орын алады. Оның ашылу салтанатында Астана Орталық Азия мемлекеттері басшыларының ресми емес саммитына қатысу үшін Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан президенттері болды.

Толеранттылық, конфессияаралық және этникааралық келісім символына айналған Бейбітшілік пен Келісім сарайы танымал британдық сәулетші Норман Фостердің жобасымен салынған. Дәл осы жерде әр алуан конфессиялармен діндердің 43 елден келген өкілдері халықаралық проблемаларды шешу жолдарын табу үшін бір шаңырақ астына жиналды.

Халық арасында пирамида деп аталып кеткен ғимарат шынымен және гранитпен безендерілген, осыған орай басқа ғимараттардан ерекшеленеді. Оның биіктігі 62 метр, оның үстіне пирамида биіктігі 15 метр болатын қырат үстіне салынған. Оның жалпы аумағы -25,5 мың шаршы метр. Пирамиданың төменгі жағында 1,5 мың орындық опера залы бар, ал жоғарғы жағында ғимараттың басты орны-конференциялар залы орналасқан. Сарайда қысқы бақ, көрме залдары, пресс-орталық, рухани конфессиялар офистері, мұражайлар, кітапхана бар. Мұнда республикалық, халықаралық масштабтағы ірі іс-шаралар өткізіледі. Астанаға жұмыс бабымен келген көптеген шетелдік құрметті қонақтар пирамидаға келу мүмкіндігін бос жібермейді. Мысалы, Жапонияның премьер-министрі өткен жылы Қазақстанға келген сапарында көп естіген ғажайып пирамиданы көруді қалады.

Тағы бір ерекше ашық аспан астында макеттер түрінде жасалған табиғи ландшафтар, тарихи ескерткіштер және еліміздің маңызды архитектуралық нысандары тұрғызылған «Атамекен этно-мемориалдық» кешені. Астана қаласы әлемдік сәулет өнерінің маржандарынан құралып, өзінің сәулеттілігімен еліміздің мақтанышына айналды. «Атамекен» - ұрпақтан-ұрпаққа қалып отырған «кір жуып, кіндік кескен» аймақ, өңір. Түркі қауымына ортақ «Ата» сөзімен қосылып, әуелде «ата-қоныс» ұғымында қолданылған. Кейін келе мәні кеңейіп, «ата-бабалар ғұмыр кешкен, олардың ұрпақтарына мәңгілікке қалдырған иелігі, ең қымбат мұрасы» деген ұғымды білдіретін термин ретінде орныққан. Қазақстан Атамекен танымал-көркемдік кешені сіздерді мемлекеттің тарихымен, онда тұратын халықтардың мәдениетімен таныстырады. Сәнді таулар, қыраттар, қырлар, ормандар, көлдер, ірі қалалардың нышандық белгілері - осы мәдени орталықтың өзіндік ансамблін құрайды. «Атамекен» Қазақстан картасының қызық бөлігі - Каспий теңізінің сәндік - рәсімдеу үлгісі. Елдің негізгі автомобиль және темір жолдарына сәйкес келетін Карта жолдарымен саяхат, Қазақстанның ең маңызды көз тартарлық, назар аударарлық жерлерін оқып білуге мүмкіндік береді.

Этно-мемориалдық кешен жердің -1,7 га көлемін алады. Картада 14 облыс және 2 қала - Астана мен Алматы орналасқан. Ашық аспан астында макеттер түрінде табиғи ландшафтар, табиғи ескерткіштер және еліміздің маңызды архитектуралық және әлеуметтік нысандары тұрғызылған. Барлығы 300 экспонаттан астам. «Атамекен» мемлекеттің экономикалық қуатын, оның тарихи-мәдени мұрасын, табиғи ерекшеліктерін көрсетеді. Миникөшірмелердің көпшілігін кешен дизайнерлері әзірлеген.

Этнопарктегі жеке алаң - астананың әкімшілік орталығы, республиканың экономикалық өсуінің, көпұлтты Қазақстан жетістіктерінің символы. Оған жақын жерде - «Ақорда» Президент резиденциясы, Парламент Мәжілісі мен Сенаты, Жоғары сот, Көлік және коммуникация министрлігі, «Бәйтерек» архитектуралық ғимараты, «Астана триумфы» тұрған үй кешені, оң жақ жағалауды сол жақ жағалаумен байланыстыратын жаңа көпір, Ұлттық академиялық кітапхана және басқа да көптеген нысаналар. Сол жақ жағалау енді салынып жатқан нысаналарды қоспағанда толығымен берілген.

Еліміздің өндірістік қуатын «Қазақстан алюминийі» зауыты, «Богатырь», Бұқтырма, Қапшағай СЭС-лары, Қарағанды металлургия комбинаты, Атыраудың мұнай

мұналары көрсетеді. Қазақстан ғылымының басым бағыттарының бірі ретінде ғарышты «Байқоңыр» космодромының көшірмесі дұрыс бейнелейді. Миниатюра түрінде берілген Каспий теңізі, Хан Тәңірі шыңы, Бурабай, «Белуха» тауы, Қорғалжын қорығы - елдің табиғи көркемдігін керемет дұрыс бейнелейді. Экспонаттардың арасындағы бастысы, әрине, тарих және мәдениет ескерткіштері. Бұл Алматы облысындағы Жамбыл мавзолейі, Қызылорда облысындағы «Қорқыт ата» мемориалдық кешені, XIII ғасыра салынған Арыстан Баб, XIV ғасырда салынған Қожа Ахмет Яссауи, Жамбыл облысындағы XI ғасырда салынған Бабаджа хатун мавзолейі, Шыңғыстау бөктерінде орналасқан Абай мен Шәкәрімнің мемориалдық кешені этнопарк жаңа нысаналармен толықтырылып, үнемі жетілдіріп отырады. Айта кету керек, мұнда қазақстандық макеттерден басқа Қазақстанмен достастықтағы елдердің мәдени ескерткіштерінің да миникөшірмелері бар. Өткен жылы Василий Блаженный шіркеуі (Ресей), Шер-Дор медресесі мен Ұлықбек обсерваториясы (Өзбекстан), Тәуелсіздік монументі (Түркіменстан), Ұлы Қытай қабырғасы (Қытай), манас ескерткіші және Ыстықкөл демалыс аумағы (Қырғызстан), Қыз мұнарасы (Әзірбайжан) секілді нысаналардың тұсаукесері болды. Бүгінгі күні «Атамекен» Бельгияның, Испанияның, Латвияның, Ұлыбританияның және басқа елдердің парктерімен ынтымақтастықта жұмыс істейді. Ол әлем этнопарктерінің жиырмасының қатарына кіреді. Оның өсіп келе жатқан буын үшін міндеттілігі өте жоғары.

2012 жылғы 22 қарашада ХКБ-ге мүше 161 елдің өкілдерінің жасырын дауыс беру барысында Астана жеңіске жетіп, ЕХРО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі өтетін орын ретінде таңдалған. Астананың өтінімін 103 ел қолдады. ЕХРО-2017 ТМД елдерінде өтетін алғашқы көрме болды. Астанадағы Бүкіләлемдік көрме 3 айға дейін жалғасты. Оған әлемнің 100-ге жуық елі және 10 халықаралық ұйым қатысты.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақмола энциклопедиясы, Алматы, 1995ж
2. Аубакирова А.А. «Геополитические и географические факторы в формировании внешнеполитической стратегии Республики Казахстан». Алматы. Экономика, 2003г
3. Ахметов Е.А. Карменова Н.Н. «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы», Алматы: Мектеп, 2013.

THE EFFECT OF MULTILINGUALISM ON YOUTH LANGUAGE OF KAZAKHSTAN

Yerlanova Zhuldyzay Yerlankyzy, AmantayevaZauraTalgatovna
Aktobe Humanitarian college, student of FI-205

The relevance of the scientific work : Youth identity is expressed by youth language which is very dynamic, and most words, structures and the ways of expression is clear only for the youth or even separate youth subcultures. Speech is a special form of reflecting reality which constantly change and modify along with changes in society, cultural and moral values. That is the reason why youth discourse is a very specific, delicate and difficult matter for research due to its non-constant status. Youth discourse reflects unstable cultural and linguistic state of a society at the junction of literary language and jargon. In different periods of the history separate communities of people were united by common interests, and most of all by the consciousness of brotherhood and alienation from the rest of society. Those communities invented their own special ways of verbal and written communication. It was important not to be understood by outsiders, and hence there appeared various techniques of encryption such as metaphors, transferred meanings of words.

The aim of the scientific work: to study the effect of multilingualism on youth language

The objects of the work:

- To research the multilingualism in Kazakhstan;
- To research the effect of multilingualism on youth language of Kazakhstan.

The hypothesis: Internet language can be a serious presenter of involvement of youth language into the standard one including media, politics, everyday adults' speech.

The importance: In multilingual community the language of youth receives particular features, combining formal and informal styles, and at the same time mixing the languages they use and creating curious modifications. Multilingualism in Kazakhstan has deep roots, and has become a natural situation, a part of society. Kazakh and Russian function wider than other languages of minorities and dominate over them (Suleymenova, 2009). Most of youth are bilingual or even multilingual since the early childhood due to the usage of Russian and active increasing of status of Kazakh since the 1990-s. And if we consider that nearly 20% of the population is the representatives of other ethnic groups (except Kazakh and Russian) and they mainly know their native languages, we may state the fact of wide range of multilingualism.

The methods of researching: in my researching work the linguistic, the conversation, the analysis-synthesis methods are used.

The list of literature:

1. Auer, P. (1998). Code-switching in Conversation: Language, interaction and Identity. London: Routledge.
2. Bekzhanova, Zh.E., Ryssaldy, K.T. (2015). Influence of Multilingualism and Bilingualism on Youth Language in Kazakhstan: Discourse Analysis of Internet Resources.
3. Asian Social Science. Vol.11, №6, 132-133 Kappassova G.M. Kenistik Qazaqstannantauelsiz Qazaqstsanga.

САНДАР СЫРЫ

Автор: Әбекенова Маусым Ерболқызы

Жетекшісі: Канибекова Алмагуль Максұтовна

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жобаның мақсаты: Сандар туралы көбірек оқу және оларды зерттеу.

Ғылыми жобаның міндеті:

-Сандар сырымен танысу.

-Әрбір сандардың орнын көрсету.

Ғылыми жобаның гипотеза: Натурал сандардың пайда болуы мен олардың мән мағынасы зерттеу.

Ғылыми жобаның өзектілігі: Білім беруде натурал сандардың алатын орнын зерттеу.

Ғылыми жұмыстың маңызы: Арифметика саласында сандардың шығу тегін, сырын анықтау.

Зерттеу әдістері: Баяндау, жіктеу, сипаттау.

Ежелгі грек ойшылы Пифагор «әлемді сандар билейді» деген екен. Арифметика саласының майын ішкен мықты математик бұлай деп бекер айтпаса керек. Адамзаттың өзі мен өмірі сандарға бағынышты. Біріншіден, ақшаға тәуелді. Екіншіден, адам зат жаратылысынан секундтардан басталып, ғасырлармен мың жылдықтарға созылатын уақытқа тәуелді. Сырғанаған уақытты тоқтата алмайды немесе оның шеңберінен тыс өмір сүре алмайды. Яғни өмірінің ұзақтығы, ішіп-жегені барлығы да санмен өлшенеді. Тіпті ағзасының әрбір клеткасы, қанының құрамымен сүйегінің салмағына дейін есептеулі. Міне, осы секундтармен, ай, жылдармен өлшенетін адамның өмірінде сандардың тқарар өз рөлі бар. Осы сан алуан сандардың сіз білмеген, біз білмеген сырлары көп екен. Ежелгі гректер арифметика деп натурал сандардың қасиеттері жөніндегі ғылымды атайтын («аритмос» – сан деген сөзден шыққан). Карл Гаусс математиканың сан салаларын сарапқа сала келіп арифметиканы математика патшасы деп бағалаған. Ал арифметиканың негізгі ұғымы – сан. Ендеше, сол сан ұғымының қалай пайда болуын ашу, білу – ғылыми методологиялық үлкен проблема. 19 ғасырға дейін математика тарихы

жөнінде қалам таратушы авторлардың көбісі сандарменсандарға амал қолдану әрекетін құдайлар немесе кемеңгер философтар шығарған деп түсіндіріп келеді. Адам баласының ең бірінші қолданабилген математикалық амалы санау болды. Тіпті аз ғана санды білетін жабайы тайпалардың өзі көп нәрседен тұратын жиындарды санауға дейін әрекет еткен.

Пайдаланғанәдебиеттер.

1. Білімділер порталы [bilimdiler.kz]
2. [https://tendey.kz]
3. [https://kk.m.wikipedia.o]

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ МУЗЫКА ПӘНІНІҢ РӨЛІ

**студент: Әби Гаухар Жомартқызы
жетекшілері: М.М.Жусупова, Н.Салыкова**

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Тақырыптың өзектілі: Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды. ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткізуге болады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту болып табылады. Инновациялық әдістер мен оқытуды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыру, тарихи объективизмді ұстана отырып шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинақтау еңнегізгі мақсат болып айқындалады.

Жаңа бағдарлама мұғалімдерге қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады.

1. Білім беру мен білімалудағы жаңа тәсілдер.
2. Сын тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі ібақарушы және көшбасшылық.

«Музыка» пәні адам өмірінің бөлігі ретінде оқушыларда музыкаға деген құндылықтық қарым-қатынастың қалыптасуына, музыканың базалық білімі, біліктіліктері және музыкалық қызметінің түрлерін меңгеруге, музыкалық қызмет процесінде шығармашылық өз ойын білдіру және коммуникация біліктіліктерін қалыптастыруға, ұлттық және адамзаттық мәдениет құндылықтарына деген көркемдік-эстетикалық қарым-қатынасты тәрбиелеуге, музыкалық және шығармашылық дағдыларды дамытуға бағытталған. Оқу пәнінің мазмұны: «Музыка» пәннің мазмұнын анықтау үшін музыканы оқыту мақсаттарының үш бөлімнен, алты бөлімшеден тұратын жүйесі жасалған. Музыкалық білім берудің мазмұндық бағыты оқыту мақсаттары жүйесінің үш бөліміне бағынған. Бұл бөлімдер оқушылардың музыкалық сауатын, орындаушылық және шығармашылық қызметін қалыптастыруға бағытталған. Бөлімдер мен бөлімшелер

құрылымының логикасы оқушылардың музыкалық шығарма мәнін түсінудің негіз іретінде ақпараттарды қабылдауға негізделген.

Гипотеза: Музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, музыкаға деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін сабақта тақырыпқа байланысты музыка түрлерінің шығу тарихы, музыка түрлері дамыған елдерде, музыканың әр саласындағы белгілі композиторлар өмірімен, Қазақстандағы, әлем елдеріндегі композиторлар мен музыка жұлдыздары, тағы да басқа музыка туралы толық мәліметтер беріп отыру – мақсат. Сонымен бірге оқушыларға бұқаралық ақпарат құралдары, журналдардың, тағы басқа, әлем елдеріндегі атақты композиторлар және мәдени жаңалықтарға шолу жасап отыру қажет.

Бастауыш сыныптардағы «Музыка» пәні оқушылардың рухани және адамгершілік тұлғасын қалыптастыратын негізгі пәндердің біріне жатады. Музыка баланың бойындағы асыл қасиеттерін оятып, елін, жерін, Отанын сүйуге тәрбиелейді.

Музыка оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, олардың қиялын, есте сақтау қабілетін, танымдық қызметінің белсенділігін арттыруына ықпалын тигізеді.

Оқыту мақсаты:

- 1) оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру;
- 2) көркемдік талғамын тәрбиелеп, шығармашылық қабілетін дамыту.

Оқыту міндеттері:

1) оқушылардың музыка өнері жайында көзқарасын кеңейту, музыкалық құбылыстарға қызығушылығын дамытып, көркемдік талғамын қалыптастыру;

2) музыкалық шығармаларға өзінің көзқарасын білдіре білу;

музыкалық-шығармашылық әрекет барысында, тәжірибелік дағдыларын іске асыру;

Музыкалық білім беру мазмұнының негізінде келесі ұстанымдар іріктелген:

- 1) түсініктілік ұстанымы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отыра, музыкалық қабілетінің дамуына ықпал ететін тиімді әрі қолайлы оқу материалдарын қолданады;
- 2) үздіксіздік ұстанымы барлық сыныптар арасындағы сабақтастықты, мазмұн, шығармашылық жағынан жүйелілік пен бірізділікті білдіреді;
- 3) тәжірибелік әрекет ұстанымы музыкалық ұғымдарды игеріп, ән айту және аспапта орындау тәсілін бойына сіңірудегі басты әдіс болып табылады;
- 4) шығармашылық ұстанымы оқушының бойындағы қабілетін аша түсіп, өнермен араласу барысында жетістікке жетуіне ықпал етеді.

Музыка сабағындағы негізгі әрекеттердің түрлері:

- 1) музыка тыңдау – музыка талғамын қалыптастыру: мәнерлі де көркем-бейнелі ырғақтар, аңдар мен құстардың үні, адамның сөйлеу дауысы, табиғаттың үніне еліктеу сияқты музыкалық қиялын дамыта түседі; музыканы мән беріп, аса ұқыпты тыңдап, музыкалық аспаптардың тембрлік бояуын ажырату;
- 2) білімділік әрекеті - музыка мәнерлігінің негізгі белгілерімен танысу; музыка сауаты: жоғары, орта және төмен дыбыстар; дыбыстың қатты немесе ақырын естілуі; тез, орташа және жай екпіндер; музыканың көңілді – мұңды, салмақты – үрейлі сипаты; музыканың мәнерлеу белгілері мен түрлері туралы қарапайым түсінік: екпін, ырғақ, дыбыс күші, ән шумағы, күйдің буыны, аяқталған шығарма;
- 3) ән орындау - орындаушылық әрекеттің негізгі түрі болып табылады; мұғалімнің негізгі міндеті: әр түрлі сипаттағы әндерді көркем әрі мәнерлі орындауға машықтандыру; балаларды күш салмай табиғи дауысымен айтуға дағдыландыру;
- 4) музыкалық аспаптарда орындау - топ болып домбыра және ұрмалы аспаптарды меңгеруге негізделген; домбыра үйрену тәсілдері халық әндерінің негізінде жасалған жаттығу – тұғыр орындау түрінде жүргізіледі; музыка сабағында таяқшалар, ағаш қасықтар, қоңырау, сылдырмақтар сияқты тағы да басқа ұрмалы аспаптарды қолдану ырғақтық сүйемел жасауға көмектеседі; музыка аспаптарында орындау және

музыкаға сәйкес би қимылдарын жасау оқушыға шығарманың жалпы мінезін және екіні мен бояу ерекшеліктерін сезінуге көмектеседі; жұмыстың бұл түрі баланың музыкаға деген сезімі мен ынтасын арттыра түседі.

Зерттеу әдістері:

теориялары, әдістері.

- әдебиеттерді теориялық талдау;
- арнаулы тапсырмалар;
- өзіміздің жинақтаған іс-тәжірибемізді қорытындылау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дуйсембінова Р.К. Қазақтың әншілік өнері: Оқу құралы. – Алматы: Өнер, 1998. – 110 б.
2. Дуйсембінова Р.К. Музыкалық білім беру педагогикасы: оқу құралы. - Талдықорған, 2006. -216 б.
3. Ахметова М. Ән өнері және уақыт. – Алматы: Өнер, 1993. – 198 б.

АҚПАРАТТЫҚ ПРОЦЕСТЕРДЕГІ ЛОГИКА АЛГЕБРАСЫ

Әділгерей А.Б., жетекшісі: Канибекова Алмагүл Максұтовна

Ақтөбе гуманитарлық колледжі, МК – 305 топ студенті

Ғылыми жұмыстың мақсаты:

Логика алгебрасының ойлау алгоритмінде рөл атқаратындығын білу. Логикалық және креативті ойлауды дамыту.

Ғылыми жұмыстың міндеті:

- Логика алгебрасының жұмысын түсіну.
- Логика мен ақпараттық процестердің алгебра арасындағы байланысын анықтау.
- Логика алгебрасының қолданылатын жерін білу.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі:

Логика бөлімдері өзара байланысты және қателеспеу үшін логикалық тұрғыдан ойлауға, дұрыс тұжырымдарды, есептерді, логикалық тапсырмаларды әртүрлі жолмен шешуге болатындығын, логикалық алгебра мен екілік кодтау арасындағы байланыс бар екенін түсіну керек.

Ғылыми жұмыстың гипотезасы:

Зерттеліп отырған жұмыс білім алуды жалғастыруға қажетті нақты математикалық білімді меңгеруге, интеллектіні дамытуды, математикалық іс-әрекетке тән және қоғамда толыққанды қызмет етуге қажетті зерттеу сапасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми жұмыстың маңызы:

Ақпараттық процестер бізді барлық жерде қоршайды. Оларсыз бізбен таныс қоғамның ұйымдастыру жүйесін ғана емес, сонымен бірге тұтастай қоғамды да онсыз елестету мүмкін емес.

Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері:

- Мәліметтерді әдебиеттерден іздеу, сұрыптау;
- Қосымша мәліметтерді ғаламтордан іздеу, жобалау;
- Табылған мәліметтерді Power Point арқылы суреттеу.

Ақпараттық үрдістерге қатысты логика алгебрасы өте жас, ол ағылшындық ғалым математик Джордж Булға көрінеді. Ол өзінің алғашқы логикаға қатысты жұмысын 1847 жылы жазған. Дегенмен мәлімдемелермен жұмыс жасай отырып, оның шын немесе жалған екенін анықтау, логика алгебрасының ғылымы өте қызықты екенін байқайды[3].

Осы жобаның басында мен логика алгебрасы ойлау алгоритмінің рөлін атқарады деп болжадым.

Бұл жоба информатика және ақпараттық технологиялар сабақтарында қолданылуы мүмкін. Бұл логикалық операциялардың тұтас көрінісін құрайды. Жоба бойынша жұмыс

барысында біз олардың сипаттамасына сәйкес бағдарламалау тілінде бағдарлама жасауға тырысамыз.

Ақпараттық процесс – ақпарат алу, құру, жинау, сақтау, іздеу, тарату және пайдалану процесі. Кез келген адамның қызметі – ақпаратты жинау және өңдеу, оның негізінде шешімдер қабылдау және оларды жүзеге асыру. Ақпарат адамның сөйлеуінде, мәтіндерінде, аудио және бейне хабарламаларында, құралдарды көрсетуде және т.б. құралады[1].

Логикалық алгебра – логикалық операциялар туралы есептерде зерттелетін математикалық логика саласы. Көбінесе, бұл сөздердің шын немесе жалған болуы мүмкін екілік немесе екілік логика, мысалы, үштік логикадан басқасы болып есептеледі.

Информатика курсынан: Логикадағы алгебрада түсініктемелер қарапайым мәлімдемелерге бөлінеді. Мәлімдеменің дұрыс екендігін білу үшін, оның әрқайсысы дұрыс айтылғанын және логикалық операцияны орындауын анықтау керек[2].

Бұл алгебрасы - екілік операциялармен (екілік сандар жүйесіндегі операциялармен), біртұтас операциямен және екі айрықша элементтен тұратын бос емес A жиыны: 0 және 1 (Дұрыс және бұрыс). Бос жиын – 1 элементті де қамтымайтын жиын.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ-ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Студент: Әмір Айғаным Тайбекқызы

Жетекшілері: М.М. Жусупова, Г.Н. Сатмағанбетова

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Тақырыптың өзектілігі: Заман талабына сай білім бере отырып, оқушы бойында танымдылық қабілетін дамыту бүгінгі таңда үлкен жауапкерлік іс болып табылады.

Бұл туралы Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Ғасырлар мақсаты-қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген

XXI ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемделген жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру», деген тұжырымдамасында ашып көрсеткен. Жаңаша білім беру кеңістігінде бейімдеп оқытудағы қоғамдық сұраныс-шығармашылық ізденіске ынтасы жоғары, өз ойын еркін жеткізе алатын, жеке тұлғалық қасиеттері қалыптасқан шәкірт тәрбиелеу. Кәсіптік білім берудің қазіргі мүмкіндіктерін практикалық тұрғыда сараптау нәтижесінде мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың тиімділігін қамтамасыз етеді.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға даярлаудың мынадай әдістемелік жолдары бар:

- шығармашылық тұрғыда оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру мен оқу міндетін анықтау;

- пән аралық байланыс негізінде шығармашылық дербестікті қалыптастыру;

- оқытудың шығармашылық технологияларын қолдану - шығармашылық қабілетті дамыту тұжырымдамасынан негізделген оқу үрдісінің инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу - меңгерілген білімдерін жаңаша сипатта қолдана білуін қадағалау;

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың өзектілігі төменде көрсетілгендей:

Өз бетімен оқуға, жұмыс дағдыланады	Шығармашылық ізденіске жетелейді	Өз ісіне деген сенім пайда болады
Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді	Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді	Шығармашылық белсенділік артады

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту кезінде оған кері әсер ететін кедергілердің бар екенін әр уақытта есімізде ұстау керек.:

-Оқушылардың әлеуметтік жағдайының болмауы;

-Денсаулығының нашарлығы;

-Психологиялық жағдайынан ойлау,қиялдың төмен болуы.Өз күшіне сенбеуі,жалқаулығы;

Мұғалім өз пәнін үйрету барысында әр оқушыны зерттеп,олардың өміріндегі осындай кемші Қазіргі компьютерленген жаңа заманда әр оқушының заман талабына сай әлемдік дәрежеде білімді меңгеру үшін,шығармашылық қабілетін дамыту-ең басты міндет.

Сондықтан бұл ылыми жобамның өзектілігі:жеке тұлғаны табу,оған жетекшілік ету,әр оқушының шығармашылық қабілетін танып,біліп дамыту. Бүгінгі ХХІ ғасырдың ақпараттандырылған,жан-жақты мәдениетті,іскер,өмірге икемделген,бәсекеге қабілетті дарынды шәкірт тәрбиелеу барша ұстаздың міндеті. Осылардың нәтижесінде дарынды,қабілетті жеке тұлға қалыптасады:

-Мен істеймін: пәнге деген қызулығын тетігін табуы

- Мен үшін керек-пәннің өз өміріне деген қажеттілігін сезінуі,талаптануы,оқуы,ізденуі

- Мен не істей аламын-өз біліміме деген сенімділігі.

іліктері болса,оны алдын-ала анықтау керек.

The **structure** of the work. The work consists of an introduction, two sections, conclusion and the list of references. The significance of the theme, aims, objectives, the theoretical and practical significance of the work are found in the preface of the work.

REFERENCES

1. Долгосрочная стратегия развития Казахстана «Казахстан-2030»
2. Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. — № 33(25278). — 2007. — 1 марта
3. Государственная программа развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // edu.gov.kz
4. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // ru.government.kz/resources/docs/doc18

КОДТАУ ЖӘНЕ КРИПТОГРАФИЯ

МК – 105 топ студенті

Қуанғалиев Дінмұхаммед Қадірбекұлы

Жетекшісі: Мангибаева Аксауле Сатқановна

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ақпараттарды қорғау мәселесі 80-жылдардың соңы мен 90 жылдардың басында ақпаратқа қатысты, осы аймақтағы мамандарды мазалай бастады. Оларды мазалағаны компьютерлік қауіпсіздік пен көптеген дербес компьютерлерді, қолданушылардың қауіпсіздігін сақтау үшін болатын. Бұл компьютерлік технологиялардың терең дамуымен, байланысты болатын. Сол кезден бастап «ақпарат» ұғымына деген түсінік те өзгерді. Қазіргі кезде ақпарат ұғымы – бизнесте де, үлкен мақсатқа жету үшін қолданылатын құрал

болып табылады. Және қорғау да, өте тиімді құралға айналды, бұл өндіріс үшін ақпараттарды қорғаудың, өте жақсы белгісі болып табылады. Бірақ та ақпараттық технологиялар көп қолданысқа ие, құралдардың бірі болып табылады. Сондықтан қазіргі кезде көп сатылы қорғанысты қолдану қажет болып отыр. Дегенмен де ақпарат иесінің ақпаратын сақтау үшін де, үлкен көлемде ақша төлеуіне тура келеді, өйткені бұл өзінің ақпаратын сақтауға, тиімді жол болып табылады. Тағы айта кететіні ақпараттық сфера саясатқа да әсер етуде, тек саясатқа ғана емес, экономикаға және басқа да қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, қажет болып отыр. Ақпаратты қорғаудың қажеттігі артуда, ол санкциясыз қол жеткізуді, кіруді, ұрлық, ақпаратты жою іс әрекеттерін тыю үшін қолданылуда. Бірақ көптеген қолданушылар мұны мойындамай, жеке құпияларын қауіпсіздіксіз сақтауға тәуекел етуде. Соның ішінде азғанатайы ғана, әйтеуір кейбір әдістермен, өз мәліметтерін сақтап қалуда. Сонымен, бұл жағдайларды жою мен ақпараттың қауіпсіздігін сақтау үшін, криптоинтерфейс пен криптожүйелерді қолдану өте тиімді болып отыр. Өйткені қазіргі кезде, криптожүйелік шифрлауды кең түрде қолдануды артыру қажет деп ойлаймын. Әр адам шифрлау туралы әр түрлі түсінікте болуы мүмкін. Дегенмен нағыз криптография дегеніміз – бұл нақты бір ақпаратты құпиялық түрде шифрлау мен қорғау тәсілдері десек те болады. Шифрлау - Рұқсат етілмеген қол жеткізуді болдырмау үшін деректерді кодтау процесі. Шифрланған хабар [ашық кілті](#) бар алушыдан басқа кісілер үшін оқылмайтын түрде болады. Ашық кілт шифрды шешеді, себебі ол жіберуші хабарды шифрлау үшін пайдаланған құпия кілтке сәйкес келеді.

Ғылыми жұмыстың мақсаты:

Танымал шифрлерді зерттеу және соған байланысты құпия сөздерді шешетін бағдарлама дайындау.

Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері:

Кодтау тақырыбы бойынша әдебиеттерді зерттеу. Бір ақпаратты әр түрлі шифрды пайдаланып кодтау.

II. Негізгі бөлім.

1.1. Криптография тарихы.

1.2. Ақпарат, ақпарат түрі, формасы және қасиеттері.

1.3. Ақпаратты кодтау.

1.4. Атбаш шифры.

1.5. Цезарь шифры.

1.6. Полибия шаршысы.

III. Қорытындылау.

IV. Қолданылған әдебиеттер тізімі

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ

Құдайбергенов Бекет Ырзабайұлы

Ақтөбе гуманитарлық колледжі, МК -115 топ студенті

Жетекшісі: Тұрғамбай Ардақ Бағдатқызы

Зерттеу жұмысының мақсаты: : ҚР Президенті, Елбасы, Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың өнегелі өмірін, саяси портретін, Қазақстан халқына арналған Жолдауларын, Қазақстан мемлекетін қалыптастырудағы еңбегін жазба дерек көздерінің бірі ретінде деректанулық талдау жасау, болашақ зерттеушілерге бағыт беру, пайдалана білу және олардан шынайылық деңгейі мәліметтер жинақтау.

Мақсатқа жету үшін алға қойған міндеттер:

- Н. Ә. Назарбаевтың өмірбаяны
- Н. Ә. Назарбаевтың қайраткерлік тұлғасы

- Н. Ә. Назарбаевтың еңбектері.
- Болашаққа бағдар болған Елбасы Жолдауы

Тақырыптың өзектілігі:

Қазақ дейтін ар - намыс пен қайраттан жаратылған алпауыт мемлекеттің соңғы 25 жыл тұтқасын ұстап, туын биікке көтерген тұғырлы тұлғасы – Президентіміз Н. Ә. Назарбаев. Елбасымыздың басшылығымен әлем мойындаған, жаһанға аты жеткен мемлекетке айналдық. ҚР тұңғыш Президентті Н. Ә. Назарбаев еңбектеріне тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігі тарихының дереккөздері ретінде деректанулық талдау жасаудың қажеттілігі маңызды. Тарихтан сабақ ала отырып, ертеңгі күнді болжауда, дағдарысқа душар болған қоғамды алға жетелеуде, өркендеуге апарар жолдар мен әрекеттер жүйесін табуда табандылық көрсете білген Елбасымыздың салиқалы саясатын насихаттау.

Зерттеу жұмысының маңызы: ҚР Президенті, Елбасы, Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың өмірбаяны және кемел саясатын қарастыру.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізі. Елбасы, Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаудағы тарихи еңбегін, сарабал саясатын, елдің экономикасын көтерудегі іскерлік қабілетін жас ұрпаққа таныту. Н. Назарбаев еңбектерінің XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр басындағы КСРО-ның ыдырап, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің пайда болуы. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігі тарихының ұлттық мүдде тұрғысынан шынайы жазылу қажеттігіне сай, зерттеу жұмысы деректану ғылымының өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын – деректердің пайда болуының объективтілігі мен субъективтілігі, алғышарттары мен тарихи жағдайлары, сақталу формалары мен ерекшеліктері, деректерді сыныптау және сыни талдау қажеттілігі мен деректерде сақталынған мәліметтердің шынайылық және толықтық деңгейлерін анықтау сияқты теориялық-методологиялық қағидаларға, ғылыми зерттеудің объективтілік, партиялық және тарихилық сияқты жалпы ғылыми принциптеріне, арнайы және нақты ғылыми таным заңдылықтары мен методтарына негізделген. Зерттеу жұмысының барысында соңғы жылдары пайда болған ұлттық дерек көздеріне деректанулық талдау жасалынған Қазақстан ғалымдарының еңбектері басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының ғылыми гипотезасы:

Тәуелсіз Қазақстан республикасы тарихының маңызды дерек көздерінің біріне деректанулық талдау жасау, атап айтқанда, Президент Н.Ә. Назарбаев еңбектерін тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігін қайта қалыптастыру тарихының дерек көзі ретінде қарастыру. ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігі тарихының дерек көзі ретіндегі маңызы анықталып, оның жеке адами және тарихи тұлғалық бейнесін аша түсуге және мемлекет қалыптастыру мен басқару ісіндегі табыстарының сырын анықтау. Н.Ә. Назарбаев ойларының өмір шындығына сай келетіндігі дәлелденді.

Н. Назарбаев еңбектеріне қазақ тарихындағы жаңа саяси құбылыс – президенттік билік жүйесінің қалыптасу тарихына талдау жасалынды. Тағдырдың жазуымен тарихымыздың ең бір күрделі кезеңінде ел басшылығына ие болған Н.Ә. Назарбаев, ел басқару ісімен қатар көптеген еңбектер жазып, тәуелсіз Қазақстан тарихының деректік негізін қалауға да өз үлесін қосып келеді.

Ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері:

ҚР Президенті, Елбасы, Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаев ұлттық тарихымызды ұлықтап, жолдаулары болашаққа бағыт – бағдар берді. Кемеңгер адам халықтың ойын айтып бүкіл Қазақстандықтар тарапынан қолдау табуы осының басты айғағы. Тәуелсіздік жылдарындағы түбірлі саяси - экономикалық, әлеуметтік реформаларды тиімді жүзеге асыру арқылы өркениетті, бәсекеге қабілетті Қазақстан мемлекетін қалыптастыруда Елбасы еңбегі зор. Мемлекет басшысы лауазымында ұстанған саясатының арқасында Қазақстан бүгінде әлеуметтік – экономикалық дамудың биік белесін бағындырды. Елдің халықаралық аренадағы беделді жыл өткен сайын нығайып келеді. Елбасының ерен еңбектерін түсіндіру, талдау, насихаттау арқылы

өскелең жас ұрпақтың бойларындағы отаншылдық, іскерлік, ізденімпаздық, шешендік қабілеттерін дамыту.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. М.Б.Қасымбеков «Н.Назарбаевтың өмірбаяны»
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы 1995 жыл
3. Кан Г. Қазақстан тарихы Алматы 2002 жыл

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ БАТЫРЫ БАЯН БАЙҒОЖИНАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕРЛІКТЕРІ

Мұханбетқалиева Гүлзат Жолдыбайқызы

Р-115 топ студенті

Жетекшісі: Гульнур Бакыткереевна Ильясова

Роза Әбжанқызы Сарбасова

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Зерттеу жұмысының мақсаты:

Ұлы Отан соғысында жауға қарсы қаһармандық көрсетіп, батылдығымен танылған қазақтың қаршадай қызының ерліктеріне баға беру

Мақсатқа жету үшін алға қойылған міндеттер:

- Баян Байғожинаның туған жері, өмірі
- Батырдың Ұлы Отан соғысына қатысуы, ерліктері мен қаһармандығын талдап, бағалау
- Батырды таныту үшін жасалып жатқан шаралар.

Тақырыптың өзектілігі:

Қазақ халқы ержүрек, батыл тұлғаларға толы екені белгілі. Ұлы Отан соғысында да ерлітерімен көзге түсіп, ел танитын Әлия, Мәншүктерден басқа да батыл да намысты қара көздеріміз көп болды. Алайда, ерліктері еленбей, халық жадынан ұмытылып кеткен аруымыз өте көп. Солардың бірегейі 24 фашисті бір өзі өлтірген Баян Байғожина еді. Есімі елеусіз қалдырылған осы олқылықтың орнын толтыру үшін батыр қызымыздың қастерлі есімін ұлықтап, ұрпаққа таныту.

Зерттеу жұмысының ғылыми манызы:

Зерттеудің ғылыми жаңалығы алға қойған міндеттің өзектілігінен, тарихнамалық зерттеулерден, яғни отандық тарихта Б. Байғожинаның ерліктері мен қаһармандығын талдап, осы уақытқа дейін арнайы тақырып ретінде шынайы тұрғыдан зерттелмеуінен туындайды.

Зерттеу жұмысының басты ғылыми жаңалығы - мәселенің кешенді түрде зерттелуі. Зерттеу жұмысының негізіне – Б. Байғожинаның саналы ғұмырын ел есінде сақтап, ұлықтауды ғылыми негізде жан-жақты талдануында. Көптеген деректердің алғаш рет зерттеліп және олар ғылыми айналымға алғаш енгізіліп отыруында. Сондай-ақ осы деректердің негізінде Б. Байғожинаның өмірбаянына қатысты жаңа мәліметтер де анықталды.

Зерттеудің негізгі ғылыми жаңалығы тың деректерді ғылыми айналымға тарта отырып, Батырдың Ұлы Отан соғысына қатысуы, ерліктері мен қаһармандығын талдап, бағалай отырып қарастыруға әрекет жасалынды.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізі.

Зерттеу жұмысын жазу барысында соңғы жылдары Отандық тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістерді негізге алдық. Танымдық мүмкіндіктердің көбеюі зерттеу негізіне саяси, тарихи-мәдени, өркениеттілік тәсілді қолдануға жол ашты. Әрбір өркениеттің өзіндік ерекшеліктерін тану, оның біртұтастығы, өзіне тән мәнге ие тұрақты жүйе, өмірлік философиясы, құндылықтар жүйесі және тарихи-мәдени дәстүрлерді, соған сәйкестендірілген халықтардың, жеке тұлғаның өмірі, әлеуметтік және саяси институттары, ұлттық басымдылыққа ие ұсыныстар мен құндылықтарын неғұрлым терең

танып білуіне деген ұмтылыстарға әкеледі. Міне, осындай тәсілдерді пайдаланудың нәтижесінде жарық көрген ұлт зиялыларының өмірі мен қызметін зерттеу мәселелері бойынша қалыптасқан жаңа ғылыми тұжырымдамалар мен ұлттық ғылыми мүдде ұстанымдар негізі болып табылады. Зерттеу әдістемелік негізіне ғылыми танымның жүйелілік, салыстырмалы талдау және тарихи шынайылық ұстанымдары қолданылды.

Зерттеу барысында әдістемелік негізі мен тұғырнамалық ұстанымдарын қалыптастыруда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына (18 ақпан 2005 жыл) Жолдауындағы «Ғылым халыққа қызмет етуі керек» деген сөзі басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының гипотезасы:

Отан үшін жанын пидә еткен батыр аруымыздың есімі ескеріліп, өскелең ұрпаққа ұлықталып жатыр. Жеңіске небары 12 күн қалғанда қыршынынан қиылған, 24 фашистің көзін жойған қазақтың батыр қызына қандай құрмет көрсетсек те лайық. Оның есімі Мәншүк, Әлия, Хиуаз сынды қайсар қыздарымызбен бірге аталуы тиіс және «Халық қаһарманы» атағын бергені дұрыс деп ойлаймыз. Семей қаласында №37 қазақ орта мектебі ішінен Баян Байғожина атындағы әскери-патриоттық, спорттық клуб ашылған. Бұл іске қаладағы қорғаныс істері басқармасы ұйытқы болыпты. Шаһарда осындай 18 клуб бар. Тағы бір қуантарлығы, Семей қаласы көшелерінің біріне Байғожина есімі берілмек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). 1- кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 279б.
2. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 138б.
3. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2005. -90б. – Алма-Ата: Наука, 1973. – 228б

«ҚАРАСАЙ-ҚАЗИ» ЖЫРЫ - ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚАЗЫНА **М.О.Оразалы, Ақтөбе гуманитарлық колледжінің студенті** **Жетекшісі: Б.М.Жамекова, Ж.М.Адилова**

Тақырыптың өзектілігі: Арнайы ғылыми зерттеудің нысаны болуға жолы ашылмаған бір қазына – «Қырымның қырық батырларының» ішіндегі кенже батырлар «Қарасай-Қазиді» жыры. Бір кездері екі күн бойы айтылатын бұл батырлық жыр – тоқырау заманының зардабын тартқан эпос. Себебі Кеңес үкіметі кезіндегі фольклортану ғылымында орын алған тарихи мектеп теориясының қазақ жырларына тигізген салқыны күллі рухани мәдениетіміздің өңменінен өтіп, әбден әлсіретті. Қазақ батырлық жырлары орынсыз сыналып, кейбірінің атын атаудың өзі үрей тудыратын кезең болды. Тарихта болған деген батырлардың жырда аты кездессе болды, ғылымда оны зерттеуден қашқақтау бағыт алды. Сарындар мен мазмұнды да тікелей кеңестік қоғам тарихымен байланыстыру орын тепкен еді. Осындай бір жақты пікірлерден зерттелмеген жырдың бірі «Қарасай-Қазиді» еді. Таптық қоғамға, кеңестік саясатқа «жат қайшылықтар» жырланғаны үшін саяси сорақылықты басынан кешкен жырлардың бірі осы «Қарасай-Қазиді» болды. 1953 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясында өткен қазақ эпосы туралы пікірталаста өзге де жырлармен қатар «Қарасай-Қазиді» эпосында зерттеуге, жариялауға тыйым салу керек деген қорытынды шығарылды. Қазақтың қаһармандық эпосының халықтық мәселелерін талқылаған ғалымдар «Қарасай-Қазиді» жырын Едігенің ұрпақтары болған соң ауызға атын алуға болмайтынын халыққа жат жыр ретінде көрсетіп пікір айтқан еді. Кейіннен қаулының күшімен, қазақтың қанына сіңісті жыр айту мәдениеті саналып, бірсыпыра жырларға, оның ішінде «Қарасай-Қазиді» да бар, «феодалдық» ат таңылып, ерте кездің феодалдық жырларын қайта жырлатып, халық арасына таратуға әрекет етеді. Осы ретте «Орақ - Мамай», «Қарасай-Қазиді», «Қазтуған», «Базар батыр» жырлары қайта өңделді. .

Жырдың негізгі идеясы – ел қорғау, ата-дәстүрін жалғастыру, жаудан кек алып, әке арманын орындау. Қырым ханынан «жауға аттануға Орақтың балалары Қарасай мен Қазі келсін» деген хабар жетеді. Жауға кірер жалғыз аяқ тар жолда көп әскер қырылып, сәтсіздікке ұшырайды. Қол соңынан Қазі да қуып жетеді. Ағасы екеуі ерлік көрсетеді. Бірақ негізгі қаланы ала алмай елге қайтады. Осы жолы Әділхан жау қолында қалады. Қарасай мен Қазі жауды қайта шауып, жау қамалын бұзады да, Әділханды құтқарып елге жеңіспен қайтады.

Жобаның негізгі мақсаты: «Қарасай-Қазі» эпосы сырттан жау келгенде іштегі ел бірлігін сақтап қалуға құрылған. Бұл тақырып күні бүгінде көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл жыр батырлардың ерте есеюі, тұлпар іздеу, жауға аттанып ерлікпен шайқасу, елін ата жауынан қорғау, ерлік дәстүрін жалғастыру сияқты сарынға құрылған қазақтың классикалық қаһармандық жыры. Оның танымдық, мағлұматтық, ғибратты, эстетикалық мәні зор. Кезінде қуғын-сүргін көріп, замана құрбаны болған, бұл жырдың мол ауқымды, кең тынысты, сүбелі нұсқалары әлі өзінің оқырмандарының еншісіне толық тиме жатыр. Жырдағы мансұқ етілген ел қорғау идеясы – қазіргі басты ұлттық құндылық. Қоғам дамыған сайын оны қорғау жолдары да сапалы түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Найзаның ұшы, қарудың күшімен қорғау заманы ғасырлар қойнауында қалды. Қазіргі заман – идеясына оның ауқаттылығына арқа сүйеп, сапалы білім, білікті маман, заманауи озық технологиялар ақпараттар ағыны мен асқынына тосқын, рухани кемелдікке ұмтылушылық пен ымырашылдық, өзара ортақ келісім арқылы қорғауға жұмылу заманы екенін болашақ ұрпаққа ұғындыру.

Зерттеу нысаны: «Қарасай-Қазі» жырын айтушылардың бір қатары ел арасында жүргендігін пайдаланып, бұл істі мемлекет қолдауымен жүзеге асырса, нұр үстіне нұр болар еді. Жыршылардың ақын – импровизаторлардың Қазақстандағы саны 600-ден асатынын ескерсек, олардан эпикалық мәтіндерді бірнеше рет қайталай жазып алу мүмкіндігінің көп екендігін көреміз. Мұндай бағытта жүргізілетін жұмыстар мен зерттеулер қазақ жыршылық өнерінің табиғатын әлі де тереңірек аша түсетіндігіне күмән болмауы керек. Себебі, жыршыдан бір-ақ рет естіген немесе жазып алған мәтін оның жыршылық өнердегі мүмкіндігін толық ашып бере алмайды. Сондықтан да жыршының бір рет орындауынан жазып алған мәтінді жырдың тиянақты, ақырғы, үзілді-кесілді варианты деп қарамау қажет. «Қарасай-Қазі» жырының барлық нұсқаларының ортақ оқиғалық өзегі анықталды. Бұл жырдың айнымайтын тұрақты оқиғалық желісі жалпы батырлық жырдың басты белгілеріне сәйкес келеді. Сондықтан да «Қарасай-Қазі» жыры идеялығы мен көркемдігі өзге халықтардан кем түспейтін, дүние жүзі жырларының таңдаулыдарының қатарынан орын алатын туынды. Жыршылардың кейбірі бұл эпосты «Қырымның қырық батыры» жырының жалғасы деп білсе, енді біреулер жеке жыр ретінде қарайды. Сондықтан, бұл жырдың өзіндік ерекшелігін басты нысан ету.

«Қарасай-Қазі жырында «ноғайлы заманы», «ноғайлы батырлары» деген ұғым көп кездеседі. Әйтсе де, жырдағы аталатын тарихи адамдар мен географиялық атауларға сүйеніп, жырдың нақ жасалған уақытын айту қиын. Жалпы алғанда, бұл жырды «ноғалы дәуірінің әдебиеті» деген атпен бізге жеткен асыл мол мұраның бірі екендігі сөзсіз.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері:

Зерттеушілер	Зерттеу мазмұны
Қашаған Күржіманұлы	«Қарасай-Қазидың» бұл нұсқасын Шәдіман Үсенбаевтың айтуынан 1964 жылы хатқа түсірген Х.Сидықов. Баспадан 1991 жылы Алматыдан «Топан» деген атпен жарық көрді. Көлемі 1627 жол.
Айса Бабатынов	Бұл нұсқа академияның қорына 1940 жылы тапсырылған. Қолжазба латын әрпімен жазылған, қазір Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорында сақталған. Көлемі басылған күйінде 141 бет, 3948 жол.

	Бұрын жарық көрмеген.
Нұрпейіс Байғанин	Бұл жырдың мәтіні 1946 жылы Алматыдан жарық көрген таңдамалы шығармалардан алынды. Көлемі басылған күйінде 76 бет, 2115 жол

Бұл келтірілген сюжеттік өзек әр мәтінде өзіндік ерекшелігімен өрілген, жырдың нұсқалары да белгілі бір ортақ оқиғалық өзекке өрнектелгенімен, композициялық құрылымы әртүрлі. Әр нұсқаның сюжеті де жоғары да көрсетілген қалыппен шектеліп қалмайды. Әрбір мәтіннің сюжетін құрайтын мотивтерді зерттегенде, бір мәтінде бар эпизодтың екінші мәтінде болмауы да, немесе керісінше бір мәтінде жоқ эпизодтың екінші мәтінде бар болуы байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Астаханова А.М. Былина. «Итоги и проблемы изучения», 1966.
2. Ахметов «Өлең сөздің теориясы». Алматы, 1973
3. М.Әуезов «Әр жылдар ойлары». Алматы, 1959

ФОКУС ЖӘНЕ ЛОГИКА – МАТЕМАТИКА ҒАЖАЙЫПТАРЫ

Ақтөбе гуманитарлық колледжі, МК-415 топ студенті

Орынбасар Жангул Шоқанқызы

Жетекшілері: Нұрғалиев Ералы Ғұбайұлы

Канибекова Алмагуль Максұтовна

Зерттеу жұмыстың мақсаты:

Логикалық ойлау қабілетін арттыру, оқуға саналы сезімге, өз бетінше еңбектенуге тәрбиелеу

Зерттеу міндеттері:

Ізденімпаздық қасиеттерге жетелеу, ойы орамды, шығармашылығы дамыған, шешен, адамгершілігі мол тұлға қалыптастыру.

> Логикалық есептердің математика курсына алатын орнын анықтау.

> Тақырыпқа сәйкес есептерді іріктеу және оларды шешу әдістерін қарастыру.

> Қосымша мағлұмат қарастыру

Зерттеу жұмысының өзектілігі:

Оқушыларды ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Ғылыми жұмыстың гипотезасы:

Оқу процесінде логикалық есептерді құрастыру, есептер жүйесін қолдану, сандардың сырларын пайдалану математиканы оқып үйренудің тиімділігін арттырады.

Зерттеу жұмыстың маңызы: Осы жобадан анықталған зерттеулер мен жинақтар математикадан қосымша сабақтарда кеңінен қолданылса, оқушыларды логикалық ой-өрістері кеңінен дамыған, шыдамдылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиеленген тұлға қалыптасады.

Зерттеу әдістері: жұмысты зерттеу, сипаттау, логикалық ойлау, әдебиеттерден іздеу

Біздің заманымызда қоғамды дамыту үшін жеке тұлғаның алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі - қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын шығармашыл, қабілетті

маман болу. Қазіргі таңда есептеу машиналарының математикалық ақпараттарды техникада, медицинада, экономикада, биологияда т. б кең қолданылуы, түрлі мәселелерді математикасыз шешуге болмайтындығын көрсетіп отыр.

Сондықтан да, әрбір оқушы математикалық сауатты болу үшін мынадай мақсаттар жүзеге асырылу керек: Ақыл - ойды дамыту; Математикалық іс - әрекеттің сипатына сай ойлауды қалыптастыру; Қоғамдық өмір практикасына қажетті математикалық ойлауды қалыптастыру; Математикалық білімді игеру мақсатында практикада қолдану; Болмысты, табиғат пен қоғамды тануға қажет математикалық мазмұндай білу. Алдына қойылған

сұрауға немесе есепті шығаруға оптималды (жылдам, сенімді және дұрыс) жауап беруге дағдылану, ұмтылу.
Математиканы оқыту арқылы мәселені талдай білуге, нақтылауға, ұғымдарды анықтауға, ой қорытулар жасауға, дәлелдеуге тағы басқа іс – жүзінде қадам сайын логикалық білім беріледі.

Логика дегеніміз – спортшыға да, бишіге де, жазушыға да керек. Өз атыңды сезімінді логикалық тұрғыда жеткізе білу де үлкен өнер. Ой – әрекетті дамыту үшін оқу материалдарына теориялық талдау жасауға, өз бетінше қорытындыға келу айрықша мән беріледі. Өз бетімен, кітаппен жұмыс жасау оқу материалдарының қандай түрлерін есте сақтау керектігін білуге, өз бетінше білімді тәжірибеде пайдалану дағдысын арттыруға мүмкіндік береді. Математика пәні ең бірінші оқушылардың қызығушылығын туғызуды талап етеді. Осы мақсатпен әр тақырыпты бастамас бұрын оқушының қызығушылығы мен белсенділігін арттыру мақсатында немесе сабақ ортасында, соңында шығармашылық есеп ретінде логикалық есептер, не болмаса тапсырмалар беріледі. Математика сабағында оқушының қызығушылығын тудыру үшін логикалық есептерді шығару шығармашылық есеп түрінде беріледі. Логикалық тапсырмалар қарапайымнан басталып, біртіндеп қиындап оқушылардың танымдық қызметін белсендіруге назар аударады. Логикалық ойлау арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Білсем, үйренсем дейді, тіпті математикаға қабілеті жақсы, зерек оқушылардың өздері логикалық есептерді құрастырады. Логикалық есептердің оқу процесіндегі маңызы зор. Мұндай есептер оқушының ойлау қабілетін, математикаға деген қызығушылығын арттыру үшін өте тиімді. Логикалық есептер математикалық олимпиадаларда, әр түрлі жарыстарда жиі қолданылады. Шығармашылық деңгейдегі есептер жоғары сыныптарда да беріледі. Осы мақсатты ескере отырып, математикаға қызығушылығымды арттыру барысында ойлау қабілетімді дамыту үшін әртүрлі логикалық есептерді шешуді жүзеге асыруда мүмкіндіктерді есептеудің тәсілдерін көрсету жөн көрдім. Арнайы формуланы қолдануға келмейтін әрқайсысына өзінше талдау жасауды қажет ететін есептерді логикалық есептер деп атаймыз.

IV. Әдебиеттер тізімі

1. w.w.wzharar.com
2. Қырық қазына Ә.Доспамбетов – Алматы 1997
3. «Математикалық басқатырғыштар» Алматы 1998 ж

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ

**Р.А. Асылбекова., Ақтөбе гуманитарлық колледжінің студенті,
Жетекшісі: Құдайберген С.П., география пәні оқытушысы.**

Тақырыптың өзектілігі: Климаттың өзгеру мәселесі бүгінгі таңда ең өзекті экологиялық және әлеуметтік мәселелердің бірі. Ғаламдық жылыну табиғат және адам үшін қауіпті жағдай туғызуда. Бұл барлық елдер мен аймақтарға әсер ететін ғаламдық мәселе болып отыр. Климаттың ғаламдық өзгеруінің негізгі себептеріне табиғи құбылыстар мен антропогендік факторлар жатады. Өткен ғасыр мен соңғы жылдарды салыстыра отырып, климаттың өзгеруін және оның күнге күнге жылынып келуін байқауға болады. XX ғасырдың ішінде жер бетіндегі орташа жылдық температура $0,6^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылады.

Жобаның негізгі мақсаты: Климаттың өзгерісіне әсер ететін факторларды және дүние жүзі бойынша климат өзгерістерінің табиғи жағдайларға әсерін анықтау.

Зерттеу объектісі: Егер де CO_2 және т.б парниктік газ қалдықтарының тасталуына ешқандай шара қолданбасақ, 2100 жылға дейігі кезең ішінде жер беті температурасы $1,4 - 5,8^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылайтындығы, континенттерде температураның ұлғаюы экватордан солтүстікке қарай одан әрі көтерілетіндігі, дауылдары мен басқа да апаттық табиғи

құбылыстардың жиіленуі, поляр аймақтарында мұз жамылғысы беті мен тау шыңдарындағы мұздықтардың азайып еруі, теңіз деңгейінің 1 метрге дейін жоғарылап, Гольфстрим ағысының жоғалып кетуіне әкеп соғатындығын дәлелдеу.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері: ҚР Президентінің қоршаған ортаны қорғау туралы Заңы мен ҚР үкіметінің қаулылары, жергілікті ғылыми қызметкерлердің еңбектері, отандық ғалымдардың ғылыми жұмыстары алынды.

Жасанды жер серіктерінің мәліметтері бойынша, 1960 жылдардан бастап қар жамылғысы көлемінің шамамен 10% азаюы байқалды. Солтүстік жарты шардың орта және жоғарғы белдеулерінде жатқан өзендер мен көлдердегі мұз жамылғыларының жату ұзақтығы 2 жұмаға, көлемі 10-15% -ға, қалыңдығы 40% -ға азайды. Теңіз деңгейі 0,1-0,2 метрге жоғарылады. Солтүстік жарты шардың кейбір аймақтарында атмосфералық жауын-шашын мөлшері 0,5-1%-ға көбейді. Соңғы онжылдықта Азия мен Африканың кейбір аудандарында құрғақшылық интенсивтілігі ұлғайды. 1950-ші жылдардан бастап түрлі табиғи құбылыстардың, атап айтқанда әлемдік мұхиттың өзгеруі, «парниктік эффект», литосфералық тақталардың тектоникасы, күн радиациясы, жер орбитасының өзгеруі, вулканизм, тағы басқалардың жиілігі, тұрақтылығы және интенсивтілігі байқалады (МГЭИК) [1].

Соңғы 50 жылда болған ғаламдық жылыну антропогендік және табиғи өзгерістермен ғана емес, антропогендік және табиғи өзгерістердің үйлесіп әсер етуімен түсіндіріледі. Көбінесе климаттың өзгеруіне парниктік газ қалдықтарының ұлғаюымен түсіндіруге болады [2].

Жер температурасын реттейтін негізгі үдерістердің бірі парниктік газдар концентрациясын түзетін және жылу энергиясы мен атмосфераның қызуы кезінде қалыптасатын «парниктік эффект». Негізгі парниктік газдар қатарына CO_2 , метан, азот қышқыл қалдығы, күкірт гексатоиді және кейбір жасанды газдарды (мысалы, фреонды) жатқызамыз. Бұл газдардың концентрациясы күннен күнге ұлғаюда, ал CO_2 концентрациясы бүгінгі таңда соңғы 420000 жыл ішіндегі ең жоғарғы мәнге ие болып отыр - 65%, метан CH_4 - 20%, галогендер - 10%, азот оксиді N_2O - 5% (МГЭИК). Климаттың өзгеруі бойынша мемлекетаралық эксперттер тобының болжауларына сүйенсек, 2050 жылға дейін Орталық Азияға су ресурстарының таусылу қаупі төніп отыр. Бұл әсіресе үлкен өзендер жүйесіне және мұзбен қоректенетін өзендерге тән.

Адам ғаламшар климатына және өзіне қауіп төндіріп келуде. Кейбір жеке аймақтар тіпті жойылуда. Мысалы, маржандық рифтер, бореалды және тропиктік ормандар, далалық батпақтар мен табиғи жайылым экожүйелері. Шығыс Еуропаның едәуір бөлігін, Ресейдің еуропалық бөлігі мен Канада және Калифорнияның орталық бөліктерінде қардан гөрі, жаңбыр күйіндегі жауын-шашынның көп мөлшері түседі. Соңғы 10 жылда Гималай мен Тянь-Шань мұздықтары 67%-ға азайды. Альпілік мұздықтардың жартысына да осындай қауіп төніп тұр [4].

Ғаламдық жылынудың белгісі – қоңыр тұмандардың қалыптасуы. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, Азияның едәуір бөлігінде құрғақ тропиктік кезеңде қалыптасатын қоңыр тұман адамдардың денусалығына едәуір зиян әсер етеді. Оның құрамына ластаушы заттар, атап айтқанда, түтін, сульфаттар, нитраттар, органикалық бөлшектер, минералдық шан-тозаң мен күл кіреді. Олар жанғыш пайдалы қазбалар мен тұрмыстық қалдықтарды жағу нәтижесінде қалыптасады. Мұндай қосылыс мыңдаған шақырымға таралып, Үнді мұхитына дейін жететін күн сәулесінің мөлшерін 10%-ға дейін азайтады.

Теңіз деңгейінің ғаламдық орташа деңгейі 1961 жылдан бастап орташа жылдамдықпен 1,8 мм-ге (1,3-2,3 мм) жоғарыласа, 1993 жылдан бастап 3,1 мм (2,43,8 мм). Сондықтан құрлықты шайып кету қаупі төніп тұр (батпақта аудандардың ұлғаюы, өзен суларының тұздануы, тұщы су горизонттарының бұзылуы, адамның мекенінің жойылуы).

1997 жылы Киото қаласында (Жапония) өткен БҰҰ -ның үшінші конференциясында «Киото хаттамасы» қабылданды. Хаттама бойынша климаттың өзгеруін алдын алу мақсатында парниктік газдар концентрациясы мөлшерінің 1990 жылмен салыстырғанда 5,2% - ға қысқарту шараларын қолдану талқыланды.

Қазақстанның климаттық жағдайы қауіпті аймаққа жатады. Мұндағы негізгі қауіп тұщы су тапшылығы және су ресурстарының аздығы.

- Антропогендік жүйедегі бейімдеушілік потенциалының төмендігі;
- Ауыл шаруашылығы әсерінен топырақтың эрозияға ұшырауы;
- Инфекциялық аурулардың салдарынан адам денсаулығының нашарлануы;
- Жерді пайданудың өзгеруі нәтеесінде биоалуандылықтың жойылуы [2].

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, температураның орташа жылдық көрсеткіші соңғы 50 жыл ішінде $1,5^{\circ}$ -қа артты (1954 – 2010жж). Климаттың өзгеруі бір қалыпты емес. Солтүстік Қазақстан облысында $1,7-2^{\circ}\text{C}$ және одан жоғары. Әсіресе қыста жылыну көрсеткіші $5-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін. Орталық Қазақстан аридизация мен шөлейттену қауіпі төніп тұрған аймаққа жатады. Балқаш және Семей аймағын қарастырсақ, мұнда бұл көрсеткіштер салыстырмалы түрде төмен $-0,6-0,83^{\circ}\text{C}$.

Қорытынды

Сонымен, бүгінгі таңда климаттың ғаламдық жылыну мәселесі ең өзекті экологиялық және әлеуметтік мәселелердің біріне айналып отыр. Жалпы ол белгілі бір заңдылықпен жүреді. Негізінен солтүстік жарты шарға тән, яғни солтүстік полюске жақындаған сайын климаттың жылыну одан әрі артады. Климаттың жылынуы зоналармен зонааралық шекаралардың, яғни аймақтардың жылжуына себепкер болады. Максималды жылыну салдарынан зоналардың солтүстік бағытқа қарай жылжу қашықтығы 350 – 400 км шамасында деп болжанады. Мұндай жағдай өз кезегінде Республикамыздың экономикасын мен табиғат ресурстарына да өз әсерін тигізбек.

Мәселені шешу жолында құрғақшылыққа қарсы шараларды күшейту, жер асты суларын қолдануды қолға алу, орман отырғызу, альтернативті энергия көздерін пайдалану; жер, күн энергиясын қолдану, қоршаған ортаны ластауда көлік кешенінің үлесін азайту сияқты шараларды қолданудың қажеттілігі туып отыр [3].

Ауа - райының жылынуы Қазақстан аумағында да өте қарқынды жүреді. Техника ғылымдарының докторы, профессор Х.Валиев соңғы 20 жылда Қазақстандағы парникті газдардың концентрациясы 2° Цельсияға көтерілгенін атап өтті [5].

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Национальный отчет о человеческом развитии, 2008;
2. Бельгибаев М.Е. Сотрудничество в изучении влияния глобального потепления на процессы аридизации и опустынивания // Материалы международной конференции. Ашхабад, 2011.- 114-118.
3. Бельгибаев М.Е. Интенсивность процесса аридизаций на территориях Северного Казахстана. // Первый международный конгресс “экологическая методология возрождения человека и планеты Земля”. Материалы Конгресса. Часть 1. – Алматы, 1997. – с. 222-226.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН КІТАПХАНАШЫЛАРЫНЫҢ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ

Студент: КТХ-305 А. Бағдатқызы

Жетекшісі: Кітапхана меңгерушісі Р. Ескарина

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Болашақта тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, қарыштап дамуы үшін сапалы білімі, саналы тәрбиесі бар отансүйгіш жастар ғана бар белесті бағындырары хақ. Болашақ ұрпақ үшін заманауи әдістер мен технологияларды енгізу, білімге қолжетімділікті кеңейту, білім сапасын арттыру. Қазақстанның одан әрі қарыштап дамуына үлкен үлес қосады.

Н.Назарбаев

Тақырыптың өзектілігі: Елбасының биылғы Жолдауында: «Қазақстан - 2050» стратегиясы барлық саланы қамтитын және үздік өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы дей келе, оның жүзеге асырылуына абыройлы міндет деп көрсетті. Білім беру саласындағы батыл қадамдарды нақтылады. Елбасымыз айтқандай «Жалындаған жастар еліміздің ертеңі»

Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осыған орай еліміздегі бірден- бір руханият ордасы – кітапхананың алар орны ерекше. Тәуелсіз Қазақстанның келешегі жас ұрпақты тәрбиелеп отырған мектеп дейтін болсақ, кітапхана осы міндетті бірге атқарады. Кітап- адамзат мәдениетінің ең ұлы туындыларының бірі, кез-келген елдің мәдениетінің ең бастысы – кітапхана. Келешекте біздің еліміз басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүру үшін қазақ балаларын ешкімнен кем қылмай, жан-жақты білімді, тәрбиелі етін шығу жолдарындағы тұлға ұстаздан кейінгі кітапханашы. Кітапханаға жоғары оқу орнынан енді аттаған білімгерлерден бастап, ғалым – ғұлама оқытушыларға дейін, өздеріне қажетті әдебиетті іздеп осы киелі мекен-кітапханаға соқпай кетпейді. Кітапхана жұмысы көзге көріне бермейтін ағысы баяу терең өзен секілді, түсінген кісі ғана ұғады. Кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы негізгі алтын көпір. Бір ғажабы, осы заманғы ақпарат тасымалдаушы технология жүйесінде «кітапханашы» маңызды буын болып саналады.

Кітапханашының басты мақсаты – елдің ұрпағын білім дариясына бағыттау үшін қызмет ету. Сонымен қатар оқырмандардың кітап оқуына жеткешілік ету жұмыстарының арасынан әдебиеттерді насихаттаудағы көпшілік жұмыстарының алатын орны ерекше. Жас ұрпаққа тәрбие беруде олардың жан-жақты дамуына, еңбекті сүюіне, үлкен өнегеге тәрбиелеуде кітапқа қатысты тәрбие жұмысының әртүрлі әдістерін кеңінен қолдану және сол әдістерді жетілдіруге тырысу;

Кітапхана — мәдениеттің жоғары деңгейі және ақпарат пен білім әлемі ретінде онда жұмыс істеген адамнан еріксіз жоғары стильді талап етеді. Жақсы сөзді дайындау өз алдына, оның мазмұның тыңдаушылардың жаны мен жүрегіне дұрыс жеткізе білу басқа шаруа. Осының барлығына дұрыс жолға қойылған сөйлеу мәнері арқылы қол жеткізу; Жаман әдеттерден бойын аулақ салуға, кітапханашыға тән оқырманмен қарым - қатынас әрекетінің мәні мен мазмұнын ашып, оның негізгі сапаларын көркем әдебиетті сүюге, бәсекеге қабілетті жастардың бойында Отаншылдық, патриоттық рухани жан-дүниесін қалыптастыру. Қазіргі заман кітапханашысы қандай болу керек ?

Біздер көріп отырғанымыздай, мемлекеттік қызметшілерге тән жұрт алдында өнеге көрсету үшін, ақ кофта, қара юбка немесе сәнге сәйкес костюм-шалбар, заманауи қара галстук тағуы керек болса, кәсіпкерлер әртүрлі инвестицалық қор салуға ыңғайлы әлемдік бәсекеге лайық түрлі түсті шаруаға ыңғайлы көйлектер, жылтырақтар т.б. жағдайда киінсе қазіргі замандағы кітапханашылар ақ немесе бір тектес кофта қара немесе бір тектес юбка киюі тиіс. Егер болып жатса өз – өзін таныстырмай ақ кеудесіне бейджик тағып жүруі тиіс деп ойлаймыз. Осы орайда тілге тиек болатыны, кітапханашылардың біліктілігінің жоғары, шәкірттерімен арадағы педагогикалық әдептілік негіздерін сақтай отырып, қарым – қатынастарда кітапханашының қажырлығы және оның қандай жағдайы болса да барлық уақытта пайдалана білуіміз керек

Ғылыми болжамы: Болашақта қазіргі заман кітапханашы бейнесі қандай болуы тиіс екенін түсіну үшін, бүгінгі күні орта білім беретін оқу орындарында жас ұрпақты оқулықпен көркем әдебиетпен тәрбиелеп жүрген кітапханашы бейнесін қайта қарауымыз керек.

Зерттеу әдістері:

- әдебиетпен жұмыс жасау әдістері;
- әдеби көздерге теориялық талдау жасау
- библиография
- сұхбаттасу

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Халыққа жолдауы «Қазақстан жолы-2050. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.» [Мәтін]: Астана 2014 жылғы 17 қаңтар // Егемен Қазақстан. -2014.-17 қаңтар.-Б.2
2. Кітапханашы анықтамалығы/ ҚР Ұлттық кітапханасы.-Алматы, 2015
3. Болатова О.Ж., Қасымжанова К.Т. Кітапхана қызметіндегі көрме жұмысы.- Алматы, ҚР Ұлттық кітапханасы, 2010.-85б.

НЕСИЕГЕ ӨМІР СҮРУ ТИІМДІ МЕ?

Сәбитов Арсен Берікұлы

Жетекшісі:Канибаева Алмагуль Максұтовна

Ақтөбе гуманитарлық колледжі.Мк-105 топ студенті

*Ғылыми жұмыстың мақсаты:*Несиеге өмір сүрудің жақсы және жаман тұстарын анықтау.

*Ғылыми жұмыстың міндеті:*Адамдарға несие және несие түрлері туралы түсінік беру.

*Ғылыми жұмыстың өзектілігі:*Несиеге өмір тиімді немесе тиімді емес екенін анықтау.

*Ғылыми жұмыстың гипотезасы:*Несиеге өмір сүру тиімді.

*Ғылыми жұмыстың маңызы:*Несие алуға шешім қабылдаған кезде несиенің барлық жақсы және жаман жақтарын қарастыра білу.

*Зерттеу әдістері:*мәлеметтер жинау,оларды сұрыптау.

Несие.Осы сөзді естігенді ойыңызға алғаш не түседі?

Несие туралы адамдардың ойы екіге бөлінеді:бірінші бөлігі несиені қолдаса,екінші бөлігі несиеге қарсы.Кімнің ойы дұрыс екенін айту өте қиын.

Несие-белгілі-бір мерзім бойы пайдаланып, қайтарылу үшін әдетте, пайыз төлеу шартымен ақшалай немесе тауар түрінде берілетін қарыз. Оның қозғалысы кезінде несиелер мен қарызгер арасында белгілі бір экономикалық қатынастар қалыптасады. Несиесің дамуы ұдайы өндіріс үрдісіндегі капиталдың ауыспалы айналымының заңдылықтарына орайлас келеді: шаруашылықтың белгілі бір телімдерінде уақытша еркін айналымдағы ақша капиталы бос қалады да, басқаларында оған деген мұқтаждық, яғни несие алу қажеттілігі туады. Капиталдың ауыспалы айналымы негізінде пайда болған уақытша еркін айналымдағы ақша капиталы, халық пен мемлекеттің ақшалай жинақтары несие көзін құрайды.

Мен осы ғылыми жұмыс барысында несие және несие түрлері туралы жалпы түсінік беруге тырысамын.Несиенің тиімді және тиімсіз жақтарын қарастыратырамын.Несие алу барысында нені ескеру керектігін көрсетемін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Математика- 6 сынып. Алдамұратова Т.А. Атамұра-2018
2. Ақша, несие, банктер. - Белоглазова Г.Н. Оқу құралы 2009.
3. Е.Н. Рудская. Қаржы және кредит.Оқу құралы. Ростов на Дону, Феникс 2008, 2008
4. <http://bai.kz//>
5. <http://kapital.kz//>

КИБЕРҚЫЛМЫС

Автор: Сапарғали Мерует Сейтқалиқызы

Ғылыми жетекшісі: Канибекова Алмагуль Максұтовна

Оқу орны: Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жұмыстың мақсаты:

Киберқылмыс туралы түсінік, әлемде жасалып жатқан киберқылмыс түрлері және онымен күресу жолдарын білу. Қылмыскерлерді заң бұзушылыққа, қоғамға қарсы әрекет жасауларына не итермелейтіндігін анықтау.

Ғылыми жұмыстың міндеті:

- әлемде және біздің елде болып жатқан киберқылмыс түрлерін зерттеу;
- ғаламтор арқылы жасалатын заң бұзушылық түрлерін қарастыру;
- ғаламтордағы заң бұзушылықтарының пайда болуының факторларын зерттеу;
- ғаламтор желілердегі алаяқтардың құқық бұзушылыққа бару себептерін анықтау.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі:

Адамдарды ғаламтордағы құқық бұзушылыққа не итермелейтінін анықтау.

Ғылыми жұмыстың гипотезасы:

Қазіргі замандағы ақпаратпен жұмыс істеу үшін киберқылмыскерлер мен киберқылмыс туралы білу қажет. Киберқылмыс үлкен жаһандық мәселе болуы және ірі әлемдік қылмысқа айналуы мүмкін.

Ғылыми жұмыстың маңызы:

Жаһандану заманындағы киберқылмыскерлердің заңға қайшы әрекеттерінің алдын алу.

Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері:

Сипаттау, салыстыру, статистика, банкоматтардың пайдалануын бақылау.

Қазіргі таңда біздің өміріміз ақпараттық-компьютерлік технологиялармен және интернетпен тығыз байланысты. Соңғы онжылдықта Қазақстан тұрғындарының 70%-ы ғаламтор желілерімен қолдану үстінде. Адамдар компьютерлерді әртүрлі мақсаттарда - жүйелік және қолданбалы программалық жасақтамалармен жұмыс істеу, электронды поштамен хат алмасу және интернеттен әртүрлі ақпараттарды алумен қатар, банк істерін жүргізу, инвестицияларды басқару, өнімдер сатып алуға дейін қолданады. Бірақ ақпараттық технологиялардың қазіргі заманғы өркениетті қоғамды қалыптастыруға септігін тигізіп қана қоймай, өкінішке орай жаңа қауіп-қатерлердің тууына қолайлы жағдай жасайтыны күпия емес. Ғаламтор желілерінде алаяқтарының қолына түсіп, қаржыларынан айырылғандар, өзге адамның атын пайдаланып, қарапайым халықты алдау көріністері, әрі адамның жеке басының деректерін жинаумен айналысатын алаяқтардың саны жылдан жылға артып бара жатыр. Бұл тақырып аясының ауқымды екені сөзсіз. Сондықтан да зерттеу тақырыбының әрбір адамға қатыстылығы мәселені тек өзекті етіп қоймай, оның ауқымды қаралуына себепкер. Жаһандану заманындағы киберқылмыскерлердің заңға қайшы әрекеттерін алдын ала білу жылдан жылға ауырлап бара жатыр. Бұл саладағы жұмыстардың нәтижелі жүргізілуіне мемлекет тарапынан көптеген қаржы құйылуы керектігі анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сүйінбай Ж. Киберқылмыс және киберпол, 2014. [<http://egemen.kz/2014/?p=30919>]
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі, 2014.
3. “KADEX-2018” киберқылмыстардан сақтану жолдары, 2018. [<https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/242141-kadex-2018-kiber-ylmystardan-sa-tanu-zholdary>]

MULTILINGUAL IN THE SPACE OF KAZAKHSTAN

Salimkereyeva Akbota Yessenkoskyzy, Sadyk Guldauren Adaybaykyzy
Aktobe Humanitarian college, student of FI-405

The relevance of the scientific work : Multilingual in the Republic of Kazakhstan is a concept aimed at further strengthening of our country. A polylingual person will always be in demand in any society. The implementation of multilingual education policy is a very important and difficult problem. If we have a lot of specialists with multilingual knowledge then we can be competitive with foreign experts, the state's economy, quality of education, the state's

condition will increase. The multilanguage country is now actual for researching. Multilingual education of Kazakhstan in the international practice is not easy work as we know. I think this problem should be implemented creatively in the field of education. According to historical facts, a lot of scientists were polyglots. “The second teacher of the world” Al-Farabi could speak 70 languages. Al-Farabi wrote 150 treatises about philosophy, logic, ethics, metaphysics, linguistics, science, geography, mathematics, medicine, music. The great son of the Kazakh people Shoqan Ualikhanov, the grandson of Abylai Khan, spoke Arabic, the Turkic languages. Also, the founder of the Kazakh literature Abay Kunanbayev wrote his works not only in Kazakh, also in Russian, Arabic and Persian.

The aim of the scientific work: to study Multilanguage level of our country.

The objects of the work:

- To research the policy of the trilingualism in Kazakhstan;
- To research trilingual education.

The hypothesis: the ways of searching Multilanguage in our country can be guaranteed in the quality of the education.

The importance: Learning and teaching in three languages make the people’s education to be in one degree with other countries and to meet the international requirement of the education. Nowadays, multilanguage gives the opportunity to the young generation to fly in the space of education and explore the secret world of science. Currently, in the field of education, intellectual level and educational life itself demands high results. Today we live in the world where a new thing can be old in the blink of an eye. Therefore, every person of our country should have the abilities of XXI century. The program “Education in three languages” concerns about the future of all our citizens, because it can make our citizens’ spiritual education according to the requirement of XXI century. Now, the idea of multilanguage is being discussed at the state level, and actively planned as a part of education reform.

The methods of researching: in my researching work the linguistic, the conversation, the analysis-synthesis methods are used.

The list of literature:

1. “New Kazakhstan in the new world” (Presidential message, 2007)
2. The 25th of words of edification by Abay Kunanbayev
3. “The implementation of multilingualism is a requirement of the day” (Ibraeva.Zh.M)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУ БАРЫСЫНДА ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сәндібекова Гүлжайна Ерболқызы

Жетекшісі: Жанар Төрежанқызы

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XX ғасырда дамыған ел дегеніміз- белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар»-деп атап көрсетті. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің алғашқы баспалдағы балабақша болып табылады.

Сол себепті әрбір балабақшаның балаларға беретін білім деңгейі өте сапалы және жоғары дәрежеде болуы қажет [1].

Қазіргі білім беру жүйесі мектепке дейінгі ұйым педагогтарынан білім сапасын арттыруды, әр балаға тұлғалық жағдай жасауды талап етеді. Мектепке дейінгі ұйымының тәрбие мен білім берудегі педагогикалық тәжірибесі жаңалықтар мен инновацияларды игерумен, енгізу және жетілдірумен ерекшеленеді.

Инновациялық қызметтің әр кезеңі педагогтардан кәсіби құзыреттілікті талап етеді. Осыған байланысты педагог кадрлар мен тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатымен мектепке дейінгі ұйымда ғылыми-әдістемелік жұмысты, инновациялық нәтижелерді басқаруды жаңаша жолға қою керек деген ой туындайды [2].

Инновациялық оқыту технологиясының тиімді үлгілерінің бірі – арт-терапия элементтерінің оқу орындарының оқыту процесінде қазақ тілінде тұңғыш рет әрі нәтижелі орындалуы, психотехниканың үлгісі ретіндегі арт-терапияның мән-мағынасы, мазмұн-ерекшелігі, өтілу барысы қазақ тілінде ғылыми әрі әдістемелік тұрғыдан сауатты баяндалып, теориялық әрі әдістемелік базасы кеңейтіліп жатыр десек болады. Арт-терапия қыз балалардың ою-өрнек салу, киіз тоқу т.б., ал бұл балалардың ағаштан оюлап ыдыстар жасаған, жасап отырып ән салуы сияқты іс-әрекеттер болып табылады.

Арт-терапия дегеніміз- өнер арқылы емдеу дегенді білдіреді. Алғаш бұл термин 1938 жылы Адриан Хиллдің санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында қолданылды.

Арт-терапияның мынадай түрлері бар: музыка , фото , сурет , құм, ертегі, би, сазбалшық, мандал терапиясы және т.б.

Соның ішіндегі, бүгінгі таңда ертегі терапиясы бұл жаңа, әрі өте жас және психологиядағы дербес бағыт. Бала тілін дамытуда халық ауыз әдебиетін орындай, жүйелі пайдалана білген әрбір педагог, баланың санасын арттыра отырып, түсінігін кеңейтіп ұғымын байытады. Баланың өзіндік дамудың субъектісі болуына мүмкіндік беретін маңызды жағдай өзіндік дамудың белгілі бір деңгейіне жету болып табылады.

Баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектесіп, адамдардың өмірде алдынан шығатын сан түрлі қиыншылықты ең соңында жеңе аларына деген сенімін нығайтады.

Ертегі терапиямен әсер ету ертегінің 4 түрінің көмегімен жүзеге асады:

Көркемдік ертегілер – халық ертегілеріне қарағанда нәзік келді. Адамның өміріндегі жеке өмірінен мағлұмат береді.

Халық ертегілер – оқу материалын түсіндіру үшін қолданылады.

Авторлық ертегілер – баланы ертегіге қызықтыру, зейінді дамыту.

Психокоррекциялық ертегілер – баланың іс-әрекетіне жаймен түзету үшін қолданылады

Ертегі терапияның жетістіктері:

-баланың сөйлеуін дамытады, сөздік қорын байытады, дұрыс диалог құруға көмектеседі, байланысты логикалық сөйлеуі, сұрақтар қоя білу шеберлігі дамиды;

-баланың эмоцияларын дамытады, бала ертегі кейіпкерлерін елестете отырып, кейіпкерлердің ішкі дүниесін ұғынуды, оларға жанашырлық танытуды үйренеді;

-мінез-құлық пен қарым-қатынастың негіздерін жасайды, бала жақсылықтың күшіне сенуге үйренеді;

-баланың қиялы, шығармашылық қабілеті артады;

-балаға жағымды эмоционалдық көңіл-күй сыйлайды;

-баланың мінез-құлқын түзетеді және жақсартады, қалыптасып келе жатқан тұлғаның жағымсыз жақтарын жеңуге көмек береді;

-баланың ертегі кітапқа деген сүйіспеншілігі оянып, әртістік қабілеті артады.

Гипотезасы:

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жүйесіндегі кішкентай бүлдіршіндермен ертегі терапиясын қолдана отырып, творчестволық жұмыстардың түрлері жүйелі жүргізілсе баланың ақыл-ой, эстетикалық, дене, адамгершілік, т/б тәрбие түрлерімен қоса жеке тұлғаның дамуына толық мүмкіндік болар еді .

Маңызы:

Терапия – емдеу деген ұғымды білдіреді, бүгінгі таңда ертегі терапиясы бұл жаңа, әрі өте жас және психологиядағы дербес бағыт. Баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектесіп, адамдардың өмірде алдынан шығатын сан түрлі қиыншылықты ең соңында жеңе аларына деген сенімін нығайтады

Зерттеу әдістері:

- Ертегі терапиясы тақырыбы бойынша әдебиеттерді зерттеу, саралау;
- бақылау, салыстыру, талдау;
- тәжірибелік жұмыстар;
- жинақталған материалдарды сұрыптау әдістері

Әдебиеттер:

1. «Отбасы және балабақша» журналы.- 2014-№2.
2. «Бала мен балабақша» Республикалық педагогикалық журнал. 2014- №4.
3. Интернет ресурс www.goo.kz/blog/viw/97/527. «Ертегі терапиясының маңызы».

ҚАЗАҚ ЭТНОСЫ ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Нагашбай Айдана Махсутқызы, Ақтөбе гуманитарлық колледжі, ШТ-105 топ студенті

Жетекшісі: Қалышев Ербатыр Қанатұлы

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алып, егеменді мемлекетке айналуы еліміздегі демократиялық өзгерістердің саяси негізі болып табылады. Тоталитарлық тәртіп құрсауынан шыққан еліміз үшін либералды – демократиялық тәртіпке өту күрделі де, қарама-қайшылыққа толы қайта - құрулар арқылы жүзеге асуда.

Мінеки, осы демократиялық қайта- құруларда халықтың саяси қатысуының мәні зор. Себебі, “демократия” дегеніміздің өзі халық билігін білдіреді.

Еліміздегі демократиялық процестің маңызды бөлігінің бірі – ұлттық гендерлік саясат. Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген, 2006-2016 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясы негізінен қоғам мен биліктің тиімді әрекет ете отырып, ерлер мен әйелдер арасындағы теңдікке қол жеткізуге бағытталған. Мұндай бағдарлы құжаттың болғандығының өзі ел басшысының әйелдердің жағдайын нақты жақсартуға бағытталған саяси ниетін аңғартады және мемлекеттік саясаттың маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Біздің елімізде гендерлік теңдік мәселесінде белгілі бір жетістіктерге қол жеткізілді, сонымен қатар, нормативті-құқықтық база да жетілдірілуде [1,120 б.].

Қазақ қоғамында әйел адамның орны әрқашанда өте жоғары бағаланған. Атамыз Бауыржан Момышұлының «Қызды тәрбиелеу, ол ұлтты тәрбиелеу» деген сөзі, бұл қыз балаға деген үлкен сенімнен туған ой. Себебі, ел болам деген халық қашанда бесігін түзеуден, яғни бесік басындағы ананың тәрбиесінен бастауы жаңалық емес. Қызды қырық үйден тыйым жасау арқылы, қызды сыртқы жағымсыз факторлардан қорғап отырған. Ал қызды ерте жастан ұзатуы кездейсоқтық емес, қазіргі кезде мамандардың зерттеуінше қыз бала 15-16 жасында физикалық-биологиялық жағынан толық жетіледі. Дегенмен психологиялық, яғни отбасылық өмірге деген көзқарасы жағынан толық жетілмеген болуы мүмкін. Бұл ретте қыздың ата-анасының таңдауының алатын орны ерекше, олардың қызының болашағын анықтауда қателеспеуі тұр. Бірақта бұл мәселе қазақ қоғамындағы өз шешімін толықтай тапқан. Мысал ретінде жас келінді өз қызындай көріп, оған өзінің аналық мейірімін көрсеткенін, «қызым саған айтам, келінім сен тыңда» деген нақыл сөздің астарынан байқауға болады. Қыз бала келін болып түскен сәттен барған жеріне судай батып, тастай сіңуі үшін сол елдегі қайын апалары, қайынағаларына құрметпен қарай отырып, оларды есімдерімен атамай, жас қайнылары мен қайын сіңілдеріне бауырмалдық танытуы үшін оларға еркелетіп ат қоюы (мысалы, қайын сіңілдеріне еркешім, нәзігім, қайныларына сері жігіт тб.), қыз баланың жат жерге тез сіңісіп кетуі үшін, ендігіде осы елдің бір бөлшегі болатынын, осы елдің ұрпағын жалғастыратынын, әріде үлкен елдің негізін құрайтынын ұғынуы. Дегенмен қазіргі кезде әйелдердің мүмкіндігі ерлермен теңестіріліп, мемлекет ерекше жағдай жасап отырғанда әйел сонымен қатар қоғамдағы орнын өзі анықтай алады [2,50 б.].

Қазақстан Республикасының Конституциясы жыныс мотиві бойынша дискриминацияға тиым салады. Қазақстан 1981 жылы ЮНЕСКО-ның «Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық формаларына жол бермеу жайлы конвенциясына» қол қойды, ал 1998 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық формаларын тоқтату жайлы конвенциясына қосылған болатын.

Дәл қазіргідей ашық қоғамда заман талабына сәйкес қоғамдағы ер азаматтар мен арулар әлемі гендерлік саяси көзқараспен қарасақ, теңескендей. Әйтсе де, қазақ қыздарының бүгінгі күнгі тәуелсіз қоғамымыздағы орны қандай?

«Қоғамдық прогрессті әйел жынысының қоғамда алатын орнымен дәл өлшеуге болады», - деп жазған екен Карл Маркс. Бұрынғы даналардың жазғандарына көз жүгіртсек, көбі әйел адамды тек «шаңырақтың сақтаушысы», «бала күтушісі» ретінде ғана қарап, қоғамдық жұмыстарға араластырмаған. Қазіргі заманда әйел адам қоғамдық жұмыстардың барлық түрінде, билік басында да, жеке кәсіпкерлікке де, әскери іске де, ғылымға да араласып жүр. Дегенмен, мәселе әйел адамдардың осы іс-әрекет түрлеріне қандай дәрежеде араласып жүргенінде.

Статистикаға зер салсақ, саяси лауазымда отырған мемлекеттік қызметкерлердің 9,5%, парламентте 11,2%, 3 министр және 3 әйел елші бар екен. Облыс және аймақ әкімдері арасында әйел жоқ. Бұл өте төмен көрсеткіш және бұның себебі стереотиптер мен қатып қалған ұстанымдарда деп ойлаймын. Біздің елде және басқа да Шығыс елдерінде бұндай стереотиптер кең тараған және оларды бұзу өте қиын. Мысалы, олардың ең көп тараған түрлері: әйел адамның негізгі жаратылысы – үй және жанұя; әйелдер жақсы басшы бола алмайды; әйелдің жұмыс істеуі балаларына жағымсыз әсер етеді, қоғамда қылмыстың өсуіне ықпал етеді; әйелдер сәттілікке ұмтылмайды; саясат - әйелдің ісі емес деген сияқты түрде болады. Бұндай көзқарасты ер адамдардың көпшілігі ұстанады десем қателеспеймін.

Әйелдер еңбек нарығында сұранысқа ие емес, 2008 жылы жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша барған әйелдердің алтыдан бірі ғана жұмысқа тұрған. Әйел адамдардың алатын жалақылары да ер адамдардыкіне қарағанда төмен, әйелдердің еңбекақысы ер адамдардың еңбекақысының 61% құрайды екен және кедейлік пен жұмыссыздық әйелдер арасында өте көп. Осының барлығы мемлекеттік органдардың гендерлік теңдік саясатын нашар жүзеге асырып отырғандығының көрсеткіші. Заңшығарушылық базаның жетілмегендігі, гендерге бағытталған заңдардың жоқтығы, әйелдер мен еркектердің формалды теңдігі осының барлығы қазіргі проблемалардың бір бөлігі ғана [3,211 б.].

Бірақ кейде гендерлік теңдік саясатының жүзеге асуына әйелдердің өздері жол бермей жатады. Бұл қазақ әйелдерінің, қыздарының табиғи және ұлттық ерекшеліктеріне және отбасында берілетін тәрбиеге де байланысты. Олардың басым бөлігі жұмыстарын тастап, үйде бала бағып отырып қалады. 5 жыл өткеннен кейін жұмысқа шықса, барлық дағдыларын жоғалтады. Содан жалақысы төмен жұмысқа орналасады немесе мүлдем жұмыс істемей қалады [4,151 б.].

Дала демократиясы ұл мен қызды бір-біріне қарама-қарсы қоймай, таразы басын тең ұстауға тырысқан, іргелес отырған кейбір отырықшы Шығыс елдеріндегі әйел затын бет тұмшалап, тіпті ер кісілер отырған дастархан басына әйелдерді маңайлатпай, оңаша «құлып» астында қамау секілді дағдылап қазақтарда атымен кездеспеген. Қазақ қоғамында қыздарда нәзіктік, ілтипаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тұрақтылық сияқты мінездерді қалыптастыру – басты борыш болған. Сонда бұл қасиеттер келешекте жарасымды жар, аяулы ана, қоғамымыздың белсенді мүшесі болатын қазақ қызының бойынан әрқашан нұр төгіледі. Сондықтан әрбір қазақ қызына ата-анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз [5,28 б.].

Пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Әйелдердің қоғам өмірінің барлық салаларына белсенділікпен және теңқұқықтылықпен қатысуы- егемен Қазақстанның өркендеу мен тұрақтылық жолында табыспен алға басуының кепілі. – Егеменді Қазақстан.- 1998ж.- 25 желтоқсан. № 256.
2. Женские организации, проекты, инициативы в Казахстане. А.: 2000.- 160с.
3. Женщины и мужчины Казахстана: Краткий статист. сб. А., 1999- 75с.

ЖАС ӨСПІРІМДЕРДЕГІ ИНТЕРНЕТ-ТӘУЕЛДІЛІК МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жауымбаева Н.Т. АГК, «Негізгі орта білім» мамандығы, МК-215 топ

Жетекшілер: Р.Т.Булебаева, оқытушы

Р.Ж.Колганатова, оқытушы

Тақырыптың өзектілігі. Азаматтар мен оқушы жастардың денсаулығын сақтау және дамыту Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан – 2050 стратегиясының нұсқалы бағыттарының бірі болып табылады.

Біздің қоғамымыздың, еліміздің болашағы жеткіншек жастарымыздың салауатты өмір салтын ұстанып, саламатты ұрпақ боп жетілуі ғалымдарды, дәрігерлерді, ата-аналарды және білім беру жүйесінде қызмет ететін педагогтарды күннен-күнге көп толғандырады. Ертеңіміздің жалғасы жастар. Ал жастардың денсаулығы жақсы болмаса, ертеңгі күннің жарқын болуы да шамалы. Соңғы жылдары әлемнің бар түкпірінде жастардың денсаулық проблемалары жайлы мәселелерді жиі қозғайтын болды. Соның ішінде жасөспірімдер арасында ауру түрлерінің көрсеткіштері жоғарылауда. Қоршаған ортаның ластануы, денсаулыққа зиянды әсер ететін экологиялық проблемалар, бұрыннан белгілі аурулар түрі көбейіп кетті. Сондықтан бұл мәселеге мемлекеттік тұрғыда мән беріліп отырғаны бекерден бекер емес.

Техника дамыған сайын адамның өмірі жеңілдей түседі. Адам өмірі жеңілдеген сайын денсаулығы нашарлайтын үрдіс байқалады. Адамзат жаңа ғасырда жаңа ауруларға шалдыға бастады. Бұл қазіргі уақыттың айқын ақиқаты болып отыр.

Сондай аурулардың бірі, жаңа ғасыр жаңа ауруы – интернет-тәуелділік. Интернетке тәуелділік дегеніміз ауру ма? деген сұраққа сан түрлі жауап алуға болады, яғни, тартысқа толы сұрақ. Бұл сұрақ бойынша да ғалымдар екі жақты тұжырым айтады.

Бірінші жақ Нью-Йорктік ғалым Ivan Goldberg-тің теориясы бойынша 1995 жылғы енгізген Интернетке тәуелділік терминін (internet addiction disorder, қысқаша IAD) жақтаушылар. Ivan Goldberg-тің теориясы бойынша мұндай тәуелділік психикалық проблема ретінде сипатталған. Интернетті шамадан тыс көп пайдаланудың нәтижесі тәуелділікті тудыратындығы тілге тиек етілген. Ал екінші жақтың өкілдері интернетке тәуелділікті ауру ретінде санауға нақты дәлелдер жоқ екендігін алға тартады, яғни, алдыңғылардың тұжырымдарына қанағаттанбайды. Себебі, ауруға тән ешқандай да синдром көрсетілмеген және интернетке тәуелділік кезінде нендей жағдайлардың орын алатындығы да анық айтылмаған деген уәж келтіреді.

Қоғамдағы өсіп келе жатқан компьютерлендіру және интернеттендіру және цифрландыруға байланысты шетелде 1980 жылдарда бастау алған интернетті патологиялық пайдалану проблемесі өзекті бола бастады. Яғни интернет-тәуелділік мәселесі көтерілді (синонимдері: интернет-аддикция, нетаголизм, виртуалды аддикция, интернет әрекет-қылықтық тәуелділік, интернетті артық (патологиялық) қолдану).

Соңғы екі онжылдық ондаған миллион адамдардың кәсіби әрі күнделікті өмірінде интернеттің кең түрде таралуымен ерекшеленеді. Интернет арқылы өмірдің барлық аспектілері жайлы ақпарат алынады, сауда, қарым-қатынас, сексуалдық және ойындық құмарлықтар жүзеге асырылады. Y.Amichai-Hamburger, E.Ben-Artzi (2003) мәліметтерінде

израильдік психологтар қазіргі адамдардың өмір аспектілерінің ішінде интернет тимей өткені жоқ деп дәл айтқан болатын.

Интернет-тәуелділігі феномені көптеген ғалымдарды алаңдатуға және осы мәселе төңірегінде медицина, әлеуметтану, физиология педагогика, экология және т.б. көптеген ғылымдар саласындағы зерттеу жұмыстары үлкен алаңдатушылықты атап көрсетеді.

Өркениеттілік, компьютерлік желілердің негативті әсері кәмелетке толмағандардың қылмыстық бағдарларын және тәуелділікті қалыптастыруы ерекше қауіп тудырады. Оның қауіптілігі мынада: тұрақты тәуелділіктің дамуы, мұнда кәмелетке толмаған бала тек қана интернеттегі ойындар, бағдарламалар жайында ойлайды, егер үйде интернетке қосылу мүмкіндігі болмаса компьютерлік клубқа бару үшін туыстарынан ақша тасиды, интернетте тым көп уақыт отырады (мектептегі сабақтарынан жиі қалады, ұйқысы қанбайды, және т.б.).

Сондықтан да аталған тақырып қазіргі таңда еліміздің болашағы болып табылатын жастарды тәрбиелеу мәселелері арасындағы өзекті мәселелер қатарына жатады деп толық сеніммен айта аламыз.

Зерттеудің объектісі: интернет-тәуелділігі және оның жасөспірім шақтағы көріністері.

Зерттеудің пәні: интернет-тәуелділігіне жағдай жасайтын факторлар, оның белгілері және механизмдері, жасөспірім жастағы балаларға интернет-тәуелділіктің ықпалы.

Зерттеудің мақсаты: интернет-тәуелділіктің пайда болу себептерін, кезеңдерін, белгілерін, механизмдерін және жасөспірімдердің дара ерекшеліктерін ескере отырып, жасөспірімдердің интернет тұтынушысы ретіндегі виртуалды және интернет-тәуелділігінің алдын алу және жою жолдарын қарастыру.

Зерттеудің болжамы: егер, интернет-тәуелділіктің пайда болу себептері, кезеңдері, белгілері, механизмдері және жасөспірімдердің дара ерекшеліктері ескерілсе, онда жасөспірімдердің виртуалды және интернет-тәуелділігін болдырмай, оның алдын алуға болады.

Зерттеудің міндеттері:

- зерттеудің тақырыбына байланысты философиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік әдебиеттерге талдау жүргізіп, ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу;

- интернет және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтауға арналған тест-сұрақшасы, К.Леонгардтың тест-сұрақшасын жүргізу;

- мақсатқа сай тәжірибелік-экспериментті жүргізу, оның нәтижелерін математикалық талдау арқылы өңдеу және қорытындылау.

Зерттеудің базасы: тәжірибелік зерттеу жұмысы мектеп оқушыларына өткізілді.

Зерттеу жұмысының құрылымы: Ғылыми зерттеу жұмысы кіріспе, екі бөлім, қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Әдебиеттер:

1.Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы 2012ж.

2.«Как справиться с компьютерной зависимостью», Краснова С.В., Казарян Н.Р.,

3.«Интернет-аддикция в подростковой среде», Пережогин Л.О.,

<http://www.rusmedserv.com/psychsex>

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ - ҒАНИ МҰРАТБАЕВ

Тулемисова Арай Кайсаровна

Ақтөбе гуманитарлық колледжі, МД -105 топ студенті

Жетекшісі: Ильясова Гульнур Бакыткереевна

Зерттеу жұмысының мақсаты: Ғ.Мұратбаевтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметін жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан қорытып, бұрын тарихымызда

белгісіз болып келген немесе әдейі бұрмаланған тұстарын тың деректерге сүйене отырып тарихи шындық тұрғысынан зерттеу, оның шынайы келбетімен қайталанбас ерекшеліктерін ашып көрсету және өзі өмір сүрген және қызмет еткен қоғамның дамуымен байланыстыра зерттеу, саяси көзқарасына талдау жасау.

Мақсатқа жету үшін алға қойған міндеттер:

- Ғ. Мұратбаевтың қоғамдық, саяси, мемлекеттік және ғылыми қызметіне қатысты барлық зерттеулерді саралап, ол туралы баға берген еңбектерді талдап, қарастыру;
- Ғ. Мұратбаевтың өскен ортасы, білім алған орны мен ағартушылық қызметінің саяси күрестегі орыс зиялылары арасындағы арақатынасын салыстыру арқылы оның дүниетанымын, саяси көзқарасының өсуінің ішкі мазмұнын, табиғатын ашу;
- Кеңестік билік тұсында атқарған мемлекеттік, ағартушылық және ғылыми қызметтерін баяндау;

Тақырыптың өзектілігі:

Түркістандық шығыс жастарының көшбасшысы Ғани Мұратбаевтың Кеңес үкіметі тұсындағы қайраткерлік өмірі мен қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметтері туралы тарих саласында осы күнге дейін толық, арнайы түрде ғылыми тұрғыдан зерттелмеген тұстарын кешенді түрде ашып көрсету тақырыбымыздың өзектілігі болып отыр.

Зерттеу жұмысының маңызы: Кеңестік қоғам дамуындағы ұлт тұлғаларының тарихтағы орнын, мемлекет және қоғам қайраткері Ғ. Мұратбаевтың өмірі, қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметін қарастыру.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізі. Зерттеу жұмысын жазу барысында соңғы жылдары Отандық тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістерді негізге алдық. Танымдық мүмкіндіктердің көбеюі зерттеу негізіне саяси, тарихи-мәдени, өркениеттілік тәсілді қолдануға жол ашты. Әрбір өркениеттің өзіндік ерекшеліктерін тану, оның біртұтастығы, өзіне тән мәнге ие тұрақты жүйе, өмірлік философиясы, құндылықтар жүйесі және тарихи-мәдени дәстүрлерді, соған сәйкестендірілген халықтардың, жеке тұлғаның өмірі, әлеуметтік және саяси институттары, ұлттық басымдылыққа ие ұсыныстар мен құндылықтарын неғұрлым терең танып білуіне деген ұмтылыстарға әкеледі. Міне, осындай тәсілдерді пайдаланудың нәтижесінде жарық көрген ұлт зиялыларының өмірі мен қызметін зерттеу мәселелері бойынша қалыптасқан жаңа ғылыми тұжырымдамалар мен ұлттық ғылыми мүдде ұстанымдар негізі болып табылады. Зерттеу әдістемелік негізіне ғылыми танымның жүйелілік, салыстырмалы талдау және тарихи шынайылық ұстанымдары қолданылды.

Зерттеу барысында әдістемелік негізі мен тұғырнамалық ұстанымдарын қалыптастыруда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына (18 ақпан 2005 жыл) Жолдауындағы «Ғылым халыққа қызмет етуі керек» деген сөзі басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының ғылыми гипотезасы:

Зерттеудің ғылыми жаңалығы алға қойған міндеттің өзектілігінен, тарихнамалық зерттеулерден, яғни отандық тарихта Ғ. Мұратбаевтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметінің тарихы осы уақытқа дейін арнайы тақырып ретінде шынайы тұрғыдан зерттелмеуінен туындайды.

Зерттеу жұмысының басты ғылыми жаңалығы - мәселенің кешенді түрде зерттелуі. Зерттеу жұмысының негізіне – Ғ. Мұратбаевтың қоғамдық саяси қызметінің алуан түрі: үгіт-насихат жұмысы, қоғамның саяси-экономикалық жағдайы туралы Орталық үкіметке жолдаған талаптары тарихы ғылыми негізде жан-жақты талдануында. Көптеген деректердің алғаш рет зерттеліп және олар ғылыми айналымға алғаш енгізіліп отыруында. Сондай-ақ осы деректердің негізінде Ғ. Мұратбаевтың өмірбаянына қатысты жаңа мәліметтер де анықталды.

Зерттеудің негізгі ғылыми жаңалығы тың деректерді ғылыми айналымға тарта отырып, Ғ. Мұратбаевтың қоғамдық-саяси, ағартушылық, мемлекеттік қызметтерін ұштастыра отырып қарастыруға әрекет жасалынды.

Ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері:

Зерттей келе ғылыми жұмыстың мазмұнынан туындайтын ойлар жүйеленіп, тұжырымдары нақтыланды.

Ғани Мұратбаев өмірі мен қоғамдық қызметін зерттеу барысында көз жеткізетін бір шындық оның өз заманында-ақ «Болашақ – жастардікі», – деп жастардың білім алып әлеуметтік прогресс жолына түсуіне, саяси санасының өсіп-жетілуіне өз үлесін қосып, халқының өркениеттік жолға түсуі үшін міндетті түрде ғылым мен білім ең өзекті проблема екендігін алға тартады. Әйел теңдігі, отырықшылық сияқты сан-салалы әлеуметтік келелі мәселелер төңірегінде айтылған құнды пікірлерінің болуы және бұл идеялардың бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін де мәнділігін жоймауы оның өміршендігін көрсетеді.

Жалпы қоғамдық-саяси өмірде болып жатқан түрлі құбылыстарға белсене араласқан Ғани Мұратбаев ХХ ғасырдың басындағы ұлттық ояну мен жаңғыру идеяларына бой ұрған, ұлт мүддесін ойлап, өзінің халқына қалтқысыз қызметі арқылы халқын ағартушылыққа шақырған қайраткер ретінде таныла білді. Ғани Мұратбаевтың ар-ождан, моральдық қасиеттерді санаға сіңіріп, жеке адамды қалыптастыру арқылы мемлекетті нығайту, өркениетті деңгейге көтеру идеяларының мазмұны мен мағынасы бүгінгі күні де өзінің мәнін жоймайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мұсабаев Н.Т., Мұсабаева А.Н. «Ортаймаған қазаны - қасиетті Қазалы» Алматы: Денсаулық 1998 200 б
2. Ғани Мұратбаев: зерттеулер мен құжаттар жинағы. Алматы: Арыс, 2002, 300б
3. Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. 34-қор, 1-тізбе, 97-іс.

КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА. МАҚАЛ – МӘТЕЛ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДЕГІ «УАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ

Уксикбаева Амангүл Қуандықовна

Ақтөбе гуманитарлық колледжі. КТ- 420 топ студенттері

Мақсаты: Қазақ тіл білімі антропоцентристік парадигма аясында тілді диалектика-динамикалық құбылыс ретінде қарастыру арқылы оның айнала қоршаған ортамен, ақиқат әлеммен, әрі адамдық факторлармен сабақтастығын зерделеу мәселесі бүгінгі таңдағы қазақ лингвистикасының теориялық тұрғыда даму бағытымен қатар, әлемдік лингвистика деңгейіне теңесер тұғырын айқындауға мүмкіндік туғызады. Қоғам мен ғылымның қазіргі уақыт сұранысына сәйкес дамуы лингвистика ғылымына өзіндік ықпал етіп, лингвистика ілімінде жаңа ғылыми бағыттар мен көптеген тоғыспалы ғылыми пәндер пайда болуда. Осыған орай, қазақ тіл білімінде тіл табиғатын адам болмысымен, оның ойлау жүйесі мен тұрмыстық өмірдегі қимыл-әрекетін ұштастыра зерттеу мәселесі арқылы тіл мен таным ұғымдарына назар аударудың негізінде, шынайы өмір құбылыстарын қабылдау, оның көптеген қыр-сырын ой елегіне салып екішеу, соның нәтижесінде жинақталған ақпараттарды адам жадында сақталар қор ретінде жүйелеу мәселесі сайып келгенде тілдік бірліктердің табиғатына әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды анықтауға өзіндік септігін тигізеді.

Осы аталған мәселенің мәнісін терең бойлау үшін ұлт таным контексіне байланысты сол тілді тұтынушы тіл иесі адамның тілтанымдық әлеміне баса назар аудару арқылы тілдің танымдық қызметін көруге болады. Тіл білімінің когнитология ғылымымен тоғысу когнитивтік лингвистика ғылымын дүниеге әкелгені мәлім. Мұнда тіл пәлсапалық, логикалық және танымдық қағидалармен өзара бір тұтастықта қарастырып, адамның танымдық көкжиегінің тілдегі көрінісін зерделеу мәселесі өзекті тілдік мәселелер ретінде күн тәртібінен орын алуда.

Адамзат тіршілігіне тыныс беретін басты тетік болып табылатын тілдің танымдық табиғатына сөз мағынасының ішкі нәзік иірімдеріне зер салу арқылы ұлттық болмысты концепт арқылы көрсету, тіл мен танымның бірлестігін адамның қабылдау, пайымдау, ойлау т.б танымдық әрекеттерімен өзара сабақтастықта қарау арқылы барша адамзаттық ортақ ұстанымдарға қол жеткізу қазақ тілінің өрісін кеңейтуге деген талпыныстан туындаған мақсат.

Міндеті: Тіл біліміндегі зерттеулердің негізі бүгінгі таңдағы жаһандану процесіне төтеп беруге қарсы ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып түсіну үшін, тілдік бірліктерді тіл мен танымның тұтастығы, тіл мен мәдениеттің сабақтастығы тұрғысында тілдік емес лингвофилософиялық мәнділіктермен өзара сабақтаса «ғаламның тілдік бейнесі» деген күрделі теорияның ыңғайына сай негізделіп зерттеу ісін жүргізу бағыты кеңінен етек алуда.

Ғаламның тілдік бейнесі тілдің лексикалық қабатындағы әр түрлі концептілер негізінде көрініс беретін, адамзаттың ақыл-ойынан инсандық қасиеттерінен туындаған жетістіктерін қамтиды. Тілдің негізінде танылатын концептілер – тіл иесі этностың дүниетанымының көрсеткіші. Концепт құбылысы когнитивтік лингвистикада ғаламды танудағы танымдық механизмі ретінде қарастырылады. Өйткені қандайда болмасын этностың өзіндік жаратылыс болмысын танытатын тілдік бірліктерді концепт ретінде танымдық тұрғыда қарау керектігі және тілді зерттеудің когнитивтік парадимасы «дүниені тіл әлемінде тану» қағидасына негізделіп жүргізілуі – бүгінгі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі.

Өзектілігі: Когнитивтік лингвистика – тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі, антропоцентристік парадиманың қатарына жататын тоғыспалы ғылым саласы. Когнитивтік лингвистика - тілдің танымдық табиғи болмысын зерттейтін ғылым. Ғылыми жұмыста ғылымдағы тоғыспалы процестің нәтижесінде туындаған когнитивтік лингвистика ғылымының қалыптасуы мен дамуы тарихы, өзіне тән категорияларына қатысты теориялық мәліметтер берілген.

Сонымен бірге когнитивтік лингвистиканың теориялық мәселелерімен категорияларының қазақ тіл біліміндегі даму кезеңдері мен зерттелу тарихы баяндалған. Заман озған сайын тіл мәселесі тек тілші мамандарға ғана емес «адам-қоғам – табиғат» сабақтастығын қарастыратын барша мамандық иелеріне де үлкен ой салуда. Демек, тілдің жаратылысын, болмыс-бітімін, табиғатын т.б. этнографиямен, философиямен, психологиямен, когнитологиямен, мәдениеттанумен ұштастыра зерттейтін тоғыспалы ғылыми пәндердің қалыптасуы заңды құбылыс. Сондықтан ұлт болмысы тілдік танымдық әрекетпен, кеңістікпен, мәдениетпен, өркениетпен сабақтастықта қарастырылады. Демек, тіл - қарым-қатынас жасаудың құралы ғана емес, дүниетанудың механизмі, этностың бүтіндігін сақтайтын қамал.

«МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ШОЛПЫ» ӨЛЕҢІНДЕГІ ШОЛПЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**Ақтөбе гуманитарлық колледжі Мд-101 тобының студенті Кари Ақерке Азаматқызы
Жетекшісі: Шаматова Венера Қуанғалиқызы**

I. Кіріспе

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Дауылпаз ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірден өз орнын анық тауып, артына өшпес мол мұра қалдырғанын анық білеміз. Оның лирик ақын екені де баршаға аян. Лирикалық өлеңдері де өте мол. Қазіргі таңда Мағжан жырлары кеңінен насихатталуда. Мектеп бағдарламасынан да білеміз. Мағжанның “Шолпы” атты өлеңінде қазақ қызының өн бойына жарасқан әшекей бұйымдарының бірі – шолпыны өте таза шынайы суреттеуі байқалады. Сондықтан Мағжанның “Шолпы” өлеңін оқи отыра, халқымыздың тарихи құндылығы саналатын шолпының тәрбиелік мәні мен оның түрлерін кеңірек таныстыра кетуді жөн көрдім.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Мағжанның “Шолпы” өлеңі арқылы қазақ халқының көнеден қалған әшекей бұйымы екенін дәлелдеу;

Шолпының түрлерін анықтап, оның тарихи құндылығын зерттей отырып, тәрбиелік мәнінің өте жоғары деңгейде екенін дәлелдеу:

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- o Мағжан Жұмабаевтың “Шолпы” өлеңін оқып талдау;
- o Шолпының түрлерін анықтап, жасалу жолына тоқталып, зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- o Шолпының тәрбиелілік мәнін ұғыну;
- o Жиналған материалдарды бір жүйеге келтіру;
- o Шолпы туралы жазған ақын - жазушылардың, сазгерлердің шығармаларымен танысу;

Ғылыми жобаның зерттеу әдісі:

- Жинақтау, топтау;
- Салыстыру;
- Өзіндік ой топшылау;

Нәтижесі мен қорытындысы:

- o Шолпыны тек қана қыз балалар мен бойжеткендер тағады;
- o Қазақтың әшекей бұйымы шолпының сыңғыры қара ниетті күштерден сақтайды;
- o Шолпы арқылы қыздың жасын, әлеуметтік тобын, қай жақтан екендігін аңғаруға болады;

II. Негізгі бөлім.

- Қандай зергерлік бұйымды ұнатасың?- десе, көп адамдар сақина мен сырғаны атайды. Ал мен Мағжан ақын жырлап өткен шолпыны ұнатамын. Осы жұмысым арқылы оны дәлелдегім келеді.

2. 1 Мағжан Жұмабаев - лирик ақын.

Әдетте Абайды философ ақын,

Мағжанды лирик ақын дейміз.

Абай ақылдың ақыны да,

Мағжан сезімнің ақыны.

(С. Мұқанов)

Мағжан Жұмабаев поэзия әлеміндегі жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Оның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін ХХ ғасырдың басында - ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді. «Өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет тұрғызған, сөзге жан бітірген, жаңа өлшеулер шығарған» Мағжанның осындай қасиеттерін, ішкі шығармашылық құдіретін жұрттан бұрын байқаған әрі аса жоғары бағалаған Мұхтар Әуезов: «Мағжан мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай... Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» деп жазды. [5. 264]

Мағжанның таза махаббат тақырыбына арналған лирикасы — аса көркем мұра. Табиғатынан жаны сұлу сыршыл ақын адамның ең асыл сезімін жеткізуге келгенде ғажап шеберлік танытады. "Сүй, жан сәулем", "Сен сұлу", "Жұлдызды жүзік, Айды алқа қып берейін", "Шолпы", т. б. өлеңдерінде Мағжан адамға тән осынау ұлы сезімді аса биікке көтере жырлайды. Ақынның лирикалық қаһарманы үнемі ғажайып сезімнің құшағында жүреді. Шын сүю — Мағжанның ұғымында әрі ләззатты, әрі азапты күй. Қуанышы да мол, азабы да аз болмайтың сезім. Ақынның сезімі кіршіксіз мөлдір. Сонымен бірге ол махаббатқа шексіз адал. Сүйген жанының бір сәттік қуанышын ол патшаның тағына да, дүниенің малына да айырбастамайды. Сүйген жары үшін не қиындыққа да төзуге даяр.

2. 2 Мағжан Жұмабаевтың “Шолпы” өлеңі.

"Шолпы" өлеңіндегі: Сылдыр, сылдыр, сылдыр, Қанымды қайнатты құрғыр. Шық - шық жүрекке тиеді, Күлпәра талқан боп сыңғыр, — деген жолдардағы қазақ қызының шашына

таққан шолпысының сыңғыры әркімнің құлағына қазір де жетіп тұрғандай әсер береді. «Шолпы» өлеңінде бір жағын әзіл, бір жағын шын етіп, ақын киіз үйді айнала жүретін ауыл қыздарының шаштарына таққан шолпы сылдырының көңіл ынтықтырар әсерін жазады:

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

Өзекті өртеді құрғыр.

Әдейі іргеден жүреді

Сұлу қыз санадан солғыр!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр

Жүректі жандырды құрғыр.

Кеудені кернеді жалын,

Сәулем, періштем, тез кір!

Риза болып, сүйсінген көңіл көрінеді. Шолпы сылдырлаған сайын естушінің жаны кіріп, құлағы да, жүрегі де елеңдеуде. Бұрынғы ауыл тұрмысының осы кішкене бір этнографиялық суреті қазірдің өзінде көңіл толқытады. Шолпы иесінің сұлу кескіні көзалдыңызға келгендей. Ал шолпысылдырын ақ біршақырымнан естіліп, тындағанның діңкесін құртып – ақтұрғандай көрінеді. [5. 76]

III. Қорытынды бөлімі.

3. 1 Қазақтың ұлттық зергерлік өнері

Зерттеу жұмысымды қорытындылай келе, Мағжан Жұмабаевтың “Шолпы” өлеңі арқылы шолпының тәрбиелік мәнінің өте жоғары екеніне көзім жетті. Шолпыны қолдану қыз балаға үстеме сұлулық пен нәзіктік беретінін білдім.

1) Шашқа тағатын ұлттық әшекей шолпының түрлерімен танысып, олардың жинағы жасалады.

1)Халқымыздың шолпыға байланысты туған қазақ қызына берілетін тәрбие және ырымдарымен таныса отырып, өзімізге келешекте есте ұстайтын салт – дәстүрін жинадым.

2) Шолпының жасалуына байланысты зергерлердің тәжірибесімен таныстым.

3) Өзіндік сараптама жасадым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987ж. 25 бет
2. Әуезов М. “Абай жолы” роман – эпопеясы I том Алматы. 1989 ж 154 бет
3. Әлімқұлов Б, Әбдіраманов Е «Әдебиэтнографиялықтаным», Алматы «Санат»2009ж. 180бет

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ АҚҚУ БЕЙНЕСІН БЕЛГІЛІ НЫШАН РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУЫ»

**Ақтөбе гуманитарлық колледжі Мд-101 тобының студенті Байбақтиева Ақерке
Азаматқызы**

**Ақтөбе гуманитарлық колледжі Мд-101 тобының студенті Байбақтиева Альбина
Самғатовна**

Жетекшілері: Шаматова Венера Қуанғалиқызы, Наменова Гулсим Жуматаевна

Зерттеудің мақсаты: Аққу бейнесін қазақ ақын-жазушылардың шығармаларындағы белгілі нышан ретінде пайдалануын анықтау. Жас ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын жаңғырту, тәрбиенің бір құралы екенін дәлелдеу.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Ақын-жазушылардың шығармаларындағы аққу бейнесімен танысу асыл қасиеттерді дамытуға зор мүмкіндік береді.

Зерттеудің кезеңдері:

1. Киелі құс түрлері туралы, ақын-жазушылардың шығармаларындағы аққу бейнесі туралы материал жинақтау, қосымша материалдар көзін іздеу.
2. Жинақталған материалдарды қорыту, жүйелеу.
3. Зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы нақты нәтижелер алу, жинақталған материалдарды дайындап ұсыну.

Қолданылған әдістер: салыстыру, талдау, бақылау, сауалнама, әңгімелесу.

Зерттеудің жаңалығы: Қазақ әдебиетінде аққу бейнесін белгілі нышан ретінде пайдаланылған ақын-жазушылардың шығармаларын жүйелеп көрсету.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Рухы биік өскелен ұрпақтың қазақ ақын-жазушылардың шығармалары арқылы киелі құстың бейнесінен сезіліп тұрған тектілік, адалдық, сұлылыққа сүйсінуде тәрбиелік маңызы зор.

Зерттеудің мақсаты: Аққу бейнесі қазақ ақын-жазушылардың шығармаларындағы белгілі нышан ретінде пайдалануын анықтау. Жас ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын жаңғырту, тәрбиенің бір құралы екенін дәлелдеу.

Зерттеудің міндеттері:

- Аққу, оның түрлері, тыныс тіршілігі туралы мағлұмат беру, шығармалардағы ортақ тақырыпты ашудағы көркемдік әдіс-тәсілдерін талдау;
- Көркем шығармалар арқылы табиғаттың сырлы көріністерін тамашалап, сұлулығын сезіне отырып, қиялды ұштау, сөйлеу мәдениетін дамыту;
- Адам жанының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып, аса қамқорлықпен табиғатты аялауға, қоршаған ортаны қорғай білуге, ізгілікке тәрбиелеу.

I. Кіріспе

Қазақ әдебиеті көне дәуірден аса бай ауыз әдебиеті мен сөз маржанын сақтап келеді. Әдебиет арқылы халық тарихы, ұлттық мәдениет пен өнер, дәстүр, дүниетаным, арман-мұңы ұрпақтан ұрпаққа жетіп отыр. Адам - табиғаттың бір бөлігі, табиғат - адам өмірінің бөлігі. Адам табиғатты толық түсінгенде, оның ішкі жан дүниесі, рухы асқақтай бастайды. Бұл жұмыс қазақ әдебиетінің ақын-жазушылар шығармаларындағы аққу бейнесін белгілі нышан ретінде пайдалануы туралы кең көлемде деректер келтіріле отырып зерттелінген. Таныс деректі затты ала отырып, көптеген қазақ ақын-жазушылардың шығармасына арқау болған әдемі құс туралы және аққуды өз шығармаларында нышан ретінде пайдалану туралы тың материалдармен тақырыптың өзектілігін аштым.

Қазақ әдебиетінде ғажайып табиғатты, аңдарды, құстарды жырлайтын көптеген шығармалар бар болса да, бірақ қазақ халқы ежелден аққу құсты ерекше бағалап, құс падишасы деп санаған. Әрқашанда кербез аққуларға қарап, адамның ішкі жан дүниесі толқып, бір тылсым сезімге толары анық. Тұла бойына сұлулық тұнған аққу - кіршіксіз тазалықтың, қылаусыз да кінәратсыз пәктіктің нышаны. Неліктен бұл бейне әлі күнге дейін ақын-жазушыларға соншама шабыт береді? Уақыт өте келе оның мәні өзгереді ме? Қазақ әдебиеті сабақтарында біз көптеген табиғат жайлы сыр шертетін өлең, поэма, романдармен таныстық. Менің ойымша, сол шығармалардың бәрінде аққу бейнесі ең жарқын бейне болып табылады. Сондықтан өзімнің зерттеу жұмысыма «Қазақ әдебиетінің ақын-жазушылар шығармаларындағы аққу бейнесін белгілі нышан ретінде пайдалануы» деген тақырыпты таңдадым.

II. Негізгі бөлімі.

2.1. Аққудың ерекше қасиеттері.

Аққулар - өте сымбатты құстар. Қазақ халқы қыздарының сұлулығын осы киелі құспен салыстыра сөйлеген. Аққулар жұптасатын құстардың түрі, жұбынан айырылған кезде олар адамдар сияқты қайғырады, көз жасын тастайды және өлуге де баруы мүмкін. Жесір аққу биік аспанға ұшып, соңғы «әнін» айтып, жерге қарай зуылдап, тасқа соғылып өледі.

2.2. Ауыз әдебиетінде аққу бейнесі.

Қазақтың аңыз ертегілерінде көп кездесетін киелі кейіпкер аққу арулар, аққудың кербіні киіп көк аспаннан ұшып келіп, айдын көлге шомылатын асқан сұлу қыздар. Аққу мен ақ қаз жайындағы ел санасында мифтік түсініктен туған аққу сұлулықтың символы,

айырылмас адал жардың бейнесі, ел жұртқа тұлға болған ардақты ананың бейнесі есептелген. Мифтік аңыздардың айтуы бойынша, қазақ халқы батырлардың пірі деп сыйынатын Баба Түкті шашты Өзіз бір күні өзенінің жағасына келіп, көктен аққу болып ұшып келіп, кебін шешіп қойып, өзен суына шомылып, шаштарын алтын тарақпен тарасып отырған үш ару қызды көреді де, ең кіші қыздың кебін тығып қояды. Екі үлкен қыз кебін киіп, аққу болып аспанға ұшып кетеді, ал кебінен айырылған кіші қыз кете алмай, Баба Түкті шашты Өзізге жар болып, қосылуға разылық білдіреді, бірақ оған үш шарт қояды « өкпемді көрме, өкшемді көрме, желкемді көрме» дейді. Ол мұның бәріне мақұл болып үйленеді, бірақ жүре келе бұл шарттарда қандай хикмет барлығын білгісі келеді. Байқап қараса, әйелдің желкесінен миы, қолтығынан өкпесі, өкшесінен қызыл асығы көрініп тұрады. Үш шарттың бұзылғанын білген ару, қайтадан аққу кейпіне келіп, көкке ұшып кетеді. Бұған өкінген Баба Түкті шашты Өзіз өмір бойы үйленбей әйелсіз өтеді. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде аққу бейнесі – асқан сұлулықтың белгісі, сиқырлы күш иесі,

III. Қорытынды бөлімі.

3.1. Қазақ әдебиетінің ақын-жазушылар шығармаларындағы аққу бейнесі

Махмұд Қашқаридың «Қордайдың аққу - қазы қаңқылдайды», Асан Қайғының «Құладың құстың қоры еді» өлеңдері, Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы», Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмалары, Ілияс Есенберлиннің «Аққу құстың қуанышы» романы, Марфуға Айтқожинаның «Аққу жүрек» өлеңі, Ғарифолла Есімнің «Ақ өлең – аққулы мекен» роман-эссесі халқымыздың аққуға деген сүйіспеншілігінің белгісі болып есептелінеді.

Махмұд Қашқари - XI ғасырда өмір сүрген түркі ғалымы, өз заманының аса білімдар филологы, тарихшысы, этнографы, географы. Ол - түркі, араб, парсы тілдерін толық меңгерген, түркі әлемінің тіл өнерінің өрісін кеңейтіп, өркенін өсірген ғұлама. Махмұд Қашқаридың «Қордайдың аққу - қазы қаңқылдайды» өлеңінде аққу құсты табиғат көркі ретінде көрсетілген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://moldir-bulak.kz/> . Демеуғалиева Г. Қалша Қыдыр. Мақала.«Мөлдір бұлақ» журналы. 2009 жыл
2. Ғаламтор ресурстары: kitap.kz/audiobook/5229 Қашқари М. Қордайдың аққу- қазы қаңқылдайды. Аудиокітап — Kitap.kz
3. Тұрсынғалиева С. Ч., Берекенова Ә. С. Сәкен Сейфуллин «Аққудың айырылуы» поэмасы. Қазақ әдебиеті. Оқулық. Астана «Арман-ПВ» баспасы, 2016 жыл – 81 б.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУ МЕН ӨНІР ОЙЫНША БОЛАШАҚ ТУРИСТІК МАРШРУТЫН САЛУ

Ақтөбе гуманитарлық колледжі Мд-101 тобының студенті Смагулова Калима Аскарарна

Жетекшісі: Шаматова Венера Қуанғалиқызы, Сарбасова Роза Әбжанқызы

Жұмыстың мақсаты – Ақтөбе облысының туристік потенциалын көрсету және облыстағы туризмнің жағдайы мен даму перспективаларын қарастыру. Ақтөбе облысының туристік инфрақұрылымына сипаттама беру және дамыған туризм түрлерін қарастыру.

Зерттеудің ғылыми болжамы:

Жұмыстың міндеттері:

- Ақтөбе облысының туризм дамуы жайлы толық мәлімет беру;
- қандай табиғи ресурстарға бай екенін анықтау;
- туризм түрлеріне сипаттама беру;

Жұмыстың зерттеу нысаны – Ақтөбе облысының туризм саласын дамыту, өңіріміздегі туристік аймақтарды паш ету.

Зерттеу әдістері:

- мәліметтергесәйкес ақпарат көздеріналу;
- алынған ақпарат қасалыстырма жұмысын жүргізу;
- соңында түрлі бағыт бойыншы талдаулар жасау;

Зерттеудің

жаңалығы: Бүкіл дүние жүзілік туристік ұйымының маркетингтік қызметтері зерттеулерінің мәліметтері бойынша Ақтөбе облысында туризмді дамытудың мүмкіндіктері мол, әрі Ақтөбе облысының туристік потенциалы жеткілікті.


I. Кіріспе

Облыстың туризмі Ақтөбе облысының әкімшілік тарапынан қолдау табуда. Облыста туризмнің дамуына көптеген мүмкіншіліктер бар. Олар табиғи рекреациялық ресурстар, тарихи-мәдени ескерткіштер. Шыны керек, туризм индустриясында дамыту сан-салалы жұмыстарды жолға қоюдан басталады. Ең бірінші біз өз өңірімізді ішетелдіктерге барлық жағынан таныстыруымыз керек. Олардың қызығу шылығын тудырып, туризмді дамыту туралы жаңа бағыттар ашу керек. Сондықтан біз облыстағы инфра-құрылымды дамытуымыз керек және туристік объектілерді тарихи және мәдени ескерткіштерді, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануымыз қажет. Қазіргі таңда Ақтөбе облысында туризмнің қарқынды дамуына бағытталған, тиімді бағдарламалар жасалынып, әрі біртіндеп атқарылуда. Осы бітіру жұмысымда мен Ақтөбе облыстық туризмнің қазіргі жағдайы және болашағы, оның дамуының ерекшеліктері, мәселелері мен оларды шешу жолдарын қарастырдым. Ал Ақтөбе облысы болса қазіргі туристердің барлық сұраныстарын қанағаттандыра алатын, ерекше туристік мүмкіншілігі бар орталық болып дамып, жетіле алады. Өйткені облыстың басқа аймақтармен салыстырғанда төмендегідей өзіндік ерекшелігі бар, олар: Экономика салаларының дамуы; тарихи-мәдени ескерткіштердің ерекшеліктері; Мұражайлардың, мәдени-көңіл көтеру орындардың, этнографиялық жүйелердің болуы. Сонымен Ақтөбе облысы қазіргі кезде мықты туризм инфра-структурасын дамытуға арналған барлық ресурстар мен факторларға ие.

II. Негізгі бөлімі.

2.1. Ақтөбе облысындағы болашақ туристік маршруттың сызбанұсқасы.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін туризм инфра-құрылымының маңызды бір бөлігі ретінде қарастыру қажет, сол себепті мен Ақтөбе облысындағы болашақ туристік маршруттың сызбанұсқасын ұсынып, осы нұсқа бойынша өңірімізге қыдырып келген турист-қонақтарымызды қыдыртып, аралатуымыз қажет.



Ақтөбе облысындағы «Мәдени Мұра» бағдарламасына енген тарих және мәдениет ескерткіштері.

«Мәдени Мұра» мемлекеттік бағдарламасының

- Ақтөбе облысындағы археологиялық зерттеуі қорымдар, кесенелер және мазарлар. Ақтөбе облысындағы бүгінге дейін жеткен халықтық сәулет өнері ескерткіш туындыларын жан-жақты зерттеп, мәдени мұра бағдарламасына және туристік маршрутқа енгізу керек. Көрсетілген мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі міндеттерді шешу жөн деп есептедім.

- Ақтөбе өңіріндегі маңызды тарихи-мәдени және

сәулет ескерткіштерін қайта жағырту;

- Ескерткіштердің шығу тарихын анықтау;

- Облысымыздың әртүрлі аудандарындағы ескерткіштердің өзіндік ерекшелігін ашып көрсету;

Ұлан байтақ Ақтөбе өңірі мыңдаған жыл бұрын түрлі тайпалардың алмасуы мен көшпелі халықтардың ұзақ қоныс тепкен жері болған. Табиғаттың тарылмаған байлығы мен жағрапиялық жағдайы көптеген тайпаларды осы маңда тоғыстырды. Осы жердің бай табиғатын дұрыс кәдесіне жаратуды өте ерте заманнан ойластырып шешкен кешегі бабалардың қол таңбаларына көз жүгіртсек, жиһанкез саяхатшыларды таңқалдырған талай керемет ескерткіштер замана тарихын бүгіп, тұнып жатыр. Жинақталған ғылыми еңбектер мен құжаттарды және көріп-білгенімізді түйіндесек, біздің өлкеміздегі ескерткіштердің көпшілігі халықтық сәулет өнерінің шеберлігімен, терең сырлылығымен назар аудартады.

III. Қорытынды бөлімі.

3.1. Ақтөбе облысының туристік жол картасы бойынша ескерткіштер мен көне кеселерге саяхат жасаудың маңызы.

Ескерткіштерде табиғи тастан бастап қам кірпіш, күйдірілген кірпіш, әк тас, құм тас, жұмсақ ұлу тас, қиылып салынатын плита тастар кеңінен пайдаланылған. Әрине, қам кірпіштен салынған неше түрлі тамдардың тұтас тұрғаны жоқтың қасы. Ғасырлар қойнауынан аз да болса бізге жеткен тас мүсіндер (балбалдар), Сынтас, ал нақышты құлыптастардың көптігі соншалық оларды (Абат-Байтақ) ешкім санап болмас. Тастан ойылған керемет өнер туындылары: қой тас (Дәуімшар), сағана тамдар (Асан қожа), сондай-ақ, көптеген үш тас, бес тас, сандық тас, бесік тастар Жем, Сағыз тарихымен сабақтастырып жатыр. Қарасақал қорымының (аумағы он бес гектар жерде) бір мыңнан астам бейіттердің бедерлі ою-өрнектері, қару-жарақ суреттері, рулардың таңбалары – тастардың шебер ойластырылған ансамблін құрайды. Бұл орайда мамандар оларды Маңғыстау тас шеберлерінің өнер жалғасы бар, әрі өзіндік ерекшелігі де бар деп баға берген. Облысымыздың әртүрлі аудандарындағы ескерткіштер өзіндік ерекшелігі мен көршілес облыстардың тарихымен байланысты ортақтығын ашып көрсету қажет. Ақтөбе өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштеріміздің қай-қайсысыда арнайы саяхат жасауға лайық, туған жердің рухани шежіресі – не қызықты айғақ бола алатын орындар. Сондықтан да мұндай орындар санаулылардың ғана емес, баршаның қызықтап-тамашалауына мүмкіндік жасаудың жолдарын қарастыруды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ Ұлттық энциклопедиясы, Алматы, 1988ж. I-том. 29-бет.
2. Ақтөбе Энциклопедиясы «Отандастар-Полиграфия» ЖШС. 2001ж.
3. Кастанье И.А. древности Киргизской степи и Оренбургского края.

ФОРМАТИВНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА: ИЗ ОПЫТА ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКИ

**Эшмантович Лада, научный руководитель – Г.К. Шабарова
Актюбинский гуманитарный колледж**

Цели и задачи. Настоящая работа посвящена одной из актуальнейших проблем современного образования - внедрению в учебный процесс формативного оценивания как части критериального оценивания. Целью исследования является раскрытие содержания формативного оценивания, демонстрация практического опыта работы, полученного в период прохождения педагогической практики в общеобразовательных школах города Актобе.

Актуальность научной работы состоит в том, что процесс внедрения формативного оценивания находится в активной стадии реализации. Известно, что к основным функциям формативного оценивания относятся аспекты: 1) формирующая – установление, формирование и утверждение системы ценностей в каждодневной практике; 2) стимулирующая – создание благоприятных условий для достижения обучающимися ожидаемых результатов и эффективности процесса; 2) мотивирующая – поддержание интереса обучающихся к учению и достижению результата [1, с.30].

Гипотеза. Применение на практике формативного оценивания способствует развитию у обучающихся аналитического мышления, формированию навыков проведения логических операций, применения надпредметных умений. Правильная организация обратной связи «указывает на то, что способность является постепенно развивающейся характеристикой, нежели врожденной...» (Д.Уильям).

Краткая аннотация. Как следует из большинства научных источников, освещающих содержание формативного оценивания, оно является тем самым действием, от которого зависят рост и развитие учебных достижений учащихся и обеспечение обратной связи между учителем и учениками. Метод формативного оценивания, как известно, заимствован из международной практики как оценивание, используемое для адаптации преподавания и обучения к потребностям обучающихся [2, с.12]

Д.Уильям в статье «Формативное оценивание и обстоятельства при регулировании процесса обучения» приводит определение формативного оценивания, полученное в ходе совместных исследований его результатов в классе, когда появилась цель преобразовать мероприятия по обучению и преподаванию, а действия учителя и учеников требовали оценки и самооценки. По утверждению Д.Уильяма, «подобное оценивание становится формативным» при условии, что «оценивание непосредственно применяется для построения процесса преподавания, направленного на удовлетворение потребностей ученика» [3, с.45]. Приводя в пример огромный опыт собственной практической работы, анализируя наработки других исследователей по изучению формативного оценивания, Д.Уильям приходит к выводу: «Формативное оценивание – это инструмент, который учителя используют для оценки усвоения учениками определенных тем и навыков, которые они преподают. Оно также представляет собой инструмент – «стержень» - для определения ошибок и недопонимания материала определенными учащимися в момент его преподавания» [Там же, с 47]. Формативное оценивание осуществляется на каждом уроке для определения уровня усвоения знаний и приобретения умений и навыков учеников в процессе обучения. Особенностью формативного оценивания является организация обратной связи после выполнения учениками учебных задач и действий на уроке. Выставление баллов и оценок не предусматривается. Для достижения цели в исследовании сути формативного оценивания в настоящей работе взяты на вооружение ключевые стратегии этого процесса: 1) определение и предоставление целей обучения и критериев оценивания обучающимся; 2) организация внутриклассной учебной деятельности, направленной на сбор доказательств учения обучающимися; 2) обеспечение конструктивной обратной связью, способствующей развитию обучающихся; 3) вовлечение обучающихся в процесс учения в качестве источников знаний друг для друга; 4) создание коллаборативной среды в процессе преподавания и учения; 5) предоставление обучающимся возможности стать «создателями» своего обучения [1, с.31]. Формативное оценивание направлено на систематическое отслеживание уровней достижения учебных целей обучающимися и их прогресса для дальнейшей эффективной организации обучения и для определения уровней освоения ими программного учебного материала. Как следует из источников, посвященных исследованию проблемы формативного оценивания, «процесс формативного оценивания в деятельности учителя требует реализации следующих этапов: 1) организация и планирование формативного оценивания; 2) выбор форм и методов формативного оценивания; 3) проведение формативного оценивания как части процессов преподавания и учения; 3) предоставление обратной связи; 3) анализ результатов формативного оценивания; 4) корректировка преподавания и учения в соответствии с анализом результатов формативного оценивания» [Там же].

На уроке русского языка ученикам 5 класса было предложено 15-минутное эссе на тему: «Интернет-общение в моей жизни». Цель урока: написать аргументированное эссе, предполагающее наличие тезиса, аргументов и вывода. Следует отметить, что формулируется одна цель. Ей должен соответствовать один критерий оценивания. После того, как учитель и ученики совместно выработали критерий оценивания, учитель предложил следующую его градацию:

Некоторые учащиеся	Большинство учащихся	Меньшинство учащихся
- раскрывает тему эссе «Интернет-общение в моей жизни»;	- раскрывает тему эссе «Интернет-общение в моей жизни»;	частично раскрывает тему эссе «Интернет-общение в моей жизни»;
- приводит и объясняет 3 примера влияния Интернета на общение школьников;	- приводит и объясняет 2 примера влияния Интернета на общение школьников;	- приводит и объясняет 1 пример влияния Интернета на общение школьников;
- использует в эссе 2 цитаты.	- использует в эссе 1 цитату.	- не использует в эссе цитаты.

Совместно разработанные критерии послужили для учащихся опорой при написании эссе, а учителю помогли объективно оценить выполненное учащимися задание. Особо следует подчеркнуть, что при написании эссе учитель акцентировал внимание учеников на форму и содержание больше, чем на его грамматическую сторону. В приводимом примере формой оценивания взято эссе. Время, отводимое на его выполнение – 15 минут. Инструмент проверки – взаимооценивание. При проведении обратной связи учащиеся пользовались памяткой с критериями оценивания, согласно которым высказывали свои суждения.

Выводы. Опираясь на доступные нам источники в ходе сбора материала по исследуемой проблеме, резюмируем, что способы формирующего оценивания как средства обучения не представляют собой окончательно застывшей догмы, а скорее наоборот. Формативное оценивание есть творческий процесс обновления форм и методов преподавания и обучения, целиком и полностью зависящий и изменяющийся от решаемых учебных целей и задач.

Методы исследования: компилятивный, исследовательский.

Литература:

1. Руководство для преподавателя / Образовательная программа курсов повышения квалификации преподавателей, осуществляющих подготовку педагогических кадров. - АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», Центр педагогического мастерства, 2018.
2. Цит. по кн.: Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-метод. пособие. / Под ред. О.И. Можяевой, А.С. Шилибековой, Д.Б. Зиеденовой. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016. – 56с.
3. Цит. по кн.: Формативное оценивание и обстоятельства при регулировании процесса обучения. // Педагогический диалог. - №2 (8). – 2014.

ПРОЕКТИРОВАНИЕ СТРЕЛОЧНОГО ПЕРЕВОДА С ПЛАСТИКОВЫМИ ШПАЛАМИ И СОЛНЕЧНЫМИ БАТАРЕЯМИ

Автор: Сұлтан Б.Ә., студент 4курса

**Руководитель: Кадирова Ж.Ж., преподаватель специальных дисциплин
Актюбинский колледж транспорта, коммуникаций и новых технологий**

Цель: Для своего проекта я выбрал эту тему для того, чтобы улучшить состояние железных дорог. А также показать, насколько важно внедрение новых идей в производство элементов верхнего строения железных дорог Республики Казахстан, а также показать роль грамотной молодежи в развитии экономики нашей страны, что и отметил в своем послании народу Н.Назарбаев.

«Четвертый приоритет - улучшение качества человеческого капитала.

Прежде всего должна измениться роль системы образования. Наша задача-сделать образование центральным звеном новой модели экономического роста. Учебные программы необходимо нацелить на развитие способностей критического мышления и навыков самостоятельного поиска информации.

Наряду с этим нужно уделить большое внимание формированию IT-знаний, финансовой грамотности и воспитанию патриотизма молодежи».

Использование знаний для развития и процветания экономики нашей молодой страны - это моя основная цель...

Задачи:

- стимулирование интереса к научно-исследовательской деятельности;
- популяризация рационального использования пластиковых отходов для улучшения экологии окружающей среды;
- улучшение состояния железных дорог;
- формирование у подрастающего поколения чувства патриотизма, стремления приумножить достижения страны через собственные успехи в области научно-технического творчества;
- использование результата научной работы на практике.

Актуальность:

Так как в нашей области налажен выпуск рельсов в АРБЗ с 2015 года, хотелось бы также внедрить в производство пластиковые шпалы и брусья для стрелочных переводов, а также использовать солнечные батареи при очистке путей от снега, что позволит ограничить использование оборудования с дорогим техническим обслуживанием, а также обеспечит экономию затрат электроэнергии и улучшит экологию окружающей среды.

Гипотезы:

Если наладить производство пластиковых шпал и брусьев, а также наряду с ними использовать солнечные батареи в техническом обслуживании железных дорог, то это можно рационально использовать в развитии экономики и улучшении экологии страны

Содержание:

Введение

1. Виды шпал, сравнение и выбор вида брусьев для стрелочного перевода
2. Проектирование стрелочных переводов с укладкой пластиковых брусьев и солнечных батарей

Значение:

- Использование рациональных материалов на железнодорожном транспорте.
- Внедрение в производство пластиковых шпал и брусьев для улучшения состояния железных дорог.

Методы исследования:

Бидай өнімдері тек адам үшін ғана емес, сонымен қатар мал үшін де бағалы азық. Ол құрама жем өнеркәсібі үшін негізгі компонент болып табылады. Бидай сабаны да едәуір бағалы ірі жемшөп қатарына жатады, ол басқа дақылдармен бірге сүрлемге де салынады. Бидай өнімдері өнеркәсіпте де кең көлемде пайдаланылады. Мысалы, бидай дәнінен крахмал, спирт, май және клейковина алынады. Бидай сабанынан қағаз, картон бұйымдары және басқа да заттар жасалынады. Барлық ауыспалы егіс жүйесінде бидай санитарлық дақыл болып табылады.

Ғылыми жұмыстың мақсатымен міндеттері

Зерттеу мақсаты - жергілікті ауа райы жағдайларына оңтайлы бейімделген, жатып қалуға төзімді, жоғары өнімділік, жоғары астық сапасына ие және басты ауруларға төзімді жаздық жұмсақ бидайдың бастапқы материалын шығару. Бұл мәселені жүзеге асыру үшін алдымызға төмендегідей міндеттер қойылды:

- жаздық бидай сорттарының және линияларының өнім қалыптастыру ерекшеліктерін зерттеу;
- жаздық бидай сорттарының және линияларының өнімділігі мен оны құрайтын элементтердің шаруашылықтық құнды белгілерге тәуілділігін анықтау;
- жаздық бидай сорттары мен линияларын өсірудің экономикалық тиімділігін анықтау;

Зерттеу жұмыстарына жаздық жұмсақ бидайдың мынадай сорттары қолданылды: Саратовская 42, Лютеценс 712, Лютеценс 12 х Астана.

Тәжірибеде жүргізілген бақылаулар мен есептеулер

1. Фенологиялық байқаулар Мемлекеттік сортсынау жүйесі (2001) әдістемесі бойынша;
2. Өсімдіктердің өсу жиілігі тұрақты алаңдарда ескеріліп отырды. Ол үшін әр нұсқалардан 1м² қалыпты қалыңдықта өскен өсімдіктер бар 4 алаңша белгіленді. Егін көгінің толық пайда болған кезеңінде танаптық өнгіштікті, ал егін жинау алдында өсімдіктердің сақталу саны анықталды (Мемлекеттік сортсынау жүйесі (2001) әдістемесі бойынша).
5. Зерттеу жылдарындағы метеорологиялық мәліметтер Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының метеорологиялық мәліметтерінен алынды.
6. Барлық талдаулар мен зертханалық нәтижелер Ақтөбе жоғары ауылшаруашылық колледжінің өсімдік шаруашылығы кафедрасында жүзеге асырылды

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әрінов Қ.Қ, Цепенко А.А. Жаздық бидай сапасына агротехниканың әсері.- Алматы, "Қайнар", 1978-92 бет.
2. Жаңабаев Қ.Ш, Саудабаев Т.С, Сейітов И.С. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы: (Оқулық) -Алматы;Қайнар, 1994-325 бет
3. Қылышбаев И.С, Нұрпейсов И.А. Жаздық бидайдың қоршаған орта жағдайына байланысты пластикалық бейімділігі мен өнімі-//Жаршы-1998-№5.

"ЗНАЧЕНИЕ ИММУНОПРОФИЛАКТИКИ ДЛЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ОРГАНИЗМА"

Автор доклада: Лукбанова Дильназ Маратовна

Руководитель: Кобабаева Лаззат Андагуловна

Место учебы: Баишев высший медицинский колледж

Аннотация к докладу

Цель: Создание коллективного и индивидуального иммунитета против инфекций, управляемых с помощью вакцин.

Задачи:

Активно помогать врачам в вопросах оздоровления детей. Вести работу среди населения по пропаганде здорового образа жизни и необходимости вакцинации. Необходимо объяснять родителям, что вакцинация - это очень важно для детей. Четко исполнять свои функциональные обязанности и требования регламентирующих приказов. Расширять свой кругозор теоретических знаний по вопросам вакцинопрофилактики.

Научная новизна: Современное развитие иммунопрофилактики в мире продемонстрировало фантастические успехи в снижении заболеваемости, смертности детского населения от прививаемых инфекций.

Используемые методы: Поисковый метод теоретического анализа литературных источников и нормативной документации, эмпирические, математической статистики.

1.Основная часть: Иммунитет -это иммунологический надзор организма, его способ

защиты от различных антигенов, несущих на себе признаки генетически чужеродной информации. Проникновение (или введение при вакцинации) микробных или вирусных антигенов вызывает иммунный ответ, являющийся высокоспецифической реакцией организма. Главная роль в развитии приобретенного иммунитета принадлежит клеткам лимфоидной системы - Т- и В-лимфоцитам. В иммунных реакциях принимают участие и другие популяции клеток и неспецифические факторы защиты (лизоцим, комплемент, интерферон, пропердин и др.). Т-клетки участвуют в реакции гиперчувствительности замедленного типа, являются основным фактором в противовирусной устойчивости, резистентности к опухолям, отторжении трансплантата и обеспечивают развитие клеточного иммунитета. Существует несколько субпопуляций Т-клеток: хелперы — "помощники", способствующие осуществлению реакций гуморального иммунитета, супрессоры, наоборот, тормозят эти реакции, киллеры - "убийцы", непосредственно разрушающие клетки-"мишени". Т-система контролирует функции В-системы. Основной функцией В-клеток является защита от антигенных воздействий вирусного, бактериального и пищевого происхождения путем продукции разных типов антител. В сыворотке крови обнаружено 5 классов иммуноглобулинов: А, М, G, D, Е. Синтез антител является самым универсальным, высокоспецифичным и эффективным способом реакции на чужеродные вещества. Иммунологическая реакция на первичное и повторное введение антигенов различна. **Что предусматривает Национальный календарь профилактических прививок?**

В календарь входит вакцинация против туберкулеза, гепатита В, кори, паротита, краснухи, полиомиелита, коклюша, дифтерии, столбняка и (с 2006 г.) против гриппа. С учетом кратности вакцинаций детям до 12 мес проводятся 19 введений антигенов; к 6 годам — 28 введений антигенов вакцин. Помимо календарных вакцин против целого ряда инфекционных заболеваний, предусматривают вакцинацию по эпидемиологическим показаниям: гепатит А, клещевой энцефалит, бешенство, ветряная оспа, желтая лихорадка. Следует отметить, что Национальный календарь в каждой стране имеет свои особенности, но в мире используют примерно одинаковый набор вакцин. Изменения российского календаря происходят регулярно в соответствии с необходимостью влияния на инфекционную заболеваемость населения. Планируют введение в Национальный календарь вакцинации прививок против ветряной оспы, пневмококковой, ротавирусной и гемофильной инфекций. Виды вакцин В настоящее время все вакцины делят на 2 большие группы: живые и убитые. В свою очередь, в каждой из этих групп выделяют вирусные и бактериальные вакцины. К живым вирусным вакцинам относят вакцины против полиомиелита, кори, паротита, краснухи, гриппа, клещевого энцефалита, ветряной оспы и других; к живым бактериальным — против туберкулеза (БЦЖ **Об инфекционных болезнях** – не случайные эпизоды, а закономерные явления в истории человеческого общества, которые развиваются и изменяются вместе с ним. На смену одним инфекциям приходят другие, а с ними – новые проблемы их профилактики. В последние десятилетия в результате глубоких социальных преобразований в мире, в связи с прогрессом экономики и развитием науки положение существенным образом изменилось. В значительной мере это связано с успехами в борьбе с самыми массовыми и опасными инфекционными болезнями, такими как – Лихорадка Денге, СПИД, туберкулез, грипп, малярия, острые кишечные инфекции, вирусный гепатит, сибирская язва, чума и т.д. **Вместе с тем заболеваемость многими инфекциями и инвазиями остается очень высокой, а их распространенность – глобальной.** Мероприятия по профилактике инфекционных заболеваний можно условно разделить на две большие группы – общие и специальные. К общим относятся государственные мероприятия, направленные на повышение материального благосостояния, улучшение медицинского обеспечения, условий труда и отдыха населения, а также санитарно-технические, агролесотехнические, гидротехнические и мелиоративные мероприятия, рациональная планировка и застройка населенных пунктов и многое другое, что способствует успехам профилактики и ликвидации инфекционных болезней. Специальными являются профилактические мероприятия, проводимые

специалистами лечебно-профилактических и санитарно-эпидемиологических учреждений. В осуществлении этих мероприятий наряду с органами здравоохранения нередко участвуют другие министерства и ведомства, а также широкие слои населения. **2. Заключение:** В чем смысл вакцинации? Если несколько лет назад вакцинация была само собой разумеющимся явлением, то на сегодняшний день мы все чаще сталкиваемся с тем, что родители отказываются прививать своих детей. Антивакцинаторы убеждают в ненужности и вреде вакцин, тогда как эксперты ставят под сомнение их доводы и предлагают вспомнить о таких болезнях, как полиомиелит, коклюш, дифтерия и столбняк, которые перестали представлять серьезную опасность именно благодаря вакцинации. Сроки проведения профилактических прививок определяется неслучайно. Это обосновано научными данными, которые тщательно изучены и рекомендованы Всемирной организацией здравоохранения. Так, например, материнские антитела передаются и сохраняются в организме ребенка короткое время: против дифтерии 2-3 месяца, против кори до 6 месяцев, а против туберкулеза и гепатита «В» ребенок рождается полностью незащищенным. Эти особенности учитываются, когда определяются сроки вакцинации. На основании этого ребенок против туберкулеза или гепатита «В» начинает прививаться в первые дни рождения, а против дифтерии в 2-3 месяца. В Казахстане перечень инфекционных заболеваний, против которых вводится вакцинация, утверждается постановлением Правительства Республики Казахстан «Об утверждении перечня заболеваний, против которых проводятся профилактические прививки, Правил их проведения и групп населения, подлежащих плановым прививкам» № 2295 от 30.12.2009г. Каждая страна имеет свой утвержденный календарь прививок и перечень инфекционных заболеваний, против которых проводятся прививки. И чем выше уровень жизни страны, тем шире перечень инфекционных заболеваний, против которых проводятся прививки. **Эксперты проанализировали причины отказа от вакцинации населения.** Оказалось, что чаще всего родители подвергают опасности ребенка по религиозным мотивам. Подобное происходит в 64% случаев. При том что все родители, как правило, в свое время получали прививки, они отказывают детям в такой защите от возможных последствий. Предполагается, что вопросы иммунизации будут поднимать в своих проповедях и священнослужители, чтобы донести объективную информацию до широкого круга населения. Опросы показывают, что 15% родителей не делают прививки по личному убеждению. Еще около 8% родителей не верят в их необходимость, а 13,2% отказываются от иммунизации под влиянием телевизионных программ, публикаций негативного характера, интернет. **Является ли прививка от гриппа единственной мерой профилактики?** Прививка – это самый надежный и эффективный способ профилактики гриппа, но, разумеется, не единственный. К профилактическим мерам, позволяющим избежать заражения, также относятся: ношение марлевых повязок, личная гигиена – мытье рук, регулярные полоскания горла и промывания носа, особенно после посещения мест с массовым скоплением людей; влажная уборка и проветривание помещений, увлажнение воздуха помещения; прием определенных лекарственных препаратов: закаливание и укрепление иммунитета. Поэтому выбор остается за каждым конкретным человеком – прививаться ли ему самому и прививать своих детей, либо использовать другие профилактические меры.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ЛИТЕРАТУР:

1. Иммунопрофилактика-2009 (справочник). – М., 2009.- 176.
2. Руководство по амбулаторно-поликлинической педиатрии / под ред. А.А. Баранова - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2007. -608 с.
3. Соловьева И.Л., Костинов М.П., Кусельман А.И. Особенности вакцинации детей с измененным преморбидным фоном против гепатита В, кори, эпидемического паротита. – Ульяновск, 2006.- 296 с.

АДАМ АҒЗАСЫНДА ЙОД ЖЕТІСПЕУШІЛІГІНЕН ТУЫНДАЙТЫН АУРУЛАР

Білім алушы: Байдышева Гүлайым

Ғылыми жетекшісі: Бахиева Рысгүл Бахиқызы

Баишев жоғары медициналық колледжі

Жұмыстың мақсаты: Адам ағзасында йод жетіспеушілігінен туындайтын ауруларды анықтау.

Жұмыстың міндеті:

- Йод жетіспеушілігінің пайда болуы
- Йод тапшылығы ауруларын алдын алу

Микроэлементтердің (йод, бром, фтор, селен, стронций, молибден, кобальт және басқалардың) биологиялық белсенділігі жоғары болғандықтан, олар адам ағзасында көптеген физиологиялық және зат алмасу үрдістерінің қалыпты жүруіне жағдай жасайды, Минералдық заттардың алмасу үрдістеріне қатысады және түрлі биохимиялық реакциялардың катализаторы ретінде ағзадағы жалпы зат алмасуына әсер етеді. Бірақ, ағзадағы микроэлементтердің мөлшері олардың қоршаған орта нысандарының құрамында болуына тікелей байланысты болғандықтан, кез келген микроэлементтің суда немесе басқа орталарда жеткіліксіздігі, не артық мөлшерде болуы, адам ағзасының әртүрлі функцияларының бұзылуына немесе аурулардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Йод – адамның қалыпты өсуі мен дамуына қажетті микроэлемент болып табылады. [1,12Б]

Адам организміне тағам мен судан түсетін қажетті йод мөлшерінің жетіспеуі йод жетіспеушілік аурулары мен қалқанша безінің жұмысының бұзылуына әкеліп соғады. Йод жетіспеушілігі ауруларының мәсе-лесі әлемдік денсаулық сақтау саласында маңызды-ларының бірі болып саналуда. Оның маңыздылығы аталған аурудың кең етек жаюымен анықталуда. Өткен жылғы денсаулық сақтау ұйымының берген мәліметі бойынша, әлемде 650 млн. адам осы дертпен күресуде. Ал 2 млрд. адам ағзасында осы дерттің айқын белгілері көрініс берген. Йод жетіспеушілігі ағзаға қалыпты қабылданып отыратын йодтың жеткілікті дәрежеде болмауынан пайда болады. Сондай-ақ, балалар арасындағы йод жетіспеушілігі салдарынан бала ақыл-ойының артта қалуындағы әлсіз көріністерден крити-низмге дейін жетеді, көңіл күйінің тұрақ-сыздығы, депрессияға ұшырауы мүмкін. Әлсіздік, ұмытшақтық, есте сақтау қабіле-тінің төмендеуі, оқушылар зейіні шоғырлан-уының төмендеуі ашуланшақтыққа ұшырай-ды. Сонымен қатар, жүйке жүйесімен қоса барлық ағза зардап шегеді. Балалар бас сүйегі ішіндегі қысымға байланысты бас ауруына, әлсіздіктің пайда болуына, терінің сұрлан-уына шағым-данады. Астеникалық синдром көріністері, кардио-логиялық өзгерістер – ырғақтың бұзылуы, АҚ жоғарылауы немесе төмендеуі, инфекциялық және суық тию ауруларының жиілеуі, екінші иммундық жетіспеушілігі салдарынан өткір аурулардың созылмалы түрге өтуі, бұлшық ет сұлбасының әлсіреуіне байланысты дене бітімінің өзгеруі болуы мүмкін. Осының барлығының себебі – йодтың жетіспеушілігінен болады. [2,11Б]

Күнделікті ағзаға йод түсіп тұрғанымен, ағзаға сіңуіне кедергі жасайтын себептер де көптен кездесуде. Адам ағзасында микроэле-менттің сіңуіне кедергі жасайтын бірнеше себептерін: дұрыс тамақтанбау, микроэлемент-тер мен дәрумендер жеткілік-сіз-дігін айта кету керек. Йодтың 90 пайызын адам тағамнан алады, ал қалғандарын судан алады. Тағам арқылы йодты қабылдау экономикалық, физиологиялық, рационал-дық жағынан дұрыс деп есептелсе де, қазіргі таңда ол жеткіліксіз болып отыр. Йод жетіспеуінің алдын алудың ең бір тиімді жолы – йодпен байытылған теңіз өнімдерін (теңіздің ұсақ жәндіктерін, теңіз балық-тарын, теңіз балдырларын, теңіз қырыққа-баттарын) тағамға пайдалану болып табылады. Йодқа аса мұқтаж аудандарға таулы жерлер мен аумағы теңізден алыс орналасқан аумақтар кіреді. Өсімдіктер мен жануарлар организмінде йодтың болуы қоршаған ортаға байланысты. Се-бебі көптеген топырақтарда йодтың құрамы аз және азық-түлік өнімдерінің басым көпшілігі бұл микроэлементке тапшы. [3,5Б]

Йод табиғатта біркелкі орналаспаған; бір жерлерде ол жеткілікті мөлшерде, тіпті өте көп жиналған. Теңіз жағасында болғанда йодтың аңқыған иісін сезуге болады. Ал

кұрлықта, судан алыстаған сайын йодтың мөлшері азая береді. Бұл ауада да, суда да, топырақта да бірыңғай байқалатын құбылыс. Жер қыртысынан йод жауған қар, жаңбыр суымен, таудан еріп ағатын қар суымен шайылып кетіп отырады. Сондықтан Қазақстанның Каспий теңізіне жақын батыс облыстарынан басқа көпшілік аймақтары йод жетіспеушілігінен болатын жемсау ауруының қауіпті нүктесі болып саналады. Жан-жақты зерттеулерге қарағанда, бұл аймақтардағы адамдар мен жануарлардың бойлары аласа, әлжуаз, жұқпалы дерттерді тез қабылдағыш, ауру-сырқауға төзімсіз. Бұл неден болады? Адам ағзасындағы бездердің ролі туралы жалпы мәліметтерден басқа олардың (бездердің) зат алмасу процесіндегі орны туралы біле бермейміз. Өйткені, бездердің жұмысы тікелей йодқа байланысты. Сондықтан бұл микроэлементтің (йодтың) мөлшерден сәл ауытқуы денсаулыққа әсерін тигізеді. Ал бұған елде мекендей бастаған экологиялық ахуал, тұрмыстық - әлеуметтік қиыншылықтар, эпидемиялық жағдай қосылғанда йод жетіспеушілігінің ауыртпашылықтарына әкеліп соғады. Қазір іштен туа біткен (неонатальды) гипотиреоз ауруы көбейіп барады, мұндай науқастар Алматы қаласындағы ауруханаларда емделушілердің 7 пайызын құрайды. Жемсау ауруы Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл, Қатон-Қарағай аудандарында тұратын балалар арасында 12 — 35 пайыз, оқушылардың (Кентау қаласы, Оңтүстік Қазақстан облысы) арасында 26 пайыз, ал аталған аудандарда тұратын ересек адамдар арасында 50-60 пайызға жеткен. 1923 жылдың өзінде-ақ, алғашқы болып тұзды йодтаудың әдісін ұсынған Дэвид Мэрин былай деген еді; Ауырмаудың жолдарын алдын-ала ойлап, ескерсек, жемсауды жай ғана сырқат деуге болады... Жемсауды тіпті адам баласы ауыратын тізімінен шығарып тастауға көп күш керек емес. Ағзадағы йод жетіспеушілігін қалыпқа келтірудің ең жеңіл әдісі — тамаққа йод қосу. [4,16Б]

Әлемнің бірқатар елдерінде, кейінгі 60 жыл шамасында ішетін тамақты, оның ішінде тұзды, нанды, майды, сүтті, ауыз суды, қантты, кәмпитті, шәйді йод қосып дайындау жолға қойылған. Ең оңайы және қолайлысы ас тұзын йодтау болып табылады. Өйткені кез-келген адам ас тұзын мөлшермен бір көлемде пайдаланады деп есептелінеді. Ересек адам тәулік бойына орта есеппен 100-300 микрограмм йод пайдаланады. Адам ағзасына йод тұз және ас-су құрамымен енеді. Сондықтан йодталған ас тұзын дұрыс пайдаланудың маңызы ерекше. Ал тұз құрамындағы йодтың дұрыс сақталуы үшін ас тұзын қандай жерде ұстау керек. Соны білу шарт йодталған ас тұзын күннен, жылу көздерінен алыс, жабық ыдыста қараңғы, салқын жерде ұстаған жөн. В.В. Ковальскийдің (1970) дәлелдеуінше топырақтағы йод пен өсімдік денесіндегі элемент деңгейі тығыз байланысты. Топырақ құрылымы ұсақ болса, ондағы йод өте жақсы байланыста болады. Жалпы организмге керекті йодтың реттік таңбасы 126,9 қоңырқай қара түсті жылтырлау металдық өңді зат, өзіндік иісі бар, суда өте нашар (1;5000), ал спиртте жақсы ериді. Мөлшерден жоғары шамада қолданғанда йодтан дене уланып та қалады, ас қорыту органдарының сірлі қабықтары қатты қабынып, гастроэнтериттің ауыр түріне шалдығады. Денеге мөлшерден тыс сіңген йод жүрек жұмысын нашарлатып, бүйректі қабындырып, дененің басқа мүшелеріне де ауыр зардап тигізеді. Оның ауадағы шектеулі мөлшері 1 мг/м³. Сонымен қатар йодтың радиоактивтік жасанды 125,131 және 132 изотоптары бар, олар 60,2, 8,05 тәулік және 2,26 сағат ішінде жартылай бұзылады (реті бойынша). Бұл изотоптарды тамақ асты бездерінің ауруын емдеу үшін қолданады (без фолликулаларын бұзу үшін), себебі олар бетта және гамма радиоактивті сәулелер бөледі. Денеге тамақ асты бездері b-тироксин (b-тетрайодтиронин) және үш йодты тиронин гормондарын түзеді. Міне, тамақпен түскен йод осы гормондарды синтездеуге тікелей қатынасады. Йодтар қан арқылы (айналымдағы) тамақ асты бездеріне сіңіріледі де, тотығып, йод түзеді, соңғысы тирозин амин қышқылымен байланысып, моно және дийодтирозин қосылысын түзіп, тироидты гормондар синтездейтін зат болып табылады, Осы айтылған қосылыстардан синтезделетін заттар - тироксин және үш йодты тиронин тамақ асты бездерінің фолликулаларында жиналып, белокпен қосылып тиреоглобулин түзеді. Тамақ асты бездерінің жалпы қасиеті және қызметі — организмдегі зат алмасуын қоздыру,

жандандыру. Негізгі зат алмасуы жақсарып, дененің оттегін сіңіруі жоғарылап, қызуы дұрысталады, сонымен қатар денедегі холестериннің мөлшері төмендейді. [8,12Б]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бірімжанов Б.А. Жалпы химия. - А.: Дәуір, 2001. 715-б
2. Кузнецов В.И. Принципы активной педагогики. – М.: Академия, 2001.-95с.
3. Сейтов З. С. – Биологиялық химия. Алматы. Қайнар», 1992 ж.
4. Сейтеметова А. Ж., Лиходий С. С. – Биологиялық химия., Алматы. «Білім», 1994 ж

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ӨНДІРІС АЙМАҒЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ

**Макаров Ерканат, «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы», 2-курс студенті
Аманқосова Арайлым Жолдасбайқызы, химия, биология пәнінің мұғалімі,
жаратылыстану ғылымдарының магистрі**

Есет батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі

Ақтөбе қаласының экологиялық жағдайының нашарлауы – бұл өндіріс орындарының көбеюі, транспорттық кәсіпорындар және авотранспорттар, қаламен өтетін автомагистралдарға байланысты деп айтуға болады. Қала территориясында орналасқан барлық өнеркәсіп объектілерден шығарылатын зиянды шығарынды қалдықтардың есебінің мәліметтерін ескере отырып, қоршаған ортаны қорғаудың комплекстік және жүйелік тәсілдемесін құру керек [1].

Ақтөбе қаласының солтүстік-батыс өнеркәсіптік аймақ территориясындағы табиғи ортаны ластаудың негізгі көздері болып Ақтөбелік хром қосындылар зауыты (АХҚЗ АҚ), оның тоғандары және шламжинағыштары, «Алматы Пауэр Консолидейтед» акционерлік қоғамының Ақтөбелік жылуорталығы (Ақтөбе ЖЭО) және оның су күйесін жою ыдысы, «Қазхром» трансұлттық компания» акционерлік қоғамының бөлімшесі Ақтөбелік ферроқұйма зауыты (АФЗ), оның қоқыс үйіндісіне және сүзгіштің ескі өрістері болып табылады [1].

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстанның көптеген аймақтарындағы экологиялық жағдай сын көтермейді. Ғылыми-техникалық прогресс қоршаған ортаның көптеген мөлшерде зиянды заттармен ластанып, қалыптасқан табиғи тепе-теңдіктің бұзылуымен қатар жүруде. Сондай жағдай, Ақтөбе қаласының солтүстік-батыс өндірістік аймақтары газ, сұйық және қатты күйдегі өндіріс қалдықтарымен, сульфаттармен және ауыр металдармен ластануда. [1,2,3].

Ғылыми деректер бойынша, трофикалық байланыстар арқылы адам ағзасы тағам өнімдерінен 40-50%, судан 20-40%, ауадан 20-40% улы заттарды қабылдайды. Сондықтан, осындай жолмен жинақталған ауыр металл иондары адам ағзасында әр түрлі аурулардың қозуы мен пайда болуының басты себебі болып табылады [1,2].

Сондықтан да, Ақтөбе қаласының солтүстік-батыс өндірістік аймағының экологиялық жағдайын зерттеу қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Жұмыстың мақсаты. Ақтөбе қаласының солтүстік-батыс өндірістік аймағының қазіргі экологиялық жағдайымен ерекшеліктерін болжау, бақылау және бағалау.

Міндеттері:

- Ақтөбе қаласының солтүстік-батыс өндірістік аймағының ауадағы азот диоксидін, көміртек оксидін, күкірт диоксидін, шаң, хром (VI) өлшеу және оларды талдау;
- Ақтөбе қаласының солтүстік-батыс өндірістік аймақтың топырақтағы хлорид, сульфат, мұнай өнімдері, мырыш, қорғасын, кадмий, мыс, хром концентрациясын анықтау;
- Ақтөбе қаласының солтүстік-батыс өндірістік аймақтың шығарылатын зиянды заттардың түрғындар денсаулығына қауіптілігін бағалау.

Ғылыми жаңалығы.

Ақтөбе қаласының солтүстік-батыс өндірістік аймақ территориясының экологиялық жағдайын жүйелі және комплексті түрде зерттеп, талдап, Ақтөбе қаласының экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында бірнеше ұсыныстар дайындаған.

Жұмыстың тәжірибелік құндылығы.

Жоғары оқу орындарында экология пәндерінен дәріс оқуда және зертханалық сабақтар жүргізуде диссертациялық жұмыстың материалы құнды мәліметтер болып саналады. Сонымен қатар,

- Тұрғындарды және қоршаған ортаны қорғау атқару органдарының-қаланың табиғи ортасының жағдайы шынайы мәліметтермен уақытында танысуды қамтамасыз ету;
- Қоршаған ортаның жағдайы туралы және табиғат қорғау технологиялары туралы мәліметтер қорын жасап, жүргізу;
- Ақпараттық жүйедегі ағымдарын реттеп және алғашқы мәліметтер мен жүйенің әртүрлі деңгейлеріндегі қорытындыланған ақпаратты пайдалану тиімділігін көрсету.

Қорғауға ұсынылған негізгі мәселелер:

Жұмыс барысында мына мәселелер қарастырылды:

1. Зерттелетін аймақтағы атмосфералық ауаның, топырақтың құрамындағы химиялық қоспалар мен ауыр металдарды анықтау.
2. Химиялық қоспалар мен ауыр металдардың қоршаған ортаға тигізетін зиянын қарастыру.

ҰСЫНЫСТАР

Зерттеу жұмысымды қорытындылай келе, төмендегідей ұсыныстар ұсынамын:

- Атмосфералық ауаны бақылау посттарындағы бақылауды күшейту ;
- Зерттеліп отырған өндірістік аймақта стационарлық, маршруттық және қозғалы бақылау посттарын көбейту;
- Бақылатын қоспалар санына, алты валентті хром, үшвалентті хром, бенз(а)пиренді қосу.
- Солтүстік-батыс өндірістік аймақта ластаушы заттар концентрациясы ШМК асып отырғандықтан, бұл өндірістік аймақта жаңа өндіріс объектілерінің құрылуына тоқтау қою;
- Күкіртсутек, үшвалентті хром, азотдиоксиді, ағаш шаңдары, тетраэтилқорғасын сияқты ластаушы қоспалардың концентрациясын төмендету мақсатында шараларды орындағаннан кейін, аталған заттарға ШМК көрсеткішін құру қажет;
- Аралас өндіріс электрэнергия кәсіпорынындағы, ЖЭС-да жаңашыл технологияларды жетілдіру, едәуір экологиялық таза отын түріне көшу;
- Халық денсаулығына қоршаған орта факторларының жағымсыз әсерлерін алдын алу мақсаттарында сауықтыру шаараларын ұйымдастыру және өткізу;

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. СеткоН.П., АльмурзаеваС.И., Лимешкина Е.С., ЯковлеваН.А., ФедоровГ.В. Экологическая характеристика состояния окружающей среды на территории промышленного комплекса в г.Актобе (Казахстан)// Известия Самарского научного центра Российской Академии наук/.-2012.-Том 14 №5(3) – с. 641-644.
2. Давидович Г.Т. и др. Геологический мониторинг территории Актюбинской области и 5 районов Актюбинского Приаралья// РНПЦ Казэкология/1993.
3. Ақтөбе облысының энциклопедиясы. Ақтөбе,2002 ж
4. Агроклиматические ресурсы Актюбинской области. Ленинград,1994 ж
5. Альмурзаева С.И., Федоров Г.В., БенсманВ.А. Эколого-геохимические исследования почв г.Актобе//.- №4-с. 68-70.

СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ РЭП - ПОЭЗИИ И ПРОИЗВЕДЕНИЙ ПОЭТОВ II ПОЛОВИНЫ XIX ВЕКА

Шынгысова Нурсауле

Руководитель: Сулейменова А.М.
Актюбинский гуманитарный колледж

Аннотация. В нашей работе исследуется проблема классификации современного рэпа как поэзии или как вид молодежного течения, не относящегося к поэзии. В основной части работы выполнен обзор литературных и информационных источников о своеобразии поэзии второй половины XIX века, об исторических трансформациях поэзии в XX и XXI веках, об истории возникновения рэп-искусств, изучались биографии современных рэперов Оксимирона, Дельфина и Скриптонита. В практической части анализируются результаты социологического опроса: «Рэп – поэзия XXI века?» среди молодежи.

Актуальность исследования.

Рэп все увереннее входит в жизнь молодежи и становится неотъемлемой частью многих субкультурных направлений. Все чаще на вершинах музыкальных чатов оказываются рэперы, а не исполнители поп-музыки. А вместе с рэпом мы чаще заостряем свое внимание на тексте песни, так как доминирующая роль текста в композициях этого музыкального направления очевидна.

Поэтому нам и пришла идея рассмотреть рэп как направление не просто в музыке, а в искусстве в целом. Созвучны ли темы, языковые средства, образная система поэзии середины XIX века современной востребованной рэп-поэзии?

Цель работы: на основе сопоставительного анализа доказать принадлежность рэп - поэзии к современной поэтической культуре.

Задачи:

- 1) изучить литературоведческий материал об образной системе поэзии, поэтическом синтаксисе и языковых средствах поэзии;
- 2) изучить биографии и творчество современных рэп-исполнителей;
- 3) установить творческие параллели в поэзии современных рэп-исполнителей (Окxхумiрон, Скриптонит, Дельфин) и поэтов XIX века (Н.А. Некрасов, Ф.И. Тютчев, А.А. Фет);
- 4) доказать, что современная рэп-лирика в полной мере может считаться «последовательницей» традиций классической поэзии.

Объект исследования: поэтические тексты современных рэп-исполнителей (Окxхумiрон, Скриптонит, Дельфин) и поэтов II половины XIX века. (Н.А. Некрасов, Ф.И. Тютчев, А.А. Фет).

Предмет исследования: сопоставительный анализ поэтических текстов современных рэп-исполнителей (Окxхумiрон, Скриптонит, Дельфин) и поэтов II половины XIX века. (Н.А. Некрасов, Ф.И. Тютчев, А.А. Фет).

Методы исследования: изучение и анализ литературных и информационных источников, анкетирование, сравнительный анализ.

В теоретической части нашего исследования мы изучали своеобразие поэзии 2 половины 19 века, историю возникновения рэпа, а также творчество современных рэперов.

В практической части исследования мы проводили опрос среди молодежи, также проводили сравнительный анализ текстов рэп-исполнителей (Окxхумiрон, Скриптонит, Дельфин) и стихотворений поэтов II половины XIX века (Н.А. Некрасов, Ф.И. Тютчев, А.А. Фет).

При написании исследовательской работы, мы столкнулись с проблемой малоизученности такого феномена, как «русский рэп», практически нет литературы по современному рэпу как жанру поэзии, что говорит о том, что данная область ещё мало исследована. Именно поэтому мы попробовали сделать сопоставительный анализ произведений рэперов и поэтов II половины XIX века. Наши исследования в этой области продолжатся более детальным и глубоким анализом поэзии, начиная с XVIII века и по сегодняшний день. Интересно проследить изменение поэзии в связи с изменением общества и государства.

Список литературы:

1. Степанов, Л. Б. Современные молодежные субкультуры / Л. Б. Степанов. – М.: Просвещение, 2004.
2. Митрохин, А. И. Рэп-территория / А. И. Митрохин // Рэп-субкультура.- 2007. - № 23.- С.5-10.
3. Александрова, М. Я. Размышление о молодежной моде / М. Я. Александрова. – М.: Мысль, 2008.
4. Возникновение рэпа – история зарождения субкультуры (Электронный ресурс). Режим доступа : <http://www.rap.citi.ru>, свободный.

СОЦИАЛЬНЫЕ, ПРАВОВЫЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ В ОБЩЕСТВЕ

Каленов Ержан

Руководитель: Айтказиева Г.С.

Актюбинский Высший политехнический колледж

Актуальность темы исследования: тема актуальна в связи с действительности проблемы молодежи не являются исключительно «молодежными», а касаются всего общества в целом и неразрывно связаны и отражают трудности, так или иначе, всех граждан государства.

Чрезвычайно устойчивы взгляды на молодежь как социально пассивную, находящуюся в переходном, маргинальном состоянии социальную группу, потребителя социальных услуг, различных видов безвозмездной помощи, поддержки со стороны государства, замкнутую в системе своих внутренних, подчас сугубо экономических, интересов и потребностей.

Однако не стоит полагать, что современная молодежь совсем не думает о будущем, это совсем не так. Огромное количество молодых людей хотят быть полезными своей стране, хотят заниматься любимым делом, получать достойную оплату за свой труд, хотят без страха жениться и выходить замуж, заводить детей, не боясь, что завтра их уволят в период очередного финансового кризиса. Но молодежи не справиться со всеми трудностями

В наше бурное время мы невольно стали свидетелями того, как ослабевают нравственные устои общества и отодвигаются на задний план духовные ценности, создававшиеся на протяжении многих веков. Порой человек топчет то, что необходимо беречь. Прагматизм отдельных личностей, отрицающих интерес нации, практически отодвинул на задний план все необходимые морально-этические принципы, что становится основной причиной нарушения законов государства.

Человек, находясь в стремительно изменяющихся условиях своего существования, нуждается в усилении психологических ресурсов, обеспечивающих его безопасность. Проблема обеспечения безопасности человека и жизненной среды, влияющей на его становление и развитие, выступает приоритетной задачей современной социальной практики.

Цели и задачи исследования: Термин “проблема” в переводе с греческого означает задача. В самом общем виде проблема - это научный или практический вопрос, требующий своего изучения и разрешения. Социальная проблема - это осознаваемое человеком как значимое для него несоответствие между целью и результатом. Это несоответствие возникает, как правило, из-за отсутствия или недостатка у человека средств, необходимых для достижения цели, что приводит к неудовлетворению социальных потребностей.

В процессе развития любого общества возникает множество проблем общесоциального, группового, индивидуального характера. Они пересекаются, взаимопроникают, вызывая к жизни другие, подчас более сложные, проблемы, что чаще всего нарушает привычные

жизненные устои, сложившиеся жизненные стандарты и правила поведения, приводит к новым формам социального взаимодействия и порождает потребность в их целенаправленном разрешении.

Хочется отметить преимущества, которыми, как представляется, обладает предложенная модель анализа и решения социальных проблем. Во-первых, она имеет практическую направленность и ориентирована на использование ее в исследовании конкретных социальных проблем. Во-вторых, она помогает ясно видеть недочеты, существующие в отечественной социальной практике, и показывает пути их преодоления. В области анализа социальных проблем это относится, прежде всего, к необходимости подробного анализа субъективной составляющей социальной работы, который, как показывает практика, применяется лишь частично на уровне выявления, в лучшем случае, «жертв проблемы».

Список литературы:

1. Андреева, Г.М. Социальная психология в современном мире / Г.М. Андреева, А.И. Донцова. - М.: Аспект-Пресс, 2002. - 335 с.
2. Андреева, Г.М. Социальная психология: Учебник для высших учебных заведений / Г.М. Андреева. - М.: Аспект Пресс, 2012. - 363 с.
3. Дридзе, Т.М. Язык и социальная психология / Т.М. Дридзе. - М.: КД Либроком, 2009. - 240 с.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Айтбай Артур

Ғылыми жетекшісі: Миранбекова Г.А.
Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжі

Ғылыми жобаның мақсаты: Қазақстанның экологиясы қазақ халқының тағдыры.

Қазақстандағы экологиялық проблемалардың асқыну себебін түсінуге жағдай жасау. Тарихи білім мен шығармашылықтарын арттыру және проблеманың шешімін таба білу, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын қалыптастыру.

Қазақстанның табиғат жағдайлары алуан түрлі. Қазақстандағы қалыптасқан экологиялық жағдайды қанағаттанарлық деп айта алмаймыз. Қазақстандағы қазіргі кездегі экологиялық мәселелерге байланысты бірнеше экологиялық аймақтарын көрсетуге болады. А

аймағы – Каспий маңы, мұнай өндіру мен өңдеу салаларына маманданған облыстар кіреді.

Бұл аймақтағы приоритетті мәселе – табиғи ортаның мұнаймен ластануы.

А аймағына Қазақстанның негізгі мұнай өндірушілер болып табылатын Атырау және Маңғыстау облыстары жатады. Халқының саны 1,47 млн. адам, немесе халықтың 5%-ынан кем бөлігін құрайды. Ал ұлттық өнімнің шамамен 16%-ын береді. Каспий маңы аймағында мұнайгаз өнеркәсібінің айтарлықтай дамуы жоспарланып отыр. Каспий теңізінің солтүстігінде мұнай қоры – 3-3,5 млрд. тонна және газдың – 2-2,3 м³. Ағымдағы мұнай өндіру барлық қордың 1% құрайды. 1996 жылы елдің мұнай өндіру саласын қаржыландыру жүргізілді, жақын жылдары одан да артады.

Каспий теңізінде бекіре мекен етеді. Ол ең жоғары сапалы уылдырықтың 95%-ын береді де, оның беретін табысы 10 млн. долларды құрайды. Шектен тыс аулаумен қатар теңіз суының мұнаймен ластануы оның санын кемітеді. Сондықтан, биокөптүрлікті сақтау мәселесіне көңіл аударылуы керек. В аймағына еліміздің шығыс облыстары жатады. Қазақстан Республикасының өнеркәсібі жоғары дамыған аймағы. Ірі түсті және қара металлургия, энергетикалық комплекс шоғырланған. Бұл аймақтығы мәселелер – қоршаған ортада өндірістік қалдықтардың жиналуы, урбанизацияланған территориядағы атмосфералық ауаның ластануы, ормандардың деградациясы, ерекше қорғауға алынған территориялардың жеткіліксіздігі. В аймағына солтүстік-шығыс облыстар – Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Ақмола жатады. Халқының жалпы саны 7 млн.-

нан астам. Аймақ тау-кен өндіру, көмір өнеркәсібі мен жылу энергиясын өндіретін орталық болып табылады. Аймақтың экономикасында ауыр өнеркәсіп, мұнай өңдеу, азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп маңызды орын алады.

Аймақтың экономикасының дамуына ресурстардың күйі әсер етеді. Ертіс және Нұраның өзен бассейндері 4,1 млн. халықты сумен қамтамасыз етеді және ішкі өнеркәсіп қажеттілік үшін 1700 Мвт энергия өндіреді. Бассейнаралық су беруді жоспарлау, Қара ертістен суды қытай халық республикасына беру мәселені шиеленістіруі мүмкін. Тек бір Шығыс Қазақстан облысында 1,5 млрд. тонна улы өнеркәсіп қалдықтары (елде жиналғанның 90%) сақталған. Олар 32 мың га жерді алып жатыр.

Ертіс өзеніне жалпы ластану және Шығыс Қазақстан мен Павлодардағы керосиннің төгілуі қаупі төндіруде. Экологиялық мәселелердің халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен денсаулығына әсері орасан зор: жыл сайын улы қалдықтардан келетін шығын 300 млн. доллар, ауаның ластануы – 266 млн. доллар. Аймақта қатерлі ісіктермен ауыру деңгейі ең жоғары. С аймағына – оңтүстік аймақтар жатады. Тұрақты сумен қамтамасыз етуді қажет ететін ауыл шаруашылық бағытымен сипатталады. Оңтүстік аудандардағы негізгі экономикалық мәселелер – су ресурстарының жетіспеуі, су көздерінің шайынды сулармен ластануы, жайылымдардың деграациясы, табиғи және мәдени ескерткіштердің бұзылуы. С аймағына Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары жатады. Халық саны шамамен 5 млн., негізгі қызметі – ауыл шаруашылығы. Ол суару үшін Арал және Алакөл-Балқаш бассейнінің өзендерінің суын пайдаланады. Кеңінен белгілі аймақтық экологиялық мәселе Арал теңізі. Арал теңізінің кеуіп қалған түбінен сарапшылардың мәліметтері бойынша 50-70 мың тоннадан астам тұз көтерілуде. Ауыз судың сапасының нашарлығы балалар арасындағы инфекциялық аурулардың жоғары болуына әкеліп соқтыруда.

Су ресурстарын тимсіз пайдалану, қытайға судың көптен берілуіне байланысты Балқаш көліне де Арал тағдыру тууы мүмкін. Қазір су ресурстарына деген қажеттілік 50 % ғана орындалып отыр.

Қазіргі кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі – радиациялық ластану болып қалып отыр. Радиоактивті ластанумен күресу тек алдын алу сипатында ғана болады. Себебі табиғи ортаның мұндай ластануын нейтралдайтын биологиялық ыдырату әдістері де, басқа да механизмдері де жоқ. Қоректік тізбек бойынша тарала отырып (өсімдіктерден жануарларға) радиоактивті заттар азық-түлік өнімдерімен бірге адам ағзасына түсіп, адам денсаулығына зиянды мөлшерге дейін жиналуы мүмкін.

Қазақстан территориясында қуатты ядролық сынақтардың ең көп мөлшері жасалды. Семей Полигонында 1949-дан 1989 жылға дейін 470 ядролық жарылыс, оның 90-ы ауада, 354-і жер астында және 26-ы жер бетінде жүргізілген.

Олар Қазақстан территориясының біраз бөлігінің радиациялық ластануына әкелді, Шығыс Қазақстан тұрғындары Хиросима-Нагасаки мен Чернобыльдан кейінгі ең үлкен иондаушы сәулелену дозасын алған. Радиациялық әсерге байланысты туған аурулар туралы мәліметтер 1989 жылға дейін құпия сақталып келді. Ресми емес көздердің мәліметтеріне сүйенсек лейкемиядан қайтыс болғандар саны ондаған мың адамды құрайды.

Қазақстан территориясында радиациялық ластану себептеріне мыналар жатады: Семей ядролық полигонында жасалған жарылыстардың салдары, радиоактивті материалдарды пайдаланатын атомдық өнеркәсіп орындары, ғаламдық жауындар, халық шаруашылық мәселелерін шешу мақсатында жасалған жер асты ядролық жарылыстар, табиғи радиоактивтілік, радио-активті қалдықтар.

Семей ядролық полигоны. 1995 жылы Шығыс Қазақстан облысының Орталық бөлігіндегі жүргізілген программа, спектрографиялық суреттер жер бетіндегі цезий — 137 активтілігі 65—100 мкм/сағ. болғанын көрсетті. Кейбір жерлерде 120—500 мкм/сағ. байқалған. Зайсан көлінің Оңтүстік Батыс жағалауында цезий 137 радиациялық фоны 120—150 мкм/сағ. құраған.

Халық шаруашылық мәселелерін шешу мақсатындағы жер асты ядролық жарылыстар. 1995 жылға дейін Қазақстан территориясында әскери

полигондардан тыс 32 жер асты ядролық жарылыстар жасалған. Олар әртүрлі халық шаруашылық міндеттерін шешу үшін, соның ішінде жер қыртысын сейсмикалық зерттеулер, Каспий маңы ойпатында тұзды мұнараларды жер асты кеңестерін жасау үшін жүргізілген. Қазіргі уақытқа дейін бұл территориялардағы жер асты суларының ластану дәрежесі және мониторингі бойынша ешқандай жұмыстар жүргізілмеген.

Арал теңізінің экологиялық мәселелері. 60-жылдардан бастап Арал теңізінің ауданы кеми бастады. Суды ауыл шаруашылық дақылдарын суару үшін қолдану Тянь-Шань тауларымен ағып келетін табиғи су ағысын 90%-тен астам қысқартып жіберді.

Қоршаған ортаны бұза отырып, кез келген қазіргі заманға қоғам өзінің болашағын жояды. Болашақ ұрпақтардың дамуы үшін экологиялық тұрақтылықты сақтап қалу қажет. Экологиялық тұрақты болашақты сақтау үшін табиғи ортаның жағдайын бақылап, өнеркәсіптік қалдықтарды нормалау мен алдын алу, қалдықсыз және ресурстарды тиімді пайдаланатын технологияларды жасап, іске қосу керек.

Арал теңізі Орта азияның шөлді белдеуінде орналасқан. Көлемі бойынша Арал дүние жүзінде ішкі су қоймаларының ішінде төртінші орында болған.

ӨТЕБАЙ ҚАНАХИН ӘНГІМЕЛЕРІ: ЖАЗУШЫ ШЕБЕРЛІГІ

Қалиев Бейбарыс Маратұлы

Жетекшісі: Алашбаева Гульжайнар Серказыевна

Ақтөбе жоғары политехникалық колледжі

Ғылыми жұмыстың мақсаты: аймақтық әдебиеттану саласында ерекше маңызы бар шығармалар жазған қаламгер Өтебай Қанахиннің шығармашылық ерекшелігін таныту.

Ғылыми жұмысты жазудағы міндеттер:

- Өтебай Қанахиннің өмірден шыңдалған адами тұлғасын зерделеу;
- Жазушы Ө.Қанахиннің әңгімелерін тақырыптары бойынша топтастыру;
- Заманның даңғазы тірлігінің адамдар өміріне кері әсерін талдау;
- Туған жерге деген зор сүйіспеншілік арқылы жастарға өнеге беру;
- Еңбек адамының бейнесін жасаудағы шеберлігін таныту.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі – қазақ әдебиетінде Өтебай Қанахиннің әдеби мұрасы хақында жекелеген мақалалар жазылғанымен, жеткілікті зерттелмеуінде, сонымен қатар Қанахин әңгімелерін негізге ала отырып, қазіргі заманның түйткілді мәселелерін алға тартуда.

Әрбір қаламгердің әдеби мұрасын, шығармашылығын танытудағы негізгі сүйенеріміз – жазушылық шеберлігі. Жазушы Қанахин әңгімелері өзі бастан өткерген заман шындығын көркемдік шешіммен әдіптеп, оқырман назарына ұсынды. Қай туындысын алып қарасаңыз да, әсіре бояусыз өмірдің өзі мен қайнаған халық ортасынан шыққан таза кейіпкерлер. Туған жерге деген асқан сағыныш, Отан – анаға құрмет, халықтың дархан көңілі, еңбекті ерекше сүю, жаңа заман арнасы – міне, Өтебай ағаның қалам тартқан бағыты. «Бақыт бәйшешегі» атты еңбегіне енген «Кім не дейді?», «Сылқым жігіт», «Дәу жігіт» атты әңгімелеріндегі кейіпкерлер бейнесі әр қилы болса-дағы, сан тарау өмір өткелдеріндегі олардың әрі қарай шешім табу мәселесі бәріне ортақ.

Жазушы кейіпкерлер аузына ауыл тұрғындарының іс - әрекеті, бар болмыс – бітімін келтіре сөз салады. Өтебай Қанахин тіліндегі өткір мысқыл, ащы сатира да осы шығармада көзге түседі. Арақтан күйіп өлген «Дәу жігіт» оқиғасын оқып отырған оқырман, ең алдымен, мысқылмен жеңіл бір күліп алса, екіншіден, көңілдеріне өмірлік сабақ, дұрыс жолға түсу түйткілін алып қалады. Қаламгер шеберлігі шағын оқиғадан үлкен заманшылық сабақ тудыра алуында, оны халық алдында түсінікті тілмен жеткізе алуында жатыр. Бұл бір ғана «Дәу жігіт» отбасына түскен тауқымет емес, сол кездегі бүкіл қазақ отбасыларына зауал әкеле жатқан жағдай болатын. Жазушы осыны қалай, кім арқылы және қандай оқиғамен жеткізу керек екенін жақсы түсінген сияқты.

«Айрылысар көже» әңгімесін алып қарайық. Әңгіме соңы қызықты – «Айрылысар көже» жасап, бірақ көшпейтін болады. Шығарманың түйіні «Бізде бөтен ел, бөтен жер жоқ, Қазақстанның кез келген түкпірі бәрімізге де ортақ, ең бастысы азаматтар бірлікте, ынтымақта болуы керек» дегенге саяды.

Жазушының 1985 жылы 16 қазанда «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған «Қарт диқан» әңгімесі де заманауи тақырып саналатын еңбек тақырыбын сөз етеді. Әңгімеде қарттың әрбір ойы «Жаңбырмен жер көгерер, // Еңбекпен ер көгерер», «Бидайдан бір тамса, // Тарыдан екі тамады», «Арық малдың етінен бір тостаған сөк артық», «Бақпасаң мал қысырайды, // Екпесең жер қысырайды», «Сауынсыздың жазы болмас, // Қауынсыздың күзі болмас», «Қара жерді емгеннің қарны ашпайды», «Түсі игіден ісі игі артық» деген мақал – мәтелдермен өрнектеліп отырады. Бұл мақал – мәтелдер автор мен Нұркей ақсақалдың сөздерін ғана емес, жалпы әңгіменің идеясын, тәрбиелік мәнін ерекше айқындап тұр.

Жазушы өзінің әңгімеде айтпақ ой – түйінін Нұркей қарттың аузына салады:

«Қазір жаппай еңбекке көшкен заман ғой: істемесең тістемейсің. Түбінде осы дұрыс. Қазір ел табаны еңбекке мықтап тірелді. Осы күні көбінесе шаруа баққан озып жүр. Бұл дұрыс та».

Өтебай Қанахин - әңгіме жанрында шебер қалам тербеген жазушы. «Бақыт бәйшешегі», «Қарт сарбаз хикаясы» жинақтарындағы әңгімелері арқылы жазушының творчестволық шеберлік бетін айқындаймыз. Түрлі тақырыптардағы әңгімелерінен мөлдірлік, сезім шынайылығы мен адам тағдырында кездесетін қиыншылық пен қызықты және психологиялық тереңдік, адам жанын айнытпай түсінгіштік қасиетті, жазушылық шеберлігін талдап ұқтық.

«Әңгіме – шеберлік мектебі. Ірі жазушылардың бәрі қаламын осы мектептен ұстартқан» /1, 315/. Жазушы Өтебай Қанахин да қаламын осы жанрда ұштап, шеберлік мектебін игерді. Оның «Айрылысар көже», «Дәу жігіт», «Қарт диқан» әңгімелері – шағын көлемге мол мазмұн сыйдырған, жазушының әңгіме жанрындағы ұсталығын көрсететін туындылар.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 бет
2. Қанахин Ө. Бақыт бәйшешегі (әңгімелер мен повестері). Алматы: «Жазушы», 1997. – 348 бет
3. Қанахин Ө. Қарт диқан: Әңгіме // Социалистік Қазақстан. – 1985. – 16 қазан. – 4-бет

XVIII – XIX ҒАСЫРДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ БИЛЕРІНІҢ ЕЛДІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ АТҚАРҒАН РӨЛІ

Амангельдина Ақнұр Нұрболқызы

Жетекшісі: Ермұқанов Тұрлан Нурадинұлы

Ақтөбе жоғары политехникалық колледжі

Рухани өркендеуіміздегі келесі оңды өзгерістердің бірі халықтың тұтастай ойлау жүйесінің жаңғыруы. Соның нәтижесінде қазақ халқы өзінің ұлттық тарихына, еліміздің өткен өмірінде басты орын алған алып тұлғалардың өмірі мен қызметіне жаңаша көзқараспен қарай бастады. Сондай жаңаша көзқараспен ғылыми талдаудан қазақтың «билер институты» да өтіп, өзінің шынайы бағасын алуда. Қазақтың дәстүрлі – құқық жүйесіндегі билер институты жайлы, талай зерттеулер жазылды. Қазақтың билер институты өзінің шынайылығымен халыққа ең жақын құқықтық орган болған. Қазақ елінің мыңдаған жылдардан бері ғасырдан – ғасырға ұласып келе жатқан мемлекеттік билігінде билер институтының алар орны ерекше. Шынайы халықтық үлгіде құрылып, ежелден елдік әдет – ғұрыпқа негізделген дәстүрлі құқық нормаларын берік ұстанған бұл сот жүйесі ұлттық санамыздағы ұзақ жылғы даму эволюциясында тек әділдік пен

ақиқаттың айқын көрінісі ретінде мызғымай келді. Ұлтымыздың өзіне тән осындай құқықтық мәдениеті, оның халық алдындағы беделі мен рөлінің жоғары болуына билер сіңірген өлшеусіз еңбекті барлық қырынан танып білу қажет. Би – бірінші кезекте халыққа сот төрелігін шынайы, әрі турашылдықпен жүзеге асыруда әділ билігімен танылған, соттық функцияны атқаратын мемлекеттік қызметші. Сондықтан, Қазақ елінің билер соты барша жұрт алдында кәсіби жағынан әбден шыңдалған, тәуелсіз сот билігі ретінде сақталып келді. Адал би – әділ би деген тұжырым содан қалған.

Тақырыптың өзектілігі. Қазақтың дәстүрлі – құқықтық жүйесіндегі билер институты, қазақ қоғамын басқару жүйесіндегі биліктің бір нысаны түрінде көрініс тапты. Билер қазақ қоғамында ру басы, сот, жергілікті әкімшілік биліктің өкілі ретінде саяси – әлеуметтік, әкімшілік, соттық – құқықтық қызметтерді жүзеге асырады. Негізінен олардың қызметі қоғамда болып жатқан дау – дамайларды шешу болды. Би атағына ие болу үшін билер қазақ халқы алдында туа біткен дарындылығымен, шешендігімен, қазақтың әдет заңын, салт – дәстүрін бес саусағындай білетіндігімен, ойлылығымен көзге түскен, елден озған, әділдікті жақтаушылар болған. Билер ерте замандарда пайда болып, халқымыздың ұзына бойғы тарихында белгілі бір даму кезеңдерін басынан кешірді. Олардың атқарған қызметі, ой – пікірлері, соттық қағидалары, шығарған шешімдері мен үкімдері қазіргі ұрпаққа өшпес мұра ретінде жетіп отыр.

Жұмыстың зерттелу деңгейі:

Қазақ қоғамындағы билер туралы шағын болса да өте бағалы пікірлер қалдырған Шоқан Уәлиханов.

Қазақ қоғамындағы билік хәм билер институты турасында терең де дәл тұжырымдар Абай Құнанбаев пен оның шығармашылық сын мектебінің өкілі Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектерінде де кездеседі.

Қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де қазақ даласындағы әдет – ғұрып заңдары мен оған қатысты саяси – әлеуметтік мәселелерге А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов сынды қоғамдық хәм саяси қайраткерлердің қай – қайсысы да көңіл бөлген.

Қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік институттары, оның ішінде билер мәртебесі жөнінде бірқатар құнды тұжырымдар қалдырған қазақ зиялыларының қатарында М.Тынышпаевтың орны ерекше. XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттар мен олардың қоғамдық рөлі таяурағындағы бірқатар бағалы пайымдаулар С.Зиманов, С.Аманжанов, С.Толыбеков тәрізді ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқандықтан ерекше назар аударуға тұрарлық.

Мәселенің ғылыми жаңалығы. Қазақстандағы билер институты жеке мәселелер ретінде арнайы зерттеу нысанына айналуында болып отыр. Жұмыстың алға қойған мақсатына байланысты төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

- Би терминінің шығу, пайда болу, тарихи кезеңдерге байланысты түрленуін анықтау.
- Билер институтының дамуының басты – басты кезеңдеріне тоқталу.

- Билер институтының құқықтық реттелу ерекшеліктеріне ғылыми негізде талдау жасау, билер сотында іс қараудың ерекшеліктері мен билер сотында істі қараудың сатыларына жеке – жеке тоқталу.

Чаньаннан шыққан көпестер керуенімен бірге қоспақ түйемен Дунхуан арқылы ұлы Гоби шөлінің шетімен жүріп, «Ұлы Айдаһар шағылдары» деген атпен мәлім тұзды шедден, Хами және Тұрфан жазирасынан, Тянь-Шанның солтүстік беткейлерін бойлай өтіп, сірә, Музур-Ола жотасы болуы мүмкін деп саналатын мұзды таулардан шыққан Сюань-Цзян мен оның серіктері «Мөлдіреген Көгілдір келге» жеткен. Оны «Қайнаған көл» деп те атаған, сондықтан оның Ыстықкөл екенін білу қиын емес. Келді айналып өткен тауап етуші Суяб қаласына келіп, онда Батыста шекарасы Қара теңізге дейін созылып жатқан орасан зор империяның әміршісі түрік қағанымен кездескен. Сюань-Цзян түріктердің қағаны мен оның маңындағыларды былайша суреттейді: «Бұл жатжерліктердің жылқышары тамаша екен. Қаған жасыл жібек шапан киген; оның басы жалаңаш, тек ұзындығы бір чжаннан (3,2 м) астам жібек шүберекпен орап, ұштары артына салбыратып жіберілген. Оның ізіне зерлі шапан киіп, шаштарын бұрым етіп ерген екі жүзден астам тархан еріп жүр. Аң терісімен әдіптелген киім және жұмсақ бас киім киген өзге жауынгерлер айбалталар, тулар мен садақтар ұстаған. Түйелер мен атқа мініп келе жатқандардың көп екені сонша, көзбен шолып шығу мүмкін емес.

Жол бұдан 3-4 мың жыл бұрын болған. Ол Қытайдың Хан патшалығы кезінде ғана өркендей бастаған, себебі Хан патшалығының Хан Уди патшасы Жаң Чянды батыс өңірге екі рет жіберіп, Орталық Азиядағы елдермен достасуға пейілді болған. Жаң Чян қазіргі Ферғана, Самарқан және Балқаш көлі сияқты жерлерге барған. Жаң Чянның сапары бұл

жолды шығыс пен батыс үкіметтері арасындағы байланыс жолына айналдырған. Осыған орай саудагерлер де «Жібек жолында» ат ізін суытпаған. Жаң Чян батыс өңірге және Азияға Қытайдың жібек өнімдерін ала барған ; ал елге қайтарында барған жерлерінің тауарлары және батыс өңірінің музыкасы сияқты алуан түрлі мәдениетті алып қайтқан. Жаң Чяның сапары қытайлықтардың батыс өңір мен Орта Азияны түсінуіне мүмкіндік берді. Ал Жаң Чян барған жерлердегі халық та Қытайдың өнімдері мен мәдениетіне қатысты түсінігін анағұрлым тереңдетті. Осылайша, бұл жол гүлденіп, көркейе бастады. Шығыс пен батыстың аралығындағы дәнекерге айналып, өркениеттерді өзара тоғыстырды. Осы жолды қорғау және дамыту мақсатында, Қытайдың әр дәуірдегі патшалары жол бойына қарауыл қойып, әскер тұрғызды.

«Жібек жолы» іс жүзінде өзгермейтін тұрақты жол емес, қайта ол уақыт ізімен өзгеріп отырған, бірақ тарихтағы дәстүрлі сорабы өзгермеген : жол шығыста Чаң-аннан (қазіргі Ши-ан) басталып, Тарым ойпатынан өтіп, Памир үстіртінен асып, Орталық Азияны, Азияны кесіп өтіп, Жерорта теңізінің шығыс жағалауына дейін барады, жалпы ұзындығы 7000 км асады.

Қорқыт ата (VIII-IX ғ-да Сыр бойында өмір сүрген) - ақын, асқан күйші, аңыз кейіпкері. Қорқыт өз өмірінде үш хан тұсында (Инал, Көл-Еркен, Қаңлықожа) уәзірлік қызмет атқарған. Қорқыт әлеуметтік заң негізін жасап, ата-баба мекенін ұйық деп білу, оны сыртқы жау шабуылынан қорғау, жер- суды белгілі бір тәртіппен пайдалану, т.б. салаларға бөліп қарап, халық арасында туындаған кикілжіңдерді әділ шешіп отырған. Сырдария жағасында 1950 жылға дейін жергілікті халық қобыз атасы Қорқытқа теліген мазар тұрғызған. Қорқыт мазарын 19 ғасырда Ә. А. Диваев пен И. А. Кастенье зерттеді. 19 ғасырдың аяғында Қорқыттың сүйегі басқа жерге көшірілген. Сырдария арнасының ауытқуынан Қорқыт мазарының қалдығы 1960 жылы шайылып кетті. 1980 жылы Қызылорда облысындағы Жосалы ауылынан 18 км жердегі байырғы Қорқыт ата мазары орнынан Қорқыт ата ескерткіші қайта тұрғызылды.

Сарайшық. Атырау қаласынан 55 шақырым жерде, Жайықтың оң жақ жағасында бір кездегі атақты Сарайджук (Сарайшық) қаласының қираған орны жатыр. Қаланың іргесі XI ғасырда қаланған, гүлденген дәуірі XIII-XIV ғасырлар аралығы. Қала Еуропа мен Азияны жалғастыратын керуен жолы бойында орналасқан. Мұнда салтанатты сарайлар, керуен-сарайлар, моншалар, мешіт-медреселер салынған. Қала Алтын Орда хандары жерленген қасиетті орынға айналған.

Егер Жібек жолымен батыстан шығысқа қарай жүрсек, оның Қазақстандағы учаскесі Шаштан (Ташкент) шығып, Тұрбат асуы арқылы Исфиджабқа, Сайрам (Сарьямға) келеді. Ежелгі қаланың осы күнге дейін сақталған. Шымкент түбіндегі бір қыстақ тап осылай аталады, оның дәл кіндік тұсында Жібек жолындағы бір кездегі ең ірі орталықтардың бірі болған орта ғасырлық қала жұртының қалдығы сақталған. Исфиджабтан құлдарды, бөз маталарды, қару-жаракты, семсерлерді, мыс пен темірді әкетіп жатқан. Испиджабтан шыққан керуендер шығысқа қарай бет алып, Шараб және Будахкент қалалары арқылы Таразға барады екен.

Қазақстанның аса ірі қалаларының бірі Тараз VI ғ. бұрын белгілі болған. 568 ж. түрік қағаны Дизабұл Византия императоры II Юстинианның стратгі Земарх бастап келген елшілігін тап осы қалада қабылдаған. Бастаухаттар оны көпестер қаласы деп атаған. Осымен қатар ол түргештердің, содан кейін қарлықтар мен қарахандардың тарихи орталығы болған.

ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ – ТАҒЫЛЫМДЫ БОЛАШАҚ

Иниршиева Б.Р.

Ғылыми жетекші: Утегенова Даматкен Марсовна

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Медициналық-әлеуметтік колледжі

Мемлекет басшысының ұсынысымен 2019 жыл «Жастар жылы» деп жарияланды. Осы жылы жастар мәселесі толығымен шешу, жастарды қолдау мақсатында осы бағдарлама қабылданды. Қазірде осы бағдарлама бойынша көптеген жұмыстар атқарылуда. Жастар жылында тек жастарға ғана емес сонымен қатар жас отбасыларға да қолдау көрсетіліп, жас отбасыларға көмек қолын созады. Жастар жылы жаңа бастамалардың, жаңа жұмыстардың бастауы. Осы жылда өте керемет істер атқарылып, ел жағдайы жоғары деңгейдегі жұмыстардың куәсі боламыз. Дамыған елдер қатарына қосылудың бір қадамы десекте жаңылмаймыз. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы жақсы жұмыс бастап берді. Өйткені ұлт болашағы – жас ұрпақ. Жастар жылы игі істердің, жарқын болашақтың кілті десек болады.

Жастар жылындағы берекелі бесінші бастама – жас отбасыларға қолдау көрсетіп, салауатты өмір салтын ұстануға ұйытқы болу. Бұл ретте, өңірімізде «Бақытты отбасы» клубының жұмысы қолға алынып, жас отбасыларға психологиялық және заңнамалық тұрғыда көмек көрсететін кабинет ашылатындығы туралы айта кету қажет. Бұл бастамалар отбасы құндылықтарын насихаттай отырып, ел жастарына ерекше орын беретініне ерекше серпін беретініне сенгіміз келеді.

Өзектілігі: Тәрбие мәселесінің қаншалықты маңызды екенін Абдолла Аблонидің тәрбиеге байланысты айтқан: “Тәрбие – біз үшін не өмір, не өлім, не құтылу, не бақыт, не қайғы мәселесі”, — сөзінен белгілі. Қазіргі кезде тәрбие мәселесі өзінің өткірлігі жағынан еліміздегі Арал, Балқаш сияқты экологиялық проблемалардан кем емес, сондықтан тәрбие мәселесін экологиямен қатар қоюға тиіспіз деп ойлаймын. Ал бала тәрбиесінде — отбасы ең үлкен мықты тәрбие ошағы. Баланың адамдық қасиеттері мен әдептілігі, оның болашақта қандай адам болуы өзі туылған отбасында алған тәлім-тәрбиесі мен ондағы қарым-қатынасқа байланысты. Өйткені ата-ана — басты ұстаз. Баланың заманына лайық азамат болып өсуі – алдымен ананың ақ сүтімен, абзал тәрбиесінің жемісі. Біз бала тәрбиелеу арқылы халқымыздың, ұлтымыздың болашағын қамтамасыз етеміз. Осы орайда бала тәрбиесіне қандай да бір осалдық болса, бала дұрыс күтім жасалмаған қисыд\қ бұтақпен тең болады. Адам тәрбиесі қоғам құрылуында, ел ішіндегі алауыздықтарды алдын алудың бірден бір кепілі. Қазірде көп балалар ата-анасы балаларын асырау қамымен күні-түні жұмыс жасап, балаларына тиісінше уақыт бөле алмай жатады. Осыдан кейін бала еркіндікке үйреніп кетіп, көшедегі бұзақы балаға немесе жат ағымға, бұрыс бағытқа, жамандыққа ұшырап қалады. Заман талабына сай боламыз деп балаларын қатарынан қалдырмайыншы деп зыр жүгірген ата-аналар мен тура жолдан тайған балалар қазіргі заманның басты мәселелерінің бірі. « Ана көңілі – балада, бала көңілі – далада» - деп бекер айтылмаған ғой! Қазіргі болып жатқан қоғамдағы жайсыз, қорқынышты жаңалықтар, балалардың тура жолдан тайғандығы, өз өздерін ырыққа көндіре алмай, елігіп бұзылып жатқандарын көріп, осы мәселелер оңтайлы шешілсе екен деп ойлаймын. Қоғамда көкек аналарда өкінішке орай жас сәбилерді тастап кетіп, ұлт болашағына үлкен зардабын шектіріп жатыр. Барлық қоғамдағы балалардың тарапынан болған келеңсіздіктердің барлығы бала тәрбиесінің әлсіздігінен, бала санасын улайтын ақпараттар, бағдарламалардың көптігі басты себепші болады. Күні кеше Алматыдағы 5 қыздың өрт кесірінен жазықсыз ажал құшуы, балалардың қараусыз далада, біреудің босағасында қалып қоюы, ішімізді қан жылатады. Осының барлығы бала тәрбиесіне, ата-анамен бала қарым қатынасына тікелей байланысты. Бала қамы үшін жанын беруге даяр нәзік тәрбие беруші аналарымыз қара жұмыс істеуге мәжбүр. Үйдің ұйытқысы ана, асыраушысы әке деген түсінік қалыптасқанмен қазірде бәрі де басқаша. Осы төңіректе келтірілетін мысалдар өте көп. Біреуіне тоқталсақ Бала ата-анадан мейірім көрмесе, ата-анасы әрдайым жұмыста. Оның бар жағдайы жасалған, не ішем не жеймін демейді. Бірақ ата-анасының мейірім, шапағаты жетіспейді. Оны бала сыртта жаңа орта тауып, біз сені жақсы көреміз, біз сені ортамызға қосамыз, бәріміз бір адамдай бас қосамыз деп иландырады. Бала өзінің қалай тура жолдан тайып, жаман ортаға қалай тап болғанын түсінбей дал болады.

Мақсаты: бала тәрбиесін тиімді ұйымдастыра отырып, мектеп пен отбасының ынтымақтастығын дамыту.

Міндеттері:

- Бала тәрбиесіндегі отбасының маңызы
- Ұлы педагогтардың еңбектеріндегі отбасы тәрбиесінің негіздері
- Отбасындағы бала тәрбиесі
- Отбасы тәрбиесінің ерекшеліктерін көрсету

Әр ұрпақ біздің болашағымыз. Оларды тәрбиелеу, дамыту, қолдау біздің қолымызда. Егер ұрпақ тәрбиесі айқын, жарқын және дұрыс болса, біздің болашағымызда жарқын боларына сеніміміз мол! Әр ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу аға буы Бала тәрбиесінің алтын бесігі – отбасы. Бала тәрбиесі- бала тәрбиесіндегі негізгі роль атқаратын ата-анасы және тәрбие беру орындары (бала бақша, мектеп, қосымша мектептер). Бала тәрбиесінде бала психологиясына, танымдық жүйесіне зақым келтірмей шығармашылық, ғылыми жағынан тәрбиелеп, ұлт болашағын тәрбиелеу ата-ана мен педагог мойнындағы жүк болып келеді.

Отбасының бала тәрбиесінде алатын орнына келетін болсақ, ең маңызды орын Отбасында. «Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілесің.» - деген дана халқымыз. Отбасы – белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан отбасылық өмір жеке адамның азамат болып өсуінің кепілі. Отбасы – оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы. Ол бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланысты болуды өте жақсы түсінеді. Өйткені бала тәрбиесінің отбасында, мектепте нәтижелі болуы осындай ынтымақтастыққа негізделеді. Отбасы тәрбиесі – бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата-аналардың борышы. Ата-ананың қоғам алдындағы зор борышы. Қазақ халқы - рухани зор байлықтың мұрагері. Бала психологиясы – жас ерекшелігі психологиясының негізгі бөлімі. Ол адам өміріндегі тұтас бір кезеңі болып табылатын балалық шақтың психикалық даму заңдылықтарын зерттейді. Бала психологиясының негізін қалаған – неміс ғалымы В.Прейер. Бала психологиясы баланың дүниеге келгеннен мектеп бітіргенге дейінгі уақыт аралығын қамтиды.

Қорытынды. Мен болашақ маман ретінде айтарым. Жарқын болашақ қаласақ, ұрпағымызға саналы тәрбие, сапалы білім, сауатты діни тәрбие бере білуіміз қажет. Бала жақсы тәрбиелеу арқылы жақсы азамат тәрбиелеп, өзіміздің жақсы маман екенімізді дәлелдеп, жемісімізді көреміз. Тәрбиелі ұрпақ – тағылымды болашақ кепілі. Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрлерімізді қолдана білу өнер. Бала тәрбиесі аға ұрпақтың басты борышы болып табылады. «Оқыту — тәрбиелеудің қуатты органы, бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айырылады» деп өсиет қалдырған К.Д.Ушинский. Мен болашақ маман баланы оқуға шақыра отырып, бойына рухани байлық пен тәрбиені ұялата білетін маман боламын. «Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады»; «Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы-мұң» (Абай Құнанбайұлы «Накыл сөздер» кітабы 2005ж, 32бет).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Тәрбие» Бердіғали М.С. 2010ж.
2. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» Мақатова Ж.Ә. 2012ж.
3. «Ата-аналар сіздер үшін» Пинт А.О. 1990ж.

ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАТЫН ӨЗГЕ ҰЛТТАРДЫҢ ДӘСТҮРІ МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ

Маханова Лаура

Ғылыми жетекшісі: Шахабаева Ж.Б.

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Медициналық-әлеуметтік колледжі

«Көп ұлтты болуымыз – біздің байлығымыз, мақтанышымыз, тату елге тыныштық орнайды, бейбіт елде ғана береке болады...»

Н.Назарбаев

Қазақстан көп ұлтты мемлекет.Қазақстанда 130-дан астам ұлт және ұлт өкілдері тұрады.Оның ішінде орыстар, өзбектер, украиндар, белорустар, кәрістер, немістер, ұйғырлар және т.б ұлт өкілдері бар.Олардың барлығы да Қазақстанда тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Мен де осы Қазақстанда тұратын ұлт өкілдерінің дәстүрлеріне қызығып,зерттеуді жөн көрдім.Оларға тоқталатын болсам: орыс, корей,украин,неміс,өзбек,ұйғыр,грек,татар халықтары.

Әр халықтың өзіне тән салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары қалыптасқан. Алайда, елімізде тұрып жатқан түрлі ұлт өкілдерінің бір-бірімен араласуынан, тығыз қарым-қатынаста бірлікте ғұмыр кешуінен бір-біріне ұқсап кеткен дәстүрлерін, салтын да кездестіруге болады. Солардың бірқатарын зерттеп көрдім.

Орыс халқы туралы:Орыс әйелдерінің киімдері жейдеден (кейде бірнеше), сарафаннан, понядан (жүннен тоқылған белдемше), аяқ киімнен, белдіктен, басқа тағатын бұйымнан және әшекейлерден тұрады. Бойдақ және тұрмыс құрған қыздардың бас киімдерінің айырмашылығы бар. Бұлар XIII ғасырда фин-угор халықтарынан енген екен. Тұрғындар XVII ғасырға дейін былғары етіктер мен кебістерді кесе, кейіннен қонышы қысқа туфлилерге ауысты.Масленица деген- христиан дінінің өте ұлы мерекесі. Бұл мереке қыстың соңғы күндерінде аталып өтеді. . Бұл мерекеде ет тағамдарын жеуге болмайды! Тек сүт тағамдарын қолдану керек. Масленица - ойын, күлкі, тойып тамақ жеу мерекесі. Және бұл мерекені қызықсыз өткізген адамның 1 жылы солай өтеді. Ең басты қызығы ол-блины! Блинны олар үшін күннің символы болып табылады. Себебі ол күн секілді дөңгелек әрі ыстық!Келесі үлкен мереке – Пасха. Бұл мерекеде орыс халқы кулич пісіріп, жұмыртқаны бояп пісірген және сауық-сайран құрған. Көктемнен жазға өту Троица мерекесімен белгілі болған. Қыздар ағаш бұтақтарын және гүлден жасалған тәждер әкеліп, алау жағып, өлең айтып, су шашып жастар сауық құрған. Көптеген мерекелерге байланысты жәрмеңкелер ұйымдастырылған. Рухани мәдениеттің қайнар көзі ауызша поэтикалық шығармашылықта жатыр. Осы мәдениеттің ежелгі, көпшілікке мәлім жанры – ән болып табылады. Сонымен қатар орыс халық ертегілері де ежелгі жанрлардың бірі болып есептелінеді.

Ұйғыр халқы туралы:Бұрын Жетісу ұйғырларының ерлер костюмы жіңішке тік жағалы ұзын кең пішілген желбегей жейде мен балағы етіктің ішіне салынатын кең шалбардантұрған. Жейденің сыртынан қысқа башмет киіп, оның сыртынан жіңішке тік жағалы және тар жеңді ұзын халат киген. Халатты мақта матасының ұзын кесегінен жасалған белбеумен байлаған.. Бас киім ретінде жазда – тақия, қыста – қой елтірісімен қапталған шұға бөрік, ал байларда – кәмшат, бұлғын, құндыз терісімен қапталған бөрік қызмет етті.Әйелдер мақта матасынан тігілген, кішкене тік жағалы туника тәрізді пішілген ұзын кең жейде, сонымен қатар толарсаққа қарай тарланып келетін кең шароварлар киген. Тұрмыстағы әйелдердің жейдесіндегі қиығы мен ілгегі алдыңғы жағында кеудесінде, ал қыздардыкі – иықтарында болған. Тұрмыстағы әйелдер жейдесінің оң жақ кеудесі кестемен безендірілген. Жейденің сыртынан үйде және көшеде әдетте үнемі ұзын, тізеге дейін жететін, ілгексіз жеңсіз киім (кэмзэл) киген.

Баланың тууына, жерлеуге, үйлену тойларына байланысты дәстүрлі әдет-ғұрыптар сақталады. Бұл дәстүрлер ұйғырлардың үйлену тойында анағұрлым айқын көрініс табады. Ұйғырларда қалыңдық үшін өтем – қалың мал берілмейді, күйеу жігіт тек үйлену тойы салтанатын өткізу бойынша барлық шығынды көтереді. Үйлену тойы музыкамен,

билермен және дәстүрлі халық әндерімен қатар жүргізіледі. Кешке күйеу жігіт үйінің маңында қалыңдықты үйге кіргізбес бұрын жанып жатқан отты үш рет айналдырады. Ұйғырлардың баланың тууына байланысты салттары да өзгеше. Қазіргі ұйғырлар баланың тууына, оны тәрбиелеуге байланысты барлық салттарды орындайды: тууы, ат қою, нәрестені салтанатты түрде бесікке салу – «бошук-той», қырқынан шығару – «кирик суйи», дәстүрлі сүдеттеу – «суннэт той» және т.б. Босанғаннан кейін бала мен жас босанған әйелді күту бойынша барлық қам-қарекет анасының мойнына жүктеледі. Жаңа туған нәресте мен оның анасы қырық күн бойы зұлым күштердің әсеріне ерекше ұшырағыш болады деп саналады, сондықтан оларды қорғау керек. 12-ші күні нәрестеге ат қойылады, бұл үшін күйеуінің туған-туыстары мен молда шақырылады. Қырықыншы күні баланы жуындыру рәсімі – «кирик суйи» өткізіледі. Бұл үшін бір ыдысқа бір салым тұз, адыраспан, 1-2 кесек шақпақ қант, тиын салынады. Барлық қатысушылар екі ағаш қасықпен су құйылған ыдыстан суды бос ыдысқа құяды. Бұл рәсімге қатысушы әрбір әйел нәрестеге өз тілегін айтуы керек. Осы суда, оны біраз жылытып, баланы жуындырады, сосын алғаш рет шашы мен тырнағын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан»: Ұлттықэнциклопедия / БасредакторӘ. Нысанбаев – Алматы «Қазақэнциклопедиясы» Басредакциясы, 1998
2. Тәтімов М.Б. Демография – халықтану Алматы 1975 50- б
3. Ким Г. Н. Республика Корея Алматы: Дайк-пресс, 2010.

МЕЙІРБИКЕ ТҰЛҒАСЫНЫҢ НАУҚАСТАРМЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУДАҒЫ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІ

Мұхит Ақнұр Мұхтарқызы

Ғылыми жетекшісі: Сағындықова Лазат Сағындықовна

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Медициналық-әлеуметтік колледжі

Тақырыптың өзектілігі. Бүгінгі ғылым мен техниканың ең соңғы жетістіктерімен жабдықталған заманауи емдеу орындарында снауқастарға жетіспей жататын нәрсе-медицина қызметкерлері тарапынан оларға деген мейірім-ықылас, жылы лебіз, психологиялық қолдау. Халықтың медицина қызметкерлерінің жұмысына наразылық білдіріп, ресми органдарға жазып жататын арыз-шағымдарының негізгі себебі де осында. Қазіргі медицинаның осы айтылған кемшіліктерін болдырмаудың ең нәтижелі жолы – бүкіл емдеу мекемелерінде мейірбикелердің еңбегін тиімді пайдалану, олардың бойындағы туа біткен адамжандылық, қайырымдылық, ана жүрегінің айналасына мейірім-шапағатын, жан жылуын сұрқостардың мүддесіне бағыштау.

Біздің көтеріп отырған мәселе – мейірбикелерге, олардың жұмысына жаңа көзқарас. Оларды тек орташа медициналық білімі бар кәсіби мамандар ретінде ғана емес, күтімді қажет ететін ауыр науқастар үшін жұмсақ қолды, ыссы алақанды, сезімтал нәзік жанды әйелдер, айналасына мейірім-шапағат, жанжылуын шашып жүретін аналар ретінде бағалау.

Сондықтан олардың еңбегі белгілі бір көлемдегі кәсіби жұмыстарды атқаруымен ғана емес, әйел болмысына тән осы көрсетілген қасиеттерімен де бағалануы керек. Олар сұрқостардың бойындағы қорқыныш, уайым-қайғы орнына «мен жазыламын» деген үміт-сенім орнатады, бүкіл жасалынып жатқан емнің негізін құрайды, нәтижелілігін арттырады. Мейірбикелер бүгінгі заманауи медицинаның гуманистік деңгейін анықтайды. Мейірбикелердің еңбегіне бұндай көзқарас олардың қоғамдағы орнын белгілеуге, жанкешті еңбегінің әділ бағасын беруге және, ең бастысы – халықтың денсаулығын сақтау жұмысында тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Тиімді пайдаланудың негізі – олардың еңбек ақыларын жұмыстарының науқастардың денсаулығына маңыздылығына сәйкес белгілеу, алатын жалақыларын өсіру. Бұлай істеу мамандардың өз жұмысына көзқарасын

өзгертеді, жауапкершілігін өсіреді, ынтасын арттырады. Осылайша халыққа медициналық көмек көрсету жұмысын жаңа деңгейге көтереді.

Зерттеу мақсаты: Медициналық мекемелерде науқастармен дұрыс қарым-қатынас жүргізудің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

- ✓ Қарым-қатынас мәселесіне ғылыми-теориялық және психологиялық талдау жасау;
- ✓ Науқастардың психологиялық ахуалдарына зерттеу жүргізу;
- ✓ Науқастармен психологиялық қарым-қатынас орнату ерекшеліктерін зерттеу;
- ✓ Мейірбикелердің науқастармен психологиялық қарым-қатынасын орнатуда кәсіби біліктілігін арттыру жолдары.

Зерттеу болжамы: егер мейірбике тұлғасының адамдармен дұрыс психологиялық қарым-қатынас орнатудағы кәсіби біліктілігі, науқастармен сөйлесу мәдениеті, жағымды климат орнатуа білуі, қарым-қатынас ортану стилі, этикеті жоғары деңгейде қалыптасқан болса, онда медициналық мекемелерде қызметкерлердің науқастармен қарым-қатынасы жақсы жолға қойылар еді.

Тақырыптың теориялық және практикалық маңыздылығы: Зерттеуге қатысты педагогика, медициналық, психологиялық, лингвистикалық, ғылыми әдістемелік ойтұжырымдарда қалыптасқан тұжырымдамалар алынды: оқыту және таным психологиясы, медициналық психология, қарым-қатынас психологиясы, үйрету теориясы, әрекет теориясы, оқыту технологиясының жетістіктері мен тиімді әдістері.

Зерттеу әдістері:Зерттеу тақырыбы бойынша жазылған ой-пікірлерге, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік ғылыми әдебиеттерге, мемлекеттік құжаттарға, оқулықтарға теориялық талдау жасау әдісі; әлеуметтік-педагогикалық әдіс (оқушылардың жазбаша байланыстырып сөйлесім дағдылары мен біліктерін бақылау әдістері, озат мұғалім тәжірибесін зерттеу); эксперимент әдісі (анықтау, оқыту, бақылау); оқушы әрекетін талдау (салыстыру, жіктеу); статистикалық әдіс (эксперимент нәтижесінің сандық-сапалық көрсеткіштерін талдау).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Жарықбаев. Жантану негіздері А., 2005 ж.
2. Ж. Аймауытов. Психология А., 2000 ж.
3. Ә. Алдамұратов. Жалпы психология А., 1996 ж.
4. С.Б. Бапбаба. Жантану негіздері А., 2001

АҢ СТИЛІ-ТАРИХИ МҰРА

Мұхтарова Мәдина Мұхтарқызы

Ғылыми жетекшісі: Кенжебаева Зухра Қуандыққызы

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Медициналық-әлеуметтік колледжі

Ғылыми жобаның мақсаты: Аң стилін жаңа сипатта бейнелеу, бұл ерекшеліктің тарихын ашып қарау және де сол нақты зерттелген мәліметтерді көпшілікке көрсете білу

Міндеті: Осы алынған тақырып арқылы, азаматтар және де басқа ұлттарға ҚР тарихын көрсете білу. Бұл өнердің қайтадан жаңғырылуына мүмкіндік туғызу, тереңірек зерттеулер жүргізу.

Маңызы: Түпкі маңызы «аң стилінің» жойылуында. «Аң стилі» тарихқа керекті, ұмытылған тарих ешбір ұлтта болмауы тиіс, оның қатарында қазақ ұлтыда. «Толған ел – тарихын таспен жазады, Тозған ел – тарихын жаспен жазады» деген ата – бабаларымыз. Бұл мәселе 2018 жылы 21 қарашада Н.Ә.Назарбаев жолдауы бойынша қаралды, әлі де жетіледі. Ал маңыздың негізділігі тарихпен жүйеленеді.

Зерттеу әдістері: Аң стилі – ежелгі дамыған мәдениет. Бұл тақырып өзекті,әрі қазіргі уақыттағы толықтай зерттелмеген , мыңдаған құпияға толы. Зерттеу барыстарын жүргізу үшін, толықтай «аң стилі» туралы түсінік қабылданды. Алғашқы ұғымдар мен түсініктер

тарих саласында зерттелген ақпарат бойынша алынды. Ұлы даланың жеті қырына енгендіктен жастар қызығушылығы артуда. Осыған орай бірнеше әдебиеттер бойынша «аң стиліне» қысқаша сипатта, мағлұмат беріліп отыр.

Ғылыми жобаның өзектілігі: Қазіргі республикалық деңгейдегі тарихтағы толықтай зерттелмеген тақырыптарға ашық түрде ХХІ ғасырда, яғни білім мен ғылым кезеңінде жас ұрпақ арқылы түсінік беру. Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы бойынша, сол Ұлы даланың бір қырын өзекті тақырып ретінде алынды.

Гипотеза: Мәселе тарихтың бір бөлігін құрайды. Егер де көбірек зерттеу жұмыстары жүргізілетін болса, бұл тақырып тек ҚР ғана емес, әлемдік деңгейге жетеді. Бейнелеу мен мәдениет саласына қайтадан енгізілер еді. Белгілі бір тарихи құбылыс аталып, өрісі кеңейген жағдай тууы мүмкін. Қоғам көпшілігінде «аң стилі» туралы түсінік төмен деңгейде болса, соны өзгертуге мүмкіншілік алынар еді. «Аң стилі» мәдениеттің бір құрамы, бұл арқылы тұлғалар рухани мәдениетін жетілдіріп, мәдени игіліктерді толассыз жасау.

Б.з.б 8 ғасырдан бастап [Еуразия](#) далалы аймақтар өңірінде аңдарды бейнелеу - [аңдық](#) стиль пайда болды. Оның негізгі тақырыбы - аңдарды және аңыздағы ғажайыптарды бейнелеу. "Аң стилі" [өнері](#) сәндік сипатта қолданылды. Әр түрлі бейнелермен қола қазандар, құрбандық заттары, [кару](#)-жарақтар, ат әбзелдері мен киімдер әшекейленді. "Аң стилі" өнері дәстүрмен сақтар Алдыңғы [Азия](#) мен [Иранға](#) жасаған жорықтарында танысты. Осы жерлерден сақтарға "өмір ағашы" дейтін арыстан бейнесі тарады. Бұл ұғым жергілікті жануарлар мен аң-құстардың, [жылқы](#), [кой](#), [түйе](#), [бұғы](#), [ақбөкен](#), барыс, [жолбарыс](#), [бүркіт](#), [қасқыр](#), [қоян](#) бейнелеріне ауысты. [1]

Біздің ата-бабаларымыз қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санаған. Бұл басты тұрмыс қағидаты Ұлы даланы мекендеген халықтардың дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды. Өз жазуы мен мифологиясы бар Қазақстанның ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті болды. Олардың мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі өнері». Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының символына баланып, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған. Олар жыртқыштардың негізінен мысық тұқымдас аңдардың суретін көбірек қолданған. Егемен Қазақстанның символдарының бірі – жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпаты текті қар барысы екені кездейсоқ емес. Бұл ретте, аң стилі бабаларымыздың айрықша жоғары өндірістік тәжірибесі болғанын көрсетеді. Олар оюлап кескіндеуді, металмен жұмыс істеудің техникасын, соның ішінде, мыс пен қоладан балқымалар жасаудың және құймалар құюдың, жайма алтын дайындаудың күрделі әдістерін жақсы меңгерген. Жалпы, «*аң стилі*» феномені әлемдік өнердегі биік белестердің бірі саналады.

[2]

Негізі аң стилі ежелгі сақтар кезеңінде қалыптасты. Бұл стилдің қалыптасуы туралы әлі күнге дейін деректер табылып, жетілуде. Сол уақыттағы тұрмыс заттары «*аң стилі*» өрнектерімен бейнеленген болатын. Оған дәлел ретінде Шірік – Рабат қаласынан табылған қамалдағы бұйымдар. Сонымен қатар сақтарда «Самұрық сұлбасы» атты өрнек белгілі болды. Бұл өрнектің Қытайдан келгені дәлелденді. Бұл өрнек Қытайдан Иранға жетіп, скифтердің «аң стилі» құндылығы қалыптасты деген болжамдар бар. Осы уақытқа дейінгі табылған аң стиліндегі сан мыңдаған бұйымдардың белгілі дәрежеде бітім қасиеті сараланып, жүйеге келтірілді. Скиф өнерінің аса күрделі символды бітімін түсіну, сюжетті кескіндердің сырын шешу, жалпы қандай «қажеттілікпен» туғанын анықтау пәтуәлі шешімін таппай келеді. Скиф өнерімен айналысушылардың бірі: «Сонау ғажайып өрнекті бұйымдар магиялық функция атқарған, түрлі кейіптегі жан-жануарлардың күштілігі, көрегенділігі, ұшқырлығы, сол мүліктің иесіне дарысын деген ниеттен туған», — дейді. Екіншілері: «Түрлі кейіптегі жан- жануарлар скифтер сыйынатын құдайлардың белгісі еді», — деген пікірді ұсынады. Ал үшіншілер: «Жан-жануарлар скиф кейіпіндегі құдайдың өзі», — дейді. Әрине, бұл пікірлердің қайқайсына да ең алдымен жорамал түрінде ғананазар аударылған. [3]

Аңдық стильдің зооморфтық (пұтқа табынушылық, құдайды аң кейіпінде суреттеу) нышаны-белгілері жағымды рең алып, сақ қоғамындағы ең іргелі байлықтармен шендес жатады. Тарихи көзқарастарға жүгінсек, онда сақ мәдени мұраларының негізгі арқауы жергілікті аңдық стиль болғандығын айқын аңғарамыз. Аңдық стильдің ішкі көркемдік-эстетикалық айырмашылықтарына тоқталар болсақ, ең алдымен сақтардың бейнелеу образы тұрақты, қимыл-қозғалысы динамикасы мен геометриялық кескіндеуі біршама айқын болып келеді. Егер ұлттық бейнелеу өнерін бір ауыз сөзбен сипаттау керек болса, ойымызға бірден «аң стилі» («зооморфизм») сөзі оралады. Және бұл табиғи нәрсе. Өнер нысанасы хайуанат әлемін таңдап алған көшпенділердің экспрессивтік стилінің салтанаты кезінде, оның эстетикалық мән-мағынасы аса биік өреге жетеді. Жабайы сымбат машығы бүкіл сахарада үстемдік құрды, ол тудырған мұратнама халқымыздың әлеуметтік, мәдени-рухани мұрасындағы, ұлттық бейнелеу өнеріндегі өрнек өнерінің ең озық үлгісі болып табылады. [4] Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» деп аталатын мақаласы стратегиялық сипатқа ие және тарихи сананы қалыптастыруға, мемлекетшілдік сана орнықыруға негізделген. Ұлы дала – адамзат пен адам мәдениеті бесігінің бірі. Оның арғы заманғы қожасы сақтар көне тас дәуірінен жаңа тас дәуіріне дейінгі мәдениеттерден Ано мәдениеті, Роразим мәдениеті, Афанасев мәдениеті, Андронов мәдениеті, Қарасүк мәдениеті, Тағар мәдениеті, Пазырық мәдениеті сияқты аң стилі мәдениетін де бастан кешірген. Олардың мәдениеті батыс Азиядағы Қосөзен алабы мәдениеттерімен және Жерорта теңізі жағалауларындағы Египет, Грек, Рим мәдениеттерімен, оңтүстік Азиядағы Үнді өзені алабындағы мәдениеттермен, сондай – ақ, шығыстағы Қытайдың батыс терістігіндегі Шилантаудың тармағы Қаратау өңіріне қатысты Дахата мәдениеті, Жинша мәдениеті, Шанма ат, яғни, ақталған жылқы, Сыба мәдениеті сияқты мәдениеттермен де байланысты. Елбасының аталған мақаладағы ең басты көңіл бөлген мәселесі – тарихи сананы жаңғырту. Президент оны бірнеше ірі жобалар арқылы дамыту қажет деп санайды. Көне қазақ жерінің ғылым үшін маңызы де, өркениет үшін де ауыз толтырып айтатындай жетістіктері баршылық. Оның жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі» өнері. Сонымен қатар – 1969 жылы Есік қорғанынан табылған – Алтын адам. Кейін байтақ даламыздың басқа өңірлерінде де осындай жәдігерлер көптеп табылды. Түркі қауымы ұлан – ғайыр далада көшпелі және отырықшылық өркениетін қалыптастырды. Өнер мен ғылымның, сауданың орталығына айналды. Мақалада Елбасы жетістіктерді айта өркениетке Әбу Насыр әл – Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, тағы басқа ұлы ойшылдарды қалыптастырғанын атап көрсетеді. [5]

"Аң стилін" 3 кезеңге бөлуге болады:

- 1) Біздің заманызға дейін VIII—VII ғасырларда — архаикалық кезең: жануарлардың өзара үйлесімділігін сақтамай, қозғалмайтын бейнеде кескінделуі;
- 2) Біздің заманызға дейін VI—IV ғасырларда — классикалық кезең: жануарлардың өзара үйлесімділігін сақтап, қозғалыста, реалистік түрде бейнеленуі;
- 3) Біздің заманызға дейін III—I ғасырларда — біртіндеп құлдырау кезеңі: жануарлардың сұлбасын бейнелеу, жекелеген элементтердің өрнекке ауысуы (құстың тұмсығы, мүйізі және т.б.). Бізге жеткен аң стилі туралы жәдігерлер мен мәліметтер арқылы жас ұрпаққа тарих пен мәдениеттің ұштасып жатқанын көрсете аламыз. [7]

Қорытындылай келсек: бұл «аң стилі» ізін өшірмес тарих, ата – бабаларымыздың еңбекқорлығын, тапқырлығын көрсететін жас ұрпаққа үлгі. Сонау тарихы Қытай мен Иран арасында байланысып, қазақ даласында таңба болған бір мәдениет. Елбасымыз «аң стилін» бекер Ұлы даланың жеті қырына енгізіп отырған жоқ. Мұндай мақтанарлық ескерткіштеріміз бен тарихымызға айналғандықтан Қазақстан атты ұлы даланың бір бөлшегі саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ежелгі Қазақстан тарихы; Алматы Атамұра 2011ж
2. «Алаш ұстазы» журналы

3. Қозыбаев. М. Қ. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), 2010 ж.

4. Алғашқы қауымдық және дәстүрлі өнер; Алматы, Өнер баспасы 1989 ж – В. Мириманов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ

Серікжан Аружан

Ғылыми жетекшісі: Косдаулетова Айдана Нурлановна

С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Медициналық-әлеуметтік колледжі

Қазақстан Республикасының Конституциясында – Қазақстан Республикасы өзінің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны аталған. Бұл еліміз үшін мәртебелі мақсат. Соның ішінде, құқықтық мемлекет – қоғамда өмір сүріп отырған тұлғалардың бостандығын, қадір – қасиетін, ар – намысын қорғауды қалыптастыратын демократиялық мемлекеттің ең басты белгілерінің бірі.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Конституциясының 1 – бабында: «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп баян етілген [1].

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының басты алғышарттарының бірі – азаматтардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық мәдениетін қалыптастыру, әсіресе оның құрамды бөлігі – адам құқығының мәдениеті.

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазақстанның қазіргі даму кезеңі қоғам өмірінің барлық саласындағы терең өзгерістермен сипатталады. Осыған орай қазіргі заман адамға: өз іс-әрекетіне жауапты болу, әлеуметтік өзгерістер жағдайына тез бейімделе отырып, байыпты шешім қабылдай білу және т.с.с. жаңа талаптар қоюымен ерекшеленеді.

Сондай елеулі өзгерістердің бірі – демократиялық-құқықтық мемлекет құру міндетін шешу. Мемлекеттік саяси-құқықтық қайта құрудың маңызды құрамдас бөлігі – адамның құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеруге тікелей тәуелді. Өйткені, құқықтық мемлекетке азаматтардың жоғары саяси және құқықтық білімділігі, құқық бұзушылыққа қарсы тұра білу қабілеттілігі мен дайындығы тән.

Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде дамуы әрбір азамат бойына құқықтық құндылықтарды сіңіріп, құқықтық сананы қалыптастырудан көрініс береді. Өркениетті қоғам үшін қымбат қазына – адам, адамның бостандығы мен өмірі десек, бүгінгі жас ұрпақтың осы қымбат қазынаны бағалай білуі аса маңызды. Сол себептен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы да осыдан басталады. Оны қалыптастыру үшін жүйелі де мазмұнды тәрбие қажет.

Осыған орай, құқықтық тәрбиенің мақсаты – оқушыны мемлекет заңдары мен қоғамда өмір сүру ережелерін құрметтеуге, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзбеушілікке, қоғамдық тәртіпті сақтауға тәрбиелеу болып табылады. Тұлғаның аталған сапалары болашақ қоғам азаматының құқықтық мәдениетінің мәнін құрайды.

Құқықтық мәдениет қамтамасыз етілмеген жерде шынайы бостандық пен жеке тұлғаның қауіпсіздігі, азаматтық белсенділіктің болуы мүмкін емес.

«Өркениетті қоғамда құқықтық мәдениет әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бөлшегі, әрбір лауазымды адамға қойылар кәсіби талап болып табылады. Тиісті құқық тәртібін орнықтырмайынша, біздің экономиканы реформалауымыз, қоғам өмірінде демократиялық қалыпты өлшемдерді бекітуіміз неғайбыл» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың пікірі қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығына аса назар аудартады.

Сондай-ақ, осы мақсатта мемлекеттік деңгейде басқа да маңызды шаралар жүзеге асырылды. Солардың бірі жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруды іске асыруды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету болды. Мәселен, ел Президенті Н.Ә.Назарбаев

2007 жылғы 28 ақпандағы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруды ерекше атап өтті.

Ғылыми зерттеу барысында мәселеге қатысты әдебиеттерді зерделеу нәтижесі жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мәселесі әр кезеңде де өзекті болғанын көрсетеді. Мәселен құқықтық мәдениет мәселелері философ-ойшыл, ағартушылар әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев және т.б. еңбектерінде әр қырынан көтерілген. Кәметке толмағандардың құқық бұзушылығы және оның алдын алуды заң ғылымында К.С.Сапарғалиев, К.А.Бегалиев, Ө.Қопабаев, М.С.Нәрікбаев, Е.К.Нұрпейісов, М.Нығметоллаев, А.Ибраева, А.К.Мұхтарова, Д.Б.Бұғыбаева, Л.Қ.Ерінбетова, С.Б.Бейсебаева, Ш.Ж.Колумбаева т.б. жете қарастырған.

Құқықтық мәдениеттің мемлекет пен қоғам өміріндегі маңызы мен орны ерекше. Құқықтық мәдениет – қоғамның құқықтық санасының негізгі айнасы. Ал, құқықтық сана – бұл адамдардың құқыққа деген қатынасын көрсететін түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың, бағалаулардың жиынтығы түріндегі қоғамдық сананың ерекше нысаны.

Құқықтық мәдениет құқықтық санамен тығыз байланыста бола отырып, соған сүйенеді. Алайда, құқықтық мәдениет құқықтық санаға қарағанда әлдеқайда кең, себебі, ол психологиялық және идеологиялық элементтермен қатар, заңды мәні бар жүріс – тұрысты да қамтиды. Азаматтардың құқықтық мәдениеті олардың қолданыстағы заңдар жөніндегі білімінен байқалады. Барлық заңдарды білу қажеттілігі мүмкін емес болса да, негізгі қоғамдық қатынастарды реттейтін заң талаптарын әрине әрбір азамат білгені жөн. Азаматтар өздерінің негізгі құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін біліп, оны өзгелердің және мемлекеттің мүддесіне қайшы келтірмей түсініп саналы орындауы, мемлекет алдындағы өз жауапкершілігін сезіне білуі құптарлық іс.

Қоғамның құқықтық мәдениеті – бұл қоғамның құқықтық санасының және құқықтық белсенділігінің негізі, заң нормалары мен заң қызметінің дамуының дәрежесі. Қоғам тәртіпке негізделіп, қалыптасып, өмір сүреді. Қоғамдағы тәртіп түрлі әлеуметтік нормалардың, адамдардың мінез – құлқын реттейтін қағидалардың әсерімен, яғни күшімен орнатылады. Құқықтық нормаларды қолдану нәтижесінде құқықтық тәртіп орнығатыны, ал құқықтық нормалар негізінен заңнан нәр алып белгілі құқықтар мен міндеттер жүктейтіні белгілі. Еліміздің заңдарын сақтау, оған мойынсыну - жауапкершілікті, түсіністікті, заңдарды білуді және соған сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекеттерді үйлестіруді талап етеді.

Қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі – қылмыстың, құқық бұзушылықтың алдын алу. Бұны бүгінгі таңда барлық деңгейдегі шенеуніктерден бастап, құқық қорғау органдары қызметкерлері, оқытушылар мен ата-аналар, азаматтар да түсінуде. Құқық бұзушылық жөнінде «Құқық бұзушылық дегеніміз – адамның қоғамға, мемлекетке немесе жеке тұлғаға зиян келтіретін, соңы заң алдындағы жауаптылыққа апаратын құқыққа қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігі», – деп көрсетілген [4]. Қоғамда тәртіп орнамаса, ол құлдырайды, яғни келешегі болмайды. Бұл бәрімізге белгілі және оны жақсы түсінеміз. Дегенмен, қоғамда қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да кездеседі және бұл – құқық бұзушылықтың орын алуына әкеп соқтырады, сондықтан құқық бұзушылық – қоғам өміріне тән қауіпті дерт. Құқықты құрметтеу, әділдікті, борышты, жауапкершілікті, заңдылықты, сезіну – адам тұлғасының жоғарыдан көрінуі. Осыдан келіп заңдылықты сезіну құқықтық мәдениеттің құрамы екендігін түсіну қиын емес. Қазіргі кезеңде қоғамның бірте-бірте демократиялық дамуы құқықтық мәдениетті зор шеберлікпен, шығармашылықпен іске асыруды талап етіп отыр.

Анығында бүгінгі құқықтық мәдениеттің қалыптасуы – бұл қоғамдық өмірдің барлық жақтарын қозғайтын ұзақ әрі күрделі үдеріс. Құқықты насихаттау, азаматтардың заңды білуін дамыту, заңдылықты тәжірибе жүзінде бекіту және ол мемлекетте демократияның, тиімді конституцияның, оның заңдарының техникалық-заңгерлік және құқықтық сапасының жоғары болуы құқықтық мәдениетті қалыптастыру құралдары болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы 30.08.1995
2. ҚР 2010-2020 ж. кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы, 24.08.2009
3. «Қазақстанның әлеуметтік модернизациясы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық құжаты;
4. Г.Искакова, Н.Ғазизова, А.Сембаева, Қазақстан Республикасындағы адам құқығы, оқу кұралы, Астана, 2008 ж,

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БАЛАЛАРДАҒЫ ЭПИЛЕПСИЯ АУРУЫНЫҢ КЕЗДЕСУ ЖИЛІГІ

Сайгонов Уалихан

Ғылыми жетекші: Куздыбаева А.А., Елубаева Д.К

Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе медициналық колледжі

Өзектілігі: Қазіргі кезде балалардағы эпелепсия (қояншық ауруы) жиі кездесіп отыр. Сондықтан ең актуальды проблемалардың бірі болып саналады. Емі АЭС-ті ұзақ қабылдау емі болғандықтан, олардың саны да азаймай тұр. Оның себебі, халықтың әлеуметтік – тұрмыстық жағдайына байланысты. Эпелепсис(қояншық) ауруы деп –созылмалы, полиэтиологиялық, ОЖЖ ауруларымен шектеледі. Ол қайталмалы тырыспамен және есінің әртүрлі бұзылыстары мен одан кейінгі амнезиямен болатын тырыспасыз параксизмдармен, сонымен қатар ЭЭГ арнайы суретімен сипатталады. Эпилепсия ауруының себебі әлі толық анықталмаған.

Зеріттеудің мақсаты: Осы себептен оқу – ізденіс жұмысымыздың тақырыбын аурудың себептерін, жиі кездесетін түрлерін, қандай соматиялық ауруларға бейімділігін анықтау мақсатында алып отырмыз. Статистикалық көрсеткіштері бойынша ақаудың тіркелу жиілігі басым бола бастағаны анықталған. Сондықтан, ақауы бар балалардың қоғамдағы орнын анықтап, алдын – алу мақсатында ерте диагностикалық анықтау мен медициналық көмек беру мекемелерінің жұмысын күшейту.

Материалдар мен әдістер: Біз Ақтөбе Облыстық Балалар Клиникалық Ауруханасындағы тіркелген 61 науқас (орташа жасы 16-19жас) кіріктірілді. Олардың алғашқыда ақаудың даму себептерін анықтадық. Оның ішінде тұқымқуалаушылық себебімен 10 бала, травма 15 бала, анасының жүйелі қызыл жегімен 5 бала, мидағы ісікпен 18 бала, анасының вирусты инфекциясымен 5 бала, этиологиясы белгісіз 12 бала анықталды. Мен зеріттеу жұмысымдағы кіріктірілген 61 науқастың ақауын ауру тарихы бойынша зеріттедім.

Нәтижелер мен талқылау. Ұстама жалпы вегетативті реакциямен-тахикардия және Артериялық қан қысымның жоғарлауымен, қарашықтың ұлғаюы, гипергидроз, гиперсаливациямен қатар жүретінін анықтадық. Ұстаманың жалпы ұзақтығы 20сек-тан 2 минутқа дейін болады. Ұстамадан кейінгі кезең(кейде ұстамадан кейінгі команы қосқан кезінде) бірнеше минуттан бірнеше сағатқа дейін болуы мүмкін екендігі анықталды. Емі: Симптоматикалық ПЭ емдеудегі негізі дәрі-дәрмектер моно - және политерапия кезінде карбамазепин және вальпроаттар болып табылады.

Қорытынды: Кіріктірілген 61 науқастың 28 қыз бала 32 ер бала болды. Оның ішінде жас ерекшеліктері бойынша 1 жас пен 5 жас аралығында 12 бала, 7 жас пен 11 жас аралығында 19 бала, 11 жас пен 15 жас аралығында 17 бала, 16 жас пен 19 жас аралығында 13 бала анықталды. Көбінесе, балалардағы кездесетін эпилепсия сәби кұрсақта жатқанда не туылғаннан кейін миында ісік болуынан, ми шайқалғаннан немесе қабынуынан, мидың әр түрлі ауруларынан (менингит, арахноидит, арахноэнцефалит) немесе әртүрлі нәрселерден алынған жарақаттардан және т.б. жағдайлардан болады.

Әдебиеттер тізімі:

1.Рутенбург, Г.М. Диагностическая лапароскопия при травме живота и вкритических состояниях / Рутенбург, Г.М.Пузано, Д.Ю.Алишихов // Хирургия. - 2012.-№ 4.-С.39-42.

2.Алимов, А.Н. Хирургическая тактика и перспективы эндохирургии закрытых поврежденных животов при тяжелой сочетанной травме хирургия / Алимов, А.Н. Исае, А.Ф. Сафронов, Е.П. Отлыгин, Ю.В. Усеинов, Э.Б. Мурадов, И.У.Гусева,А.В.Гусева, // Хирургия.– 2006.- №6. - С.34–36.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЦЕРЕБРАЛДЫ ПАРАЛИЧ (ДЦП) АУРУЫ

Жәдігерова Қызғалдақ, Мұратова Майгүл

Жетекшісі: Елубаева Д.К.

Ғылыми жетекшісі: Жунусова Л.С.

Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе медициналық колледжі

Мақсаты: Қазіргі таңда бұл ауру көп кездесіп отыр. Сондықтан ең актуалды проблемалардың бірі болып саналады. Емі ұзақ уақыт болғандықтан және технологиялардың аздығынан бұл ауру азаймай тұр. Бұның себебі халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына байланысты. Осы себептен оқу-ізденіс жұмысымыздың тақырыбын аурудың себептерін, жиі кездесетін түрлерін, қандай соматиялық ауруларға бейімділігін анықтау мақсатында алып отырмыз.

Гипотезасы: Балалардың церебралды паралич (ДЦП) -құрсақта даму кезінде, туу кезінде және туған сәтте байқалатын бас ми ауруы. Бұл ауру көп жылдар ағымында, көбінесе бүкіл өмір бойында жалғасады. Балалар церебралды салдануы әртүрлі экономикалық зияндықтардан, эмбрион тұқымға немесе жаңа туған нәрестеге әсер етуінен пайда болады. Қимыл-қозғалыс бұзылулары салдану, парез, еріксіз қимылдар, атаксия т.б.; сөйлеу қабілеті мен психикалық бұзылулары болып табылады.

Материалдар мен әдістер: Біз Ақтөбе Облыстық Балалар Клиникалық ауруханасында тіркелген 67 науқас (орташа жасы 8-9 жас) кіріктірілді. Олардың алғашқыда жүктілік кезінде ақаудың даму себептерін анықтадық. Оның ішінде анасының вирусты инфекциясымен 15 бала, туылу барысында 13 бала, мидағы ісікпен 23 бала, тұқымқуалаушылық себебімен 10 бала, этиологиясы белгісіз 6 бала анықталды. Біз зерттеу жұмысымыздағы кіріктірілген 67 науқастың ақауларын даму тарихы бойынша зерттедік.

Нәтижелер мен талқылау: Нәрестелерде бірқатар рефлекстері регресінің кешігуі; Психологиялық-моторлық және сөйлеу дамуының кешігуі;

Танымдық бұзылыстар;

Мишықтық синдром

Гиперкинездер, бұлшықет тонусының өзгеруі;

Когнитивтік, қимыл-әрекеттік, ортопедтік аурулармен үйлескен неврологиялық статустағы ауытқулар.

Емі: Күнделікті арнайы массаждар, логопедпен жұмыс, емдік физкультура және міндетті түрде ортопедиялық ем алу қажет. Невролог мамандарының қаралымында үнемі болу керек.

Қорытынды: Кіріктірілген 67 науқастың 36 қыз бала 31 ер бала оның ішіне жас ерекшеліктеріне қарай 1 жас пен 5 жас аралығында 26 бала 7 жас пен 11 жас аралығында 18 бала, 11 мен 15 жас аралығында 14 бала, 16 мен 19 жас аралығында 9 бала анықталды. Көбінесе балалардың церебралды паралич (ДЦП) ауруы құрсақ ішінде немесе туылу барысында, туылғаннан кейін, мида ісік болуынан мида ісік болуынан немесе қабынуынан, түрлі апаттардан т.б жағдайлардан болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Морозов Г.В., Ромасенко В.А. Нервные и психические болезни с основами медицинской психологии. -6-е изд., исп. и доп. -М.: Медицина, 1982, 384 с., илл. Страница 186-192
2. Вассерман Е.Л., Катыхова М.В. Многомерное клинико-нейропсихологическое исследование высших психических функций у детей с церебральными параличами, 1998, № 2 с.45-52
3. Дети с острым церебральным параличом. Руководство по образованию. Под ред. Хеннинг Рай и Мириам Сьюортен. ЮНЕСКО, 1989

ӘЙЕЛ АДАМДАРДАҒЫ ОСТЕОПОРОЗДЫ ДИАГНОСТИКАЛАУДАҒЫ ОСТЕОДЕНСИТОМЕТРИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Таскынбаева Аяжан

Жетекшісі: Закирова А.И.

Ғылыми жетекшісі: Савченко Л.Г., Закирова А.И.

Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе медициналық колледжі

Мақсаты: Әйел адамдарда остеопорозды диагностикалауды остеоденситометрия көрсеткіштерімен бағалау.

Міндеті: Остеопороз дамуындағы қауіпті жас тобын анықтау. Остеоденситометрияның түтікті сүйектерді зерттеудегі артықшылықтарын көрсету. Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Остеопороз-сүйек тінінің минералды тығыздығының төмендеуімен және жиі сынықтармен қатар жүретін үрдіс. Остеопороз 40 жастан асқан әйел адамдардың патологияларының арасында жиі кездесетін мәселенің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында 35% әйел адамдар әр түрлі деңгейдегі остеопорозбен, ал 60%- остеопениямен зардап шегеді. [1] Бұл зерттеуде әйел адамдарда остеопороз көрінуінің интенсивтілігі остеоденситометрия көрсеткіштерімен бағаланды. Зерттеу әйел адамдарда остеопороздың таралу жиілігі мен ауырлық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Гипотезасы: Остеоденситометрия – латын тілінен «osteо» сүйек, «densitas» тығыздық, «metria» өлшеу, яғни сүйек тінінің тығыздығын өлшеу деген мағынаны білдіреді.

Сүйек тіні тығыздығының патологиялық төмендеуін анықтау. Сүйек тінінің құрылымдық өзгерісіне баға беру. Түтікті сүйек тінінің тығыздығын зерттеу арқылы сынық қауіпін анықтау.

Патологиялық өзгерістер және жүргізілген ем әсерінің динамикасын анықтау.

Остеопороз деңгейін анықтау.

Маңызы: ДДСҰ (ВОЗ) бойынша остеоденситометрия сүйектердің минералды тығыздығын анықтауда «алтын стандарт» болып табылады. [4] Зерттеудің нәтижесіне сүйенсек, остеоденситометрия көрсеткіштері әр түрлі жас топтарындағы әйел адамдардағы остеопения немесе остеопороз бар екенін нақты анықтады. 2-топта остеопороз тек бір ғана пациентте анықталды, бірақ 12 пациентте остеопения байқалды. Бұл нәтиже 40 жастан асқан әйел адамдар остеоденситометрия көмегімен жағдайды остеопорозға дейін жеткізбей, остеопения деңгейінде анықтап, емделуге болатындығын көрсетеді.

Зерттеу әдістері: Зерттеу жұмысы Ақтөбе қаласы “Сенім” клиникасы базасында 2019 жылдың қаңтар және ақпан айларында жүргізілді. Зерттеуге 20-84 жас аралығындағы 90 әйел адам алынды. Пациенттер 3 жас топтарына бөлінді. [2] 1 топ-40 жасқа дейін (n=10; 13%), 2 топ- 41-60 жас аралығы (n=38; 49,4%), 3 топ-60 жастан жоғары (n=29; 37,6%). Зерттеу барысында түтікті сүйектердің минерализациялану деңгейін Т-критерий және Z-критерий бойынша бағаладық. [3] Сан сүйегін остеоденситометрмен зерттеу:

Денситометр арқылы сүйек тінінің тығыздығын екі сан сүйегінде де өлшей береміз. Көрсеткіш ретінде сан сүйегінің мойны «Neck» және бүкіл сан сүйегі проксимальды ұшы «Total Hip» алынады. Диагноз үшін осы екі аумақтан алынған Т-критерийдің аз шамасы алынады. Нәтижелерді Т-критерий (40 жастан асқан адамдар) және Z-критерий (40 жасқа

дейін) бойынша талдаймыз.Остеоденситометрия көрсеткіштері бойынша остеопороз (Т-критерий <-2,5) 10 әйелде (13%), остеопения (Т-критерий -1 мен -2,5 аралығы) 24 әйелде (31,2%), қалыпты көрсеткіштер (Т-критерий >-1) 43 әйелде (55,8%) анықталды.1-топта 1 пациентте остеопения,қалған 9 пациентте қалыпты көрсеткіштер; 2-топта 1 пациентте остеопороз,12 пациентте остеопения,25 пациентте қалыпты көрсеткіштер; 3 топта 9 пациентте остеопороз,11 пациентте остеопения,9 пациентте қалыпты көрсеткіштер анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер:1.Д.Ж. Максұтова / Актуальность проблемы постменопаузального остеопороза.//Medicine,Almaty №6 (180), 2017.С.76.

2.Ополонский Д.В., Волынин И.С., Мингалимова А.Р. КТ-денситометрия в диагностике остеопороза среди женщин // Современные научные исследования и инновации. 2017. С.2.

3.И. А. Скрипникова, Л. А. Щеплягина, В. Е. Новиков, О. В. Косматова, А. С. Абирова /Возможности костной рентгеновской денситометрии в клинической практике (Методические рекомендации) //2010. С.25.

4.Lia Mara Montagner Rossi, Rafaela Martinez Copes, Leo Canterle Dal Osto, Clovis Flores , Fábio Vasconcellos Comim ,Melissa Orlandin Premaor /Факторы, связанные с лечением остеопороза у женщин в постменопаузе //Медицина (Балтимор) . 2018. С.7.

БАЛА ЖОЛДАСЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ АНАТОМИЯСЫ

Ділмаш Ботакөз

Жетекшісі:Торениязова Б.М.

Ғылыми жетекшісі: Казиханова А.Б., Ақтөбе облыстық №1 перенаталдық орталығының акушер – гинеколог дәрігері және БҚМУ №2 акушерия және гинекология оқытушысы Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе медициналық колледжі

Зерттеу мақсаты:Айтып отырған бала жолдасының құрылымдық өзгерістері тек қана жүктілік кезіндегі патологиясы болғандықтан, біріншіден осы аурудың қаншалықты бала ағзасына кері әсері бар екеніне көз жеткізу. Екіншіден , болашақ аналарға бала жолдасының патологиясына алып келетін себептерді түсіндіру және алдын-алу.

Зерттеу міндеті: Медицина мамандарының пікірінше елімізде кез-келген азаматқа және әр жастағы адамдарға өздерінің денсаулықтарын сақтау үшін барлық жағдайлар жасалуда. Осы тұрғыда акушерия саласында «Дені сау анадан дені сау ұрпақ» бағдарламасы бойынша біршама шаруалар атқарылуда.Болашақ акушер ретінде мамандардың көмегімен бала жолдасының патологиясының көп жағдайда нәрестенің дұрыс дамымауына босануы кезіндегі интранатальды,постнатальды кезеңдердегі нәрестенің шетінеп кетуі қауіпіне көз жеткіздім. Дегенмен, осы патологиялардың көбісінің алдын алуға болатынын білдім. Зерттеуімнің негізгі міндеттері болып саналатын қыз бала болашақ ана екенін жобамның негізгі нысанасы деп түйіндедім.

Зерттеу өзектілігі:Соңғы жылдарда «акушер-гинеколог» мамандардың зерттеу жұмыстарының нәтежиесінде плацента нәресте дамуы үшін маңызды мүше екендігіне көз жеткізілді. Қазақ ұғымындағы бала жолдасы баланың пайда болғанынан бастап ұрықтағы даму кезінде және дүниеге келгеннен кейінде азғасына өз әсерін қалдыратынын ескере отырып аяқ аятына тастамаған.Медициналық тұрғыдан алғандада ғалымдардың зерттеулеріде осыны растап отыр. Дені сау анадан дені сау ұрпақ дүниеге келуі тиіс. Бірақ, қазіргі таңда іштегі ұрықтың тікелей дамуымен қорғаныш қызметін атқаратын бала жолдасының патологиясының көбеюі салдарынан ұрықтың дұрыс дамымауы, асфиксиялық жағдайларға түсуі , кейбір жағдайда іштен шетінеп кетуі белең алып бара жатыр. Осы мәселеге ойлана отырып, зерттеу жұмысымның өзектілігі ретінде бала жолдасының анатомиясын зерттедім. Қалыпты жағдаймен патология кезіндегі құрылымдық өзгерістерге көз жеткіздім.Қыз өссе елдің көркі демекші қыз ұлттың өрісі болғандықтан, денсаулығын нығайтып, аурудың алдын қалай алуға болатын жолдарын іздедім.

Гипотезасы: Болашақ ана қазіргі жас өспірім қыздардың денсаулығын және қазақи ұлттық болмысын қалыптастыра отырып, генетикалық аппаратымызға етене жақын тағамдар мен сусындар арқылы нәрлендіріп дені сау анадан дені сау бала атты мақсатымызға қол жеткізу.

Зерттеу маңызы: Бала жолдасының дерт жағдайындағы және қалыпты жағдайындағы жүктілік кезіндегі анатомиялық құрылымын салыстыра отырып, дерттің плацента патологиясының нәресте ағзасына, әрі қарай болашағына кері әсерлерін анықтау. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында дені сау ұрпақ ғана рухы биік мәңгілік ел көшін жалғастыра алады деген мақсатпен ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол іздеу жолын өз құрбыларының арасында насихаттау. Жас ұрпақтың денсаулығына жауапкершілікті бүкіл ел болып, дәлірек айтқанда балабақша, мектеп қабырғасынан бастап халық шаршуашылығының барлық бағытында бала денсаулығы ескерілуі тиіс. Табиғи өнімнің сапалығы, тәрбиенің шынайылығы, ата-ананың мейірімі арқылы денсаулықты бала күнінен бастап бойына сіңдіру баршамыздың негізгі мақсатымыз. Дене тазалығы, рух тазалығы бұл дені сау ұрпақ кепілдігі.

Зерттеу әдістері: Жүктілік тарихын бақылау әдісі. Метриологиялық әдіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р.С. Бейсембаева, Ә.Т. Раисова, Р.Ғ. Нұрқасымова «Акушерия» Алматы «Білім» 2008
2. В.И. Бодяжина, И.Б. Семенченко «Акушерство» Ростов-на-Дону Феникс 2009
3. Сәтпаева Х.Қ., Нілдібаева Ж.Б., Өтепбергенов Ә.А., оқулық «Адам физиологиясы» Алматы «Білім» 1998, 446-449с
4. Гельштейн Э.М., Зеленин В.Ф., Эйнис В.Л., «Учебник частной патологии и терапии внутренних болезней» Москва, 1947, 552с

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ МЕШЕЛ АУРУЫ

Базарбай Аружан, Амангелді Томирис

Ғылыми жетекшісі: Жайлыгулова Б.Ж., Тукешова Г.С.

Кенес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе медициналық колледжі

Мақсаты: Х-байланыстырылған гипофасфатемиялық рхит тұқым қуалаушы рахиттің ең кең таралған формасы болып табылады және ол қысқа бойлыққа, остеомаляция, гипофосфотемия, бүйректік фосфат реабсорбциясының төмендеуіне алып келеді.

Гипотезасы: Балалардың мешел ауруы -күрсақта даму кезінде, туу кезінде және туған сәтте байқалатын сүйек ауруы . Бұл ауру көп жылдар ағымында, көбінесе бүкіл өмір бойында жалғасады. Балалар мешел салдануы әртүрлі экономикалық зияндықтардан, эмбрион тұқымға немесе жаңа туған нәрестеге әсер етуінен пайда болады. Қимыл-қозғалыс бұзылулары салдану, парез, еріксіз қимылдар, атаксия т.б.; сөйлеу қабілеті мен психикалық бұзылулары болып табылады.

Материалдар мен әдістер: Біз Ақтөбе Облыстық Балалар Клиникалық ауруханасында тіркелген 67 науқас (орташа жасы 8-9 жас) кіріктірілді. Олардың алғашқыда жүктілік кезінде ақаудың даму себептерін анықтадық. Оның ішінде анасының вирусты инфекциясымен 15 бала , туылу барысында 13 бала, бастағы ісікпен 32 бала, тұқымқуалаушылық себебімен 10 бала,этиологиясы белгісіз 6 бала анықталды. Біз зерттеу жұмысымыздағы кіріктірілген 67 науқастың ақауларын даму тарихы бойынша зерттедік.

Нәтижелер мен талқылау: Нәрестелерде бірқатар рефлекстері регресінің кешігуі; Психологиялық-моторлық және сөйлеу дамуының кешігуі;

Танымдық бұзылыстар; Мишықтық синдром Гиперкинездер,бұлшықет тонусының өзгеруі; Когнитивтік, қимыл-әрекеттік, ортопедтік аурулармен үйлескен неврологиялық статустағы ауытқулар.

Емі: Күнделікті арнайы массаждар, логопедпен жұмыс, емдік физкультура және міндетті түрде ортпедиялық ем алу қажет. Невролог мамандарының қаралымында үнемі болу керек.

Қорытынды: Кіріктірілген 54 науқастың 26 қыз бала 28 ер бала оның ішіне жас ерекшеліктеріне қарай 1 жас пен 5 жас аралығында 26 бала 7 жас пен 11 жас аралығында 18 бала, 11 мен 15 жас аралығында 14 бала, 16 мен 19 жас аралығында 9 бала анықталды. Көбінесе балалардың мешел ауруы құрсақ ішінде немесе тууылу барысында, туылғаннан кейін, баста ісік болуынан немесе қабынуынан, түрлі апаттардан т.б жағдайлардан болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ш.С. Жакиева./ Балалар аурулары пәнінен дәрістер жинағы.
2. Б. Түсіпқалиева./ Педиатриядағы мейірбеке ісі. Ақтөбе 2018 жыл 880 бет.
3. Б.Т. Түсіпбекова. Баранов. А.А./ Балалар ауруы 2015 жыл 1024 бет.
4. Б.Х. Хабижанов. С.Х. Хамзин./ Педиатрия. Алматы 2015 жыл.

ОН ЕКІ ЕЛІ ІШЕК БҮРЛЕРІМЕН БЕЗДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оңғар Айбану

Ғылыми жетекшісі: Батырова С.К., Рабаева Г.К.

Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе медициналық колледжі

Мақсаты: Он екі елі ішек бүрлерінің дөңгелек қатпарларының ерекшеліктерін зерттеу ерекшеліктерін зерттеу арқылы, алдағы клиникалық дисциплиналарды түсіну. Алдағы уақыт

препаратты дайындап, он екі елі ішек бүрлерімен бездерінің құрылымдылық ерекшеліктерін, толықтай талқылап, жұмыстар жүргізу.

Міндеті:

1. 12 елі ішек бүрлерінің құрылысын анықтау.
2. Зерттеу үшін жаңа әдістерді қолдану.
3. Өз қолынан жасалған муляждық препаратты шынайы препаратқа үйлестіру.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Он екі елі ішек бүрлерінің құрылымдылық өзгерістері қазіргі таңда ең өзекті мәселе ретінде қарастырылып отыр. Себебі он екі елі ішектің бұзылыстарын хирургиялық ауруларда мағлұмат жеткіліксіздігінен әлі күнге дейін маңызға ие. Он екі елі ішек қабырғасының зақымдалуы асқынған жағдайда өлімге әкелетінін дәлелдеп отыр. [1] Осы жағдайлардың алдын алу үшін: әртүрлі мониторинг, зертханалық жұмыстар жасап, алдын алуымыз қажет.

Гипотезасы: Он екі елі ішек – латын тілінен «duodenum» [2]. Ересектерде ұзындығы 25-30 см және ені 4-6 см иілген таға тәрізді түтік, жаңа туған нәрестелерде сәйкесінше, 7,5-10 және 0,8-1,5 см. Тағаның шығыңқы беткейі оңға және артқа бағытталған, иілген бөлігі – асқазанасты безінің басын айналып жатады.

Он екі елі ішекті анатомиялық тұрғыда қарастыру.

Он екі елі ішек бүрлерімен бездерінің құрылымдық ерекшеліктеріне баға беру.

Он екі елі ішек бүрлерінің зерттеу арқылы бұзылыстарын, өзгерістерін анықтау.

Патологиялық өзгерістер және жүргізілген ем әсерінің динамикасын анықтау.

Маңызы: Анатомиялық шартты түрде шекараларды анықтау, ішек бүрлерінің құрылымдық ерекшеліктерін түсіну. Он екі елі ішек маңызынды диагнозында рентген және эндоскопиялық зерттеулер жүргізіледі.

Зерттеу әдістері: Он екі елі ішек бүрлерімен бездерінің құрылымдылық ерекшеліктерін түсіну. Қалыпты жағдайда анатомиялық кітаптарды және шетел анатомиялық кітаптарды қарай отырып зерттеу жүргізу, препарат дайындау. Препарат дайындауға керекті заттар:

ПВХ, шыны шөрмек, түрлі түсті бояулар, өткір пышақ, ОК клей қажет.[3]Препарат қолданысқа оңай түсіндіруге оңай.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Абакумов М.М., Владимирова Е.С., Береснева Э.А., Увдокимов В.Н. Особенности диагностики и хирургического лечения повреждений двенадцатиперстной кишки. Вестн. Хир. 1989; 2: 116-120.
2. Адам анатомиясы. III том. Астана 2010. 239-247 беттер.
3. Атлас Gray's Anatomy.225-240

АСҚАЗАННЫҢ АНАТОМИЯЛЫҚ ПІШІНДІК ӨЗГЕРІСТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Куанышев Диас

Жетекшісі: Нұрғазы А.Н.

Ғылыми жетекшісі: Закирова А.И., Нұрғазы А.Н.

Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе медициналық колледжі

Мақсаты:Асқазанның пішіндік өзгерістері әр түрлі факторлардың және жаралардың шығуынан туындайды. Асқазанның кардиальды және субкардиальды бөлімі және асқазан денесі антральды, пилорикалық каналы өзгерістер пайда болады.

Асқорыту пішіндік өзгерістерін зерттеу арқылы асқазан топографиялық ерекшеліктерін түсіну.

Міндеті:Қазіргі заманғы медициналық және хирургиялық емдеу нәтижелерін бағалау мүмкін асқазан жарасына 12 дуоденальды жараны емдеуде белгілі бір прогреске қарамастан бізде әлі күнге дейін аяқталатын экспозицияның әдістері мен әдістері бар. Педиатрлық әдебиеттерді талдауға және көптеген жылдар бойы өздерінің байқауында балалардың кез-келген созылмалы атрофиялық гастриті бар-жоғын сұрауға мәжүбірлейді, өйткені «шырышты қабығының атрофиясы» морфологиялық ұжырымдамасы ең алдымен ересек патологиямен байланысты.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі.Асқазанға әртүрлі астын түсуіне байланысты пішінімен өзгерістерін анықтау.

Гипотезасы:Асқазан жарасы ағзалардың мырыштық қабатының ойылуы,асқазанның тіндік өзгерістерінен болады.Асқазанның кіші иілімінде жайғасқан жаралар осы аймақтың құрылымдық,қызметтік ерекшеліктеріне байланысты созылмалы жараға жиі өтеді.Жедел жаралар эрозилдан өзінің үлкендігі,тереңдігімен ерекшеленеді дөңгелек немесе сопақша пішіні жиектері жұмсақ тегіс болып келеді. Жараның түбі асқазанның бұлшық ет қабатына терең бойлап, кейбір жағдай сірлі қабыққа жетіп, әрмен өткенде асқазан қабырғасы тесіледі. Асқазанның шырышты қабығының ісініп, қалыңдауымен сол жерде шырышты затан тұратын перденің жауып тұратындығымен сипатталады.

Маңызы:Асқазан безінің ауруы халықтың 10 % -на әсер ететін асқорыту органдарының ауру құрылымында жетекші орынды сақтап келеді. ТМД елдерінде қазіргі уақытта 1 млн-нан астам науқас медициналық бақылауға алынды.60 жастан асқан науқастарда алғаш анықталған асқазан жарасы зерттегендердің 5%-ында және 75 жастан асқандарда -3%. Қартаю кезінде асқазан жарасы 1,7 есе жиі кездеседі,ал қарттарда дуоденальді жаралардан 3 есе жиі кездеседі.Соңғы 10-15 жылда абсолютті және күрделі жара ауруы бар науқастар санының 2,5 еседен астамға артуы тіркелді.Сонымен бірге хирургиялық емдеуді талап ететін пациенттердің үлесі 20-30%. Гастродуоденальді жаралардың 42%-ы геликобактерлі п्लीормен,сондай-ақ антигетикобактерге және антисереторлы терапияға төзімді жаралармен байланысты емес гемостатикалық антисекреторлы-инфузия – трансфузия және антиэликобактерлі терапия GDH понсервативті емінің негізгі компоненттері болып табылады.

Зерттеу әдістері: 1) макропрепарат зерттеу ылғалды препаратпен жұмыс, метриялық өлшем әдісі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.В. Сукало, А.А. Козеовский «хранические заболевание желудка и двенадцатиперстной» кишки у детей
2. Е.А. Короткова, А.А. Иванников, В.П. Чанг рак желудка: молекулу-но-биологические особенности

ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ ҮЛГІ БОЛҒАН ҚАЗАҚСТАН

Жанабергенова Арайлым, Кулбаева Улдана

Жетекші: Нуржанова Р.Г.

ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК

Тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол - достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың жаны, ары. Тіл - қоғамның жемісі. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.

Тәуелсіз мемлекетімізде бірнеше ұлттар мен ұлыстар тату-тәтті бір шаңырақ астында өмір сүріп жатыр. «Тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы», - демекші, елімізде мемлекеттік тіл – қазақ тілімен қатар ресми тіл – орыс тілі еркін қолданылады. Осы туралы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев үстіміздегі жылдың 27 қаңтарындағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа Жолдауында: «Көп ұлттылық пен көп тілділік еліміздің басты артықшылығы болып табылады. Қазақ тілі, біздің Конституциямызға сәйкес, мемлекеттік тіл болып табылады. Онымен бірдей мемлекеттік органдарда орыс тілі пайдаланылады. Бұл біздің Конституциямыздың нормасы, оны бұзуға ешкімге жол бермейді», - деген болатын. Мемлекетімізде қазақ тілден басқа тілдердің қолданылуына еш кедергі келтірілмейді. Тілдермен қатар басқа ұлттар өз дәстүрлері мен салттарын ашық түрде қолдануларына жол берілген. Көптеген ұлттардың өз мәдени орталықтары да бар. Еліміздегі ұлттардың достығын айқындайтын мерекелер қатары аз емес. Солардың бірі – Қазақстан халықтарының тілдері күні. Халықтарының Ассамблеиясын құру керек деген. Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаевтің жарлығымен 1995 жылы 1 мартта Қазақстан халқы Ассамблеиясы құрылды. Н.Ә. Назарбаев 2007 жылғы ақпан айындағы Жаңа Қазақстан – жаңа әлемде атты жолдауында Қазақстан халқының алдына үлкен жауапкершілік жүктеді. Өз халқының бір шаңырақ астында бірлік пен ынтымақтықты сақтап, еңбек етуге шақырды. Бұрынғы Кеңес үкіметінің құрамында болған өзге республикада дәл осындай сындарлы саясат жоқтың қасы. Қазақстан халықтары, этностық орталықтарында түрлі іс-шараларды өткізіп тұрады және мемлекет қаржылай көмегін көрсетуде. Қазақстанда этностық қоғамдық ұйымдардың саны жылдан – жылға өсіп келеді. Кезінде Бүкіл Ұлттар Ұйымының бас секретары Кофи Аннан: Қазақстандағы ұлттар арасындағы бірлік пен тұрақтылық, жетістіктері басқа мемлекеттерге үлгі деген және Қазақстанға іс-сапармен 2001 жылы келген Рим папасы I Иоанн Павел де өзінің халықтар арасындағы достыққа жоғарғы пікірін білдірген болатын. Мемлекеттің қолдауымен 11 тілде газет, журналдар шығарылып, 44 телестудия 12 тілде (радио-18) 7 тілде ақпарат беріп, әр ұлт өкілдері өз тілдерінде сөйлейді. Заманауий дамыған кезеңде әр ұлттардың өз тілінде интернетте сайттары бар. Ұлттық театрлар (орыс, ұйғыр, корей, өзбек т.б.) жұмыс істейді. Қазақстанда өмір сүріп отырған өзге ұлт өкілдерінің дамуына барлық жағдай жасалған. Мысалы: қазақ хандары да өз көршілерімен, басқа ұлт өкілдерімен достық қарым-қатынас орнатып, мемлекетті, халықты бейбітшілік аясында

ұстауға бар күштерін аямаған. Достық қарым-қатынас орнату үшін өз ұлдарын аманат ретінде өзге мемлекетке берген кездері де болды. Қарапайым халықтар арасында достықты (тамыр) депте атаған. Кеңес үкіметі кезіндегі саяси қуғын-сүргін, халықтарды депортациялау етек алған кезеңде қазақ елі басқа ұлт өкілдеріне керегесін керіп, уығын тігіп, шаңырағын тіктеп берді. Елбасымыз туралы бейне фильмдегі балалық кезіндегі көріністе, бәйгіден ұтып алған кілемді кавказ ұлтының отбасының төріне төсеп бергені әр жасөспірімге тәрбиелік маңызы бар көрініс. Бұл болашақ Қазақстан халықтарының достығының беріктігі мызғымасы анық. Ұлы Отан соғысы жылдарында да жеңіске халықтар достастығы үлкен рөл атқарған. Қазақ халқының ақыны Ж.Жабаевтің Ленинградтық өрендерім атты өлеңі қоршаудағы қала халқына үлкен жігер беріп, өмір сүруге талпындырған. Соғыс жылдарында бір үзім нанды бөліп жеген өзге ұлт өкілдерінің алдыға қойған мақсаттары тек жеңісті жақындату еді. Тарихи деректерді тізе берсек өте көп. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан ұлттарының тілегі мен арманы да бір. Елбасымыздың Қазақстан еліне, халқының өркендеуіне, Отанымыздың гүлденуіне арнаған Қазақстан-2030, Қазақстан-2050, Нұрлы жол-болашаққа- бастар жол түрлі бағыттағы реформаларын халқы қолдап, түрлі салада еңбек етуде. Біздің Қордай ауданында да, түрлі ұлт өкілдері тату –тәтті өмір сүріп, қоян-қолтық еңбек етуде. Ауылымыздың өзінде түрік, әзербайжан, неміс, өзбек, орыс, поляк, қырғыз, татар, чешен т.б ұлттар өмір сүруде. сен қандай ұлтсың? деп, бөліп жармай достық қарым-қатынаста өмір сүріп, жылдар өз арнасымен жылжып өтіп жатыр. Бұл бабалардың салып берген сара жолдарымен келе жатқан достық қарым – қатынастың жалғасы деп білемін. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: Қиындық атаулыны жеңетін бір – ақ күш бар, ол – бірлік, ендеше жерінді қорғау үшін бірлік қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткізген табыстарымызды сақтап қалу үшін ол сондай қажет. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өзге Республикаларында қантөгістер мен қақтығыстар болып жатқанда, татулық пен бірліктің арқасында жас мемлекетімізді жасақтап, өтпелі кезеңнен шығынсыз өттік емес пе?, Қазақстанның болашағы тек қана халықтардың ынтымағында — деген бағдар сілтіген болатын. Міне Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достастығы арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Қазақстан бірлігі бүгінгі таңда бибіт өйір мен ынтымаққа тұрмыс кешіп отырған ел тұрғындары үшін ыстық ықыласы мен достық ниетінің кепілі. Ұлтаралық көп ұлтты ерекше аударуды қажет ететін мәселелер жатады. Қазақстан жерін халықтардың, туыскандық, оларды біртұтас мақсатқа жетелейтін жетекші ұлттық болуы қазіргі маңызды бөлігіне айналды. Кең байтақ Қазақстанда 130 – дан астам ұлт өкілдері тұрып жатыр. Әрине бұл қазақ халқының ұлылығынан Кең болсаң, кем болмайсың дегендей қазақ халқының пейілінің кеңдігінен басқа ұлт өкілдерінің тұрып жатқан жайы бар.

Пайдаланылған сілтемелер тізімі:

1. Боздақтар мәңгі жадымызда 1979-1989. Алматы. Өлке. 2006.
2. Егемен Қазақстан. 1996ж. 18 ақпан.
3. Барт А.И. Книга Памяти. А., 2000. 17 бет.

МОҢҒОЛ ҰЛЫСТАРЫНДАҒЫ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУҒА ЫҚПАЛЫ (XIII-XV ҒҒ.)

Қобдабаева Дина

Ғылыми жетекшілер: Абдуллина Л.Е., Аманалы Г.А.

ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Жұмыс моңғол ұлыстарындағы салық жүйесі және оның экономикалық дамуға ықпалын (XIII-XV ғғ.) кешенді түрде қарастыруға арналған зерттеу еңбегі болып табылады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап әлемдік деңгейде саяси, экономикалық және мәдени іс-шараларды өткізумен қатар, Еуропадағы ынтымақтастық және қауіпсіздік ұйымы, Ислам Конференциясы ұйымы сияқты аса беделді халықаралық ұйымдарға төрағалық ете отырып, ғаламдық саясатта өзінің беделі мен мәртебесінің биік екендігін тағы бір дәлелдеді.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың кемеңгерлігі мен сындарлы саясатының арқасында еліміз бүгінгі күні ғаламдық саясаттың әлем мойындаған ықпалды субъектісіне айналып үлгерді. Осыған байланысты ғасырлар қойнауының тарихи кезеңдерінде қазақ даласының халықаралық қатынастар жүйесіндегі сыртқы байланыстарының тарихын, экономикалық жүйесінің дамуын әлем жұртшылығының танып білуге деген қызығушылығын арттырғаны сөзсіз. Осы орайда, Еуразия континентінде бірнеше ғасырлар бойы державалық мемлекет ретінде өмір сүрген және орта ғасырларда әлемдегі ең ірі мемлекеттердің бірі болған моңғол ұлыстарының экономикалық жүйесін, салық мәселесін зерттеу отандық тарих ғылымы үшін аса өзектілігімен ерекшеленеді.

Зерттеу пәні. XIII-XV ғғ. Еуразия континентінде болған саяси оқиғалар: моңғол жаулаушылық жорықтары, Шыңғыс ханның алтын ұрықтан тараған төрт ұлына енші бөлуі, Моңғол ұлыстарының құрылуы, Алтын Орда мемлекетінің құрылуы мен оның ішкі және сыртқы саясаты, сол кезеңдегі ірі мемлекеттермен қарым-қатынастары зерттеу пәні болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Жұмыста моңғол ұлыстарының салық жүйесін, экономикасын қарастыра отырып, оның эволюциясы мен жалпы үрдісін отандық және шетелдік тұжырымдамалық ой-пікірлер арқылы жаңаша көзқарастар мен тарихи деректер сабақтастығында кешенді түрде қарастыру көзделді. Қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** жүзеге асыру көзделді:

- ✓ Шыңғыс қаған империясында орын алған әлеуметтік және экономикалық мәселелерін талқылау;
- ✓ Моңғол ұлысына қатысты отандық және шетелдік зерттеушілердің қорытындылары мен тұжырымдамалық ой-пікірлерін жүйелеу;
- ✓ Жошы ұлысының құрылуы мен оның әскери-саяси стратегиялық маңызын, экономикалық жүйесін айқындау;
- ✓ XIII-XV ғасырлар аралығындағы моңғол ұлыстарындағы және құрылған мемлекеттіктердегі экономикалық мәселелер қатарын шешудегі салық жүйесінің орны мен ерекшеліктерін талдау;
- ✓ XV ғасырда пайда болған мемлекеттер мен хандықтардағы экономикалық – саяси жүйенің орнауын саралау.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі. Моңғол кезеңі – тарихтағы маңызды кезеңдердің бірі болғандықтан, Шыңғыс қаған құрған мемлекет пен оның әулеті туралы тарихи деректемелер мен жазбалар өте көп. Зерттеу мәселесінің қажеттілігі оның жеткіліксіз материалдардың есебінен туындайды, зерттеу үрдістері батыстың, орыстың, моңғолдың ғылыми социалистік кезеңімен сабақтас. Қытайлықтардың көзқарасы бойынша, қытайлық жазба-ақпараты тұтас әлемдік тарих ғылымында үстем болуы негізінде жалғасуда. Моңғол империясының тарихы мен Шыңғыс қағанның өмірі және қызметі туралы елеулі зерттеу ғылыми жұмыстары Моңғолияның өзінде өтті.

Моңғолияда осы кезеңге іргелі ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізгендер: академик Ш. Нацагдорж, тарих ғылымдарының докторы Д. Майдар, академиктер Н. Ишжамца мен Ч. Далайдың ғылыми жұмыстары да осы уақытқа сай келеді. Ч. Далайдың «XIII-XIV ғғ. Моңғолия» атты еңбегі 1983 жылы Моңғолияда жарық көрген еді.

Зерттеу жұмысы моңғол ұлыстарының XIII-XV ғасырлардағы салық жүйесіне және экономикалық дамуына қатысты болғандықтан, Жошы ұлысына зерттеу жүргізген келесі автордың еңбегін қарадық. Й. Хаммер-Пургштальдің [2] ғылыми-зерттеу еңбегі деректерді пайдалану жағынан көлемді әрі құнды болып келеді. Й. Хаммер-Пургштальдің жұмысы секілді көлемді зерттеу еңбектері Батыс Еуропа елдерінде көп уақытқа дейін

жарыққа шықпады. Бұны түсінген, 1937 жылы Кеңес үкіметі тұсында Жошы ұлысының тарихы туралы маркстік-лениндік ұстаным бойынша ғылыми еңбек жазудың маңыздылығын түсінген екі көрнекті Кеңес тарихшылары – Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский [3] алғашқы іргелі еңбекті жарыққа шығарды.

Кейін ағылшын зерттеушісі Г. Ховарстың [4] моңғолдар тарихына арналған көлемді үш томдық еңбегін жарыққа шықты. Бірақ бұл автордың еңбегі Кеңес заманының ғалымдары алдынан сыннан өтпеді. Бұл еңбегі алдыңғы авторлардың зерттеулеріне ұқсас әрі тек мәлімет беріп кеткендіктен ғана. М.Г. Сафарғалиевтің пікіріне сүйенсек, автор шығыс тілін, мәдениетін, халқын білмегендіктен тың деректері аз болған. Кітапта IX-XIX ғғ. аралығындағы Моңғолия тарихы қысқаша баяндалған.

Осы кезеңнің неміс тарихнамасында моңғолдардың жасаған жорықтары мен саяси экономикалық мәселелеріне қатысты деректерді қарастырған неміс жұртының ресейлік шығыстанушы Ф. Эрдманның «*Temudschin der Unerschütterliche*» [5], моңғол-татарларының Еуропадағы жаулаушылық соғыстарына қатысты О. Вольфтың «*Geschichte Mongolen oder Tataren besonders ihres Vordringes nach Europa, so wie ihrer Eroberungen und Einfälle in diesem Welttheile*», Г. Бахфельдтің 1242 жылы моңғолдардың тарихына байланысты неміс тілінде «*Die Mongolen in Polen, Schlesien, Böhmen und Mähren. Ein Beitrag zur Geschichte des grossen Mongolensturmes im Jahre 1242*» [7] және Г. Стракош-Грассманның моңғолдардың 1241 және 1242 жылдары жаулап алушылық соғыстарына қатысты «*Der Einfall der Mongolen in Mitteleuropa in den Jahren 1241 and 1242*» [8], Ф.М. Шмидттің «*Über Rubruk's Reise von 1253-1255*» 1253-1255 жылы Рубруктың моңғолдарға саяхаты туралы еңбектері жарыққа шықты.

XIII ғасырда Жошы ұлысында құрылған Алтын Орда – біріншіден азиялық (шығыстық), екіншіден көбіне көшпелі, ал үшіншіден мұсылмандық мемлекет (өзінің өмір сүру кезіндегі ең ұзақ кезең аралығында) және де ол XIII-XVI ғасырларда өмір сүрді деп негізделген, яғни, орта ғасырларда, бұл қазіргі уақытпен салыстырғанда, құқық ұғымы басқаша мағынада түсіндірілген. Жошы ұлысы хандарының әрбір шығарған жарлықтарында елдің әлеуметтік және экономикалық салаларына қатысты айтылған мәселелер біржақты болмады. Жарлықтарға салыстырмалы түрде, ең алдымен олар құқықтық акт болып есептелсе де заңгерлердің зерттеулері аз қаралған. Жарлықтарды зерттеумен ең алдымен, тарихшы-шығыстанушылар мен филологтар айналысқан және айналысып келеді. Сәйкесінше, олар жарлықтарды тарихи, этнографиялық және филологиялық дереккөз ретінде қарастырады. Осы мамандармен жарлықтардың құрылымы мен мазмұнына түпкілікті талдау жасалып, көптеген терминдер мен формулировкалардың мағыналары ашылды.

Бірнеше жылдан кейін хан жарлықтарын негізге ала отырып Алтын Орданың ішкі құрылымына сипаттама беруге тырысқан И.Н. Березин [37] осы мәселеге өзінің докторлық диссертациясын арнады. Оның зерттеуі маңызды құндылық болып табылады. Бірақ мынаны ескерген жөн, оның ғылыми зерттеуі жарық көргеннен бері қарай ғылым әлдеқайда дамыды, жаңа құжаттар табылды, ал Березиннің қолданғандары жаңа трактовка мен оқылымға ие болды, сонымен қатар ол басқа мемлекеттік-құқықтық аспектілерге көңіл бөлмей, тек Алтын Орданың әкімшілік құрылымына қатысты мәселені қарастырған. Қазандық тарихшы Березиннің Алтын Орданың ішкі құрылысына қатысты, оның ішінде ислам дінінің кең етек жаюына байланысты пікірлер айтып, жинақтары да жарық көрген еді. Ислам діні моңғолдар кезеңінде орын алғаны туралы кеңестік кезеңде Бартольдтің еңбектерінен көре аламыз. Сонымен қатар, Греков пен Якубовскийдің монографияларынан, кейінгі жылдары Сафарғалиевтің және т.б. еңбектерінен де байқаймыз.

XX ғасырда жарлықтардың құқықтық мағынасында қамтылған арнайы жұмыстар, 1920 жылдары Ф.Петрунмен, 1930 жылдары – А.Н. Насоновпен, 1950 жылдары Г.В. Вернадскиймен және 1990 жылы – К.А. Соловьевпен жазылған болатын. Бірақ олардың зерттеулері Алтын Орданың Русьпен қарым-қатынасына арналған еді, сондықтан хан жарлықтары терең, әрі маңызды зерттеу нысаны болмады. Бұл тақырып үстіртін қозғалған

болатын – оның өзі сол мемлекеттердің саяси қарым-қатынасына байланысты мән мәтінде айтылып өткен.

Кейін Кеңес үкіметі ыдыраған заманында, Моңғол ұлысына қатысты Ресейде зерттеушілерде жаңа көзқарастар қалыптасты.

Ресей зерттеушілері В.В. Трепавловтың [43], Е.П. Миргалеевтің [44-45], Р.Ю. Почекаевтың [46-48], Р.П. Храпачевскийдің [49], М.С. Гатиннің зерттеулерінде Моңғол ұлыстарына қатысты маңызды пікірлер мен тың қорытындылар жасала бастады.

Моңғолияның ежелгі және ортағасырлық тарихы Ресей оқымыстыларының да қызығушылығын тудырды. Оның ішінде В.В. Бартольдтың әр кезеңдегі еңбектеріндегі Моңғол империясының тарихын, Шыңғыс қағанның өмірі мен қызметін айтқан жөн. Сонымен қатар, Б.Я. Владимирцов, А.Ю. Якубовский және т.б. атауға болады. Кеңес уақытында тоталитарлы жүйе бойынша көптеген оқымыстылар мен жазушылар Шыңғыс қаған жайлы объективті түрде жазуға мүмкіншіліктері болмады.

70-ші жылдарға дейін Шыңғыс қаған қызметі бір жақты етіп көрсетіліп келді. Тек 70-80 жылдары ғана Л.Н. Гумилевтің «Поиски вымышленного царства», «Древняя Русь и Великая степь», «От Руси к России» атты кітаптарының шығуымен ғана Шыңғыс қағанның өмірі мен қызметіне шынайы баға берілді.

Шыңғыс қаған заманының кейбір деректері қазақ тілінде аударылып, 70-ші жылдары отандық белгілі жазушымыз Ілияс Есенберлиннің «Шыңғыс хан – әлем сілкіндірушісі» [54] деген еңбегі жарық көрді. Кейінгі уақытта Ислам Қабышұлының, Тұрсын Сұлтановтың [56] еңбектері жарыққа шыққан болатын.

Бұл жұмыс XIII-XV ғасырлар аралығындағы Моңғол ұлыстарындағы салық мәселесін және оның экономикаға ықпалын кешенді түрде зерттеу мақсатында жүргізілді.

Тақырыпқа қатысты бірнеше шетелдік жән отандық зерттеушілердің еңбектерін, ой-пікірлерін саралай отырып, толықтырылған деректер базасын талдау арқылы зерттеу жұмысында төмендегідей қорытындыға қол жеткіздік.

XIII-XV ғғ. аралығын зерттеу барысын Моңғол тарихында ұлысқа бөліну кезеңімен саралаймыз. Шыңғыс қаған бәйбішесі Бөртеден туған төрт ұрпағына әлемдік деңгейде жаулап алынған жер аумағын төртке бөліп береді. Тұңғышы Жошы ұлысына - Ертістен батысқа қарай төменгі Еділге дейінгі жерді қоса бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақ қамтылған болатын, Шыңғыс қағанның екінші ұлы Шағатайдың иелігіндегі жерлер Оңтүстік Алтайдан Әмударияға дейінгі, яғни Жетісу мен Мәуереннахрды қамтыды. Үгедейге Моңғолияның батыс бөлігі, Жоңғария мен Шығыс Түркістан аймағы қараған. Кенже ұлы Төлеге Моңғолияның өзі және империяның армиясының басшысы етіп тағайындайды. Империяның негізін салушы дүниеден өткен соң, хан тағына екі жылдай уақыт Төле хан басқарып келді. Кейін құрылтай шақырылып Моңғолия империясының жаңа ханы Үгедей хан болып сайланды. Жаңа хан сайланған уақыттан бастап ел ішінде біраз өзгерістер орын алды.

Жошы ұлысы мен Шағатай ұлысы өз алдына бөлек хан ордасын құрып ат құйрығын үзгендей болды, Қарақорым аймағында Үгедей хан мен оның інісі Төле хан қалған еді. Мемлекеттік істер біркелкі реттеліп, империяның гүлденуіне алғышарттар жасалды. Шыңғыс қаған көзі тірісінде елдің ауызбірлігін сақтауды, халықтың әлеуметтік және экономикалық жағдайын жақсартуды Үгедей ханға тапсырып кеткендей болып еді. Міне, сол өтінішті орындау үшін Үгедей хан мемлекет ісін қолға алды. Оның жанынан әр кезде ақылшысы Елюй Чуцай табылатын. Оның әрбір айтқан сөзіне құлақ асып, аса ұқыптылықпен қарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Д'Оссон К. История монголов от Чингиз-хана до Тамерлана / пер. и предисловие проф. Н. Козьмина.– Алматы: Санат, 1996. - 2 изд. – 255 с.
2. Hammer-Purgstall J. von. Geschichte der Goldenen Horde in Kiptschak, das ist: der Mongolen in Russland. – Pesth: C.A. Hartleben's Verlag, 1840. – 683 s.

3. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1950. – 473 с.

ЫРҒЫЗДЫҢ ҚИЛЫ ТАРИХЫ

Максотқызы Назерке

Ғылыми жетекшілер: Абдуллина Л.Е., Аманалы Г.А.

ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі»МҚК

Зерттеудің мақсаты мен міндеті:

- Ауыл тарихын зерттеу
 - Туған жеріміздегі еңбек ерлерінің еңбектерінің зерттеп
 - Болашақта өз өлкемің тарихының дамуына үлес қою
- Орын алған тарихи оқиғалармен бірге, елден шыққан зиялылар ұлт интеллигенциясының қалыптасуына қосқан үлесі, қазіргі таңдағы Қазақстан тарихына қосқан үлесін көрсету мақсат етіліп алынды.

Осы мақсатқа жетуде мынадай міндеттерді алдымызға қойдық:

- ✓ Бүгінгі күнге дейін жарық көрген баспа материалдары мен интернет материалдарын тауып танысу;
- ✓ Кезінде Жармола қаласы атанған, Ырғыз елінің тарихымен, бүгінгі келбетімен саяси дамуын, жай-күйі мен тарихымен танысу ;
- ✓ Ұлы даладан шыққан тұлғалардың , тұлғалық ерекшелігіне тоқталу;
- ✓ Ырғыз елінің тарихын Қазақ елінің тарихын танудағы басты дерек ретінде көрсету, баяндау болып табылады.

Мәселе: ауылының тарихын зерттеу арқылы өлкетану саласына деген қызығушылықтарын арттыру.

Зерттелетін объект: аулымыздың шығу тарихын анықтап, осы күнге дейінгі жағдайын зерттеп зерделеу.

Қазақтың қасиетті Атамекені–Ұлы даланың қойнауы–тұнып тұрған тарих.Өр өлкенің қадым заманнан бергі қайсар тарихы тұтаса келіп, талай қан кешу мен сәулелі сәттерді, ерлік пен қасіретті бастан кешіріп, бүгінге жеткен, әлем танып отырған еркін, егемен Қазақ елінің тұтас тарихын түзеді.

Күні кеше ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кете жаздаған ұлттық тарихымызды түгендеп, еліміз еңсе көтеріп жатқанда ендігі ең басты нәрсенің бірі–соның қадірін ұрпақтан–ұрпаққа жеткізу болса керек .

Қазақтың алабөтен қонысы атақты Сарыарқаның батыс шалғайын қарпып жатқан байтақ өңірді ел Ырғыз жері дейді. Ырғыз! Бұл алғашында өзен аты болғанымен кейін ұлан-ғайыр өлке атына көшкен қасиетті сөз. Қазақ тарихында ерекше орны бар Ырғыз өлкесі халық аузында «Жеті жұрт көшкен жер» деп аталады. Осында шындық бар десек, бұл өлкеге сегізінші жұрт XVIII ғасырда аяқ салған, Кіші жүздің ноқта ағасы саналатын ағайынды алып тайпа-Әлім-Шөменнің қалың елі және де өзгеде жекелеген рулардың қаймағы бұзылмай, қатары сөгілмей, тегіс көтеріліп, тұтастығымен осы жерге қонған. Мұнан 270 жыл бұрын 1736 жылы 19 маусымда Әбілқайыр ханның арнайы шақыруымен Ырғыз даласына саяхатқа келген ағылшын суретшісі Джон Кэстль қазақтың киіз үйінде отырып, Әбілқайыр ханның және оның баласы Ералы сұлтанның портреттерін салыпты. Джон Кэстль Ырғыз топырағын аттамағанда, бәлкім, Әбілқайыр ханның бейнесін теңгемізге енгізе алмаған болар едік, ал аты әлемге әйгілі орыс живописі В. В. Верещагин осыдан 138 жыл бұрын Алмат Тобабергенновтың үйінде қазақтар тұрмысынан 40-қа тарта портрет салмағанда, Европа мемлекеттері ұлтымыздың тұрмысы мен салт-дәстүрінен бейхабар болар еді.

Ұлы даланың қай қияның шежіресі қатталып, қағазға түсіріп үлгерді дейсің. Әзірге әрідегі ұзақ сонар ұлы тарихтың бізге еміс-еміс жеткен үні-аңыздар ғана.

Ырғызды 80 көлді ел деп те атайды. Ол рас та. Сұңқылдап судан көтерілген аққу-қаздың сусылдаған қанатын, аяғын кербез басып, баппен иір мойынын маңғаз иген қоқиқазын – көлдің сәні, табыны суатқа бас қойғанда қырда мүйізі қайқайып күзетте тұрар киігін – жердің сәні дерсіз.

Ырғыздықтар өздерінің тұнған тарихымен орынды мақтана да біледі. Себебі, қазақ жерінде тұңғыш қоғамдық кітапхананың, алғашқы ауа райын бақылау стансасының жұмыс істеуі, 1864 жылы Торғайдан кейін іле-шала мектеп ашылуы, Ұлт-азаттық көтерілісінде атойлап шығу, Алашорданың марқасқалары туған мекен екені, 1929 жылғы Ырғыз көтерілісі сынды тамыры сонау арыға кеткен шежіресін сөйлете білу де ырғыздықтардың қолында. Теңдесі жоқ табиғаттың ғажайып құбылысы – Жаманшың метеорит кратері осы Ырғыз жерінің еншісінде. Ғалымдардың болжамы бойынша мұнан 700 мың жыл бұрын осы Жаманшыңға алып метеорит түскен. Сол он мыңдаған мегатонна бомбаның қуатындай жарылыстан тереңдігі 700 м, диаметрі 5,5 шақырымға созылатын шұңқыр пайда болған. Жарылыс төңірегіндегі қысым жүздеген килобарға, температура бірнеше мың градусқа жеткен. Осының нәтижесінде импактит, тектит (иргизит) жыныстары пайда болған. Мұнан миллиондаған жылдар бұрынғы Ырғыз даласында алып денелі хайуанаттар өмір сүрген. Осы ғажайыпқа қызыққан орыс геологтары К.К.Матвеев пен П.М.Василевский 1912-1916 жылдары Ырғыз аймағына зерттеулер жүргізіпті. К.К.Матвеев 1912 жылы осы өңірдің Шалқар теңіз (Құрдым) аймағындағы өзеннің жер қабатынан индрикотерий (сүт қоректілердің дүние жүзінде ішінара кездесетін алыбы) сүйегін тапқан. Ғылымдағы осы ғаламат оқиға туралы сол кездегі газет-журналдардың барлығы дерлік жазыпты. Өйткені, биіктігі бес метрдей, ұзындығы сегіз метрдей, бұл алып хайуанның әлемде теңдесі жоқ болатын. 1922 жылы 1-12 маусым аралығында Петроградта өткен бірінші Бүкілроссиялық геологиялық саязда профессор А.А.Борисяк Ырғыздан табылған осы индрикотерий фаунасын жиналғандарға мақтанышпен көрсетіпті. Осындай бір алып хайуанаттың бірі 1979 жылы Ақши аулынан табылып, Ырғыз мұражайына тапсырылған. Қазақтың қай ауылына барсаң да, ғасырлардың куәсіндей әр жерде қадау-қадау боп қалып қойған саялы бәйтеректерді кездестіресің. Біздің ауылымыздың да сондай тамыры терең болып, жапырағы жайқалған бәйтеректер бар. Барлығы да бұтақтарын кең жайып, жанға сая самалымен бауырында өскен балапандарын желпи түсіп, адасқанға жол көрсетіп, жөн сілтеп отырады. Тек солармен сырласып өскен үрім – бұтақтар ғана талай сындардан өтіп, адамгершілік пен азаматтықтың, бауырмалдық пен достықтың ұлы мектебінен дәріс алады, дәл солардай еңсесі биіктей түседі. Сөйтесі де, ақырын ғана сылдыр қағып, сандықтың қақпағын ашады, шежіре шомылдырып, тарихқа тоғытып алады.

Қазақы тірліктің қаймағы бұзылмаған, ғасырлар қойнауындағы талай тарихи өзгерістердің куәсі болған мекендердің бірі — Ырғыз.

Тәуелсіз елімізбен бірге жыл сайын ілгері дамып келе жатқан Ырғыздың болашағы кемел деп білеміз. Үкімет басқарған Ұзақбай Құлымбетов, оқу-ағарту министрі Темірбек Жүргенов тәрізді мемлекет қайраткерлері Ырғызда өмірге келіп, алмағайып кезеңде ұлт мүддесіне риясыз қызмет еткен. Қазақ хандығының 550 жылдық тарихынан ойып орын алған Әбілқайыр хан кешені, өзінің кесенесі, үш жүздің басы біріккенін бейнелейтін 25 метрлік монумент, тікұшақ қонатын алаң (Хан моласында) салынып жатыр. Облыстық тарих-өлкетану мұражайының маманы, тарихшы, зерттеуші Бекарыстан Мырзабаевтың айтуынша, Толыбай елді мекенінен Әбілқайыр хан мұражайы ашылуға тиіс. Мұның бәрі шынайы тарих. Әрқайсысын мәртебелеп, құрметтеп, тарихи сананы жаңғыртып, жастардың есіне салып отыру бүгінгі күннің міндеті. Ырғыз — табиғаты өзгеше өңір. Туған жер Ырғыз туралы жазылып жатыр. Жазыла бермек. 1996 жылы жаздың аяғына қарай Ырғыздың 150 жылдығы облыстық деңгейде аталып өткен болатын. Әлі ел еңсесі көтеріле қоймаған кез. Нақтылы мерзімнен 1 жыл кейін тойланды. Өңір тарихын, атаулы күндерін көпшіліктің, әсіресе кейінгі ұрпақтың есіне салып отыру алдыңғы буынның парызы.

Оқу ағарту ісінің туған өңірдегі, Ы.Алтынсарин негізін қалап білім шырағын жаққан Ырғыз жеріндегі білім беру ісінің жолға қойылып, қарқындай бастауы сол кезеңдегі ұлт интеллигенттерінің ерен еңбегі болатын. Ақтөбе өңірінде алғашқы болып 1864 жылы 25 қазанда бастауыш қазақ мектебі ашылады. Бұл мектептің мұғалімі болып Орынбор шекаралық комиссиясының мектебін Ы.Алтынсаринмен бірге бітірген Шахмұрат Құлыбеков қызмет істейді. Осыдан кейін өлкеде үкіметтің саясатын, ғылым, білім, мәдениетін нақтылы оқыту қажеттілігінен Ы.Алтынсариннің ықпалымен Ресей Халық ағарту Министрінің 14 сәуірдегі №4146 жарлығымен Ырғызда 1879 жылы арнайы штат беріліп, екі кластық орыс – қырғыз училищесі ашылады. Мұнда қазақ, орыс балалары бірігіп оқитын болып, училищеге алғаш рет 26 қазақ, 28 орыс, 2 еврей балалары қабылданады. Халық ағарту министрлігінен 460 сом, Ырғыз қалалық қоғамынан 800 сом, жыл сайынғы жиналатын салық есебінен төленетін болып 1400 сом, жалпы соммасы 2620 сомды құрайтын қаражат училищені қаржыландыру барысында бөлінеді. Ырғызда мектеп үйін сатып алу үшін 4000 сом бөлінеді, ал заман талабына сай мектеп салу үшін 20 мыңнан 40 мың сомға дейінгі қаржы керек болады. Уақыт тығыздығына байланысты уақытша деп мектеп үйі үшін 4000 сомға әзір тұрған үй сатып алынып, пайдалануға беріледі.

Әдебиеттер тізімі :

1. Жұлдызды -жарық Нұрмұханбет Дияров 2014ж
2. Қазақстан тарихыны әдістемелік журнал. № 2006-2007-2008-2009
3. Қазақ ССР 1- том қысқаша энциклопедия Алматы: 1984 жыл

COMPARATIVE ANALYSIS OF THE PROVERBS AND SAYINGS OF KAZAKH, RUSSIAN AND ENGLISH LANGUAGES.

Баимбетова Жадыра, Оңғарова Гаухар

Жетекшісі: Абитова М.С.

ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі»МҚК

The purpose of this research work is to understand the features of the reflection of the cultural heritage of the nation, its spiritual values through studying the proverbs and sayings of these nations.

Tasks of scientific work:

- to compare and determine the similarities and differences between Kazakh, Russian and English proverbs and sayings.
- to analyze practical value of using proverbs and sayings in speech.
- to understand the features of the reflection of the cultural heritage of the nation, its spiritual values, by researching the proverbs and saying of this nations.

Actuality lies in the fact that for the first time we attempted to conduct a comparative research of Kazakh, Russian, English proverbs and sayings. Getting acquainted with these elements of phraseology in the process of studying and analyzing proverbs and sayings of three languages, we became the participants in the dialogue of cultures, which allowed us to determine both the common and the special features in the mentality of three different nations.

Thus, **the object of study** in this paper is actually English, Kazakh and Russian proverbs and sayings. Proverbs cannot be compared with any language tools in terms of the volume of information about the cultural traditions and way of life of nations.

Hypothesis: despite the differences in the historical past, geographical position the cultural heritage of the Kazakhs, Russians and Englishmen, proverbs and sayings reflect common human, moral values. The ideas of peace and good, the role of labor and knowledge, respecting of good human qualities: love of one's native land, honesty, diligence, condemnation of greed, anger,

stupidity and laziness are common to all people. If you study the distinctive and common features of proverbs and sayings in Kazakh, Russian and English, this will help to better understand the realities of the language (both native and foreign - English).

For a start it will be wise to find out the meaning of the words "proverb" and "saying" :

Proverb is a small form of folk poetic creativity, dressed in a short, rhythmic saying bearing a generalized thought, conclusion, allegory with a didactic deviation. The proverb immediately expresses some thought or advice. The proverbs do not have an author. The proverb becomes a proverb only when it lost the author and became an element of popular speech. For example : Сөз- сабан, іс - дән. О человеке судят по его делам. – Deeds, not words.

Saying is a collapsible short speech, a walking expression without instructive meaning, usually figurative, rhymed, underdeveloped to the full proverb; A new image replacing a common word that defines a phenomenon and without a context is not a logically complete statement: «когда рак на горе свистнет», which means never.

It is important to understand the similarities and differences between proverb and saying: -Proverbs and sayings are an ancient and widespread genre of oral folk art.

- A proverb is a whole sentence that contains moral teaching, wisdom, for example: Теңге тиыннан өсер. Копейка рубль бережет. Take care of pence and the pounds will take care of themselves.

- A saying is part of a sentence and is usually a brightly colored phrase: "с чем (его) ее едят" (how and what for use something.) : - Proverbs and sayings are unshakable truths.

-Both of them are written in simple, popular between common people language, without using of the complicated terms and contains folk wisdom.

- Proverb often has rhyme and rhythm; many of them are consist of two rhyming parts.

Sayings are used in sentences to give a bright artistic color to facts, things and situations. For example: «остаться с носом» (be nicely left, алданып қалу),«остаться у разбитого корыта» (to be left with nothing cause of stupid behavior, тақырға отырғызу).

The comparative analysis of proverbs and sayings in Kazakh, Russian and English.

To translate proverbs adequately, i.e. keeping the meaning and form is extremely difficult. Often it is impossible. Something usually has to be sacrificed: either by meaning, or by form. After the theoretical research and reading countless literature, through detailed analysis, rethinking and selection of a situation that is adequate to the meaning of a particular proverb or saying.

Kazakh Proverbs and saying	Russian equivalent	English equivalent
Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей.	Без труда не вытащишь и рыбки из пруда	A cat in gloves catches no mice
Әр құстың өз ұясы қымбат.	В гостях хорошо, а дома лучше	East or West, home is best.
Білім – қуат.	Знание – сила.	Knowledge is power.
Денсаулық – зор байлық.	Здоровье дороже богатства.	Good health is above wealth

The conclusion.

It is fair to say that our research work helped us overcome the cultural barrier, promoted correct, adequate perception of proverbs and sayings, understanding of national characteristics and colors of Russians, Kazakhs and representatives of Great Britain. On the other hand, the analysis of proverbs and sayings is a process of acquaintance with the history and society of these peoples, and this process has given us the opportunity to expand our horizons, enrich and improve the knowledge structure, and we believe that such analysis will always be useful and relevant in teaching languages

In the course of the study, we came to the following conclusions:

- Proverbs and sayings are many-valued and vivid;
- Proverbs and sayings are out of time and non-class division, because they are used by people of different backgrounds;
- People's wisdom is clearly manifested in proverbs and sayings, and the knowledge of proverbs and sayings of one or another people contributes not only to knowledge of the

language, but also to a better understanding of the way of thinking and the character of the people;

- Comparison of English, Kazakh and Russian proverbs and sayings shows how much these peoples have in common, which, in turn, contributes to their better understanding and rapprochement;
- Common to all nations are the ideas of peace and good, the role of labor and knowledge, respect for good human qualities: love of one's native land, honesty, diligence, modesty, condemnation of malice and greed, stupidity and laziness;
- Proverbs and sayings of Kazakh and English are rather difficult to translate into other languages. The main task is to understand the content of the proverb and sayings before choosing an adequate way of translating it.
- In Kazakh and Russian languages it is possible to choose equivalents to English proverbs and sayings.

In order to find out the frequency of the use of proverbs and sayings among people of different social level and different age categories, a questionnaire was conducted, the task of which was to reveal the age of the people most often using proverbs in speech. In the course of the study it was determined that people over 50 years old, which is 53% of respondents, use proverbs and proverbs in their speeches. People between the ages of 23 and 49 use proverbs on the situation. Very rarely, in fact, adolescents are not used at the age of 12-19. The use of proverbs and sayings does not depend on the social status. Both ordinary workers, engineers, doctors and teachers use it equally.

Literature:

- 1.«Сборник пословиц и поговорок» В.И.Даль
2. Казахские пословицы и поговорки .Н. Гребнев, Алматы,1987.3-4
- 3.English through proverbs. А.Стефанович .Просвещение ,1980. 27

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰСЫНДА ҚАЛЫПТАСҚАН ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС

Көнебаева Айжанар, Нұрболатқызы Гүлнұр

Жетекшісі: С.А.Амантаева

ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы
Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Тәуелсіздігімізге қол жеткізген кейінгі жиырма жылда руханият саласында үлкен сілкініс жүріп жатты. Солардың бірі – «қазақтың мәдени ұлттық брендин қалыптастыру», яғни қазақты әлемге таныту. Демек, қазіргі таңдағы басты міндет – қазақы болмысына оралу. Өзіңнің тамырыңа оралу – бүкіл халықтарға тән. Өзіңді өзің таны деген категория: шыққан тегінді, ұлтыңды халқыңды, әрі оның тарихын, мәдениетін, дәстүрін, болмысын тану алға қойылған. Бұны басқа халықтарға ұлттық құндылық ретінде көрсете білу керек. Өркениетті ұлт әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан төл дәстүрімен мақтанады. Демек мәдениетімізді нығайту ұлттық мүдденің салтанат құруына ықпал етеді деген сөз. Қазақы ұлттық руханиятты жаңғыртып, қайта түлету – ұлттық деңгейдегі өзекті мәселе.

Жұмыстың өзектілігі. Қай заманда да, қара сөздің қадірін түсінген қазақ жұртшылығына етенеден таныс төрт жолдан тұратын, ұйқасқа құрылған қара өлеңнің берер әсері мол. Хакім Абай атамыз: «Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы...» дегенде де, осы қара өлеңнің өрісін түсірмей, өнегесін арттырындар дегенді меңзесе керек-ті. «Қазақтың қара өлеңін» шекпен жауып өзіне қайтарған Мұқағали Мақатаев та, өлең-сөздің өшпес отты, өлмес жанды құбылыс екендігін жете байыптағандығынан десек, артық айтпаған болар едік. Қазақ халқының қанына біткен бұл құбылыс өз алдына, жеке алып қарғанда поэзияның өзі жылдамдық пен ұшқырлықты талап етіп, басқа жанрларға қарағанда шеңбері кең

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ақтөбе өлкесінің тарихы – бүкіл қазақ тарихының құрамдас бір бөлігі. Ежелден біздің облыс Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде, мәдениеттердің қиылысқан тұсында тұрған шекаралас аймақ ретінде қалыптасты және дамыды. Осы жағдайдың өзі біздің облыстың көпұлтты, көп мәдениетті және түрлі конфессионалды аймақ ретінде ерекшелігінің қалыптасуына ықпал еткендігі сөзсіз. Аймақтың ерекшелігі сонымен бірге, оның территориясы арқылы ежелден айтарлықтай көші-қондық ағындардың (сауда, керуен жолдары, жаулаушылық жорықтар, халықтардың қоныс аударуы және т.б.) жүруімен айқындалады. Сол тарихи қозғалыстың аясында рулар мен тайпалар шоғырланды, араласты, өзара сіңісті, сөйтіп, мәдениеттер мен этностардың өзара әрекеттесуі орын алды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсаты тың тарихи деректер негізінде 1917-1939 жылдардағы Ақтөбе облысының саяси және әлеуметтік-экономикалық даму тарихын қарастырып, ондағы үрдістерді ашып көрсету болып табылады.

Белгіленген мақсатқа сәйкес төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

- Ақтөбе өлкесінің азамат соғысына тартылу жағдайын қарастыру;
- Ақтөбе өңірінде «соғыс коммунизмі» саясатының жүзеге асырылуын және оның зардаптарын ашып көрсету;
- өңірдегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерге және облыс аумағының қалыптасу тарихына талдау жасау;
- аталмыш кезеңдегі қоғамдық-саяси өмірді және ондағы үрдістерді сипаттау;
- өңірдің шаруашылық-экономикалық дамуын және оның қайшылықтарын ашып көрсету;
- халықтың әлеуметтік-демографиялық даму тарихын зерттеу;
- облыстағы оқу-ағарту саласының дамуына, мәдени өмірдегі үрдістерге талдау жасау.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Отандық тарих ғылымындағы кенжелеп қалған салалардың бірі – өлкетану мәселелері болып табылады. Қазіргі уақытқа дейін республика облыстарында жергілікті өңірдің тарихына қатысты кешенді зерттеулер аз жүргізіліп келеді деуге болады. Дегенмен, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары кезінде Торғай және Орал облыстарының құрамына кірген аймақтар мен қалалар тарихын зерттеуге ден қойылды. Кезінде ірі әскери бекініс болған Ақтөбе қаласының тарихына Л.Е. Урдабаеваның «История города Актюбинска и его уезда (1869-1917 гг.)» [2] аталған кандидаттық зерттеуі арналды. Автор өз зерттеуінде Ақтөбенің құрылу тарихын, Ақтөбе уезінің әлеуметтік-экономикалық жағынан өсіп-өнуін қарастырады.

Мәселенің деректік көзі. Мәселенің деректік негізін мұрағат құжаттары, статистикалық материалдар, Отандық тарихтың тақырыбымызға қатысты түрлі мәселелеріне арналған құжаттық жинақтар құрайды. Барлық деректерді мазмұндық сипатына қарай шартты түрде бірнеше топқа бөліп қарастыруымызға болады.

Зерттеудің пәні 1917-1939 жылдардағы Ақтөбе облысының саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы.

Зерттеудің нысаны 1917-1939 жылдардағы Ақтөбе облысының саяси және әлеуметтік-экономикалық даму тарихы.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері 1917-1939 жылдар аралығын қамтиды. Дегенмен, өткен ғасырдың басындағы өлкедегі саяси-әлеуметтік жағдайды бағамдау мақсатында алға бірқатар шегіністер жасалды.

Зерттеудің территориялық шегі қазіргі Ақтөбе облысының аумағы болып табылады. Облыстың қазіргі территориясы өткен ғасырдың 40-жылдарына дейін қалыптасып болды. Ал 1920 жылдардың басына дейін өлкеде патшалық дәуірде жасақталған әкімшілік-аумақтық бөлініс сақталды. Яғни, қазіргі Ақтөбе облысының аумағы бұрынғы Торғай және Орал облыстарының территориясынан құралды. Атап айтқанда, Торғай облысына Ақтөбе, Ырғыз уездері, ал Орал облысына Темір уезі қарады.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізін бүгінгі уақытқа дейін тарих ғылымының және оның бағыттарының дамуы барысында қалыптасқан ғылыми-әдістемелік қағидалар мен тұжырымдар құрайды. Олардың негізгілері ретінде тарихилық, ғылымилық, шынайылық, нақтылық, тарихи дамудың эволюциялық жолы сияқты қағидалар мен тұжырымдарды атап өтуге болады. Ғылыми жұмысты жазу барысында тікелей түрлі әдістік талдау, салыстыра зерттеу, деректің шынайылық деңгейін анықтап, маңыздылығына қарай пайдалану әдістері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыста қазіргі Ақтөбе облысының 1917-1939 жылдардағы саяси және әлеуметтік-экономикалық даму тарихы арнайы түрде кешенді зерттелді. Атап айтқанда, зерттеу жұмысында арнайы зерттеулер және мұрағат құжаттары негізінде Ақтөбе өңірінің 1917 жылдағы саяси дамуы, азаматтық қарсыластық жылдарындағы саяси-әлеуметтік жағдайы, өлкеде «әскери коммунизм» саясатының жүзеге асырылу барысы және оның зардаптары, 1921-1922 жылдардағы ашаршылық және оның салдары, облыс аумағында жүргізілген байларды тәркілеу, күштеп ұжымдастыру және отырықшыландыру, қуғын-сүргін шаралары талданып, олардың себеп-салдарлары, алғышарттары, нәтижелері ашып көрсетілді.

1917 жылдың көктемі мен күз айлары ыдырап жатқан Ресей империясының аймақтарында аса ушығып тұрған кезең болды. 1916 жылдың соңы – 1917 жылдың басына қарай Ресейде Николай Романовқа және оны қолдаған бірқатар жоғары бюрократияға қарсы бағытталған бүкіл қоғамның (ұлы княздерден бастап большевиктер мен анархистерге дейін) біртұтас оппозициялық-революциялық майдан қалыптасты.

Ақпан революциясының жеңісі елдегі әлеуметтік-саяси ахуалға түбегейлі өзгерістер енгізді. Патша билігінің құлатылып, Уақытша үкіметтің орнатылуы патша отаршылдығының қанаушылығын сезінген қазақ халқының тарапынан үлкен қолдау тауып, олар үшін үлкен жаңалық болды.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 24 ақпандағы нөмірінде Ә.Бөкейхановтың Минскіден жолдаған хаты жарияланды. Онда: «Бүкіл Ресей халықтарының бостандығының, теңдігінің, бауырластығының күні туды. Қазақтарға үкіметтің жаңа құрылысын қолдау үшін ұйымдасу қажет», - деп жазылған еді. Бұл ретте, қазақ қоғамында болып жатқан үдерістерге 1916 жылғы халық көтерілісінің үзілді-кесілді рөлінің болғандығын атап өткен жөн. Оның себебі болған патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан және Орталық Азия халықтарының жергілікті ер тұрғындарын тыл жұмыстарына алу жөніндегі қаулысы қазақ қоғамының саяси және рухани негіздеріне үлкен сын болған еді [6, 337 б.].

1916 жылғы көтерілістің ірі ошақтарының бірі біздің өлкеміз болды. Амангелді Иманов Торғай, Қостанай, Ырғыз, Ақтөбе уездерінің көтеріліске шыққан қазақтарының қатарын біріктіре алды. Иманов бастаған қазақ көтерілісшілері ақпан революциясын патша жазалаушыларымен шайқаста жүріп қарсы алды. Дегенмен, патша өкіметінің құлатылып, Ресейдің жаңа үкіметінің билігінің орнатылуымен көтерілісшілерді қудалау бірден тоқтай қалды деп айту қиын. 1917 жылы 7 наурызда Ә.Жангелдин және И.Құрманов Петроград кеңесіндегі жедел баяндамаларында Торғай облысында Ақпан революциясынан кейін де жазалаушы отрядтар «өздерінің арам істерін, қанаушылық пен тонаушылықтарын жалғастырып жатыр» деп мәлімдеді [13, 15 б.]. 1917 жылы 15 наурызда Торғай облыстық азаматтық комитет Уақытша үкіметке облыстағы әскери жағдайды алып тастауды өтінген жеделхат жолдады.

Ақпан революциясынан кейін ел жол айрығында тұрды. Патшалық отаршылдық әкімшіліктің жойылуынан кейін қалыптасқан заңды өкіметтің вакуумы саяси күрес алаңының кеңеюіне, партия, қоғамдық ұйымдар мен қалың бұқара рөлінің күрт нығаюына алып келді.

Бастапқыда Ақпан оқиғаларынан кейін билік жергілікті жерлерде қоғамдық атқару комитеттеріне, яғни, ұйымдаспаған түрде пайда болған және түрлі әлеуметтік-саяси күштерді біріктірген көлемді демократиялық ұйымдарға тиісілі болды. Мәселен, «Оренбургское земское дело» газетінің 1917 жылғы 12 наурыздағы нөмірі Ақтөбеде халық

билігі комитетінің құрылғандығын жариялаған еді [13, 18 б.]. Алайда, кейін бұл органдар оңды солды әрекет ете бастады.

М.Б.Олкот өзінің «Қазақтар» деген еңбегінде: «Қазақтан уақытша үкіметті қолдады және көптеген оқыған жастарды қазақтың ұлттық Алашорда партиясын құрып, Петроградта өкілдікке ие болды, өздерінің мүддесіне сәйкес жұмыстар жүргізді», - деп сол кезеңдегі саяси өмірдегі шындықты көрсетті. Ресейде қазан төңкерісі болғаннан кейін де қазақ зиялылары жаңа большевиктік режимді қолдаудың қиын екендігін түсініп, оның орнына Алашорда ұлттық-автономиялық үкіметін құру жолын таңдады [5, 27 б.].

1917 жылы наурызда Ақтөбеде және өлкенің басқа уездік қалаларында Жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі құрылды. 1917 жылдың күзіне дейін Ақтөбе Кеңесінің құрамында эсерлер мен меньшевиктер басым болды, өйткені, олардың бағдарламасы халықтың қолдауына ие болды. Ақтөбенің эсерлері мен меньшевиктері азаматтық атқару комитетінің орнына Отан мен революцияны құтқару комитетін құрды. 1917 жылдың мамыры мен маусымында Жұмысшы және солдат депутаттарының Ақтөбелік кеңесі өткізілген сайлаудың нәтижесінде түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Шілде айында Шаруа және қазақ депутаттарының Ақтөбе уездік кеңесі сайланды, ал кейін ол Жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесімен бірікті.

Бұл Кеңестің құрамында В.Ф.Зинченко бастаған большевиктердің шағын тобы болды. Алайда, 1917 жылдың күз айларының соңына дейін большевиктердің халық бұқарасының арасында ықпалы болмады. Оның үстіне, Петроградтағы шілде оқиғаларынан кейін ақтөбелік большевиктердің қызметіне іс жүзінде тыйым салынды. 1917 жылы 3-4 шілдеде бүкіл Петроградты халық толқуы қамтыды, қала көшелеріне жарты миллион адам шықты. Петроградтағы тәртіпсіздіктерді басып-жаншудың нәтижесінде 700 ден астам адам жараланды және өлтірілді. Билік большевиктер мен Ленинді аталған толқуларды ұйымдастырды деп айыптады. Жалпы, аймақтарда Петроград оқиғаларын қолдамаған еді. Ал Ақтөбеде большевиктерді кудалау басталды. В.Ф.Зинченконың естелігі бойынша оны «бірнеше рет ұрып-соққан, трибунадан сүйреп түсіріп, аяқпен таптап және таяқпен сабаған». Жұмысшы депутаттардың Ақтөбе Кеңесінің 1917 жылғы 18 шілдедегі отырысының қарарында: «Ақтөбе Кеңесі жасаған қателіктері туралы мәлімдеді, таптық келіспеушіліктерді ұмытуға, большевиктердің насихатына тыйым салуға, большевиктердің саяси ұйымдарға қатысуына жол бермеуге шақырады» деп атап өтілді [14, 1 п.].

Революциялық оқиғалардың орталығынан келген толқулар Ақтөбеге дейін жетіп жатты. Тамыз айының соңында генерал Корниловтың билікті басып алу арқылы елде әскери диктатура орнатуға ұмтылғандығы белгілі. «Корниловщинаға» қарсы Кеңестер және бүкіл социалистік партиялар, оның ішінде большевиктер де шықты. 1917 жылы 5-қыркүйекте Ақтөбе Кеңесінің отырысында генерал Корниловтың тұтқындалуы жөніндегі жеделхаттар және бүлікші әскерлердің Уақытша үкіметке бағынатындығы туралы мәлімдемелері жарияланды [14, 3 п.].

Өткен ғасырдың 20-30 жылдары Ақтөбе облысының әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде қалыптасып, дамуының айқындаушы кезеңі болды. Осы кезеңде облыстың әлеуметтік және экономикалық дамуының бағыттары мен салалары айқындалды, жүзеге асыру басталды. Дегенмен, 1920 жылдар басталған тұста өлке халқы табиғи және қолдан жасалғаны бар ауыр нәубеттерге тап болды. Азамат соғысымен қатар, сол уақытта жүргізілген «соғыс коммунизмі» саясаты өңір халқын әбден титықтатты. Халық күштеуге, тонаушылыққа ұшырады. Аталған саясаттың талаптары негізінде халыққа қойылған міндеткерліктер жөнінде жоғарыда баяндаған болатынбыз. Сол шаралардың нәтижесінде тұрғындар қолындағы малынан, азық-түлік қорларынан, мүліктерінен айырылды.

1921-1922 жылдардағы Ақтөбе губерниясында орын алған ашаршылық халықтың әлеуметтік тұрмысын одан әрі құлдыратып жіберді. Жоғарыда тұрғындардың айтарлықтай бөлігінің аштыққа ұшырап, тіпті одан өлу фактілерінің орын алғандығын жоғарыда айтқанбыз. Ашаршылықпен қатар сол жылдардағы жұт, қуаңшылық халыққа қосымша

ауыртпалықтар әкелді. Онсыз да тоналған мал басы қысқара түсті, егіс шықпады, егіс алқаптары қысқарып кетті.

Соған қарамастан Ақтөбе өңірінде жаңа мемлекеттілікті құру жұмыстары жалғастырылды. Жер жерде кеңестік билік органдары құрылып, жұмыстарын жандандырды. Кеңес өкіметі толық нығайып бола саласымен алғашқы саяси науқандары да көп күттірген жоқ. Жаңа экономикалық саясат шаралары жүзеге асырыла бастады. Жер, су реформалары күшіне енді. Орталықтан Ақтөбе өңірінің халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін қаржылай және т.б. көмектер берілді. 1922-1927 жылдары егістік көлемі екі есеге өсіп, 1913 жылғы деңгейіне жетті. Алайда сол жерлердің 97,4 %-і жеке шаруашылық болды. Осы кезеңде мал басы 4 есеге көбейді. Дегенмен, аталған саяси шаралардың кері әсері де болды. Кеңес өкіметі халықтың әлеуметтік жағдайын теңестіру мақсатында «байларды» тәркілеу шараларын жүргізді. Бұл саясаттың басты қайшылығы нағыз байлармен қатар, орташалардың, тіпті кедей-кепшіктердің де тәркілеуге ұшыратылуы болды. Осы солақай саясаттың нәтижесінде өңірімізден халықтың ауа көшу жағдайлары орын алды.

АҚТӨБЕ МЕРЗІМДІК БАСПАСӨЗІ: ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫ)

Әлібекова Ааяжан, Биждаева Зарина

Ғылыми жетекші: Аманалы Г.А., Абдуллина Л.Е.

ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі»МҚК

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысында ХХ ғасырдың 20-30 жж. Ақтөбе өңіріндегі мерзімді баспасөздің қалыптасу тарихы мен тарих ғылымындағы деректік маңызы қарастырылады. Мерзімді баспасөз материалдарын дерек көзі ретінде қолдана отырып ХХ ғасырдың 20-30 жж. үкіметтің әлеуметтік-экономикасын көтеруге арналған реформалар мен мәдени жағдайларды дамытуға арналған түрлі іс-шаралардың барысы талданады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Отан тарихының ең күрделі де түйінді нысаны болған ХХ ғ. 20-30 жж. саяси жағдайлар мен оқиғалар белгілі деңгейде зерттелгенімен бұл тақырыпты концентральды тұрғыда терең қарастыру қажет. Бұл жолда мерзімді баспасөзді дерек ретінде қолдану аса орынды. Төңкеріске дейін дейін Қазақстанда ұлттық баспасөз өз айналысына қазақ ұлт зиялыларын топтастырып, қоғамда болып жатқан түрлі оқиғалар мен құбылыстар, Қазақстанның саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайы туралы материалдар жариялап, ресми орындардың қатаң бақылауында болса да қазақ зиялыларының империяның отаршылдық жүйесіне қарсы наразылықтарын көтере білді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» еңбегінде бұл туралы: «1911 жылдың қаңтарынан Троицкіде М.Сералин мен Е.Әлімов ай сайын шығатын «Айқап» журналын шығара бастады. Ол патша өкіметіне, орыстардың қырда қаптап кетуіне батыл қарсы шықты. 1911 жылдан бастап Орал облысында «Қазақстан» газеті жары көре бастады. Төртінші нөмірлерінен кейін ресейлік өкімет орындары газетке тыйым салып, тек 1913 жылы ғана қайтадан шұғыла бастады. 1913 жылдан Қазақстандағы азаттық қозғалысының «Қазақ» газетінің қызметіне байланысты жаңа кезеңі басталды. ... Оппозициялық газет бола отырып «Қазақ» қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуға аз үлес қосқан жоқ, өз дәуірінің көкейкесті мәселелерін көтерді, ағартушылық идеяларын насихаттады, қозғалыстың және болашақ «Алаш» партиясының баспа органы болды. Жарияланымдардың отаршылдыққа қарсы сипаты өкімет орындарының наразылығын туғызды», - деп жазды [1, 162 б.].

Төңкерістен кейін кеңестік билік жүйесі өзінің идеясын жүзеге асыруда мерзімді басылымдарға баса назар аударып, партияның рөлін насихаттауға шебер қолдана білді. Баспасөз арқылы социализмнің салтанатын дәріптеу, лениндік, сталиндік идеяның

мәңгілік екендігін халық санасына сіңіру, коммунизм орнатуда партияның сара жолына түсу қажеттігін түсіндіруді мақсат ете отырып, қалың бұқараны тек кеңестік билікке бойұсынуға шақырды. Мерзімді басылымдарды кеңестік мемлекет саясаты мен идеологиясын насихаттаудың ақпараттық құралы ретінде мейлінше ашық түрде қолдана бастады. Сөйтіп, мерзімді басылымдар кеңестік үкімет пен партия саясатына бағына отырып, лениндік, сталиндік биліктің Қазақстанда берік орнауына, әкімшіл-әміршіл жүйенің саяси-идеологиялық өктемдігінің жаппай салтанат құруына жағдай жасады. XX ғ. 20-30 жж. мерзімді баспасөз большевиктік идеология құралы болғанымен де сол жылдардағы Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өмірінің кейбір мәселелерін айқындауда бірден-бір дерек көзі болып табылады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. XX ғасырдың 20-30 жж. шыққан қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз материалдары дерек ретінде тарихшылар тарапынан тереңдетіле зерттелген жоқ. Алайда 20 жж. баспасөздің маңыздылығын А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Сейфуллин, С. Сәдуақасов, М. Әуезов, Т. Рысқұлов, Ш. Тоқжігітов және т.б. қазақ зиялылары газет-журналдардың бетінде айқындап берген болатын.

Қазақстандық зерттеушілер мен ұлт зиялылары арасында қазақ және орыс баспасөзінің тарихына арналған еңбектер баршылық. Қазақ баспасөзінің негізін қалаушылардың бірі А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінің оқырмандарына арнау сөзінде былай жазды: «1907 жылғы санаққа қарасақ, Ресейде сол жылы 2173 есімді газет пен журналдар шыққан екен. Оның 1396 рус тілінде, 867 басқа тілде деген деректер бар» [2]. Мәселеге қатысты М. Дулатов «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылғы 5 мамырдағы нөміріндегі «Баспасөз үммесі» атты мақаласында: «Төңкерістің алдында Россияда 2500 шамалы газет, журнал шығатын еді. Орыстан өнерлірек жұрттардың газет, журналы мұнан да көп еді, ...қазағы, қырғызы бар Қазақстан, Түркістанды қоса санағанда бұл күнге шейін шығып, тоқтаған һәм шығып тұрған газет, журналдар мыналар», - дей келе, 42 басылымның атын атайды [3]. Осылайша, қазақ баспасөзінің тарихына арналған алғашқы зерттеулерге ден қойғандар ұлт зиялылары болды. Себебі, олар қазақ баспасөзінің аяғынан тік тұрып, қазақ қоғамы үшін қызмет ету жолында аянбай еңбектенді. Сол басылымдардың ұйымдастырушысы да, редакторы да, авторы ретінде ауқымды жұмыстар атқарды. Алғашқы қазақ басылымдарының хал-ахуалы, бағыт-бағдары, көтерген мәселесі, халық арасына таралымы туралы М. Дулатов бірнеше мәрте қайыра жазды.

1930-1940-жж. мерзімді баспасөздің маңыздылығын нақтылаған зерттеу жұмыстары болмағанмен де XX ғасыр басында шығып тұрған «Қазақ», «Айқап», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Алаш» және т.б. басылымдар ұлтшылдық пиғыл ұстанғандығын сынға ала отырып, 20-жылдардан бастап шыға бастаған басылымдардың партия саясаты мен идеологиясын насихаттаудың басты құралы екендігін ашық жазған мақалалар жариялана бастады. 1920-1930 жж. мерзімді баспасөз тарихын зерттеу барысы 1950-жылдары ғана қолға алынды. Бұл ретте Қ. Бекхожиннің, Б. Кенжебаевтың, Т. Амандосовтың, Б. Қорқытовтың еңбектерін атауымызға болады.

1960-1970 жж. Н. Сыздықов, М. Бурабаев, Х. Бекхожин, Т. Амандосов және т.б. авторлардың ұжымдық еңбектері мен С.Н. Имашевтың монографиялық еңбегінде Қазақстанда қалыптасқан мерзімді баспасөз тарихының рөлі нақтылана көрсетіліп, кеңес халқын тәрбиелеудегі идеологиялық бағытына баға берілді [9]. Қазақ баспасөзінің қалыптасу тарихын зерделеуде ғалым Х.Н. Бекхожиннің монографиясы көп жағдайда жаңашылдығымен ерекшеленді. Автор 1860-1930 жж. аралығындағы қазақ баспасөзінің пайда болу, қалыптасу, даму жолдарын, әр кезеңдерде шыққан газет-журналдардың қазақ қоғамындағы алған рөлін анықтап көрсете отырып, бұл басылымдардың үкіметтің баспа саласының алдына қойған міндеттері мен нұсқауларын орындаудағы қызметін айқындаған [10].

1980 ж. Х. Бекхожиннің монографиялық еңбегі жарық көріп, автор бұл еңбегінде 1964 ж. шыққан кітабына толықтырулар енгізіп, қазақ баспасөзінің хронологиялық жылдарын 1958 жылға дейін созып, қазақ баспасөзінің қалыптасу тарихына, 1860-1958 жж.

аралығында шыққан әрбір басылымдарға қысқаша тоқтала отырып, Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени құрылысындағы өзгерістердің орыс және қазақ тілдеріндегі баспасөзде бейнелену барысын айқындауға тырысты. Алайда бұл еңбектен де таптық-партиялық идеология ықпалы сезіледі [11].

Ғалымдар Х.Н. Бекхожин, С.Қ. Қозыбаев, С.С. Матвиенколар қазақ журналистикасының тарихы турасында жазған еңбектерінде 1917 жылдан бастап Қазақ АКСР-де орыс және қазақ тілдерінде шыға бастаған газет-журналдарға тоқталған. Бұл еңбекте авторлар мерзімді басылымдардың қандай жағдайда шығарылғандығы мен оның айдарлар жөнінде мағлұматтар берді [12].

Зерттеу жұмысының деректік негізі. Зерттеліп отырған тақырыптың деректемелік негізі мұрағаттық құжаттар, басылымдарда жарияланған түрлі материалдар, құжаттар мен материалдар жинақтарынан және мерзімді басылымдарына қатысты баспасөз қызметкерлерінің жарияланған жинақтары мен мемуарлық еңбектерінен тұрады. Жұмысты орындау барысында Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағатының №516-шы және № 67 қорларының құжаттарығылыми айналымға енгізілді

Деректердің басым бөлігін 1920-1940 жж. Ақтөбе өңіріндегі мерзімді басылымдарда жарық көрген хабарламалар, ғылыми-танымдық, публицистикалық материалдар құрайды. Атап айтқанда «Киргизская степь», «Степная правда», «Степная крестьянская газета», «Актюбинская правда» және «Кедей» газеті мерзімді басылымдарының басылымдардың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді көтерген материалдары дерек ретінде қолданысқа енгізілді.

«Киргизская степь» газеті 1921 жылы 22 сәуірде Ақтөбе Халық Шаруашылығы Уездік кеңесінің, Кәсіподақтардың уездік кеңесінің, Еңбек комитеті мен Уездік жер бөлімінің органы ретінде ай сайын шығып тұратын кәсіби-экономикалық мазмұндағы журнал ретінде алғашқы номері жарыққа шықты. Аталмыш журнал осы атаумен кейіннен Ақтөбе губерниялық комитетінің және Кеңестердің губерниялық Атқару комитетінің органы ретінде аптасына 3 рет газет түрінде шыға бастайды. Ал 1924 жылдың аяғынан бастап «Степная крестьянская газета» деген атаумен аптасына бір реттен орыс тілінде Ақтөбе губерниялық атқару комитетінің, БКП(б) Ақтөбе губерниялық комитетінің органы ретінде шыға бастады. 1924 жылы 6 мамырдағы Ақтөбе губерниялық партия және атқару комитеттерінің бірлескен мәжілісінде өңірде қазақ тілінде «Кедей» атты газет шығару туралы шешім қабылданды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысы ХХ ғ. 20-40-жж. өлкедегі мерзімді баспасөздің қалыптасуы мен деректік маңызына объективті түрде баға беруді мақсат етіп қояды.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер белгіленді:

-Төңкеріске дейінгі өлкедегі қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасып даму тарихын зерттеу,

-төңкеріске дейінгі мерзімді баспасөздегі көтерілісген мәселелердің өңірлік ерекшеліктерін талдау,

- ХХ ғ. 20-30 жж. Ақтөбе өңіріндегі мерзім баспасөздің қалыптасып даму тарихын жүйелі түрде зерттеу;

Тақырыптың хронологиялық шеңбері. Зерттеу жұмысының негізгі хронологиялық шегі 1920-1930 жылдар аралығы болып белгіленді. Жұмыста төңкеріске дейінгі Қазақстандағы мерзімді баспасөздің қалыптасып даму тарихы да қарастырылады.

Зерттеудің қолданыстық маңызы. Тақырыпта жасалынған негізі тұжырымдар мен қорытындыларды, алынған нәтижелерді оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар дайындауға қолдануға болады. Сонымен қатар оқушылар мен студенттер үшін ғылыми-зерттеу жұмыстары мен өзіндік жұмыстары үшін материал болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. -Алматы: Атамұра, 1999. -296 б.

2. Байтұрсынов А. Шығармалары. -Алматы: Жазушы, 1989.-320 б.; Байтұрсынов А. Ақжол. –Алматы: Жалын, 1991. -464 б.; «Қазақ» газеті. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. -560 б.
3. Дулатов М. Шығармалары. –Алматы. -1194. -184 б.

ДӘРІХАНАДАН ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ БОСАТУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ҚЫЗЫЛ ЖОЛАҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

Қорғанбаева Миллени, Тузелова Нұрсұлуы

Ғылыми жетекшілері: Қалдыбаева Н.К., Карагаева Л.У.

ШЖҚ “Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы

Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі” МКК

Біз өз жобамызда «Дәріханадан дәрілік заттарды босатудағы цифрлық технология мен қызыл жолақтың маңызын» зерттей отырып, алдымызға келесі мақсаттарды қоямыз:

- Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауын насихаттап, жастардың креативті идеяларына қолдау көрсетіп, іске асыру жолдарын қарастыру;
- Студент-жастардың IT-саласының дамытуына өз үлесін қосуға бағыттау;
- Жастардың «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасына көз қарастарын анықтау;
- Дәріханадан дәрілік заттарды босатуда цифрлық технология мен қызыл жолақты қолдана отырып, тауар айналым, дәріхана пайдасымен қатар адамдардың денсаулығына пайдасының артуына маңызын анықтау.

Ғылыми жұмыстың міндеті: IT саласын және қызыл жолақтың фармацевтика саласында үлкен орын ала тұра, тиімді тәсіл екенін жеткізу.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі:

Ақтөбе облысының фармацевтика саласы қарқынды дамуда. АМК – нің фармацевтика бөлімінің түлектерінің жұмыспен қамтылуы 97-100% құрап отыр. Дегенмен де, жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін Қазақстан фармацевтика саласында цифрлық индустрияны барынша енгізе отырып, жастардың, оның ішінде фармацевтердің, IT-саласын дамытуға оң көзқарастарын қалыптастырып, дамуына өз үлестерін қосуды бағыттау.

Гипотеза

- 1) Ақтөбе облысының фармацевтика саласындағы цифрлық индустриясы
- 2) Цифрлық қызмет көрсетудің тиімділігі мен артықшылығы
- 3) Дәріханадан дәрілік заттарды босатудағы қызыл жолақтың маңызы

Цифрлық технология- ағылшын сөзі Digital technology өз кезегінде Digitusлатын, яғни «саусақ» сөзінен шыққан, ұқсас деңгейлі сигналды үздіксіз спектр түрінде емес, дискретті жолақтар арқылы беруге негізделген.

Цифрлық технология қазіргі таңда барлық салаларда әр түрлі деңгейде іске қосылып келе жатыр: есептеу электроникасында, компьютерлерде, электротехника салаларында, робототехникада, автоматизацияда, өлшеуіш құралдарында, радио- және телекоммуникация құрылғыларында және көптеген басқа цифрлық құрылғыларда.

2018 жылы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев ел халқына арнаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауында жаңа цифрлық технологиялар, роботтандыру мен автоматтандыру еңбек ресурстарына және адам капиталының сапасына қатысты талаптарды күрделендіру. Бұл ретте әрине, Мемлекет басшысы еліміздің 2050 жылға қарай әлемдегі ең алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына қосылуға тиістігін тағы бір еске салды. Осы мақсатқа қарай табандылықпен ілгерілеу қажеттігін, жалпы ел болашағын айқындап, сын-қатерлерді күтіп отырмастан, оған табанды түрде қарсы тұра алатын халық қана жеңіске жететіне кезекті рет үндеді. Үндеудегі негізгі міндеттердің бірі:

1. Жеделдетілген технологиялық жаңғыру керек

Елбасының айтуынша, бұл тұрғыдағы басты міндет – цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендету болмақ.

Біз өз жобамызда Ақтөбе облысының фармация саласында цифрлық индустриясын зерттедім. Осы зерттеу барысында Ақтөбе аймағында орналасқан дәріханалардың ішінде 134 дәріханасында, яғни 50%-дай цифрлық индустрияның элементтері енгізілгені анықталды



Коммуникативтік дағдылар

№1 дағды. Сәлемдесу, өзін таныстыру

№2 дағды. Сұхбатты басқару

№3 дағды. Белсенді тыңдау

№4 дағды. Эмпатия білдіру

№5 дағды. Іс-әрекетті түсіндіру

№6 дағды. Ақпарат беру және жоспарлау

№7 дағды. Кері байланыс жасау

Зерттеу жұмысы.

Дәріханадан дәрілік заттарды босатудағы қызыл

жолақтың маңызы.

Зерттеу барысында 2 дәріханадан 4 тұтынушы бірдей шипашақта жазылған дәрілерді алады. Біріншісі А дәріханасы – цифрлық қызметсіз, екіншісі В дәріханасы- цифрлық қызмет технологияларын қолданды.

Біз зерттегенде алып отырған мәселе ол тұтынушы пен фармацевттің арасындағы диагнозына тұтынушыға қажетті дәрілік заттар мен бұйымдарға қатысты диалогты кезекте тұрған басқа тұтынушының естімегенін қалауы.

Осы мәселені зерттеу барысында 2 дәріханадан тұтынушылардан сауалнама алынды және сұрақтар қою арқылы басты мәселе осы болып отыр. Себебі тұтынушы келесі кезекте тұрған адамнан ұялады, өз диагнозын өзгенің естуі ыңғасыздық тудырады. Сондықтан біз қызыл жолақ «стоп» тәсілін ойлап таптық және де біз сіздерге осы тәсілді ұсынамыз. Зерттеу барысында тәсілді қолданып көрдік. Алғашқы тұтынушыдан алынған сауал арқылы тәсілдің ыңғайлы, әрі тиімді екеніне көз жеткіздік. Бұл тәсіл тұтынушылар арасында сыйластық пен түсіністікті қалыптастырады әрі тұтынушы мен фармацевт арасына кедергі болмайды.

Қорытынды:

- Ақтөбе аймағы дәріхана саласында Елбасының жолдауы насихатталып, іске асыру жолында іс-шаралар жүргізілуде;
- Фармацевтика саласына жаңа цифрлық технологиялар енгізіп, қызыл жолақ белгілеу мен коммуникативті дағдыларды қоладана отырып, тұтынушыларға жоғары деңгейде кәсіби қызмет көрсетіледі.

Ұсыныстар:

- Фармация саласындағы дәрілерді сақтауда, сақтау мерзімін қадағалауда роботтар қызметін енгізу;
- электронды рецепт жүйесін енгізу;
- дәріханадағы POS терминалдарын енгізіп, одан әрі көбейту;
- Ақтөбе аймағындағы жас фармацевт мамандардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын тереңдету;
- IT саласын қамти отырып, цифрлық индустриясын енгізіп Ақтөбе облысы және Қазақстан фармациясының дамуына өз үлесімізді қосу;
- Қызыл жолақ белгілерін дәріханаларға енгізу.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Манфред Шпитцер. Антимозг: цифровые технологии и мозг. — АСТ, 2015. — ISBN 978-5-457-51598-7.
2. Устинова Г.М. : Информационные системы менеджмента.
3. Медешова А.Б., Тлеккабылова Д. Ж., Иксебаева Ж.С.: Цифрлық Ресурстарды жасақтау және қолдану әдістемесі.

ИНСУЛЬТТАН КЕЙІНГІ НАУҚАСТАРҒА РЕАБИЛИТАЦИЯЛЫҚ КҮТІМ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Маратова Мадина

Жетекші: Жулмағамбетова Н.К., Ажбенова С.К.

ШЖҚ«Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК

Оқу-зерттеу жұмысының мақсаты:

Инсульттан кейінгі реабилитациялық күтімді ұйымдастыру және жүргізу.

Міндеттері:

Инсульттан кейінгі реабилитациялық күтімді ұйымдастыру кезіндегі мейіргердің рөлін айқындау.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі:

Соңғы уақытта инсульт мәселесі әлеуметтік медицинада кең ауқымды маңыздылыққа ие болып бара жатыр. Бұл тұрғындар арасында егде және қарттық жастағы адамдардың көбеюіне, сонымен қатар, әлеуметтік және экологиялық факторлардың кері әсерінің жоғарылауына негізделеді. Қазіргі уақытта цереброваскулярлы патология өлім себептерінің арасында 2 – 3-ші орындарды алуда.

Зерттеу объектісі: инсульт алған науқастар.

Зерттеу әдістері: субъективті(мәселені анықтау) және объективті(бақылау және шешім қабылдау).

ДДҰ мәліметтеріне қарай, жылда әлемде әр 100 мың адам санына 100-300 инсульт жағдайы кездеседі. Инсульттар, жұлын жарақаттары халықтың мүгедектікке алып келуінің негізгі себептерінің бірі болып саналады, инсульт алған пациенттердің 1/3+ бөлігі өзіне күтім тапшылығынан басқа адамдардың көмегін қажет етеді, тағы 20% өзіндік жүре алмайды; тек әр 5-ші пациент еңбек қызыметіне қайта оралады.

Жыл сайын Қазақстанда 49 000-нан астам инсульт тіркеледі, инсульттан кейінгі мүгедекттер саны 300 000-нан асты. Пациенттердің 60% мүгедек болып қалады. Сонымен қатар Қазақстанда балалар саны 1400 құрайды, олардың ішінде басым бөлігі-неврологиялық патология.

Оқу-оңалту орталығында сабақтар оңалтудың негізгі екі бағыты бойынша-кинезотерапия және эрготерапия бойынша жүргізіледі. Бүгінгі күнде кинезотерапия пациентті физикалық оңалтудың негізгі әдістерінің бірі болып саналады, оның негізгі мақсаты-пациентті қимыл-әрект көмегімен емдеу. Оқу оңалту орталығы кинезиотерапияға, яғни қалыппен емдеу, арнайы активті және пассивті жаттығуларға арналған тренажерлермен жабдықталған. Эрготерапияның мақсаты – жоғалған ұсақ моториканы қалпына келтіру, пациентті қалыпты өмір сүруге бейімдеу, тәуелсіз болуға көмектесу.

Күрделі және ерте кезден сауықтыру шараларын алдын алуда медбикелердің жұмысы өте маңызды. Науқастардың арасында өлімнен аман қалғандардың 70-80% мүгедек болып қалып жатыр және оның 1/3 толықтай ортаның көмегіне, яғни, ұзақ уақытты, қымбат әлеуметтік-медициналық сауықтыруға тікелей тәуелді болып қалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Н.Ю.Корягина, Н.В.Широкова «Мамандырылған медбикелік күтімді ұйымдастыру», 2015 ж.
2. С.Қ. Мұратбекова «Мейірбике ісінің негіздері» А., 2010 ж.;

3. Мухина С.А., Тарновская И.И. «Мейіргер ісінің негіздері» пәніне практикалық басшылық. М., 2008ж;

«DAMUMED»: ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТКЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК. МЕЙІРГЕРДІҢ «DAMUMED» БАҒДАРЛАМАСЫН ИГЕРУДЕГІ РӨЛІ

Қалдымырзақызы Сауал

Ғылыми жетекшісі: Садыкова Г.С.

ШЖҚ«Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК

«ДАМУ МЕД» ДЕНСАУЛЫҚ ДЕМЕУШІСІ

Соңғы жылдары елімізде интернет желілерінің әлеуеті артып келеді. Осы арқылы халыққа көптеген қызмет түрі қолжетімді болды. Компьютер, смартфондарға түрлі қосымшалар енгізілуде. Сондай игілікті жобаның бірі – облыстық денсаулық сақтау басқармасының «DamuMed» медициналық қосымшасы.

Бүгінде емханалар ұсынған әрбір электронды қызметті ыңғайлы және тез алуға мүмкіндік туды. Өйткені, аталған бағдарлама бойынша үйден шықпай-ақ түрлі ақпаратқа қол жеткізуге болады.

Оның басты мақсаты – медицина қызметін халыққа тиімді ету. Мәселен, бұл арқылы үйде немесе жұмыс орнында отырып, дәрігер қабылдауына жазыласың. Ол үшін «Дәрігерге жазылу» батырмасын басу қажет. Айта кету керек, оны пайдаланушы қабылдау күні мен уақытын өзінің таңдауына мүмкіндігі бар.

«DamuMed» ұялы қосымшасына телефон нөмірі мен жеке куәліктің ЖСН нөмірін теру арқылы тіркеледі. Ал, оған кіре алмаған жағдайда телефон нөмірін қосуға өтінім береді. Ол үшін ЖСН нөмірі бар жеке куәліктің фотосуретін түсіріп жіберу керек. Себебі, құжаттың суреті жеке тұлғаны растау үшін және медициналық ақпаратты басқа адамдардан қорғау мақсатында талап етіледі. Өтінішті медициналық ұйым қызметкерлері қабылдап, ұялы телефонға SMS хат арқылы код жолдайды.

Бұл бағдарлама бойынша әрбір адам өзін немесе отбасы мүшелерін дәрігерге қаралуына жазып, дәрігерді үйге шақыруға болады. Сондай-ақ, еңбекке жарамсыздық парағын емханаға бармай-ақ алады. Тағы бір ерекшелігі, дәрігер берген рецептті осы жерден қарайды. Ал, қауіп-қатер батырмасы – белгілі бір санатқа жататын 5 жасқа дейінгі балалар, диспансердің кейбір топтарындағы науқастар, жүкті әйелдердің шұғыл шақыртуын қабылдайды. Сонымен қатар, осы бағдарлама бойынша барлық зертханалық зерттеулердің қорытындысын, лабораторияның нәтижелерін көруге мүмкіндік бар.

Аталған жүйедегі мәліметтер халыққа түсінікті тілде жеткізілген. Оның ішінде жүкті әйелдерге барлық жағдай қарастырылған. Атап айтсақ, мұнда оларға түрлі кеңестер бар. Мәселен, «Апта сайын бала қалай дамиды? Жүкті келіншек қандай тағамдарды тұтыну керек?» деген сауалдарға жауаптар берілген. Сондай-ақ, перзентханаға қандай заттар алып бару қажеттігіне дейін көрсетілген. Әсіресе, бұл – жас аналар үшін қолайлы мүмкіндік.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының кешенді медициналық ақпараттық жүйесінің үйлестірушісі Сарбиназ Баймаханованың айтуынша, бүгінге дейін аймақта медициналық қосымшаны 17387 адам ұялы телефонына жүктеген. Олардың арасында жүкті келіншектер 20,3 пайызды құрайды. Қазір барлық емханаларда аталған ұялы қосымшаны енгізуге кеңінен түсіндірме жүргізілуде. Ондағы мақсат – дәрігердің және емханаға келген емделушінің уақытын тиімді пайдалану.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым Энциклопедиясы
2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі:
3. Информатика және компьютерлік техника

ҚАР ҚҰРАМЫНДАҒЫНДАҒЫ ҚОРҒАСЫН ЭЛЕМЕНТІНІҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ

Қаршыға Ақжүніс, Қанатбай Ақнұр

Ғылыми жетекшілері: Жабасова Г.Е., Исмагулова С.С.

ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК

«Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі

Қорғасын жылтыр, көкшіл – сұр металл, бірақ ауада тотығып металдық жылтырын тез жояды. Қорғасын элементін зерттеудің аналитикалық әдістері; иодсутекті қышқылдардың тұздарымен, калий хроматымен, сілтілермен рекациялары екендігі анықталады.

Автокөлік жолынан 5,35, 55 метр қашықтықтан және жанармай құю станциясынан, колледж ауласынан қар үлгілерін алып, физикалық қасиеттерін салыстырғанда бірінші сатыда лайлы №4-ші үлгі, яғни жанармай құю бекетінен алынған қар үлгісі, екінші сатыдағы лайлы №1-ші үлгі, яғни жол жиегінен 5 метр қашықтықта алынған қар үлгісі, үшінші сатыдағы лайлы №2-ші үлгі, яғни жол жиегінен 35 метр қашықтықта алынған қар үлгісі төртінші сатыда лайлы №3-ші үлгі, яғни жол жиегінен 55 метр қашықтықта алынған қар үлгісі болады.

Қорғасынмен улануды сатурнизм деп аталады. Қорғасынның қосылыстары жоғары токсикалық қасиетімен бәріне белгілі. Қорғасынмен уланудың негізгі симптомдары: бетінің аппақ болып кетуі, ұйқының бұзылуы, көңіл күйдің төмендеуі, тез ашулануы, тез шаршау, ауызға металл дәмінің келуі, және де тәбетінің болмауы, іштің бүріп ауруы және де қанның құрамының өзгеруі. Уланудың соңғы стадияларында тістің бүлініп кетуі, қолдың паралич болуы, ал балаларда ми қызметінің бұзылуынан соқыр немесе саңырау болуы кездеседі.

Қорғасынмен улану төмендегі себептерден болуы мүмкін

- Ұзақ уақыт бойына ағзаға қорғасыны бар заттардың енуі. Мысалы: жиһаздан, ойыншықтардан, терезке мен есік сырларынан;
 - Өндіріс орындары үйіне жақын орналасса;
 - Құрамында қорғасыны бар ыдыста сақталған тағамнан ағзаға енуі мүмкін;
1. Қорғасын үнемдеу мақсатында автокөлік түтікшесіне сүзгіш фильтр орнатылып, жиналған қорғасын металл қабылдайтын орындарда қабылданып, өндіріске жаратылса.
 2. Және де қорғасын қосылыстарын пайдаланатын өнеркәсіп орындарның мүржелеріне сүзгіш фильтр орнатылып, жиналған қорғасын қорғасын қайта өңделіп өндіріске жаратылса.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бандман А.Л. «Вредные химические вещества. «Химия» 1988г
2. Юсфин Ю.С. «Промышленность и окружающая среда Москва 2002 г
3. Волонитина «Воздействие промышленных предприятий на природную среду» Алматы 2005 г

ОЦЕНКА УРОВНЯ ЗАГРЯЗНЕНИЯ И ОХРАНЫ ВОДНЫХ РЕСУРСОВ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Саматов Айдос

Руководители: Тлембаева А.Б., Сүйін Ф.М.

ГКП «Актюбинский Высший медицинский колледж
имени героя Советского Союза Маншук Маметовой»

Цель исследования: к настоящему времени проблема ухудшения качества природных условий и питьевой воды стала привлекать внимание ученых и исследователей всего мира. Вода в Казахстане является лимитирующим ресурсом, и от стратегии использования водных ресурсов зависит развитие природных и хозяйственных систем в бассейнах рек. В качестве основного показателя оценки степени истощения водных ресурсов взята норма безвозвратного изъятия поверхностного стока. При этом за норму принят предельно допустимый объем безвозвратного изъятия поверхностного стока, составляющий 10 - 20% от среднееголетнего значения естественного стока.

Содержание органических соединений в поверхностных водах Актюбинской области колеблется в широких пределах и зависит от многих факторов, основным из которых является хозяйственная деятельность человека, в результате которой поверхностные стоки и атмосферные осадки загрязнены разнообразными веществами и соединениями, включая и органические. Определенную роль в загрязнении поверхностных природных вод играют сельскохозяйственные стоки, которые по масштабам локальных поступлений экотоксикантов уступают промстокам, но ввиду того, что они распространены практически повсеместно, сбрасывать их со счета не следует. С сельскохозяйственным загрязнением связывается ухудшение качества поверхностных вод малых рек, а также в определенной степени и подземных вод, связанных на уровне верхних водоносных горизонтов с естественными водотоками.

Заключение: сложность проблемы заключается в том, что набор органических загрязнителей, содержащихся в микроколичествах, как в поверхностных водах, так и питьевой воде очень широк и специфичен. Некоторые вещества, такие как пестициды, полициклические ароматические углеводороды, хлорорганические соединения, включая диоксины, даже в микродозах чрезвычайно опасны для здоровья человека. Одной из главных причин неудовлетворительного качества питьевой воды является повышенное содержание в ней именно хлорированных углеводородов. Это обуславливает их приоритетность наряду с другими опасными экотоксикантами и требует ответственного подхода при выборе технологии водоподготовки, а также приводит к необходимости разработки комплексных, интегральных методов контроля качества объектов окружающей природной среды, в том числе и водных объектов, позволяющих оценить их свойства и возможную опасность.

Список литературы:

1. Муминов Т.А., Неменко Б.А. Окружающая среда и доказательная профилактическая медицина – Алматы, 2012:180 с.
2. Белоусова А.П., Проскурина И.В. Принципы районирования территорий по степени опасностей и рисков загрязнения подземных вод // Водные ресурсы, 2016, Т. 34, № 6, С. 1-13.
3. Шишкина В.Т. Методические рекомендации о гидрогеологическом исследовании и прогнозам для контроля за охраной подземных вод. М.: ВСЕГИНГЕО, 2016. 87 с

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ МҰНАЙ-ГАЗ КӘСПОРЫНДАРЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ

Тлеу Қайрат

Ғылыми жетекшілері: Абилова А.С. Муканбеткалиева М.М

ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК

Өзектілігі: Мұнай газ өнеркәсіптерінің флора мен фаунаға және қоршаған ортаға тигізер залалының өлшеусіз екендігін көрсету.

Өлкемізде мұнай-газ секторы қарыштап дамып, қарқын алып келеді. Соған орай түрлі экологиялық проблемалар да кездесетіндігін жасыруға болмайды. Айталық, өткен жылы мұнай өндіру 13,5 миллион тонна құраса, содан ауа атмосферасына 68,2 мың тонна зиянды заттар бөліп шыққан. Ал мұның өзі өндірілген 1 тонна мұнай-газ өніміне 2,17 килограмм ластанушы заттардан келеді деген сөз. Өйткенмен, олардың құрамында этил-метилмеркаптан тәрізді күкірт қышқыл қоспасының жоқтығы оң көрсеткіш болып есептеледі. Облысымыздағы мұнай-газ компаниялары иелігіндегі кеніштердің санитарлық-қорғаныштық аймақтары шекарасында ауаны ластанушы зиянды қалдықтар мөлшері рұқсат етілген шектік шамадан асқаны кездеспейді. Мұнайды алу-дайындаудың барысында пайда болатын технологиялық қалдықтар мұнай шламдарымен қатар пайдаланусыз қалған ұңғылардағы жарылыстардан бүлінген аймақтарды жою кезінде пайда болатын қалдықтардан құралады.

Зерттеудің мақсаты: Ақтөбе облысының мұнай-газ өнеркәсіптерімен танысу, осы өндірістердің шикізаттарын анықтау, мұнай-газ өндірістерінің қалдықтарының қоршаған ортаға және флора мен фаунаға тигізетін әсерін зерттеу, анықтап білу.

Материалдар мен әдістер: Зерттеуге алынған топырақ сынамалары Ақтөбе облысы Темір ауданында орналасқан Кенкияқ кен орнының аумағында №3 цехынан екі шақырым оңтүстікке қарай №1371 ұңғыма маңынан (1-сынама), осы ұңғымадан 1 км қашықтықтан (2-сынама), 3 км қашықтықтан (3-сынама) және осы ұңғымаға жақын орналасқан тұрғын ауыл маңынан (4-сынама) күз мезгілі, қыркүйек айында алынды.

Нәтижесі мен талқылау: Ақтөбе облысы тұрғындарының ауруға шалдығу ерекшелігі % (10 мың халыққа шаққанда) Тыныс жолдары аурулары бойынша 19%, жүрек қан тамыр аурулары 6 %, асқазан ішек жолдарының аурулары 8%, көру мүшесінің аурулар 12%, қаназдық 25%, тірек қимыл аппаратының аурулары 3%- ды құрап отыр.

Қорытынды:

Қазір дүние жүзінде мұнай мен газ мейлінше мол пайдаланылуда. Планетамыздың көптеген жерлерінде жүздеген кен орындары ашылып, олардан өндірілетін мұнай және газ мөлшері де тым көбейіп отыр. Осыған қарағанда ерте ме, кеш пе әйтеуір барлық кен орындарының қоры азайып, тіпті көп кешікпей сарқылуы да мүмкін. Ал сонда өндіріс пен энергетикалық арқауы болған мұнай мен газды ажыратып алуға болатын шикізат түрлері табиғатта өте көп және қорлары да мейлінше мол екен.

Сондықтан біріншіден, қоршаған ортаға әсер етуді тұрақты бақылайтын экологиялық мониторинг құру керек. Екіншіден, табиғи ортаға келтірілген шығындардың орнын толық толтыруды есептеу әдістері жасалынуы керек. Үшіншіден, қоршаған ортаны қорғаудың нормативтік құқықтық базасымен комплексті басқару және жоспарлау қамтамасыз етілуі қажет. Егер қоршаған орта ластануының қазіргі қарқындары болашақта осындай деңгейде сақталатын болса онда өсімдіктер, жануарлар, су, балық т.б. айтпағанда адамдардың өмір сүру ұзақтығы қысқарып балалардың жаппай ауруы көбейеді. Жергілікті үкімет органдары мен шетел компанияларының қоршаған ортаны пайдалануға жауапсыздығын, қазіргі және болашақ ұрпақ көптеген он жылдықтар бойы сезетін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұрынова. А «Мұнайлы өңірдің мұңында көл, Зары да көл жан айқай» Атамекен – 2002 – 13 ақпан – 25
2. Ноғаев. Ы. «Мұнай қалдықтары мен қазандықтарының қоршаған ортаға залалы». Атамекен 2004 – 27 қазан, - 52
3. Ноғаев. Ы «Мұнай қалдықтары және қазандықтары (қоршаған орта)», Дүние – 2004 – 11 – 5. 11
4. Өмір – тіршілік қауіпсіздігі: Оқулық, С. Арпабеков – Алматы, 2004– 256 б.

КОМПЬЮТЕРЛІК ВИРУСТЫҢ ЗИЯНЫ ЖӘНЕ ҚОРҒАНУ ЖОЛДАРЫ

Шынтас Ерасыл

Ғылыми жетекшісі: Усенова Г.Р.

ШЖҚ «Кенес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК

Өзектілігі: Компьютерлік вирустардан қорғанудың жолы - вирусқа қарсы бағдарламаларды қолдану болып табылады. Қазіргі кезде антивирустық бағдарламалар көптеп шығарылуда, бірақ олармен күресу жолдары аз.

Зерттеудің мақсаты: Компьютерлік вирустарды және олардың түрлерін анықтап, вирустардан қорғану жолдарын іздестіру.

- Компьютерлік вирустардың түрлерін анықтау және олардың жіктелуін зерттеу
- Компьютерге вирустың ену мүмкіндіктерін анықтау
- Компьютерлік вирустардан сақтану жолдарын айқындау
- Қазіргі кезге лайықты антивирустық программалардың түрін анықтау
- Әрбір адамзаттың ақпаратты сауаттылығын арттыру

Материалдар мен әдістер: ХХІ ғасырдың бас кезіндегі адамзаттың даму процесі информациялық қоғамның қалыптасуымен ерекшеленеді, оның негізгі бағыты ақпарат және оны өңдеу ұғымымен анықталады. Ақпарат мемлекеттің даму деңгейін анықтайтын стратегиялық ресурсқа, яғни, қорға айналып ақпараттық технологияны қалыптастыру, яғни, мәлімет өңдеумен оны тасымалдау ісін атқару өркениетті дамудың қажетті шарты болып табылды. Сондықтан біздің елімізде де осы мәселелерге көптеп көңіл бөлуінде, оның бір айғағы ретінде Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» заңының шыққанын айта кету жеткілікті шығар. Сондықтан да біздер компьютерлермен жұмысты жасағанда, кез келген қарсы жасалып жатқан кедергілерге (вирустар) қарамай, ешқандай қадергісіз еліміздің дамуына үлес қосуымыз керек. Соңғы кездегі жеке пайдаланылатын компьютерлердің өндірісте, бизнесте кеңінен қолданыла бастауы жалпы көпшілікке кәсіби информациялық технологияларды пайдалана, соның ішінде вирустармен күресе білудің аса қажеттігін көрсетті. Компьютерлік вирус — арнайы жазылған шағын көлемді (кішігірім) программа. Ол өздігінен басқа программалар соңына немесе алдына қосымша жазылады да, оларды "бүлдіруге" кіріседі, сондай-ақ компьютерде тағы басқа келеңсіз әрекеттерді істеуі мүмкін. Ішінен осындай вирус табылған программа "ауру жұққан" немесе "бүлінген" деп аталады.

Компьютерлік вирус — арнайы жазылған шағын көлемді (кішігірім) программа. Ол өздігінен басқа программалар соңына немесе алдына қосымша жазылады да, оларды "бүлдіруге" кіріседі, сондай-ақ компьютерде тағы басқа келеңсіз әрекеттерді істеуі мүмкін. Ішінен осындай вирус табылған программа "ауру жұққан" немесе "бүлінген" болады. Алдымен соны анықтау керек.

Өзінің жабысқанын жасыру мақсатында вирустың басқа программаларды бүлдіруі және оларға зиян ету әрекеттері көбінесе сырт көзге біліне бермейді. Вирус өзіне қажетті бүлдіру әрекеттерін орындаған соң, жұмысты басқаруды негізгі программаға береді, ал ол программа алғашында әдеттегідей жұмыс істей береді де "вирус жұққандығы" бастапқы кезде байқалмай қалады. Осыған қарсы әрекет жолдарын нақтылау керек.

Қорытынды: Қазіргі кезде компьютерлік вирустардың түрлері өте көп. Вирус - қажетті, маңызды ақпараттарды жойып, тіпті жүйені де істен шығарады. Әр вирустың қандай зияны бар екенін де білген жөн. Сол себептен әркім, мұндай компьютерлік вирустардан қорғанудың жолын білу керек. Егер әрбір қолданушы вирустың түрлерін анықтап, әр вирустан қалай қорғануға болатынын білсе, онда өзінің құнды ақпараттарының жоғалмауына, сақталуына, жүйенің бұзылмауына септігін тигізеді. Кейбір вирустар өте қауіпті, сондықтан, әркім вирусқа қарсы қолданылатын шараларды білу қажет. Қорытындылай келе:

1. Компьютерді әркімнің жиі пайдалануын шектеу;
2. Сырттан келген мәліметтерді мұқият тексеруден өткізу;

3. Вирустан «емдеу аспаптарын» дайындап қою.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Балапанов. Информатика 30 сабақ оқулығы, 2007- Алматы;
2. О.Камардинов. Информатика, 2006 – Алматы;
3. Н. Ермеков «Информатика». Алматы,

ЫРҒЫЗЫМНЫҢ ЕҢБЕК ЕРІНІҢ ЖҰЛДЫЗДЫ-ҒҰМЫРЫ

Дузбаева Инжумаржан

Ғылыми жетекшісі: А.Н.Жангелдина

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Мемлекеттік Университетінің Жоғары колледжі

Тақырыптың өзектілігі: Уақыт-күдірет өткені мен бүгінгі күннің арасын алшақтата түскен сайын, сол өткеніміздің қадірі мен беделі де артып бара жатқандай. Өйткені, қазір жер тарихын, елдің басынан кешкен оқиғаларын, сол елдің айтулы азаматтарының есімдері мен атқарған істерін білуге құштарлығымыз оянды. Ғасырлар бойы талай тарихи өзгерістердің куәсі болған мекендердің бірі-Ырғыз өңірі тұнып тұрған тарих.«Ғалымның хаты,жақсының аты өлмейді»дегендей тәуелсіз еліміздің туын ұстар,әр азамат пен азаматшаларымыздың жүректерінде нар тұлғалы азаматтарымыздың қадірін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу кейінгі ұрпаққа мақтаныш,үлгі болмақ.[1,3б]

Зерттеу жұмысының мақсаты: Ақын,қоғам қайраткері І.Жансүгіровтің «Өз ерін,өз ерлерін ескермесе,ел тегі алсын қайдан кемеңгерді» демекші жер тарихын,елдің басынан кешкен оқиғаларын,сол елдің айтулы азаматтарының есімдерімен атқарған істерін білу-әр қазақ азаматының парызы деп білемін.Ақтөбе өңіріндегі киелі мекендердің бірі-Ырғыз өлкесіндегі бой көтерген қарапайым халыққа берілген бейтаныс тұлғалардың атындағы көшелер аз емес.Осындай ордалы оқиғаларға,сол оқиғалардың ортасында ойып тұрып орын алған ардақты азаматтарға бай.Соның бірі өзім тұратын Өтеу Құдайбергенов атамның есімімен аталатын көше.Атамның өмір жолы мен тарихта қалдырған еңбегіне терең үңіле отырып,ізденуге мақсат еттім. Сондықтан бірі білісе, бірі білмес Өтеу Құдайбергеновтей тұлғаны келер ұрпаққа толық таныстыру, зерттеу жұмысының деректері мен материалдарын пайдалану арқылы Өтеу Құдайбергеновтің ұлт мүддесі үшін күрескен азаматтық тұлғасын ашып көрсету, үлгі алуларына септігімді тигізу-жұмыстың басты мақсат болмақ.

Осы мақсатқа жетуде мынадай міндеттерді алдымызға қойдық:

- Бүгінгі күнге дейін жарық көрген баспа материалдары мен интернет материалдарын тауып танысу;
- Өтеу Құдайбергенов атамның балалық шағы мен өскен ортасын анықтау;
- Өтеу Құдайбергеновтың қызмет жолын зерттеу;
- Ол кісімен дидарлас болған «жанына терең бойлаған» қызметкерлері мен достарының саны да сексеуілдей селдірегендіктен Қарақұдық елді мекенінде атамның баласы Өтеу Хамит атаммен кездесіп,мәліметтер жинау;
- Құмтоғай ауылына барып,Өтеу Құдайбергенов атамға баласы Хамит Өтеуов арнап салғызған саябағына барып қария аталарымызбен кездесіп,сұхбаттасып толығырақ ақпарат алу;
- Өтеу Құдайбергенов туралы тәуелсіз Қазақстан тарихындағы көзқарастар мен зерттеулерді,жалпы алынған мәліметтерді жинақтап талдау.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Өтеу Құдайбергенов атамның Ырғыз өңірінің атағын асқақтатып, абыройын аспандатқан «Жұлдыздылар елі» атандырып,есімін сол кездегі Одаққа дейін көтерген дара орны бар,тарих ордасындағы отауы бөлек тігілген ерекше тұлға екендігін дәлелдейтін ғылыми дерек көздерін жинақтау,жан-жақты зерттеу арқылы Социалистік Еңбек ері,депутат,колхоз құрылысын ұйымдастырудағы орасан зор үлесі бар ұлы тұлға екендігін,қазақ тарихындағы ерекше алатын орнын көрсету,паш ету. Сол

арқылы өскелең ұрпақтың ұлттық құндылықтарды бағалауына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, елін, жерін сүюіне, елжандылық, инабаттылық қасиеттерінің қалыптасуына ықпалын тигізеді.[1,36]

Зерттеудің әдістері:

Зерттеудебаяндау, сұхбаттасу, сауалнама жинақтау, салыстырмалы-тарихи талдау, қажетті мөлшерде саралау, зерделеу, қорытуәдістері басшылыққа алынды.

Қорытынды:Бүгінгі күні қазақ халқы Тәуелсіз мемлекет шаңырағын көтерді.Тәуелсіз Елімізбен бірге жыл сайын ілгері дамып келе жатқан Ырғыз өңірінің болашағы кемел деп білеміз.КСРО Жоғары Кеңесіне Ақтөбе облысы бойынша жалғыз өзі қатарынан екі мәрте депутат болып сайланған Социалистік Еңбек Ері атанып,үкімет басқарған омырауына Алтын Жұлдыз бен екі Ленин орденін, басқа да наградалармен марапатталған, Өтеу Құдайбергенов ұлт мүддесіне риясыз қызмет еткен.1939 жылы бірінші шақырылғаннан бастап өмірінің ақырына дейін аудандық кеңеске депутат болу, бұлардың барлығы қай қоғам, қай замандарда болсын мыңнан бірдің басына қона қоймаған бақыт. Жалпы, атамыз халықшыл, көпшіл болған кісі. Сонысымен де елге жағымды болған. Депутаттық мандатты халық үшін пайдаланған. 1954 жылы КСРО Жоғары Советінің депутаттығына екінші мәрте ұсынылуы да соның айғағы болса керек. Осындай бақытқа атамыз қол жеткізсе де, ол оңайлықпен келген жоқ.Аттарының өзі көз қарықтыратын атақ-құрметтерінің аржағында даланың нар тұлғалы, дархан пейілді азаматының атқарған еңбегі, ел алдындағы адал кісілігі мен кішілігі бір төбе[3,106].

Өтеу атамыздың үлкен еңбегі – колхоздар ірілендірілгеннен кейін өзі басқаратын Киров атындағы колхоздың орталығы Қарасайда мектеп салдыртуы еді. Сол мектеп атамыздың ұрпақтарына жасаған қамқорлығының куәсіндей күні бүгінге дейін Қарасай аулында білім нұрын шашып келеді.

Арамдығы емес, адалдығынан, айлакерлігі емес, аңқаулығынан шатылған ауылдың талай қазағы темір тордың аржағында айдалып бара жатып, «Жігітінен қазақтың дос таба алмағандай» жағдайға жеткенде халық сенім көрсеткен азамат еді деп депутат Өтеу Құдайбергеновке мұңын шағып, беделінен үміттенген. Ол кісі СССР Жоғары Советі Президумының председателі К.Е.Ворошиловқа, Қазақ СССР Жоғары Советі Президумы председателінің орынбасры Ә.Жангелдинге, республика мен облыстық сот, прокуратура органдарына жолдаған өтініштерінен жазықсыз жазаланған азаматтарға деген жүрекжарды жанашырлығы айқын көрініп тұр. Соның нәтижесінде жоғарыдағы азаматтардың көпшілігі әділдікке қол жеткізіп, жазықсыз жазаланудан құтылған Осындай тұлғаларды мәртебелеп, құрметтеп, тарихи сананы жаңғыртып, жастардың есіне салып отыру, оның қазақ тарихында алатын орнын көрсету бүгінгі күннің міндеті. Күні кеше ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кете жаздаған ұлттық тарихымызды түгендеп, еліміз еңсе көтеріп жатқанда ендігі ең басты нәрсенің бірі- соның қадірін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу болса керек.[4,256]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Дияров.Н«Жұлдызды-жарық», 2014
- 2 Қазақстан тарихының әдістемелік журнал. № 2006, 2007, 2008, 2009
- 3 Қазақ ССР1-том қысқаша энциклопедия Алматы:1984 жыл

АҚТӨБЕ ӨНІРІНДЕГІ АУЫР ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН

Айса Ақжібек

Ғылыми жетекшісі: Искакова Л.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Мемлекеттік Университетінің Жоғары колледжі

Мақсаты: Ақтөбе қаласы ауыр өнеркәсібінің пайда болу мен даму тарихы жайлы ақпарат тарату. Өңірдің дамуына ауыр өнеркәсіп орындарының қаншалықты деңгейде ықпал ететінін көрсету. Зауыттың осы уақытқа дейін негізгі орында пайда болуы. Осы уақытқа дейін Ақтөбенің хром кеңі базасында қара және түсті металлургия салалары сияқты өндіру, ауыр өнеркәсібі жайлы ақпарат жеткізу. Ақтөбе хром зауытының жоғары деңгейде жұмыс жасайтыны қандай жағдайда өндірістік құралдарды, әр түрлі техника мен тығыз байланыста болтыны жайлы көз жеткізу. Қазіргі таңдағы басқада тың игеретін мұнайлы зауыттардың бір қатары көбінесе тұтынушылық мақсатта негізделген, себебі ірі компаниялардың дамуы сол тұтынушылардың жұмыс істеу нәтижесіне байланысты, шикізат көзі болып табылады. Сол мақсат пен 300 түрлі өнім алады: ең қажетті өнімдердің бірі Ақтөбедегі ауыр өнер кәсіптің қайта жабдықтаудың көрсеткіші болып саналады. Дүние жүзілік тәжірбиеде жалпы ұлттық өнімде ауыр өнеркәсібінің, өндіруші өнеркәсіптің үлесін ұдайы кеміті керсінше өңдеуші өндірістің, ең алдымен үлесін ұлғайтуға бір дәйектілігің көрсетіп отыру мақсаты. Өңдеуші өнеркәсіпке қара металл, мұнай газ, көмір, шығаратын кәсіп орындардың салынуы мол қоры ретінде мақсатты ретінде қарқынмен дами бастады.

Міндеті: Ақтөбе өңіріндегі ауыр өнер кәсіп тарихи тарихы жайлы түсінік қалыптастыру. Ақтөбедегі Ұлы Отан Соғыс жылдарында пайда болған ауыр өнер кәсібі зауыттарының тек Ақтөбегана емес, жалпы Қазақстан Республикасында өнер кәсібіне қосқан үлесін кәсіп орындарды жаңғырту осыған байланысты Қазақстан өңірінің түпкір түпкірімен кәсіп орындардың ұзақ уақыт бойы өнімдердің шығара бастауы Көптеген мамандардың көптеп келуі индустрияның қарқыны бойынша іске асырылуы. Республика да өнер кәсіп құрылымы бойынша сол Ұлы Отан Соғыс жылдарындағы өндіруші өнеркәсіптен мұнай ферроқорытпа көмір зауыттарының пайда болу кезеңі сондай ақ өнімнің әр түрлі қоспалар мен шығарылатыны жайлы өндіріс құралың жабдығың жасайтын қоғамдық өндіріс саласы болып табылатыны жайлы ақпарат жеткізу.

Хром өнімің шығару біріңші орыңға шығуы Ақтөбенің негізгі саласы болып табылады. Қазақстан – дүние жүзілік ауыр өнер кәсіп бөлінісінде өзіндік орны мен зор мүнкіндіктері бар мемлекет. Мұнай, көмір өнер кәсібі мен түсті металлургия ошақтары басты назарда қозделеді, негізгі орында болуы шарт. 1991 жылға дейін Қазақстанның ауыр өнеркәсібі КСРО ның біріңғай зауыт кешені ретінде дамуы міндетті жайында мүнкіндіктер берілді.

Ғылыми жұмыс өзектілігі: Ақтөбе обылысындағы ауыр өнер кәсіп орындарының пайда болуы қаланының даму тарихында елеулі орын алатына дәлел келтіріу. Сондай-ақ ауыр өнер кәсіп орындарының пайда болу және даму тарихын бір бөлігі ретінде қарастыру. Өнер кәсіптің негізгі салалары бойынша қаржы жұмсалымы жаңа технологияның пайда болу іске асыру жолында қарастыру. Техникалық жағынаң ең алдымен өнер кәсіптің еңбегің толықтай жаңғырту өзгеде ірі ауыр кәсіп орындардың саның көбейту біріңші кезекте ірі кәсіп орындардың техника индустриялық жағынаң қаржы сапасың көтеру. Ақтөбедегі өнер кәсіптің көптеп дамуы өте қажет себебі зауыттардың көптеп салынуы елеулі өзгерістерге көшбасшылық етеді. Мұндай әртүрлі өнімнің сапалы түрде шығарылуы аса маңызды көп бөлігі әсіресе Ақтөбеде шығарылатындықтан өнімнің көп бөлігі техниканың саласына байланысты болып келеді. Экономиканың қарқынды дамуы өндіріс саласының шартты түрде көптеп кездесуі. Жоғары сапалы өндірістің дамытылуы, көп табыстарға қол жеткізілуі көзделеді. Ақтөбеге жақын орналасқан өндірісті өндіретін кәсіп орын технологияны, өндіретін тыңайтқыштар әсіресе зауыттың құрлысың қалыптастырыу

Гипотезасы: Ақтөбеде ферроқорытпа зауытының эвакуациямен пайда болу шартты. Хром өндіру керектігі негізінде дайындау деңгейінде болуы. Ақтөбенің ең ірі ферроқорытпа зауытты тау-кен, металлургия, химия, өндіріс салалары бойынша дами бастауы ерекше басты назарда болуы. Жалпы дүние жүзінде өндіретін жоғары сапалы жасайтын зауыттардың көпшілігі жұмыстың жасалу жолына байланысты. Механикалық зауыттардың негізіндегі саласы Актюбрентген зауыттының қарқынды аймағына

орналастырылуы, индустриядандыру саясатының жүзеге асыру Ақтөбе қаласының өндірісі салаларының жүргізіп өнімінің артыуы Өндеуші өнеркәсіптең индустриялық өндірістің жиынтығы болып табылады. Барлау анықтау жұмыстары өндеуші орындардың өз алдына бір бөлек кәсіпорын болды. Ауыр өнер кәсіптің орындары технологияның мүмкіндіктері, Қазақстанның өнеркәсіптің шикізаттық бағытың күшейтуде тұтыну үнемі сырт мемлекеттең әкелінеді.

Маңызы: Өнер кәсіп орындарының өркендеуі басты назарда Қазіргі танда ірі зауыттардың жедел қарқымен қалыптасу халыққа экономикалық орталық негізінде қосылды. Көптеген мамандардың көптеп келуі материалдық техникалық жабдықтардың жеткізіле бастауы. Комбинаттардың салына бастауына индустрияның дамуна негізіне ықпал ету. Елімізде ауыр өнеркәсіптің саласы жайында бірқатар Шет мемлекеттерге өндіріс саласында тұтынушылардың сапалық жағынаң ұсыныстар беру маңызы. Өнертапқыштық ұсыныстар жаңа технологияның еңгізілуі жайында мәселерді қозғау. Зауыт ұйымдардың қажеттілігі, жастардың жұмыспен қамтылуы аса өзекті болып келеді. Жаңа салалардың дамуы бұл тек Ақтөбе қаласында қарқынды дамуы істептес болып келеді біршама, негізінде осы салаларды айта кетсек, Қазақстанға эвакуациямен келген 220 фабрика зауыт шеберхана 20 аса кәсіп орындардың салынуы басты назарда екені сөзсіз. Сонымен қатар алдыңғы қатарлы өнімді шығаратың кәсіп орындарды экономикалық өндіріс негізінде қаланды. Өндіріс құралдарың өндіру мүмкіндіктеріндегі Қазақстанның басқа аймақтарың өндейтің орындарда салыңған жергілікті техникалық негізіне айналды. Қазақстан өнер кәсіпі 2015 жылға дейін жаңа индустриялық инновациялар даму өрісіне шығару, даму салаларың құрайды

Пайдаланған әдебиеттері:

1. Грейз М. Актюбинские сплавы. Издательство «Казахстан». А. 1964.
2. Правда- 1943. 22 января.
3. АОМА. 30-қор, 1-т. 253-іс, 19-25пп.

XXI ҒАСЫРДАҒЫ МӘДЕНИЕТ АРАЛЫҚ ҚАТЫНЫС ЖӘНЕ КӨПТІЛДІЛІК ЖАҒДАЙЫ

Амангелді Милена

Ғылыми жетекшісі: Ержанова Р.Е.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Мемлекеттік Университетінің Жоғары колледжі

Мақсаты: Қазақстан Республикасының жастарына көптілділік мәселесін үйрету

Міндеті: Ағылшын тілін меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. Сондықтан да ауыл мектебі оқушыларына тілдерді меңгеруі арқылы қазақ елін әлемге таныту. Орыс тілі мен ағылшын тілі мектеп қабырғасында жас ерекшелігіне қарай оқытылып жатыр. Сонымен қатар, тек грамматикасын меңгертіп қана қоймай, мұғалімдер оқушылардың еркін сөйлеп, өзіндік пікірін білдіре алатын дәрежеге жеткізгендері дұрыс.

Ғылыми жұмыс өзектілігі: Мектепте қазақ тілін оқыту барысында орыс тілі, ағылшын тілі пәндерін бірлікте алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты жүргізіліп жүр. Бұл жерде өтіліп отырған бағдарламаға сай үш пәнді бірлікте ала отырып, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Алайда жеке тұлғаның әрекетін дамытуды мақсат етудеміз.

Гипотезасы: “Үш тілдің бірлігі” мәдени жобасы – үш тілді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін Қазақстан азаматтарының бірдей меңгеруін меңзегенімен, бұның түпкі негізі, көздеген мақсаты – мемлекеттік қазақ тілінің халықаралық қолданыстағы орыс, ағылшын тілдерімен терезесін теңестіріп, әлемдік деңгейге көтеріп, жаһан тілдерімен тең қолданылатын биікке жеткізу.

Көптілділік мәселесі Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі жаһандандыру заман тілдері білуі талап етіледі.

Көп тілді оқыту білім берудің қоршаған әлемде болып жатқан үдемелі өзгерістерге бейімделгіштігің күшейтетін жоғары дамыған, біз секілді дамыған, бәсекеге қабілетті жастардың қалыптасуын септігін тигізетін тұжырымдамалық тұрғыдан жана үлгісін құруды көздейді.

Көпұлтты Қазақстан жағдайында тілдердің үш тұғырлығы мәдени жобасы қоғамдық өзара келісімді нығайтатын маңызды факторлар болып табылады. Бала тілді неғұрлым ерте жастан үйренсе, соғұрлым ол оны соғырлым жеңіл меңгереді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңартуға сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларға терең білім беруге соның ішінде тілді үйрету мүмкіндіктерін кеңейтуге ерекше назар аудару керек. Әр білім беретін балаларды тәрбиелейтін мекеменің басшысының міндеті –Қазақстанның жаңа азаматын тәрбиелеу. Сондықтан баланы кішкентай жасынан бастап, тіпті балабақшаға келген күндерінен бастап балалардың шетел және басқа тілдерге қызығушылықтарын арттырып, үштілділік арқылы тәрбиелеу керек.

Мемлекеттік мәртебе алған ана тіліміздің абыройын асқақтату, біздің балабақша есігін ашқан әрбір өзге ұлт баласына тіл үйретіп, қана қоймай, қазақтың ұлттық құндылықтарымен қатар, барлық ұлттың салт-дәстүрін білу, әр баланы отансүйгіштікке жеке тұлға етіп қалыптастыру балабақшаның негізгі мақсаты болуы керек.

Көп тіл білу заман талабы. Бала алғаш тәрбиені ана тілінде қабылдап, қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпаймын, ұлттық қасиетінен көз жазып адасып қалмайтын болады.

Орыс тілді үйреніп, олардың өздерін жаңылыстыратын жағдайға жеттік. Енді біздің алдағы мақсат - ағылшын тілін жетік білу. Адам көп тіл білген сайын оның көзі ашылып, ой-өрісі ұлғая түсетін болады. Әр ұлттың өз тілі өзге тілге жеткізетін көпір секілді. Мен қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі болғандықтан болашақта балаларға ең басты өз оқушыларыма Абай атамыздың дана ойларын, лирика, шығармаларын оқытқым келеді. Ең бастысы жүрегі отаным, тілім деп соғатын ұлттың санс-сезімі жоғары, ұлтжанды оқушыларды тәрбиелеу. Бір азаматтың өзге бір ұлттың тілін жетік игеріп, сол ұлт азаматымен ойдағыдай тіл табыса білуі үлкен біліктіліктің белгісі. Көптілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қортып, туған халқына өнеге болады. Және ол өз өмірін қалайда мағналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері анық.

Көптілділік міселесі қазақ үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі.

Халқымыз ежелден тіл абыройын биік көтеріп, «өнер алды қызыл тіл» деп сөз өнерін бар өнердің алдына қойып, жоғары бағалаған. Әдетте тіл жөнінде тіл адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы деп, оған анықтама берілгенімен, іс жүзінде тіл тек сөйлеу құралы болып қалмастан, қайта одан да маңыздысы, ол белгілі бір ұлттың ұлттық сана-сезімі халықтың әдеп-ғұрпын тұтастай қамтып жататын күрделі ұғым. Менің ойымша, адам қазір қандай оқу орнын болсын өзінің бүкіл өміріне жететін білімді бірден ала алмайды. Оның басты себебі, қоғамның жоғары жылдамдықпен дамуы.

Ал, үш тіл білу біздің мемлекетіміздің халқаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлға аралық және мәдениетаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болады. Сол байланыстарды дамыту үшін көп тіл білетін жас ұрпақ тәрбиелеу қажет.

Әлемде қанша ұлт, нәсіл болса соларды бірінен-бірі даралап тұратын басты құралы тіл» Әр халықтың ана тілі білімнің кілті» деп Ахмет Жұбанов тілдің адам өміріндегі маңызын аша түскен. Ана тілдің құдіреті жайлы қаншама ойшылдарымыз, ақын-жазушыларымыз құнды пікірлер қалдырды. Осынау бабаларымыз сөйлеп, даналарымыз толғап қазақ тілінің еліміздің болашағының көркеюіне зор ықпал етуде. Қазақ тілі 2025-жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез-келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміздің мерейін үстем ете түседі деп ойлаймын. Тілді білудің ерекшелігі де осы. Қазіргі кезде мектеп бағдарламасынан ағылшын тілін еркін меңгерген көптеген бітірушілер шет елдерде білімін дамытып, тәжірибесін молайтуда. Бірақ олардың елге деген, тілге деген құрметтері жоғары.

Сондықтан жастарды тілге баулу, еркін сөйлеуге машықтандыру балабақшада, мектеп қабырғасында, оқу орындарында қолға алынып, жүзеге асырылуы қажет.

Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да, берері де мол. Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі кезде адмадарға көптеген мүмкіндіктер бар. Осынау мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің, оны тиімді жүргізудің тың жолдарынан ізденіс табуда.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазіргі заманда адамдар ағылшын, француз тілдерін үйренуге талпынып жатыр. Әр түрлі елдің тілдерін білу мақтанш, әрі адамның білімді екенін көрсетеді. Болашақта көп тілді білудің пайдасы көп.

Көптеген тілді білген адам жұмысқа да оңай тұрады. Алайда қаншама тілді үйренсек те, ана тілімізге деген құрметті ұмытып кетпейік. Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге өніп, қалыптасады. Демек әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да, қарсы тұруы тиіс. Қазіргі таңда Қазақстан мемлекеті көптеген жетестіктерге жетуде. Біз осы жетестіктермен шектеліп қана қолмау үшін де көптілділікке ұмтыламыз. Өйткені еліміздің біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіру мүмкіндігіне жетелейтін қадамдардың маңыздысы-көптілділік.

Қазір әлемдегі көптеген елдер ағылшын тілінде сөйлейді. Бұл тіл қазіргі заманда жаһандық тіл болғандықтан, оның Қазақстандағы рөлі және болашақтағы рөлі маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. АВАІ.KZ
2. ВІЛІМ-AL.KZ
3. БІЛІМ АЙНАСЫ

XXI ҒАСЫРДАҒЫ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС ПЕН ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛДІҢ ЖАҒДАЙЫ

Қасымова Айбиназ

Жетекшісі: Ахметниязова Б.К.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Мемлекеттік Университетінің Жоғары колледжі

Мақсаты: XXI ғасырдағы мәдениетаралық қатынас пен көптілділік жағдайдың елімізге тигізетін әсері, толерантты ұлт негізінде сипаттау, тілді қастерлеуге, ұлт жанашыры болуға ұмтылу, саяси тілдік деңгейімізді көтеру, еліміздегі ұлттарды сыйлауға ұмтылу.

Міндеті: Көптілді мәдениетті қолдау, толеранттылыққа тәрбиелену, сауаттылыққа үйрену. Болашақ ұрпақты тілді қастерлеуге ұмтылдыру. Патриоттыққа тәрбиелеу.

Тіл қай ұлтта, қай елде болмасын қастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен дарып қалыптасқандықтан, «ана» деген ардақты атпен «ана тілі» деп атаймыз. Біздің ана тіліміз - қазақ тілі. Қазақ тілі - ғажап тіл, сан ғасырлық тарихы бар тіл. Ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес асыл мұра.

Егемендігіміздің арқасында еңсесітіктеп, күретамырынтереңнен бойлаған төлтіл. Мемлекетті тілді білу - парыз, өзгетілдерді үйрену - құқық. Тіл – кез-келген қоғамды біріктіретін негізгі күш. Мемлекеттің саясаты, идеологиясы, болашағы тілге немесе тілдерге құқықтық мәнімен де өлшенеді. Сондықтан да қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл толерантты қортаны қалыптастыратын тіл ретінде қолданыста болуы заң жүзінде айқындалған. Бүгінгі білім берудегі қоғам қойып отырған талаптарының бастыларының бірі – көптілділік.

Орыс тілінің екінші орында тұруы, бұл кезіндегі Ресей Федерациясы қарамағында болғандықтан халқымыздың жартысы орыс ұлтынан болғандықтан сөйлеуге мәжбүрміз. Және бұл мемлекетіміздің ресми тілі болып табылады. Ағылшын тіліне келетін болсақ, Ағылшын тілі-әлем тілі, экономика тілі.

Көптілділік - кез келген қоғам үшін, кез келген формация үшін тұйықтықтан шығудың, интеграцияны негізгі ұстаным етіп алған бағытты айқындайтын жол деп танылған. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған өткен жылғы Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғарғы білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деді. Бұл, шынында да, қарқынды дамып келе жатқан ел үшін өзекті мәселе. Жолдауда әр тілдің ел өміріндегі орны мен мәртебесі айқын көрсетіліп тұр: олар тең емес. Конституцияда жазылғандай, маңыздылығы жағынан бірінші тұрған - қазақ тілі. Орыс тілінің мәртебесі дәл конституцияда жазылғандай көрсетілмесе де, оның мемлекет өміріндегі орны, ТМД-да, халықаралық қатынаста, БҰҰ-да қолданылатын қарым-қатынас тілі екендігі айтылады. Ағылшын тілі - әлемдік экономика тілі ретінде көрсетіледі, яғни мәртебесі жағынан қазақ тілінен де мүлде бөлек, әлеуметтік лингвистика тұрғысынан анықтағанда «білім беру» деген ұғым береді. Тереңдетіліп оқытылса экономикамен, ғылыми технологиямен шектес салаларда мамандарға қажеттілігіне қарай оқытылады.

Қазіргі әлем - жаңалықтар мен өзгеше технологиялар, өзгерістер заманы. Заманның ендігі тетігі бүгінгі күнмен тірлік ететін адамды емес, болашақты кеңінен ой елегінен өткізетін тұлғаны, келешекті кемел ойлай білетін, дүние өзгерістерінің себеп-салдарын жекелік талғаммен емес, жалпы адамзаттық өлшеммен қабылдайтын жандарды қажет етеді. Қоғамның көптілді мұғалім-маманды қажет етуінің себептерін бірнеше аспектіде белгілеген жөн. Оның бірі - бүгінгі жаһандық өзгерістерге бейім, сол өзгерістер мен жаңалықтарды ел мүддесіне ыңғайлай пайдаланатын ұрпақ тәрбиелеу міндетінен туындаса, екіншісі әлемдік ғылымның мүмкіндіктері ғаламдық мәнімен өлшенетін кезең екенін ескеруден келіп шығуы шарт. Қазақстан кейінгі 20 жылда оқу-білім саласында көптеген реформаларды таразылап, оларды ел болашағына қатысты маңызына қарай салмақтап, саралай түскені мәлім.

Көптілділік біздің қоғам үшін Елбасының «үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасынан бастау алғаны мәлім. Бұғанға дейін тілдерді қатар дамытуда Қазақстан тәжірибиесінің аз екендігі де ескерілген болуы керек, аталған бағытта нақты іс-шаралар қоғамда өз нәтижесін берерліктей жүзеге асырыла қоймады. Кеңестік кезеңге дейінгі бай дәстүрі, мол лексикалық қоры бар қазақ тілінің кейінгі кезеңдерде әдебиет тілі ғана болып, ғылым мен экономика тіліне айнала алмауы да, қостілділікте (билингвизмде) орыс тілінің басымдылығы ғана емес, үстемдігіне әкелді. Қоғамдық саяси жағдай, ішкі, сыртқы экономикалық қалып пен қатар тілдердің теңдік дәрежесінің басты шарты - сол тілде сөйлеушілердің әлеуметтік белсенділігін көтеру мәселесі. Қазақ тілінің ғылым мен экономика тіліне айнала алмауының ең негізгі себебі - қазақ тілді ортаның белсенді әрекетінің төмендігінен де болғаны сөзсіз. Ендігі міндет көптілділік мәселесінде өткенді екшеп, тілдердің теңдік мәселесін анықтаудың маңызы зор. Бұған дейінгілерден төмендегідей ескерер тұстарды бөлектеп алу қажет.

Көптілділік адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады. Ұғынысу тікелей жолмен емес, сырттай болуы да мүмкін, бәрібір адамның белгілі бір хабарды ұғып, соған қатысты іс-әрекет жасауына мүмкіндік туады. Алайда, көптілділік адамдардың бір-бірімен ұғынысуында, ойын еркін, толық жеткізуінде ерекше қызмет атқарады. Көптілділік қоғамда да, өмірде де өзіндік орын алады. Көптілділік - тек адамзатқа ғана тән әрекет; тек адамдар ғана тіл арқылы сөйлей алады, ұғыныса алады. Көптілділік адамзаттың ойлау, пайымдау процесімен бірге жүзеге аса отырып, тілдік қатынастың негізі, басты құралы болып табылады. Осы қарым-қатынас құралы болып табылатын көптілділікті ғалымдар әрқилы ерекшеліктеріне қарай жан-жақты зерттеп келеді. Көптілділік әлемдегі өркениет пен білім жүйесіне сәйкес тыңдаушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын, ой-пікірін дұрыс, сауатты жеткізуге ықпал ететін, адам мен адамның қай тілде болса да түсінісуіне мүмкіндік беретін сала ретінде оқу жүйесіне енгізілді. Бұл сала қоғамдық әлеуметтік өмірді және ғылым мен білімді ұштастыра келіп, болашақ маманның дүниетанымын жетілдіріп, өзінше ой пікір түйіндеуге үйретеді.

Тақырыптың актуалдылығы қазіргі заманның ағымдық проблемасы және өзектілігі тілдің үштұғырлылығын қолдап, оны процеске енгізу, халықтың тілдік деңгейін көтеріп, мәдениетаралық қатынасты қабылдау. Және өскелең ұрпақты тілдік сауатты, әлемдік деңгейге жеткізуге атсалысу. Жоғары деңгейде тапсырмаларды орындауға тырысу.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Т.Т. Аяпова. Мәдениетаралық қатынас. Ә. Меңжанова. Тіл дамыту теориясы мен әдістемесі.
2. Желдірбаева. А. Мәнерлеп оқытудың теориясы мен әдістемесі.

ҮШТІЛДІЛІК - ЖАҢА ЗАМАН СҰРАНЫСЫ

Елемесова Алтынгүл

Ғылыми жетекшісі: Ержанова Р.Е.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Мемлекеттік Университетінің Жоғары колледжі

Мақаланың міндеті: Мемлекеттік тіл- қазақ тілі және орыс, ағылшын тілдерінің деңгейіне дейін көтеріп, бәсекелестігін арттыру болып табылады.

Бүгінгі таңда көп тілді оқыту- жас ұрпақтың білім кеңестігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік-ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік.

Мақаланың мақсаты: Үш тілде оқыту- заман талабы десек, оның негізгі мақсаты- бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілде пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс» Бұлар қазақ тілі- мемлекеттік тіл, орыс тілі- ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі- жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі»,- деген болатын.

Тіл- халықтың ең негізгі байлығы. Қазіргі заман талабына сай үш тұғырлы тіл саясатын менде қолдаймын. Жас ұрпақ үш тілде білуі керек. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»,- деген даналық сөз бар. Сонымен қатар қазіргі уақытта көп тіл білу – байлық. Әсіресе, өркениетті еліміздің дамуына үлес қосқымыз келсе, көп тілді игерген азаматтарға қарап, қуанатынымызда белгілі. Үштұғырлы тіл- өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін айқындайды және жалпыға ортақ қалыпты норма болып саналады. Үш тілід қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Қазақстанның білікті де, білімді азаматын ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағымына ілесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді.

Көптілді оқыту- жас ұрпақтың білім кеңестігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі ең қажеттілік «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблясының XII құрылтайында жария еткен болатын. Ал, 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңімен іске асыруды ұсынған болатын.

Біз үштілділікті тәуелсіз үшін стратегиялық мәні ерекше құбылыс деп бағалаймын, сондықтан да бұл құбылысты төрттілділік пен бестілділіктен бөліп қараймын, үштілділіктің кез-келген сыңары ретінде шет тілін алуға болар еді, бірақ мен бұл жерде қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ерекше мән берген жан деп түсінемін. Бүгінгі таңда мемлекетімізде үштілділік мәселесін нақты іс түрінде үш тілді қатар меңгеруі тиіс. Бірақ бұл үш тілдің тұғыры бірдей деген сөз емес. Қазақстанда ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл- қазақ тілі. Т. Тәңірбергенқызының айтуы бойынша, «Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгірттенбейміз» Керісінше дамимыз. Тек соны түсіне білуіміз керек. Себебі, ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес. Ия, расында да, ағылшын тілі қазақ жерінде өз үстемдігін жүргізе алмайды. Қазақстанда

тек қазақ тілі ғана билік құра алады. Ағылшын тілін кейбір ағаларымыз «мұны ең соңғы өлу деп те» қорқатындығын жасырмайды. Жоқ! Біз өзге тілдерден қорықпауымыз керек. Керісінше, сол тілдерді пайдалана отырып, өзгелерге ианыта білуіміз керек. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» романы ағылшын тіліне аударылмаса, Абайдай ғажап ақынымызбен қалай мақтанар едік? Әр азамат ана тілінің бай қорын игерумен қатар орыс, ағылшын тілдерінің де асыл қазынасынан сусындап, оны іске асыра білгені де жөн болар еді. Бүгінгі таңда Қазақстан үшін үштұғырлығы тіл-елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылудағы бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шет елдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. «Ата-бабамыз айтқандай «Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл»,-деген нақыл сөздің шығуы да тегін емес. Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруі маңызды міндет деп санайды. Сондықтан бізде өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Осы ретте президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс, ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. «Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандыруы керек»,-деген болатын 2012жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында «Үш тұғырлы тіл саясатын дұрыс түсінбей тек қана қазақ тілін қолданайық деп даурыға берудің қажеті жоқ. Одан да мемлекеттік тілді дамытып, орыс тілі мен ағылшын тілін қажетіне қарай үйренуіміз қажет. Бүгінде ағылшын тілін бастауыш сыныптардан бастап оқытыла бастады. Бұл, өте дұрыс нәрсе. Себебі, бала жастайынан тілді базалық деңгейде білсе, болашақта кәсіби деңгейде үйреніп алуына мүмкіндік туады. Қазақ мектебінде оқыған жас бала қалада тұрғаннан кейін орыс тілін де білетіні анық. Сонымен қатар ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылғаны құптарлық дүние. Қазіргі кезде мектеп бағдарламасынан ағылшын тілін еркін меңгерген көптеген бітірушілер шет елдерде білімін дамытып, тәжірибесін молайтуда.

Қазақ тілі Қазақстан халқының ортақ тіліне айналып қоғамдық қатынаста мемлекеттік тіл мәртебесімен өз тұғырында нық орныққан тіл болып қалыптасуы үшін атсалысу әрбір қазақстандықтың мемлекет алдындағы жауапкершілігінің басты шарты деп айтсам, артық айтқаным емес.

Егер біз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса өтеуге жарайтын бай тіл. Мәселе тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді атқаруда болып отыр. Ұлттық өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқасысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмән жоқ. Егер біз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса өтеуге жарайтын бай тіл. Мәселе тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді атқаруда болып отыр. Ұлттық өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқасысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмән жоқ.

Қорытынды: Тоқсан ауыздың тобықтай түйінін айтсам, Елбасымыз атап көрсеткендей: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орамында әрі қырау, әрі қалқам, әрі байырғы, мәңгі жас, отты да ойнақы»

«Ана тіліміз» мәңгі жасасын демекпін.

Ойымды қорыта келе, «Біз әлемдік арнаға шығу үшін ағылшын тілін жетік меңгерген мәңгілік елге айналуымыз керек. Біз бұл жолда ұтпасақ, ұтылмаймыз. Өз тілін бірлік үшін, өзге тілін тіршілік үшін керек екенін естен шығармағанымыз жөн.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан халқы ассамблеясының ХІІ құрылтайы
2. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
3. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері.
4. Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, №48.2008

СТУДЕНТТЕРДІ ПЕДАГОГ МАМАНДЫҒЫНА ДАЙЫНДАУ БАРЫСЫНДА ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУДЫҒЫ ЖОЛДАРЫ

Есетова Жаннат

Ғылыми жетекшісі: Едилова Гаухар Аскарқызы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Жоғары колледжі

Қазақстан Республикасының білім беру заңында көрсетілгендей, адамзат құндылықтарының, ғылым мен тәжірибе негізінде, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау- білім беру жүйесінің негізгі міндеті болып отыр. Осыған орай, кәсіби кадрларды дайындау проблемасын шешудің жаңа жолдары қарастырылуда[1].

Ғылыми-техникалық прогрестің талаптары, қоғамның экономикалық өмірінің барлық салаларының қарқынды дамуы, жоғары мектептің негізгі мақсаты-қоғамдағы әртүрлі мәселелерді белсенді түрде, шығармашылықпен шеше алатын мамандарды даярлау проблемасының өзектілігін көрсетеді. Бұл мәселер, бір жағынан, «жоғары дәрежелі маман» ұғымында көрінетін жалпы адамзаттың мәдени жетістіктерінің қазіргі кездегі деңгейімен анықталса, екіншіден, жоғары оқу орнындағы арнаулы даярлық сипатынан көрінетін адам іс-әрекетінің нақты түріне бағыттылығымен ерекшеленді.[3;500 б]

Алыс жақын шетел ғалымдарының зерттеулерінде және оны психологмамандығына студенттерді дайындаудың тиімділігіне жағымды ықпал ететін құбылыстар туралы баяндалады, кәсіби маңызды сапалар маманның интеллектуалды және тұлғалық сапаларынан құрылатындығына ерекше көңіл бөлінеді.

Педагогтардың өзін-өзі дамыту субъектісі ретінде кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптасуының бірнеше кезеңдерге бөлінеді. С.Л.Рубинштейннің зерттеулері: 1) Позцияның қалыптасуының алғашқы кезеңі маманның болашақ кәсіби іс-әрекетіне деген жалпы жағымды эмоциялық қатынасымен сипатталады. “қалаймын” “істей аламын” “жасау қажет” түсініктерінің арақатынасы туралы идеясына сүйене отырып айтатын болсақ, бұл кезеңде бірінші “қалаймын” компоненті өте айқын көрінеді, яғни мамандықты меңгеруге деген тілек жақсы дамыған, бірақ оның өзіндік қабілеттері мен қажеттіліктері енжар дамыған. Ал үшінші компонент соңғы кезеңге тән жастардың қоғамдық қажеттіліктерді кейінгі орынға қоюмен шарттасады.

2) Келесі кезеңде “істей аламын” кезінде ішкі позицияның дамуы өз мүмкіншіліктері мен қабілеттерін саналау, өз іс-әрекеттерінің мазмұнды моменттеріне деген бағдар қалыптасу кезінде көрінеді.[2;57 б]

Біздің зерттеу жұмысымызда С.Л. Рубинштейннің ұсынған педагог студенттердің өзін-өзі дамыту субъектісі есебінде кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру бойынша «Еркін әңгіме» әдісі ессе жазу жұмыстары жүргізілді.

«Еркін әңгіме» әдісі берілген «Өзін-өзі бағалау» тақырып бойынша өз ойларына талдау жасай алуы, шығармашылық тұрғыдан қалыптасуға

мүмкіндігін тигізеді.

КӨПТІЛДІЛІКТІҢ ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ

Жәмиева Ақгүл

Ғылыми жетекші: Серікқалиева Г.Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Жоғары колледжі

Мақсаты: Қоғамдағы көптілділіктің маңызын түсіндіру. Елімізді әлемнің жетілген, алға қарыштап қадам басқан мемлекеттерінің деңгейімен теңестіру барысында көптілділіктің қосатын үлесін анықтау.

Міндеті: Көптілділікке ата-аналардың, ұстаздардың, орта білім алушылардың көзқарасын дамыту.

Өзектілігі: Мамандар мен студенттердің кәсіби деңгейлерін жаңа сатыға көтерудегі көптілділіктің маңызын түсіндіру.

Гипотезасы: Елбасының «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты жолдауы негізінде жастардың білімділігін арттыру.

Маңызы: Көптілділікке ұмтылу қоғамды белсенді етуге зор үлес қосатынын, елімізді әлемдік аренада танытатын мамандардың, қоғам қайраткерлерінің біліктіліктерін арттыратынын түсіндіру.

Зерттеу әдістері: Теориялық зерттеу әдістері.

Еліміздің қоғамдық-саяси және экономикалық өміріндегі жаһандық өзгерістер біім беру жүйесінде жаңа әлеуметтік маңызды бағдарларды туындатты. Бүгінгі таңда білімдік қызмет көрсету нарығына көп тілді білетін және көптеген мәдени ортада белсенді және тиімді әрекеттесуге қабілетті, басқа мәдениеттерді сыйлайтын, түсіну қабілеті дамыған, жоғары сапалы мамандар қажет болуда. Осыған байланысты оқу орындарының маңызды міндеттерінің бірі – білім беру мазмұнын көп мәдениетті мазмұнды кеңейту, болашақ мамандарға мәдениет аралық өзара әрекеттесу үшін әлемдік мұраларды және шет тілдерін меңгеруге деген талаптарды жоғарылату болып отыр.

Дамудың жаңаша биігіне көтерілген қазақстандық қоғамда білім адамдық іс-әрекеттің саласына айналды. Кез келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі ұлттың зияткерлік әлеуетінің қалыптасуымен, қоғамдағы мәдени, рухани - адамгершілік тәрбие деңгейімен анықталады. Мәдениеттің жоғары деңгейін меңгерген, жан-жақты, білімді манады дайындау – заманауи білімнің басты мәселесіне айналып отыр. Қазақстандағы тілдік жағдай - көпұлттылықта, сан ғасырлық тарихта ұлттар мен ұлыстар мәдениетінің етене араласуы, уақыт талабы заманауи жағдайда көп мәдениетті және көп тілдер білетін тұлғаны қалыптастыруда негізгі әдістемелік қағидалар мен тәсілдердің әзірленуі қажеттілігін міндеттеп отыр.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың пікірінше, «Қазақстан өзінің көпұлттылығымен бірегей және мықты. Бұл жерде теңдессіз көп мәдениетті кеңістік қалыптасқан, оның екеуі жетекші болып табылады. Бірі – қазақ мәдениетінің және оның құрамдас бөліктерінің, тілінің қайта жаңғыруын көрсетуде. Жоғалтқанымызды тауып, оны қайта қалпына келтірудің объективті процесі жүріп жатыр. Екіншісі – орыс мәдениеті, онда орыс халқының ежелден келе жатқан дәстүрлері мен көп ғасырлық дамуы барысында қалыптасқан мәдениеті. Өз дербестігімен қолданыста өмір сүріп жатқан мәдени ағымдарды мойындау, олардың өзара толығуын және өзара байып жатқандығын ешкім теріске шығара алмайды, әрине, бұл сіңісіп кету дегенді білдірмейді. Қазақстанның көп мәдениеттілігі – бұл қоғам дамуының прогрессивті факторы. Қазақстан Еуразиялық тамыры Шығыстың, Азияның, Батыстың, Еуропаның ағымдарын біріктіруге және көп мәдениеттілікті дамытудың тең келмейтін қазақстандық нұсқасын жасауға мүмкіндік береді» [1.15].

«Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына теңесек, түрлі этностар оның алтын арайлы шуақтары іспетті. Бұл ретте байтақ мекенде баршамызды біріктіре түсетін ортақ

құндылықтар бар. Ол – біздің талайлы тағдырымызды тұтастыратын шежірелі тарихымыз. Ол – біздің байтақ мәдени мұрамыз бен қазығы берік мемлекеттік тіліміз » [4.7].

Қазіргі таңда көп тілді білім беру көп мәдениетті тұлға қалыптастыру негізіне айналуда. « Көп тілділік » және « көп мәдениетті тұлға » секілді өзара байланысқан түсініктердің студенттердің әлемді жан – жақты тануына , бұған қоса, толеранттылық мақсаттарын қалыптасуына мүмкіндік туғызатын академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ететін жаңаша білім берудің негізіне айналып отырғаны да тегіннен тегін емес. Қазақстанда жүргізіліп жатқан тіл саясаты жөніндегі құжаттардың барлығында дерлік негізгі бағдар бірнеше тілді меңгеру қажеттілігі айтылады. Бүгінде көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім саласында өз қабілетін , ой-пікірін білдіруіне мүмкіндік беріп қана қоймай, бірнеше тілді меңгерген тұлғаны дамыту деп қарастырылады. Тұлғаға шет тілін меңгеру кез келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, ақпараттық ғаламшарға бейімделуге септігін тигізеді. Көп тілді тұлға – бірнеше тілді белсенді түрде сенімді қолданатын адам. Көп тілді тұлғаның бір мезгілде бірнеше тілді меңгеріп адамзат тәжірибесінің әлеуметтік маңызды « фрагменті » ретінде тіл білімі мен оны үйрену дағдысын, сөйлеу әрекетін нақты көрсете алатын, сондай-ақ, тіл мен мәдениетке деген құндылықты тұрғыдағы қатынасына дербес тәрбиеленуі мен дамуы. Көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі - әлемнің өзара байланысқан және өзара тәуелді жағдайында, жас буынды көп тілді етіп тәрбиелеудің қолданыстағы құралы болып табылады. Осыған байланысты, қазіргі заманда тілдердің ролін түсіну – тілдерді оқыту және тілді меңгеру дайындығын көтеру мәселелерін қойып отыр. Көп тілді жүйеде оқытудың қағидалары : қазақ тілі – орыс тілі – ағылшын тілі. Осы үш тілді білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының шет елдермен халықаралық байланыстары күннен-күнге арта түсуде. Сол байланыстарды дамыту үшін көп тіл білетін жас ұрпақ тәрбиелеу қажет. Үштілділіктің маңызын білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да, берері де мол. « Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы « лингва франкасын » меңгеру біздің еліміздің әр бір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады » [2.51].

«Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі Қазақстан» атты халыққа жолдауында « Тілдердің үштұғырлылығы » атты мәдени жобаны кезең-кезеңімен іске асыруды ұсынды.

Еліміздің қазіргі заман талабына сай Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының 5- бабында: «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс», - деп көрсетілген [5.16]. Мемлекетіміздің мектеп реформасында қаралған үш тілде оқыту – қазіргі заман қажеттілігі. Осы мақсатта қазақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан, тең дәрежеде оқытылады.

Көп тілді білу – өмірлік қажеттіліктер туындаған құбылыс. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Халықтың рухани, мәдени құндылығымен сусындау үшін ана тілін білу керек. Әрбір адамның өз тілінде сөйлеп, білім алып, азамат болып қалыптасуы маңызға ие. « Әр елдің тілін, өнерін білген кісі өзгемен бірдейлік деңгейде сұхбаттаса алады » деген Абай атамыз. Бүгінде тіл білгеннің тіршілігі тұзу. Тарих беттерін парақтасақ, Ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби өз өмірінде 70-ке жуық ұлттың тілін білгендіктен, артына мол рухани құнды мұра қалдырған. Ақын Абай Құнанбайев орысша хат танып, өзге тілді үйренсе де, өз тілін құрметтеп, артына өшпес мұра қалдырған. Алаш арысы, қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай зеректілігі арқылы университет қабырғасынан жеті тілді меңгеріп шыққан.

Тіл білу сан алуан мүмкіндіктерге жол ашады. Ал осынау мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім жүйесін көптілділікті енгізуден, оны тиімді жүргізудің тың жолдарының ізденіс табады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Назарбаев Н.А. «Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации. М экономика » 2000- с-16-18
2. Ақиқат.2013ж.№1 «Қазақстан - 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
3. Аталы сөз. Жарықбаев Қ.Алматы, Жалың, 1980

МӘДЕНИЕТ АРАЛЫҚ ҚАРЫМ ҚАТЫНАС ТҮРЛЕРІ

Жәнібекова Қызғалдақ

Ғылыми жетекшісі: Серікқалиева Г.Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Жоғары колледжі

Мақсаты: Мемлекет аралық байланыстардың кеңеюі, жаһандану процесінің күшеюі мәдениетаралық қарым-қатынас сияқты қоғамдық феномен әкелді. Әр мәдениеттің өзіндік тілдік жүйесі бар, сөйлеушілер соның көмегімен бір-бірімен қатынасады.

Міндеті: Мәдениетаралық қарым -қатынас өзара түсінушілік пен қарым-қатынастың, кейбір сөйлеу амалдарының (жөнсіз, орынсыз, кешірілмейтін) қиындықтарының себептері мен факторларын, аудармашылардың тіл ерекшеліктерін, сондай-ақ қарым-қатынастың вербальды және вербальды емес құралдарына дейінгі мәселелерді де қамтиды.

Өзектілігі: Мәдениетаралық қарым-қатынастың ғылым ретінде қалыптасуы түрлі мәдениет өкілдерінің өзара қатынасы проблемаларын өзектендіру салдарынан маңызды мәнге ие болатындығы

Гипотезасы: Мәдениетаралық қарым-қатынас адам білімінің тек ағартушы тәрбиелік компоненті ретінде ғана қарастырылып қоймай, адамның кәсіби және жеке тұлғалық тұрғыдан қоғамда лайықты орын алуға ұмтылысын да қарастырады.

Зерттеу әдісі: Теориялық зерттеу әдісі.

Адамзаттың мәдени және этникалық сан алуандығы пайда болғанына қанша уақыт өтсе, содан бері бөтен мәдениет пен оның өкілдерін түсінуге, мәдени айырмашылықтар мен ұқсастықтарды ажыратуға талпыныс жасалуда. Қазіргі адам баласының мәдени көп алаундылығы өсуде. Адамдар бір - бірінен елеулі айырмашылықтары бар басқа мәдениет өкілдерімен араласып, құраласады. Тілдегі, ұлттық тағамдағы, киім киюдегі, әдет-ғұрыптағы, атқарылған жұмысқа көзқарастағы айырмашылықтар бұл байланыстарды қиындатып, тіпті мүмкін еместей қылады. Бүгінгі өмір қайшылықтары әртүрлі халықтар мен мәдениеттердің араласуы мен өзара түсінісу проблемасын барынша ыждаһатпен қарауды талап етуде.

Мұнда тіл адам өмірінің түрлі салаларында - өндірістік, қоғамдық, рухани салаларындағы қызметінің нәтижелерінің жиынтығы ретінде анықталатын мәдениеттің құрамдас бөлігі.

Мәдениетаралық қарым - қатынас мәселелері ХХ ғасырдың 70-жылдары әлеуметтік мәдениеттану салаларында өзекті бола бастады. Мәдениетаралық қарым-қатынас ұғымына көптеген анықтамалар берілген. Н. И. Халееваның айтуынша « *Мәдениетаралық қатысым* - коммуниканттар арасындағы вербальді және вербальді емес қарым-қатынас үрдісі ». Ал Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаровтар

«Мәдениетаралық қарым-қатынас - ол түрлі ұлттық мәдениетке жататын қатысымдық актіге қатысушылардың бірін-бірі дұрыс түсінуі » дейді. Бұл ұғымның соңғы нәтижесі мәдениетаралық қатысым субъектісін қалыптастыру. *Мәдениетаралық қатысым теориясының негізгі зерттеу объектісі* - әр түрлі ұлт, халықтардың мәдениет ерекшеліктеріндегі айырмашылықтар болып табылады. Мәдениетаралық қарым-қатынас екі құрамдастанан – тіл мен мәдениеттен тұрады. Қазіргі коммуникативтік кеңістік күрделі жүйеден тұрады, онда негізгі орындардың бірі қарым-қатынастың әр түрлеріне тиесілі. Себебі адам өзін әр түрлі жағдайларда түрліше ұстайды, сөйтіп әрбір жеке

жағдайда басқа адамдармен ерекше қатынас орнатады. Сонымен қатар қарым-қатынастың сипаты мен ерекшеліктері ақпарат беру құралдарымен, тәсілдерімен, коммуникация субъектілерімен, мақсаттарымен және басқа көптеген себептермен анықталады. Қарым-қатынастың төмендегі түрлерін атап көрсетуге болады: этника аралық, іскерлік, әлеуметтік, халықаралық, тұлғааралық, бұқаралық, мәдениетаралық және басқалары.[1.17] Мәдениетаралық қарым-қатынастағы маңызды айырмашылықтардың қатарына тіл, вербальды емес кодтар, дүниетаным, рольдік өзара қатынастар, ойлау моделі секілді параметрлер кіреді. Мәдениетаралық қарым-қатынас өзара түсінушілік пен қарым-қатынастың, кейбір сөйлеу амалдарының (жөнсіз, орынсыз, кешірілмейтін) қиындықтарының себептері мен факторларын, аудармашылардың тіл ерекшеліктерін, сондай-ақ қарым-қатынастың вербальды және вербальды емес құралдарына дейінгі мәселелерді де қамтиды.

Вербалды коммуникация адам өміріндегі қызметтің кез келген облысында басшылық ететін сипатын алады. Сөзді дұрыс қолдану әр бір мамандықта жетістікке жетуінің айырылмас бір бөлігі болса, вербалды емес сөйлесу, дене күйі және дене қимылы тілі болып саналады, өзіне сөздерге тіреспейтін адамның өздік айту белгілерін қосады. Психологтар ауызша емес сигналдардың оқуы тиімді қарым-қатынастың ең маңызды шарты болып табылғанын санайды. Неліктен вербалды емес сигналдар қарым-қатынаста сондай маңызды болады?

- адам 70% мәліметтерді (визуалды) көру каналы бойынша қабылдайды;
- вербалды емес сигналдар шын сезімдерді және әңгімелесуші ойын түсінуге мүмкіндік береді;
- әңгімелесушіге деген біздің пікіріміз бірінші көрініс ықпалымен жиі қалыптасады, ол, өз кезегінде вербалды емес факторлар әсерінің нәтижесі болып саналады - жүріс, бет әлпеті, көзқарас, киімнің стилі және тағы басқалар. Осыған орай әр түрлі халықтардағы вербалды емес ым-ишара айырмашылықтарына бірнеше мысал келтіре кетейік. Мәселен, италяндық пен француз бір идеяны ақымақтық деп санаса, айналасындағыларға анық қылып басын тоқылдатады екен; неміс шапалақпен өз маңдайын ұру арқылы: «Сен есіңнен адасқаннан саумысың», - дегенді ишарат етеді екен; ал британдық немесе испандық дәл осы ымды көрсету арқылы өз-өзіне қаншалықты риза екенін білдіретіні көрінеді. Неміс таң қалғандығын білдіру үшін қабағын көтерсе, дәл осы ишарат ағылшындарда шүбәланып қарауды көрсетсе керек. Ал француз бір нәрсеге қайран қалғанда, үш саусағының ұшын түйістіріп, оны ерніне тигізе, иегін сәл көтеріп, назды сүйісті ауаға ұшырып жібереді екен. Егер де ол сұқ саусағымен мұрнын уқаласа, демек сізге «бұл жерде шикілік бар», «абай болыңыз», «бұл адамдарға сенуге болмайды» деген белгі беріп жатыр деп біліңіз.[2.5]

Соның ішінде көп таралғандары: сол елге тән реалиден хабарсыз болу, бейвербалды түрде сөйлеу (мимикамен, дене қимылымен); сол мәдениетінің қабылданған белгілі бір нормалары мен этикет ережелерін қабылдамау; сол мәдениеттің терең құндылықтарын жан-жақты білімнің жетіспеушілігінен түсінбеу. Мәселен, екі мәдениет өкілі арасында белгілі бір дәрежеде қиындықтар туындауы мүмкін. Ол әрине тілдегі ерекшеліктер ғана емес мәдениетке де байланысты болып келеді. «Тіпті адамдар бір тілде сөйлесіп жүріп, әрқашан бір-бірін дұрыс түсіне бермейді, оған себеп мәдениет сәйкестігі» деп көрсетеді. «Мәдениет» терминінің жаңа түсіндермесіне XVII ғасырда неміс заңгері Самуель Пуфендорфтің ролі ерекше, ол «О праве естественном» еңбегінде Цицерондық қолданыстан алшақтап, тұңғыш рет мәдениетті адамды мерейлендіретін жаңа мінездерінің жиынтығы, сыртқы және ішкі табиғатын байытатын адамның өз қызметінің нәтижесі ретінде сипаттады.[3.24] Мәдениет ұғымы барлық еуропа, соның ішінде қазақ тілінде осы мәнінде қолданылады. Ғылым қазіргі мәдениет терминінің көп анықтауларының негізгілерін атап өтуге мүмкіндік береді. *Мәдениет* бұл – адамның қоршаған ортаны өзгерту қабілетімен байланысып, осы өзгертулер барысында пайда болатын заттардың жасанды әлемі, символдар, адам арасындағы қарым-қатынас адамның тағдыр характеристикасы болып табылады. Адам арқылы жасалынған және оған байланысты болатын барлық заттар мәдениетке тікелей қатысты болып келеді. [4.32]

Пайдаланған әдебиеттер

1. Персикова Т. Н. Межкультурная коммуникация и корпоративная культура. – Москва, 2002. – 168 с.
2. Гудков Д. Б. Теория и практика межкультурной коммуникации. – Москва: ИТДГК «Гно-зис», 2003. – 237 с.
3. Мәдениетаралық коммуникация бойынша практикум /құраст. Омарова Р. А., Кенжетәева Г. К., Демесінова Г. Х., Мағзұмов Х. Б. — Павлодар, 2007.

БОРДЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Изимова Дана

Ғылыми жетекшісі: Бекжанова Аккалы Батығалиевна

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Жоғары колледжі

Жұмыстың мақсаты: Пайдаланып жүрген борымыздың адам ағзасына тигізетін химиялық және физикалық қасиеттерін зерттеу. Қазіргі кезде білім алушылардың басым көпшілігінде тыныс алу жолдарының аурулары кездеседі. Бұндай балаларға бордан таралатын ұнтақтан зиян келетіні белгілі. Сабақта пайдаланып жүрген борды қаншалықты қолданатынымыз әлі белгісіз. Күнделікті қолымызға ұстап жүрген бордың адам ағзасына қандай әсері бар екен деген оймен, оның адамға тигізер химиялық әсері қаншалықты зиян тигізетінін білу. Біз болашақ еліміздің жастарымыз, сондықтан да деніміздің сау болғанын қалаймыз. Біздің колледжге білім алушылар дәрігердің бағыттауымен, арнайы медициналық анықтамамен келеді. Сондықтан да білім алушылардың денсаулығын жақсартып отырып, білім береді. Әрине деніміз сау болмаса, онда біз оқи алмайтын едік, денсаулығымыздың мықты болуы ең басты мәселе болып отыр. Колледжімізде туберкулезге қарсы санатория жағдайында емдік іс-шараларды жасалынады, бұл біз үшін өте маңызды. Бірақ оқу орындары әлі күнге дейін мектеп борын пайдаланады.

Жұмыстың міндеттері:

1. Бордың шығу тарихы, оның қасиеттері және қолданылуы жөнінде ақпарат жинау.
2. Бордың химиялық құрамын анықтау, сандық және сапалық жағын тәжірибе жүзінде зерттеу, оны қаншалықты қолдануға болатынына талдау жасау.
3. Бордың адам ағзасына тигізетін әсері жайында сауалнама жүргізу.
5. Бордың ағзаға тигізетін әсеріне талдау жасау.

Тақырыптың өзектілігі: Адамның басты байлығы-денсаулық екенін білеміз. Денсаулықты сақтаудың қандай жолдары бар екені де айтылып жүр, дегенмен де осы мәселе бүкіл дүние жүзінде қаралып жатқанмен де, шешімі болмай жатқан сияқты. Әр салада қызмет етіп жатқан түрлі мамандық иелері мен білім алушылардың да, қоғамдағы барлық адамдардың денсаулық жайында қозғалатын мәселелері аз емес.

Қазіргі таңда өмір сүріп жатқан адамдардың көпшілігінде аллергия, бронхиалды демікпе, жүрек-қан тамырларының аурулары белең алып бара жатқандай. Жаңа дүние есігін ашқан жас баладан еңкейген қарияларға дейін осындай аурулармен зардап шегіп жатқандары қаншама. Біздің қарастырып отырған мәселеміз де, біз пайдаланып жүрген бордың денсаулыққа тигізетін әсері болғандықтан, денсаулық жайында сөз қозғап отырмыз.

Колледжде қолданып жүрген бордың құрамындағы заттардың адам ағзасына тигізетін зиянды әсері болғандықтан, колледждердегі білім алушылар мен оқытушылардың денсаулықтары алаңдаушылық туғызып отыр.

Мәселе туындап жүргенімен бордың зиянды әсерлері зерттелмеген, сол себептен де, дәрігерден тынысалу жолдарымен ауыратын балалар бар екенін анықтап, оқытушылар мен білім алушылардан сауалнамалар алу арқылы зерттеу жұмысы қолға алынды. Сабақта тақтаға бормен жазғанда балаларға бордан таралатын ұнтақтан зиян келетіні белгілі. Бор тақтаның бетінде сызықтар қалдырады, арасында ұсақ тастары бар, көзге

көрініп тұрады. Жазғаннан кейін ұсатылып шашылады, адамның киіміне, қолына жабысады. Бордан қолдың терісі құрғап, қатаяды, шаңынан тыныс алу қиындайды.

Гипотезасы: Қазіргі уақытта адам денсаулығын сақтау мен нығайту маңызды мәселелердің бір болып табылады. ДЖДСҰ айтуы бойынша ХХІ ғасырда кеңінен тараған аллергиялық, астма, қан тамырлар жүйесінің аурулары болып табылады.

Ең алғаш рет мектепке барған күннен балалар борды пайдаланып, жазады. Себебі мектеп боры балаларды бірінші сыныптан он бірінші сыныпқа дейін, ал мұғалімдер борды тұрақты түрде пайдаланады. Қазіргі уақытта борға қойылатын талаптар экологиялық таза және сапалы болуы қатаң бақыланады. Бірақта борды пайдаланып бастағаннан шаңдатып, мұрын бітеліп, қол бүлінеді. Кейбір оқушылар бор жегенді ұнатады, бірақ та бор таза зат емес. Себебі оның құрамында әктас, гипс, крахмал, бояғыштар, байланыстырғыш заттар бар екені анықталды. Қазіргі әлемдегі болып жатқан, білім саласындағы жаңа өзгерістермен бірге, осындай мәселелерді де басшыларымыз қарастырса екен деп ойлаймын. Сонда ғана елімізде дені сау ұрпақтар өніп-өсер еді.

Маңызы: Осы жұмысты жасау барысында бордың құрамына, кальций және карбонат иондарына сапалық талдау, ауыр металдардың иондарын, крахмал, гипс сияқты қоспа заттарды анықтауға зерттеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар оқытушылардың арасында бордың ағзаға әсері туралы білу мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізілді.

Жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде біз бордың кальций карбонатынан және әртүрлі қоспалардан (желім, крахмал) тұратынына көз жеткіздік. Алынған үштүрлі бордың ішінде дөңгелек пішінді бор (Dolpina) басқаларына қарағанда қолды бүлдірмейтінін, тақтаға жақсы жазатынын байқадық. Бордың басқа екі түрі шаңдатып, тақтаны сырып, қолды қатты бүлдіретінін көрдім. Сонымен қатар сатылымдардағы борлардың барлығы бірдей сапалы емес. Ағзаны бордың жағымсыз, кері әсерлерінен сақтау үшін тазалықты сақтап, әртүрлі сіңімді, қол терісін жұмсартатын кремдер жағып, сонымен қатар дамып жатқан заманда бормен жазатын тақталарды орнына магнитті-маркерлі тақталарды пайдалану сияқты ұсыныстар ұсынылды. Біздің ұсынысымыз да осы бордың орнын басатын маркерлі, интерактивті тақталар әр сынып бөлмесінде болса, кез-келген білім алушының өміріне қауіпсіз болар еді. Зерттеу жүргізу мен үшін қызықты болғанымен, химияның қыр-сырын білдім, түрлі зерттеу жүргізу арқасында жоспар құруды, нақты нәтиже жасауды үйрендім. Барлық тәжірибенің қорытындысын математикалық мәліметтерге жүгіне отырып, қорытынды жасалынды.

Зерттеу әдістері: Сауалнама, практикалық зерттеу жұмыстары

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аналитическая химия, С.Д.Бесков, Учпедгиз, 1956г, Москва.
2. Большая советская энциклопедия (I и II том), г.Москва
3. Большая серия знаний (химия), Современ.педагогика, Москва, 2002г.

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ШЕТ ТІЛДЕРІН ҮЙРЕНУ

Кульметенова Жасмин

Ғылыми жетекші: Серікқалиева Г.Б.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Жоғары колледжі

Мақсаты: Жастарға өз елінде басқа тілдерден, күнделікті өзін қоршаған ортада, қоғамнан алған білім, білік дағдыларына қоса басқа елдердің тыныс тіршілігінен хабардар болып, мағұлматтар алу.

Міндеті: Заман талабына сай үшінші тіл, яғни шет тілдерін үйрену және оны қолданыстағы маңызын арттыру.

Өзектілігі: Тіл үйренушінің коммуникативті қабілетін барынша дамыту- шет тілі пәні оқытушыларының алдындағы негізгі әрі өзектісі болып табылады.

Гипотезасы: Шет тілдерін оқыту пәні бойынша оқытушыларды, халқаралық және мәдениет аралық қатынас мамандарын, қоғамман байланыс, менеджмент мамандарын дайындаудың жаңа модельдерін қалыптастыру.

Зерттеу әдісі: Теориялық зерттеу әдісі.

Шет тілдерін оқыту мен мәдениетаралық коммуникация мәселесі өзара бір-бірімен тығыз байланысының айқындығы сондай- бұл мәселені кеңінен талқылаудың қажеті жоқтай сезіледі. Шет тілін оқытуға арналған әрбір сабақ – мәдениеттер тоғысы, мәдениетаралық коммуникация тәжірибесі. Өйткені шет тіліндегі әрбір лексема шетел әлемін бейнелейді және шетел мәдениетін танытады: әрбір сөздің лексикалық мағынасы ұлттық санада қалыптасқан (егерде шетелдік сөзі қолданылған болса) ұғым- түсінікті бейнелейді. Қазіргі кезде Ресейде шет тілдерін оқыту жүйесінде әлеуметтік өмірдің өзге де салалары секілді, ұлттық құндылықтарды қайта бағалауда, материалдарды өңдеуде, мақсат пен міндеттерді шешуде, оқыту әдіс- тәсілдерінде күрделі бетбұрыс (революция деуден аулақпыз) кезеңінен өтіп жатыр.

Шет тілдерін оқытудағы ауқымды өзгерістер, шет тілін оқып үйренуге деген ықыластың артуы- осы пәнге деген көзқарастың түбегейлі өзгеруіне алып келді. Мұның негізі әлеуметтік- тарихи себептермен байланысты екені айтпаса да түсінікті.

Жаңа заман, жаңа талап шет тілдерін оқытудың методологиялық базасына, сондай-ақ нақты оқыту әдіс- тәсілдеріне жедел әрі түбегейлі өзгерістер енгізуді қажет етті. Ресейдің әлемдік қауымдастыққа енуі- саясаттағы өзгерістер, экономиканың дамуы, мәдениет, идеологиядағы күрделі мәселелер, әлем халықтарының бір- бірімен араласуы, олардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке көшуі, орыс халқы мен шетел халықтарының арасындағы саяси-мәдени қарым- қатынастардың өзгерісі, тілдік коммуникациядағы мүлде жаңа мақсат- міндеттердің, шет тілін оқыту теориясы мен практикасында жаңа проблемалардың, жаңа көзқарастардың туындауына алып келді. Бұрын- соңды болмаған сұраныстар бұрын- соңды болмаған ұсыныстарды талап етті. Аяқ астынан шет тілінен сабақ беретін оқытушылар қоғамның назарына бірден ілікті, өйткені ғылым, білім, бизнес, техника және тағы басқа адамның іс- әрекетіне қатысты өзге де салаларда өндірістің негізгі құралы ретінде шет тілдері танылып оны жеделдетілген түрде үйрену басталды. Өндіріс адамдарын не тіл теориясы, не тіл тарихының мәселелері қызықтырмады, бірінші кезекте ағылшын тілі функционалды тұрғыдан, яғни өзге елдердің адамдарымен сөйлесу үшін қажет болды.

Елімізде шет тілдерін үйрету дәстүрлі түрде мәтіндерді оқыту арқылы жүргізіліп келді. Жоғары оқу орындарында филологтерге шет тілдерін жоғары деңгейде үйрету көркем әдебиетті оқыту арқылы жүзеге асса, филологтерден өзге мамандықтар бойынша білім алушылар болашақ мамандығымен байланысты арнайы мәтіндерді (мындаған сөздері бар) оқыту арқылы үйретілді. Күнделікті тілдік қарым-қатынас ретінде оқыту ісі оқытушы мен білім алушының уақыты мен күш- жігері жеткен жағдайда ғана сөйлесуге арналатын. Ол – күнделікті тұрмыста қолданылатын тілдік қарым- қатынас, атап айтқанда, мейрамхана қонақ үй пошта секілді қарапайым тұрмыстық мәтіндер негізінде орындалды. Студенттің шет тілін меңгеру деңгейі, оның оқытушымен тікелей қатынас негізінде ғана анықталмайды. Шет тілін тілдік коммуникация құралы ретінде қолдана білу үшін шынайы тілдік органы қалыптастыру, оқытуды шынайы өмірмен байланыста қарастыру, түрлі жағдаяттарда шет тілін қолдана білу дағдысын орнықтыра білуіміз қажет. Ол үшін шетелдік мамандардың қатысуымен немесе қатысуынсыз өтетін ғылыми дискуссия жүргізу, шетелдік ғылыми әдебиеттерді талқылау, шет тілінде курстар оқу, студенттердің халықаралық конференцияларға қатысуы, аудармашы ретінде жұмыс жасауы (ақпаратты қабылдау, оны түсіну және оған жауап беру) сынды іс-шаралар жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен қатар тілдесудің сыныптан тыс түрлерін қалыптастыру қажет: клубтар, үйірмелер, шет тілінде оқылатын ашық лекциялар, түрлі мамандық бойынша білім алатын студенттердің жеке қызығушылықтары бойынша құрылған ғылыми қауымдастықтар және т.б. Тіл үйренушінің коммуникативті қабілетін барынша дамыту – шет тілі пәні оқытушыларының алдындағы негізгі әрі өзекті міндеттердің бірі саналады. Бұл мәселені

шешу үшін, шет тілін меңгертудің төрт түрлі әрекетін дамытуға арналған жаңа әдістерін меңгеру, тіл үйренушіге шет тілін тиімді үйретуге бағытталған жаңа оқу құралдары қажет. Дегенмен тілді оқытудың дәстүрлі әдіс- тәсілдерінен мүлде бас тартуға болмайды, оның ішінен шет тілдерін оқыту практикасы бойынша тәжірибеден өткен ең тиімді деген әдіс- тәсілдерді іріктеп алған дұрыс.

Адамдарды өзара тілдік қарым- қатынас жасауға, сөйлесуге үйрету керек. Шет тілінде айтылған мәтінді түсініп қана қоймай, оны қабылдау – күрделі мәселелердің бірі, оған қоса бұл мәселені сөйлеудің жай ғана вербальды процесс емес екені күрделендіре түседі. Шетелдік мәтінді түсіну процесі тілді білумен ғана шектелмейді, сондай-ақ бейвербалды амалдардың қолданысын (мимика, ым- ишарат), этикет нормаларын білуді, білім жүйесінің терең болуын қажет етеді. Сөздің мағынасы мен грамматика ережелерін білу – тілді сөйлесу құралы ретінде пайдалануға аздық етеді. Өзіңіз оқып, меңгеретін тілдің әлемін барынша тереңірек білген жөн. Басқаша айтқанда, сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық ережелерінен бөлек мыналарды меңгерген жөн:

- 1) қашан айту / жазу керек (қалай, кімге, қайда, кімнің көзінше);
- 2) контекстік мағына (меңгеретін тілдің сөйлеу тіліндегі сөздің шынайы қолданысы, белгілі бір ойдың меңгерілетін тілде қалай бейнелетіндігі).

Д.Х. Лоуренстің әңгімесінен берілген үзіндіні түсіну үшін тіл үйренушінің аялық білімі кең болуы тиіс, сол қоғамдағы « женственная женщина » ұғымының қандай белгілері бойынша айқындалатынын білген жөн, көркем әдебиеттер мен библиялық аллюзияларға да талдау жасай алуы тиіс (сол тілде сөйлеуші ұжымның мәдениетімен байланысты): He imagined to himself some really womanly woman, to whom he should be only fine and strong, and not for a moment “the poor little man”. Why not some simple uneducated girl, some Tess of the D’Urbervilles, some wistful Gretchen, some humble Ruth gleaning an aftermath? Why not? Surely the world was full of such.

«Он представлял себе действительно женскую женщину, для которой он был всегда только прекрасным и сильным, а вовсе не «бедным маленьким человеком». Почему бы не какая-нибудь Тэсс из рода Д’Эрбервиллей, какая-нибудь томная Гретхен или скромная Руфь, собирающая колосья? Почему бы нет? Несомненно, мир полон такими».

Пайдаланған әдебиет:

1. И.Ю.Марковина, Ю.А.Сорокина «Түрлі мәдениет өкілдері» Указ. соч, 77 бет.
2. Д.Х.Лоуренс « Женственная женщина»
3. Ғаламтор желісі <https://stud.kz>

ЖЕКЕ ТҰЛҒА, ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ: ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нажмадинова Назерке

Ғылыми жетекшісі: Ауезханова Н.Е.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Жоғары колледжі

Мақсаты: Отбасы және қоғам жұмыстары туралы жалпы мағлұмат бере отырып, олардың бірлескен жұмыстарын, балаға әсерін меңгерту;

Міндеті: Отбасы мен қоғамның бірлескен жұмыстарының балаға тигізер пайдасы мен зиянды жайттары туралы түсінік беру;

Жеке тұлға мен қоғамдық ортаның қарым–қатынасы философия, психология, педагогика, тарих т.б. қоғамдық ғылымдардың көптен айналысып жүрген көкейкесті мәселелерінің қатарына жатады.

Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның, ұжымының, ұлттың, рудың мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен, жеке бастың өзіне тән ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысады. Қоғам мүшелерінің бәріне ортақ біркелкі мінез-құлықтық қасиеттің болуы мүмкін емес. Әр адам өзінше жеке тұлға болып табылады.

Адамдар тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшелігімен бірден дүниеге келмейді. Әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет. Өзіне немқұрайлы қарайтын кейбір қоғам мүшелері басқалар қалай өмір сүрсе, мен де солай өмір сүремін деген принципті ұстанғанымен, шын мәнінде өмірде олай емес.

Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз – ол оның өзіне тән мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы [1,36].

Қоғамдық тұлғаларға ортақ этикалық бірыңғай талаптардың болуына қарамастан, қоршаған орта жөнінде әр адамның қалыптасқан өзіндік ой-пікірінің, көзқарасының болуы, олардың өзі көріп білген құбылысқа деген көзқарасын, ой-пікірін білдіруі заңды құбылыс. Мәселен, біреулер айналасындағы құбылысқа таңдана, тамашалай қараса, енді біреулер сын көзімен қарап, ой қорытуы, сын-пікірлер айтуы мүмкін.

Адамдардың қоршаған ортадағы құбылыстарды түсініп қабылдауы да әр түрлі. Ол әр адамның жеке басына тән физиологиялық, психологиялық, биологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Мәселен, біреулердің бір нәрсені жасауға іскерлік қабілеті болса, екінші адамда оның болмауы, біреудің ұйымдастырушылық қабілеті күшті болса, екінші бір адамның ұйымдастыру ісіне қабілетсіз болуы, біреуі білімді тез қабылдаса, екінші адамның білімді сылбыр, баяу қабылдауы, біреудің дене күші дамыған болып келсе, екінші адамның абстракциялық ойлау қабілетінің баяу дамуы, біреулердің сурет салуға немесе ән салуға бейімділігі болуы мүмкін. Жеке бастың бұл ерекшеліктері адамдардың басқалармен ұжымдық қарым-қатынасында байқалады.

Сонымен бірге, адамның өмірде үздіксіз тәрбие құшағында болатынын, бұрынғы игерген білім, білік, дағдылары біртіндеп көмескіленіп, оның орнына жаңа білім, білік, дағдыларды меңгерумен шұғылданатынын ескеруге де тура келеді. Жеке тұлғаның ой-санасының, білім көлемінің толысуына байланысты оның өмірге көзқарасы, белгілі құбылыстарға баға беруінде де өзгерістердің болуы, толысып жаңарып отыруы заңды құбылыс. Бұған қоса, әлеуметтік ортаның, отбасы мүшелерінің, жолдас-жораларының, таныстары мен достарының да белгілі мөлшерде әсер ететінін ескерсек, жеке тұлғаның ерекшелігінің басым болуына оның да ықпалының зор болатынын байқамыз.

Өмірде бір анадан туған егіз балалардың түр жағынан бір-біріне ұқсас болуы мүмкін. Ал олардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, өмірге деген икемдік, қабілеті бірдей болмайды. Сондықтан әр адамды өзінше дараланған жеке тұлға деп қараймыз. Бір қоғамда өмір сүрушілерге ортақ әлеуметтік, моральдық-этикалық заңдардың ортақтығына қарамастан, жеке тұлғалардың әлеуметтік қарым-қатынаста айна қатесіз бірдей болуы да мүмкін емес. Олай болса, «жеке тұлға» деген түсінікке не кіреді? Адамның саналық, мінездемелік қасиеттерінің қандай түрлері жеке тұлғаны анықтай алады дегенге, ол сана мен өзін-өзі саналандыру қасиеттері деуге тура келеді. Сана ақыл-ойдан туындайды. Адамның ақыл-ойы біркелкі дамымайды. Адамдар бірін-бірі бағалауда қателіктер жіберуі де мүмкін. Олар көбінесе өзінің жеке басын басқалардан артық бағалауға тырысады. Абайдың өмірде «Көре алмас іші тар, несі артық менен» деушілердің көп болатыны дәп басып айтуы да осы ойға саяды. Сонымен бірге, жеке тұлға өзін-өзі бағалауға да, өзінің іс-әрекетін, оның нәтижелерін басқалардың бойындағы қасиеттермен салыстырып көре, тани білуге, соған теңелсем, сондай болсам екен деп ұмтылыс, іс-әрекет жасауға да қабілетті.

Жеке тұлғаға тән қасиет – ақыл, ес, яғни өмірді өзінің сана-сезім өлшемімен қарап бағалауға бейім тұруы. Сондықтан өмірді танып білу дегеніміз – миллиондаған жеке тұлғалардың сезім, түсінігінен тұрады.

Жеке тұлғаның еске сақтауы өзге адамдардың тәжірибесін жинақтауға да негізделеді. Әрбір тұлға оларды оқып, көріп, оқығанын, естігенін, көргенін өз ойына тоқып, содан сабақ алу арқылы да өзінің іс-әрекетін, мінез-құлқын, сана-сезімін байытады, толықтырады [1,82].

Адам өмірде өзі жіберген қателіктерден де, басқалардың қателіктерінен де сабақ алады. Оны қайталамауға тырысады. Мұны педагогикада адамның өзін – өзі тәрбиелеуі деп атайды. Басқалардың өнегелі іс-әрекетінен үйрену, оны өз бойының жақсы қасиетіне айналдыру өмір заңы. Осы қасиетті көре білген Абай:

«Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз,
Ондай болмақ қайда деп,

Айтпа ғылым сүйсеңіз», - деп текке айтпаса керек. Адамның есі оның ішкі ой-сезімімен тығыз байланысты.

Қоғам дегеніміз адамдардың жиынтығы болып табылады. Шын мәнісінде адамдар қоғамдасу арқылы өзіне тән қасиеттерге ие болып, жеке тұлғалық бейнесін танытады. Адам өмірде белгілі бір әлеуметтік ортаға тән болып, өзіндік тұлғасын қалыптастырады және өзіне тән мінез-құлық ерекшелігін ашып көрсетуге мүмкіндік алады. Сөйтіп, өз бойындағы табиғи қабілетінің ашылуына және оның дамуына жағдай жасайды. Адамдардың бірлесіп еңбек етуі, өмір сүруі рухани бірлестікті (көзқарас, сана-сезім, кәсіптік т.б.) туғызады. Сөйтіп, әрбір жеке тұлға басқалармен мыңдаған байланыс түрлері арқылы әлеуметтік, қоғамдық байланысқа, қарым-қатынасқа түседі.

Әрбір жеке тұлға отбасында, көшеде, қоғамдық көлікте, жиындарда, жұмыста немесе оқу орындарында, күнделікті өмірде үнемі жаңа адамдармен кездесіп, өзара пікірлесіп, байланысқа түсетінін ескерсек, мұның бәрі еріксек, мұның бәрі еріксіз қоғамдасып пікірлесуді туғызатынын байқаймыз. Ал қоғамдастықта пікірлесу жеке тұлғаның рухани өсуінің және өзіндік «Менін» көрсетудің жолы. Мұның бәрі жеке тұлғаның қоғамнан тыс өмір сүре алмайтынын, оның бар өмірі қоғамдасу, ұйымдасу, пікірлесумен өтетініне, айналасындағы адамдармен үздіксіз қарым-қатынасқа құралатынына дәлел бола алады.

Тұлғаның құрылымдық компоненттері үш бөліктен тұрады. Біріншіден, оның ақыл-ойын дамыту арқылы санасын жетілдіру; екіншіден, адамзаттық өркениетті тұлғаның бойына біртіндеп сіңіру; үшіншіден, жеке тұлғаны іс-әрекетке ендіру арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге белсене қатыстыру. Тұлғаны тәрбиелеп жетілдіруде осы үш компонент тығыз бірлікте қызмет етеді.

Әлеуметтік көзқарас тұрғысынан қарағанда, тәрбиеге қоғамдық бақылау және түзету енгізетін, жастарды мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арқылы басқарып бағыттайтын, қоғамның қазіргі және болашақ өміріне мақсаттылықпен даярлау ісі деп қараймыз. Тәрбие ісі адамның қабілетін қоршаған ортада және оның санасында қалыптастыруды мақсат ететін болғандықтан, ол-психологиялық процесс.

Тәрбие адамдарға тән әлеуметтік категорияға жатады және тұлғаны дамытуда шешуші рол атқарады. Тұлғаны қалыптастырудың тиімді жолдары баланы белсенді түрде демеп отырған жағдайда ғана сәтті болады. Баланың жеке басындағы әлеуметтік-психологиялық өзгерістер оның өзінің белсенділігін арттыру жолымен іске асырылады. Кез келген тәрбиелік міндет белсенділікті арттыру арқылы шешіледі. Мәселен, дененің дамуы дене шынықтыру жаттығулары арқылы, ал адамгершілік тәрбиесі адамгершілік тәрбиеге тұрақты түрде бағыттау арқылы іске асырылады. Тәрбие ісі екі жақты байланыс арқылы жүзеге асады[2,95].

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.С.Қалиев, Ш.Майғаранов, Г.Нысанбаева Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. Алматы, «Білім» 2001 жыл
2. Қалиев С, Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері және тарихы. Алматы, «Рауан» 1999 жыл

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Оразбай Дана

Ғылыми жетекшісі: Шамен А.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Жоғары колледжі

Жұмыстың мақсаты: Шығармашылықпен жұмыс істей отырып, заман талабына сай іскер, жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары дамыған шәкірт тәрбиелеу. Компьютерлік технологияны қолдана отырып математикалық есептерді модельдей білуге, электрондық оқулықтарды, логикалық есептерді шешуде бейне роликтер қолдану арқылы білім алушының зейінін арттыру, сабаққа деген қызығушылығын арттыру, ынтасын ояту.

Жұмыстың міндеті: Білім беру үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын айқындайтын әдістемелік, педагогикалық басылымдармен танысу. Сабақта оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдана білу. Оқушының таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету, білім сапасын көтеру. Компьютерлік технологиялардың жаңа заманғы әлем бізге өте үлкен көлемді есептерді шешуге мүмкіндік береді, аз уақыт ішінде ақпараттың өте үлкен санын өңдеуге көмектеседі. Электронды оқыту жағдайында осы мақсат – міндеттерге жету келесі электронды оқыту түрлері мен жабдықтарының көмегімен іске асырылады. Оқыту мазмұнының құрамына әрдайым теория, білімді тәжірибелік тұрғыдан бекіту және білімді тексеру кіреді.[5,126]

Мысалы, қазіргі таңда қаламыздағы кейбір қарапайым мектептердің де математика кабинеті компьютерлермен жабдықталған. Сондықтан бұндай жабдықталған сыныптарда сабақ ең болмағанда электронды оқулықтар пайдаланбай өткізілсе, алға жылжу өз дәрежесінде болмайды. Оқу материалдарын ұтымды игеруде электрондық оқулықтардың атқаратын рөлі зор.

Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалдар графикалық иллюстрация түріндегі әр түрлі суреттер, сұлба тәсілдер арқылы толықтырылып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түйсіну және оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтеді және материалды қорыту үрдісі ұтымды болады.

Тақырыптың өзектілігі: Сабақта жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру. Математика сабағында инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың дарындылығын арттыру. Оқытудың, тәрбиелеудің мазмұнын қоғам дамуының қарышты қадамына сәйкестендіріліп, оны шырқау биіктерге көтеруге бағытталған әдіс-тәсілдер жасау.

Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану оқушының логикалық ойлай білу қабілеттерін дамыту, олардың білім сапасын жақсарту және ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді.

Математика – барлық ғылымдардың логикалық негізі, демек, математика оқушының дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады. Әлемде болып жатқан жаңалықтарды дұрыс қабылдауға көмек береді. Дәстүрден тыс сабақтар оқушылардың пәнге қызығушылығын ынтасын арттырып, ой-өрісін кеңейтеді, шапшандыққа тез есептей білуге үйретеді. Оқыту технологиясының ішінен көбінесе ойын арқылы оқыту, проблемалық ситуация туғызу арқылы оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, деңгейлеп-саралап оқытуды жиі пайдаланып логикалық есептер, стандартты емес есептерді үнемі шығартып отырғым келеді. [4,66]

Математика сабағында халық ойындарын дидактикалық материал ретінде қолданып, сабақ өткізу пайдалы. Математикалық эстафеталар, викториналар, жарыс сабақ, аукцион сабақ т.б түрлері қолданылады. Ойын оқушылардың достық, жолдастық қарым-қатынас орнатады, бір-біріне сенімін, түсінігін арттырады. [3,86]

Гипотезасы : Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту қажет. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады» делінген. [3,126]

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютерде оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену — бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Сондықтан, ұстаз – қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады. Математика сабақтарында интерактивті тақтаны қолдана отырып есептер шығаруға, компьютерлік модельдеу графикалық программаларын қолданып отырып оқу үрдісін жүргізудің тиімділігі зор екенін көрсету.

Маңызы : Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасы артады, сабақ өткізген кезде сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушының қызығушылығы арта түсері анық.

Қазіргі кезде компьютерлік технологияның даму деңгейі жаңа дәуірдің мультимедиялық, телекоммуникациялық мүмкіндіктері мен артықшылықтарын көрсететін, толыққанды сапалы, нақты алғышарттар болып табылады.

Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі болып табылады.

Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек. Әр оқытушы интерактивті тақтамен жұмыс жүргізуді толығымен меңгеруі қажет. Болашақта сабақтарында интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушылардың жаңа ойларын, әсерлі идеяларын тартымды етіп көрсеткім келеді. Жаңа материалдарды бірігіп талдауда маңызы зор.

Интерактивті тақта арқылы оқушы ғана ақпараттарды жеңіл түрлендіреді, жаңа нысандарды жасауға және жылжыту тиімділігіне жеткізеді. Кейбір идеяларды түсіну үшін қойылған дұрыс сұрақтар дискуссияны өрбітіп оқушылардың материалдарды жақсы түсінулеріне жетелейді. Сонымен қоса талдау жүргізуді басқара отырып пән мұғалімі оқушылардың шағын топтарда жұмыс жасауына жол сілтейді. Осыны басшылыққа ала отырып мен барлық оқушылардың интерактивтік тақтаға назарын аударып, алдын ала дайындалған материалдарды жеңіл түсінулеріне, кей қиындығы жоғары есептердің шығарылу жолдарын тақтадан көрсету арқылы уақытты үнемдеуге, жүйелі түрлендіріп өткізуге машықтандыру. [6,186]

Зерттеу әдістері : Сауалнама, бейнеролик.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2007
3. Математика және физика журналы №7 2012 ж

ҮШТІЛДІЛІК - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Рахат Анэль

Ғылыми жетекші: Серікқалиева Г.Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Жоғары колледжі

Мақсаты: Үштілділіктің қазіргі заман талабы екенін көрсету.Көптілді білім беру бағдарламасы ана тілінде сапалы оқуды қамтамасыз етеді, мемлекеттік тілді жетік

меңгеруге мүмкіндік береді. Мемлекеттік стандарт деңгейінде-орыс және ағылшын тілдерін сапасын көтереді.

Міндеті: Үштілділіктің қоғам үшін пайдалы екенін көрсету, жаһанданудағы маңыздылығын айқындау. Еліміздің үштілділікті орнатудағы алған бағыты мен стратегиясын көрсету.

Өзектілігі: Үштілділіктің маңыздылығын көрсету және оның елімізге тигізер оң әсерін түсіндіру.

Гипотезасы: Үштілді оқыту – заман талабы. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

Маңызы: «Үштілділік» жобасын енгізу қазақ тіліне, яғни мемлекеттік тілге және оның маңыздылығына нұқсан келтірмейді. Оған негіз ретінде елбасының сөзін алсақ болады: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі-Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Және оған қамқорлықта сондай дәрежеде болады». Байқағанымыздай, әр тілдің қоғамдағы өзіндік атқаратын рөлі бар, сол себепті, көптілділік ана тілді шеттетуге жағдай жасайды деп орынсыз тұжырым жасауға асықпау керек.

Зерттеу әдісі: Теориялық зерттеу әдісі.

Үштілді оқыту – заман талабы. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

«Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты халыққа Жолдауында “Тілдердің үштұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды.

Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Халқына Жолдауында: “Тілдердің үштұғырлылығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деген салиқалы үндеуінде айтқандай, әлемдік кеңістікке енуде ағылшын тілінің маңызы зор.

Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. «Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек»

«Үштілділік - нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы», -Б. Хасанұлы анықтама бергендей, бүгінде оны қолдануға жан-жақты күш салынуда[1.25].

Кез келген мемлекет үшін тіл – халықтың аса құнды, баға жетпес мұрасы және тәуелсіздіктің нышаны.

Тіл – тәуелсіз елдің мәдениеті мен салт-дәстүрінің мәйегі. «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» демекші, елді ел қылатын, ұлтты басқа ұлттан ерекшелейтін де осы тіл болмақ.

Еліміз көпұлтты болғандықтан, халқымыз әр түрлі тілдерде сөйлейді. Дегенмен, өзге тілдердің бәрін бірдей, бөліп-жармай қолданысқа енгізу қоғамда хаос орнауына әкеп соғады. Сол себепті, Қазақстан Республикасының конституциясында қазақ тілінің мемлекеттің тіл екені жарияланған болатын.

Қазіргі заманда ағылшын тілін меңгеру заман талабына айналып отыр, себебі бұл тіл қазақ жастарының білім алуына жол ашуда. Сонымен қатар, ағылшын тілін жақсы меңгеру еліміздің бәсекеге қабілетті бола алуына кепілдік береді. Ағылшын тілінің маңыздылығы жайында елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та атап айтқан болатын: «Ағылшын тілінің қажеттілігі әлемге тән қажеттілік, бүгінгі күн талабы. Ал орыс тілін жақсы білу – біздің байлығымыз». Ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға

тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп мәлімдеді [2.14].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2050 » стратегиясында мұғалімдерге сенім арта отырып, жастарымыздан үміттенеді. «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан да сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет ауыр»-делінгендей , жастарды сауатты баулысақ болашағымыздың жарқын болатыны белгілі. «Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер. Ал кейінгі толқын жастарға айтарым: Сендер – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер»,-деген жолдарда жастарымызға деген үміт пен сенім жатыр. Сондықтан да жастарымыздың болашағы үшін әлемдік деңгейдегі зияткерлік мектептер мен кәсіптік-техникалық колледждер ашылып, «Болашақ» бағдарламасының негізінде олардың шетелге шығып білім алуына жан-жақты жол ашылған.

Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да, берері де мол. «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» .

Осынау мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің, оны тиімді жүргізудің тың жолдарынан ізденіс табуда.

Мектепте қазақ тілін оқыту барысында орыс тілі, ағылшын тілі пәндерін бірлікте алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты жүргізіліп жүр. Бұл жерде өтіліп отырған бағдарламаға сай үш пәнді бірлікте ала отырып, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Алайда дәстүрлі оқытуда тек аударма жасатумен ғана шектеліп отырсақ, қазіргі оқыту технологиясында түрлі шығармашылық бағыттағы тапсырмалар бере отырып, оқушы-субъектінің ізденісіне, яғни, жеке тұлғаның әрекетін дамытуды мақсат етудеміз[3.16].

Білім және ғылым министрінің мәлімдемелері ғылыми зерттеулердің нәтижесіне сүйенсе керек. Оның айтуы бойынша, 7 жасына қарай екі немесе үш тілді меңгерген балалардың миындағы нейрондық байланыс монотілдікке қарағанда неғұрлым жоғары екенін көрсеткен. Бала туғаннан бастап жүктемесі барынша жоғары ортаға түседі де, 7 жасқа қарай оның әлеуеті монотілді құрдастарына қарағанда әлдеқайда жоғары болады. Кішкентай кезден тілге жаттығу ол спортпен шұғылдану секілді, бала жүктемеге үйреніп шыдамдылығы арта түседі.

Үш тілде бірдей сөйлей алатын баланың айналасындағы тілдік күрделі жағдай оның интеллектуалды дамуына жол ашып, мәселенің мән-жайын тез аңғару қабілетінің қалыптасуына көмектеседі және баланың тез ойлау қабілеті арттырады. Оның себебі, ғалымдардың айтуы бойынша, адам бір тілден екінші тілге көшкенде ми ақпараттарды тез арада реттеп, ақпарады.

Бүгінгі таңда, технология мен жаһандану үрдісі қарқынды түрде жүруде, демек, көптілділікке сұраныс та соған сәйкес арту үстінде. Қазіргі таңда, әлемде халықтардың бір-біріне деген қарым-қатынастарының және тәуелділіктің басым болуына байланысты жас ұрпақты бәсекелестікке дайындаудың жолы осы көптілділік саясатын ұстануда жатыр. Қазір білім ордаларында бірнеше тілде бірдей оқыту жас ұрпақтың білім кеңістігін ұлғайтып, ой өрісін дамыта алады. Сонымен қатар, көптілділік жастардың ғылым сырларына үңіліп, өз қабілетін шыңдауына қолайлы жағдай тудыра алады. Жаңа ғасырда қоғамдық қатынас жағдайында тұлғаның қалыптасу деңгейі көбінесе адамның өзін-өзі дамытуына және бәсекеге қабілеттілігіне байланысты болып келеді[4.10].

Пайдаланылған әдебиет:

1. Ақиқат 2011 жыл <<Қазақ тілін білу- әншейін бір ұран емес>> Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы ассамблясының 17 сессиясында сөйлеген сөзі. Жаңа әлемдегі жаңа қазақстан.
2. “Қазақстан – 2050” стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.

3. Ақиқат 2013 жыл, <<Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты>> Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МҰҒАЛІМДЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ТАРИХЫНАН Рейпназарова Мария

Ғылыми жетекшісі: Искакова Л.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Мемлекеттік Университетінің Жоғары колледжі

Мақсаты: Қаладағы мұғалімдер институтының тарихынан кеңінен мәлімет беру. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағатында Ақтөбе қаласында ұйымдастырылған мұғалімдер институтының тарихына қатысты мол мұрағаттық деректер мен таныстыру. Институттағы оқытушылар, оқыту әдістері, талаптары жайында ақпаратпен алмасу. Бұл оқу бөліміндегі студенттер саны мен сырттай бөлімдегі оқитын студенттер саны туралы мәлімет беру.

Міндеті: Мұрағат деректеріне сүйене отыра институттың түп тарихына көз жүгірту. Институттың бастапқы ұйымдасқан жылдары оқу-әдістемелік, оқытушылар құрамы, материалдық-техникалық базасымен, сондай-ақ, 1941-1943 жылдары институтта жыл сайынғы студент қабылдау жоспарымен таныстыру. Институттың қызмет жасаған жылдары облыстың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан өзіндік үлесінің мол болғандығын көрсету.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Жоғары білімді педагог кадрлар даярлайтын оқу орны болуымен қатар, қоғамда ғылыми ізденістерді өрістететін ғылыми орталыққа айналу. Облыстағы институтпен таныстыра отырып жас ұрпаққа бұл оқу орындары туралы қызығушылығын ояту. Біздің ортақ ынтымақтастығымыз-адам капиталының сапасын арттыруға, жалпы республика және облысымыздың еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған бұл оқу орнын насихаттау.

Гипотезасы: Соғыс жылдарындағы қиыншылық институт жұмысына да өз кері әсерін тигізеді. Бұл кезде институттың тиісті оқу ғимараты және жатақханасы болмайды. Сондай-ақ, институттың барлық құрал-жабдықтары (жиһаз, керует, төсек-орын) қаладағы госпиталдарға беріледі.

1941-1943 жылдары институтта жыл сайынғы студент қабылдау жоспары орындалмай отырады. Мысалы, 1943 жылы жоспардағы 150 адамның орнына 104 адам қабылданады. Сондай-ақ, институтқа қазақ жастарын тарту ісі әлсіз жүреді. Бұл оқу орны аталған қиындықтарға мойын ұсынбай білім саласында көптеген педагогтарға жол нұсқап, дұрыс бағыт-бағдар берді.

Маңызы: 1934 жылы желтоқсан Ақтөбе қаласында құрамында орыс, қазақ бөлімдері бар физика-математика және тіл әдебиет факультеттері бар Ақтөбе мемлекеттік мұғалімдер институты ашылды. Содан соң, бастапқыда Орынбор қаласында болған, кейін 1938 жылы Ақтөбе қаласына көшірілген Республикалық жоғары курстар негізінде 1938 жылы тарих факультеті, 1940 жылы шет тілдер факультеті (ағылшын, неміс, және француз тілдерінің бөлімдері) ашылады. Мұрағат деректеріне қарағанда бастапқы кезеңде институтта үш бөлім: тарих, физика-математика және тіл мен әдебиет болады. Алғашқы екі бөлім институт ұйымдасқан сәтте болып, 1935-1936 оқу жылында әдебиет бөлімі ашылады. Бұл институт болашақ педагогтарға білім алып, жақсы маман болып қалыптастыра қана қоймай, сонымен қатар бұл педагогтардың ізін жалғаушы болашақ ұрпаққа да бағыт-бағдар көрсетті деп айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Науанов Х. Народное образование в Актюбинской области (1917-1941гг), сборник научных статей. Выпуск I. Актюбинск, 1958 г.
2. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты (АқОММ), 13-қор, 5-тізбе, 388-іс.
3. АқОММ 13-қор, 8-тізбе, 281-іс.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНДІРУ – САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ

Таева Аружан

Ғылыми жетекшісі: Шамен А.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Мемлекеттік Университетінің Жоғары колледжі

Мақсаты: Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек.

Білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту – бүгінгі күннің талабы. Қазақстанның білім беру жүйесі әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестенуде. Бұл білім беру жүйесі мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, озық идеялар, жаңашыл ұстаздар пайда болды. Бүгінгі оқыту жүйесінде жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, оң нәтижелер беруде. Осыған орай әр ұстаздың алдында бәсекеге қабілетті, бүгінгі заман талабына төтеп бере алатын білімді ұрпақ тәрбиелеп шығару мақсаты қойылған.

Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау.

Міндеті: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Бізге экономикалық және қоғамдық модернизация талаптарына сәйкес қазіргі заманғы білім беру жүйесі керек. Білімді дамыта білмейтін ел ХХІ ғасырда сәтсіздікке ұшырайды», — деп атап көрсетті. Осыған орай елімізде білім беру саласын дамытуға арналған іс-шаралар мен реформалар жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке жағдайлар жасау, оқытудың инновациялық технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», — деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген болатын.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Бұл міндеттерді шешу үшін білім беру ошақтарында, әр оқытушының күнделікті ізденіс арқылы ғылымға барлық жаңалықтар, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибе қажеттігі туындайтыны сөзсіз. Инновациялық технологияларды қолдану оқу процесін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білім мекемесінде өзіндік даму жолын табуға, әрбір мұғалімге өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізеді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы.

Гипотезасы: Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерді сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі – оқыту үрдісін технологияландыра отырып, білімнің кепілдік нәтижелеріне қол жеткізу. Ол үшін оқыту үрдісін өзгерте отырып, мұғалім шығармашылықпен жұмыстануы керек. Өйткені бұрын

оқушы білімді қабылдаушы, жинақтаушы, өзіне сіңіруші рөлдерін ғана атқарса, ал қазіргі жаңа талап бойынша өздігімен білім алушы, үйрене білуші ретінде танылады. Сондықтан жеке тұлғаны осы рөлдерді атқаруға лайықтау үшін оның жаңа бейнесін заман талабына сай дайындауымыз қажет.

Маңызы: «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов «Инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке-дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Білім беру жүйесіндегі инновация – білім мақсатына жаңашылдықты енгізуді көздейді, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге, қолданылып отырған педагогикалық жүйені тарату мен енгізу мектепті басқарудың жаңа технологияларын әзірлеу, мектеп тәжірибелік орын ретінде мектептің принципі жаңа білімділік бағдары мақсатын, мазмұнын, әдісін түрлері мен басқа компоненттерін көздейтін жүйелі сипаттама білім мен тәрбие беруді көздейді.

Жаңа заманауи технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар өзара тілдік, яғни коммуникативтік қарым-қатынаспен байланысты құралдарды қолдану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Жедел дамып отырған ғылыми –техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды.

Ақпараттық технологиялық тұрақты дамуға және оның қарқынына экономиканың жай-күйі, адамдардың тұрмыстық деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, барлық дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің алатын орны тәуелді болады. Біздер әлемде қалыптасқан білімнің таңдаулы көздерін жүзеге асыра отырып, тәуелсіз еліміздің ұлттық және әлемдік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыра отырып, Қазақстанның серпінді инновациялық дамуын негіз санайтын дара жолды қалыптастырамыз.

Зерттеу әдістері: эмпирикалық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Жүнісбек Жаңа технология негізі – сапалы білім. — //Қазақстан мектебі, №4, 2008.
Практически все представительства иностранных компаний предпочитают приобретать на компьютерные рабочие места английские версии ПО. Ни одна компания-производитель специализированного научного программного обеспечения не выпускает локализованных (русифицированных) версий своего продукта. В вычислительной технике *русификация* – это локализация компьютеров и программного обеспечения, то есть перевод интерфейса пользователя на работу с русским алфавитом и на русском языке.

До появления Юникода среди проблем, связанных с русификацией, было отсутствие единого стандарта кодировки символов для русского/кириллического алфавита.

- *История русификации MS-DOS.* Первая официальная русификация MS-DOS была произведена для MS-DOS 4.01. В «Microsoft» менеджером проекта по русификации и одним из основных разработчиков был Николай Любовный.

- *Русификация Microsoft Windows.* Всесторонний набор инструкций по компьютерной русификации предоставлен П. Городянским (Информация о русификации Windows). Это отражено во многих источниках и рекомендовано Библиотекой Конгресса («Tips on viewing Cyrillic text»)

В настоящее время остаётся актуальной проблема ввода и отображения русских букв на разных устройствах оргтехники. Отдельный вопрос - поддержка русского языка в OCR, в распознавании и синтезе устной речи.

Компьютерная технология — это часть общечеловеческой культуры, и её базовые термины исторически связаны с англоязычными странами.

Разумеется, все средства массового применения (текстовые редакторы, электронные таблицы, информационные системы) необходимо русифицировать, однако сохранение элементов базовой английской терминологии все-таки неизбежно.

Лозунг тотальной русификации бесперспективен хотя бы потому, что по мере развития компьютерных коммуникаций неизбежно появится потребность в межнациональных средствах общения, и вряд ли ими станет что-то иное, чем уже сложившаяся английская терминология.

Бурный рост со второй половины XX века компьютерных технологий, и, в частности, массовое внедрение в середине 1980-х годов в обиход обычного человека персональных компьютеров и компьютерных устройств, внесли в русский язык громадное количество специальных слов и выражений, богатую разветвлённую терминологию. Позже, благодаря началу издания в 1988 году журнала «PC World» (первое время на 100 % переводного), ставшего очень популярным, произошёл «обвал»: англоязычные термины и аббревиатуры, зачастую в английском же написании, заполнили страницы журналов и засорили речь специалистов. К примеру — сетевая карта, микропроцессор, операционная система, форматирование, инсталляция, винчестер, пиксели, диалоговое окно, дисплей и другие. Многие из этих терминов — англицизмы, но есть и слова из других европейских языков. Вместе с новой техникой в мир человека внедрились также компьютерные игры, где тоже присутствуют определённые индивидуальные обозначения вещей, такие как квест, RPG, десматч и др.

XXI век получил в наследство от XX века общество всеобщей компьютеризации, объединённое единым информационным полем. Рост информационных вычислительных систем связан с фундаментальным изменением самого общества, которое характеризуется переходом от производства материальной продукции к производству знания, имеющего дело с получением информации. Производство, распределение и представление

информации стали главными видами деятельности современного общества, основанного на знании.

Литература:

1. Боровский Я. М. Латинское наследие в русском языке / Я.М. Боровский, А. И. Воронков, Л. И. Поняева, Л. Н. Попова // Словарь-справочник. Флинта. М.: Наука, 2002. С. 6.
2. Даниленко В. П. Лексико-семантические и грамматические особенности слов-терминов / В.П. Даниленко // Исследования по русской терминологии. М.,2010. С. 34-37.
3. Заварыкин В. М. и др. Основы информатики и вычислительной техники / В.М. Заварыкин. М.: Просвещение, 2009. 207 с.

ЛАНДШАФТТЫҚ ДЕМАЛЫС САЯБАҒЫ

Сағтарова Сәулет

Жетекші: Канибаева Г. Н.

«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ
Ақтөбе көлік және коммуникациялар колледжі

Ландшафтық дизайн – табиғи компоненттерді белсене қолдана отырып жасанды ортаны қалыптастыруға бағытталған қызметтің ерекше түрі. Бүгінгі күні ландшафтық дизайн, ландшафтық жасылдандыру және маңайды көркейту маңызды мәселелердің бірі болып қалыптасуда. Ол адамның тіршілік ортасын қолайлы және жағымды етеді.

Композициялық мәселелерді шешуде бірнеше қасиеттер мен талаптарды ескергеніміз жөн. Бұл қасиеттерге: форманың геометриялық түрі, оның көлемі, массасы, фактурасы, кеңістіктегі орналасуы, түсі мен жарықтануы енеді. Көптеген ғасырлар бойы бау мен бақшаларды жасаған шеберлер табиғат пен басқа да өнер түрлері көрсеткен ережелер мен заңдарға сүйеніп келді. Бақтарда архитектура, поэзия мен музыка, сурет барлығы бірігіп бейнеленсе де, бақтар негізінен архитектура заңдарына кеңістікке сүйенді.

Ландшафтық дизайн - құрамына участокты жобалау және бөлу, белгілі бір климаттық жағдайымен топырағына байланысты өсімдік таңдау, оны участкада бір-бірімен үйлестіру арқылы орналастыру,сонымен қатар аумақта архитектуралық және скульптуралық элементтермен, су қоймаларымен жолдар арқылы аумақты көгалдандыру өнері Ландшафтық дизайн, бақ саябақ өнерін ұйымдастыру сияқты участокты жобалауды, белгілі бір өсімдік пішіндерімен үйлесімін, декоративті төсемдер, жарықтандыру және басқа құралдарды қолдана отырып шектеулі кеңістікте жұмақ бұрышын құру.

Ландшафтық дизайн тарихы Бірнеше мыңжылдап саналады. Оның тамырын Ежелгі Египет, Ежелгі Греция, Ежелгі Римнен және Ежелгі Шығыстан іздеу керек. Ландшафтық дизайнның ежелгі формасын жобалауда чектерді жатқызуға болады және ол египеттіктердің үлесі. Ніл өзенінің жағалауындағы бөлінген орындар уақыт өте келе сәнсалтанатты үй маңының бағына айналған. Біздің эрамызға 4-5 мыңжылдықта ауқатты египеттіктердің декоративті бағы туралы мәліметтер сақталған. Ежелгі египеттіктердің бағынан гректердің бағы декоративті және ерекше (көгалдандыру массиві терраса түрінде,безендірудің көптігімен, фонтандармен бұралмалы баспалдақтармен айрықшаланды. Бақ немесе ландшафт дизайнында композиция түсінігі-кеңістіктегі бақ және оның компоненттерінің сәйкестенуі дегенді білдіреді.

Былайша айтқанда бақтағы өсімдіктер мен бақ құрылысының біздің көзімізге ыңғайлы немесе көрікті көрсететіндей етіп бір-біріне сәйкестендіріп құрауын ландшафт дизайнындағы композицияны қолдану ісі деп атаймыз. жарықтың ерекшелігі түрлі тус беріп саябакты бурынғы көркіненде әдемі әсем көрсетеді. Жасыл желектер жайылған хош иісті гулдер сондай ақ жасыл ағаштар жарқырап тұр.

Балалар ойнауға арналған ойын алаң және үлкендер серуендейтін оң жағы және сол жағында арнайы саябақ бар ол саябақта арнайы тус беретін шамдар демалып отыруға арналған орындықтар бар.

Негізгі әдебиеттер

1. Архитектурная композиция садов и парков/ Под общ.ред. Вергунова А.М., Стройиздат, 1980 – 256 с.
2. Альпинарии. Устройство. Уход. Растительность. 128 стр. Карписонова Римма.,2010
3. Бесчетнов П.П., Голощапов Г.В. Садово – парковое строительство Казахстана – Алма – Ата. Кайнар. 1988 – 224 с.

БАЛА ДАМУЫНДАҒЫ ОТБАСЫ МАҢЫЗЫ

Серғалиева Аружан

Жетекші: Сейтова Г.М., Жумағалиева А.С.

«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ
Ақтөбе көлік және коммуникациялар колледжі

Зерттеу жұмысының мақсаты: баланың психикалық дамуында әртүрлі отбасының маңызы мен мәнін зерттеу, оның ерекшеліктерін қарастыру.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- бала психикасының дамуына әсер ететін факторларды анықтау;
- отбасының бала дамуындағы орнын қарастыру;
- отбасының қазіргі кездегі түрлерін көрсету;
- балалардың мінез-құлқын қалыптастыруда әртүрлі отбасының әсерін талдау.

Зерттеу нысаны: баланың психикалық даму процесі.

Зерттеу пәні: әртүрлі отбасындағы қарым-қатынастың баланың психикалық дамуына әсері.

Зерттеу болжамы: егер әртүрлі отбасылық қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері, оның бала дамуына әсері ғылыми теориялық және әдістемелік тұрғыда негізделсе, онда үйлесімді тұлға қалыптастыруға болады.

Зерттеу әдістері: салыстыру, топтау, жүйелеу, талдау, жинақтау, зерттеу тақырыбы бойынша әдебиетті оқу, тіркеу, жіктеу, нормативті, нұсқау-әдістемелік құжаттарды игеру т.б.

Қоғамдық жаңғыру кезеңінде, Қазақстандағы әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастардың институттарының да жұмыс бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Осының өзі қоғамдағы отбасының орны, оның басты міндеті – бала тәрбиесінде болған көзқарасты өзгертіп, жаңа тұрғыдан тану мәселесін туындатты. Қазіргі педагогика, қоғамтану, саясаттану, психология, философия, әлеуметтану, демография секілді ғылым салалары адамның дамып қалыптасуындағы отбасының өзіндік орнын баса көрсетуде. Отбасында ата-ана өзінің баласын қандай адам етіп тәрбиелеуді өздері алдын-ала белгілейді. Отбасы тәрбиесінде қолданылатын әдістер де өзгеше екені белгілі. Онда баланың аз да болса өзіндік өмір тәжірибесі, әдет, дағдылары, құмарлығы мен қызығулары қалыптасады және ескертіні бар. Көптеген ғылыми-педагогикалық, психологиялық әдебиеттерде қоғамдық мекемелердегі тәрбие қаншалықты ғылыми негізді болса да баланың дамып қалыптасуына отбасы тәрбиесінің ықпалының аса пәрменді болатынын көрсеткен. Бұлай болуының басты себебі – отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас сипатында екені тағы белгілі. «Ұяда не көрсең – ұшқанда соны ілесің». Мән-маңызы мәңгі жойылмайтын мәтелдердің бірі осы. Қанша жерден «болашақ тұлғаны мектеп қабырғасы қалыптастырады», «орта өз дегенін істейді», «қоғам бағытынан алыс кету мүмкін емес» делінгенімен, адам баласына тәлім-тәрбиенің түп-негізін қалаушы – ата-ана, отбасындағы ахуал. Отбасы – адамзатының ең қымбат, ең жақын өмір сүретін

ортасы. Қазіргі уақытта қоғам әр түрлі санаттағы балаларды әлеуметтендіру мәселесін шешуге көп көңіл бөлуде.

Отбасы - адамзаттың қарым-қатынасының айнасы, болашақ тұлғаның дамуының қайнар көзі, жаңа сапа, олардың ерекше құрылымы әр жас кезеңінде әртүрлі, сондықтан өзбетінше және ересектерсіз пайда болмайды, кей жағдайда баланың белсендік іс-әрекетінің нәтижесі болуы мүмкін.

Қазақ отбасы тәрбиесінің өзекті мәселелері ғалымдар С. Қалиев, М.Смайылова, М.Оразаев, С. Ұзақбаева, К. Қожахметова, Ж.Б. Қоянбаевтардың еңбектерінде жан-жақты сөз болған.

Ересектердің қарым-қатынасы барысында балалар белгілі бір жүйенің құндылықтарын, ережелерін, білімін, ұлттық және қоғам мәдениетін меңгере әлеуметтенуі жүзеге асады. Ересектермен қарым-қатынасы жеткіліксіз болуы балалардың кейбір жағдайда психикалық дамуының жеткіліксіздігіне әкеліп соғады. Өкінішке орай, барлық отбасы жеткілікті мөлшерде аса маңызды аталған функцияны орындай алмағандығы, балалардың психикалық, сондай-ақ физикалық дамуының бұзылуына соғады.

Отбасы тәрбиесінің терең эмоциялы сипатын, қаны бір адамдар арасындағы сүйіспеншілік қарым-қатынасын ата-ана мен баланы жақындатуының маңызын – Ю.П.Азарова, И.В.Гребенников, Т.А.Маркова, А.Г.Харчев т.б. белгіленген. Отбасы мүшелерінің бірге тұрудағы жүйелі қарым-қатынасы, жалпы атмосферасы, баланың жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ететіні мәлім.

Отбасы мынадай міндеттер атқарады:

- әсер ету әдістерін, салт-дәстүрлерді анықтайтын конструктивтік міндет;
- балалардың сабақтарын, еңбек іс-әрекеттерін және демалыс тәртіптерін ұйымдастыратын ұйымдастырушылық міндеті;
- ата-аналар арасындағы, ата-аналар мен балалар, балалар арасындағы, жақын туыскандар арасындағы тағы сондай ара-қатынастар нормаларын құрастыратын коммуникативтік міндеті.

Қарым-қатынас мәдениеті дағдыларын қалыптастыру үрдісі адамгершілік және гуманизм қағидаларына негізделген. Отбасының педагогикалық үрдісінде дұрыс ұйымдастырылған ара-қатынастар балалардың көзқарастарының дамуына, мінез-құлықтарына, балалардың басқа адамдармен араласуына әсері зор.

Отбасы – қоғамның кішкене әлеуметтік тобы, жұбайлардың жұптары және туыскандардың тумалығына негізделген жеке тұрмысты ұйымдастырудың маңызды формасы, негізгі қызметі отбасы мүшелерінің қажеттілігін өтеуге, өмір сүруге жағдай жасау болып табылады. Ерте жастағы бала сыртқы ортаның әсерін сатысыз қабылдайды, алғашқы нақтылы әлеуметтік тәжірибе жинайды, сондықтан ерте жаста қалыптасқан мінез –құлықтар, меңгерген дағдылары кейбір жағдайда қайта қалыптастыруда қиындықтар туғызады. Отбасындағы жалпы климат балалармен отбасының ролін тікелей меңгеретін және өзінің отбасын құруға деген ықыласын қалыптастырады. Отбасында ересектердің қатулы бет-әлпеті мен ашулы ата-ананы көріп өскен балада болашақта сондай кейіп қалыптасады, бала үшін отбасында, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер балаға сөзбен дарымайды, ересектердің отбасындағы үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген қазақтың дана сөзі бар. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі баланы жастан дей отырып, отбасындағы тәрбие өнегесін бірінші орынға қойған.

Ата бабамыздан қалған мөлдір бұлақтай ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық қажетті жауапкершілікті ата- ана өзіне алған жөн, себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы. Сол сияқты баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болашағы зор болмақ. Ата-аналардың оқу мен тәрбие процесіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса жемісті болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Абрамова Г. С. Сборник задач по социальной психологии и психологии развития : учеб. пособие для вузов / Абрамова Г. С. – М. : Академия,1999. – 144 с.
2. Алферов А. Д. Психология развития школьников : учеб. пособие для студ. / Алферов А. Д. – Ростов н /Д. : Феникс, 2000.
- 3.Волков Б. С., Волкова Н.В.Балаларпсихологиясынанжаттығуларжинағы / Аударма: Бұсұрманова С.Т., Бердібаева С.К. – Алматы, 2002. – 13 с.

ЖОЛАУШЫЛАР ҒИМАРАТЫНЫҢ ЖОБАЛАНУЫ

Тәжік Кәмшат

Жетекші: Аскаров Ж.Р., Досалиева Э.Н.

«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ
Ақтөбе көлік және коммуникациялар колледжі

Темір жол көлігі Қазақстан экономикасын дамытуға басты роль ойнап, жолаушылар мен жүктерді тасымалдаудың негізгі бөлігін атқару арқылы мемлекеттің көлік жүйесінің негізі болып табылады. Қазақстан темір жолы торабының инфрақұрылымы республиканың барлық аймақтарын өзара байланыстырып, басқа көрші мемлекеттердің темір жол тораптарымен 15 байланыс нүктесіне ие, оның ішінде он бірі Ресей Федерациясымен.

Қазақстан Республикасының аумағының үлкендігі және көптеген ірі кәсіпорындардың шикізатты экспорттауға бағытталуы негізінде мемлекетіміздің темір жолдарының ролі барлық отандық экономика үшін стратегиялық маңызды. Жүктердің көптеген түрлері үшін темір жол көлігі бәсекелесетегә жоқ көлік болып табылады.

Оған қоса, Евразия орталығында ораналасқандықтан, Қазақстан 5 халықаралық теміржол көлігінің дәліздерімен өз инфрақұрылымы арқылы транзит көлемін көбейту мүмкіншілігіне ие.

Темір жол көлігі әрқашан мемлекеттің экономикасының дамуына өз септігін тигізіп келеді. Қазақстан – бұл шекарасы үлкен мемлекет.

Темір жол көлігінің қазіргі даму шарттары бойынша тасымалдаудың ең басты тенденциясы – көрсетілетін қызмет аумағының сапасын жоғарылату және кеңейту шараларын іске асыру болып келеді. Ол тасымалдау қызметін жандандыру, тиімді көлік технологияларын қолдану, қосымша тасымалдау көзін көбейтетін жаңа нарық сегменттерін игерумен жүзеге асады.

Темір жол көлігінде жолаушылар тасымалын тиімді жоспарлау және ұйымдастыру сараптау мен басқарудың қазіргі заманғы әдістерін пайдаланудың негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл мәселелерді жолаушылар тасымалын ұйымдастырумен байланысты болатын инженерлік-техникалық қызметкерлердің алыс жақтардың және қала айналасындағы қатынастардағы тасымалдау процесін ұйымдастыруға әсерін тигізетін негізгі факторлардың есебінсіз шешу мүмкін емес. Жаңа мәселелерді шешу жолаушылар қозғалысындағы тасымалды ұйымдастыру мәселелері жеткілікті мөлшерде қалыптандырылған және оның шешімі ЭЕМ озық технологияларын, мысалы «Экспресс-2», қолдануға негізделген жағдайларда барынша жоғары тиімділігін беруге мүмкіндік береді.

Билеттерді, тікелей плацкартына рәсімдеу орындарында ақпарат алуға бірнеше минут уақыт кетеді, ал «Экспресс-2»-ні қолданған жағдайда клавиатурада шифр бойынша алдын-ала орындар туралы анықтама теріледі.

Темір жол пайдаланымында есептеу техникасын және экономикалық-математикалық әдістерді енгізу жолаушылар тасымалдауды ұйымдастырудың маңызды мәселелерін шешу және оларды басқаша қоюға мүмкіндік береді. Соның ішіне алыс жақтармен және жергілікті қатынастағы жолаушылар пойыздарының қалыптастыру жоспарының есебін, қала маңы пойыздарының қозғалысы мөлшерін, олардың айналымының кестесін құруды жетілдіру және осы негізде жолаушылар ағынын игеруді қамтамасыз ету тасымалдау процесінің сапасын барынша жоғарылатады.

Белгілі бір санаттағы жолаушыларға вокзалдарда қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында соғысқа қатысқандар, мүгедектер, теміржолшылар және басқаларына қызмет көрсету үшін арнайыландырылған кассалар ашылады.

Жолаушыларға алдын-ала қызмет көрсетудің мәдениеті мен сапасын интегралды сипаттайтын жолаушыларға қызмет көрсетудің уақытының ең ұзақтығы уақыттың қоғамдық мүмкін шығындарынан бекітіледі. Тәуліктік кассалар жолаушылар үшін билет сатып алуға кететін уақыт шығыны 20 минуттан аспауы керек. Темір жолда тоқтаусыз өтіп келе жатырған жолаушылар тасымалының көлемін игеру үшін және жолаушыларға қызмет көрсету мәдениетін көтеру үшін қажетті техникалық база құрылды.

Жолаушыларды қажетті анықтамалық мағлұматты қамтамасыз ету үшін вокзалдар қазіргі заманғы ақпараттар беру жүйелерімен, автомат анықтамалық құрылғылармен, телефондармен және т.б. жабдықталған. Заттарды сақтау үшін вокзалдарда автоматтандырылған сақтау камералары қойылады.

Қазіргі заманғы көліктің негізгі мақсаттары - халық шаруашылығы және халықтың тасымалға деген сұранысын уақытылы, сапалы және толық қанағаттандыру, оның жұмысының экономикалық тиімділігін көтеру. Жолаушылар тасымалының экономикалық тиімділігін көтеру жұмыстың сандық және сапалық көрсеткіштерінің жүйесін жетілдіру, бөліс әдістемесі, көлік түрлері бойынша жолаушылар тасымалын жоспарлау, жолаушылар тасымалының экономикалық аймақтар, ел аудандары бойынша үйлесімі, тасымалдың қатынастар түрлері бойынша тиімділігі және еңбек өнімділігінің барынша жоғары деңгейінің жетістіктері есебінен жүзеге асырылуы болжанады.

Темір жол көлігі – қала маңы, жергілікті және алыс жақтар (тікелей) тасымалдарындағы негізгі, барынша сенімді көлік түрі. Қазіргі таңда ол жылына 4 миллиард жолаушы тасымалдайды.

Қызмет көрсету мәдениетін көтеруде, жаңа техника мен технологияларды енгізуде жолаушылар шаруашылығы қызметкерлерінің алдыңғы қатардағы жетістіктерін пайдалану және оларды таратудың маңызы зор.

Нарықтық қатынастарға көшу жағдайларында темір жол мен халық шаруашылығы кәсіпорындарының тұрақты қызмет нарығын құру ісінде халық және елдің барлық экономикасы үшін өзара қатынасын үйлестіру қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Кочнев Ф.П. «Пассажирские перевозки на железнодорожном транспорте». М., Транспорт, 1989 г.
2. Правдин Н.В., Банек Т.С., Цикунов А.Е. М., Транспорт, 1965г.
3. Соловейчик М.З. «Организация пассажирских перевозок». М., Транспорт, 1983г.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – АЛАШ КӨСЕМІ

Хайруллина Саяжан

Жетекшісі: Шазында Ж.Ә.

«М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ
Ақтөбе көлік және коммуникациялар колледжі

Қазаққа жол сілтеген Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетик. сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп,

тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсыновтың [Абайдың](#) ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі ([1926](#)) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап зерттеді.

Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын ([1926](#)) кітап етіп шығарды.

Әуезов Ахмет туралы «[Ақанның елу жылдық тойы](#)» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағы [1909](#) ж. [Санкт-Петербургте](#) жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Байтұрсынұлының екінші кітабы-«[Маса](#)». Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ, қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді.

Қазақ тілінің негізін қалаушы ретінде Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды [1910](#) жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интеллегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол [1911-1912](#) жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген.

Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен [1912-1925](#) жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. [1926](#) жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды.

Байтұрсынұлы [қазақ тілі](#) білімін 20 ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Аңыз адам» журналы, 2010 ж. №11
2. С.Қирабаев, Қ.Мырзағалиев. Қазақ әдебиеті, Мектеп, 2009
3. Қ.Әбдібаев, З.Қабдолов. Қазақ әдебиеті. 11 сыныпқа арналған оқулық.

ИЗУЧЕНИЕ ФИЛОСОФСКИХ ВЗГЛЯДОВ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ ПЕРВОЙ ЧЕТВЕРТИ XXI ВЕКА

Хабибуллина А.Р.

Руководитель: Амангосов Е.К.

Актюбинский технико-технологический колледж

«Они (молодежь) сегодня обожают роскошь, у них плохие манеры и нет ни какого уважения к авторитетам, они высказывают неуважение старшим, слоняются без дела и постоянно сплетничают. Они все время спорят с родителями, они постоянно вмешиваются в разговоры и привлекают к себе внимание, они прожорливы и тиранят учителей...»

Сократ (470/469-399 гг. до н.э.)

Цели и задачи работы: Эти слова Сократа не утратили своей актуальности до сих пор, как, возможно, не утратят ее никогда. Проблемы молодежи, ее взаимоотношения с окружающим миром и со старшим поколением, внутренние противоречия и взаимосвязи в молодежной «прослойке» волновали и будут волновать не только философов, писателей, поэтов, но и рядовых обывателей.

Актуальность: Неразрешимый конфликт «отцов и детей» уже давно отнесен к разряду вечных, а социальный прогресс, поступательное развитие общества многие объясняют именно стремлением нового поколения как-то самовыразиться, «найти себя», оставить свой след в этой жизни.

Гипотеза: Мы не похожи на своих отцов, и наши дети не будут похожи на нас. Но вместе с тем, мы - две стороны единого целого, отпрыски рода человеческого. Тут сразу же приходит на ум диалектический закон «единства и борьбы противоположностей». Противоположности могут быть и бывают тождественными, превращаясь друг в друга, причем ум человека не должен брать эти противоположности, за мёртвые, застывшие, а за живые, условные, подвижные, превращающиеся одна в другую.

Содержание: Что есть молодежь? Можно ли дать этому понятию конкретное определение? Наверное, если подойти к нему с точки демографии или социологии, то можно. Но скупая научная дефиниция вряд ли сможет отразить все грани этого понятия. Ведь молодежь - это больше чем просто демографическая «прослойка», категория людей определенного возраста. Это скорее характеристика определенного состояния души. Недаром же говорят «молод душой», «молодые мысли». Можно и в 20 лет быть стариком, в то время как 80-летние старцы будут считаться молодыми. Таким образом, молодой возраст - понятие растяжимое. Это не состояние организма, обусловленное физиологическим статусом его клеток, то есть форма, а его внутреннее содержание. В данном случае именно содержание доминирует над формой. Так что же характеризует молодежь, если не возраст? Возможно, мысли, стремления, искания, желания, взгляд в будущее? Да, но, наверное, лишь на определенном этапе. Правильнее будет сказать, на более позднем этапе, на завершающих стадиях «молодого возраста». Ведь никакое иное слово так не характеризует подростков, как слово «беспечность». Приходит время, приходит определенный жизненный опыт. И молодой человек, если только он, конечно, развивается нормально и соответствующим образом воспитан, начинает задумываться о будущем. Он пытается каким-то образом определить свое место в жизни, прислушивается к своим желаниям, наклонностям, выбирает занятие себе по душе. Конечно, вкусы и понятия о жизни у всех разные, они обусловлены во многом воспитанием родителей,

учителей, собственными мыслями: для кого-то предел мечтаний и жизненный идеал - устроиться на таможню, кто-то хочет выучиться и получить степень доктора наук, а есть те, кто поставил перед собой цель эмигрировать из этого государства и т.д. Но в любом случае - молодежь полна планов, стремлений, ее взгляд устремлен в будущее. Подобная характеристика молодого поколения нередко используется теми, кто хочет направить всю ее энергию в нужное себе или, возможно, для государства, русло. Ярким примером такого использования служат знаменитые «комсомольские стройки» в СССР. Сколько важнейших, грандиознейших объектов возведены таким способом - не перечислить. Это и Магнитогорский металлургический комбинат, и Днепрогэс, и Комсомольск-на-Амуре и т.д. Именно молодежь поднимала целину и осваивала заполярные области. Все это служит показателем того, что при разумном использовании-при соответствующей политической и идеологической подготовке-неуемную энергию молодого поколения можно направить в полезное, созидательное русло. А то, что сейчас в большинстве случаев, к сожалению, она направлена в прямо противоположную сторону - ни для кого не секрет. Многочисленные молодежные неформальные антисоциальные группировки тому подтверждение. Распад пионерской и комсомольской организаций привел к тому, что энергия молодежи не находит правильного выхода. Она обращается не туда, куда бы следовало. Небывало распространившиеся наркотики и СПИД в данном случае - лишь средство для ухода от реальности и следствие желания куда-либо деть себя в идеологическом вакууме. Общеизвестно, что молодежь, особенно студенчество, всегда было самой активной в политическом плане массой. Многие знаменитые революционеры и философы-политологи начинали свою деятельность именно в молодом возрасте в студенческие годы. Среди общеизвестных, хрестоматийных примеров можно назвать Владимира Ленина. Многие социалистические (точно так же как и наоборот, антикоммунистические - в странах Восточной Европы в конце 80-х) перевороты совершались именно благодаря студенческим массам. Студенты бросались под советские танки в Будапеште 56-го и Праге 69-го, митинговали на площади Тянь-Янь-Мэнь в Пекине, свергли французское правительство в конце 60-х. И если вспомнить российскую президентскую кампанию 1996-го года, то нетрудно понять, почему именно на молодежь был рассчитан основной поток пропаганды. Программа «Голосуй или проиграешь» также была настроена именно на изменение общественного мнения молодежи. Это как раз таки, по-моему, было связано со стремлением пробудить в молодежи те самые позитивные тенденции, которые лучше всего ее характеризуют, то есть стремление порвать с прошлым и направиться в будущее. Чтобы подчеркнуть «темноту» этого прошлого демонстрировалось очень много художественных фильмов о сталинизме, красном терроре времен гражданской войны и других негативных явлениях коммунистического общества. И как мы видим, молодежь, подчинившись своим внутренним стремлениям, сделала свой выбор. Если вновь вспомнить вечную проблему отцов и детей, то опять же нельзя не отметить, что этот антагонизм является двигателем общества. «Вот появятся свои дети - поймешь меня» - нередко говорят нам родители. И тут важен не только и не столько физиологический процесс этого превращения, хотя тут опять же вспоминается диалектический закон перехода количественных изменений в качественные. Тут важно перерождение духовного состояния. Не правда ли, трудно найти более четкую иллюстрацию к первому, важнейшему закону диалектической философии?

Способы исследования: Были проанализированы статьи различных авторов, в которых выражаются мысли и философия современной молодежи. Было проведено анкетирование среди студенческой и работающей молодежи. Результаты анкетирования выражены в диаграммах. Также богатый материал удалось собрать из социальных сетей. Анализ этих данных занял большое время, но, с другой стороны, показал интересные результаты.

Выводы: Таким образом, можно сказать, что молодость - это состояние души. Молодежь, благодаря своим стремлениям, желаниям, чаяниям, движет мир вперед. И даже вечные конфликты, с философской точки зрения, суть лишь благо, которое только надо понимать и использовать.

Использования литература:

- 1.Философия молодежи XXI века/ по материалам социальных сетей/ М.,2018
- 2.Андрякова С.В. Мировоззрение молодежи в современной России.М.,2017
- 3.[Муратов Д.К. Мировоззрение современной молодежи / Вызовы современности и философия / .Бишкек, 2004](#)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ КОНТЕКСІНДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРЫСТАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Бейбітова Шұғыла

Ғылыми жетекшісі: Кульниязова Д.Б.
Ақтөбе техника-технологиялық колледжі

«Қазақтардың ана тіліне алаңдайтын ерекше жағдайы бар. Біз – өз тіліміздің, мәдениетіміздің, дәстүріміздің толық иесі емеспіз» - деп қазақ жанашыры, жерлесіміз, профессор Амангелді Айталы ағамыз бекер айтпаған. Оның тарихи себептері бар.Ресей империясында тұңғыш халық санағы 1897 жылы жүргізілген. Түркістан өлкесін есептегенде, қазақтар 71,9 пайыз, орыстар 10,15 пайыз құраған, қалғаны басқа ұлт өкілдері.

Одан әрі 1959 жылға дейін қазақтардың өз еліндегі үлесі азая береді:

- 1920 жылы -58,5%,
- 1939 жылы – 37,8%,
- 1959 жылы – 30%,
- 1970 жылы – 32,6%,
- 1979 жылы – 36,8%,
- 1989 жылы – 40,1%.

Екі жылдан кейін халықтың 60 пайызға жуығы басқа ұлт өкілдері болса да, біз тәуелсіздік алдық. 1999 жылы қазақтар 53,4 пайыз,

- 2009 жылы 63,7 пайыз болды.
- 2013 жылдың басында Н.Ә. Назарбаев қазақтардың елде 65 пайызды құрайтынын ресми түрде хабарлады.Орыс, украиндер, басқалармен бірге елімізге орыс тілі, орыс мәдениеті, орыс мектебі, дәстүрін ұлықтап, қазақ тілі, қазақ мәдениеті, қазақ дәстүрі ығыстырылды. Себебі, сан жағынан басым ұлт өкілдері қазақтарды өзіне тартып, сіңіре бастады, ал өздері қазаққа бейімделмеді.Қазақстан орыстанды, ел өзгерді, орыс тілді елге айналды.Қазақстан халықтар достығының лабораториясы деп айтылды, шындығында, орыстанудың лабораториясы болды.

Орыс ғалымдары «азиатизация» күш алуда деп байбалам салуда.Әрине, қазақ зиялыларының бірқатары бұл жағдайға іштей қарсы болды. Ал қоныс аударушылар қазақ мәселесіне пысқырып та қарамады, тіпті қазақ мәселесі бар екенін, қазақ ұлтының мұң-мұқтажын елемеді. Қазақтарды адам ретінде, маман ретінде сыйлағанымен, ұлт өкілі ретінде қабылдамады. Олар – ақша табуға, пәтер алуға келгендер еді. Қоныс аударушылардың саны көбейіп, олар 40-60 пайыз, тіпті 70 пайызға дейін өскенде, олар қазақтарға емес, қазақтардың оларға икемделуіне тура келді.

Бүгін қоныс аударушылардың Ресейге көптеп баруына байланысты, орыс ғалымдары «азиатизация үрдісі күш алуда» деп айқай салуда. Ал Қазақстанда «русификация» үрдісі күш алмақ түгілі, өмір салтына, заңдылыққа айналды. Осылай орыстану дертіне шалдыққанымызды байқамай да қалдық.

Атадан-балаға, баладан-немереге ұлтсыздану, тілін, мәдениетін жатырқау кең етек алды.

Бүгін тек орыс пен украиндер емес, қазақтар арасында ана тілін сыйламайтын, демек, білмейтін, қазақты ұлт ретінде менсінбейтін үрдіс етек алған.

2009 жылғы санақ бойынша жағдай жақсы сияқты, қазақтардың 98,3 пайызы ауызекі сөзді түсінеді, 95,4 пайызы еркін қазақша оқиды, 63,2 пайызы еркін жазады. Біздің Статистика

агенттігі елді де, Елбасын да адастырып жүр. Себебі олардың бұл деректері сенімсіздік туғызады және өмірде дәлелденбей отыр. Көптеген ата-аналар, әсіресе жастар, тілі шықпаған балаларына дейін өздері шала білетін қазақ тілін балалары да біледі деп жазған. Бұл жерде ұлттық психологиялық фактордың да ықпалы бар. Қазақ тілін білмесем, орыс деп жазады деп те сақтанған, бірқатары намысқа барып, қазақ тілін білмейтіндер көп демесін деп, «біледі» деп жаздырған.

Ұлттық сезім – ең бір терең сезім, өз тілін білмесе де, өзін тегіне қарай ұлтқа жатқызу кең тараған үрдіс. Ұлттық сезім, ұлттық сана балаға ана сүтімен даритындығы бәрімізге аян.

Бөтен тілді қазақ тілінен артық білу — қазаққа қауіпті екенін енді түсіндік. Тарихи жағдайдың салдарын айтып, бүгінгі тілді ахуалды ақтағалы отырған жоқпыз. Өткен тарихтың бүгінгі ауыр салдарын айтып отырмыз. Рас, тіл мәселесі қазақ үшін қашанда өзекті тақырып болғаны белгілі. Әлі де солай.

Мемлекеттік тіл дегеннің жанында жақша ішінде ресми тіл деп жазулы тұр. Мемлекеттік тіл деген тілдік мәртебе. Адамның аты секілді. Ал ресми тіл дегеніміз оның қолдану мүмкіншілігі. Демек, ол ресми түрде мемлекет ішінде барлық жерде қолданылады дегенді білдіреді. Сонда екеуінің бір-бірінен ешқандай айырмасы жоқ. Орыс тілді қазақтар мен өзге ұлт өкілдері осыны негізге алып, ары қарай мемлекеттік тілді үйренбей жатқандығы өкінішті.

Шындығында, Қазақстанда мемлекеттік тіл туралы заң жоқ. 1989 жылғы Тіл туралы заң Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін өз күшін жойғандығына байланысты сол заң еш өзгеріссіз 1997 жылы қайта қабылданды. Қазір қазақ халқы екі есеге өсті. Сондықтан мемлекеттік тіл зорға әрең тәлтірендеп орнынан көтеріліп келе жатыр. Ол заңды, өйткені оны көтеретін заңдық негіз жоқ қой. Бұл — біріншіден.

— Екіншіден, Латвия, Литва сынды Балтық жағалауы елдері тіл туралы заңды біз секілді 1989 жылы қабылдады, бірақ одан соң 1995 жылы оны қайтадан өзгертті, 2014 жылы тағы да қарады. Осылайша үш рет заң қабылдады, өйткені елдегі тілдік ахуал алмасты, кезінде саяси амалмен қабылданған нәрселер өзгертуді қажет етті. Яғни, олар заңды 4-5 жыл сайын өзгертіп жатты. Демек, қазақ тілі өз инерциясымен тіріліп келеді. Қазір қазақ тілді қолданатын азаматтар көбейді. Қазақ тілін қолдайтын топтар көбейді. Қысқасы, біз бір белестен өттік...

Қазақстанда министрлік қызметке тағайындалатынын біле тұрып, қазақ тілін білмеу, тіпті оны үйренуге құлық танытпау қалыпты жағдайға айналған.

Сондықтан заңға мемлекеттік қызметкерлерді мемлекеттік тілді білуді міндеттеуге еріксіз баруымыз керек.

— Кез келген мемлекетте, мысалы Германияда мемлекеттік қызметке келетін адам неміс тілін, Францияда француз тілін білу міндетті. Ол үшін ешкім дауласпайды, оны заңға да жазып жатпайды. Себебі адам аузымен тамақ ішеді, аяғымен жүреді дегенді заңға жазбаймыз ғой. Бұл — дәл осындай жайт. Содан кейін де біз осылай ашу-ызамызды айтамыз. Неге биліктегі адамдар мемлекеттік тілде сөйлемейді, неге осындай адамдар басшылыққа келеді дейміз. Тағы бір жағынан, бізде билікке, мемлекеттік қызметке келетін адамның ар-ұяты аздау. Егер мемлекеттік тілді білмесе, министрлікке тағайындалмасын.

...Чехияда министр болған қазақтың келіншегі бар екен. Сол сұқбатында айтады. Оны бір министрлікке ұсыныпты. Мәдениет жағынан болуы керек. Сол уақытта мен оған бармадым дейді. Себебі мен чех тілін бір адамдай білемін, бірақ ол Мәдениет министрлігі ғой, мен сондай жоғары деңгейде тілді игермегем, сондықтан ұялып, ол ұсыныстан бас тарттым дейді. Міне, бұл — жоғары мәдениеттіліктің белгісі.

Мемлекеттік қызметке мемлекеттік тілді білмей келетін адамдарды, өзбасым, мәдениетсіз, бұл оны ақымақтығы деп білемін. Егер жағдай түзелмейтін болса, онда амал жоқ, заңға мемлекеттік қызметкер мемлекеттік тілді білуі міндетті деп жазу керек. Бұл алғашқы да мүмкін 10 жылға арналған уақытша заң болады, мұның заңдылық екенін түсінгенге дейін. Сырт жақкүлетін шығар, бірақ ғайсыз болса да осылай етуге тура келеді. Бірақ бұл

біздің болмысымыз, біздің шындығымыз, өмірдің талабы. Талап — заңдастыру, — дейді Дос Көшім мырза.[1]

Орыстануүрдісі Тәуелсіздік алғаннан кейін тоқтауы, тоқырауы керек еді. Себебі, орыстандырусаясатыныңкүлікөккеұшқан-тұғын. Тоқтамады. Бізәлі де болсаорыстануүстіндеміз.

Оның нақты көрсеткішін мына мысалға қарап бағалауға болады: Ақтөбе қаласының өзінде орыс тілді ата.-аналарбалаларын әлі де болса орыс мектебіне беруде.

Орысша мектеп – орыстанған ұрпақ. Орыстану үрдісінің үзілмей отырғаны содан.

«Орыстәрбиесіналған бала ұлтқызметкері бола алмайды». ЖүсіпбекАймауытовбекерайтпағанғой.[2]

Солтүстікөңірлердегіқазақтардыңүлесіәлі де болса 30-40 пайызданасқанжоқ. Құдайбіледі, осы отыз-қырықпайыздыңқаншамасыорыстанғанын. Орыстанғанөңірлердеорыстануүрдісі де басымжүреді. Орыстанғанқазақтарәлі де бар, әлі де көп, анығы. Олардыңбалалары да өздерінеұқсайтынболады. Сабақтастыкүзілмейді. Олардыңқатарыөзгеріп,

толығыпжатқанысодан. Атаданбалағаберіледі. Қанменемес,тәрбиемен.

“Ұлтсыздарұрпағы”, Айталыайтқан.

«Кеңестік жүйе ұлт болмысын ұлтсыздық қақарай бейімдеп, ақ сүт берген анасының омырауын кесетін ұлтсыздар ұрпағын өмірге әкелді» дейдіАмангелдіАйталы.[1]

Орыстанғандардыңпайымтүсінігібізбенүйлеспейді. Кейбірініңпиғылынанқорқасың – соншалықты лас. Онысынжарияқылыпжүргендер бар. Орыстануүрдісінқалайтоқтатамыз? Орыстанғанқазақтарғаадасыпжүргенінқалайжеткіземіз? Білмейміз. Білеріміз,

орыстанғандарқазақтануданөлердейқорқады. Олардыңұлтқа, тілгеқатыстыдүниелергеқарсышығатыны да қорқыныштантуған.

Осы уақытқа дейін қазаққа айналған орысты немесе басқа ұлт өкілдерін көзіміз көрмепті. Көрсек те сирек. Сирек болғандықтан өзге ұлттың өкілі қазақша сөйлей қалса айналып толғанамыз, асты-үстіне түсеміз, қомақты сыйлықтар береміз. «Ол сөйлеуі тиіс және бұған таңғалатын түк те жоқ» деген түсінік бізде әлі қалыптаспаған.

Бүгінгі биліктің көзі тірісінде қазақтандыру саясаты ешқашан жүргізілмейді, белгілісі. Біз бүгін де, ертең де, болашақта да орыстанғандармен алысып өтуіміз әбден мүмкін. Себебі, орыстану әрдайым оңай, ал қазаққа айналу – соншалықты қиын.

Тәуелсіздік қазақты біржолата орысқа айналдырудан құтқарып қалды. Орыстанған ұлтқа айнала жаздап аман қалдық. Әйтпегенде қазір Ресейдің қолтығында жүрген өлі-тірісі белгісіз автономды ұлттардың күйін кешер ме едік, кім білсін,?!Ресейдің қарамағындағы аз ұлттар автономды деген аты болмаса әлдеқашан өз «менінен» айырылған. Олар өздерін орыс немесе ресейлік санайды және мұнысына арланбайды. Орыстанғанның ендігі бір белгісі – осы.

Біз 27 жыл бір заңмен отырмыз, қоғамда ешқандай өзгеріс болмағандай. Бірақ біз өзгердік. Бастапқыда қазақтың саны 39 пайыз болатын, ал қазір - 70 пайыздаймыз. Екі есеге өстік, тілге дегенсұраныс 2 есеге артты.Қазір қазақ тілді қолданатын азаматтар көбейді. Қазақ тілін қолдайтын топтар көбейді. Қазақстанда қазір 1460 орыс мектебі, ал 3830 қазақ мектебі бар. Қысқасы, біз бір белестен өттік...

Түбінде тарихи таңдау, менің ойымша, не араб, не латын жазу таңбасына түсуі мүмкін. Бірақ, біз орыс жазуы мен орыс тілінен қол үзбек емеспіз. Өйткені ол достас, әрі тарихи тағдырымыз бір болуы себепті, әрі шет елдерден алынатын ғылыми-техникалық, саяси-әлеуметтік, рухани көркемдік информациялардың бәрін де осы тіл арқылы көркемдік информациялардың бәрін де осы тіл арқылы алынатындықтан, оған деген қажеттілік күн тәртібінен түспек емес. Ал латын мен араб жазуының таңбаларына келсек, оның бірін таңдап қабылдау, қолдану – түркі тілді халықтарды рухани туыстық жағынан бір-біріне жақындастырып, өзара қарым-қатынасты оңайлатып тұтасқан бірлікке бастайды, - деп кезінде (1995ж.) Мекемтас Мырзахметов ағамыз айтқандай [3], қазіргі кезде жастар латын қаріпін үйренуге бет бұруда. Ал, ол дегеніміз біздің дұрыс бағытта екеніміздің дәлелі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дос Көшім kaz.365info.kz сайтынан
2. Ж.Аймауытов «Тандамалы шығармалары» Алматы, 1990ж.
3. М.Мырзахметов«Қазақ қалай орыстандырылды» - Алматы: «Атамұра», 1993ж. 127-б.

ИСТОРИЧЕСКИЕ ПАМЯТНИКИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В КОНТЕКСТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ НАУЧНОГО СОЗНАНИЯ

Безвербная Нина, Сабирова Адель

Руководитель: ЖаксыбаеваЖ.А.

Актюбинский технико-технологический колледж

Новые проекты, указанные Президентом в статье «Семь граней Великой степи», являются логическим продолжением программы «Рухани жаңғыру». Позволяют актуализировать многовековое наследие наших предков, сделав его понятным и востребованным в условиях цифровой цивилизации.

Статья Президента состоит из двух частей, первая – «Семь граней Великой Степи», но это не означает что достижения казахской Степи ограничиваются этими семью явлениями, - нет, это символическое число, просто Президент берет наиболее яркие, доступные и заметные достижения и примеры о которых известно всем. И вторая часть, настоящей статьи это продолжение мыслей главы государства, которые были им выданы еще в начале 2000-х годов через государственную программу «Мәдени мұра», когда наши ученые очень сильно активизировались, начали ездить за границу собрать исторические сведения, когда открылся доступ ко многим архивам, после чего об исторических событиях и явлениях мы начали говорить более конкретно. Теперь Президент, обозначив так достижения Великой Степи, мы все это должны донести до людей. Но дело не только в Казахстане, а вообще, и, нам думается, что Президент говорит о состоянии мировой цивилизации, ведь каждый народ, населяющий Землю внес свою лепту развитие мировой цивилизации. И глава государства на примере Казахстана говорит всему Миру, что наш народ, его предки сотворили такие вот исторические чудеса и что это уже доказано научно[1].

В апреле 2017 года в свет вышла статья главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», одной из приоритетных задач которой перед общественностью стало создание проекта «Духовные святыни Казахстана», или, как говорят учёные, «Сакральная география Казахстана» [2].

Сакральные объекты Казахстана имеют древнюю историю. Это культовые архитектурные сооружения, города, поселения, курганы, некрополи, святилища, наскальные рисунки и исторические ландшафты. Особую популярность имеют культовые архитектурные памятники, как правило, лучше сохранившиеся до наших дней и более почитаемые.

Основной объём историко-культурного наследия составляют археологические памятники, которые разбросаны по всей территории Казахстана. Они охватывают громадный хронологический период: от глубокой древности, каменного века, до позднего средневековья. Они беззащитны перед временем и требуют серьёзных научных исследований, работ по консервации и реставрации, а также продуманного подхода к эксплуатации.

Ещё одним видом духовного наследия являются объекты природы, сакрализация которых уходит в глубокую древность. Некоторые из них объявлены святыми, став объектами паломнического туризма, но требуя изучения и проведения научной экспертизы.

Наряду с известными сакральными объектами, вошедшими в историческую и археологическую науку, появляются новые - религиозные памятники и святые места.

Объектами паломничества также становятся и памятники архитектуры, имеющие историческое, научное и художественное значение. Обладая правом неприкосновенности, они не подвергаются вмешательству; а многие из них - культовые сооружения. Но стоит отличать их от вновь возникших сакрализованных мест, определяя наличие историко-

художественной ценности. Сакральные места отражают долгую и насыщенную событиями жизнь и деятельность народа, борьбу за независимость. Работа над реестром сакральных объектов Казахстана - длительный и скрупулёзный труд, в котором задействованы различные учёные: археологи, историки, этнологи, филологи, востоковеды. Последней целью в выполнении масштабной работы по систематизации и подготовке многотомного реестра сакральных памятников должна стать консолидация народа и формирование новой национальной идеи. Популяризация полученных знаний станет источником духовных ценностей. Реестр сакральных объектов - залог гармоничного развития народа Казахстана.

В качестве сакральных памятников выступают природно-ландшафтные объекты, такие как «священные» горы, пещеры, реки, урочища, древние городища, места необычных природных явлений, родовые святилища, курганы и захоронения, объекты религиозного культа, места памятных битв и подвигов, места жизни великих людей, святых, мавзолеев, храмы и иные памятники природного культурного и исторического наследия, где поклонение составляет одно из оснований духовных традиций нашего народа.

Являясь связующим звеном на пути общения и взаимообогащения культур Востока и Запада, казахстанская земля хранит тайны многих цивилизаций.

В настоящее время в Казахстане насчитывается более 25,0 тысяч недвижимых памятников истории, археологии, архитектуры и монументального искусства, 11,0 тысяч библиотек, 147 музеев, 7 историко-культурных заповедников-музеев, 215 архивов [3].

